

583
A32

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ — МҰХТАР ШАХАНОВ

Күз басындағы
аңшының зары
(Ғасыр айрығындағы сырласу)



ӘК

Ш Ы Ң Ғ Ы С
А Й Т М А Т О В
*
М Ұ Х Т А Р
Ш А Х А Н О В

Қ ұ з б а с ы н д а ғ ы
а ң ш ы н ы ң з а р ы

(Ғасыр айрығындағы сырласу)



Рауан Алматы 1997

683.3
А32

Редакторы Ұлықман Әбілдаұлы

Дар читателя
Колодина Н
~~Әбілдаұлы~~

Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов.

Құз басындағы аңшының зары (Ғасыр айрығындағы сырласу): – Алматы: Рауан, 1997.– 352 бет.: фото.

ISBN 5-625-03481-8

Бұл кітап – қазақ елі туған перзентіндей көріп, "адамзаттың Айтматовы" деп сүйінген заңғар жазушы мен атағы алыстарды шарлаған ақиық ақынның уақыт пен өмірдің көкейтесті мәселелері жөніндегі ой бөлісу, емін-еркін сырласуынан туған дүние.

Авторлар онда туған жер құдіреті, ата-баба жолжосыны, түркі жұртының түп тарихы, ел басқару үрдістері, өз өмірлеріне шапағат сәулесін түсірген ұлылар, табиғат ғажабы, садизм дерті т.б. туралы ой толғап, философиялық терең де қызықты түйіндеулер жасайды, сондай-ақ өз бастарының сүйінішті де күйінішті жүрек құпиялары жайында да ыстық тебіреністі сыр шертеді.

451867

А 4702260106 - 061 қосым. шеш. – 97
404(05) - 97

С/Тор...
Павлодар...
97 ун...
ғылыми кітапханасы
Научная библиотека
Павлодарского гос...
...
им. С. Тор...

ISBN 5-625-03481-8

© Айтматов Ш.,
Шаханов М.,
1997

Сырласу қуанышы

Сөзді де, сезім сынды, үнемдеп жұмсамсаң, яғни оны күндіз-түні тынымсыз, есепсіз ағып жатқан судай көріп, іріктеп таңдамай, екшеп толғамай, сөз білгеннің жөні осы екен деп, оңды-солды шаша берсең, лебізіңнің қадірі, беделі түседі. Сөзі құнсыз адамның қашанда өзі құнсыз болатыны қауымдық құрылыстың бастапқы жылдарында-ақ дәлелденген.

Бала кезімде аулымыздың бір сыйлы қариясы өз-өзінен томсарып: "Сөйлесетін адам қалмай барады", — дейтін. "Көшеге шықсаң, қаптап жүрген кісі, ақсақалдың мұншалық жалғызсырағаны несі?" деп таң қалушы едім. Сөйтсем, қария өзімен тең отырып ой бөлісетін, сөз қадірін өз қадіріне балайтын, терең тамырлы, құйма құлақтыларды аңсайды екен-ау.

Мұхтар екеуміздің сол ауыл қарты армандаған ой бөлісу, емін-еркін сырласу қуанышынан туындаған қолдарыңыздағы кітаптың дүниеге келуі қызық. Біріміз қазақ, екіншіміз қырғыз тілінде (яки екі бауырлас тілде) өрбіген бұл эсселерді, негізінен, магнитофон алдындағы сырласу немесе магнитофон таспасынан шыққан сыр төкпе (экспромт) кітабы деп атаса да болғандай. Көңіл күйіне, әңгіме ыңғайына орай әр түрлі шалқуларымыз бен толқуларымызды да мүмкіндігінше көп қалам батырмай, сол күйінде қалдыруға тырыстық. Ең жақын адамдарымыздан басқа сырт көздер біле бермейтін, тағдырдың қия жолдарында кезіктірген қадау-қадау қуанышымыз бен қасіретімізді де бүгіп жатпадық. Оңаша отырып сыр төгудің жазба әңгімеден бір ерекшелігі де осында ғой.

Енді кейбір шетел оқырмандары үшін өзімнің сұхбаттасымның кім екенін айта кетсем — артықтық етпес.

Менің өмірімде екі Мұхтар болды. Оның бірі — әкемдей қамқор пейілді ұстазым, ұлы

жазушы Мұхтар Әуезов те, екіншісі — азамат ақын, көп жылдан бергі сырласым, іні-досым Мұхтар Шаханов. Менің түсінігімше, ол — кең ауқымды ізденгіш, ойшыл, Шығыстың даналығы мен Батыстың ұшқыр дүниетанымын бір арнада шебер тоғыстырған Азия құрлығындағы аса ірі ақындардың бірі. Өз елінен тыс өлке-лерде бұл ақынды біреу біліп, біреу білмесе, бұған ол кінәлы емес. Әйтсе де осы сырласу кітабында оқырман қауым оның біршама қанатты жырларымен танысуға қосымша мүмкіндік алады. Реті келгенде айта кеткен жөн, Мұхтар — қазақ халқының қиын шақта жел өтінде ұстаған, ел ішінде ұлттық батыр қатарында мойындалған қайсар қанат перзенттерінің бірі. 1986 жылғы Кеңес Одағындағы тоталитарлық жүйеге қарсы батыл бас көтерген қазақ жастарын ақтап алуда ол, өз тағдырына төнген қауіпке қарамай, нағыз ерлік, еркектік мінез көрсетті.


Шаханов — бірнеше жылдан бері Қазақстанның Қырғызстандағы Елшісі. Бұл істе де ол ешкімге ұқсамайтын жарқын, дара тұлға екенін әйгіледі. Жиі-жиі кездесіп, заман туралы, өзіміз жайлы сырласуларымыз дүниеге осы ортақ кітапты әкелді. Бәлкім, бұл туынды оқырман үшін де қызықсыз болмас...

Шыңғыс Айтматов.

Төрт ана
немесе
Туған
жерге
табан
тіреу



Менің атамекенім – Шекер аулы... Манас тауының шыңдарынан тамшыға тамшы қосылып, біздің Шекерге ақ көбік, көк бурыл су ағып келеді. Оның аты — Күркіреу. Атына заты жарасқан, маңындағы бар тіршілікке ғұмыр сыйлап келе жатқан су... Шекерге жақындағанда-ақ, жүрегім алас ұрады. Шіркін, алдыңнан күнге шағылыса асқақтап Манас-Ата шыңы көрінген сәттегі жан тебіренісін айтсаңшы!..



Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала!
Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Төрт анаға әнін жалғай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ-жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

МұхШаманов —

Шаханов. Өмірдің алуан соқпағын бастан кешіп, бір терінің ішінде бірде толатын, бірде солатын пәнде шіркін туған жер деп аталатын құдіретке көңіл құсын ұшырып болса да жиі-жиі оралады. Жалпы жұрт мойындаған азамат болсаң да, кіндік қаның тамған топырақ жалқы. Сол жалқыны жан-тәніңмен сүю арқылы жалпыға құшағыңды ашасың. Ал Кеңес дәуірі біздің ұрпақты керісінше:

*"Мой адрес не дом и не улица,
Мой адрес — Советский Союз,"* –

деген ән-ұранның төңірегінде тәрбиелеген.

Өзіңнің туған жеріңе деген махаббатыңды алдымен отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып, баршаға ортақ боламын деу жайдақ мінез, жасанды қылық емес пе?

Туған жерінің кеудеге ерлік қуатын дарытқан асау ақ жал өзенін, мейірім шуағын сыйлаған көк майса қыржазығын, құлағың мен бетіңнен шымшып ойнайтын шытымыр аязын санасында жаңғыртпаған кім бар? Тіпті жырақтап кетсең, құрбақаларының тынымсыз шулағаны, итінің абалап үргеніне дейін сағыныш сазындай боп естілетіні сондықтан шығар...

Шіке, Сіз мені туып-өскен аулыңыз – Шекерге шақырдыңыз. Манастың ата-қонысы – Талас даласының бір түкпірінде жатқан Шекер аулы табиғаты келіскен қырғыздың бір ғажайып өлкесі екен.

Шекер аулына жақындаған сайын, жүзіңізде алуан түрлі толғаныс тұрды. Машинаның артқы орындығында екеуміз қатар отырмыз. Бала күнгі жаутаң көз шақтар, бозбала дәурендегі арман қуған алкеуде кездер, ізгілік сапарына ілескен аяулы күндер жадыңызға естелік боп оралып, жаныңызды бірде жабырқатып, бірде жадыратып келе жатқанын сездім. Әр сай мен қыр, белес мені

ұмыттың ба? дегендей, алдыңыздан көлбеңдеп шығып, қол бұлғай қалып жатты...

Сізді көп жағдайда жазушы ретінде қалыптастырған туған жердің тамылжыған табиғаты мен қонақжай, дарқан ауылдастарыңыздың тарау-тарау тағдыры шығар. Сіз оларды терең тану, зерттеу, сүю, тіпті кейбірін жек көру арқылы зор суреткерлік биікке көтерілдіңіз. Егер бір күш санаңыздан Шекер аулын алып тастаса, мазмұны, рухы аласа қаламгерлердің қатарын толықтырарыңыз хақ.

Шекер аулы алдыңыздан түгелдей өріп шығып, бірі қолыңызды қысуға, келесісі ақ тілегін айтып қалуға ынтық боп жатты.

Біздің бір атақты ағамыз өзінің туған жерінен депутаттыққа түсіп, "сайлай көріңдер" деп ауылдастарына құлаш-құлаш жалынды сөз арнап, ақыры адам күлерліктей дауыс жинап, құлап тынған. Сонда: "Ел қараған бетті жерге қараттыңдар-ау!" – деп пұшайман болған.

Шекерге барғанда, ең алдымен көзге түсетіні – оның өзге ауылдарға қарағанда қала сияқты көрікті келбеті. Ақ шаңқан тұрғын үйлер мен еңселі ғимараттар, мәдениет ошақтары сонадайдан жарқырап көзге ұрады. Шекердің өзге ауылдардан оқ бойы озықтығын жерлестеріңіздің қай-қайсы да Сіздің атыңызбен байланыстырады.

Keң жайылған дастарқан үстінде бір жерлесіңіз республика Жоғарғы Кеңесіне депутат боп сайланған кезіңізде үлкен бір бөлімшеден екі адам Сізге қарсы дауыс бергенін айтып қалды.

Мұны естіген өзге жерлестеріңіз қарадай қысылып:

— Жүз жерден демократия десек те, біздің ауылда Айтматовқа қарсы дауыс беретін мәңгүрт адамның болуы мүмкін емес қой... Бәлкім, ішіп, қызып қалған біреулер бюллетеньді байқамай сызып алған шығар, – десіп, шырпыр боп жатты.

"Нені ексең — соны орасың" деген осы емес пе?

Туған жеріне салмағы жоқ адамдар – жел ырғаған дәнсіз қауыз тәрізді мазмұнсыз әрі бақытсыз жандар.

Айтматов. Иә, туған жер, атамекен әр адамның тағдырын құрайды. Тек одан барлық алғаныңды көңіл сүзгісінен өткізіп, бал жинаған арадай жүрегіңе құя білуің шарт.

Қариялар бас қосқан отырыста балалардың тілін қызықтап:

– Көне, жеті атасын кім шатыспай санап береді? – дер еді.

Ойын балалары дереу байсалды кейіпке түсіп, бірінен соң бірі аталарының есімін тізе бастайтын. Аңдаусызда бір бабаңның атын атамай кетсең, құдайым сақтасын... Кейін ойласам, қариялардың осы сауалының астарында терең мән жатыр екен. Шыққан тегінді ұмытпау, ұрпақтар байланысын үзбеу, жақын мен жатты айыруды санаға жастай сіңіруде үлкен мән жатқанын өскен соң ғана ұқтым.

Иә, жеті атасына тамыр жібермеген адам — жетесіз. Оны білмеген жерден бейәдеп қылық, арам істен жиіркенбеу басталады...

Осындай қарапайым да қатал елдік философияны үлкендердің аузынан көп естіп өскенмін.

Мысалы, мен шекерлікпін. Менің әкем — Төреқұл. Төреқұлдың әкесі — Айтмат, Айтматтың әкесі — Кімбіді. Кімбідінің әкесі — Қонышыжоқ... Үлкен атам Айтмат он саусағынан өнері тамған ұста, қомызшылығымен, жыршылығымен Талас өңіріне белгілі парасатты адам болған екен. Одан үш қыз, екі ұл — бес перзент өрбіген: Айымкүл, Төреқұл, Қарақыз, Гүләйым, Рысқұлбек.

Ауыл деген бөлініп-жарылмаған тұтас дене іспеттес. Ол өзінің баршаға аян, бірақ жазылмаған заңдарымен өмір сүріп жатады. Үлкенді құрметтеуден басталатын бұл заңның бір тармағы әрі ең жауаптысы — осы жеті атаңды білу. Жеті атаға жеткенше, яғни туажат, жүрежаттан аспай, бірге туғанның қан құрамы бөлінбейтінін медицина ғылымының өзі дәлелдеп отыр. Тегінді білмей, туғаныңа үйленсең, ұрпағың азады. Мал бағып жүріп, мақал шығара берген әулие қарттарымыз тіршіліктің байыбына терең барған ғой...

Адамаралық қатынас, сүйек жаңғырту былай тұрсын, тұқымы жақсарады дег, отарға қошқарды, үйірге айғырды басқа ауылдан өкеліп салмаушы ма еді?.. Мысалы, Америкада не себептен күш-жігері мықты, қуатты адамдар пайда болды? Өйткені құрлық ашылған соң, тұс-тұстан жүздеген ұлттың өкілі көшіп келген. Жергілікті халықпен және өзара қыз алысып, қыз берісіп, сүйек шатыс болып қан алмасып, жаңарды әрі генетикалық жақтан жасарды. Олар тіпті бұрынғы атажұртына "Көне Қоныс" ("Старый Свет") деп атағып алған.

Шаханов. Осыдан сегіз-тоғыз жыл бұрын Жамбыл облысынан бір жігіт мені арнайы іздеп келіп, көңілдегісін

ақтарып, ақыл сұраған. Тетелес інісі Алматыдағы үлкен бір институттың бірінші курс студенті екен.

— Туысқан қарындасымыз бар еді, екеуі бір-бірін сүйіп қалыпты. Інім: "Осы қызды аламын, алдырма-саңдар, тұп-тура асылып өлемін!" — деп, табан тіресіп көнер емес. Жабылып ақыл айттық, құлағына ілер түрі жоқ. Жекіріп, ұрсып көрдік, көнер болмады. Ақыры ағайын болып ақылдасып, сізге тоқтадық. Бір тыңдаса, Сізді ғана тыңдайды. Өйткені өлең-дастандарыңызды бірнеше сағат бойына жатқа айта алады, әрі өзіне идеал тұтады. Не шақырып алып, ағалығыңызды айтыңыз, болмаса бір ауыз хат жазып беріңіз. Басқа шарамыз таусылды, — деп, әлгі жігіт мұңайды.

Былай тартсаң, арба сынатын, былай тартсаң, өгіз өлетін өте ыңғайсыз жағдайда қалдым. Екі жастың арасында бір қимас сезімнің бары рас. Оған бұрайын десең, жеті атаға дейін қыз алдырмайтын баба дәстүрін қайда қоямыз? Ажырастырып жіберейін десең, үлкен махаббат сезімінен айырылып қалып, өмір бойы бір-бірін іздеп, жылап өтуі ықтимал. Өйткені шынайы сүю кейде адам өмірінде бір-ақ рет кездесуі де мүмкін. Сан сауалға жауап таба алмай, дал болдым. Ақыры:

— Әзірше бірінші курста жүр екен, үйленеміз дегендерін институтты бітіргенше қоя тұрсын. Осы аралықта бір-біріне салқын тартуы да ғажап емес. Өйткені адам баласы жылт етпе құмарлық сезімді таза махаббатқа балап, жиі қателеседі. Егер институт бітіргенше араларындағы шынайы сезімі суымаса, — махаббат болғаны, пешенелерінен көрсін, қосылар, — дедім. Менікі де оңып тұрған ақыл болмас, бірақ басқа жол таба алмадым...

Шіке, есіңізде болар, 1969 жылы Мәскеуде жас ақын-жазушылардың Бүкілодақтық үшінші Кеңесі өткен. Ол кез — Сіздің атақ-абыройыңыздың күллі әлемге кең жайылған шағы... Өзіңізбен бір ауыз тіл қатысып, сөйлесіп қалу біз секілді жастарға үлкен қуаныш еді. Мені танымасаңыз да, көптің ішінен суырылып жаныңызға келіп, бір жағы қырғыз болған соң ба, Сізді бауыр, аға тұтып, аз-кем әңгімелестім. Сол жолы юкагирдің жас жазушысы Семен Куриловты өзіңізбен таныстырдым. Оның "Ханидо" и "Халерха" атты романы сол кездегі КСРО Жазушылар одағының төрағасы Константин Фединнің баяндамасына енген. Кеңеске қатысқандар да оның шығармашылығына тоқталып, ілтипатпен атап өтісті. Кейіннен осы романын өзіммен бірге Алматыға ала келіп, белгілі журналист Мыңбай Ілесовке аудартып,

қазақ тілінде жариялаттым. Ақ көңіл, аса талантты азамат еді, әттең, ерте дүние салды...

Куриловтың бұл романы сол жылдары, ұмытпасам, бар-жоғы 608 адамнан тұратын юкагир ұлтының шежіресіндей көркем туынды еді. Айтайын дегенім, осы юкагирлерде, Сібірдің басқа да ұсақ санды ұлттарында келген қонағының жанына өз әйелін салып беретін дәстүр болған екен...

Айтматов. Бұл еріккеннің ермегі, не желіккеннің әрекеті емес. Саусақпен санарлықтай аз ғана ұлттың өзін-өзі сақтап қалу жолындағы жанталасы. Жақын адамдардың бір-біріне үйлене беруінен ұлттық генефондыға зиян келеді екен. Яғни қан жаңармаған соң, жаңа туған нәрестенің денсаулығына елеулі кінәрат енеді деген сөз. Жеті ата дәстүрін кейінгі ұрпағының санасына сіңіріп кеткен біздің бабаларымыздың бір ұлылығы осында жатыр. Халқымыздың әлгіндей игі дәстүр-салтының, бауырмалдығы мен ибалылығының сынын қашырмай, әр кез жанашыр боп келген көне көз қарияларды "ауыл академиктері" демеске шараң жоқ.

Шаханов. Иә, ауыл, негізінен, жазылмаған заңдармен өмір сүреді. Мәселен, келіндерді алайық. Келе жатқан қарияны көрсе, алдын кесіп өтпей, иіліп сәлем етеді. Абысындары мен қайнаға, қайныларының атын атамай, оларға жаңаша есім қоюының өзінде қандай ішкі мәдениет жатыр...

Айтматов. Біздің ауылда да келіндер қайнағалары мен қайныларына алуан түрлі тапқыр ат қойып алатын. Кейде кәсібіне байланысты "Жылқышы қайнаға", бойы сырықтай ұзын болса, оны, керісінше, "Кішкене ата" дер еді. Шекерде арық, тыриып, тырысып қалған бір кісі болды. Соған келіндері өзіне естіртпей, сыртынан "Тыршекең келе жатыр", "Тыршекең өй депті, бүй депті" деп отыратын. Демек, ауылда әр адамның өзінің қадір-қасиетіне қарай мәртебесі болады.

Шаханов. Осыған байланысты ел аузында мынадай бір тапқыр әңгіме де бар. Өзеннің арғы бетінде, топ қамыстың бергі жағында бір қойды қасқыр тартып кеткен ғой. Су алуға барған жас келін кездігін қайрағына жанып-жанып, әлгі қойды адалға шықсын деп бауыздайды. Ауылға қайтып келіп, болған оқиғаны айтайын десе, Өзенбай, Қамысбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Кездікбай, Қайрақбай деген қайнағалары бар. Аттарын қалай атамақ? Сонда: "Сарқыраманың арғы жағында, сылдырламаның бергі жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр

екен, жанымамды ала салып, білемеге жанып-жанып жібердім де, бауыздап тастадым", — деп, болған жағдайды хабарлайды.

"Ауыл академиясы" дегеннен шығып жатыр, мұның өзі ертедегі көшпелілер мәдениетінің жиынтығын құраған. Мәселен, біреу үй салу үшін, асар жасаса, ауыл-аймақ тегістей қолғабыс етуге жұмыла кетеді. Торқалы той ма, топырақты өлім бе — ауыл адамдарына ортақ сын. Бұлардан тыс қалу оғаш іс, ұят тірлік деп есептеледі.

Ысқақ деген нағашым болды. Жарықтық, пәнде біткеннің бетіне жел боп тимеген адам еді. Сол нағашым атымен көшеде кетіп бара жатып, жол бойында жатқан тас көрсе, міндетті түрде тоқтап, атынан түсіп, әлгі тасты аулаққа лақтырып тастайтын. Қарап жүріп өз басына азап тілеп алғанына таңырқаған әлдекімдерге:

— Бізден кейін жүргендер сүрінбесін де, — дер еді.

Көктем сайын Бадам өзені тасып, ауылдың қақ ортасында тұрған жалғыз көпірді ағызып кететін. Ауыл екіге жарылып, аз уақытта бір-бірімен қатыса алмай, кәріп боп қалатын-ды. Нағашымның астында аты бар, өзеннен қиналмай өте беруіне болады. Жоқ, нағашым мұндайда бағында жайқалып өсіп тұрған теректерді кесіп, ешкімнен көмек дәметпей, көпірді өзі салуға кірісетін. Мұны көрген ауыл адамдары ұялғаннан жинала бастайтын.

Тұла бойы әзіз адамгершілік пен ұлттық салт-дәстүріміздің жинақталған қоймасындай болған сол нағашым күзге салым қатерлі ісік ауруынан көз жұмды. Өлерінен екі-үш күн бұрын мені өзіне шақырып алып:

— Ал, қарағым, ата-бабамыздың жолымен қайтпас сапарға аттанғалы жатырмын, — деді әлсіз даусымен. — Енді өзіңмен ақылдасатын бір шаруа бар. Қарағым, ақын болам деп, талаптанып жүрсің. Ілуде біреуге бітетін бұл текті өнерді ұстана білгеннің ғана бағы ашылады. Сөз құдіреті тек тазалықты қалайды. Көз алдаған дүниенің жылтырағына қызығып, жаңылыс бассаң, киесі ұрады, аузыңның дуасы қашады, — деп, аз-кем тыныс алып, төбеге қарап, үнсіз жатты.

— Сенен ақырғы бір тілегім, — деді сосын. — Осы арақ атаулыдан іргенді алыс салсаң қайтеді. Әлі бастаған да жоқсың. Бастамай-ақ қойсаң, дұрыс болмай ма? Қайткенде де айтқанымды орында деп қыстамаймын. Әбден ойланып, толғанып, жауабын айт. Әлі де екі-үш күндей көрер жарығым бар сияқты, соған үлгерсең болды.

Заманына сай сусын ғой, елден кем қалмайын десең, уәдеңді берме. Оған да өкпелемеймін...

– Ата, ойланатын түгі жоқ, қалауыңыз сол болса, тілегіңізді бердім, — дедім.

– Бәрекедді! Айналайын, дегеніңе жет! Бағың жансын! — деп, нағашым көзі жасаурап, еті қашқан тарамыс саусақтарымен қолымды разы боп, сипай берді.

– Енді, алланың аманат қып берген жанын еш уайымсыз, алаңдаусыз өзіне тапсырамын.

Айтқанындай-ақ, екі күннен соң дүниеден өтті.

Менің Ұмсын Айтбайқызы деген анам 1994 жылы 85 жасында, мен осы қасиетті қырғыз жеріне Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті Елшісі боп келген тұста көз жұмды. Өзіңіз жақсы білесіз, қолынан талай рет дәм татқансыз. Анам он үш құрсақ көтерген адам еді. Солардың ішінде жалғыз мен ғана тірі қалыппын. Көбі түкке тұрмайтын аурудан шетінеп кете берген. Сол марқұм анам мен бір жаққа жол жүрер болсам, міндетті түрде үш дәм әзірлейтін: майға пісірілген қаттама нан, қазы және құрт.

Ол кезде Мәскеуде өтетін әр түрлі жиындарға жиі барушы едік. Сонда өзі танитын адамдарға осы үш дәмнен орап, қол сандығыма салып беретін. Евгений Евтушенкоға зор құрметпен қарайтын. Баласының өлеңдерін аударып, қиын шақта қол ұшын бергені үшін бе, әлде жұрттың, өз үй ішіміздің оған деген биік ықыласының әсерінен бе, қайдам, әйтеуір ол дегенде көңілі бөлек еді.

– Ауылдың дәмін татыңыздар. Мыналарды апам беріп жіберді, — деп, мен де мақтанышпен оның сәлемдемелерін үстел үстіне қоя бастайтынмын.

– Сенің анаң маған қазақтың аулы сияқты боп елестейді, — деп еді бірде маған Евгений Александрович.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі боп Мәскеуде жұмыс істеп жүргенімде, Сіздің жақын достарыңыз: Расул Ғамзатовпен, Давид Кугультиновпен тонның ішкі бауындай боп араласып кеттік. Ол кезде Жоғарғы Кеңес мүшелері "Москва" қонақүйінде арнайы жеке бөлмелерде тұратынбыз. Ауылдың үш дәмінің менен үзілмейтінін білетін Расул Ғамзатұлы: — Апамның сәлемдемесін қашан жейміз? Байқа, басқа біреудің аузында кетіп қалмасын, — деп, көрген сайын қағытып қалатын.

Бір күні Алматыға барып, қайтып келсем, тоңазытқышым жылан жалағандай бос тұр. Қазы мен

қаттама нан жым-жылас. Екі-үш құрт қана жатыр. Өзім ішпесем де, қонақ келгенде ішер деп, арақ пен коньякты үзбейтінмін. Бос бөтелкелер үстел астында шашылып қалған. Кімдердің жорығы екенін ішім сезді. Сөйткенше болмай, телефон шылдыр ете түсті. Көтерсем, Давид Кугултиновтың құлаққа таныс әзілқой даусы естілді.

— Біздің ізімізді таныдың ба? Сен жоқта кезекшіден кілтіңді алып, Расул екеуміз бөлмеңе кіріп шыққанбыз. Өзің талай шақырғанмен, аулыңа бара алмай жүрмедік пе? Анаң жіберген дәмдерден ауыз тидік. Енді аулыңа бізді бармады деп кім айта алады?

Екеуміз жарыса күлдік. Ауыл меймандостығына сай екі қаламдас ағаның әзілқойлығы қандай жарасымды жымдасып тұр.

Апама қатысты тағы бір қызық оқиға бар. Анам жарықтық ай сайын алатын зейнетақысына үй жанындағы дүкеннен түрлі кәмпит, тәтті печеньелерді сатып алып, ылғи да қалтасын толтырып жүретін. Аулаға шықса болды, көршілердің кішкене балалары жан-жағынан қаумалап, қоршап, қуанысып қалатын. Сосын апам бәріне жағалай қалтасындағы тәттілерін үлестіре бастайтын. Әрі өзінің сол мінезінен керемет ләззат алар еді.

Бірде Гурьев (қазіргі Атырау) облысына барған сапарымда Равиль Шырдабаев деген жігітпен таныстым. Тамырын туған өлкесіне мықтап байлаған, әр қилы аңыз әңгімелерді, ұлтымыздың арғы-бергі тарихын көңіліне тоқыған ойлы азамат екен. Екеуміз қуана табысып, ақырында дос болып кеттік. ХІХ ғасырдың дауылпаз ақыны, осы өлкенің түлегі Махамбет Өтемісұлы туралы бір жан түршігерлік оқиғаны осы Равильдің аузынан естіп, кішкене дастан жаздым.

Сапар мерзімі аяқталар тұста Балықшы ауданы мені "Құрметті балықшы" етіп қабылдап, ел дәстүрі бойынша, ат орнына салмағы 60—70 кило тартатын бекіре балықты бәсіре етіп сыйлады. Жайық өзенінде тіршілік ететін акула тұқымдас текті балықтың, бір қызығы, жалпы салмағының 25 процентін қара уылдырық құрайды екен.

Әуежайға ауылдың ақ жүрек азаматтары ере келіп, шығарып салысты. Ұшаққа отырғанымда, Балықшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Орынбасар Еркінов:

— Түсерде ұмытып кетіп жүрмеңіз, — деп, бүйірі шығыңқы жол сөмкесін жаныма қойды.

– Бұл не? — дедім таңырқап.

– Өткенде өзіңізге сыйлаған бекіренің уылдырығы.

Салмағы он бес, жиырма килодай қара уылдырық ол кезде қып-қызыл байлық еді.

Араға он шақты күн салып, анам Шымкентке қыдырыстап кеткен. Артынша әйелім тоңазытқышты қараса, өлгі қара уылдырықты салған ыдыстың түбі тақырланып қалыпты.

– Бәлкім, біреулерге мырзасынып берген шығарсың, — деп, әйелім маған күдіктене қарады.

– Ойбай, атай көрме, тоңазытқышыңа жарты қадам жақын жуыған емеспін, — деп, ақталып жатырмын. Үйдегілердің бәрі аң-таң.

Іле-шала жоғалған уылдырықтың сыры ашылды.

Кешкілік жұмыстан келе жатсам, үй алдында жолыққан көрші орыс кемпірі:

– Мұхтар, саған үлкен рақмет! Сәлемдемеңе разы боп қалдық. Аса бағалы дәм ғой. Біздей зейнетте жүргендерге оны сатып алуға шама қайда? Үнемдесек, жарты жылға беймарал жетеді, — деп, алғысын жаудырып жатыр. Алғашқыда түсінбей қалып:

– Нені айтып тұрсыз? — деп ем:

– Өткенде анаңыздан беріп жіберген үлкен табақ уылдырықты айтамын, — деді жымыып.

Не керек, бір жұманың ішінде бірнеше көршінің рақметін естіп шықтым.

Бақсақ, анамыз уылдырықты көршілерге кесемен, көңілі түскеніне тіпті үлкен табақпен үлестіріп шығыпты.

Кейін апам ауылдан оралғанда, "бұлай етуге болмай-тынын" жайлап айта бастап едік:

– "Өле жегенше — бөле же" деген. Соншама көп дүниені қайтпексіңдер? Бекерге бұзылып кетеді ғой, — деп күлді.

Танымайтын адамына сәлем бермейтін, қаншама уақыт көрші тұрса да, шақырмаса, бірінің үйіне бірі бас сұқпайтын қалада ұзақ жылдар бізбен бірге тұрса да, апамның бойындағы ауылдық психология, ауыл адамдарына тән көпшіл, дарқан мінез өзгеріссіз қалып қойды.

Шіке, бастапқы әңгімеміздің желісін үзбейік. Шекер аулындағы орта мектепке әкеңіз Төреқұл Айтматовтың аты беріліпті. Мектептің алдында ол кісінің зәулім мүсіні бой көтерген. Авторы — әйгілі сәулетші, Лениндік сыйлықтың иегері, академик Тұрғынбай Садықов екен. Әкеңіз Төреқұл "халық жауы" деп ұсталғанға дейін

қырғыз мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі болған ғой...

Айтматов. Көріп, бастан кешу тұрмақ, құлағыңмен естудің өзі ауыр кезең еді. Әкеміз Мәскеуде қызыл профессура институтында оқып жүргенде, анам Нағима Хамзақызы екеуі төрт баламен жатақханада тұрып жатқан. Баланың ересегі — өзім тоғыз жастамын, кенжеміз Роза алты айлық. Бүкіл Кеңес Одағы үрей құшағында. 1937 жылғы тамыз, қыркүйек айларындағы "Правда" газетіне "Буржуазияшыл ұлтшылдар", "ВКП(б) Қырғызстан Орталық Комитетінің былық саясаты" деген екі мақаланың жариялануы мұң екен, республика басшылары бірінің соңынан бірі қара тізімге іліне бастайды. Олардың жуан ортасында әкемнің де аты жүрді. Басына қауіп-қатердің қара бұлты үйіріле бастағанда, әкем: "Балаларды алып, кері қайт. Мені ұстап әкетсе, "халық жауының" әйелі деп, сені де тергеуі, тіпті жер аударуы мүмкін. Қорғансыз қалған перзенттерімізді шырылдатып жетімдер үйіне өткізіп, фамилияларын өзгертіп жіберер. Фрунзеге емес, Шекерге тартыңдар. Туған жер, ағайынның ортасы сендерді аштыққа бере қоймас. Аман болсам, хат жазып, хабарласып тұрармын," — деп, анам Нағиманы Қазан вокзалынан пойызға мінгізеді. Өзі кетіп бара жатқан пойызбен жарысып, біраз жерге дейін қол бұлғап жүгіріпті. Ең қымбаттыларын, төрт тұяғы мен асыл жарын соңғы рет көріп, соңғы рет шығарып салып тұрғанын, бәлкім, оған құдай сездірген шығар.

Мәскеуден шыққан пойыз Орынбор, Саратов арқылы Қазақстанның кең даласын кесіп өтіп, жеті күн, жеті түн дегенде бізді Маймақ стансасына түн ішінде түсіріп кетті. Таулы өлкенің жайы өзіңе мәлім, қорқыныш билеген сол бір көзге түртсе көргісіз қараңғы түн өмір-бақи есімде қалып қойыпты. Ертесіне Субанбек ағайымыздың арбасына отырып, Шекердегі Алымқұлдың үйіне жетіп жығылдық.

Әкемнің Мәскеуден пошта бланкісіне асығыс жазған соңғы хаты сақтаулы. Оқудан шығарылып, әне-міне ұстап әкетеді деп, уайым шегіп, алаңдаулы жүргені әр сөзінен аңғарылып тұрады. Анам Нағимаға көзінің ағы мен қарасындай төрт баласын қайта-қайта аманаттап, өзінің ақ екенін, бар күш-жігерін жас қырғыз мемлекетіне арнағанын баяндап өтеді.

Көп кешікпей, 1 желтоқсанда Мәскеудегі Воровский көшесі, 25-үйдің 15-пәтерінен қамауға алынған әкемді

Фрунзеге пойызбен әкеліп, түрмеге салып, тергеуге алады.

Аталарымыз Айтмат пен Бірімқұл бір туған. Бірімқұлдың Алымқұл, Өзібек, Керімбек есімді сабаудай-сабаудай үш ұлы болды. Алымқұл әкемнен біраз жас үлкен еді. Шекер ауылдық кеңесінің төрағасы боп істейтін. Ажар атты келіншегі, Тоқтагүл деген желкілдеп өсіп келе жатқан бүлдіршін қызы бар-тын.

"Халық жауының" жанұясы атанып, елге қайтып оралған соң, бізден көп адам сырт орай, бойын аулақ ұстауға тырысқан да шығар. Көзге түскеннің бәрін куәғып, тырнақ астынан кір іздеп отырған заманда біреуге өкпелеудің өзі артық. Бірі баспанасын беріп, екіншісі артық-ауыс қолда барын ұсынып, қас-қабағымызға қарайтын ағайынның барына да іштей шүкірлік айтасың.

Бірақ бұл шүкірлігіміз де көпке ұзамады. Араға ай салып, Алымқұлды "халық жауының" ағасы деген желеумен ұстап әкетті. Кейде тағдыр бір айналдырғанды шыр айналдырады емес пе, кешікпей милиционер боп қызмет ететін Алымқұлдың туған інісі Өзібек те "халық жауының" жақыны ретінде Төреқұл ағасының ізімен абақтыға кете барды.

Әкемнің Рысқұлбек деген інісі біз Мәскеуде тұрғанда, Фрунзе қаласындағы педагогикалық училищеде оқып жүретін. Өзі қой аузынан шөп алмайтын момын, ақ көңіл жігіт еді. Біз қайтып келгенде, ол да, "халық жауының" інісі болғандықтан, оқуынан қуылып, Қарақыз апамның үйінде жүр екен.

Бір күні таң алдында ояна кетсем, жылап отырған Қарақыз апам мен өз анамды көрдім. Көздері бұлаудай боп ісікен. ІХК (Ішкі істер халық комиссариаты) қызметкерлері түн жарымында Рысқұлбекті алып кетіпті. Сөйтіп, біздің әулет аз уақыттың ішінде төрт арысынан көз жазып қала берді...

Шаханов. Сол кезеңнің әңгімелерін тыңдап отырсаң, "халық жауы" шықпаған ауыл жоқ екен-ау деп қаласың. Тіпті кейбіреулерді адам күлерліктей жаламен қамауға алып, не атып, болмаса пәленбай жылды мойнына артып, түрмеге тоғыта берген ғой. Сіздің шығармаларыңызды көп жылдан бері зерттеумен айналысып жүрген белгілі ғалым, академик Рустан Рахманалиевтің әкесінің қалай ұсталғанын есітіп пе едіңіз?

Айтматов. Жоқ.

Шаханов: Рустанның әкесіне біреу темекі ұсынады. Сосын темекіні орап тартатын газет қиындысын береді.

С. Топ...
 Пис...
 С. Ближ...
 Пер...
 С. Топ...

79867

Ол ойында ештеңе жоқ, темекіні тұтатып, құшырлана сора бастағанда, бір адам аяқ астынан сап ете қалады. Дереу темекі оралған қағаздың бүктеуін жаздыртқанда, жартылай күйген "ұлы көсем" Сталиннің суреті шығады. Көрдіңіз бе, қалай ұйымдастырылған?

Әңгімеңізді әрі сабақтай беріңіз.

Айтматов. Сонымен, Алымқұл түрмеде қаза тапты. Өзібектен алғашқы кезде "Ақтұз" деген қорғасын кенішінде істеп жатырмын деген хабар келген. Соғыс жылдары мүлде хат үзілді. Түрменің адам төзгісіз азапты жұмысында жүріп немесе майдан өтінде көз жұмған шығар.

Ауылдың шетінен пошташы қылаң етіп көрінсе бітті, әкемнен немесе оның аға-інілерінен хат-хабар келер деп алаңдайтынбыз. Көзбен бағып, телміріп тұрғанымызды көріп, хат тасушының да берекеті қашатын. Қасымызға келгенде, тездетіп өтіп кетуге тырысатын. Әрі ол соғыс кезі еді ғой. Есік алдына шығып, ербиіп, әкелерінен, жақын туғандарынан бір хабар күткен сәбилердің сауалға толы көздері бейшараның жүрегін әбден шайлықтырып жібергені байқалып тұрушы еді.

Бір күні Рысқұлбектен хат келді.

Апам дауыстап оқыды. Ол хатында әрқайсымызға жеке-жеке тоқталып, денсаулығымызды сұрапты. Әсіресе ағасы Төреқұлдың тағдырына көбірек алаңдаушылық білдіреді де, өз жағдайын баяндайды. "Бізді Манчжурия шекарасына жақын маңдағы жол құрылысына әкеліп салды, — деп жазыпты ол. — Күн суық, киім жұқа. Екі бүйрегіме бірдей суық тигізіп алдым. Жұмыс тәртібі өте қатал. Әр адамға жоспар (норма) белгілейді. Жоспарын орындамағандарға тамақ жоқ. Ауыр жүк көтере бастасам болды, екі бүйрегім қақсап қоя береді. Содан, тамақтан қағылып, өлі мен тірінің арасында күн кешудемін. Сендердің жағдайларың да белгілі ғой. Шиеттей бала-шаға... Егер мүмкіндіктерің болса, бір пуд немесе жарты пуд талқан салып жіберсеңдер, өмірімді тағы да 5—6 айға ұзартар едім..."

Мұны естіген соң, Қарақыз апам бастап, бәріміз қосылып жыладық. Рысқұлбектің мүшкіл халі жанымызды аяздай қарыды. Жалма-жан, уақыт алдырмай, анам мен Қарақыз апам бидай қуырып, оны түні бойы келіге түйіп, талқан әзірледі. Таң қылаң бере, апам дорбаға салынған талқанды аудан орталығындағы поштаға жаяу көтеріп кетті...

Ағайын-тумаларының бұл сәлемін Рысқұлбектің алған-алмағаны белгісіз. Қайтып хат келмеді. Сірә, талқан жет-

пеген болар. Сөйтіп, оған да топырақ жат жерден бұйырды.

Ал біз болсақ баяғыша Шекерде, әкемнің қарындасы Қарақыз апам мен Досалы жездемнің шаңырағында тұрып жаттық. Үлкен арық жиегінде екі бөлмелі үйі барды. Бір бөлмесінде өздері, екіншісінде біз. Жездеміз Досалы пейілі кең, мәрт, әрі туа бітті аңшы кісі еді. Атын мініп, мылтығын асынып, соңына екі-үш тазысын ертіп, үнемі тау-тасты аралап кететін. Үйінің төрінде аюдың, қасқырдың, сілеусіннің терілері самсап, ілініп тұратын. Аңнан олжалы келе жатса, көңілденіп, алдымен Қарақыз апамның, сосын бір-бірлеп бәріміздің атымызды атап, шақырушы еді.

Арманы Айға шапқан балалық шақтың ол да бір мұңдылау елесі еді.

Шаханов. Э.Хемингуэй: "Үлкен жазушы болу үшін, талант, біліммен қоса, бақытсыз балалық керек", — деген екен... Бір қызығы, Сіз сәби кезде қаламгер болам деп армандамапсыз да. Бірақ машина жүргізуге құштар екенсіз. Мұны сол кездегі газет тілшісі, кейіннен белгілі жазушы, драматург атанған Райхан Шүкүрбековтің сұрағына жеті жасыңызда қайтарған, яғни 1935 жылғы "Лениншил жаш" газетінің 5 маусым күнгі санында жарияланған жауабыңызда баяндапсыз. Бұл сұхбатты Шаршен Усубалиев Ташкент мұрағатынан тауып, Сіздің үлкен жанашырыңыз, белгілі әдебиетші ғалым Абдылдажан Ақматалиев кітабына енгізіпті. Сол сұхбаттан үзінді келтіре кетейін:

"Шыңғыс биыл 7 жасқа шықты. Өзінің жас достарының арасында тазалық пен тәртіпті әбден жақсы сақтайды. Ал үйінде өз бетінше оқып, ойнауға үйренген. Біз Шыңғыспен бір сағаттан артық отырып сөйлестік. Ол кімге болса да тайсалмастан, өз пікірін еркін айтуға дағдыланған.

— Сен өскенде кім болып шығасың? — деген сұрауға:

— Менің шофер болғым келеді, — деді.

— Әкең қайда?

— Мәскеуде.

— Неге кетті?

— Оқып жүр.

— Әкең бұрын қайда істеген?

— Аудандық партия комитетінің хатшысы боп істеген. Одан кейін Қырғыз обкомының хатшысы болды. Менің бөлмемдегі бұрышты әкем

ұйыстырып берген... Үлкейгенде шофер болуды өзім ғана қаладым.

— Үйінде қандай ойыншықтарың бар?

— Қазір менде бәрі де бар. Тек машиналар керек. Оны әкем сатып алып келем деп уәде берген. Айтқан уақыты жақындап қалды.

Берілген сұрақтарға сергек әрі бар ынтасымен жауап беріп тұрған бала — Айтматовтың ұлы — Шыңғыс. Ол хат таниды. Үлкен-үлкен әріптермен басылған газеттерді, кітаптарды оқи алады. Шыңғыстың шофер болам деген тілегі, сөз жоқ, орындалады..."

Газет бетіне бұл сұхбат "Шыңғыс шофер болам дейді" деген атпен жарияланған.

Шофер болуды армандаған баладан кейін әлем таныған жазушы өсіп шығатынын тілші қайдан білсін. Темір тұлпарды тізгіндеймін деген қиялыңызға ақ жол тілеген Райхан марқұм Сіз Кеңес Одағының ең биік жүлдесін — Лениндік сыйлықты алған соң, бір жылдан кейін дүние салыпты...

Айтматов. Иә, ол кезде ілуде бір көзімізге шалынып қалатын машинаға деген құмарлығымыз ересен еді. Бұл жалғыз менің емес, өзім секілді әр баланың арманы болатын. Өсе келе, ол арманның өміріміздің сан тараулы жолдарында жай бір төмпешік сияқтанып қалатынын кім білген?!

Ауылда "халық жауы" аталып ұсталып кеткен әкемнің аты көп аталмайтын. Анам мен Қарақыз апам ғана біздің нәзік көңілімізге әкеміз жайлы ақиқатты, жылы сезімдерді құя білді. Анам үйде өзімізбен өзіміз қалғанда, әкемнің суреттерін, значектері мен куәліктерін бір-бірлеп шығарып, көрсетіп қоятын. Фамилиясы жазылған мөрге керемет қызығушы едік. Сияға малып, қағазға бассақ, латын әрпімен жазылған "Айтматов Т." деген сөз түсетін. Қарақыз апамыз оқымаған болса да, қара сөзге шешен, ақылды адам еді. Өмір бойы әкемді ардақ тұтумен өтті.

1964 жылы ауыр науқастан көз жұмғалы жатып:

— Төртеуіңе тең разымын. Әттең, әкелерің жас кетті. Соншама үлкен қызмет атқармай, ауылдағы басқа адамдар секілді, қарапайым ғана жұмыс істеп жүрсе, аман қалар еді-ау, — деп жылаған.

Алғашқыда әкем жайлы "он жыл түрмеге кесілді, хат алысып, хабарласуға болмайды" деген дерек алып, ай, жыл санап, үзілмес үміттің шылауында жүрдік.

Бір күні үйімізге баласының жетегіне еріп, екі көзі су қараңғы адам келді.

— Төреқұлмен қатар ұсталып, бір камерада жаттық. Көрмеген азабымыз жоқ. Төреқұл сияқты азаматтар бір ғасырда бір-ақ туады. Екі көзімді соқыр еткен соң, мені босатып жіберді. Төреқұл тірі. Әділдік жеңбей қоймайды, үмітінді үзе көрме, Нағима, — дегені құлағымда калыпты.

Ішкі істер халық комиссариатына анам екеуміз қайта-қайта хат жазғанымызбен, мардымды жауап ала алмадық. Тірліктің арпалысымен ой сарсылтып, көз талдырған жиырма жыл өте шықты...

Шаханов. Бірде кенже қарындасыңыз Розамен ұзақ отырып сырластық. Роза көңілі толқып, көзіне жиі-жиі жас алумен болды.

"Ағам Шыңғыс институтты үздік оқып жүріп, аспирантураға қалғалы тұрғанда, "халық жауының баласына Сталиндік стипендия беріп жүргендерің қалай?" деген арыз түсіп, стипендиядан да, аспирантурадан да шеттетілді. Сонда да мойымай, демалыс күндері темір жолға барып, қара жұмыс істеп, көмір мен ағаш түсіріп, ақша тауып жүрді. Табысын шашау шығармай жинап, қысқы демалысқа келгенде, бәрімізге бір-бірден киім әкелді. Маған жағасы үлкен, жылы пальто алыпты. Мұндай сырт киімді тұңғыш рет киюім. Қуанғанымды айтпаңыз. Мәскеудегі Кен барлау институтында оқып жүрген Илгизға да өзінің ескі пальтосының астарын аудартып тіктіріп, посылкамен салып жіберіпті. Әлгі пальтоның сыртында, ішінде бірнеше қалтасы бар екен. Соның әрқайсысына бес сомнан тыға беріпті. Түлкі құрсақ жүрген студент қой, қолын сұғып, тауып алған сайын, қуансын десе керек.

1957 жылы ІІХК-ден: "Айтматов Т. жөнінде сұраған екенсіздер, келіп, хабарын алып кетіңіздер" деген бір жапырақ хат алдық.

Сондағы апамның толғанысын айтпаңыз. Жүрегі кеудесіне сыймай, бір отырып, бір тұрады. Қайта-қайта үлкен ұлының қасына келеді. Қырсыққанда, Шыңғыстың дене қызуы 40 градусқа жетіп, қатты ауырып жатқан. Апамды өзі ертіп бармақ боп орнынан тұрып көріп еді, басы айналып, аяғын баса алмады. Ақыры жолға апаммен бірге мен шықтым.

– Әкеңді Сібірге әкеткен екен ғой, шамасы. Қазір сол жақтан көп кісі босанып келіп жатыр емес пе? Қайран Төреқұл, сендерді көрсе, қуаныштан жылап жіберер. Шыңғыс пен Илгиз ат жалын тартып мініп, үйленіп, шаңырақ көтерді. Сендер Люция екеуің тәрбиелі қыз боп өстіңдер. Шіркін, қандай болды екен әкелерің? Ұсталған кезде 34-ақ жаста еді. Биыл 55-ке шықты. Жиырма бір жыл көріспеппіз. Жиырма бір жыл... Айтуға ғана оңай. Өлмедік. Одан басқаның бәрін бастан өткердік қой. Әкеңді аман-сау көрсек болғаны... Бірақ Сібірге айдалғандардың кейбіреулері сонда жүріп үйленіп те қалған көрінеді... Мейлі, жан сақтау үшін, сөйтсе, сөйткен шығар. Тек аман келсе екен... Құдай-ай, аяқ-қолым дірілдеп барды. Кездескен кезде жүрегім қуаныштан жарылып кетпесе жарар еді...

Апамның әңгімесін тыңдап келе жатып, көзіме жас тығылды. О, тәңірі-ай, не деген үлкен жүрек. Үйленіп қалса да мейлі, "тек аман келсе екен" дейді. Бәлкім, өзінен гөрі, өзі сүйген адамға болсын деп тілейтін нағыз махаббат құдіреті осы шығар...

Рас, анамыз жас әрі көрікті болды. Білімі, парасаты жағынан сол тұста ауылдағылардың көбінен оқ бойы озық тұрды. Жасыратыны жоқ, оған сырттай қызығушылар да бар еді. Бірақ ол Төреқұлдан биік, Төреқұлдан терең, Төреқұлдан сәулетті еркек болады деп ойламады, ойлағысы да келмеді.. Сол кездегі базбір күйеусіз әйелдердей жан-жағына көз салу өңі түгіл, түсіне де кірген емес. Анамыздың бүкіл саналы ғұмыры өзінің сүйген жарын күтумен, оның әр басқан ізін, туған күнін ардақтаумен, басқа да мағыналы, өнегелі істерін еске алумен және әкемізге деген асқақ сезімінің шуағын біздің жүрегімізге құюмен өтті. Әрі солай еткеніне өзін шексіз бақытты санайтын...

Әңгіме мен ойдың жетегінде ІІХК-ге де жеттік. Кіре берісте автомат асынған солдат тұр екен, апам шақыру қағазын көрсетті.

– Сіз өтіңіз, — деп, апамды ішке кіргізді де, мені бөгеп қалды. Біраздан соң апам аяғын әрең басқан күйі табалдырықтан аттады. Жүрегіме біреу оқыстан ине сұғып алғандай дір ете қалдым.

Дереу апамды қолтығынан демей бердім. Бетін жас жауып кеткен екен. Ерні дір-дір етеді. Үн-түнсіз қалпы қолындағы бір жапырақ қағазды маған ұсына берді. Онда орыс тілінде былай деп жазылыпты:

СПРАВКА

Дело по обвинению АЙТМАТОВА Турекула, до ареста – 1 декабря 1937 г. – слушатель Института Красной Профессуры, пересмотрено Военной коллегией Верховного Суда СССР 15 июня 1967 года.

Приговор Военной коллегии от 5 ноября 1938 года в отношении АЙТМАТОВА Т. по вновь открывшимся обстоятельствам отменен, и дело прекращено за отсутствием состава преступления.

АЙТМАТОВ Т. реабилитирован посмертно.

Помощник Председателя Военной Коллегии Верховного Суда СССР, Полковник юстиции М.Русаков.

Қарғыс атқыр осы қаралы қағаз жиырма бір жыл бойы екі көзімізді төрт етіп күткен барлық үмітімізді шорт үзді. Апам екеуміз сең соққан балықтай боп, бір-бірімізді демеген күйі, көшеде теңселіп, әрең басып келе жаттық. Дүниенің бар мәні жоғалып, өмірге деген ынтызарлығымыз бір сәтте сөне қалғандай. Апама қарап ем, екі жағы суалып, жанары семіп, иіні шөгіп кетіпті. Ой, алай, оны жиырма бір жыл бойы қос қолтығынан демеп, сан түрлі қиындыққа мойытпаған "Төреқұл бүгін болмаса, ертең келіп қалар" деген алдамшы үміт еді ғой. Сорлы апам не көрмеді, қай құқайға төзбеді?..

Көшені басыма көтеріп, айғай сап жылағым келді. Қаншама жылдар бойы біздің жанұяның басына төнген әділетсіздікке айғайлап лағнет айтқым келді. Бірақ қасымда басына құлаған ауыр қайғыдан ес жия алмай, зорға қозғалып, ілбіп басқан анам байғұстың қасіретін онан сайын ауырлатпайын деген оймен өзімді-өзім күшпен тежеп, тұншыға өксідім.

Үйге жақындағанда, бір-бірімізге сүйеніп, көз жасымызды тия алмай, ұзақ тұрдық.

— Ал, қызым, болар іс болды, — деді апам қайратына мінгендей. — Әкесінің қаза болғанын Шыңғысқа естіртпей қоя тұрайық. Әйтпесе жығылған үстіне жұдырық боп, сырқатынан оңала алмай қалар...

Шыңғыс науқасынан айыққан тұста анам бізге: — Қарақыз апаларыңды шақырыңдар, — деп бұйрық берді.

Көп кешікпей, артынып-тартынып, ауылдың дәмін арқалап, Қарақыз апам да келіп жетті.

Анамыз оған ағасының бұл дүниелік емес екенін жайлап естірткенде, бейшараның жүрегі тоқтап қала жаздады. Жиырма жыл бойы өзегін өрттей шарпыған сағынышы мен мұңы дес бермей, бүкіл үйді басына көтере, әрқайсымызды жеке-жеке бауырына басып зарлады. Шіркін, туысқан болса осындай-ақ болсын да.

Артынша бәріміз — бүкіл Айтматовтар әулеті Шекерге барып, зор әділетсіздіктің құрбаны боп, арманда кеткен төрт арыстың — Төреқұл мен Алымқұлдың, Өзібек пен Рысқұлбектің аруақтарына бағыштап, Керімбектің үйіне ел-жұртты түгел жинап, ас бердік.

Әйтсе де анамыз әкемізді өлімге қия алмады. Ашық айтпаса да, өмірінің ақырына дейін көңілінің терең түкпірінде "мүмкін, тірі шығар" деген бір жылт етпе үміт жүрді де қойды. Бәлкім, оған мына бір жағдай да себеп болған шығар. Соғыс жылдары Кавказдан Шекерге жер ауып келгендердің ішінде Айвазиди деген көріпкел грек әйелі бар екен. Кофеге қарап бал ашады, айтқаны айдай анық келеді деп, жұрт мақтаған соң, бір күні оған апам да барады.

— Күйеуің түрмеде, төрт балаң бар екен. Өзің қатты қиналып, тарығып жүр екенсің. Бұл жерді әлі он жыл қоныс етесіңдер. Үлкен ұлың оқуын бітірген соң, қалаға көшіріп әкетеді. Сол ұлыңның атағы түбі дүние жүзін шарлайды, — деп үндемей қалады.

— Күйеуім ше? Тірі ме, қашан келеді? — деп сұраса, әлгі әйел:

— Күйеуің тым қашықта. Көп жылдан кейін жолығасың... — депті.

Көріпкел әйел әкеміздің бұ дүниелік емес екенін білсе де, анамызды, үміті үзіліп, шөгіп

қалмасын деп, аяған болар. Әлде “көп жылдан кейін жолығасың” деп емексіткені о дүниеде кездесетінін мезгеп айтқаны шығар.

Айтматов. Иә, қалай дегенде де, балгердің онысы — адамгершілік.

Нақ сол кезеңде Кеңес Одағының бүкіл халқы Отанға, “ұлы көсем” Сталинге деген шексіз мақтаныштың, зор патриоттық сезімнің жетегінде өмір сүрді. Әсіресе соғыстан кейінгі жылдар қандай болды? Жауды жеңіп шыққанымыз, жер басып, тірі жүргеніміз, бақытты балалық шағымыз – бәрі, бәрі үшін Сталинге қарыздармыз деген зор мақтаныш сезім салтанат құрды. Бұл сезімнің қазір ғана күлкілі боп көрінуі мүмкін. Ол кезде мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына күдік келтіру (әсіресе біздің ауылда) ешкімнің өңі түгіл, түсіне кірді ме екен? Енді осы тұста мемлекетке қастандық ойлаған адамның, яғни “халық жауының” баласына жұрттың қалай қарауы тиіс екенін бір сәт санаңнан өткізіп көрші. Бірақ ауылдың қалыптасқан салт-санасы, ішкі мәдениеті әлгі жан шошытар сөздің ызғарын бізге онша сездірмеді. Осындай аласапыран шақта әкемнің бізді өз аулына жұмсауы қандай көрегендік болған. Мәскеуде қалғанымызда, не Фрунзеге барғанымызда, басқа бір күтпеген қасіретке жолығуымыз мүмкін екен.

Шаханов. Қазақстандағы Ақмола қаласының маңында “халық жауларының” әйелдері қамалатын “АЛЖИР” атты (Акмолинский лагерь жен изменников родины) арнайы лагерь жұмыс істеді. Бұл лагерьде қазақ елінің Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов, Сұлтанбек Қожанов, Жанайдар Садуақасов секілді мемлекет, партия, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің жұбайлары тұтқында болды.

Ақмоладан 40—45 шақырым жерге орналасқан, ондаған шақырымды алып жатқан бұл азап пен тозақ орталығы 26 нүктеден тұрған. Лагерьге Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әкелініп, күндіз-түні тоғытылып жататын “халық жауларының” әйелдеріне қойылатын алғашқы талап – күйеуіңнің жау екенін мойындап, одан түбегейлі қол үземін, деп тілхат беруің керек, сонда жазаң едәуір жеңілдейді екен.

Бауыр еті — балаларын жетімдер үйіне зорлап өткіздіріп, ағайын-туысын тоз-тоз ғып, шаңырағын ортасына түсірген ІІХК жан алғыштарының небір төбе құйқанды

шымырлатар зұлымдық әрекеттері күн сайын асқынып тұрған кез.

Осындай тозақ отына шарпылып жүрсе де, Сәкен Сейфулиннің, Ілияс Жансүгіровтың аяулы жарлары арыстай ағаларымыздың бәс жетпес қолжазбаларын жерге көміп, жастығына тығып сақтап, кейінгі ұрпаққа аман жеткізді. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермес, ерлікке барабар іс еді.

Бірде маған Ғабит аға (Мүсірепов) Бейімбет Майлиннің жұбайы Күнжамалды АЛЖИР-ге іздеп барып жолықтырғанын әңгімелеп берген.

Сонда Күнжамал апамыз Ғабеңе:

– Осы лагерьдің қойын өзім әдейі сұранып бағып жүрмін. Ертелі-кеш тордың ішінде тапжылмай қамалып отырғанша, іштегі бар қасіретімді сыртқа шығарып, бар даусыммен айғай сап, жылап алсам, едәуір жеңілденіп қаламын, — депті.

АЛЖИР-де 22 мыңға тарта "халық жауларының" әйелдері қамалған. Ауылды паналамағанда, Сіздің апаңызға да сол лагерьдің дәмі бұйыруы мүмкін еді.

Айтматов. Иә, бәрі мүмкін...

Мектепте оқып жүргенімде бір мұғалімнің берген кеңесі өмір бойы есімде қалды. "Біреу әкеңнің атын атаған кезде, "халық жауының баласы" екенмін деп, ешқашан да жүзіңді төмен салушы болма!"

Ұстаздың осы ақылы мені дәйім қиналған шағымда демеп жүрді. Бұл сөздің астарында анамның пікіріне сабақтас "бәрі жалған, бәрі жала, сенің әкеңнің халық жауы болуы мүмкін емес" деген батыл сенім жатқанын сездім. Сол кезден бастап әкем жөнінде бір хабар білуді аңсау күнделікті арманыма айналды...

Шаханов. Бұл арада тағы да қарындасыңыз Роза Төреқұлқызы айтқан мына әңгімеге назар аударалық:

"1975 жыл. Жұмыс бабымен Талас қаласына бара қалдым.

– Сіз Шыңғыс Айтматовтың қарындасы емессіз бе? — деп, бір әйел жылы ұшырай амандасты.

– Иә.

– Сіздің осында келгеніңізді бір танысымнан кездейсоқ естіп қалдым. Құдай тілегімізді берді. Әйтпесе Сіздерді Фрунзеге іздеп барғалы жүр едім...

Әдетте Шыңғысқа ағылып келіп жататын хаттарда есеп болмайтын. Олар дүние жүзінің, әсіресе

Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен келетін. Хаттардың едәуір бөлігі баспана алуға көмек сұраған, әртүрлі деңгейдегі партиялық, әкімшілік орындарынан көрген әділетсіздігіне тосқауыл болуға, тек шет елдерде ғана өндірілетін қымбат бағалы дәрілерді табуға қол ұшын беру және толып жатқан тұрмыста жиі кездесетін проблемалардың төңірегіндегі өтініш, тілектерден тұратын. Үлкен әділетсіздікті өз басынан кешіргендігінен болар, Шыңғыс бұл хаттарға ерекше мән беріп, уақытының көбін арнап, мүмкіндігінше жәрдем жасап жататын. Енді осындай адамдардың бір тобы мені әдейі іздеп тауып немесе жолыққан жерде: "Мынаны ағаңызға бере саласыз ба, бүкіл Кеңес Одағында ол кісінің айтқанын жерге қалдырар адам баласы жоқ шығар" десіп, құлаш-құлаш өтініш хаттарын ұсына беретін. Кейде онсыз да шаруасы бастан асып жататын ағамды аяп, хат иелерінен қашқақтайтынмын. Жасыратыны жоқ, жолыққан әйелді алғашында сондайлардың бірі шығар деп ойлағанмын.

— Жо-жоқ, — деді ол күдігімнің үстінен түскендей. — Менің Сізді іздеген шаруам — әкеңіз Төреқұлға байланысты. Менің ағам түрмеде Сіздің әкеңізбен бір камерада жатыпты.

Әкемнің аты аталғанда, денемді нақ бір ток соғып өткендей, дір ете қалдым.

— Қайда ағаңыз? Тірі ме? — деппін сасқанымнан.

— Тірі. Бірақ қазір ауруханада қиын жағдайда жатыр. Дәрігерлер санаулы ғана күні қалды, дейді. Мүмкін болса, ағаңыз Шыңғысты көргісі келеді. Бірақ газеттер ол кісіні Америкада жүр деп жазды ғой... Сондықтан Сізді іздедім...

Келіншекке ілесіп, ауруханаға бардым.

Науқастардың тыныс алатын мезгіліне тап келіппіз. Дегенмен қарындасы кезекші медбикеден рұқсат сұрап, ағасын сүйемелдеп, дәлізге алып шықты.

Сабырлы адам екені сырт келбетінен көрініп тұр. Бірақ ауру мүжіп, титықтап қалыпты, екі иінінен зорға дем алады. Қысқа қайырым амандық-саулықтан соң менің жүзіме зер салып қарады да, жанарын жас жуып қоя берді.

— Төреқұлға бет-пішінің ұқсас екен... Енді өліп кетсем де, арманым жоқ... Құдай маған қарасқан

екен, — деп ентігіп қалды. Өзін Тәңірберді Алапаевпын деп таныстырды. Біраз отырып, демін басқан соң, ақсақал әңгімесін әріден өрбітті.

— ...Комсомол ұйымында істеп жүр едім. Ағам Ұзақбай болса — "Ақжар" аулында колхоз бастығы. Бас көтерер азаматтың бәрі қит етсе, "халық жауы" атанып, түрмеге қамалып жатқан шақ. Кезек ағама да келген екен, көзді ашып-жұмғанша алды да кетті. Артынан көп кешікпей, мені де ұстады.

— Ағаң — халық жауы. Кімдермен байланыс жасады? Қандай зиянкестік әрекет істеді? Неңдей үгіт жүргізді, кәне, айт? — десіп, күн сайын сан сұрақты көлденең тартып, ұрып, тепкілеп қинайды.

Қасарысып тұрып алдым. Бір жолы тергеушінің әбден ашынғаны сондай — мылтықтың дүмбісімен бар пәрменімен аузыма періп кеп жіберіп еді, үстіңгі, астыңғы тістерімнің тең жарымынан астамы опырылып түсті. Өзім есімнен танып қалыппын.

Әлден уақытта есімді жиып, көзімді ашсам, камерада, тас еденнің үстінде жатыр екенмін. Айналама қарап ем, жақ жүндері үрпиіп іскен, күнделікті ұрып-соғудан әбден азып-тозған алтыжеті кісіні көрдім. Шетте жалғыз темір кереует тұр. Қасымда шықшытты келген бір иман жүзді жігіт пәрше-пәрше болған бет аузымнан, ернімнен аққан қанды сүртіп отыр екен.

— Тұр, қалқам, менің орныма жат, — деп қолтығымнан сүйеп, кереуетке жайғастырды. Бұл жалғыз кереуетке камерадағылар кезегімен жатып демалатын көрінеді. Бүгінгі кезек әлгі жігіттікі екен. Әйтпесе тас еденнің ызғары сүйегіңнен өтіп, шыдатар емес. Өзгелері тіл қатқан жоқ. Тіпті бір-біріне сөз айтудан қорқып, жалтақ боп қалса керек.

Ертесіне тереңдеп таныстық. Аты-жөні Төреқұл Айтматов екен. Менің Таластан келгенімді естігенде, тіпті қуанды. Бірте-бірте туған ағалы-інідей бауырласып кеттік. Жай-күйіме толық қанған соң:

— Сенің жасаған қылмысың жоқ, әрі жассың. Тек ағаңның ісіне бола жатырсың. Тергеушілердің арандатуынан сақ бол. Ешкімді сатпа. Осы

қайсарлығыңнан танбай, төзіп бақ... Түбі босанып шығасың. Ал біздің хал басқаша... Бірден атуға алып кетуі де ғажап емес, — деді күрсініп.

Төреқұл түрме жастығының ақшыл тысынан кішкене қол дорба тігіп алған екен. Онысы қара қошқыл тартып, әбден кірлепті. Сол қол дорбаға қара жіппен "Чингиз", "Илгиз" деп, екі ұлының атын жазыпты. Жанына "Талас" деп жазғысы келген ғой деймін, бірақ жібі құрғыр соңғы "с" әрпіне жетпей қалса керек. "Тала" деген сөз анық оқылады. Өзі аса парасатты, білімді, әрі өте таза тәбетті жан екен. Қол дорбасына шүберекке орап сабын, тарақ, тіс шөткесін салып жүретін.

Бір күні түнде өзгелерге естіртпей, құлағыма сыбырлады:

— Маған тықыр таянды. 58-бабқа іліпті. "Халық жауы" ретінде хат алу, хат жазу құқынан айырмақ. Саған ақиреттік өтінішім бар. Мына қапастан аман-есен құтылсаң, Шекерге барып, менің әйел, бала-шағамды тауып ал. "Халық жауы" дегені — шылғи өтірік. Бірақ "халық жауының" туысы санап, аға-інілерімді қамауға ала ма деп те қорқамын. Перзенттерімнің естияры — Шыңғыс өмірде зорлық, үстемдік барын білмей өсіп келе жатқан нәзік, сезімтал бала еді. Мәскеуде тұрып жатқанымызда, аулада екі адам төбелесіпті. Тепсе темір үзетіндей жас жігіт қарт кісіні қатты ұрып тастаса керек. Соны көрген Шыңғыс үйге ебіл-дебілі шығып, жылап келді. "Қорқынышты... аямады" дейді өксігін баса алмай. Сол ұлыммен жеке отырып, ашық әңгімелес. Мінезін қатайтып, алдағы кезігер қиындықтарға әзірлеп қой. Менің "халық жауы" емес екенімді құлағына құй. Елге қайтпай қалсам, мен дегенде шығарда жаны басқа байғұс анасы Нағимаға, іні-қарындастарына бас-көз болу соның міндеті екенін ұқтыр. Інісі екеуінің аты жазылған дорбамды менен естелік етіп тапсыр. Енді мына өтінішімді жадына тұт: егер мені атуға емес, Молдавановка түрмесіне алып кетсе, милиция арқылы сенен дорбаның ішіндегі сабынды сұратамын. Сібірге жөнелтетін болса (ну орманды өлке ғой), тарақты алдыртамын. Орал жағына айдаса, "тіс тазалағыш шөткені беріп жіберсін" дермін. Ал сау бол, айналайын. Тіршілікте кездесе алмасақ, о дүниеде жолығармыз...

Мен жылап тұрып, айтқанын бұлжытпай орындауға серт бердім. Төреқұлды алып кетті. Екі күннен кейін "Айтматовтың соңында қандай бұйымдары қалды?" деп, сұп-сұр, жылмақай милиционер кірді. Бір жаманаттың болғанын сезгендей, Төреқұлдың жағдайын сұрап ем, ол сұқ саусағымен төбені нұсқап: "Қазір жаны пейіште ұшып жүрген шығар", — деп жымыды. Тізем қалтыраған күйі милиционерге күпәйкесі мен бас киімін ғана алып бердім. Дорбасын, тарағын перзентіне аманаттармын деп, тығып қойдым.

Көп ұзамай, мен де "халық жауының" сыбайлас інісі деген жаламен он жылға кесіліп, Свердловск түрмесінен бір-ақ шықтым. Құдай куә, он жыл бойы "Шыңғыс, Илгиз" деген жазуы бар Төреқұлдың аманат дорбасын, тарағын күпәйкемнің ішкі қалтасынан тастағаным жоқ. Үлкен ұлына өз қолыммен тапсырармын деген сенімде жүрдім. Кейде Шыңғыстың жиырмаға толған жігіт шағын, Төреқұлға ұқсауға тиісті қасқабағын ойша көз алдыма келтіретінмін.

Бірақ, "Адамның басы — аланың добы" дегендей, менің тағдырым мүлде басқаша шешілді. Он жылдан соң да елге қайтуға рұқсат берілмеді. Сібірдің бір түкпіріндегі елді мекенге жер аударды. Енді бұрынғыдай түрме емес, сол аймақта жұмыс істеуіме, еркін жүріп-тұруыма мүмкіндік жасалды. Бір татар қызына үйленіп, кішігірім шаңырақ көтердім. Осы тұста, елге қайту үміті кесілгендіктен бе, әлде сәл-пәл тойынғандықтан ба, өзіммен бірге істейтін жолдас жігітімнің үйінен ішкен самогонның буы ма, қай сайтан түрткенін қайдам, ескі күпәйкемді ішкі қалтасындағы Төреқұлдың аманат — дорбасымен бірге өзенге лақтырып жіберіппін. Бұл мінезімді құдай да, әкеңнің әруағы да қош көрмесе керек. Нақ сол күні ат қорада мініс көлігіне таға қағып жатқанда, әлгі хайуан артқы аяғымен кеудеме теуіп кеп қалғанда, дем ала алмай, есімнен тана құладым. Екі қабырғам сынып, өкпемнің бір бөлігі езіліп кеткен екен. Мүгедек болдым да қалдым. Содан бастап әр түрлі ауруханаларда айлап емес, жылдап жатуға тура келді. Енді осы аурудан көз жұмғалы тұрмын.

Ақыры елге қайтуыма рұқсат берілді.
(Хрущевқа мың да бір рақмет.) Дерееу

жұмысыммен есеп айырысып, әйелімді қасыма алып, сарытап сағынышыма айналған Таласыма кеп, ағайын-туғанды аралап, шерімді тарқаттым. Одан-бұдан Төреқұлдың бала-шағасын сұрас-тырып көріп ем, Фрунзеге көшіп кеткен деген ха-бар алдым. Сонымен бұл оқиға санамның терең түкпірінде көмулі қалып қойды. Онын үстіне науқасым жиі-жиі асқынып, дем алуым қиындап, өз басыммен өзім әлек боп кеттім. Қаншама жыл осылай ағып өте шықты.

Күндердің күнінде көңілімнің аспанынан най-зағай ойнарын білдім бе? Тағы да ескі дертім қозып, ауруханада жатқанмын. Жанымдағы жігіт қалыңдығы екі елі кітаптан ертеңді-кеш көз ал-майды. Бірде ол ем алуға кеткенде, кітапқа үңілсем, Шыңғыс Айтматовтың "Саманшының жолы" ("Материнское поле") атты жинағы екен. Оқи бастадым.

"Әке, мен саған ескерткіш тұрғыза алмаймын. Саған қай жерден топырақ бұйырғанын да білмеймін. Осы еңбегімді, Төреқұл Айтматов, саған арнаймын. Апа, сен бізді өсіріп, адам қылдың. Сенің ұзақ өмір сүруіңді тілеп, апам Нағима Айтматова, саған арнаймын" деген жолдар маржандай тізіліп тұр.

Шыңғыстың кітап бетіндегі әкесін еске сала-тын байсалды суретін көргенде, Фрунзенің тар қапас түрмесінде тарыққан Төреқұлдың бейнесі, оның ең соңғы өтініші, қос перзентінің аты жа-зылған кіршең дорба, Сібір ормандары – алма-кезек көз алдыма елестеп кетті.

– Алда, айналып кетейін-ай, мынау Төреқұлдың тұяғы екен ғой! – деп, кітапты бауы-рыма басып, жыладым.

Жасыратын не бар, өзімді сол сәтте соншама жек көріп кеттім. Қиын шақта қол ұшын беріп, зор сенім артқан адамның ақіреттік өтінішін орындай алмағаным жанымды аяздағы темірдей қарыды. Болған жайдың бәрін Шыңғысқа хатпен баяндап, дорбаны өзенге атып жіберген әлсіздігіме кешірім сұрағым келді. Бірнеше рет оқталсам да, ерік күшім жетпеді...

Жақында дәрігердің қарындасыма оңашалап айтып жатқан әңгімесін құлағым шалып қалды. "Енді көп болса бір айға ғана тартады" деді. Соны

естігелі бері, менде ұйқы жоқ. О дүниеге Төреқұлдың қарызын қалай арқалап кетем?! Анда жолыға қалсақ, "Тәңірберді, азаматтығың қайда, мүмкіндігің бола тұра, тым құрыса бір перзентіме сәлемімді жеткізбегенің қалай?" десе, не бетімді айтамын. Сосын қарындасыма өтініш жасадым: "Бұл дүниеден риза боп аттансын десең, мені Төреқұлдың бір тұяғымен жолықтыр. Аяғына жығылып, кешірім сұрайын", — дедім. Құдай көз жасымды көрген екен. Қалқам, бүкіл Төреқұл әулетінің атынан сен кешірім ет маған, деп, жас баладай кемсеңдеп жылады.

— Аға, жасымаңызшы, Сіздің не кінәңыз бар? Бұған тамырын әділетсіздікке жалғаған сол кезгі қатал дәуір кінәлы, — деп, қарияны жұбатқан болдым. Бірақ, өзім де қатты толқығандықтан, әкемнің ең соңғы тыныс-тіршілігіне куә болған, екі иінінен дем алып, өмір мен өлім арасында әзер тұрған бейшара қарияны құшақтап, өкси бердім...

Айтматов. Иә, әкеміздің Тәңірберді Алапаев арқылы 1938 жылғы жолдаған ең соңғы ақтық сәлемі бізге 1975 жылы ғана келіп жетті. Бұл кезде анамыздың о дүниелік болғанына төрт жыл толған-ды...

Шаханов. 1938 жылдың ызғарлы күзінде, қазіргі Бішкек қаласының таулы беткейіндегі Чоң Ташта, ІХК демалыс үйінің іргесінде, әлдекімдер бірнеше машина адамды жасырын әкеліп атып, арнайы әзірленген шұңқырға жымын білдірмей, көміп тастайды. Мұны сол демалыс үйіне қарауыл боп істейтін Абықан Қыдыралиев дейтін ақсақал ешкімге сездірмей, сырттан бақылап тұрады. Өзі ұзақ жылдар әлгі жерге барып, құран оқып, дұға қылып жүреді. Қарияның Бүбүра деген 1928 жылғы, яғни Сізбен түйдей жасты қызы бар екен. Сол Бүбүраға әкесі: "Есінде болсын, мына жерде көп адамның сүйегі жатыр. Заман оңалса, жұртқа айтарсың. Әзір тісіңнен шығарма", — деп, қатты ескертеді. Қырғызстан демократиялық жолмен егемендік туын көтерген тұста Бүбүра апай әкесінен естіген әңгімесін айтып, қауіпсіздік комитетіне хат жолдайды. Комитеттің бөлім бастығы болып істейтін Болат Абдірахманов деген жас жігіт өз саласындағы мундир абыройын жоғары қойған кейбіреулердің қарсылығына қарамай, аталған жерді қазуды ұйымдастырғанда, 137 адамның сүйегі шығады. Әлгі сүйектердің арасынан Сіздің әкеңіз Төреқұл Айтматовты

атуға бұйырған үш парақ үкім қағазы табылады. Мұрағат құжаттарын ақтара келгенде, бұл арада әкеңізбен бірге қырғыз елінің Жүсіп Абдірахманов, Қасым Тыныстанов, Еркінбек Есенаманов, Иманәлі Айдарбеков, Баялы Исакеев, Асанбай Жамансариев, Османқұл Әлиев, Сыдық Чоңбашев секілді т.б. ірі-ірі қайраткерлерінің сүйегі жатқаны анықталады.

Қасіретті мекенге "Ата бейіт" деген ат беріліп, жазықсыз "халық жауы" атанған марқұмдардың сүйегін арулап, қайта жерлеу рәсімінде республика Президенті Асқар Ақаев, сонау Люксембургтен арнайы ұшып келіп, өзіңіз сөз сөйлепсіз. Қатысқандардың айтуынша, толқымаған, көзіне жас алмаған адам қалмады дейді. 1995 жылдан бастап 25 қараша Президенттің арнайы жарлығымен "Қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні" боп жарияланды. Жиынға екеуміз бірге бардық. Жиналған жұртта есеп жоқ. Қолына аза гүлін ұстаған екі қарындасыңыз — Люция мен Роза қарсы жолықты. Көздері бұлаудай боп ісіп кеткен. Бір топ жастар, шамасы студенттер болар, нағыз жігіттік дәурен — 35 жастың белесінде мәңгі қалып қойған, көмірдей қара шашты, айналасындағы қалың қауымға жанарынан жалын себе, ойлана қарап тұрған Төреқұл Айтматовтың, оның бұрыл шашты, тіршіліктің талай ұйтқыған бораны мен дауылынан аман өтіп, өлемдік атақ-абыройдың құзар шыңына шыққан бел перзенті Сізден екі есе жас көрінетін үлкен суретін мақтанышпен ұстап тұрды.

Айтматов. 53 жылдан соң 137 адамның сүйегі арасынан әкемді атуға бұйырған үкім қағаздың шығуы көңіл өзенімді астан-кестен етіп толқытты. Адам сүйегі түгіл, темірдің өзін құм ғып үгіткен жарты ғасырдан астам уақыт бойы әкемнің төс қалтасындағы үш парақ қағаздың шірімей қалуы не деген керемет, Мұхтаржан! Құдай бар екен. Әділет, кеш болса да, салтанат құрды. Бірақ сол жылдары біз бастан өткерген ұйқысыз түндерді, біз көрген кемсітушілікті және сол әділетсіздікке қарсы тұрар күш таба алмай, өзінді-өзің іштен мүжіп, пұшайман болу қасіретін тәңірім адам түгіл, малдың да пешенесіне жазбасын!

Шаханов. Шіке, егер қарсы болмасаңыз, тағы да ой бағытын қарындасыңыз Розаның әңгімесі желісінде өрбітсек:

"Анамыз қашан көзі жұмылғанша, Шыңғыстың қолында тұрды. Тек перзенттерінің

үлкені болғандықтан ғана емес, онымен өзгеше рухани бірлестік тапқандығынан да шығар. Ол Шыңғыстың әр туындысын, тіпті мақала, сұхбатына дейін талдап оқиды. Сол кезгі кеңес, әлем әдебиетінен де мол хабардар еді.

Шыңғыстың әдебиет саласындағы Лениндік сыйлық алуы тек қырғыз халқы үшін ғана емес, Кеңес Одағындағы ұлт республикалары үшін, әсіресе, Орта Азия мен Қазақстан халықтары үшін зор мақтаныш болды. Өйткені бұл сыйлық сол тұста Кеңес Одағында жаппай танылғандықты білдіретін, әрі оны алған адам көзі тірі классиктердің қатарынан бір-ақ шығатын. Бұл аса беделді сыйлық бұған дейін әдебиет саласында күллі Орта Азия мен Қазақстанда жалғыз Мұхтар Әуезовке ғана берілген-ді.

Шыңғыс сыйлық алған күн Айтматовтар жанұясының абыройын бірден аспанға шығарған күн болды. Республикалық газеттер Шыңғысқа бір-бірден, екіден бет арнаған. Тұс-тұстан жеделхаттар жауып кетті. Бұрын біздің дүниеде баржоғымыздан бейхабар әр түрлі деңгейдегі партия, үкімет басшылары телефонмен, не арнайы келіп, құттықтап жатты. Көшелерде, дүкендерде, әр қилы мәдениет ошақтарында жұрттың бір-біріне дабырласып, мақтан тұтысқаны жалғыз Шыңғыс қана. Нақ сол кезеңде, қас қылғандай, апам ауруханаға түсіп қалған. Ош базарына соғып, апам арнап жеміс-жидек алуға автобуска міндім. Қолына ұстаған үлкен түйіншегі бар, елулер шамасындағы зор денелі, қияқ мұртты қырғыз қасындағы жігітке: "Міне, қырғыз халқы да өзінің ұлы перзент туа алатынын Шыңғыс арқылы тағы бір дәлелдеді", — деді шаттанып. Кеудемді шектен тыс мақтаныш сезімі кернеп, көзіме жас толқыды. Кеше ғана кез келгенге түрткі болған "халық жауының" перзенттері емес пе едік? О, құдай, біздің де бағымыз жанатын күн туады екен-ау!

Әкеміздің Шыңғыспен, Илгизбен түскен суреті ылғи да апамның қол сөмкесінде жүретін. Енді сол суретті ауруханада, жастығының қасына қойып алыпты.

Мәскеуден келе жатқан Шыңғысты қарсы алуға үкімет басшылары, ағайын-туған, жора-жолдастар кетті. Сол топқа күйеуім Есенбекті

қосып, өзім апамның қасында қалдым. Шыңғыс үйіне соқпай, бірден ауруханаға келді. Апам орнынан әзер тұрып (аяғы күп боп ісіп кеткен еді), Шыңғыстың мойнынан құшақтаған күйі ұзақ өксіп жылады. Бірақ бұл тау баурайындағы шақпақ тасты әрең жарып шыққан бұлақ көзіндей қуаныш жасы еді. Ширек ғасырдан асқан азапты күндері мен ұйқысыз түндерінің қарымы қайтқандай, кеудесін кере дем алды. Сөйтіп, апам Шыңғыстың зор абырой биігіне көтерілген күнінде Төреқұл рухының жеңісі ретінде қабылдады".

Айтматов. Ие, анамыз ол күнге ерекше мән беріп еді...

Шаханов. Толқып кеттіңіз ғой деймін. Жарайды, әңгімемізді басқа арнаға аударалық. Шекер аулына барған сапарымызда жаныңызға Омарбай Нарбеков, Дәулетбек Шадыбеков сынды інілеріңізді және өзіңізбен бірге оқыған екі азаматты алып, Ресей теледидарының Қырғыз Республикасындағы тілшісі Владимир Федоровқа сұхбат бермекке Күркіреу өзенінің аңғарына жетіп, ат тізгінін іріккеніңіз жадыңызда шығар. Таудан құлап, буырқанып ағып жатқан өзен, көк майсаға көмкерілген самалы шипа жер екен. Табиғатты тамашалап тұрғанымызда, Сіз менің қасыма келіп:

– Анау Манас шыңына бір шөкім бұлттың ілінгенін көрдің бе? Енді қара да тұр, он-он бес минуттың ішінде айнала астан-кестен болады, — дедіңіз.

Алғашқысында, Шікең жай әзілдеп тұрған шығар, кішкене бұлттан ондай шалкез мінез шықпас, қазір-ақ жел қуалап кетпей ме, деп ойладым.

Сүт пісірім сәттің ішінде жел тұрып, жаңбыр төгіп-төгіп өтті. Қапелімде шәт-шәлекейіміз шықты.

Өз туған жеріңізді, оның толқымалы, шалқымалы мінезін бүге-шігесіне дейін жетік білетініңізді сәл-пәл аңғартқандай болдыңыз.

Шіке, сіздің қазақ жерінде өткен студенттік өміріңізге байланысты бір қызық әңгіменің желісі еске түсіп тұр.

Бішкекте өткен (1995 жылы) үш бауырлас республика Премьер-Министрлерінің (Әкежан Қажыгелдин — Қазақстан, Әбдіқашым Мұталов — Өзбекстан, Апас Жұмағұлов — Қырғызстан) мәжілісі аяқталған кез. Үкімет басшылары және әр саланың сарапшылары энергетика, газ өндірісі, денсаулық сақтау мәселелері бойынша бірлесіп қызмет етуге уағдаласты.

Мәжіліс соңында меймандарды Қазақстан елшілігіне шайға шақырдым. Үшеуі де ризашылықпен қабыл алды. Елшілік үйіне қайтып келе жатып, машинадан Сізге телефон шалып:

– Үш ағайынның басы күнде қосыла бермейді. Ел тізгінін ұстаған інілеріңізбен жүздесіп, дәм ауыз тисеңіз, — дедім.

Дастарқан басындағы көңілді әңгіме бірден қызып жүре берді. Өзіңіз сөз алып, бүгінгі нарық қатынасы, түркі халықтарының бауырластығы, мәдениет пен өнердің ахуалы хақында әңгіме толғадыңыз.

Сондай шырайлы бір сәтте Сіз көк есектің хикаясын бастадыңыз. Дастарқан басындағылар түгелдей ұйып қалған. Дәл осы кезде Алматыдан республика сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев телефон соғып қалды да, әңгіменің орта тұсын жіберіп алдым. Дастарқан басындағылар қыран-топан күліп жатты. Сол әңгімені қайта бір жаңғыртсаңыз.

Айтматов. Айтайын. Жамбыл қаласының мал дәрігерлік техникумына түскен кезім. Күнделікті лекциямен тәжірибелік сабақтар да қатар жүреді. "Коневодство", "Овцеводство" деген тараумен бірге, өзге төрт түлік мал құрып қалғандай, "Ослеводствоға" ойыстық. Алғашқыда есек деген не тәйірі, осыны да мал деп, мән беріп, сабаққа кіргізгенін айтсаңшы, десіп, әжуә, күлкі еткенбіз. Кейін біз ойлағандай болмай шықты. Екі құлағы салбырап, ақырғанның бәрін есек дегенмен, оның да атам заманнан бері келе жатқан тегі, түрі, түсі, яғни өзара өзгешелігі бар екеніне назар аудардық. Оқытушымыздың ұлты орыс, соғыс жылдары Ленинград қоршауында болып, Қазақстанға көшіп келген, өте білімді, қатал әрі қарт адам еді. Тәжірибелік сабақ өткізуге техникумның қосалқы шаруашылығында есек жоқ. Сондықтан профессор студенттерді Жамбылдың "Атшабар" мал базарына алып баратын. Қаланың төңірегіндегі ауылдардан, қырғыздың Таласынан мал айдап әкеліп сататындар сенбі, жексенбі күндері сапырылысып, ығы-жығы боп жататын. Сатушы мен алушыны жарастырып, араларында жылмаң қаққан делдалдар жүреді.

Бірде базардың қақ ортасында шыбындап тұрған көк есектің жанына кеп тоқтадық.

– Студент Айтматов, бұл — есектің қай түрі? Кәне, баянда, — деп, көзәйнегі жарқылдаған профессор бір топ студенттердің ішінен маған бұрылсын.

— Бұл мақұлық алғаш Африка мен Азия құрлығында пайда болған. Қазір Сирияда, Кашмирде, Тибетте, Түрікменстанда, Өзбекстанда, Қазақстан мен Қырғызстанда және Монголияда көптеп кездеседі. Бұларды, негізінен, қолға үйретіп, жұмыс көлігі ретінде пайдаланады. Мына өздеріңіз көріп тұрғандай, есектер өзге малдардан құлағының ұзындығымен ерекшеленеді, тілерсегіне түскен жіңішке құйрығы да бар. Қодығын он екі ай көтереді, — дей бергенім сол еді, әлгі бар болғыр, көк есектің иесін тани кеттім. Ауылдағы Досалы жездем мен Қарақыз апамның көршісі. Есекке қарай емініп тұрған мені көріп, таңдана қарайды. Ұяттан мұндай өртенбеспін. Тіпті даусым шықпай, құмығып қалды. Оны байқайтын профессор ма?

— Студент Айтматов, неге бөгелдің? Сабақты жалғастыр. Көк есектің өзге есектерге қарағанда тағы қандай ерекшелігі бар? — деп, қыспаққа алып барады. Сасқаннан болар, маңдайымнан тер бұрқ ете қалды.

Әлгі ақсақал Шекерге барысымен:

— Ойбай, Төреқұлдың баласы Жамбылда есектің оқуын оқып жүр екен. Өз көзіммен көрдім. Мұғалімімен бірге базарда байлаулы тұрған менің есегімнің алдына келіп, оның шыққан тегінен бастап тұқым-тұяғын, жеті атасын түгелдей санап шықты. Баланың сөзіне мен тұрмақ, көк есегім де риза болса керек, — деп, бүкіл ауылға жыр етіп таратсын.

Қырқыншы жылдардың аяқ шенінде ауылда сот, прокурор, милиционер мамандықтарының беделі тым зор еді.

*Милициядан байың болсын,
Индийский шайың болсын, —*

деген сықақ өлең де сол кездің туындысы.

Мені ел құрметтейтін, тіпті сырттай сес көретін оқудың біріне ілінген шығар, өсе келе, бір тұтқаны ұстар, сөйтіп, ала жазса, ел қатарына қосылып кетер, — деп, шетте оқып жүргенімді ауылдастарыма мақтаныш тұтып, келген сайын азын-аулақ тиын-тебенін, қолындағы құрт-майын аямайтын апам мен жездем мұны естігенде, сасқанынан не күлерін, не жыларын білмей, дал болады.

Артынша ауылға демалысқа келгенімде, Қарақыз апам:

— Осы жұрт сені есектің оқуын оқып жүр дейді ғой. Бұл не әңгіме, қарағым-ау. Басқа оқу құрып қалды ма?

Алда-жалда есекті оқығың келіп бара жатса, осы ауылда есектен көп нәрсе жоқ емес пе? — дегені көңілі бұзылып...

Менің азамат болғанымды армандап жүрген қайран ақ көңіл апам мен жездемнің алдында қайтіп ақталарымды білмей, қысылғаным күні бүгінге дейін есімнен кетпейді.

Бұл да "ауыл академиясының" аңғалдық пен аңқаулық атты бөлімін толықтыратын жайттардың бірі.

Шаханов. Бірде Сейталы Бекманбетов деген досыңызды біздің үйге ертіп келгеніңіз бар. Жаздың жайсаң, шуақты күндері еді. Бапты қымызды сіміре отырып, өткен-кеткен оқиғалардың басын шалып, ұзақ сыр ақтарғансыздар.

Айтматов. Иә, соғыс жылдарында қолына қару ұстауға жарайтын азаматтың бәрі майдан өтінде жүрді ғой. Кемпір-шал, жесір әйел, бала-шағадан басқа тірегі жоқ ауылға 13—14 жастағы біздер үлкен күш едік. Басқарма, колхоздың қыруар шаруасы қирап жатқан соң, жас балаларды мектептен суырып алады да, кез келген жұмысқа жегеді. Менің сөмке сүйретіп, Шекер, Аршагүл ауылдық кеңестеріне хатшы боп, Сейталының мектеп директорлығына "жоғарылайтыны" да сол тұс. Азды-көпті сауаты бар, есептің қарапайым амалдарын әрең білетіндер де мұғалім атанып, сабақ беретін.

Шаханов. Келесі бір жүздескенімізде, Сейталы аға маған Сіз туралы ұзақ әңгіменің тиегін ағытты.

"Мектепте өзге тұлғаластарымыздан біршама жақсы оқыған Шыңғыс екеуміз өзімізше жауапты қызметте жүрсек те, жаз айларында егін оруға, қырман бастыруға, арық қазып, өгіз арба айдауға бел шеше кірісіп кетер едік. Әсіресе, бір класта оқыған Тоқтасын, Байызбек, Алымбек — бесеуіміздің жұбымыз жазылмайтын. Таң бозарып атып, торғай шырылдасымен, төсектен тұрып, біріміз қолымызға кетпен, екіншіміз орақ, үшіншіміз айыр алып, қашан күн батып, қас қарайғанға дейін бел жазуды білмей жүрдік. Қаншама қиналсақ та, аналарымыздың: "Көкелерің аман келсе, көрген қиындықтарың лезде-ақ ұмытылар" деген сөзі көңілге демеу еді.

Бір күні топ баланың ішінен колхоз басқармасы Шыңғыс екеумізді Маймақ стансасына жұмсады. Арбаға толтыра тиелген қап-қап

бидайды алып, қамшының арқасында ғана жүретін жалқау өгізді қақпайлап, күн сайын Маймаққа жол тартамыз. Шақырайған күнге маңдайымызды төсеп, астық дайындау пунктіне (заготзерноға) жеткенше, түс ауады. Қабылдау пунктінің басшысы Науменко деген кісілігі мол орыс азаматы арба үстінде қылқиып келе жатқан бізді көрісімен, күлімсіреп қарсы алатын. Орыс тіліне судай ағып тұрған Шыңғыс онымен емін-жарқын сөйлеседі. Соның арқасында ісіміз де оңғарылып жүре береді. Шыңғыс маған қарағанда қаражон, қайратты. Дәу қанарды иығына салып алып, траппен қиналмай жоғары көтерілгенде, еріксіз сүйсінуші ем. Жұрттың көбі қанарды сүйрелеп, үйіліп жатқан бидайдың үстіне қойылған тақтаймен зорға өрмелеп, әлекке түсіп жататын.

Шаруамызды тап-тұйнақтай ғып тындырып, ауылға беттейміз. Қайтар жолда жалқау өгіздер де жүйрік боп кетеді. Бос арбаны тастақ жолда тасырлата желдіріп жарысамыз.

Ұзақ жолда үйден ала шыққан қара көже мен бір жапырақ нанды талшық етіп алған соң, көңіліміз тіптен көтеріліп, қосылып ән де шырқаймыз. Шыңғыстың қолынан қай кезде де орыс классиктерінің кітабы түспейді. Кейде маған оқыған шығармаларының мазмұнын, қызықты оқиғасын майын тамыза әңгімелеп береді. Әкесіне, анасына, ұстаздарына, қыздарға арнаған жырлары да аз емес-ті. Бірде менің де оған көңілім ауған бір қызға жыр жаздырып алғаным бар.

1944 жылы болар, кеңсесіне келсем, Шыңғыс жалғыз отыр екен. Мені көріп, қуанып кетті.

— Сейталы, аудан орталығы Кировқа барып, заемның ақшасын өткізу керек болып тұр. Алыс жер, әрі ақшамен жүру қауіпті. Бірге барып, осы істі тындырып келсек қайтеді. Өгіз арба дайын тұр, — дегені салған жерден.

Мектептің жұмысы бастан асып жатса да, досымның көңілін қимай, бірден келісім бердім. Ертеңіне түс әлетінде іздеп шыққан мекемемізді сұрай-сұрай тауып, өгіздерімізді суарып, үйден ала шыққан жүгері нанымызды жеп отырғанда, орта бойлы, кең жауырынды, қара мұртты жігіт жанымызға келіп:

– Ей, балалар, не шаруамен жүрсіңдер? – деп жөн сұрады.

Жай-жағдайымызды айтып түсіндірдік.

– Кімнің баласысың, қарағым? – деп, енді әлгі адам Шыңғысқа бұрылды.

– Төреқұл Айтматовтың, — деуі мұң екен, қара мұртты жігіт:

– Алда, айналайын-ай, алтынның сынығы екенсің ғой, — деп, көзіне жас алып, Шыңғысты бауырына басып, бетінен сүйді.

— Қожамқұл деген ағаң боламын. Аудандық жинақ кассасының бастығымын. Азамат ретінде қаз тұрып кетуіме қол ұшын берген Төреқұл аға еді. Жасаған жақсылығын тіріде қайтара алмаспын...

Өзі бала-шағасымен жинақ кассасының бір бөлмесінде тұрады екен. Арбаның үстінде шоқиып отырған екеумізді дереу үйіне алып барып, төріне жайғастырды. Жылы-жұмсағын аузымызға тосты. Заемның ақшасын санап алып, қолымызға түбіртегін ұстатты. Ертеңіне ауылға аттандырып тұрып:

– Үстіңе киім алып ки, әзірге қолымда бары осы, айналайын, — деп, бір бума ақшаны Шыңғыстың қалтасына салды.

Сол жылы күзге салым Шыңғыс екеуміз Жамбыл қаласына жол тарттық. Қалтадағы Қожамқұл аға берген ақшаның қызуы шыдатар емес. "Атшабар" деген базарды қоймай кезіп жүріп, екі гимнастерка, шалбар, жұлдызы жарқыраған қос бөрік, қайыс белбеу сатып алдық. Елдің көзінен таса жерге шыға бере, қолма-қол киім ауыстырып, екеуміз де кішкене қызыл әскер боп шыға келдік..."

Сіздің жастық өміріңізге байланысты тағы бір әңгіме естідім. Ауыл шаруашылығы институтында Сізден екі курс төмен оқыған Мұса Қасымов деген кісімен ойда-жоқта жолығып қалдық. Өзі өте өңгімешіл адам екен. Сіздің Қырғыз мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының фермасында аға мал дәрігері болып жүрген жігіт кезіңізден біраз сыр ашты.

Айтматов. Иә, 1956 жылы қазан айында Горький атындағы институттың әдеби курсына кеткенімде, қызметімді сол Мұсаға өткізгенмін...

Шаханов. Бір қызығы, Мүсекең Сіздің қызметтегі үстеліңіздің суырмасынан орыс тілінде жазылған екі ғылыми еңбегіңізді тауып алыпты. Бірі машинкаға басылған, екіншісі қолжазба күйіндегі бұл ғылыми мақалаңыз "Достаточно ли трехкратного доения?" және "Кукуруза в рационе животных" деп аталады екен.

Жас жігіт шағыңызда қалам тербеген осы екі туындыны Мүсекең қырық жылдан бері өз отбасының ең қымбат реликвиясы ретінде құрметтеп, сақтап жүріпті. "Шікемнің, бәлкім, бір қажетіне жарар, болмағанда зер салып, қарап шығар" — деп, жақында көшірмесін маған табыс етіп кетті.

Мұса ағаның Сіз туралы айтқан әңгімесі мынау:

Шікем, фермаға зоотехник болып келсімен, үлкен өзгерістер жасады. Бұрын жұрттың ойына келмеген тың ұсыныстарды қарша боратып, үнемі соған өзі жетекшілік етіп жүретін. Елуінші жылдардың орта шенінде қырғыз жерінде асыл тұқымды сиырлар жоққа тән еді. Артынша Ленинград облысынан асыл тұқымды бұқалар әкелінді. Нәтижесінде мадың тұқымы жақсарып, сүтінің майлылығы артты. Шікем жылқыларды асылдандыруға да көп күш жұмсады. Әсіресе жүйрік атқа мінгенде, мүлде өзгеріп, аруақтанып шыға келетін. Жылқы өмірін, оның психологиясын жетік меңгергендігін "Қош бол, Гүлсары" повесін жазғанда анық байқатпады ма?

Жалпы, Шікем әдебиетке бет бұрмағанда, мал шаруашылығы саласының әйгілі академик-ғалымы атанары сөзсіз еді.

Айтматов. Сырттай тілектес әрі жақын адам болған соң, айта береді ғой. Кім білген? Тағдыр деген қызық... Жә, енді әңгіме тізгінін өзіңе бұралық.

Драматург Қалтай Мұхамеджанов үшеуміз Ташкентке кетіп бара жатып, сенің туған өлкең — Оңтүстік Қазақстан облысына ат шалдырып өтпедік пе? Жолай исі мұсылман өлкесінің екінші Меккесі атанған Түркістан топырағында жатқан Қожа Ахмет Йасауи әкесінің зиратына соғып, тәу еттік. Жол бойы бізді Серік Сейтжанов, Әлімжан Құртаев және Қуаныш Айтаханов деген інілерің тосып алып, Отырар қаһармандығы жайында көп сыр ақтарды. Мен бұрын да өз аузыңнан Отырар, Арыстанбаб, Түркістан хақында талай

әңгімеге қанғанмын. Екі сөзінің бірін Отырарға арнап, оның жаужүрек батырларын санамалап, қара сөзбен жырлап отыратынына қызыға қарап, туған жеріне мықтап байланған перзенттің бірісің-ау деп ойлайтынмын.

Кезінде Отырар туралы дастаның маған өзгеше әсер қалдырып еді.

Шаханов. Шіке, менің туған жеріммен арақатынасымда бір трагедия бар. Әкем жарықтық қадимше хат таныған, арабша жазылған қисса, дастандарды көп оқыған, ескілікті әңгімеге жүйрік адам еді. Ептеп молдалығы да болған. Кезінде:

*...Ұйымдас жалшымен,
Молданы, байларды
Қойдай қу қамшымен, —*

деп ақын жырлаған саясаттың кесірінен туған топырағынан үдере көшіп, Төле би ауданының Қасқасу аулына тұрмысқа шыққан Ізет атты қызын сағалайды. Көшіп келгенде, мен әлі қырқымнан шықпаған қызыл шақа екенмін.

Әкем тоғыз жасымда дүние салды. Осы жасқа жеткенше, тізесіне отырғызып алып, Отырарды жанқиярлықпен қорғау жолында опат болған ержүрек бабалары жайлы сан мәрте әңгімелегені жадымда нақ бір тасқа басылғандай жазылып қалыпты. Бәлкім, перзентінің көңіліндегі туған жерге деген олқылықты осымен толтырайын дегені шығар...

Кейде анамның: — Тым жас қой. Түсіне қояр ма екен? — деген күмәнды қарсылығына:

— Жоқ, түсінуге тиіс. Түсінбесе, өзіне қиын. Тамырын тереңге жібере алмаған дарақтың қашанда ғұмыры келте, — дер еді.

Жер қайысқан қолмен әлемді жаулап алуға ұмтылған Шыңғыс ханның әскері Орта Азияның мұнарасы көк тіреген небір әсем шаһарларын бар-жоғы бес, он, он бес күннің ішінде бағындырып жатты. Қарсы келгеннің бәрін ат тұяғымен таптаған жойқын күштің қаһарынан қаймыққан кейбір қала әмірлері қақпасын өз қолдарымен ашып берісті. Ал Отырар алты ай бойы жауға алдыртпай, жанқиярлықпен қасқайып қарсы тұрады...

Шыңғыс хан "Отырарда еркек кіндік қалмасын!" деген бұйрық береді. Қайсар рухты Қайырхан мен өз туған жеріне тамыр жіберіп, табан тірей алмаған, Отырардың

қақпасын Шыңғыс хан әскерлеріне ашып берген сатқын жігіттің трагедиясы маған ұстаздық қызмет атқарды. Осы әңгімесі үшін ғана әкем, әкем арқылы Отырар менің өмірлік мақтанышыма айналды. Кейде көзімді жұмсам болды, тоғыз жасар мені алдына алып, Отырар жанкештілігі туралы әңгіме айтып отырған әкем елестейді. Сезіммен тәрбиелеу – тәрбие атаулының ұлысы.

Әкемнің жастай сүйегіме сіңірген тәлімі, оған деген өзімнің де ерекше сезімім мен құрметім мені мүлде басқа арнаға алып шыққан болар. Оның ұстанған өмірлік дағдысы да менің күнделікті әдетіме айналды. Кішкене ғана мысал келтірейін. Неге екенін қайдам, әкем марқұм түске дейін еш уақытта шашын алдырмайтын еді.

Енді мына қызықты қараңыз, мен де осы жасқа келгенше, шашымды бір рет те түске дейін алдыртып көрмеппін. Бәлкім, мұнда тұрған ерекше ештеңе де жоқ шығар. Осы әдетімнің талай зардабын да шектім. Бірде Америкаға ертең түскі ұшақпен ұшамын деп отырғанда, шаш қидыртуым керек екені есіме келді. Қараңғы түсіп қалған, шаштараз жабық. Ертең түске дейін уақытым бар, бірақ бала күннен әдетке айналған дағдыны бұзуға болмайды. Амал жоқ, шашым қауғадай боп, өзге құрлыққа аттанып кеттім.

Сонымен әкем мен үшін туған жер және ешуақытта да одан ұзап кете алмайтын туған топырағымның түп қазығы сияқтанып қалды.

1992 жылы Отырар топырағында жерлестерімнің сұрауымен шығармашылық кешім өтетін болды. Қырық күн шілденің соңы. Аспан айналып жерге түсердей қапырық. Орталықтан отыз шақырым қашықтықта, аудан шекарасы саналатын елсіз жерде үш мыңға тарта жерлестерім тосып алды. Әкемнің көзін көрген қариялар мен ақ жаулықты кейуаналардың құшағы бірінен соң бірі тартып алып, қапелімде босатар емес. Жергілікті ақындар кезекпе-кезек жыр арнап, иен дала ән мен биге бөленіп кетті. Үш әжей Отырар топырағын алтын жіппен әдіптеген ақ жібек матаға тұмар етіп орап:

– Құлыным, қайда жүрсең де, туған топырағыңның қасиеті жебеп-желеп жүрсін, — деп мойныма тақты.

Осы өмірімде туған халқымның талай сый-сыяпатын көріп, өз елімнен тыс жерлердің де кейбір құрметті сыйлықтарын алған екенмін. Бірақ ешқайсысы осы туған жер топырағы түйілген тұмардай тебірендірген емес.

Айтматов. Әлгі әңгімеңнен шығады, баяғыда ата-бабамыз жыраққа қоныс аударатын болса, ырым ғып,

беліне бір уыс туған жердің топырағын түйіп алады екен. Соғысқа аттанған боздақтарға олардың елде қалып бара жатқан жары не ғашығы таба нанның шетін тістетін, сақтап қойып отырған. Ондағысы — "Туған жердің дәмі тартып, аман-есен елге оралсын" деген игі тілек.

Шаханов. Шіке, тарихи жадыға байланысты өзімді тұйыққа тіреген бір оқиға болды.

Менің Сергей Терещенко деген жерлесім бар. Өзі қазақша мақалдап сөйлегенде, анау-мынау шала қазағынды жаңылыстырады. Бірнеше жыл комсомол жұмысында қызметте болды. Шымкент облыстық партия комитетін басқарды. Кейіннен Республика Министрлер Кабинетінің Төрағасы болып та істеді.

Сергейдің әкесі де Түлкібас ауданының үлкен бір шаруашылығын ұзақ жыл басқарып, Социалистік Еңбек Ері атанған ел-жұртына сыйлы қария. Бір сөзбен айтқанда, екеуі де тамырын туған топырағына жіберген жандар.

Монғол халқының тұңғыш ғарышкері Жүгдэрэмидийн Гуррагча деген досымды да сырттай жақсы білуіңіз керек. Сіздің алуан тілде жарық көрген шығармаларыңызды жинап жүреді. "Ғарышқа қайта ұшсам, міндетті түрде Айтматовтың шығармаларын өзіммен бірге ала кетемін", — деп, бірнеше дүркін мәлімдегені бар.

Міне, сол қимас досты өзімнің туған топырағыма алып бара жатып, Сергей Терещенкоға жолығып қалдым.

— Гуррагча досыңа Отырарды, оның бабалары жермен жексен етіп қиратқан сол маңдағы өзге қалалардың орнын көрсет. Бәлкім, бұл оған өзгеше бір ой салар, — деп, қулана жымыған-ды. Сергейдің әзілінде кейіннен көңілімді астан-кестен еткен терең астар жатқанын сол кезде аңғармаған екенмін. Отырар топырағына қадам бастық. Аудан басшылары қуана қарсы алысты. Кешкілік жаңадан салынған Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Мәдениет сарайында екеумізбен кездесу жоспарланған. Түс ауа, елді мекендерді аралауға шығар алдында, осы өлкедегі өзіме тонның ішкі бауындай жақын інілерім бірі Қанжігіт Сыздықов пен Әбілқасым Құлымбетовтен маған "Отырар ауданының құрметті азаматы" деген атақ берілетінін естіп қалдым.

Кеңес Одағының тұңғыш әйел ғарышкері Терешкова атында Алматыда тігін фабрикасы бар; Гагарин, Титов, Николаев атындағы мектеп пен көше Қазақстанда жүздеп саналады. Көк жүзін шарлап қайтқан әрбір ғарышкерге қонған өңіріне байланысты Жезқазған,

Арқалық қалаларының құрметті азаматы атағын беру сол кезде дәстүрге айналған. Ал Гуррагчаның Оңтүстік өлкесіне, оның үстіне Отырарға тұңғыш рет келуі, бұған да осындай құрметті атақ бере салса, ешкімнің бекер болды демесі хақ. Партиялық, саяси жағынан бұл тіпті халықтар арасындағы достықты нығайту боп табылады.

Сол кездегі аудан басшысы Мұхамедқасым Шәкенов:

– Мұха, ниетіңіз дұрыс қой... Бірақ бұл мәселені ауыл қарттарымен ақылдасып шешейік, – деді.

Ерте көктемнің кезі. Күн шуаққа мейірленген дала көкорай шалғынға бөленіп, бусанып жатыр. Қираған Отырардың орнын Гуррагчамен бірге ұзақ араладық. Осы бір оба боп жатқан үйіндіні кезінде Ұлы Жібек жолының бойындағы 150 мың халқы бар сәулетті шаһар, гүлденген мәдениет пен сауда орталығы десе, адам сенбестей.

Иә, заманында озық өркениетпен дамыған Отырарда әлемнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби туған, онымен тұлғалас тарихшы, философ, емші, жұлдызшы, математик ғалымдардың үлкен бір шоғыры осы топырақта өсіп шыққан. Тіпті қалаға су құбыр арқылы келіп тұрған десе, білмейтін біреуге бұл ертегідей көрінер.

Сол мойны озық ұлы мәдениет Шыңғыс хан әскерлері атының тұяғы астында қалып, тарих сахнасынан өшті. Жүкті әйелдің ішін жарып, өлтіріп, еркек кіндік қалмасын деген ұранның жетегінде жас сәбиді жоғары лақтырып жіберіп, найза ұшымен тосып алған қатыгез кезеңді осы мекеннің халқы өзінің тарихи жадына сақтап қалды. Оған мына бар сырын ішіне бүккен бүкір бел төмпешіктер мен күнсіп жатқан үйінділер ғана куә.

Біз өлі қаламен іштей сырласып, етекке түскенде, ауыл адамдары көк майсаның үстіне кілем, көрпе төсеп, ортаға дастарқан жайып, жез самауырынды бұрқ-сарқ қайнатып қойған екен.

Мына қызыққа қараңыз. Өз туған өлкеңді тас-талқан етіп қиратқан, халқын қынадай қырған, өнер-ғылымы, әдебиеті шарықтап өскен елдің өркениетін жүздеген жылға кейін шегеріп жіберген, қатыгездігіне найза бойламаған Шыңғыс хан сарбаздарының ұрпағымен араға аттай жеті жарым ғасыр салып, жан аяспас дос боламын және онымен бір кезде бабалары күлін көкке суырған өлі қаланың үстінде отырып, нақ бұл арада еске аларлық ештеңе өтпегендей, түрлі әзіл-қалжыңға бой алдырамыз деп кім ойлаған?!

Әлден уақытта жанымызға өзім ерекше қадір тұтатын Мұсабек Әжібеков, Құтым Ордабаев бастаған бір топ қария келіп, аттан түсе бастады. Ішінен Әдіһам Шілтерханов деген ақсақал көзіме оттай басылды. Бұл өзі Оңтүстік өлкесінің шежіресін жатқызып-өргізетін, ылғи да тарихи тақырыпқа қалам тербеп жазып жүретін ақылман қария еді.

Амандық-саулықтан соң, олар мені оңаша алып шықты.

– Мұхтаржан, сен әлгінде аудан басшыларына бір ұсыныс айтыпсың. Монғол ғарышкері сенің қонағың, досың болған соң, халқымыздың дәстүрлі сый-сыяпатын көрсетеміз. Ал, өзің айтқандай, оған "Отырардың құрметті азаматы" атағын беруіміз қалай болар екен? Оның түп аталары осыншама зұлымдыққа бармаса, қасиетіңнен айналайын Отырар әлі күнге сонадайдан көк мұнаралары көзге шағылысып, мен мұңдалап тұрмас па еді? Жалғыз Отырар емес, Сыр бойындағы жер бетінен жоғалып кеткен өзге қырық екі қаланы қайда қоямыз? Гуррагчаның не жазығы бар дерсің? Рас, қара басының тырнақтай да кінәсы жоқ екенін біз де жақсы білеміз. Бірақ Гуррагча түп аталарының зұлымдығы үшін, бәлкім, шамалы мөлшерде қан құрылымы жағынан жауапкер болар. Мұны тарихи жадының шығарған үкімі деп ұққан жөн. Өткенге кек сақтау салтымызда жоқ. Бірақ оны ұмытуға да тиісті емеспіз. Осы жағын ойланып көрші...

Үш қария атына отырып, келген іздерімен кері қайтты.

Үстіме әлдекім бір шелек су құйып жібергендей, сергіп шыға келдім. Өз қылығымнан өзім ұялыс тауып, көпке дейін состыып тұрдым да қалдым. Япырай, талайды аузыма қаратқан ақын болсам да, мына қоймажүрек, тарихкөз қариялардан әлдеқайда төмен екенмін-ау. Әкем есіме түсті. Е, тоғыз жасыма дейін Отырар қармандығын маған сан рет қайталап айтуының астарында осындай терең мән жатқанын кім ойлапты? Міне, мәселе қайда?

Кейіннен Гуррагчаға қарттармен болған әңгімені айтып ем, ол:

– Әр шалыс қадамыңды мүлт жібермейтін, өз ұлтының тарихи жадын қолдап, қорғап отыратын аулыңда осындай қариялардың болуы сенің де ақындық бақытың, – деді шын көңілмен.

Айтматов. Иә, шынымен-ақ, қызық жағдай болған екен. Ұрпақтарына залалы тимеу үшін, адамның шешуші

жағдайларда әр қадамын байқап басуы тиіс екені жайында аз айтылмаған. Алайда бұл әрқашанда тіптен олай болып шыға бермейді. Жарты әлемді қатыгездігімен жаулаған Шыңғыс хан мұны ойлады ма? Бірақ, міне, ғасыр өтті. Әрине, Гуррагчаның бұл жерде жазығы жоқ, оны аулыңның ақылман қариялары да сезіп отыр. Тарихи жадымен санаспау мәңгүрттік боп шығады. Яғни өткеніңді ұмытсаң, әруақтардың азасына, бүгініңмен ғана өмір сүрсең, болашақтың табасына қаласың.

Әйтсе де, өткен дәуірдің сарғайған парақтарын ақтара берсек, кімдердің тізесі кімдерге батпаған. Тарихи жадыны өшірмейміз деп, Шыңғыс хан үшін күллі монғол халқын, Гитлерге бола күллі неміс жұртын кінәлауға қандай хақымыз бар? Мәселен, кезінде Англия мен Францияның арасында жүз жылдық соғыс болған. Осы үшін ағылшындар мен француздар бір-бірін кінәласып, бет көріспей кеткен жоқ қой...

Демек, тарихи жадының тар шеңберінде қалсақ, ұлт ретінде жақсылыққа жолықпаймыз. Ал оны ұмытсақ, рухани мәңгүртке айналуымыз ғажап емес.

Текті халық әлемдік ортақ рухани мәдениетке сүйене отырып, осы таразының екі басын да тең ұстар парасат табады.

Міне, осындай ес жиғызар, ертеңіңді ойлатар принциптері болмаса, көрген, түйгені көп бұл дала "ауыл академиясы" деп атанбас та еді ғой.

Шаханов. Бала кезімізде егде тартқан адамдар батар күнге қарап: "Өмірдің көбі кетіп, азы қалды", — деп толғанып отырушы еді. Сізге көгентүп көнелерден естіген әңгімемді айтып берейін. Баяғыда Сырдария бір түнде кемерінен асып кетіп, жағасында отырған бір байдың мал-жанын, дүние-мүлкін түгелдей ағын жалмапты. Байдың өзі малту біледі екен, әупіріммен жағаға ілініпті. Сонда тілерсектен су кешіп, дір-дір етіп тұрып: "Иә, құдай, ақырымды бере гөр, ақырымды бере гөр!" — деп, әлсін-әлсін қайталаумен болыпты. Оқиғаның куәсы болған көңілі тасыңқы бір бай жігіт шалдың мына сөзіне күліп: "Ақсақал, жасыңыз болса жетпістен асыпты. Бар жиған-тергеніңізден жұтап, тұрысыңыз мынау. Енді сізде не ақыр қалды?" — деп, безбүйректік танытып, атын сипай қамшылап жүріп кетіпті.

Аударылып-төңкеріліп жататын алма-кезек дүние емес пе? Бір жылы елде қатты қуаңшылық болады да, әлгі өректіген бай жігіт бар малын жұтқа беріп, жүгенін ұстап шығады. Үй іші аштықтан қырылып, соқа басы

тіленші боп, ел қыдырып, су жағалап кете барады. Қарны аш, көкейде өксік, Сырдарияны бойлап келе жатса, көз ұшынан сызылған түтін көрінеді. Барса, алдынан бір әйел шығып, киіз үйдің есігін ашып, мейманды төрге отырғызады. Аш екенін сезіп, дәм ұсынады. Үйдің бір бұрышында екі-үш бала асыр салып, асық ойнап жатады.

– Тамақ ішіп, әлденіп отырыңыз, отағасы да келіп қалар, – деп, әйел қазан-ошақ басында өзінің күйбең тірлігімен айналыса береді.

Бие сауым уақыттан соң үйге ақ сақалы кіндігіне түскен баяғы қария кіріп келіпті. Бір-бірін жазбай таниды. Ет желініп болған соң, қария мейманына қарап, сөз бастайды.

– Өзің күліп, табалап, қыр асып кеткен соң, дария бойлап жүре бердім, сөйтіп, іргесі сетінемей отырған осы елге кезіктім. Қайғы-қасіретіме қаныққан соң, қолтықтарының астына алып, қолдан келер жәрдемін аяған жоқ. Мына жүрген жеңгең жесір отыр екен. Келе-келе, екі жарты бір бүтін боп, бас құрадық. Бар дәулетім — мынау екі-үш тентек. Үстінен жонып жеп отырған он шақты уақ жандығымыз бар. Баяғыда құдайдан ақырымды бер деп, сұрағаным осы еді. Тілегім орындалды, алаға мың да бір разымын. Байлық деген қолдың кірі емес пе? Шырағым, баяғыда сен үлкен астамшылық жасадың. Бақ-дәулет көзіңді тұмандатып жіберген екен. Адамның әрбір оғаш қимыл-қозғалысының жаңғырығы болатынына көзің жеткен шығар, – депті қария.

Мұндай ұзын-сонар әңгімені қозғау себебім, Шіке, сол данагөй қария сынды, туған жерге табан тірей отырып, "е, құдай, ақырымды бере гөр" дейтін кезең бізге де келеді...

Айтматов. Бұл айтқаныңның жөні бар: ғұмырдың анағұрлым көбі өтіп, азы қалды.

Пәнде біткеннің бәріне де: "Е, тағдыр, ақырымды бере гөр!" дейтін сәт таянар. Сол кезге кім-кім де өмір-өзеннің сан тосқауыл сынынан аман өтіп, жаман қылықтардың ұятын арқаламай жетсе болды-дағы.

Шаханов. Шыр етіп дүниеге келген әр сәбидің оң мен солын танып, ел қатарына қосылып, азамат атанғанға дейінгі тәлім-тәрбиешісі де, қайырымды әрі қатал сыншысы да осы туған ортасы.

Қызылқұмда жантақ деген өсімдік бар. (Бұл туралы мен арнайы өлең де жазғам.) Қара қарғаның миын қайнатқан аптап ыстықта жап-жасыл боп жайнап, тамырын қырық құлаш тереңдікке жіберген күйі, шөл даланың төсінде мізбақпай қасқайып тұра береді. Сусыма

құм, жел ыңғайымен шоғырланып, біресе анда, біресе мұнда көшіп, қаңбақ сорлы сай мен сайға домалап, байыз таппай кетеді. Міне, тамырсыздық деген қандай. Ал тамырын жер асты суына дейін жіберетін жантақ өз орнында қалып қояды!

Айтматов. Адамдар да сол сияқты. Құдайым болашақ ұрпаққа жантақтың терең тамырлы тағдырын қисын да, тізгінін жел ұстаған тексіз қаңбақтың бәтуасыз тірлігінен аулақ етсін деп тілейік. Ондай міскіндер қоғам үшін қай заманда да қауіпті.

Мынадай бір аңыз бар. Қапияда жау қолына тұтқын боп түсіп, құлдыққа сатылған бұғанасы қатпаған жас бала жылдар өте келе, кіндік қаны тамған топырағын, әлпештеп өсірген ата-анасын ұмытуға айналады. Жат өлкеге бауыр басып, жақсы-жаманды бастан кешіп, төзімі мен ақыл, қайратының арқасында ақыры бөтен жұрттың билеушісі атанады. Жылдар жылжып өтіп, шау тартқан шағында ат арытып алыстан келген керуен туған жерінің бірі түп жусанын жеткізеді. Жұпар иісі бұрқыраған жусан билеушінің есіне бала күнгі ұмыт болған бейкүнә дәуренін, туған жер төсінде қызғалдақ теріп өскен мұңсыз күндерін қайта түсіреді. Көзінен жасы бұршақтап, санасында сары тап болып жатқан сағыныш сезімі бұрқ етіп оянып, шыдас бермейді. Енді оның жолына кесе-көлденең тұру мүмкін емес еді. Талайларға арман болған тақ пен тәжді тәрк етіп, баққа, байлыққа да бұрылып қарамай, тұлпарына ер салып, туған жеріне суыт аттанған екен деседі.

Туған жерді сүю дегеніміз – өмір бақи өз жерінде байланып қалу емес. Шулы, дулы әлемге назар аудармай, суым басымда, молам қасымда деп, табандап отырып алсақ, бұл — архаизмнің көрінісі. Яғни ақпайтын көл секілді өз-өзімізбен тұйықталып, әлемдік даму мен өркеніеттен құралақан қалар едік.

Мәселен, сенің Отырарың мен менің Шекерімнің небір жас жеткіншегі қазірде әлемнің төрт бұрышын шарлап кетті. Біразы білім алып, тұрақтап қалып, кәсіби мамандықтарын жетілдіру үстінде. "Атың барда ел таны желіп жүріп" деп, бабаларымыз айтқандай, қажырлы, қайратты шақта көкірек көзін ашып, дүниенің ойы мен қырын шолғанға не жетсін!

Десе де, жер шарының қай ендігі, экватордың қай белдеуінде жүрсең де, қайта соғар, сағынышыңды басар темірқазығың – туған жер атты ұлы ұғым біреу. Сонымен рухани байланысыңды үзбесең ғана, айдарыңнан


жел еспек. Өйткені өзге топырақ, өзге ауа, өзге су оның орнын толтыра алмақ емес.

Иә, біз туған жермен көзге көрінбейтін сансыз жіптер арқылы байланып жатыр екенбіз. Жоғарыдағы өлеңінде айтылғандай, әр адамның өз анасынан басқа төрт анасы болуы керек деген пікіріңе толық қосыламын. Осы төрт ананың ең ұлысы ғып туған жерді алдымен атағаның да орынды.

Мен туған жерсіз тірлік кеше аламын, ал туған жер менсіз өмір сүре алмайды деген әлдекімдердің астам көңілі бізге жат. Керісінше, қасиетіңнен айналайын туған жер бізсіз гүлдеп, бізсіз өмір сүре алар, ал біздің рухымыз онсыз биік самғамақ емес.


Иә, туған жер барда — біз бармыз!

Жомарт
шуақты
жұлдыздар
немесе
Бір уыс
топырақ



Оларды еске алу қандай мереке! Жан сарайың кеңіп,
санаңда күн шуағы ойнағандай әсер аласың. Жалпы,
кімнің болса да өз дәуірінен, өз замандастарынан мойны
озық тұрған қасиетін айту – әлемдік өркениетке
қосылатын үлестің бір түрі.

Біріншіден, бұл еске түсіру өзіміз үшін қажет десек,
екіншіден, сол жәдігерлердің қайсар рухы алдындағы
інілік, перзенттік борышымыз, әрі олардың уақыттың
жаңбыры шайып, күн қақтаған қасиетті зираттарына
салған бір уыс топырағымыз болар.



Оңай емес, оңай емес бұл егес,
Қашан болсын бірлік жолы бұрыстау.
Керек десең, түсінбестік кінә емес,
Қылмыспен тең түсінуге тырыспау.

МұхШанаф —

Айтматов. Ылғи да түс көремін. Не ғажабы бар екенін қайдам, кірпігім айқасса бітті, алуан түрлі түстер қамауға алады. Таң алдында бірде қуанып, бірде мұңайып оянамын. Қуанатыным – заманында тірліктің ащы-тұщысын қатар татқан, көңіл көгінде жұлдыздай жанған аяулы адамдарды көремін. Кейде түсіме өзім араласпаған, бірақ сырттай сыры-қырына қаныққан үлкен тұлғалар да кіреді. Тірі жанға тіс ашпайтын құпияларымды кейде соларға ақтарып жатамын. Жасыратыны жоқ, бір-екі рет дәрігерге де қаралғаным бар. Олардың пікірінше, артық, кем ештеңе жоқ, бәрі дұп-дұрыс. Көзім сәл ілінсе, сан түрлі оқиғалар мен елестердің ішіне қайта енемін де кетемін...

Шаханов. Шіке, дәрігер болмасам да, айтайын, мұнда бас қатыратын дәнеме жоқ. Байқауымша, бұл қиял мен әсердің ұшқырлығына, кең ауқымдылығына байланысты жай болса керек. Және сәл-пәл қорқытып та қояйын... Бәлкім, түс көруден тыйылсаңыз, қазіргі деңгейдегідей жазушы болмай қалуыңыз әбден мүмкін...

Ал аспаннан жұлдыз ақты деп жатамыз. Өшкен жұлдыздың ең соңғы таратқан жарығының өзі жерге миллиондаған жыл жүріп жетеді екен. Жердегі адамдардың кейбірі бақи тірлікпен қоштасқан соң, тірілердің санасында сол жұлдыздардай жарқырап, сәуле шашып тұрмақ. Бұл күнде көбі көз көрмес, қол жетпеске кеткен жұлдыз тұлғалар Сізге болмыс пен сананың көзге көрінбес ұшқыр сәулелері арқылы түсіңізге енетін шығар. Өздері үлгере алмаған қабырғалы істі, өмірдің бұралаң жолдарында сан соқтырып кеткен кейбір арман-тілегін Сіз орындасын деп, аян беретін болар.

Айтматов. Сөзінде әзіл ұшқыны жатқанымен, дұрыс пайымдап отырсың. "Илиада" мен "Одиссеяны" жазған Гомер хақында грек ойшылы Платон: "Бұл ақын бүкіл Эладаны тәрбиеледі", – деген екен. Ұлылар – елдің

ұстазы. Егер олардың игі ықпалы болмаса, біздің тағдырымыз, бәлкім, сәл де болса басқаша қалыптасар ма еді, кім білсін?

Сол шоқ жұлдыздардың ішінде алғаш танысқан адамым – қазақ халқының ұлы перзенті, күллі әлем мойындаған жазушы Мұхтар Әуезов болатын. Ол кезде Бішкектегі Скрябин атындағы ауыл шаруашылығы институтының студенті едім. "Манас" эпосы жайлы даудамай өршіп тұрған шақ. Оның ұлы эпос екенін, исі қырғыздың бар тарихы, ерлігі, елдігі, ұлттық бояуы осы ұлан-ғайыр жырда жатқанын жұрт тегіс мойындайды. Сөйте тұра, мәселе социалистік реализмнің ыңғайына, талабына сәйкес келе ме, жоқ па дегенге тірелгенде, көбі тайсақтап қалады. Ол кездегі идеологияға байларды жамандаған, кедейдің нашар тұрмысын көрсеткен, тіпті үстем тап өкілдеріне қарсы көтеріліске шыққанын сипаттайтын туындылар қажет еді. Эпостың басты кейіпкері Манас болса – Жақып байдың жалғыз ұлы, әрі хан деген аты бар.

Кейбір зерттеушілерді (қырғызы, орысы аралас) хан деген сөздің өзі бүйі шаққандай шошытты.

"Манас" эпосы бай-феодалдық дәуірді, хандық билікті көксеген, қарапайым халыққа жат, кертартпа туынды" деген ойға саятын жаңа бір қозғалыс етек алды. Газет, журнал беттерінде эпосқа қарсы жазылған пікірлер ашық бой көрсете бастады. Бұл ұлы эпостың басына қара бұлт үйіріліп келе жатқанының хабары еді. Сол тұста Манасты қолдаған бірлі-екілі мақала да болды. Бірақ оларға құлақ асқан ешкім жоқ.

Елдің бәрі осындай екі ұдай сезімде жүргенде, КСРО Ғылым академиясының Қырғыз филиалы ғимаратында "Манас" жайлы конференция болатын көрінеді, эпостың тағдыры осы жиында шешіледі екен дегенді естіп, лекциядан шыға сала, шұбырып жеттік. Бұл, ұмытпасам, 1952 жылдың күзі еді. Келсек, ғимараттың ішіне ену мүмкін емес, жұрттың көбі иін тіресіп, көшеде тұр. Демдерін ішінен алып, "апыр-ай, Манастан айырылып қалмасақ, жарады" дегендей, алабұртып жүргендер қаншама!

Бір иықпен жылжи-жылжи, ақыры конференция өтіп жатқан залдың есігінен сығаладым. Мойнымды созып қарасам, төрдегі төралқада он-он бес кісі жайғасыпты. Қақ орталарында Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Исхак Раззақов, оның оң жағында ай маңдайы жарқырап, Мұхтар

Әуезов отыр. Мұхаңмен жүзбе-жүз кездеспесем де, шығармаларымен бірге жарияланған фотосуреттерін көріп жүргенмін. Айналасына шуақ шашып отырған ұлы тұлғадан көз айыраар емеспін. Мінбеге бірінен соң бірі көтеріліп, эпосты жерден алып, жерге салып жатқандардың сөзіне үнсіз құлақ түріп, қағазына әденелерді тұртумен болды.

– "Манас" – партияның қазіргі саясатына жат туынды... Арамызда жүрген пантүркизмнің ескі көзі, – деп, негізгі баяндамашының бірі А. Боровков эпостан іліп алар тарау таппай, жағалай қаралауға көшкенде, зал қозғалысқа енді. Наразылықтарын ашық айтуға дәрмен жоқ. Есіктің сыртынан кіжінген дауыстар естіліп қалып жатты.

Манастан басы бүтін айырылды-ау, деп түңілген тұста, мінбеге маң-маң басып, қасиетіңнен айналайын, Әуезов көтерілген.

– "Манаста" бай, манапты мақтайтын тұстары бар шығар. Бірақ бұл – бүткіл бір халықтың елдігі мен ерлігінің, рухани байлығы мен ұлы мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа саф поэзия тілінде жатқа айтылып, жалғанып келе жатқан көркем кестеленген тарихы ғой. Ендеше, қырғыз халқының өмірінен Манасты аластау бұл бүкіл бір ұлттың тілін кесумен бірдей емес пе? Шаш ал десе, бас алуға тұра ұмтылатын адыраңбай мінез біздің қоғамнан қашан қарасын жояр екен? – деп, сәл-пәл үзіліс жасап, Боровковқа бұрылып еді, әлгі мойнын ішіне тыққан күркетауықтай төменшіктеп қалды.

Мұхаңның дүниетанымының кеңдігі, әлемдік арғы-бергі әдебиет тарихын жетік білетіндігі, тармақ-тармақ ойларын жүйе-жүйесімен үлкен философияға, нақты дәлелдерге бекітіп, шешен сөйлейтіндігі, қырғыз ұлты тудырған рухани байлықтарға деген ғажайып құрметі мен сенімі залда мүлде жаңа ахуал тудырды. Егер бүкпесіз әділін айтсақ, "Манастың" қара тізімге ілінбей, аман қалуы Әуезовтің нақ осы жолғы тарихи сөзіне байланысты болды. Оның жүрек тербеген ара ағайындық сөзін Исхақ Раззақов та ерекше ризалықпен тыңдап, қайта-қайта бас изеумен отырды. Манастың баға жетпес құнын білгенімен, сол кезгі қатал саясаттан сақтанып, мысы құрып отырғандай сезілген. Ұлы эпосты ашық қолдағаны үшін, Ташым Байжиев секілді арыстардың түрмеде жатқаны да көп қауіптен хабар беретін еді...

Конференция жабыла берген сәтте, сырттан: "Сүйінші!", "Сүйінші!", "Манасты аман алып қалдық!",

"Мұхтар қайда, сені тапқан анаңнан және бүкіл қазақ елінен айналдық!", "Ақсарбас, ақсарбас!" деген айғай көтерілді. Қуанысқан, құшақтасқан, көзіне жас алған жұрт сендей соғылысты.

Шаханов. Сол тұста бай-феодалдарды дәріптеген шығарма деген желеумен қазақ халқының қаншама көркем дастандары мен қиссалары, ауыз әдебиетінің небір тамаша үлгілері қара тізімге ілініп, мұрағатқа аттандырылып жатты. Бұған дейін түрменің дәмін татып, жазықсыз екі жыл қамалып шыққан Әуезовтің де өз басы қудаланып жүрген.

Естуімше, Мұхаңа республикалық қауіпсіздік комитетінен бір бейтаныс әйел телефон шалып:

– Қайткен күнде де бүгіннен қалмай, із жасырып үлгеріңіз. Әйтпесе, кешігесіз. Сізді ұстауға рұқсат әзірленіп жатыр, – депті.

Мұхаң сол күні кешкілік өз үйінен жасырынып шығып, Мәскеуге ұшып кеткен ғой. Мәскеулік достарының көмегімен қуғыннан құтылып, МГУ-ге профессор болып орналасқан.

Осындай аумалы-төкпелі кезеңде басы пәлеге байланып жүріп, "Манасты" қорғауға бел шеше араласуы азаматтық ерлікке барабар іс емес пе?

Айтматов. Иә... Сол конференцияда эпосқа тілекші боп, есіктен сығалап тұрғанымды айттым. Кейіннен, араға отыз жыл салып, "Манастың" алғашқы толық басылымына бас редактор болып, алғы сөз жазарымды, әлемдік деңгейде өткен талай жиындарда ол жайында сөз қозғарымды білсемші.

Ұлы ұстазбен екінші рет кездесуім тіптен қызық. Мәскеудегі М.Горький атындағы Дүниежүзілік әдебиет институтының Жоғары әдеби курсына оқып жүрген тұсым. Михаил Дудинцевтің "Ни хлебом единым" деген романы жарық көріп, әдеби ортаға үлкен дүрлігу туғызды. Бірі табанын жерге тигізбей мақтайды, екіншісі оларға қарсы дау айтып, жер бауырлатып жамандайды. Осы тартысқа төрелік айтып, бір шешімге тоқтау үшін, Орталық әдебиетшілер үйінің (ЦДЛ) кіші залында үлкен жиын өтті. Мен ертерек келіп, залдан орын алғанмын. Төралқада өңшең ығай мен сығай сіресіп отыр. Кісінің көптігі сондай, бас сұғар жер жоқ. Кейбіреулер терезенің алдына, тіпті тақыр еденге де газет төсеп, жайғасып алған. Әдеби айтыстың толастар түрі көрінбейді, шешендер мінбеге бірінен соң бірі ұмтылып, сөзбен қылыштасып жатты. Әлден уақытта есік жаққа көзім түсуі мұң екен, иықтасып

тұрған топ адамның ішінен Әуезовтің таңсық дидаарын көріп қалдым. Кештеу келіп қалса керек. Төралқада отырғандар Мұханды байқамады ма, тіпті көрсе де, ішке өту еш мүмкін емес еді. Әуезовтың кіре берісте иін тірескен жұрттың құрсауында қалғанын көріп, қатты қынжылдым. Ол не қайтып кете алмай, не залға өте алмай тұр. Ақыры, үзіліс жарияланды. Зал қапырық, терге мал-шынғандар уласып-шуласып, сыртқа беттегенде, мен де әуірімімен Мұхаңа жетіп үлгердім-ау.

Мен оған сәлем бере, қос қолымды қатар ұсындым. Сонан соң:

– Мұхтар аға, Сізге орын бар. Жүріңіз, – дедім де, қатардағы өз орныма алып келдім.

Мұқаң орындыққа жайғасқан соң, сәл таңырқай қарап:

– Қай баласың? Қай жақтансың? – деп сұрады.

– Қырғызстаннанмын, – дедім мен. – Осында Әдебиет институтында оқимын.

– Е, бәсе! Енді бәрі түсінікті. Рақмет, айналайын, – деді сосын жанында құрайдай боп тұрған маған мейірім шуағын төге қарап. – Бағың ашылсын!

Мен үшін мұнан артық бата жоқ еді.

Өзің Әуезовті көре алдың ба? Ол кісі дүние салғанда, тым жастау болуың керек?

Шаханов. Қайтыс боларынан біраз уақыт бұрын Шымкент қорғасын зауытының Мәдениет сарайында "Абай жолы" эпопеясы жайлы екі күнге созылған оқырман конференциясы өтті. Алматыдан Мұханның өзі арнайы келіп қатысты. Ол кезде Мамытбек Қалдыбаев деген облысқа белгілі ақын жігіт бар еді. Маған шақыру билетін берген – сол. Атағы жер жарып тұрған жазушыны тұңғыш көруім. Сөйлегені, отырыс-тұрысы, риза болған сәттегі мұрнын саумалап, "пәлі", "пәлі" деп күлімсірейтіні біздей бозбала үшін қызық. Үстіне көк сұр костюм киіпті. Кітабындағы суретіне қарағанда сәл-пәл жүдеулеу, өңі солғындау боп көрінді. Бәлкім, "Абай жолынан" кейін "Өскен өркен" атты жаңа шығармасын жазып, ой арқалап, мұң қажытып жүргендіктен болар...

Конференция аяқталысымен, қолтаңба алудың кезегіне тұрыстық. Кісі көп, ығы-жығы. Жылжи-жылжи жазушының алдына мен де таядым. Ол кезде "Абай жолы" мен "Еңлік – Кебектің" кейбір тұстарын жатқа білуші ем. Соны айтқым кеп, қанша оқталсам да, батылым жетпеді. Бір жағынан, ұялдым, екінші жағынан, соңымда кезекте тұрғандар итергіштеп барады.

– Атың кім, ұлым? – деді Мұхаң, мен берген кере қарыс романының мұқабасын ашып жатып.

– Мұхтар.

"Әкем кітабыңызды оқып, менің атымды Сіздің құрметіңізге қойған" деп айтқым келіп тұрса да, батылым жетпеді.

Жазушы жүзіме бір түрлі елжірей қарап, басын изеді де, қолтаңба жаза бастады. "Бала Мұхтарға ата Мұхтардан ескерткіш. Ихласпен" деп, қолын қойды. Жазуы айдақ-сайдақтау екен. Бұл ұлы суреткерді ең бірінші және ең соңғы рет көруім еді.

Шымкент педагогика институтында сырттай оқып жүргенімде, Әділ Ермеков деген ақсақал ұстазымыз болды. Бір ғажабы, Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" романын жатқа айтатын. Кәдімгі Саяқбай Қаралаевты еске салатын феноменның бір бөлшегі еді. Сіздің "Саманшының жолы" (қазақшасы "Құс жолы") атты шығармаңыздың көп монологтерін жатқа орындайтын. Оқушысы болған соң, мақтаныш ететін шығар, менің де балаң өлеңдерімнің бірнешеуін өз мәнерімен оқитын. Сол ұстаздың аузынан мынадай хикая естігенмін.

Әуезов өмірінің соңғы жылдарында Оңтүстік өңіріне жаңа роман жазу мақсатында жиі келіп жүрген. Әділ Ермеков бір отырыста Мұхаңның ағынан жарылып айтқан әңгімесінің куәсы болыпты.

Қаныш Сәтбаев екеуі Ленинградта оқып жүргенде, бір цыганға бал аштырған екен. Сәтбаевтың алақанына үңіліп қарап:

– Көптеген қиындыққа кезігесің. Кейіннен соның бәрін жеңіп, атағы алысқа кеткен үлкен ғалым боласың, – дейді әлгі әйел.

Ал Әуезовтің қолына келген кезде ұзақ ойланып тұрып қалыпты. Сосын:

– Сенен де өте үлкен адам шығады. Даңқың әлемді шарлайды. Бірақ жолың өте ауыр, шиыр-шиыр. Талай рет өлімнен қалып, азап шеге жүріп, үлкен абыройға жетесің. Үш рет үйленесің. Ажалыңды түбі пышақтан табасың, – депті.

Айналасында қаумалап отырғандарға Әуезов:

– Өмір жолымның өте қауіпті, шиырлы болғаны рас. Аласапыран жылдары "халық жауы" атанып, атылып кетуім мүмкін еді. Кездейсоқ жағдай сақтап қалды. Ал атақты боласың дегені де жарым-жартылай келіп тұр. Айтқанындай үлкен адам болмасақ та, бұл күнде есімімізді біраз жұрт біледі... Үш рет некелі боласың де-

гені де айна қатесіз тұп-тура келді. Ажалың пышақтан болады дегені ғана соңғы кезде мені қатты алаңдатып жүр. Кеш қайтпауға, түнде жалғыз жүрмеуге тырысамын, – депті.

Шіке, Әуезовтің Кремль ауруханасында жатып, операция үстінде көз жұмғаны баршаға аян. Яғни, жарықтық ажалын пышақтан тапты ғой.

Айтматов. Тағдыр дегенді қойсаңшы, Мұхаңмен ақырғы рет 1961 жылы ауруханаға жатар алдында "Москва" қонақ үйінде жолықтым. Өзі аса көңілді екен. Елден алып келген қазы-қартасымен асықпай шай ішіп, әкелі-баладай емін-еркін сырласып, түнгі сағат 1-ге дейін отырдық.

– Кунцево ауруханасына жатқалы келдім. Полип деген залалсыз ісік көрінеді. Күш-қуатым бар, қонды кезімде құтылғаным жөн шығар, – деді.

Ұлы ұстаздың ыстық дидамын ақырғы мәрте көріп, қолынан дәм татып, лебізін соңғы рет естіп тұрғанымды білсемші! Келесі күні ойымда түк жоқ, мен Фрунзеге ұшып кеттім...

Шаханов. Мұхаңның француздың атақты қаламгері Луи Арагонның Мәскеуге келуі құрметіне арнап шай бергенін естіп пе едіңіз?

Айтматов. Жоқ. Бірақ екеуінің өте жақын достық қатынаста болғанын жақсы білемін.

Шаханов. Мұхаңның өзі де көргеннің көзі тоятын кеуделі адам еді ғой. Шайға Дінмұхамед Қонаев пен Қаныш Сәтбаев та қатысыпты. Иманды болғыр, халқымыздың бұл екі арысы да ірі, аса сұңғақ бойлы кісілер еді. Жандарында және бір ұзын бойлы жігіт бар екен. Төртеуінің келісті келбетіне, ақыл-парасатына риза боп отырған Луи Арагон әңгіме арасында:

– Қазақтардың бәрі осы сіздердей денелі келе ме? – деп таңырқапты.

– Иә, халқымыз бойшаң. Солардың ішіндегі ең қысқасы мен, – деп, Мұхаң әзілге шаптырмай ма. Луи Арагон бұған сеніп қалып, қайта-қайта таңдана беріпті. Дәл осы шақта бөлмеге сол кездегі республикамыздың идеология басшысы, ұлттық өнерімізге келтірген пайдасынан зияны басым бір бәкене бойлы азамат тұқшындап кіріп келмей ме.

– Это исключение, – деген екен сонда Мұхаң жұлып алғандай.

Әуезовтің әйгілі "Абай жолын" француз тіліне аударып жүрген Луи Арагонның Сіздің шығармаларыңызға назар салуына Мұқаңның бірден-бір сеп болғаны белгілі.

Бұл ойымызды Қырғызстанның халық жазушысы Жұнай Мавляновтың мына естелігі тереңдете түседі: "Ыстықкөл жағасына салынған кең саяжайының төрінде Мұхаң Сократтікіндей жазық маңдайын әлсін-әлсін алақанымен сипап қойып, әңгімені еркін төгіп отырды. Сөз әдебиет пен өнер жайында өрбігенде, Айтматовты алдымен ауызға алып: "Шыңғысқа қазірде Орта Азия мен Қазақстанда, тіпті күллі Одақта тең келер қаламгер жоқ. Мен өзім Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі емеспін бе? Небір мақтаулы шығармаларды оқып жүремін. Бірақ ешқайсысы "Жәмилаға" қапталдаса алмайды. Бұл пікірімді одақтық баспасөз бетінде айтқанмын, оқыған шығарсындар. Десе де, оны менің француз досым Луи Арагондай биікке көтере мақтаған, үлкен ой айтқан ешкім жоқ. Қырғыз туғандар Алатау мен Ыстықкөлдi қазақтармен тең жайлап, қатар иеленіп келді емес пе, ендігі жерде Шыңғысты да екі халықтың ортақ перзенті деп, қосыла мақтаныш етсек, қызғана қоймассындар. Тек тіл-көзден аулақ", – деп, кемеңгер аға сөз соңын үлкен тілектестік көңілмен бітірді" ...

Қазірде қырғыз әдебиетінің патриархы атанған қадірменді ақсақал Түгелбай Сыдықбековтің "Тау арасында" атты дилогиясы мен Сіздің "Жәмилаңыз" кезінде Лениндік сыйлыққа қатар ұсынылған. Жасыратыны жоқ, бұл жерде осы сыйлықтар жөніндегі Комитеттің белді мүшесі, әрі Түкеңнің қимас аға досы Әуезовтің бір ауыз сөзі шешуші рөл атқаратыны белгілі. Осындай азаматтық сынға түскен сәтте, Мұхаңның қара қылды қақ жарған әділдігін Түгелбай Сыдықбеков былайша әңгімелейді: "1961 жылдың 10 сәуірі. Комитеттің кезекті мәжілісінде жасырын дауысқа түсетін шығармалар іріктелді. "Тау арасында" дауысқа салынарда мен, ереже бойынша, сыртқа шығып кеттім. Есік сәл-пәл жабылмай, ашық қалған екен.

Іштен: "Көп тармақты әлеуметтік роман", – деген Николай Семенович Тихоновтың даусы естілді. Демек, менің шығармамды қолдағаны.

Артынша Сергей Сергеевич Смирнов: "Мұхтар Омарханович, Сіз бұл романды түпнұсқадан оқыдыңыз. Сіздің сөзіңіз ең шешуші дауысқа ие болады", – деді тамағын қырнап. Мұхаң осы кезде: "...Я предпочитаю Жамилю", – деп қойды..."

Айтматов. Әлі есімде, "Жәмила" жарияланысымен, "Литературная газетада" Әуезовтің шағын, шағын да болса, аса бір ілтипатпен жазылған мақаласы жарық көрді.

Бұл – ұлы прозашының тілек-батасы еді. Сонымен бірге ұлы ұстаздың алдындағы үлкен жауапкершілікті де сезінгендей болдым. Жалпы, Әуезов менің өз-өзіме деген сенімімді бекітті. Артынша одақтық басылымда "Ботагөз-бұлақ" деген ұзақ әңгімем шығысымен, Мұхаңның Алматыдан салған: "Шыңғыс, туындынды оқып шықтым. Айрықша ұнады. Қуаныштымын. Осы бетіңнен танба!" деген жеделхатын алдым. Мұрағатымда әлі күнге қастерлеп сақтаумен келемін.

Мұхаң алпысыншы жылдардың басында Бішкекке келгенде, үй көрсеткенім бар. Кемеңгер жазушы келеді дегенді естігеннен апам Нағиманың есі шықты. Үй ішін қағып-сілкіп, тазартып, төрге жұмсақ көрпесін жайып әлек. Столды күні бұрын жасап, үстіне жылы-жұмсақ, дәмді тағамдарды қайыстыра қойды. Тұңғыш ұлым Санжар – онда жас, ойын баласы. Әжесіне көрсетпей, стол үстіндегі қып-қызыл алмаларды бір-бірлеп тасып әкетіп, өзі жепті, қалғанын көршілердің балаларына үлестіріпті. Сөйтіп жүргенде, ұрлығының үстінде ұсталып, апам: "Ойбай, мынау қонаққа деген алманы зым-зия етіпті. Енді не бетімді айтайын" деп құлағынан бұрап, тайдай тулатып алып келе жатқанда, Мұхаң кіріп келмей ме! Апам мен немересінің қылығына рақаттанып күлген ұстаз:

– Бір ашуыңызды маған қиыңыз, – деп, тентекті әжесінің қолынан босатып алған.

Қырғыздың ұлы манасшысы Саяқбай Қаралаевпен ол кезде есікпе-есік көрші тұрушы едік. Бұрыннан қимас достықта жүрген екі алыптың сол кеш дастарқан басында айтқан ұлағатты әңгімелеріне куә болдым.

Қонақтар бой жазып келгелі, тысқа беттеген тұста, апам кенже немересі Асқарды Мұхаң отырған орындыққа аунатып жатты. Мұны байқап қалған жазушыға:

– Ырым ғой. Жаман немені өзіңіздей ел ардақтаған азамат бола ма деп жатқаным да, – деді апам.

Мұхаң ризашылықпен бас изеді.

Шаханов. Мұхаң Саяқбай Қаралаевты өзінің жеңіл машинасына отырғызып, Алматыға алып барып, ҚазМУ-дың студенттерімен арнайы кездесу өткіздіріп: "Қырғыз бен қазақтағы могикианның соңғы тұяғы – осы. Көріп қалыңдар!" деп, "Манасты" айтқызғаны – кіші-гірім бір тарих.

Жазушы өмірінің соңғы жылдарында Ыстықкөлдегі саяжайына жиі келіп, Манас жөнінде, Саяқбай мен Бөлтірік палуанды қатыстыра отырып, үлкен эпикалық

роман жазамын деп, материал жинай бастағанын жұрттың көбі біле бермеуі мүмкін. Бірақ арманына құрық, мақсатына темір кісен салған тағдыр шіркінге нендей үкім айтарсың?

Қайбір жылы, "Жалын" журналына бас редактор болып жүрген тұсымда, Луи Арагонның асырап алған баласы – Жан Риста қонаққа келген. Ататаудың әсем табиғатын аралатып, емін-еркін сырласып жүрген кезімізде, Жан Риста Сізге Луи Арагонның ХХ ғасырдың жарқын құбылысы ретінде зор құрметпен қарап өткенін жиі-жиі еске алумен болды. Ізгілік сапарында қолтығыңыздан демеген қос ұстазыңыздың алдында Сіз де шәкірттік парызыңызды өтедіңіз. Луи Арагон бақи кешкенде, арнайы мақала жаздыңыз, марқұмның рухына тағзым ету үшін, Парижге барып қайттыңыз. Ал Әуезовтің бір кезде идеологиялық жағынан қайшы, кертартпа шығарма деп бағаланып, саясаттың өткір қайшысына түсіп кеткен "Қилы заман" романын тоталитарлық жүйенің тұсында араға үлкен беделіңізді салып, одақтық "Новый мир" журналына жариялаттырып, халықпен қайта қауыштырдыңыз. Осы ерен еңбегіңіз үшін де қазақ елінің бұрынғыдан да өзгеше сүйіспеншілігіне бөлендіңіз.

Әйтпесе, кемеліне келіп алған соң, "өзі болған қыз төркінің танымастың" керін келтіріп жүрген талайды көрдік қой. Мұндай астамшылық Сізге жат. Кішіліктің өзінде кісілік жататынын осылайша тағы бір дәлелдеп шықтыңыз.

"Өзге жұрттың табалдырығын аттағанда, өзіммен бірге сапарға ала шығатын екі ұлттық асылым бар. Олар: "Манас" пен Мұхтар Әуезов. – Сіз кімсіз, қазақсыз ба, әлде қырғызсыз ба? – деп сұрағандарға мен алдымен осы екі ұлттық қазына жайлы сөз қозғаймын. Бұлар – менің халқымның символдары" деген сырыңыз осы ойымыздың айғағы емес пе?

Айтматов. Бұл азаматтыққа азаматтықпен жауап қайтару ғана ғой. Әйтпесе екеуінің маған жасаған жақсылығының жүзден бір бөлігін де өтей алғаным жоқ.

Шаханов. Қазақстан Республикасының елшісі атанып, қырғыздың қасиетті топырағын басқан шағымда, өзіммен қоса бір өкініш ере келді...

Айтматов. Ол нендей өкініш?

Шаханов. Саяқбай Қаралаевты көре алмағаным. Көрнекті режиссерлер: Т.Өкеев, Б.Шамшиев пен М.Убукеевтердің деректі фильмдерінен "Манасты" орындағанын сан рет тамашаладым. Әрбір қимылына, оқиғаның

өрбуіне, шиеленісуіне қарай үнінің қайта-қайта құбылып отыратынына, ақындық, айтқыштық қуатына талай рет тәнті болғаным соншалық, тебіреніп, көзіме жас алдым. Қаншайым келініңіз екеуміз дүниеден ерте қайтқан ақын досым Жолон Мамытовтың жұбайы Меңдіні, перзенттері Әйгерім мен Азаматты ертіп барып, ұлы манасшының аруағына құран оқыттырып, қабіріне гүл қойдық.

XX ғасырдың осы ұлы феномені есіңізде қай қырымен қалды?

Айтматов. Тағдыр айдап, қайсыбір жылы Сәкеңмен бірге Шу өлкесіндегі шаруашылықтың біріне барғаным есімде. "Қаралаев келіпті" деген хабар жан-жаққа лезде тарап кетті. Алыс жайлаулардан, тау бөктеріндегі фермалардан үлгергені машинаға, кейбірі тракторға жармасқан, тіпті жаяу-жалпылаған жұрт тұс-тұстан шұбырды дейсің. Қаралаевтың өнеріне ынтыққандардың көптігі соншалық, колхоздың клубына сыймай, тең жартысы сыртта тұрды. Мұны көрген Қаралаев "Манасты" ашық алаңда, ел ортасында тұрып айтпақшы болды. Саяқбай клуб алдындағы текпішекке отырды да, қаумалаған елдің көпшілігі маддас құрып, жерге жайғасты. Енді біреулері машинаның үстіне шығып, ат үстінде тұрып, ұлы жырға құлақ тосты. Әлден уақытта көкжиектен көтерілген қара бұлт тас төбеге келді де, іргесі сөгілгендей, нөсерлетіп жіберді. Бірақ Қаралаев жаңбырмен жарыса жыр төкті. Үстімдегі қыры сынбаған жаңа костюмім бүлінер деп қауіптенсем керек, жалғыз өзім клубтың бұрышына барып қалқалаппын. Қарасам, менен басқасы тырп етер емес. Ұялғанымнан орныма қайтып ораддым. Басынан өткен су бақайшағына жетсе де, қашан манасшы жырлауын тоқтатқанша, орнынан ешкім қозғалған жоқ...

Бұл оқиғадан бұрынырақ өткен тағы бір қызық жайт есімде қалыпты. 1959 жылы Мәскеуден оқу бітіріп, елге жаңа оралған шағым. Партия мектебінің тыңдаушылары Саяқбай Қаралаев, Қарамолда Орозов сынды қырғыздың аты әйгілі алыптарын шақырып, арнайы кездесу өткізді. Тыңдаушылар жалаң қырғыздар емес, ішінде орысы, немісі аралас алуан ұлттың өкілдері еді. Ал манасшылар мен айтыс ақындарының дені орысша білмейді. Екі ортада аудармашылық қызмет атқардым. Кезек Саяқбайға келді.

– Манасты қай жасыңыздан бастап айттыңыз? Алғашқы ұстазыңыз кім? Бір адамның басына осыншама

өлең тасқыны қайтіп сыяды? – десіп, жиналғандар сұрақты үсті-үстіне жаудырып жатыр.

– Бала кезімде қой бағып жүріп, бір теректің түбінде ұйықтап қалыппын, – деп бастады әңгімесін Қаралаев. – Күн бесін кезінде ат тұяғының дүбірінен оянып кеттім. Ұйқылы-ояу көзімді ашсам, тура маған қарай бір арғымақ мінген зор тұлғалы кісі құйындай ұшып келеді. Қолындағы найзасы күнмен шағылысып, жарқ-жұрқ етеді. Тұлпарының екі көзі шоқтай жайнап, ауыздығын қарш-қарш шайнайды. Екпіндетіп келіп, тізгін тартты. Асықпай аттан түсті де:

– Ей, бала, бұл не жатыс? – деді.

– Ұйықтап қалыппын.

– Сенің аузыңа зор бақыт қонады. Мұнан былай сен Манас жырын айтасың. Кәне, аш аузыңды!

Аузымды ашқаным сол еді, әлгі адам аузыма зәрін шаптырып жіберді. Ақ маржандай сызылған көбіктің аузымда бұрқырағаны соншалық, тұншығып қала жаздадым... Іле-шала аттылы кісі көзден ғайып болды. Маған жолыққан аруақ, бәлкім, қыдыр шығар, содан бастап "Манасты" айтып кеттім...

Қаралаев әңгімесін тоқтатар емес, мен ілесіп аударып отырмын. Оқиғаның тап осы тұсына келгенде, маңдайым тершіп, қиналайын. Дәлме-дәл аударсам, көпшіліктің ішінде әйелдер де отыр... Өзге ұлттың өкілдері "аруақ", "қыдыр" дегенді онша түсіне бермеуі мүмкін.

Амалым құрып, ақыры әлгі оқиғаның шарықтау шегін "аузыма түкірді" деп аудардым. Оның өзі де тыңдаушыларға аз әсер еткен жоқ.

Содан бері араға қаншама жылдар түсті. Бұл жайлы тірі адамға тіс жарған емеспін. Тек жақында Белгияда өткен бір кездесу үстінде Қаралаевқа байланысты сол оқиғаны болған күйінде баяндап бердім.

Бір француз қаламгері: – Мұны неге бүгіп жүргенсіз. Ең керемет жері осы емес пе? – деп таң-тамаша қалды.

Шаханов. Әлем халықтарының фольклорында небір дастандар мен лиро-эпостық жырлар, қиссалар мен хикаялар бар. Солардың ешқайсысы өзінің көлемі жағынан шалқар "Манас" эпосына жуықтаған да емес. Ұлы Гомердің асқақ шабытты қаламынан туған "Илиада" мен "Одиссеяның" екеуін қосқанда, көлемі жағынан шамамен "Манастан" 20 есе аз! Ал үнді халқының мақтанышына айналған "Махабхаратаның" өзі қырғыз эпосынан 2,5 еседей кем.

Осы ұлан-ғайыр алып эпосты қырғыздың хат танымайтын ұлы жыршылары алты ай бойы қатарынан айтып

тауыса алмаған ғой. Не деген жады! Адамның басына да осыншама дүние сыя береді екен-ау. Әр дәуірдің ақын-жыршылары "Манасты" есіне жазып алып, келесі ұрпаққа мирас ретінде жатқа айтып қалдырып отырған. Тап осы дәстүрлі мінез қырғыз ұлтын әлемдегі биік парасатты елдердің алдыңғы қатарына қосты.

Бағзы ғасырларда "Манасты" айтқан ұлы жыршылардың есімін тарих-дана есіне сақтап қала алмады. Бәлкім, бұл "Манасты" айту сүйексінді дәстүрге айналып кеткендіктен, тіпті ұлы эпосты ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап жеткізіп отыруды әрқайсысы өзінің қасиетті борышы деп есептегендіктен де шығар. Тек соңғы бір ғасырдың шеңберінде алсақ, ерекше қуатты манасшылардың саны қырықтан асып жығылады екен. Солардың ішінде шашасына шаң жұқтырмаған Сағымбай Оразбақов оқ бойы озық тұр. 1930 жылы 63-інде, яғни пайғамбар жасында дүниеден өткен қасиетті қариядан ауыз әдебиетінің жанашырлары 180 мың жолдан тұратын бірнеше томдық эпосты қағаз бетіне түсіріп алып қалған. Ол жылдары қазіргідей үналғы жоқ, өрге салған жүйріктей тұлпар шабыт иесі енді екпін ала бастаған тұста тоқтатып, айтқанын жазып алғанша, қаңтарып қою неткен қорлық десеңізші! Сағымбайдың ыза болатыны сондай, кейде терісіне сыймай, жарылып кете жаздайды екен.

Десе де, ұлы эпосты кешегіден бүгінгіге жалғаған қырғыздың дарқан перзенттері: Балық пен Келдібекке, Тоғолоқ Молдо мен Молдобасанға, Жүсіп Мамай мен Сейденеге, т.б. болашақтың атынан алғыс айту – парыз.

Ал қырғыз әдебиетінің классигі Тоғолоқ Молдоның өзі (1860–1942 ж. ж.) "Манасты" жырлап қана қоймай, оны қағазға түсіріп отырған ғой. Азан шақырып қойған аты Байымбет болса да, ауылдастары ерте хат таныған соң, молда, ал кішкене, домаланған тұлғасына қарап, "Тоғолоқ" деп, жанама ат қойған. Ол осы Тоғолоқ Молдо есімімен күллі жұртшылыққа аттың қасқасындай боп танылған жоқ па?

Ақынның туған жері Нарын облысы, Ақдала ауданы, Құртқа селосынан Бермет Жүсүпжанова деген келіншек жұмысыма арнайы іздеп келіп, Тоғолоқ Молдоның араб әрпімен маржандай етіп өзі жазған қолжазбасын табыс етті. Классиктің қымбат мұрасын жүрексіне қолға алып, көз жүгіртсем, "Манас" эпосының өзі жырлаған нұсқасы екен.

– Мұны Ұлттық Ғылым академиясына тапсырмадыңыз ба? – дегенімде, нарындық өйел:

– Заманында Шоқан Уәлиханов пен Мұхтар Әуезов бастаған қазақтың намысты перзенттері манастану ғылымына өлшеусіз үлес қосты ғой. Бұл мұраны сол ардақтыларға және Сізге деген құрметімнің белгісі ретінде қабыл алыңыз. Қайда тапсырып, кімге өткізесіз, ол – өзіңіздің ықтиярыңызда. Сенімді қолға беріп, мен міндетімнен құтылдым, – деді.

Енді осы мұраны Қырғыз Ұлттық Ғылым академиясына құрметпен өткізгелі отырмын.

Айтматов. Мұха, бұл – өзіңе деген қырғыз халқының сенімі әрі оның белді бір ұлына айналғандығының дәлелі. Жалпы, ауыз әдебиетінің небір жауһар нұсқалары әлі күнге толық жиналмай жатыр-ау...

Шаханов. Осы жыршылардың ішіндегі ең бір тарланбозы Саяқбай Қаралаев екенін жоғарыда айттық.

Асқар Ақаев "қырғыз елінің Микеланджелосы" деп баға берген Тұрғынбай Садықов Кіндік Азияда және алыс-жақын елдерде зор беделге ие. Жуырда ғана мен ол кісіге Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан "Парасат" орденін табыс еттім. Осы Тұрекең Саяқбайдың мүсінін тас бетіне қалай түсіргені жайлы бірде маған мынадай сыр шертіп еді:

"Манастың алып ескерткішінің екі жағына оны жырлаған ұлы өнер иелерінің мүсінін бейнелейін деген оймен жетпісінші жылдардың ішінде могиканның соңғы тұяғы атанған Саяқбайдың тұлғасын мәрмәр тасқа қашағалы өзімен ұзақ әңгімелестім. Үйінде отырып, сырластық, бақ аралап, серуендедік... Көптен Сәкеңнің жалт еткен бір сәтін ұстай алмай, зықым шықты. Орта бойлы, момақан қария... Оны тас бетіне көшіргеннен не ұтамыз?"

– Саяқбай аға, "Манасты" айтып көріңізші, – деп қалдым, әбден қиналған бір сәтте.

О, неткен құдірет десеңізші, манасшы көз алдымда күрт өзгеріп сала берді. Әлгі момақан қариядан түк те қалған жоқ, жыр қойнауына енген сайын, қабағында найзағай ойнап, екі иығы билеп, қос қолы ауаны оңды-солды тілгіледі. Манастың Қоңырбаймен соғысын баяндаған тұста, Саяқбайдың ышқынғаны сондай, айналамда дауыл көтеріліп, тап қазір өзімді ұшырып әкететіндей сезіндім. Жалма-жан манасшының жүзіне қарап ем, ол болса, мынау пәни дүниені мүлдем ұмытып, бірде Бақай қарияға, бірде Сырғақ пен Алмамбетке, бірде Шуақ пен Ер Көкшеге айналып, көзінен жасы мөлтідеп, ащы тері алынған тұлпардай, мүлде өзгеше күй кешті.

Маған керегі де осы еді. Дереу эскизге түсіріп алдым".

Қырғыздың тауы мен даласын құшағына сыйдырғысы келгендей, қос қолын айқара созған Саяқбайдың шабытты сәтін бейнелеген сол мүсін қазір Бішкектегі Тоқтағұл Сатылғанов атындағы мемлекеттік филармонияның алдында маңдайын күнге төсеп, ұлы эпосты мәңгілікке жырлап тұр.

Шіке, қырғыз бен қазақта ұлы тұлғалар аз болған жоқ. Солардың бірі әрі бірегейі – ауыз әдебиетінің алыбы Жамбыл Жабаев. Қырғыз бен қазаққа етене мәлім болған Жамбыл ғұмырының соңғы тоғыз жылында бұрын-соңды қазақ баласы шықпаған абырой биігіне көтеріліп, ХХ ғасырдың Гомері атанып, көз жұмды.

Айтматов. Иә, Жамбыл қарапайым өмірде де, сол кездің мәдени ортасында да сирек кездесер құбылыс болған.

Шаханов. Дұрыс айтасыз. Мына бір оқиғаға назар бұрыңызшы. 1938 жылы Грузин елінің ұлы ақыны Шота Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастанына 750 жыл толғандығы мерекеленді. Тойға Қазақстаннан Жамбыл бастаған бір топ әдебиет пен өнер қайраткерлері қатысқан. Жәкеңнің қасында үзеңгілес інісі, айтулы ақын әрі сазгер Кенен Әзірбаев та бірге жүрген. Сол сапарда тоқсан екі жастағы Жәкеңнің қыран көзі бір грузин сұлуына түспей ме? Қасын керіп, сәмбі талдай иілген жас қыздың қылығы қарияға қапысыз жағып, жүрегін өртейді...

Айтматов. Уа, пәлі десеңші!

Шаханов. Осы оқиғаға арнап кезінде мен мынадай өлең жазғам.

*Нар көңілдің жастығы ма,
Әлде оянған арман ба?
Жүз жасаған Жамбыл ақын кешегі,
О, керемет,
Грузияға барғанда,
Бір сұлуға ғашық бопты десегі.*

*– Міне, нағыз бүтінгінің батыры,
Қатал уақыт қарияны сала алмапты-ау тезіне.
Неткен қайсар сұлулық бұл, – деп бір орыс ақыны
Жас алыпты көзіне.*

*Иә, қарттар бар арғымағы – арманнан,
Жігерімен дүр сілкінткен даланы.
Сұлулықты сезінуден қалған жан
Бәрінен де қалады.*

Жер бетінде жел өшірген із аз ба,
Жігерсіздің өрісі әр кез тар болған.
Отызында кемпір болған қыз аз ба,
Жігіт аз ба отыз бесте шал болған?!

Кім жас,
кім қарт,
Уақыт өзі іріктер,
Ер көбейсін ат қып мінер қиялды.
Қарттық – оттың азаюы,
оты азайған жігіттер
Қай кезде де қоғам үшін зиянды.

Бақыттысың әр таң сайын көзіңді
Сұлулыққа суарудан қашпасаң.
Қартайдым деп, алдай көрме өзіңді,
Қарттық жаспен өлшенбейді ешқашан.

Айтматов. Әдемі қартая білудің үлкен өнер екенін, яғни қартайса да, жастығын жоғалтпауға болатынын сөзімен де, ісімен де дәлелдеп өткен санаулы да аяулы қарияларымыздың бірі тағы да осы Жамбыл екені даусыз. Әрине, бұл романтикалық эпизодты мифтік, аңыздық сарында қабылдаған жөн. Мұнда қиял ұшқырлығы басым. Төкпе ақындық стихиясының өзі осында ғой.

Кешегі тоталитарлық жүйе тұсында халық арасынан қайнап шыққан дарындарды коммунистік партия өз саясатының қолшоқпар-насихатшысы ретінде пайдаланғаны ақиқат. Хат танымаған соң, Жәкеңе арнайы хатшы бөліп, тіпті жырлайтын тақырыптарын да өздері таңдап беріп отырмап па еді?

Шаханов. Қазір де Жамбыл жайында ел арасында алыпқашпа сөз баршылық. Бірі Жәкеңде үлкен поэзия жоқ десе, екіншісі жеке басқа табынушылықтың сойылын соқты деп, кінәлайды. Құдайшылығына келсек, сол кезгі жазба әдебиетінің көрнекті өкілдерінің ілуде біреуі ғана болмаса, қалғаны түгелдей дерлік Ленин мен Сталинге жыр арнап, олардың "ұлылығын" жарыса мадақтамады ма? Заман солай болды. Әрі ол кезде жұрт көсемдерге қалтқысыз сенді. Кім-кімді де заманынан бөліп алып немесе оған бүгінгінің көзімен ғана қарап, бір жақты баға берсек, үлкен әділетсіздік жасағанымыз...

Айтматов. Дұрыс айтасың.

Шаханов. Жәкең қырғыздың небір от ауызды, орақ тілді ақындарымен, әнші-күйшілерімен ғұмыр бақи дос,

бауыр болып, екі елді өнерлерімен алма-кезек сусында-тып отырған ғой. Үлкен дарындардың кейде өз ортасына сыймайтын асаулығы да бар емес пе? Бастарына сондай алмағайып күн туа қалған сәтте, бір-бірін пана тұтқан.

Айтматов. Қырғыздың атақты ақыны Тоқтағұл со-нау Сібірде айдауда жүрген жерінен қашып шығып, өз аулына бармай, алдымен Жамбыл досына ат басын бұратыны осы бауырластықтың айғағы емес пе?

Шаханов. Әлбетте. Жәкең заманында таңды таңға ұрып, "Манасты" айтқан ғой. Және осы ұлы жырды орындағанда, қырғыздың көп жыршыларынан мойны озық түсіп тұрған. Атақты Мұраталы күйшімен өнер жарыстырғанын есітіп пе едіңіз? Сол сайыста Жамбыл қырғыздың он үш, ал Мұраталы болса қазақтың он бес күйін келістіре орындағанын көне көз қариялар соңғы кезге дейін жыр етіп айтып келді.

Мәсімхан Бейсебаев деген ақсақал кезінде Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарған. Сол кісінің Жамбыл жайында айтқан бір қызық әңгімесі есімде қалыпты.

– Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы кезім, – деп бастаған ол әңгімесін. – Жамбыл ауданы Алматы облысына қарайды. Жәкеңнің де атақ-абыройы аспандап, анау-мынау емес, Сталиннен де қолдау тауып, бүкіл Кеңес Одағының құрметіне бөленген шағы.

Бір күні:

– Ойбай, Жәкең жүзге таяқ тастам қалған шағында төсек жаңартамын, әйел аламын деп, қиғылық салып жатыр. Сөйлесіп, әңгімені пісіріп қойған адамы да бар екен. Алған бетінен қайтар түрі жоқ, – деген суық хабар жетті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов мұны естігенде, қатты шошыды. Екі қолын артына ұстап, кабинетін кезіп, сенделіп кетті. Шынында да, халқымыздың бетке ұстап, үкілеп отырған ардақтысының аяқ астынан бүлініп, төсек жаңартамын деуі, бір жағынан, күлкілі, екінші жағынан, сол кезгі қалыптасқан пуритандық моральға сыйымсыз оқиға екені анық.

– Мына сұмдықты ешкім естімесін, – деді Жұмабай Шаяхметов. – Тез арада тоқтату керек. Әлгі аламын деп ынтазары ауып отырған әйелдің кімі бар екен?

– Колхозда еңбек ететін баласы бар деп естідім.

– Жедел түрде ауданның бірінші хатшысымен, колхоз басқармасымен байланыс. Әйелді дереу айнытсын.

Бірақ Жамбылдың өзі сезіп қоймасын. Бұл ойды баласы арқылы іске асырған жөн. Шешесіне ие болмай жүрген не қылған маубас өзі?! Егер осы айтқаным орындалмаса, қызметіңмен қоштастым дей бер, – деп, Шаяхметов жұдырығымен үстелді қойып қалды.

Тура басшының айтқанындай ғып істі жымдастырдым. Әр түрлі деңгейдегі өңдеуден өткен әйел Жамбылға тұрмысқа шығамын деген ойынан айныды. Көңіліміз орнына түсіп, қуанышты хабарды Шаяхметовке жеткізгенше асықтық.

– Е-е, бәрекедді! Бір әйелге әлдерің жетпесе, не ғып ел басқарып жүрсіңдер, – деп, Жұмекеңнің де арқа-басы кеңіп, риза болды. Бірақ тағы да біздің іс-әрекетіміздің ақынға жетіп қалмауын қатты қадағалап тапсырды.

Араға біраз уақыт түскен соң, "Жамбыл қатты сырқаттанып қалыпты, төсек тартып жатыр екен" деген хабар алдық. Үкімет пен партияның Жұмабай Шаяхметов бастаған бір топ басшылары жолға шықтық. Жәкеңнің аулы – Алматыдан бар-жоғы жетпіс шақырымдай жер. Табиғаты келіскен, жанға жайлы, саялы өңір.

Барсақ, Жәкең төргі бөлмеде теріс қарап, бүк түсіп жатыр екен. Қаздай тізіліп тұрып берген сәлемімізге мойын да бұрмады. Тіпті адам келді-ау деп, елең еткен де жоқ. Әдейі қырсығып жатқанын білдік.

– Ассалаумағалейкум, Жәке, – деп Шаяхметов бастап, біз қоштап, қайта сәлем бердік.

Бұл жолы Жәкең сол теріс қарап жатқан қалпы құлағының тұсынан қолының ұшын ғана қылтитты.

Осы сәтте ішке кірген келіні Жәкеңнің кереуетінің астында тұрған шылапшынды алып, сыртқа беттеді. Сәлден соң Жәкең баяу аунап, басын жастыққа қойды.

– Ей, өңшең қызталақ, – деді сосын кіжініп. – Үйленейін дегенім шымшымдығым желпілдеп бара жатқандығынан емес. Орта жолда атың өлмесін деген, кемпірім кеткен соң, кәріп боп, келіннің қолына қарап қалдым. Атасының дәретін төгіп жүргенін байқаған шығарсыңдар. Обал болды ғой. Кемпір болса, келінге мұнша салмақ салмас едім. Оған сендердің өрелерің жете ме? Қаншама жыл қазақ мемлекетін басқарып жүрсеңдер де, бастарыңда шымшықтың миындай да ми жоқ, – деп, жүзін қайтадан теріс бұрып әкетті.

Айтматов. "Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді" деген – осы. Ақындық еркелік пен тапқырлық қалай жымдасып жатыр. Жалпы, қазақ пен қырғыздың айдарлы ақындары: Сүйінбай мен Қатағанның, Жамбыл

мен Тоқтағұлдың, Тоғолоқ Молдо мен Үмбетәлінің, Кенен мен Алымқұлдың қоян-қолтық араласуы бүкіл елдің ауызбірлігіне, ұйтқысына дәнекер болған ғой.

Жамбыл мен Шабданның өзара қатты сыйласып, ақиреттік дос боп өткені – өзінше бір тарих.

Шаханов. Иә, Шабдан батыр орыс армиясы полковнигінің шені мен дворяндық атағын алған, бірақ бұл лауазымын әлдекімдердей емес, өз қажетінен гөрі, ел мүддесіне жұмсаған.

Және ол қырғыз бен қазақ өнерпаздарын қатар қадір тұтқан, өзі даңқы асқан билік иесі – манап болса да, кішіпейіл, алды кең, жомарт адам екен.

Осы орайда екеу ара сырласу үстінде Асқар Ақаев айтқан мына бір әңгімелер еске оралады...

Қазақтың Жетісуін жырымен тербеген Жамбыл ауылдың тоң мойын, томар бас болыс, биіне өкпелесе, "бір бауыр қырғызыма – Шабданыма кеттім" деп, Алатаудың күнгейін бетке ала жөнеледі екен. Бірде Чоң Кемінді жайлап отырған Шабдан манап генерал-губернатор Колпаковскийдің тез жет деген шақыртуымен күймесін жектіріп, жанына ерер жігіт-желеңін сайлап, енді қозғала бергенде, есік алдына Жамбыл кеп, ат байлады дейді.

– Тоқтаңдар! Колпаковский жарты патша болса да, Жамбылдан үлкен емес. Сапарға екі-үш күннен кейін, Жәкенді шығарып салған соң ғана, аттанамыз, – деп, Шабдан ақын досына арнайы алты қанат ақ үй тіктіріп, елдің игі жақсыларын түгел шақыртыпты. Жамбылға "Манасты", "Сұраншы батырды" таң қылаң бергенше жырлатып, құмарын басыпты.

Шабданның анасы – Баалы бәйбіше: "Құлынымның мырзалығы кішкене сәби кезінде-ақ көзге түсті. Үш жасқа толғанша, омырауымды жалғыз өзі ембей, көрші-қолаңның өзі құралпы балаларын жетектеп әкеліп, бірге еметін", – деп айтып отырады екен.

Қырғыз бен қазаққа жомарт мінезі арқылы аты кең жайылған Шабданның жігіт ағасы кезінде түскен фотосуретінде өңіріне қадаған екі медалі бар. Ал қартайып, базары тарқаған шақтағы суретінде сол медальдің біреуі ғана көрінеді. Мұның сыры мынада екен. Бір күні Шабдан үйінде отырғанда, ел ақтаған қайыршы есігінен сығалапты.

Жөн сұраса, жастай жетім қалған, ағайын-туысы жоқ бір кембағал екен. Қайыр-садақа берейін деп, жан-жағына қарманса, қапелімде ештеңе қолына іліне қоймапты. Біткен дәулеті қайтып, жалғыз көк бұқасы

қалған тұс екен, сонда өңірінде сыңғыр қағып, жарасып тұрған, орыс империясынан алған қос алтын медальдің бірін шешіп, әлгі қайыршының алақанына салып:

– Бішкектің базарына апарып сатып, ақша қыл, не малға айырбаста. Сөйтіп, қазіргі тілемсек өміріңді өзгертуге қам жаса, – депті.

Байаке дегеннің Седеп есімді отымен кіріш, күлімен шығатын жалшысы болыпты. Өзінің көзі қыли, тілі шұлжің, үріп шығар иті де жоқ, екі керегенің басын қосып байлаған күркесі ғана бар бейшара екен, ара-тұра ашу қысып, ызаланғанда:

– Не ер алмады, не жер алмады, – деп, шұнақ тағдырын тілдейді екен.

Бір жылы Байаке күздіктен қыстауға көшкенде, әлгі әйел жұртта жападан-жалғыз қалып, түнімен күркесін қасқыр қамап, шыбын жаны көзіне көрініп шығады. Келесі күні кіші бесін кезінде есік көзінде тұрса, сонадайдан желе жортып, Шабдан мен Байаке бастаған бір топ салт атты өтіп бара жатыпты. Мұны көре сала, жүрегі жарыла қуанған Седеп:

– Чабдан бати, мақсым ішіп кетіңіз, – деп ышқына айғайлайды. Мұны естіген Шабдан жанындағы би, болыстардың кіржіндегенін қаперіне де ілмей, ат басын күркеге қарай бұрыпты.

Батыр Седеп ұсынған шеті сынық ыдысқа құйылған дәмді ала бергенде:

– Ей, күң, мұныңды батыр ішпейді. Әкет әрі, – деп, Байаке қолын қақпалапты.

– Салт бойынша дәмнен үлкен емеспіз. Әкел бері, – деп, ат үстінде тұрған Шабдан мақсымды тартып жіберіпті.

– Паһ, шіркін, мақсымыңыз бабында екен, шөлдеп келе жатыр ем, мейірім қанып қалды. Бүгінше шыдаңыз, біздің ауылдың жігіттері ертең келіп, көшіріп әкетер, – деп, батыр ат басын жолға салады.

Біраз жүрген соң:

– Әй, Байаке, аулыңның бір панасыз әйеліне шапағатың жетпей жүріп, жалпақ жұртты билегің келетінін қайтейін, – деп налыпты. Артынша Шабдан Седептің үстіне төрт қанатты қараша үй тіктіріп, алты қой, бір биесін апарып, босағасына байлатыпты.

Сол жолы Шабдан манап бейшара әйелдің ашыған сусынын шөлдегеннен емес, жарым көңілі көтерілсін, болашағынан үміт үзбесін деген желеумен ішіпті деседі ел.

* Мақсым – қырғыздың тарыдан жасалатын ұлттық сусыны.

Әйтпесе, барша қырғыз хан тұтып, алдынан кесе өтпеген Шабдан мақсымға зәру боп келе жатпаса керек.

Орыс империясының отарлау саясатына өмір бойы қарсы боп өткен, алайдың әйел патшасы атанған Құрманжан датқаны генерал Скоблев тұтқынға түсіріп:

– Балаларың қайда? – деп сұрағанда, қайсар әйел:

– Шынары қолдарыңда, шырпығы қайда барар дейсің, – деп жауап беріпті. Әйелді бағындырып, айдағанына жүргізе алмай, кектенген генерал Құрманжанның сыртынан отыз әскерін күзетке қойып, қамауда ұстаған. Сонда Шабдан келіп, араша түсіп: "Егер датқа қашып кетер болса, орнына мені атыңдар", – деп, Құрманжанды босаттырып алыпты.

1909–1911 жылдар аралығында туған жері Чоң Кеминнен "Шадмания медресесін" аштырған, одан білім алып, сауат ашқан қырғыз, қазақ, өзбек, орыс балаларын өзі жетелеп апарып, Верныйдегі гимназияға, Бішкектегі бау-бақша оқуына кіргізіп отырған.

Батыр қартайған шағында балаларына: "Манаптың соңы – мына мен, сендер шеннен дәметпей-ақ қойыңдар. Байлық та, байлықпен келген атақ та баянсыз нәрсе екен. Одан да жер өңдеп, дән өсіріңдер, адал маңдай терлеріңмен күн көріңдер", – деп өсиет айтыпты.

Айтматов. Тарих, әдетте, құжатталған фактілермен расталып отырады. Ал біздің халықтарымыздың тұрмысында болған оқиға көбіне-көп аңыз-әпсанаға айналып кетеді. Замандастары мен кейінгі ұрпақтардың оқиғаға көзқарасы да осымен көлегейленіп тұрады. Оқиғаның мәні мен халықтың бағасын білдіретін аңыз-әңгімелер бізге осылай жетеді. Мәселен, Шабдан жайында айтылып келе жатқан сондай әңгімелердің тағы бірі мынандай. Ауыл қариялары айтып отырар еді, 1912 жылы болса керек, Шабдан рухына бағышталып ас беріледі. Алатаудың күңгейі мен теріскейіндегі ел асқа тегістей шақырылып, қырғыздармен қатар, қазақтардың игі жақсылары ауыл үстін шаңға бөктіріп келіп жатты дейді. Шабдан батырмен тірісінде терең сыйласқан Жамбыл қасына қос інісі – Кенен мен Үмбетәліні ертіп, асқа күні ілгері жетіпті. Аламан бәйге аяқталып, айтысқа кезек тиеді. Екі елдің ірі ақындары алма-кезек топтан суырылып шығып, жырдың шоғын маздатқан. Дөкей бектер мен манаптар қазы, қартаға бөгіп, қымызға қызып отырғанда, қазақ ақыны Үмбетәлі Кәрібаев ақ қаптал болып қалған шешен домбырасын қолға алып, қырғыз бен қазақтың бауырластығын,

Шабдан сынды марқасқаны, Тоқтағұлдай өрен жүйрікті жырға қосып, әуелете шырқайды. Тоқ тағұлдың аты аталуы мұң екен, пейілденіп отырған бектердің бірі кірпідей жиырылып:

– Қысқарт! – деп ақырып жіберген. – Әй, айыпкер қашқын, шық үйден! – деп, Жамбылдың оң тізесін баса отырған Тоқтағұлға зекіпті. Ұлы ақынның Сібірден, айдаудан қашып келгенін бетіне баспақ бопты.

Осы сәтте Жамбыл ашуға мінеді:

– Әй, шырағым, – деп, әлгі астам сөйлеген бекке шүйілді дейді. – Шабдан жалғыз қырғыздың ғана біртуар арысы емес, шапағаты қазаққа да көп тиген қимасымыз еді. Мына отырған Тоқтағұл да сондай екі халықтың телқоңыр перзенті. Бірін – мақта, екіншісін – датта дегендерің қай тасқандарың? Тоқтағұлдай ақынды қырғыз бен қазақтың әйелдері бір ғасырда бір-ақ рет тууы мүмкін... Енді Тоқтағұлға қарсы бір ауыз әңгіме айтылса, асты тастап кетуге мәжбүр боламын!

Жөн сөзге жығылған Шабданның үрім-бұтақтары Жамбылдың иығына оқалы шапан жауып, алдына ақ боз арғымақты көлденең тартады.

Сонда Жамбыл:

– Құрметтеріңе мың мәрте рақмет. Бұл сыйлықтарыңның иесі Тоқтағұл болсын. Сібірден іргесі жалаңаштанып, қажып келді ғой, – деп, ел-жұрттың көзінше қияметтік досының абыройын тағы бір көтеріп, өзіне тартылған сый-сыяпатты түгелдей Тоқтағұлға бұрыпты.

Шаханов. Жалған дүниеден көрер қызығы, татар дәмі таусылардан аз уақыт бұрын Жәкең айналасына ауылдастарын, ағайын-тумасын, немере, шөбересін жинап алып:

– Ал, қарақтарым, жақында орталарыңнан қайтпас сапарға аттанғалы отырмын. Түнде түсімде Сұраншы Сарыбай тапсырған қызыл жолбарыс босағамнан шығып, Алатаудың күнге бетіне, қырғыздарға қарай жортып кетті. Соңынан үш рет "кішәйт", "кішәйт" деп шақырғаныммен, қайырылмады. Сүйегімді өзім өсірген баққа жерлендер... – деген екен.

Шіке, халқымыздың жау жүрек батырлары мен шешендерінің, арқалы ақындарының бәріне бірдей емес, таңдаулыларына ғана қонатын аң, жануар бейнесіндегі жебеуші иесі болған деседі. Олар әрдайым түске еніп, аян беріп, қолдап, қорғап отырған. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбектің жебеушісі – қос қабылан, Кемпірбай ақындікі – көкала үйрек, ал Жәкеңнің пірі – қызыл жолбарыс еді дейді.

Жамбылдың ұрпағы, жазушы Нағашыбек Қапалбеков деген ініңіз жаныңызға ұлыңыз Асқарды ертіп, ақын аулына келгеніңізді, Жамбылдың қасиетті бағына балаңызды аунатып алып, кесенесіне тәу еткеніңізге куә болғанын әңгімелейді.

Айтматов. Бәрі де әлгінде өзің әңгімелеген бауырластықтың жаңғырығы ғой. Жас күнімде бір қарияның аузынан естіген мына әңгімеге назар аударшы. Жамбыл дүние салған тұста, үкімет басындағы кейбіреулердің жеке қырсыздығынан болар, қырғыз еліне хабар тие қоймапты. Марқұмның жетісіне қалың ел жиналып, кәдесін беріп жатқанда, аттарын ақ терге малып, Алымқұл бастаған қырғыздың үш төкпе ақыны ботадай боздап жетті дейді. Келе, ат үстінде қомыздарын сайлап:

– Уа, бір туған бауырлар! Жәкем тек қазақтың ғана мақтанышы, қазақтың ғана меншігі ме еді? Қырғызсыз қалай көмдіңдер?! Тарқамайтын өкпеміз бар, қазір зиратын ашыңдар, қырғыз халқының атынан бір-бір уыс топырақ саламыз, – десіп, алма-кезек жыр толғап тұрып алған. Ұятқа өртенген жұрт ағайынның орынды өкпесіне шыдай алмай, жер шұқи берген. Сонда қалың елді қақ жарып, Жамбылдың өкшелес інісі Үмбетәлі Кәрібаев домбырасын қолға алып, ұзақ-сонар жыр төгіпті. Қазақ пен қырғыздың сан ғасырлық бірлігін, Жамбылдың: "Сүйегім қазақ болса да, етім қырғыз" деп жырлауының түпкі себебін, хабар жеткізуге тиісті әлдекімдерге бола, ет-бауыр екі ұлттың арақатынасына сызат түсірмеу қажеттігін айта келіп, қазақ елінің атынан кешірім сұрап, үш ақынның алдына бөркін, шапанын, белдігін тастап, тізерлеп бас иіпті.

"Ағайын бірде өлде, бірде тіріде" демекші, өкпелері қара қазандай болып келген қырғыздың үш арысы мұны естігенде, аттарынан түсіп, ел-жұртқа өлеңмен көңіл айтқан.

Бұдан асқан бауырластық дәстүр бола ма?!

Эпикалылық және романтикалылық атаулыға біздің ұлттық бейімділігіміз өзінше, аңыздарымыз да тіл үйіретіндей тәтті, татымды болып келеді, бірақ романтизм аясы тарлық ететін бітімі бөлек – мысқылшыл, өз дегенімен өмір сүретін дара тұлғалар да болған ғой. Біздегі сондай кісілерден өзімнің көріп қалғандарым Райхан Шүкірбеков пен Мидин Әлібаев еді. Ал Бауыржан Момышұлы сондай өзгеше тұлға.

Шаханов. Сондай болғанда қандай! Ол – қазақ халқының феномені. "Әскери өмірде де, жазушылық

жолымда да полковник шенінде қалдым" деп, өзі кішіпейілдікпен айтқанымен, менің пайымдауымша, бұрынғы Кеңес Одағында Бауыржан Момышұлындай трагедиялы әрі бақытты тағдырдың адамы өте сирек. Баукең туралы Әзілхан Нұршайықов "Ақиқат пен аңыз" атты тамаша кітап жазды. Отан соғысы жылдары көзсіз ерлігі мен алғырлығы аңызға айналған Момышұлының үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылып, бір рет те ала алмауы, әскери академияны бітіріп, генералдарға дәріс бере жүріп, полковник дәрежесінен жоғарыламауы жайында кітапта қызық мәліметтер бар.

Сіздің жазушы достарыңыздың бірі – Тахауи Ахтановтың Баукеңді ақырғы сапарға ұзатып салар қаралы жиында тебіреніп тұрып: "Он жыл в стандартное время нестандартным образом", – дегені қанатты сөзге айналып кеткен.

Баукең Кеңес дәуірінің сирескен дайын қалыбына сыймай, өз талғамына сай тірлік кешті. Шындықты бүкпесіз бетке айтуға дағдыланған алмастай өткір мінезі оны атақтан да, шеннен де қақты.

Қарапайым бейбіт өмір тұрмақ, соғыс кезінде де әділетсіздіктер аз болмаған ғой. Қол астындағы әскерді 272 мәрте соғысқа көтеріп, түгелге дерлік жеңіске жетіп отырған Момышұлының еңбегі – Отан соғысындағы жарқын беттердің бірі. Кейбір шет мемлекеттердің әскери мектептерінде оның тәжірибесі пән ретінде оқылып келгенін тегін дей аламыз ба?

Айтматов. А. Бектің "Волоколам тас жолы" шығармасын Жамбыл мал дәрігерлік техникумында жүргенімде оқып, Баукеңе сырттай сүйіспеншілігім оянған. Ол өзінің ерлігімен, азаматтық қайсар тұлғасымен бірнеше ұрпақтың құрметіне бөленіп үлгерді. Мен сондай даңқты батырдың арамызда тірі жүргеніне таңданатын едім әрі маған ондай тұлғалардың бәрі өткен ғасырларда ертегілермен бірге жасасып өтіп кеткендей көрінетін.

Кейін Лениндік сыйлық алғанымда, Баукеңнің Алматыдан көңіл толқытар жеделхат жолдап, ағынан жарыла құттықтайтынын, Мәскеуде, Алматыда талай мәрте жүздесіп, емен-жарқын сырласатынымызды қайдан білейін? Бірде Арбаттың бойында жолығып қалған батыр ағамыз:

– Шыңғыс, ел арасында мен жайлы 120 вагон өсек бар, соның 1 вагоны шындық та, қалған 119-ы өтірік. Фидель Кастроның арнайы шақыруымен Кубаға барға-

нымда, – деп әңгімесін жалғады ол, – сүйріктей қоңыр қыз жаныма жетіп кеп:

– Полковник, Сіз жөнінде көп оқығандығымнан болар, кішкентайымнан өзіңізге сырттай ғашықпын. Қаласаңыз, әйеліңіз болайын. Еліңізге алып кетіңіз, – дегені.

Еш қымсынар емес, еркелей басып, қарсы алдыма кеп тұрды.

– Бойжеткен, – дедім сонда көзіне тік қарап, – қазақта "Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман әйел қайдан шығар" деген мақал бар. Сен менің мінезімді білмейсің ғой, білсең, бұлай айтпас та едің...

Өзі сұранып тұрған қызды некелеп алып келсем ғой, мен жайлы өсек-аяң 200 вагоннан асып жығылар еді...

Екеуміз жарыса күлдік.

Шаханов. Баукеңнің Шымкентке келген бір сапары есімде қалыпты. Онда республикалық "Лениншіл жас" газетінің Оңтүстік облыстардағы меншікті тілшісі едім. Жылт еткен жаңалықты қақшып алып, күн сайын газетке төпелеп жатқан 22 – 23-тердегі жігіт кезім. Бір күні газеттің редакторы, өзіңіздің шығармаларыңызды қазақ тілінде тамаша сөйлеткен жазушы ініңіз – Шерхан Мұртаза телефон шалып:

– Баукең Сарыағаш дауажайына демалғалы бара жатыр. Ертең таңертең Шымкенттен пойыздан түседі. Облыс басшыларына хабарла, далаға барғандай болмасын. Күтіп алуға өзің де бірге шық, – деп, тиянақтап тапсырды.

Қолма-қол облыстық партия комитетінің хатшысы Сүлеймен Задинге телефон шалып, Момышұлының келе жатқан хабарын жеткіздім. Сүкең көпке дейін үнсіз қалды. Біраздан кейін:

– Мұхтар, – деді терең тыныстап. – Батыр ағамыз былтырғы жылы жұрттың көзінше сөгіп, көңілімді қалдырған. Мен қарсы алмай-ақ қояйын. Жедел шаруамен көрші ауданға кетіпті дей сал. Бірақ бұл әңгіме осы жерде қалсын. Обкомнан машина бергізейін. Қаладағы Баукеңнің өзі оқыған Сыпатаев атындағы мектептің директорына менің атымнан телефон соқ. Пионерлер гүл ұстап шықсын. Қалған шаруа саған аманат.

Енді өзім қобалжи бастадым. Қылдай тайсаң, бет-жүзің бар демейтін батырдың сырттай дақпыртын естіп жүрмін. Атақты Александр Бектің өзіне "Волоколам тас жолын" жазарда: "Бір ауыз жалған сөз қоссаң, сау-сағынды шабамын!" – дейтін Баукең кімнен қаймықсын.

Жеңіс күні қарсаңында сұхбат алуға тапсырма берілген бір журналистің: "Ойбай, Бауыржанға жұмсағанша, торда тұрған арыстанның арқасын сипап кел дегендерің әлдеқайда жеңіл ғой" – деп, газет редакторына азар да безер болғанын өз көзіммен көргенмін.

Тіпті мынадай бір хикаяны жұртшылық көпке дейін аңыз ғып айтып жүрді.

Ол кезде жазушылар өзгелерге қарағанда әлдеқайда ауқатты тұратын еді ғой. Тіпті орташа жазушының өзі жыл аралатып шыққан кітабының қаламақысына бір машина сатып ала беретін. Олар кейде үкімет бағасымен берілетін жеңілдікті де пайдаланатын. Баукеңнің де машинасы бар. Анда-санда ғана Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, әдебиет, өнер адамдарына ерекше қамқор боп жүретін Асанбай Асқаровқа телефон шалып, жүргізуші шақыртып, қажет жеріне барып-келіп жүреді деп еститінбіз. Жалпы алғанда машинасы мінілмей, қаңтарылып тұрады десе де болғандай.

Жыл сайын көрші республикалардан келіп, машина сатып алушылар Жазушылар одағын төңіректетіні. Ондағы ойлары: жазушы деген есеп-қисапқа жоқтау халық, машинасын арзандау бағаға саудалап, майлап, сырлап, қымбат бағаға кері жөңкітіп жіберуге әбден қолайлы. Екі ортада пайдаға қарық боласың да қаласың.

Сөйтіп дәнiккен қулар бiр жазда жазушыларды тағы да ығыр ете бастайды. Сонда ерегiскен бiреу тұрып: "Бауыржан машинасын сатады деп естiдiм. Барып, саудаласып көрiндер. Тiлiн тапсаңдар, өзi жомарт адам, тiптi тегiн берiп жiберуi мүмкiн", – деп, екi пайдакүнемдi Момышұлының үйiне жұмсапты.

Баукең ертеңгi шайын қанып iшiп, үстiне шапанын жамылып, газет қарап отырса керек. Екi саудагер есiк қағып, iшке енiптi. Қазақтың салт-дәстүрiн қатаң ұстанған қонақжай Баукең танымаса да, екеуiн төрге шығарып:

– Әй, қатын, қазан көтер, – деп, асүй жаққа дауыстайды.

Екi қолын алдарына сыйдыра алмай отырған қос қонақ мұрын астынан мiңгiрлеп, негiзгi шаруаларын айтпақ боп, қозғалақтай бастағанда, батыр:

– Тоқтаңдар! – деп шорт үзедi. – Қазақтың дәстүрi бойынша, мейман сыбағалы асын жеп болмай, келген шаруасын ауызға алмайды.

Шай iшiледi. Артынан үйме табақ ет келедi. Тамақ жеп, қол шайып, қайтадан жайғасқан меймандарына Баукең:

– Ал енді келген шаруаларыңды айта беріңдер. Рұқсат, – деп, өзі темекісін жайбарақат езуіне апарады.

Сонда таңертеңнен бері құдайдай сыйлап стырған қонағының бірі тұрып:

– Сізді машинасын сатады деп естідік... Мінбейтін көрінесіз... Сатсаңыз, біз алар едік, – деп кібіртіктеп әңгімесін бастайды.

Табиғатында сатуды, бір затын біреуге саудалауды білмей өткен әрі олай етуді өзіне ар санайтын мәрт адам қаны басына шапшып, мұрты тікірейіп, орнынан атып тұрып, жазу үстелінің суырмасынан пистолетін суырып алады да:

– Встать! – деп ақырады. Тізелері діріл қаққан екеуі орындарынан жалма-жан ұшып тұрады.

– Ложись! – деп бұйырады қайтадан.

Жан тәтті емес пе, қолына пистолетін ойнатқан Момышұлының "встать!", "ложись!" деген әмірін амалсыздан орындап, 40–50 рет жатып-тұрған әлгілер ақыры қара терге түсіп, діңкесі құриды.

– Кругом! – дейді әлден уақытта құшыры қанған батыр. – Марш! Машинаны сендерге сатқанша, өртеп жібергенім артық!

Осындай әңгіменің неше атасын естіп жүрген Баукеңнің алдынан пионерлерді ертіп, жалғыз шығуға жүрексіндім.

Оңтүстікте Нарбай есімді ақын өтті. Мінезі аса қызық адам еді. Жазғандарын оқудың өзіне кереметтей төзім қажет болатын. Соңғы бір-екі әрпі ұйқасса бітті, мұрнынан жіптей тізіп, өлең құрай беретін. Онысына қарамай, мінезі шәлкес еді. Жұрт адуын мінезінен қаймыға ма, әлде жасы үлкенді сыйлап үйренген дәстүр ме, әйтеуір, Оңтүстікте өтетін түрлі жиындардың басықасында сол кісі жүретін.

– Бауыржан – аталас інім, күні бүгінге дейін алдымнан қия басып өткен емес, – деп бөскенін талай есіткенмін.

Жаным қысылған соң, Нәкеңе телефон шалдым.

– Аға, сіз Бауыржан Момышұлын білесіз ғой? – дедім амандық-саулықтан соң.

– Әй, не деп оттап тұрсың өзің? – деді ол шақ ете түсіп. – Білесің бе дегенің не сенің? Ол менің інім емес пе? Жат десем, жантаяды, тұр десем, қарғып тұрады.

– Онда бітті, – дедім қуанышым қойныма сыймай. – Баукең ертең таңертең "Алматы – Мәскеу" жүрдек

пойызынан түседі. Қарсы алуға бірге барайық. Мен Сізді машинамен ала кетейін.

Телефон құлағын орнына қойып, уһ деп демімді бір алдым. Зиян тартпасым анық. Жасы үлкен кісіні Баукең қатты сыйлайды. Рулас туысқандығы болуы да ғажап емес. Тек "жат десем, жантаядысын" кәнігі бөспелігіне жорыдым.

Келесі күні таңертең Нәкеңді машинаға отырғызып, бірден вокзалға тарттым. Үш пионеріне гүл ұстатып, Сыпатаев атындағы мектептің оқу ісінің меңгерушісі Жұмағұл Сәрсенов те жетіп үлгерген екен. Жүрдек пойыз межелі уақытта келіп, перронға тоқтады. Ішінен Баукең де түсті. Демалысқа кетіп бара жатса керек, гимнастерка киген екі солдат екі үлкен қол сандықты батырдың қасына әкеліп қойды.

Дәстүр бойынша, Баукеңе алдымен жасы үлкен Нарбай ақын барып сәлемдесті. Шынында да, жақсы танытыны көрініп тұр. Сәрсенов барып қолын алып, қаздай тізіліп тұрған пионерлері гүл берісті. Мен амандаса сала, қос қолсандыққа жармастым.

Баукең жүзін жылытып, пионерлердің маңдайынан сүйіп, бауырына басып, рақметін айтты. Вокзалдың сыртында тұрған машинаға қарай қозғалдық. Осы сәтте Нарбай:

– Бауыржан, келінді ала келмедің бе? – деп қалды.

Баукең естімеген сыңай танытты.

Соңынан ере түскен Нәкең алғашқы сұрағын қайталады.

– Бауыржан, келінді неге ала келмедің?

Бұл жолы да батыр тіл қатпады.

Машинаға да таядық. Баукеңді өкшелеп келе жатқан Нарбай әлгі сұрағын патефонның бір орында тұрып айналатын сынық табағындай тағы қайталады.

Осы кезде Баукең кілт тоқтады. Бір қырындап қабағын түйіп, мұртын тікірейтіп:

– Келінді қайтейін деп ең, алжыған шал! – деді тістеніп. Нарбай селк ете түсіп, боп-боз боп сала берді.

– Ж-ж-жәй, әншейін... Елді көрсін дегенім ғой... – деді сасқалақтап.

Аяқ астынан бір ши шығып кете ме деп, жүрегім алас ұрды. Сонымен "Восход" қонақүйіне жеттік. Баукең төлқұжатын қолыма ұстатты. Орын дайындатып қойғанбыз, қонақүй кезекшісіне толтыруға бердім. Бір таңқаларлығы, тозығы жеткен төлқұжаты екіге айырылып жатыр. Алғашқы суреті жапсырылған беті ішінде бос жүр.

Бөлмеге бас сұқсам, Баукең Нарбай екеуі әңгімелесіп отыр екен. Абыройым барында жылыстап кеткім келеді, бірақ қапелімде ретін таба алмай, әлекпін. Қозғала бастап ем:

– Бала, – деді Баукең гүр етіп, – төменде ресторан бар екенін білесің ғой.

– Білемін.

– Ендеше барып, заказ бере бер. Менің есебімнен. Қазір бес минуттан соң мына шал екеуміз түсеміз.

Ресторанға кіріп, төрдегі бір үстелге келдім де: – Заказ қабылдаңыз. Бауыржан Момышұлы келіп тамақтанады, – деп, даяшыны асықтыра бастадым.

– Это тот капризный старик, – деп, даяшы әйел зәресі қалмай, тыпырлады да қалды. Дереу үстел үстіне жаңадан дастарқан төсеп, тамақ қамдағалы ас үйге безіп жоғалды.

Айтқан уақытында Баукең мен Нарбай ақын да төменге түсті. Екеуі де жайдары, өте көңілді боп көрінді. Кешікпей, Жұмағұл Сәрсенов те біздің топқа қосылды.

Дәм үстінде Баукең біраз шешіліп, өткен жылы Ыстықкөлде демалғанын айта бастап еді, жанымызға Созақ ауданында совхоз директоры болып істейтін тығыншықтай семіз біреудің аяқ астынан келіп киліккені. Әлгі омыраулаған қалпы Баукеңнің тұсынан ұмтылып барып, Нарбайдың қолын қысты:

– Ассалаумағалеукум, Нарбай аға, өткен жолы біздің совхозға келіп кеткен екенсіз. Ауылда болмай қалғаныма Сіздің алдыңызда ұяттымын. Арнайы келіңіз. Күтеміз, – деп, желімдей жабысып, айырылар емес. Өзгемізге көз қиығын да салмады.

Бауыржан тағы жекіріп тастай ма деп, қипақтап отырған Нәкең, "иә, иә, жақсы, жақсымен" тез құтылғысы кеп, жаны шығып барады.

– Ал сау тұрыңыз, Нәке, – деп, әлгі бұрыла беріп еді, Баукең:

– Әй, жігітім, – деп саңқ ете түсті. Директор қайтып оралды.

– Мен Бауыржан Момышұлы дегенмін. Бір дастарқанның басында отырған үш-төрт адамды алалап сәлем бергенді қай атаңнан көріп едің?

Сасып қалған директор: – Ө-ө, кешіріңіз, кешіріңіз, – деп, есі шығып, сасқалақтап қалды. Ортаға түскен Нәкең: "Бұл бәленше деген совхоздың директоры", – дей бастап еді, Баукең:

– Өз мәдениетін түзей алмай жүріп, жұртты қалай басқармақ? Марш! – деді тағы да мұртын тікірейтіп.

Тамақ желініп бітті. Өз қалтамнан төлеп жіберуге оқталғанмен, ақшам жетер емес. Құжатымды қоса тастап кетейін, кейін есеп айырысқан соң алармын деген ойға бекіп, қалтама қол сала бастап ем:

– Әй, бала, қалтаңа қол жүгіртпей, тыныш отыр, – деп Баукең тыйып тастады. – Күні бүгінге дейін өзім отырған жерде ешкімге ақша төлетіп көрген емеспін.

Даяшыны шақырып алып, ақшаны есептетті. Даяшы келіншек қатты сасып, әрі онысын жасырғысы келіп, көзін күлмендетіп, бөксесін бұлтыңдатып, "бәлен сом, бәлен тиын" деп еді, Баукең айтқан ақшасын қолына ұстатты да:

– Я вам не кавалер и передо мной қылтың-сылтың не полагается. Марш! – деп, бейшара әйелге тіктеп қарады.

Айтматов. Өзімсініп еліне еркелеген Момышұлы – мінезінің артық-кемі, кедір-бұдыры мол болғанымен, туған халқының үлкенге – ізетін, кішіге – құрметін ұмытпай, қастерлеп өткен аяулы тұлға.

Шаханов.

*Бірдей төзіп ыстыққа да, салқынға,
Жер бетінде жатпай ма алтын
көзден таса қалпында.*

*Қашан қазып алғаныңша, күтетін
Шындық кейде ұқсайды сол алтынға.*

Ерте ме, кеш пе, шындықтың салтанат құрары анық.

Отан соғысынан соң араға жарты ғасырға жуық уақыт салып, Кеңес үкіметі тарардың алдында, Нұрсұлтан Назарбаевтың қайта-қайта хат жазып, талап етуінің арқасында, Мәскеу Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Бұл қуанышты барша қазақстандықтар айтулы мереке ретінде атап өтті.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының мәселелерімен шұғылданып жүрген тұсым еді. Горбачевпен жолығуым алдын ала келісіп қойылғандықтан, Мәскеуге ұшар алдында Қазақстанның белгілі бір суретшісін шақырып алып, ақ арғымақтың үстінде қолына найза ұстап тұрған Баукеңнің суретін салдыртып, астына мынадай өлең жаздым:

*Көз жұмғанша ел мүддесін туғып ұстап қасарған,
Ар мен Намыс сөз болғанда, өзіңнен кім аса алған?!
Бір ғажабы, қан майданда көзсіз батыр атанып,
Куәлігін жарты ғасыр кеш алған
Сендей қайсар перзент туу – әр әйелге бас арман!*

Шағын сыйлығымды сол кезде қарамағымда істейтін Оралжан Масатбаевтан Момышұлының шаңырағын ұстап отырған ұлы мен келіні – Бақытжан мен Зейнепке беріп жібердім. Бұл – өзім асқақ адамгершілігі мен қайталанбас мінезіне тәнті болған батырдың өшпес рухына деген үлкен құрметімнің кішкене ғана жаңғырығы еді.

Айтматов. Манастың 1000 жылдық тойына Талас даласына кетіп бара жатқанымызда, Жамбыл қаласын кесіп өтпедік пе? Облыстың сол кездегі әкімі Өмірбек Байгелді өзі бас болып, қаланың көрнекті жерлеріне Момышұлының қанатты сөздерін екі қабат үйдің биіктігіндей ғып әсемдеп жаздырып қойыпты. Бұрын партияның қасаң ұрандары мен шақыруларына көз үйреніп қалғандықтан ба, мына көрініске еріксіз сүйсіндім.

Шаханов. Бішкектегі Қазақстан Елшілігіне бірде американдық жас ғалым Ден Приор келді. Екеуара өткен шырайлы сұхбат үстінде ол:

– Биыл сіздің елдің ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың қырғыз даласына саяхатқа шығып, “Көкөтай ханның асын” жазып алғанына 140 жыл толады. Бұл ғылыми мәні бар оқиға екені даусыз. Қандай әзірліктеріңіз бар? – дегенде, шыны керек, қатты ыңғайсызданып қалдым.

Мұхиттың арғы бетінде жүрген азамат Шоқанның ғылыми мұрасын қастерлегені соншалық, аяулы ғалымның ғылыми еңбектерін, салған суреттерін өзінше ой елегінен өткізіп, Шоқан аралаған Ыстықкөл баурайын, Қызыл Үңгір бойын, Манастың Бозтөбесін жаяу шарлап, Түп шатқалын фотосуретке түсірген. Сөйтіп, осыдан бір жарым ғасыр бұрын 21 жасар қазақ ғалымы салған шатқал суретінің түпнұсқасы мен бүгінгі бейнесін салыстыра зерттеген.

Айтматов. Мұха, бозбала жасында Шоқан ерлікке парапар іс тындырған ғой. “Манас” сынды ұлы эпос барша түркі жұртына ортақ мұра десек те, түпкі иесі – қырғыз халқы. Осы сарқылмас қазынаны тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, Еуропаға танытқан кісі – Шоқан. Ол кезде бұл шет ел қауымына түркі фольклорындағы “египет пирамидасын” ашқанмен бірдей болатын.

Иә, Шоқан сол сапарында Түп жайлауында отырған қырғыз жыршысына жолығып, күнделігіне мынадай сөйлемдер түсірген: “Бүгін менде қырғыз жыршысы болды... “Манас” жырының бір тарауы саналатын “Көкөтай

ханның асы" дейтін жырды осы қырғыз ақынының айтуынан жазып алдым. Бұл қағаз бетіне бірінші рет түсірілген қырғыз сөзі болуы керек. Жырды мен орысшаға аударып жүрмін. Шығысты зерттеуші ғалымдарды белгісіз тілмен таныстыру үшін, қысқаша сөздік жасамақ ойым бар."

Әскери экспедицияның құрамында жүрген жас Шоқанның қырғыз халқының ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, тұрмыс-салтына назар аударып, ілтипатпен қарауында ажырамас бауырластық, түйсік (инстинкт) жатқан жоқ деп кім айта алар?

Шоқан өзі жазып әкеткен "Көкөтай ханның асы" тарауын орыс тіліне аударып, 1861 жылы Ресей Императорлық География қоғамының ғылыми кеңесінде академик Семенов-Тян-Шанский бастаған орыстың белгілі ғалымдарының сарабына салады. Кейіннен осы мәжіліс жайында атақты ғалым Н.И.Веселовский: "Шоқан орыс тілін қандай шебер қолдана білген. Қырғыздардың халық жырын аз сөзге көп мағына сыйғызып, сұлу, көркем бейнемен тамаша етіп аударған", – деп тамсана жазды.

Шаханов. Дұрыс айтасыз, жырдың бұл тарауы және қырғыздар жайлы зерттеу мақала Шоқан Уәлихановтың "Жоңғария очерктерімен" бірге 1861 жылы неміс, кейіннен ағылшын, француз тілдерінде жарық көрді. Сөйтіп, ұлы ғалым "Манас" эпосын тұңғыш рет әлем назарына алып шықты.

Айтматов. Қалай десек те, Шоқанның қысқа ғұмыры, тұлғасы құпияға, сырға толы.

Мынадай бір деректі Достоевскийдің әйелі Анна Григорьевнаның естелігінен оқығаным бар. Ш.Уәлихановпен дос болған орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевский Шоқан өлгеннен кейін, бірнеше айдан соң, таң алдында түс көреді. Түсінде Шоқан екеуі Ертіс өзенін жағалап, ағын суды тамашалап, сұхбат құрып жүр екен. Бұл кез Федор Михайловичтің бойдақ, өмірден қағажу көріп, қиналып жүрген шағы болса керек. Қыршынынан қиылған досының түсіне енгенін жақсылыққа балап, сол күні жазушы өзі ынтық боп жүрген Анна Григорьевна Сниткинаға сөз салады. Үйленген соң, екеуінің аса сыйластықты, тату-тәтті ғұмыр кешкені тарихтан мәлім. "Мен осындай жар тапқаным үшін досым Шоқанға көптен-көп қарыздармын", – деп, Достоевский аузынан тастамайды екен.

Қызық емес пе?

Шаханов. Шоқан көз жұмған соң, ғалымның Омбыдағы кадет корпусында бірге оқыған досы Г.Н.Потанин

Шоқанның әжесі Айғанымның Құсмұрында қоныс тепкен ордасына арнайы барып, әкесі Шыңғысқа көңіл айтқанын, көзіне жас алып, қамыққанын зерттеушілер жазды. Шоқанның Омбы, Петербург мұрағаттарында қалған қолжазбаларын іздеп тауып, баспадан алғаш жинақ етіп бастырып шығарған академик Н.И. Веселовский еді.

1865 жылы Шоқан қыршын жасында дүниеден өткен соң, араға көп жыл салып, достары оның басына мәрмәр тастан белгі қояды. 1917 жылы иманы қашқан бір кісәпір сол құлпытасты екіге бөліп, қол диірмен жасап, қалаға апарып, сатуды ойлайды. Бірақ мақсатына жете алмайды.

Сізге осы тас туралы, Шоқан мен Достоевскийдің достық сезімі жайлы бір балада оқиын.

Құлпытас кепиеті немесе кері тебу заңы

"...Сізге ғашық екенімді бүкпесіз айтқым келеді. Мен ешқашан және ешкімге де, тіпті туған ағама да осындай сезіммен елжірей берілген емеспін..."

(Федор Достоевскийдің Шоқан Уәлихановқа жазған хатынан)

*"Досым Федор,
Мына хат – соңғы хатым.
Соңғы тыныс,
Соңғы дем қалды жақын.
Жайшылықта айырмас ақ, қараны
Сыпсың сөздер бір сәтке тоқталады.
Тоз-тоз болған ағайын басын қосып,
Ертең мені жерлеуге ап барады.
Намыстыны өлімім ойландырсын,
Босқа төккен қалың жұрт қайран күшін.
Мені жерлеу арқылы өз ұлтының
Бір үмітін көмерін қайдан білсін?
Табылар-ау даңқымның жоқшылары,
Жалған жылау,
Жалған мұң кетсін әрі.
Бұл хат саған жеткенше, досым Федор,
Қабірімнің үстіне шөп шығады.
Қажет кезде кергітін шабандана,
Өкпем таудай заңға да, заманға да.*

Мен де өзіңе іңкәр ем елден ерек,
 Соңғы демім арналсын саған ғана.
 Мынау жалпақ әлемде өзендер бар:
 Төсінен самғатып ақ қанат шағалаларын,
 Мойындамайтын шектелу, шекара заңын,
 Бір елден бір елге кесіп өтетін,
 Байлығын сан ел несіп ететін,
 Еркіне бағындыра алмай,
 Табындыра алмай,
 Есер күш иелерінің есі кететін.
 Кер бұлаң тірлік кері тартып, арытқанменен,
 Кер қабақ мінез танытқанменен не түрлі,
 Ғаламға қарайтын толық күш, толық қанменен,
 Ойнауға болмайды алыптарменен.
 Ұлы адамдар ұлы өзендер секілді.
 Ұлы өзенім,
 Кім бар саған тең келер,
 Толқыныңды терең тартып шалқыдың!
 Тереңіңде жүзе алмаса пенделер,
 Онда сенің кінәң қанша, жарқыным?!
 Мейлі, ол да арыныңды тежемес,
 Айналаңда қызғаныштан тор құрар,
 Дарынының әлсіздігін өзі емес,
 Өзгелерден көретұғын сорлылар.
 Қай кезде де шын достықтың парқы – ұлы,
 Тиісті оған әркім басын июге.
 Бір адамды шексіз сүю арқылы
 Болады екен бүкіл ұлтты сүюге.
 Ерте ояндым,
 Ерте күлдім,
 Құштар едім өзіңмен бір гүлдеуге.
 Бірақ, әттең, келте өмірім
 Келмей қалды күрмеуге..."
 Матай тауын көлегейлеп, Ай қарады албырап,
 Қандай кәусар,
 Қандай бейқам таңғы уақ,
 Жұлдыздар тұр бір сұмдықты сезінгендей
 қалтырап.
 Таңғы ауамен алып соңғы тынысын,
 Шоқан мәңгі көзін жұмды...
 Аяқталмай қалды хат.
 Қырын келген ол ма, әлде ғасыр ма?
 Уыз шақта,
 Жиырма тоғыз жасында
 Шоқан солай екінші өмір бастады.

Ең айдарлы жұлдызынан айырылды
 Аңқау қазақ аспаны.
 Жылдар озды,
 Ескі тозды,
 Көнергі,
 Озғақ жылдар көнерте алмас өнергі.
 Бір кез Омбы түрмесінің тұтқыны
 Федор даңқы шарлап кетті әлемді.
 Шоқан жатқан Алтынемел төсі де
 Талай-талай той-думанға бөленді...
 Осыменен бітіруге болушы еді өлеңді,
 Уақыт қанша жасырғанмен өлмеген,
 Бір оқиға кездеспесе көлденең:
 Жай үңілсең, көрінбейтін астары,
 Ол оқиға – тағдыр, тағылым дастаны.
 Көп жыл бойы Шоқанның
 Бір топ орыс достары
 Ұлы адамның ұлы рухын азалап,
 Қайта-қайта ұлықтарды мазалап,
 Сонау Ташкент қаласынан алдыртып,
 Қырат үстін балға үнімен жаңғыртып,
 Мәрмәр тастан белгі орнатты басына,
 "Достан – дұға" осы да.
 Ізетті іске ізетсіздік жармасты,
 Ардан жұрдай бір безбүйрек албасты
 Ұрланып кіріп молаға,
 Екіге бөліп,
 Қол дуірмен жасап сол тасты,
 Сатпақшы бопты қалаға.
 Құныққан деген жаман, ә?
 Нені ұқсын сорлы есалаң кезде,
 Тағдырдың өзі салыпты оған қармақты.
 Мәрмәрді бұзып, қашаған кезде,
 Көзіне тастың ұнтағы тиіп, зарлапты.
 Таңменен таңға кірпігін қақлай
 Дөңбекшіп,
 Тулап,
 Бір тыным таппай,
 Жасаған емі қонбапты.
 Қанталақ көзі, қабынып ісіп,
 Артынша жерді қармапты.
 Нақ сол жылы көктемде
 Матай тауы маңындағы көк белге
 Қонып ұшқан сыңар аққу
 Петрбордың төбесінен өткенде,

Әлгі аққудың мұңлы әніндей
 Мұңлы хабар Федордың
 Құлағына жеткенде:
 – Шапағатқа суарылған сүйегі,
 Дос сезімде қасиет бар киелі.
 Киеліге қол көтерген жолығады бөгетке,
 Сауап бопты ойсыз, арсыз төбетке, –
 депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып,
 Досын аңсап, жанарына жас алып...

II

Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді,
 Арың өлсе, тәнің қатар өледі?!
 Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын,
 Артық кетсең, қатал қолмен тәубаңды еске салатын.
 Әрбір оғаш қылығыңды ұмытпаған, кешпеген,
 Ол – табиғат заңдылығы ғылым әлі шешпеген.
 Сәл көңіліме желік енсе, қасиетті сол заңға
 Қайшы келіп қалам ба деп сескенем.

Айтматов. Иә, адамның әр іс-қимылы түгілі, тіпті жақсы, жаман ниеті, ойының да жаңғырығы болмай қоймайды. Өмірдің осы құпиясы адамдардың негізгі түйсігінен әлдеқайда тереңде жатқанын түсіндіруге бағытталған ойлы шығарма екен.

Шаханов. Шіке, заманымыздың ұлы сазгері Дмитрий Шостакович қайтыс болғанда, "Музыкальная жизнь" журналына "Суреткер бейнесін еске алып" атты естелігіңіз жарияланды. Осы шағын ғана естеліктің өзінен бір-біріңізді соншама терең түсініп, достасып өткеніңіз айқын сезіледі.

Айтматов. Оның бір симфониясы жаймен ғана: "Дми-т-рий Шос-та-ков-ич" деп басталатын. Сол әуенді анда-санда ести қалсам, ұлы сазгермен жүздескен, сырласқан шақтар еске түседі...

Алғаш рет Шостаковичпен Мәскеуде Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет ғимаратында кездестім.

Keң дәліздің бойымен Твардовский екеуі жаймен басып, әңгімелесіп келеді екен. Александр Трифонович мені көре сала:

– Дмитрий Дмитриевич, танысып қойыңыз, біз айтып келе жатқан – Айтматов деген жігіт осы, – деді. Шостакович бетіме жалт қарап, аса бір мейірімділікпен жы-

миып, ұсынған қолымды аялай қысты. Содан бастап комитет мәжілістеріне жұп жазбай қатысып жүрдік. Шостакович ылғи да сөз алғанда, саясаттың сойылын соққан шығармаларды шетке қағыңқырап, көркемдік қуаты басым туындыларды қорғаштап сөйлейтін. Пікіріміз үйлесіп, көзқарасымыз табысып жатты.

Бір жолы әңгіmemіз Шекспирге ойысты.

– Арамызда Гамлеттер мен король Лирлер барда, Шекспир мәңгілік, – деп, Шостакович сөз төркінін бүгінгі күннің адамгершілік проблемаларына қарай бұра берді.

Кенет сазгерге:

– Жаңа Шекспирдің дүниеге келетініне Сіз сенімдісіз бе? – деп сауал тастадым.

– Шекспир болмағанмен, сол деңгейлес басқа бір данышпанның өмірге келуі анық.

– Менің бұған күмәным бар.

– Ендеше, мен сенемін, – деп, сазгер өз пікірін табанды қорғады. – Жаңа Шекспирдің өмірге келуіне қазіргі заманда мүмкіндік өте көп. Өйткені адамзат баласы еш ғасырда тап осындай жан-жақты рухта дамып көрген емес. Ерте ме, кеш пе, ұлы дарын пайда болады да, әлемді өнер құдіретіне қайтадан бас игізеді.

Мен бұл сөздерге еріксіз мойынсұндым.

– Шыңғыс, – деді ол маған сол жолы, – өзіңе деген екі өтінішім бар. Біріншісі – кейіпкерлеріңнің дүниеге деген философиялық көзқарасын шамаң келгенше тереңдете түс, екіншісі – санаулы ғұмырыңның әр минутын есепке ал. Қоғамдық жұмысқа көп уақытыңды ысырап етіп жүрсің. Бұл мағынада алғанда, менің өзім де сорлап жүргенімді білесің ғой...

Классиктің ағалық ақылын тірліктің алуан толқындарымен жағаласып жүріп, орындай алдым ба, жоқ па, өмірдің өзі көрсете жатар...

Шаханов. Дүниені әуенмен әдилеп өткен Дмитрий Дмитриевичпен алғаш қалай танысқанын Евгений Евтушенко былай әңгімелейді:

"1963 жылы көктемде біздің үйге телефон шалған музыкант әйеліме: – Мазалағаным кешіріңіз, біз сізбен таныс емес шығармыз, мен Шостакович едім... Евгений Александрович үйде ме екен? – депті баяу сөйлейтін дағдысымен.

– Үйде. Жұмыс үстінде, қазір шақырайын.

– О не дегеніңіз?! Шығармашы адамның ойын бөлмейік. Мен ол кісіге ыңғайлы кез келген уақытта қоңырау

шала аламын, – деп бәйек боп жатқанда, телефон құлағын қолыма алдым, сондағы айтулы тұлғаның менің бір өлеңіме музыка жазғысы келетіні, соған рұқсат сұрағаны және толқи шыққан даусы ғұмыр бақи құлағымда қалды.

Осы кішкентай ғана көрініс ұлы музыканттың асқақ адамгершілігі мен кішіктігінің куәсындай еді.

Қазірде екі өлеңнің басын құраса, есігіңе маза бермей, жұмыс істеп отырсың ба, демалып жатырсың ба, қаперіне алмай, өрекіп, "пікіріңізді айтыңыз", "сәт сапар тілеңізші" деп, тасыраңдайтын кейбір бейбастық жастарды көргенде, ұяла жымыып тұратын Шостаковичтің кіршіксіз бейнесі көз алдыма келеді".

Айтматов. Бірде Шостакович мені Горький көшесіндегі пәтеріне қонаққа шақырған. Отырысқа көрнекті сазгер Қара Қараев та қатысты. Кең залдың төрінде төрт музыкант үй иесінің он төртінші квартетін орындап жатты. Әншейінде жүзінен нұры төгіліп тұратын Дмитрий Дмитриевич бұл жолы қатуланып, тас-түйін боп бекіп алған екен. Жанында отырған маған ләм деп тіс жарған жоқ. Әлсін-әлсін кейістікпен бас шайқайды. Қараев болса екі көзі шоқтай жанып, ойналып жатқан музыкаға соншама тебіреніп, толқып отыр. Музыканың мазмұнын сұрап ем, ашып айту қиын, тек сезіну қажет деп, тіл қатты.

Шығарма бітісімен, Қара Қараев: "Ұлы туынды! Неткен ғажап та сарқылмас сезім!" – деп Дмитрий Дмитриевичті шын көңілден құттықтады. Әсерленгені, таңданғаны сондай, жанып кетудің аз-ақ алдында тұр.

Сазгер бұл құттықтауға жай инабат үшін бас изей салды. Сол суық қалпы: "Орындау әлі өз биігіне жеткен жоқ. Көп жерін үстірт, тек қана желдіртіп өттіңдер", – деп, музыканттарға қатты-қатты ескерту жасай бастады.

Қараев қарадай қысылып, сазгердің кейбір ашулы шыққан сөздерін жұмсартып, музыканттардың көңілін демеп жатты.

Ақыры квартетті тыңдауға қайтадан отырдық.

"Қарапайым өмірде инабатты да ұялшақ Шостакович шығармашылыққа келгенде өзіне де, өзгеге де қандай қатал", – деп, іштей таңданумен болдым.

Ұлы адам қасындағылардан да ұлылық қасиет көргісі кеп ұмтылады екен-ау...

Сол жылы көктемге салым сазгердің жұбайы Ирина Антоновна үйге телефон шалып, Дмитрий Дмитриевичтің сырқаты асқынып кеткенін, қырғыз тауларында өсетін

"Ыстықкөл тамыры" деген дәрілік шөпті тауып беруге көмектесуімді өтінді. Таластағы достарым мен туыстарыма дереу тау кезіп, шипа тамыр іздендер деп, хабар салдым. Олар араға бір жұма өтпей-ақ, дәрі тамырды қолыма тигізді. Мен оны сол күні Мәскеуге жөнелттім.

Араға біраз уақыт салып, біз Шостаковичтің саяжайында өте көңілді түрде бас қостық. Сазгердің екі қабатты саяжайында құрылымы өте қызық шағын лифт бар болатын. Менің кіші ұлым Асқарды сазгер өз қолымен жетелеп апарып, лифтінің тетіктерімен таныстырып, жоғары-төмен көтеріліп ойнады. Айналамызда балалардың көңілді күлкісі, үлкендердің жарасты әзіл-қалжыңы, несін айтасың, бір тамаша кеш еді және мұның ұлы суреткермен бірге өткізген ең соңғы сырласу, тіпті қоштасу кеші екенін кім аңдапты?

Өмірде де, шығармашылықта да теңіздің қос тамшысындай ұйқастық тапқан Дмитрий Шостаковичтің маған жолдаған екі хатын ең қымбатты естелік ретінде мұрағатымда сақтап жүрмін. Оның бірін сазгер "Қош бол, Гүлсары" повесімді оқыған соң, жазған еді. Екіншісінде ауырып, Қорған облысындағы Илизаровтың ауруханасында емделіп жатып, "Ақ кеме" повесім жайында аса ризашылықты пікір айтқан. Бұл – классиктің соңғы сәлемі еді...

Ой арқалап, өзіммен-өзім оңаша қалған кейбір сәттерімде Шостакович шығармаларының бірін құлағым шалып қалса бітті, жүрегім жылып сала береді

Өмірге деген шексіз іңкәрлік пен жанының мөлдір тазалығы – Шостакович әлемін құрайтын басты элементтер еді. Бұл – рухани қазынасы шексіз бай әрі аса мейірімді, жатқа да, жақынға да жақсылық жасауға әзір тұратын, кішіпейіл де кісілігі мол таза орыс адамының бірегей бітімі болатын. Ой, дүние-ай, десеңші!..

Шаханов. Шығармашылық өнердің ең ұлы бақыты – ұлт пен ұлыс таңдамайтындығы ғой, шіркін!

Айтматов. "Тұтас халықтардың достығы жеке адамдардың байланысынан құралады" деген сенің аузыңнан түспес мәтелің бар. Әсіресе, әдебиеттегі кешегі жарық жұлдыздардың өзара ынтымағы қандай еді, шіркін! Бір-бірін іздеп барып, сағынып жолыққандарын көргенде, көзің тоятын. "Қардошым" деп жүретін, қапсағай бойлы, қара торы Ғафур Ғұлам аға, көп үндемей, көңіліңді оқып отыратын Айбек, жүзінен күлкі арылмай, кездескен сайын, құшағын жаятын Берді Кербабаев, көкірегі тұнған шежіре Сәбит Мұқанов...

Әрине, қайшылығы көп дәуірде өмір сүргендіктен, әрқайсысының өзіне сай жетістігі, кемшілігі, тіпті пендешілігі де болған шығар... Бірақ өз ұлтының рухани байлығын жасасқан осы тұлғаларды ұмыту, не сызып тастауға тырысу тарихқа жасалған қиянат болар еді. Бұлардың арасындағы достық, кейінгі ұрпақтардың бірлігіне ұласты.

Қайбір жылы Мәскеуде Жазушылар одағының үйінде Ғафур Ғұламмен жолығып қалдым.

– Шыңғыс інім, зілзала қаншама пәлеге душар етті, – деп, кемсеңдеп жылады. Апаттан кейін Ташкент айтарлықтай қирап, бүкіл ел аза тұтып жатқан тұс еді. Иә, үлкен адамның қайғысы қай заманда да үлкен болған емес пе?

Шаханов. Олардың достығы – аңыз, әр кездесуі – мереке секілді. Өзбектің көрнекті қаламгері Насыр Фазыловтың Сәбит Мұқанов жайлы "Мейірім" деген естелігі бар. Сол естелікте мынадай бір қызық хикая баяндалады.

Ташкенттен мейман бола келген Айбек досын Сәбең машинасына отырғызып алып, етегі бау-бақшаға оранған Алатаудың әсем табиғатын аралатып жүрмей ме? Жолай шөккен пілдей боп жатқан жұп-жұмыр қызыл гранит тастың жанына кеп, аялдайды.

Айбек ағамыз табиғаттың өзі жонған әдемі тасты айналып көріп, "Зор екен. Қандай керемет!" деп, бас шайқай беріпті.

– Ұнады ма, Айбек? – дейді жанына маң-маң басып келген Сәбең, досына сынай қарап.

– Ұнағанда қандай!

– Ендеше осыны саған сыйладым. Тек менің ғана емес, күллі қазақ халқының өзіне мінгізген тұғыры деп біл!

Атақты Медеу шатқалында жатқан сол тасты Айбек алдым деп кетеді, Сәбең басы бүтін бердім деп қалады. Досын ұзатып салған Сәбит аға жанына Егор Самойлович есімді бәлізшіні қызыл гранитке алып келіп:

"Бұл жұмыр тасты бауырым Мұса Айбекке сыйға тарттым.

Сәбит Мұқанұлы. 3.VI.1962 ж.", –

деп, өшпестей етіп, ойып жаздырады.

Құшағына сырды да, қырды да түгел толтырып, кемерінен асып-тасып жүретін қайран Сәбең сол күні үлкен бір іс тындырғандай, үйіне әндетіп қайтыпты.

– Небір жомартты көріп едім, бірақ таудың тасын сыйлаған Сәбиттің қасында ешқайсысы жіп есе алмады, – деп, Айбек ағамыз досының мінезін қашан көзі жұмылғанша, жиі-жиі еске алумен жүріпті.

Айтматов. Әзіл-қалжың мен тілектестіктің астасып жатқаны ғанибет қой.

Шаханов. Шіке, біз әдебиет пен өнердегі айтулы тұлғалар жайлы біраз әңгіме өрбіттік. Енді таза қара күш иелері хақында ой қозғасақ.

Айтматов. Қырғыз бен қазақта жауырыны жерге тимеген небір палуандар өткен ғой.

Шаханов. Барша құрлықты аралап, шаршы аланды шаң қылып күресіп, 48 медальді жеңіп алған Қажымұқан Мұңайтпасов жайлы естіген шығарсыз?

Айтматов. Естімегенде... Даңқты Поддубныйдың шәкірті, әлемнің дүркін-дүркін чемпионы атанған Қажекең емес пе?

Шаханов. Әріге бармай-ақ қояйық, соңғы бір жарым ғасыр ішінде қазақ әйелі қанша миллион ұл тапты екен? Бірақ солардың бірде-бірі күш жағынан осы Қажымұқаннан аса алмапты. Жасыратыны жоқ, өзім Қажымұқан туған даланың перзенті болғандықтан ба, жастайынан ол туралы ертегіге бергісіз хикаяларды көп естігендіктен бе, әйтеуір, қазіргі палуандардың белдескеніне айызым онша қанбай-ақ қойды. Тіпті салмағы аз, титімдей палуандардың айқасы кейде көзіме өзбек ағайындардың бөдене сайыстырғанындай ғана әсер етеді.

Ал жарықтық Қажекеңнің жөні қашан да бөлек. Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан селосындағы палуанның мұражай-үйінде арбада отырған 20 адамды тісімен тартып бара жатқан суреті бар. Ол – ол ма, тракторды құйрығынан көтеріп тоқтатып, машинаны кеудесінен өткізген қайыспас қара нардың адам айтса, нанысыз ерен-ғайып істері жетерлік.

Айтматов. Баспасөзден егер Қажымұқан күрессе, Поддубныйды да жығар еді, тек ұстазы алдында әдеп сақтап, белдеспеген дегенді оқып ем.

Шаханов. Қажекеңнің төлқұжатында туған жері Ақмола облысы деп көрсетілгені болмаса, негізгі кіндік қаны тамған топырақ – Отырар ауданының Ақтөбе аулы. Бұған қатысты деректі ауыл ақсақалдарынан жазып алған, Оңтүстік өлкесіне белгілі тарихшы, сазгер Мұхамеджан Рүстемов былайша әңгімелеп отырар еді:

"Қажымұқан дүниеге келгеннен кейін, әкесі ағайындарымен араздасып қалып, суыт ірге көтеріп, ауылдан

көшеді. Мұңайтпастың қайтпайтын қайсар мінезін білетін қариялар атқа қонып, соңынан қуса, көш Созаққа барып қалған екен. Бұлар айғай салып:

– Кері қайт, жарқыным, бөлініп-жарылмайық.

– Бір өкпеңді бізге қи, – дескен екен. Сонда ашынған Мұңайтпас кішкене Қажымұқанды борбайынан ұстап, көтеріп тұрып:

– Қалыңдар! Енді жақындасандар, осы баланы сендерге шоклар етіп жұмсаймын, – депті.

Мұңайтпастың бет алған жағынан қайтпасын сезген ағайындары: – Жарайды, қайда жүрсең де, аман болғайсың, – деп, шарасыздан ат басын кері бұрыпты. Мұңайтпас көшін алысқа тартып, сонау Ақмола жеріне тоқтап, түбегейлі қоныстанып қалған. Негізгі құжаттарда Қажекеңді Ақмола жерінде туды дейтіні сондықтан".

Міне, осы Қажекең өте қызық тағдырдың адамы болған. Жомарт мінезімен қатар, соншама нәзік жан екен. Әдебиет пен өнерді ерекше қадірлеп өткен. Заманында Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Иса Байзақов сынды айтулы қаламгерлермен үзеңгілес жүрген, өзі де ауызекі әңгімеге, өлеңге жүйрік, шежіре адам еді деседі ел. Менің "Қажымұқанды еске алу" деген өлеңім бар. Өлең кезінде орысша жазылғандықтан, сол тілдегі нұсқасынан үзінді оқиын.

Хаджи-Мукан –

Непревзойденный силач казахской степи,

Весом 160 килограммов,

Съедавший за один присест целого барана,

Был в то же время нежная душа.

До слез любил поэзию, песню,

Иногда и сам сочинял стихи.

После победоносного возвращения

С мирового чемпионата

Земляки в его честь устроили празднество,

Где расточали ему похвалы:

– Вы не только самый сильный среди казахов,

Но и самый сильный в мире.

– Пойдите, – ответил им Хаджи-Мукан. – Пойдите!

В спорте есть нечто магическое,

Но порой возбуждающее слепой азарт,

И потому в нем строгая мера нужна.

Телесная сила только тогда прочна и красива,

Когда подкрепляется силой духа.

Вот кто сильнее меня – посмотрите! –

И он, похлопывая по плечу,
 Вывел в круг
 Застенчивого кудрявого паренька,
 Ничем не примечательного на вид.
 Наступило долгое недоуменное молчание...
 То был молодой Мухтар Ауэзов.
 Слова Хаджи-Мукана оказались пророческими.
 Спустя тридцать шесть лет
 Один знаменитый японский силач,
 Прочитав книгу того юноши,
 Взволнованно запишет в своем дневнике:
 "Какая сила!
 Читая его,
 Я чувствовал свое бессилие".

Айтматов. Өзің Қажымұқанды көріп пе ең?

Шаханов. Палуан Отан соғысы жылдарында қартайғанына қарамай, ауыл-ауылды аралап, өнер көрсетіп, ақша жиып, өз атынан ұшақ жасатып, майданға сыйға тартыпты. Кезінде оның бұл азаматтығына рақмет айтып, Сталин арнайы жеделхат жолдаған.

Менің төрт-бес жасымда Қажекең біздің колхоздың орталығына келіп, ел жиып, ойын көрсетіпті. Ертеңді-кеш жұмыстан бел жазбай жүрген еңбеккерлер алыптың айтсаң, сенбес алуан түрлі өнерін тамашалап, бір жасап қалса керек. Онда біз қазіргі Төле би ауданының Қасқасу аулында тұратынбыз. Әкеммен рулас болған соң, іш тарта ма, әлде рухани жақындықтары бар ма, қайдам, ойын біткен соң, соңына ауылдың бар баласын шұбыртқан Қажекең біздің үйге кеп түседі. Шақырып келтіре алмайтын қадірлі мейманға арнап әкем сүтін шай қатық етіп отырған жалғыз ешкісін сойып, ауыл-аймақты шақырып, шағын той жасапты.

Төрімізді түгел толтыра, үлкен қара торы адам жамбастап жатып, шайды ұзақ сораптапты. Екі самайдан тынымсыз құйылған терін дембіл-дембіл сүртіп отырған бет орамалының өзі кіші-гірім дастарқандай екен. Анам марқұм айтып отырушы еді, мен шөккен нар құсап жатқан палуанның денесін қызық көріп, үстіне шығып алып, желкесінен қарнына, одан тізесіне секіріп, жартас-та ойнаған лақ секілді тыным таппаппын. Оны жон арқасына шыбын жортқан құрлы көрмей, Қажекең кеңк-кеңк күліп қойып, шайын сораптай беріпті.

Естеліктерге құлақ ассақ, Қажымұқан – алып күштің ғана емес, биік адамгершіліктің де иесі.

Шіке, Қожамқұл сынды қырғыздың алыбымен Қажекең кездескен деген әңгіме бар...

Айтматов. Ол рас. Жастайынан жоқ-жітіктеу өскен Қожамқұл ер жете келе, күрес өнерінің нағыз майталманына айналады. Бойының биіктігі сондай, қатарласқанда, түйелі адамның иығынан келіп тұратын деседі көзін көргендер. Қоңқақ мұрынды, ат жақты, қара сұр келбетіне қыран қабағы сұс беріп тұрғандай. Ғасыр басында Бішкекте ұлы жиын өтіп, соңы палуан күресіне, ат бәйгесіне ұласқан. Қытайлар өздерінің өгіз палуанын әкеліпті. Әлгі палуанның үстін жабулап, басын ноқталап, төрт тағандатып, айналасына топырақты уыстап шаштырып, өкіртіп-бақыртып, ортаға алып шығыпты. (Ертеде палуандардың айбарын асыру үшін, әрқайсысын дене бітіміне қарай түйе, өгіз, қошқар палуан атандырып, үстін соған сай жабулап, ноқталап, ортаға жетелеп алып шығатын дәстүр болған.) Мына психологиялық шабуылға шыдамаған қырғыздың небір апайтөс алыптары халық қолқалағанмен, жүректері дауаламай, топқа түспей, сырт айналып қашыпты. Бұрын-соңды мұндайды көрмеген ел аң-таң болып, абдырап, не істерін білмей, сасады. Бас жүлдені алыстан келген әлдекімге байлап жіберу – елге сын. Әр рудың аты аталып, қайта-қайта ұран шақырылады.

Осы кезде ортаға жардай боп Қожамқұл алып шықты дейді. Үстіндегі жабуы мен басындағы ноқтасын сыпырып тастаған қытайдың өгіз палуаны да өкіріп, тіке ұмтылыпты. Айласы басым қарсыласына бой бермей, арпалысқан Қожамқұл сүт пісірім уақыттан кейін әлгіні "ап" деп ақырып қалып, тас төбесіне көтеріп алған. Демдерін ішке бүгіп, тырп етпей тұрған қырғыздар да "уа, аруақ" десіп, шуласып қоя беріпті. Айғайға арқаланған Қожекең қарсыласын айналдыра үйіріп әкеліп, жерге бір-ақ соққан...

Көзі тірісінде жауырыны жерге тимеген палуанның даңқы осы белдесуден соң-ақ, күллі елге тегіс мәлім болған. Палуандарды замандастары мен кейінгі ұрпақ қашанда мифологияға бөлеп, дәріптеп отырған.

Қажымұқан мен Қожамқұлдың кездескені жайлы көне-көз қариялар қызықты баяндайды. Циркте өнер көрсетіп, бетіне жан қаратпай жүрген Қажымұқан бір сапарында Бішкектің мал базарына соқса керек. Ойдан-қырдан жиналған ел-жұрт палуанды орталарына алып, жібермей, серіппедей шиыршық атып тұрған бұлшық еттерін тамашалап, оңаша үй тігіп, бие сойып, қымыз сапырыпты. Африкада қара зәңгімен белдесіп жыққанын, жапон палуаны

Сар-Ки-Киді қалай жеңгенін тыңдап, айыздары қанып, желпінген топ тыныш тұра ма, Қажымұқанды Қожамқұлмен күрестіріп, қызыққа батайық деседі. Орталарынан шығарып, үш тоғыз жүлде де тігеді. Ат шаптырып, аулынан алдырылған Қожамқұл алдымен аға палуанға барып, ізетпен көріседі.

Тамашаға жиналған көпшілік екі жаққа бөлініп, бұрын-соңды көз көрмеген үлкен күрестен дәмелі көңілмен қызыл өңеш боп жатады.

– Қажеке, – дейді осы кезде қырғыз палуаны. – Бір бастың екі көзіндей бауырлас егіз елдің азаматымыз. Сіз – аға, мен – інімін. Біріміз жығып, мақталып, екіншіміз жығылып, тапталып жатқанымыз жараспас. Әрі бізге меймансыз. Беліңізге жармассам, аруақ кешірімес. Жүлде сіздікі болсын!

Осыны айтып, Қожамқұл ұстаспай-ақ, кісілікпен жолын берген екен.

– Қайтер екен деп, сын көзіммен қарап тұр едім. Көрген-түйгенің көп, қырғыз елінің абыройына туған ұл екенсің. Жұлдызың жансын! – деп, Қажекең інісін құшақтап, бетінен сүйіпті. Жүлдеге алған үш тоғызын сол маңдағы жетім-жесірге түгелдей таратып беріпті.

Шаханов. Мәселен, Қажымұқан мен Қожамқұлды қазіргі әлемді шулатып жүрген спорт жұлдыздарының көпшілігімен қатар қоюға бола ма? Бұлар – тек алып күш иесі ғана емес, сонымен қатар зор адамдық парасат иелері. Туған топыраққа тамырын терең жіберген, халықтың салт-дәстүрін, ибасын, рухани қазынасын бойына жинаған бірегей тұлғалар. Осы қымбат қасиеттердің арқасында олар қалың елдің сүйіспеншілігіне бөленді.

Айтматов. Иә, жер шары атақтыларға кенде емес. Олардың денін спорт және эстрада тарландары құрайды. Доп теуіп, ұлы атанғандарға, бокс пен күрестің төселген шеберіне немесе сахна сәні аталған әншілерге теңеу таба алмай, қиналып жатамыз. Кейде олардың сайыс алаңына, не сахнаға жалт етіп бір шығуының өзі миллиондаған долларға бағаланып жатады. Мүмкін, бұл уақыттың, дәуірдің үрдісі шығар. Бірақ елдің қолпашына семіріп, жердің тіреуішіне айналғандай боп өрекліген, атағы жер жарған осындай жұлдыздардың кейбірімен әңгімелесе қалсаң, рухани саяздығына қайран қалып, жағанды ұстайсың. Шіркін, адамның жан байлығы, ақыл-парасаты қай кезде модаға айналар екен?

Шаханов. Адам адам боп жаралғалы, бұл проблема күн тәртібінен түскен емес. Шіке, Мұхтар Әуезовке

байланысты өңгіме шерткенімізде, Ыстықкөлдік Бөлтірік палуанның есімі аталған.

Айтматов. Бөлтірік палуанды Мұханның қазасында көргенмін. Төртпақ келген мығым, көзі маздап жанып тұрған шыр айлы адам еді. Оның қалайша "Абайдың баласы" атанғанын түсінбедім.

Шаханов. 1916 жылы июнь жарлығына ілініп, майданға қара жұмысқа кеткен палуан Ресейдің алуан дүрбелеңіне араласып, ақыры тағдырдың айдауымен Семей топырағына өкше тигізеді.

Палуанның атағына сырттай қаныққан Абай ұрпақтары арнайы іздеп келіп:

– Заман тынышталған соң, сағынған Ыстықкөліне ораларсың. Әзірге Жидебайды мекен ет, – десіп, палуанды ата қоныстарына алып барып, үстіне үй көтеріп, алдына мал салған. Бауырлас елдің сый-сияпатын көрген палуан да Абай ауылының телқоңыр бір баласына айналыпты. Сол жердің Фатима есімді қызына үйленіп, отау көтерген. Мұхан Ленинградта аспирантурада оқып жүріп, елге келген бір сапарында Бөлтірікпен етене танысқан. "Абайдың баласы" деген атты Бөлтірікке Мұхан беріпті деседі жұрт. Сол таныстық ақыры достыққа ұласып, Бөлтіріктер Ыстықкөлге қоныс аударғаннан кейін де, аралары суымапты.

Айтматов. Мұхан қапияда қаза тапқанда, мен Алматыға ұшып келгенмін. Фрунзеден Аалы Тоқомбаев, Сүйінбай Эралиев бастаған делегация жетті. Сонда Мұханның табытының бір шетін көтерген Бөлтірік палуанның екі иығы бұхидеп, үнсіз жылап бара жатқаны күні бүгінгідей көз алдымда. Қазір ол да бұл дүниелік емес...

Шаханов. Шіке, дарқан қырғыз еліне бірінші рет менің ықласымды күрт бұрған Сіздің жай отындай жарқеткен, ешкімге ұқсамайтын тосын шығармашылық өнеріңіз болса, екіншіден, аузын ашса, жүрегі көрінетіндей ашық-адал мінезімен баураған, қырғыздың ұлы Манасына, айшықты өсем табиғатына, қилы-қилы тарихына мүдде өзгеше құштарлықпен, өзгеше жақындықпен қарауыма тікелей өсер еткен Жолон Мамытов еді.

Алғаш рет жас жазушылардың Мәскеуде өткен кеңесінде танысқанбыз. Пейілі дамадай кең, көңілі құлаған адамға әрдайым қоң етін кесіп беруге өзіртұратын қырғыздың осы бір жайсаң, дара ақынмен қашан ақтық демі үзілгенше, дос болдым. Сірә, ендігі қалған ғұмырымда ондай дос қайдан табыласын. Әр жолығысуымыз өзінше бір кішігірім мереке болатын.

1969 жылы Жолон екеуміз Мәскеудегі М.Горький атындағы халықаралық жоғары әдебиет курсына бірге барамыз деп уәде байластық. Ол тұста еліміздің небір марқасқа қалам қайраткерлері (ішінде өзіңіз де барсыз) дәріс алған бұл оқу орнына әр республикаға арнап бір-бірден ғана орын берілетін. Жолон Қырғызстан атынан кедергісіз өтіп, Мәскеуде жүрді. Екі-үш күн сайын телефон шалып: "Неге кешігіп жатырсың, тез жет", – деп асықтырады. Ал мен болсам, еріксіз тұсалып тұрдым. Себебі сол кездегі Қазақстан Жазушылар одағы басшыларының бірі менің орныма өлеңіне көркі сай әдемі ақын келіншекті өткізгісі кеп, орта жолдан килікті. Ол кезде Шымкентте тұратынмын. Курсқа менің баратыным тіпті бір жыл бұрын Қазақстан Жазушылар одағының хатшылар алқасында келісілген. Жұмысымнан босанып, артынып, арқаланып келіп, Мәскеуге аттанар күнді тосып, Алматыда жатқанмын. Ойламаған жерден тап болған әділетсіздікке қатты ызаландым. Әйтпесе қыз балаға жол ұсынбау – салтымызға жат. Сонымен орын біреу, талапкер екеу, талас басталды да кетті.

Талай жас ақындардың өкіл әкесіндей болған, қазақ поэзиясының көзі тірі классиктерінің бірі Әбділда Тәжібаев пен "Жазушы" баспасының директоры, әйгілі қаламгер Ілияс Есенберлин болса менің кандидатурамды қолдап, Мәскеуге, КСРО Жазушылар одағының басшыларына телефон соғып, хат жазып, көп әрекет жасады.

Ақыры екі жақтың күші тең түсті ғой деймін, сендер келесі кезек тигенше, таласа тұрындар дегендей, КСРО Жазушылар одағы Қазақстанға деген орынды жұлып алып, Монғол Халық Республикасына бере салды.

Болған жайды досыма телефон соғып айттым. Менің бұйырып тұрған орыннан айырылып қалғанымды естіген кезде, Жолон жылап жібере жаздады.

Содан ол екінші курсты бітірер жылы ғана Мәскеуге баруға жолым түсті. Жатақханасынан іздеп таба алмай, хат тастап кеткенмін.

Түн ішінде "Россия" қонақүйіндегі бөлмемнің есігі қағылды. Ашсам – Жолон. Қасындағы қияқ мұртты, әдеміше келген қара торы жігіттің Сүйменқұл Чокморов екенін бірден аңғардым. Құшағымыз жазылмаған қалпы бөлмеге ендік.

*"...Элестелип дүниеге бүт таркады,
Қырғыз өңү Чокморовдун өңүндөй", –*

деп, Жолон Сүйменқұлды өлеңмен таныстырып жатты.

Алып қонақүйдің маған көрші бөлмесінде Ілияс Есенберлин орналасқан-ды. Қырғыздың қос перзенті келіп отырғанын айтып ем, Ілекең жатқан жерінен көтеріліп, мезгіл кешкіріп қалса да, ортамызды толтырды. Ол жылдары "Алмас қылыш", "Қаһар", "Жанталас" атты тарихи үш кітаптан тұратын "Көшпелілер" трилогиясының қазақ топырағында халық махаббатына қапысыз бөленіп тұрған шағы. Орта бойлы, биязы жүзді, ақселеу шашты, жүрек қылы дөп басылмаса, кім көрінгенге ашыла бермейтін үлкен жазушы сол кеште еркін шалқып, тарихтың біз білмейтін небір қатпарын шежіредей ағытты. Жолон екеуміз біріміз қырғызша, екіншіміз қазақша алма-кезек жыр оқыдық. Сүйменқұл болса жуырда жас кинорежиссер Болот Шамшиев түсірген "Ыстықкөл қызғалдақтары" атты фильмде Қарабалтаның рөлін ойнағанын әңгімелеп отырды да:

– Өмірзақ Айтбаев деген қазақ ғалымын білуші ме ең? – деп сұрады.

– Білгенде қандай! Көркіне тұлғасы сай, әнді бұрынғының сал-серілеріндей салатын өнерлі адам. Өзін аға ретінде ғана емес, азамат ретінде де ерекше қадірлеймін, – деп шұбырта жөнеліп ем, Сүйменқұл қуанып, шырайланып сала берді.

– Ендеше сол Өмірзақ ағаңнан мен Біржан салдың "Теміртас" атты әнін үйрендім. Жаңағы айтқан "Ыстықкөл қызғалдақтары" деген фильмде Қарабалта осы әнді домбырамен орындайды. Өмекеннің даусы менің даусыма қарағанда ашық әрі сазды болғандықтан, фильмге оның үнін жаздырдық. Мен жай ерінімді қимылдатып тұрдым. Фильм шығару өнерінің кейде осындай қулықтары да болады, – деп әзілдеді ол.

*Теміртас, Асыл, Ақық – қарақтарым,
Шешсеңші – білегіме арқан батты – ой-ой, –*

деп, Сүйменқұл әнді әуелете шырқағанда, қоңыр даусы қонақүйдің тар бөлмесіне сыймай жатты.

Әңгіме бірте-бірте жылжып, Мұхтар Әуезовке ойысқанда, Сүйменқұл:

– Осы ұлы адамның қырғыз еліне жасаған азаматтығын ешбір алтынның салмағымен өлшеуге болмас еді. Қазіргі заман мынау... Ауылдан тауыққа күрке салу үшін де Мәскеуден рұқсат аламыз. Бірақ түптің түбінде қырғыздар Мұхтар Әуезовке ескерткіш орнатуы тиіс! – деді құшырланып.

– Мен өз отбасымда Әуезовке арнап ескерткіш қойып үлгердім, – деді Жолон қуланып.

– Қалай?

– Қызымды Мұхтар Әуезов зор шабытпен суреттеген Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің есімімен атадым.

– Бәрекеде, бір үлкен тостың реті енді келді, – деп, Ілияс аға орнынан тұрды. – Ендеше Әйгерім әженің бойындағы кезінде ұлы Абайды тәнті еткен асыл қасиеттер бүгінгі жас нәресте Әйгерімнің тағдырынан көрініс тапсын!

– Рақмет, аға. Сіз де қазақтың дара туған аруақты перзентісіз, айтқаныңыз келсін! – деді Жолон толқып.

Осындай жарасымды ағайындық әңгіме-ойлардың жетегінде отырып, жаздың қысқа таңының құлан иектеніп қалғанын байқамалпыз.

Айтматов. Иә, Жолон да, Сүйменқұл да бірі парасатты поэзиясымен, екіншісі үлкен суретшілігі, актерлігімен қырғыз мәдениетінің бұралаң, қия жолдарында өз соқпағын қалдырып кетті.

Сүйменқұл 1968 жылы Мұхтар Әуезовтің шығармасы бойынша режиссер Болот Шамшиев қойған "Қараш асуындағы атыс" фильміне түсіп, Бақтығұлдың рөлін орындап жүргенде екі бүйрегіне қатар суық тигізген екен. Батпандап кірген дертті елегісі келмей, кинодан босаған сәтінде, полотносын керіп тастап, тау бөктерлеп, Ыстықкөл жағалап, тұмса табиғаттың қойнауына еніп, небір көз жауын алатын суреттер галереясын жасамады ма? Кино түсіру алаңына да жиі ат ойнатып, "Жәмилада" Даниярдың, "Көксеректе" Ақанқұлдың, "Ыстықкөл қызғалдақтарында" Қарабалтаның, "Мен – Тянь-Шаньда" Байтемірдің, "Дерсу Узалада" Чжан-баоның образдарын есте қаларлықтай етіп сомдағаны әлі күнге дейін бәріміздің көз алдымызда.

Шаханов. Естуімше, қырсық шалған бір оқиға Сүйменқұлдың денсаулығын күрт нашарлатып жіберіпті. Режиссер А. Видутирис түсірген "Тек қана ер-азаматтар" фильмінде Қасым рөлін орындап жүргенде Сүйменқұлдың аяғы тайып кетіп, таудың үшкір тасының үстіне құлайды. Әншейінде мұндай құлап, тұрудың ешбіріне дес бермей келе жатқан актер бұл жолы жатқан орнынан қозғала алмай қалады. Құлаған кезде Сүйменқұлдың онсыз да ауру бүйрегінің бір қан тамыры жарылып кеткен екен. Қолма-қол жолдастары тік ұшақ шақырып, Фрунзеге жөнелтеді.

Ал Сүйменқұл ауруханадан шығысымен, аяғы тайған биік жартасты қайтадан бағындырып, фильмнің соңына дейін шабытпен ойнап шығады.

Айтматов. "Құдай да қиындықты көтеретін кісіге береді" деп жатады. Бірақ Чокморовтың бұл пәниде тартқан азабын айтудың өзіне үлкен төзім қажет. 1982 жылдан бастап ақырғы он жыл ішінде, яғни көзі жұмылғанға дейін елу алты операцияны бастан өткізуге қаншама қажыр-қайрат, ерлік керек десеңші!

Шаханов. Сүйменқұл қатты сырқаттанып, Мәскеуде ауруханада жатқанда, Сізді көңілін сұрай жиі барып тұрды, кезінде ділгір бір аппаратты табуға үлкен көмек жасады деп есіткем...

Айтматов. Елден ерекше ештеңе істей қойғаным жоқ. Ұмытпасам, 1982 жылдың көктемі болар, Мариям жеңгең екеуміз Сүйменқұл жатқан ауруханаға бардық. Өмір мен өнерге деген қапысыз құштарлығы көзінде лапылдап тұрғанмен, жағы суалып, жүдеп қалыпты.

– Алғашында жасанды бүйрек қоймақшы еді. Бірақ мен тәуекел еткеніммен, дәрігерлер тәуекелге бара алмады. Шетелде бір қымбат аппарат шығыпты дейді. Егер ол қолға түссе, өмірімді тағы бес-алты жылға ұзартуға мүмкіндік туатын көрінеді, – деді Сүйменқұл әңгіме арасында. – Әлгі аппаратты сатып алатын қыруар қаржыны табу тіпті мүмкін емес. Не де болса осы жасаған ғұмырымызға қанағат етеміз де...

Жүрегім дір ете қалды. Қатал тағдырына ерлікпен мойынсұнған адамның сөзі. Және мұнысын әзіл-қалжыңға орап, елеусіз түрде жеткізді. "Қол ұшын бере аласыз ба?" деген өтініш тілектің лебі де сезілген жоқ.

Келесі күні мен осы мәселемен Ескі Алаңдағы Орталық Комитеке бардым, сол тұста Қырғыз КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы боп істейтін Апас Жұмағұловқа телефон соқтым. Кейіннен бұл іске Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Тұрдақұн Үсібәлиев те араласты. Қойшы, әйтеуір, үшеулеп, бұлардан басқа да бірнеше басшыны іске қосып жүріп, бүйрекке ем қолданатын шведтер жасап шығарған, ол кезде бізде жоқ бірегей аппаратты үкімет есебінен 3 миллион сом ақша аудартып, Қырғызстанға адырттық.

Шаханов. Сол аппараттың тек Сүйменқұлға ғана емес, аса қатерлі бүйрек ауруына шалдыққан жүзге тарта адамның өмірін бірнеше жыл ұзартуға септігі тиіпті...

Сүйменқұлдың туған ағасы Намырбек Чокморов ақсақалға мен ерекше құрметпен қараймын. Туысқан кімде жоқ дейсіз... Сүйменқұл ауыр дертпен арпалысқан ұзақ жылдар ішінде Мәскеу мен Бішкектің арасын жол қылып, ауруханада жатқан інісінің қасында апталап, айлап болып, қас-қабағына қарауы – кез-келген туысқанның қолынан келе бермейтін азаматтық қасиет.

Сүйменқұл соңғы он жыл бойына әрбір жарты тәулік сайын тамырға тігіп қоятын "Фристул" деген аппарат арқылы қанын тазалатып тұрған. Мұндай кеселге тап болған адам, егер үш-төрт күн қатарынан әлгі аппараттың көмегіне сүйенбесе, өліп кетуі мүмкін екен. "Инені шанши-шанши қол-аяғында, мойны мен басында бір сау тамыр қалмады", – дейді ағасы. Бұл азапқа әлгінде өзіңіз айтқан соңғы он жыл көлемінде жасалған 56 операцияны қосыңыз. Сөйтіп жүріп киноға түсуін, сурет салуын тоқтатпаған. Өз басым қазақ, қырғыз топырағында бұған тең келер өнерге деген құштарлықты атай алмаймын.

Мәскеудегі Бүйрек ауруларын емдеу орталығының бас дәрігері, атақты профессор Алексей Белорусовтың Сүйменқұл туралы: "Менің алдымнан қанша мыңдаған аурулар өтті. Бірақ Сүйменқұл Чокморовтай ерік күші таңқаларлықтай мықты, әр ауыр операцияның өзін шыбын шаққан құрлы көрмей қабылдай білетін адамды көрген емеспін", – деуінде Сүйменқұлдың өзгеше табиғи тағдыры көрініс беріп тұрған жоқ па? Кино өнерінде оның кілең қайсар, өжет мінездердің галереясын жасауын тегін дей аламыз ба?

Енді мына бір оқиғаға назар аударыңыз. Сүйменқұлдың ерекше жомарт, қолы ашық адам болғанын жақсы білесіз. Жоғарыда айтқан қан тазалайтын аппарат та бұрынғы Кеңес Одағында жасалмайды екен. Сүйменқұлмен бірге Сіздің "Жәмилаңыз" бойынша түсірілген фильмде басты рөл ойнаған Наталья Арынбасарованың Америкада тұратын бұрынғы күйеуі, атақты режиссер Андрон Кончаловский әлгі аппараттың үшеуін өз ақшасына сатып алып, "Қожажаш" атты фильмін Голливудтағы кинофестивальға алып барған Төлеміш Өкеевтен беріп жібереді. Ал бұл аппараттарды Сүйменқұл не істеді дейсіз ғой? Бірін Белорусов басқарған орталыққа, қаншама уақыттан дәмдес, тұздас боп, тағдырдан рақым күтіп жатқандарға бергізеді. Екіншісін өзімен бір палатадағы грузин жігітіне сыйлай-

ды. Ал өз тамырына тіктірген аппараты біраз уақыттан соң істен шығады...

– Сүйменқұлдың қазасы ауруханада бірге жатқан тағдырластарына қатты батты, – деп еске алады Намырбек аға. – Қай кезде болмасын, азаматтық мінез зор құрмет тудырмай қоймайды. Бірде он шақты күн елге барып, Мәскеудегі ауруханаға қайтып келсем, үстелінің үсті жылан жалағандай бос, жүдеп тұр. Сөйтсем, дәрі-дәрмекке, жеміс-жидекке деп жиналған ақшасын түгелдей еліне қайта алмай тұрған, өзімен палаталас алтайлық жігіттің қолына ұстата салыпты. Қажетті дәрі-дәрмек таба алмағандар немесе әр түрлі қиын жағдайға тап болған аурулар Сүйменқұлды төңіректетін. Ал ол болса өзінің достары, жора-жолдастары: Төлемүш Өкеевке, Болат Шамшиевке, сол кезде КСРО Сыртқы істер министрлігінде қызмет істейтін Роза Отынбаеваға, Сталбек Тұрғынбаевқа салмақ салатын.

Осындай дарқан мінезінің жаңғырығы болар, Сүйменқұлды жерге берген, сан мың адам қатысқан қаралы жиынға онымен ауруханада бірге жатқан алуан түрлі ұлттың өкілдері топтанып келіп, көздеріне жас ірікті. Әсіресе, 26–27-лер шамасындағы бір орыс жігіті балдағы мен шешесіне қатар сүйеніп тұрып, сөз алды:

– Әлдеқашаннан бері о дүниелік адамдардың тізімінде жүрсем де, Сүйменқұлдың тауып берген қымбат бағалы дәрілерімен өмірімді созып келдім. Туған әкем маған бұлай қамқорлық жасамаған шығар. Енді көп ұзамай, мен де ол кісінің соңынан ілесіп қалармын. Көзім жұмыла қалса, қажетке жарар деп, шешем екеуміздің тірнектеп жинаған бес мың сом ақшамыз бар еді. Мынау – соның үш мыңы. Бірақ маған аяныш білдіріп, алмаймын десеңіздер, жүрегіме жара саласыздар. Мұны өзім қадір тұтқан адамға деген құрметімнің белгісі ретінде қабылдауларыңызды сұраймын, – деп, әлгі жігіт қаралы жиынға қатысқандарды түгел жылатты.

Қырғыз бен қазақтың өнер аспанынан алаулап жанып, өртеніп өткен Сүйменқұл бір сөзінде: "Қырғыздар Мұхтар Әуезовке арнап ескерткіш орнатуы тиіс", – деп еді. Әйтсе де жерге қойылар қола ескерткіштен бір де кем емес құнды естелікті өзі орнатты. Әуезов шығармалары негізінде жасалған "Қараш асуындағы атыс", "Көксерек" атты фильмдердің ең басты рөлдерін өзгеше түйсікпен, ешкімге ұқсамайтын қайсар парасатпен өрнектеуі қырғыз, қазақ кино өнеріндегі жаңа белес болды.

Жасыратыны жоқ, бұған дейін қазақтардың өзі Әуезов шығармаларын кино тілінде мұндай биік деңгейде насихаттай алған емес. Егер Сүйменқұл көзі тірі тұрғанда, егемендік жолына жаңа түскен Қазақстан Республикасының халық әртісі атанатыны сөзсіз еді.

Дегенмен, біз – Қырғыз еліндегі Қазақстан елшілігі екі елдің мәдениетін жақындастыруда, дамытуда алтын көпір болған айтулы еңбегі үшін Сүйменқұлды №1 "Алтын көпір" сыйлығымен марапаттап, жұбайы Сәлима Шабазоваға (қазір ол да марқұм боп кетті) куәлігін табыс еттік. Өзіңіздің қатысуыңызбен елшіліктің үлкен залында Чокморов суреттерінің көрмесін аштық. Актерге ескерткіш орнатып, туған аулындағы өзі тұрған үйді мұражайға айналдыруды сұрап, республика Президенті мен үкіметіне хат жолдадық...

Айтматов. Бүгінде Жолонның "Қырғыз өңі Чокморовтың өңіндей" дегені қанатты сөзге айналып кетпеді ме? Екі күннің бірінде өліммен бетпе-бет кеп, тайталасып жүріп, соңына қыруар еңбек, өнегелі тарих қалдырып үлгерген қырғыздың осы бір қарағайға қарсы біткен бұтақтай қайсар перзентінің ең мазмұнды екінші ғұмыры – шығармашылық ғұмыры басталды..

Иә, қасымыздан қаншама жұлдыздар ағып өтті ғой...

Осы әңгімелерімізді жинақтайтын, тіпті қорытындылайтын бір өлеңің бар ма?

Шаханов. Бар.

Айтматов. Жатқа білесің ғой?

Шаханов. Иә.

Айтматов. Оқышы.

Шаханов.

Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...

Қара бұлттай қайғы жапты бөлмені.

Адамзаттың алғыр, ұлы қыраны

Лев Толстой жатыр еді өлгелі.

Әйелі кеп, қолын сүйіп, жылады:

"Тежей алмай мінезімнің тасырын,

Өзіңменен өтті жарты ғасырым.

Мен бейбақты кешіре гөр –

Күнәм көп...

Кешіре гөр,

Кешіре гөр, асылым?!"

Өткен күнін оймен шолып алыстан,
 Үнсіз, іштей күбірледі данышпан:
 "Жә, кемпірім,
 Жасыңды тый,
 Жетті енді,
 Жылап ешкім қайыра алмас өткенді.
 Қаштым сенен...
 Саған жақын жүргенше,
 Артық көрдім жиһан кезіп кеткенді.
 Жалғыз сенен қаштым ба екен мен бірақ...
 Ресеуден бөлінбестей болдым-ақ,
 Из бастадым күртік қарды омбылап.
 Күллі әлемді тамсандырған ақылым
 Сенен қолдау таппағаны қорлық-ақ!
 Бір шындық бар ешкімнің жоқ таласы:
 Ұл-қызымның болдың ғазиз анасы.
 Қартайғанда, түсініспей, әттең-ай,
 Жолымыздың қырсыққанын қарашы.
 Дей алмаймын: "Маңдайымның сорысың...
 Қамқорым боп, создың қанша қол ұшын.
 Бірақ мені түсінбедің.
 Түсінуге және де
 Тырыспадың.
 Кешірмеймін сол үшін,
 Кешірмеймін сол үшін..."
 Күллі адами пенделікпен алысқан
 Қыран ойы тұрақ таппай ғарыштан,
 Әйеліне қарап, терең күрсіне,
 Мәңгілікке көзін жұмды данышпан.
 Қайда,
 қайда
 көңіл сырын көзден ұғар нәзіктік?
 Үш өлшем бар:
 Биіктік пен тереңдік,
 кеңдік (яки жазықтық).
 Бұл үшеуін бағаламау – көзсіздік һәм кереңдік.
 Ал түсінбеу... бақытсыздық болар ол.
 Иә, адамдық қатынаста жоқ әлі де сара жол.
 Оңай емес, оңай емес бұл егес,
 Қашан болсын бірлік жолы бұрыстау.
 Керек десең, түсінбестік – кінә емес,
 Қылмыспен тең – түсінуге тырыспау.
 Оһ, қаншама бұлақтарды жұрт түсінбей суалтты,
 Сөйтіп қанша бәйтеректі қуартты.

Oh, қаншама ұлыларды жұрт түсінбей өлтірді,
 Сөйтіп, мына тіршілікке үлкен зиян келтірді.
 Бруноны отқа жаққан,
 Галилейді сотқа тартқан,
 Біржан салдың арқан байлап қолына,
 Жылан болып, Ұлықбектің иірілген жолына –
 Түсінбестік еді ғой.
 Соның бәрі адамзаттың сорына.
 Түсінбестік аз жайды ма қанатын?
 Мұнан асқан нала бар ма?
 Ұлы Абайды сабаған да
 Түсінбестік болатын.
 Талантына тамсандырған талайды
 Жазған шақта Әуезов сол "Абайды",
 "Бұл туынды шыға алмайды белеске", –
 Деп құлшына қарсыласқан,
 Қияс ойға қамшы қосқан
 Тағы да сол түсінбестік емес пе?
 Ал Әуезов жолсыздыққа бұл сынды
 Ызалана қол сілтеп,
 Іштей, үнсіз күрсінді:
 "Түсінетін халық аман болсын", – деп.
 Өткен – өтті,
 Бірақ бәрі есепте.
 Қандай азап,
 Қандай азап – ұғыспау.
 Түсінбеген кінәлы емес десек те,
 Қылмыспен тең – түсінуге тырыспау.
 Түсінбестік – секілді бір көк тұман,
 Сол көк тұман тудырады көп күмән.
 Бір жас дарын көтерілсе мінбеге,
 Жұрт түсінбей қалмаса екен деп тұрам!

Келіп жатыр, кетіп жатыр дарындар...

Айтматов. Бұрынғы кітаптарыңның бірінен оқығаным енді есіме түсіп отыр. Аз сөзге көп мағына сыйдырған парасатты, пайымды жыр.

Биік таулардың басын ылғи да бұлт орап тұратыны сияқты, біз әңгімелеген адамдардың ешқайсысы да осы өзің жырлаған түсінбестік індетін айналып өткен емес. Ғасырдан ғасыр асып, жалғанып келе жатқан бұл адамгершілік қасиеттерге тамыр жіберген рухани сана мен пендешілік күресінде олар өздерінің дарқан дарынымен,

қайсар мінездерімен жеңіске жетіп, соңдарына жомарт естелік қалдырып, көгімізден бірі ерте, бірі кеш ағып түсті. Оларды еске алу қандай мереке! Жан сарайың кеңіп, санаңда күн шуағы ойнағандай әсер аласың. Жалпы, кімнің болса да өз дәуірінен, өз замандастарынан мойны озық тұрған қасиетін айту – әлемдік өркениетке қосылатын үлестің бір түрі.

Біріншіден, бұл еске түсіру өзіміз үшін қажет десек, екіншіден, сол жәдігерлердің қайсар рухы алдындағы інілік, перзенттік борышымыз, әрі олардың уақыттың жаңбыры шайып, күн қақтаған қасиетті зираттарына салған бір уыс топырағымыз болар.

Ғасырлар
тасасындағы
қылмыс
немесе
Маркиз де Сад,
Дөненбай
және қос тісті
Африка
балығының уы



...Жергі, суды тартып алса мейлі, байлығыңды тартып алса мейлі, тіпті жаңыңды алса да мейлі... Ау, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қара жүрек ойлап тапты екен? О, құдай, бар екенің шын болса, мұндай зұлымдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?

Шаңқай түсте, яки нұрлы ақ таңда,
Нән ұшақпен самғап бара жатқанда,
Көз салсаңыз төменге:
Біртегіс боп көрінеді жыралар,
Жырағында жыланы бар ұралар...
Мен де сенен көп мезгіл қашық жүріп,
Назарымды жан-жаққа шашып жүріп,
Байқамалпын жаңыңның жыраларын,
Жылан бұққан зымыстан ұраларын.
О, тағдырым, тірек бол тілегіме,
Сабырлы ойдың қашырма сұрқын тіптен.
Қас пен достың қажырлы жүрегіне
Тек жақыннан қарауға мүмкіндік бер.
Ал егер мен жақыннан қателесем:
Жақын келген бақытқа қуанбасам,
Жақын тұрған биікке шыға алмасам,
Жақын жүріп жауымды танымасам,
Жақын жүріп досымды ұға алмасам,
Өз қайғыммен өзімді жазалағын,
Онда менің өзіме өз обалым!

Мухаммаданов —

Шаханов. Ғасырлар бойы тірнектеп жинаған адамзаттың рухани байлығы не себептен құнсыздануы тиіс деген сауалға Сіз екеуміз ғана бас ауыртпасақ керек. Адам бойынан қаталдық, қатыгездік жиі көрініс беріп, мейірімділік пен қайырымдылық күн санап өз жағалауынан алыстай бастағаны қалай? Күрмекті құртпасақ, күрішке күн жоқ. Дәрі сеуіп, жоймасаң, күш бермей өсетін арам шөптер күріш тамырын байлап, дәнін шажағайғып тастайды. Адам санасының құпия қатпарында бұғып жатқан садистік қылықтардың оянуына мүмкіндік бермей, дер кезінде басып, жаншып отырмасаң, ізгілігіңе қауіп төнуі кәдік.

Кеңес Одағы тарасымен, шексіз еркіндіктің жөні осылай болады дегендей, коммерциялық теледидарлар мен сан мыңдаған кинотеатрлар экраны ертеңді-кеш адам өлтірудің, зорлаудың, қорлаудың және төсек қатынасының нешеме түр-түрін ашық насихаттай бастады. Кітап дүкендері де мәдени көркемдіктен алыс, ату мен асуға, қуғын мен сүргінге қарық қылатын, сексуалды маньяктар немесе осы саланың ұят пен адамгершілік сезімді тәрк еткен өзге қаһармандары жайлы өткір сюжетті детектив кітаптарға толып кетті. Бұл мағынада алғанда өлім себер қару-жарақтың алуан түрі көше-көшеде еркін сатылып жатыр.

Айтматов. Иә, осы солақай көзқарасымыздың бір күні тақсіретін тартамыз ба деп қорқамын. Бармақ тістетіп, сан соқтырар бұл шексіз еркіндік біздің алдымыздан ұлттық салт-сананың, дәстүріміздің азып-тозуы боп кезіге ме, тарихи жадыдан айырылу боп ұшыраса ма, әйтеуір, із-түзсіз кетпесі анық. Өйткені дүниеде себеп-салдарсыз еш нәрсе жоқ.

Кейде бөбектер мен жеткіншектерге арнап пистолеттің түр-түрін, бұршақтай оқ жаудыратын автоматты, жалт-жұлт еткен қылыш пен қанжарды ойыншық қып

шығармай-ақ қойса қайтеді деп ойлайсың. Ғалымдардың зерттеуінше, ойыншық қару-жарақпен ойнап өскен баланың психологиясында өзге тұстастарына қарағанда сотқарлық, өр көкіректік сынды ұнамсыз мінездер басым түсіп жатады екен.

Біз кеңестік дәуірде жастарымызды ерлік рухымен тәрбиелеуге тырыстық. Ерлік деген ұғымды, алдымен, отан сүйгіштік, екіншіден, жағаласқан жауыңа мейірімсіз, қатал болу деп түсіндік. Пролетариат жазушысы Максим Горькийдің: "Егер жау берілмесе, оны құртар болар" деген қанатты сөзін күн тәртібінде тұрған ұран ретінде қабылдадық. Өзінің туған атасын ұстап берген Павлик Морозовты жер-көкке сайғызбай дәріптеп, жас өркеннің бойына қатыгездіктің залалды дәнін себе бердік. Жарайды, батыр атанған пионерді өз заманы тудырған идеологияның құрбаны дейік. Тірліктің тұщысынан гөрі, кермегін көбірек татқан біздің ел жастар тәрбиесіне сын көзбен қаратар небір ащы сабақтарды бастан кешкен жоқ па еді?

Шаханов. Жапон ойшылы Д. Икэдамен әңгімеңізде: "Әр отбасы өз ұрпағын кез келген идеологиялық агрессиядан қорғай білуі қажет", – деп, қазіргі қаталдау кезеңнің қабағын танып, бағалы ой айтқансыз. Біз болсақ ес жиіп, етек қымтаудың орнына, әлі күнге артына мойын бұрмас мустангер сынды көзге көрінбес нысананы мақсат қып алып, есіміз кеткенше, алға ұмтылумен келдік.

Баяғыда Испанияға барған сапарымда бір жазушының Кеңес Одағы туралы: "Большевиктер Кеңес өкіметінің басына қан төгумен, садистік тәсілмен келген. Осы қатыгездікті көріп, оқып өскен ұрпақтың болашағында көлеңке болмай тұрмайды", – деген пікірі көп жыл бойы құлағымда ызындап жүрді де қойды.

Айтматов. Иә, мейірім, шапағат шегініп барады. Садизм дүниенің әр түкпірінде жиі көрініс беріп жүр. Енді осы садизм ненің әсерінен туады, қайдан бастау алды деген мәселеге тоқтала кетейік.

Дүниежүзілік дертке айналған садизмді шектен шыққан қатыгездік, қанішерлік деп сипаттаса болар. Оның адамдардың әрекетінде көрініс табуын ғалымдар тұқым қуалау арқылы келетін садизм, жан ауруы, яғни нашақорлық пен маскүнемдіктің әсерінен туындайтын садизм, қоғамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты әрі өз ортасының кері ықпалынан пайда болатын садизм деп, үш топқа бөледі.

Садизм деген атау француздың XVIII ғасырда өмір сүрген жазушысы Маркиз де Садтың есіміне байланысты шыққан. Сад өзі туралы көз жұмар алдында: "Жер бетінде менің зиратымның орны да қалмайды және мен туралы естеліктің де адамдар жадынан мәңгілікке жоғалатынына сенімім мол", – деп қатал үкім айтса да, оның ғұмыр бойы істеген қатыгездігі атын әлі күнге дейін өшірмей келеді. Маркиз де Сад қолын қанға малып, кісі өлтірмеген, ұрлық, қарақшылық жасамаған. Бірақ кезінде бүкіл француз жұртшылығына белгілі аты шулы сексуальды маньяк болған. Оның төсекке келгенде жын шашып, құтыратын бұзақы тірлігі мен жазушылығы бір-біріне тәуелді екендігі назар аудартады. Садтың даудамайға толы хикаялары романдарына көшіп, садизм, яғни қатыгездік идеясы бар қырымен көрініс табады. Сад жеке басындағы қалыптан ауытқушылыққа кінәлы деп өзі өмір сүрген заманды айыптайды.

Шаханов. Ол кезең француз ақсүйектерінің қолдағы бар билік пен беттегі беделден, маңдайдағы бақтан айырылып, құлдырауға, іштей тоқырауға тап болған шағы еді. Сондықтан да Садтың: "Төсекте әр еркек тиран болуы керек," – деген пікірі олар үшін ұранға айналды.

Жалпы, ол ләззат пен азапты бір-бірінен ажыратпайды. Бордельдерге келген Сад қасында жатқан әйелді алдымен қамшы ойнатып, көкала қойдай ғып сояды да, өз денесін ұруға кіріседі екен. "Осыдан кейінгі алар рақаттың шексіздігіне көзім әбден жетті" деп, әр жолы мойындап отырған. "Жюстина" романында ең алдымен көзге түсетін қатыгездіктің бірі – Жерканд атты кейіпкері өз әйелін жаралап, содан аққан қанды көріп, рақаттанып, ләззат алады. Әрі бұл әр аптаның белгілі бір күнінде қайталанып отырады. Ал автор осы азапты суреттегенде, өзінің де шын рақатқа берілгендігін жасыра алмайды.

Осылайша Сад есімі "садизм" деген халықаралық терминге айналды. Кез келген қатыгездіктің қарғысқа ұшырамай тұрмайтыны секілді, Маркиз де Садтың өмірі де аса қиындықта өтеді. Бірнеше мәрте жезөкшелер үйінде ұсталып, түрмеге жабылып, қуғынға түседі. Бүкіл елді бездірген маньяк ақыры Италияға қашуға мәжбүр болған. Оның замандастары: "1770 жылы 7 қыркүйекте Садты итальяндықтар, жабайы аң секілді, темір торға қамап, Венсенге алып келіп тастады", – деп жазды.

Италияға барған соң, оның сексуальды дерті тіпті асқынғанын көреміз. Еліне масқарашылықпен қайтып

оралған сәттен бастап ол өз бойындағы ырық бермей келген садизмді өлтіреді де, жазушыны дүниеге әкеледі. Табиғат құшағында оңаша қалып, өзі ғұмыр бойы бел шешіп кіріскен ұятсыз тірлігін қағаз бетіне түсіре бастайды. Оның Жюстина атты кейіпкерінің кереметтей адалдығына имандай сенесіз. Аяулы қыз өзі малай болып жадданған үй иелерінен қандай ғана қорлық көрмеді десеңізші! Зорлап қойса бір сәрі, екі аяғынан ағашқа тарттырып байлап, екі қолын екі жаққа керіп, дүре соғады, итке талатады. Тамырын кесіп, қанын шүмектете ағызып, құштарын басатындары ше?... Мойнына бұғалық салып, қылғындырып қинайды. Жюстина есі ауып, талып құлағанда ғана, жіптің ұшын босатады...

Айтматов. Маркиз де Садтың бойындағы қарама-қайшылық, қатыгездік пен қанішер бұзақылық оның шығармаларында жан-жақты көрініс тапты. Ең өкініштісі, мұның барлығын ол жирене отырып емес, қайта асқан сүйіспеншілікпен баяндайды. Жеке басы қарғыстан өзгені естімеген Садтың жауыздықты мадақтайтын кітаптары қазірде әлемнің әр тіліне аударылып, сан миллиондаған тиражбен тарап жатыр. Онсыз да рухы саяздау заманға душар болған жастарымызға әлгіндей шығармаларды оқулық қып бергеннен ұтарымыз қайсы?

Шаханов. Садтың шығармаларындағы жан түршігерлік көріністер мен шектен шыққан хайуандыққа лағнат айтасың. Өз шешесін өзі зорлаған, қызымен көңілдес болған қаныпезер әке қылығын оқудың өзі қандай азап десеңізші! Тіпті ерніме ұшық шығып кетті. Мойнына елу төрт әйел мен жас жеткіншектің қанын жүктеген Чикатило сындылар осы Маркиз де Садтың "үздік" оқушылары емес деп кім айта алар?

Жуырда "Всемирные новости" деген басылымнан: "Жасым 37-де. Ұзын бойлы, әдеміше келген жігітпін. Төсек қарым-қатынасының алдында өзін белбеумен немесе қамшымен соғып, жанын көзіне көрсеткенді жақсы көретін, жарақат салғаннан ләззат алатын әйелді іздеймін. Бәлкім, рәлдерімізді алмастырып қалармыз" деген хабарландыруды оқып, есіме ауылдағы бір әйелдің балалау кезімде өзім куә болған оқыс қылығы оралды.

Күнделікті үй шаруасымен тып-тыныш жүретін әп-әсем көрші келіншек аяқ астынан құтырынып, шапшып шыға келетін. Жұрт көзінше күйеуіне жөнсіз тиісіп, тілдеп, бет бақтырмай қояр еді. Төзімі таусылған күйеуі оны көкала қойдай ғып сабайтын. Араша түскен көрші-қолаң:

– Сорлы-ау, өлдің ғой, қойсаңшы осы қасқа мінезінді, – десе, әлгі әйел: – Сабаса, арқамның құрыс-тырысы жазылып, рақаттанып қаламын, – дейтін.

Ол кезде таяқ жегеннен ләззат алатыны несі, деп таң қалушы ем. Кейін ойласам, бұл да аса құпия адам психологиясының өзіндік бір жұмбағы екен. Маркиз де Садпен жоғарыда айтқан қалыңдық іздеген жігіттің бойындағы ләззат алар сәттегі төсектесін қинауға деген құштарлық, ауыл әйелінің өз-өзінен таяқ жеуге сұрануы арасында беймәлім бір байланыс жатыр. Мұны қалыпты жағдайдан ауытқу, жауыздық пен құштарлықтың ортасынан туатын бөлекше сезім деп бағалаймыз ба, кім білген?

Бірде Меркеден машинамен келе жатқанмын. Уақыт түн ортасына жақындап қалған. Ұзынағаш селосының тұсынан өте бергенімде, МАИ қызметкері ала таяғын көтерді. Тоқтай қалдым. Қазақ жігіті мені көрді де: – Мұха, сіз екенсіз ғой. Түнделетіп қайдан келесіз? – деп бәйек бола қалды. – Ренжімесеңіз, Алматыға дейін бір жігітті ала кетесіз бе?

– Мінсін. Өзім де жалғызсырап келе жатыр ем...

– Иә, жігітім, жол болсын, – дедім жанымдағы бейтаныс серігімді әңгімеге шақырып.

– Алты әйелді жәбірлеп өлтірген жігіт жайында естіп пе едіңіз? – дейді серігім.

– Жаманат жата ма? Естігем.

– Мен сол іспен айналысып жүрген тергеуші едім.

– Шамасы, жігіттің дені дұрыс болмас.

– Жоқ, – деді тергеуші басын шайқап. – Есі сау. Өзі осы Ұзынағашта туып-өскен. Мектепті де жақсы бітірген. Түр-тұлғасы да келісті. Айтысына қарағанда, құрбандығын алдын ала әзірлейді екен. Екеуден-екеу оңаша қалғанда, жігіт селебе пышақты әйелдің жүрегіне бойлата сұғып, айналдыра бұраған кезде, бейшараның жаны алқымына тірелмей ме? Міне, әйелдің сол жан азабынан әлгі жігіт адам айтқысыз ләззат алатын көрінеді. Құрбандығы неғұрлым көп қиналса, ол соғұрлым рақаттана түседі екен.

– Ой, атаңа нәлет!..

– Мұха, – деді тергеуші Алматы оттары көріне бастағанда. – Машинаңызды тоқтатыңызшы. Сізге бір фотосурет көрсетейін.

Үнсіз қалпыммен тежегішті бастым. Серігім қолсандығын ашты да, қағаздарының арасынан бір суретті алып, қолыма ұстата берді. Столдың үстінде

мойнынан кесілген әйелдің басы тұр. Шашы ұйпа-тұйпа, жағы суалған, екі көзі жұмулы...

– Міне, бұл – әлгі жігіттің соңғы құрбандығы.

Денем тітіркеніп кетті. Тергеуші әңгімесін әрі қарай жалғады.

– Ленинградтан арнайы шақырылған ғалымдар жігіттің жетінші атасы жендет болған деген жорамал айтады. Яғни бұл қанішердің кісі өлтіруге және оны азаптауға деген құштарлығы тұқым қуалап келіп отыр. Ол осы жауыздықты еркінен тыс істеуі де мүмкін. Оған қан құрамы мен тегі мәжбүр етуі ғажап емес.

Тарихта төбе шашыңды тік тұрғызар оқиғалар аз ба?

XVII ғасырдағы қанішер әйел – венгер графинясы Елизавета Баториді алайық. Бұл ханым жас қыздардың жылы қанына шомылуды әдетке айналдырған. Қанға шомылу кезінде әйел өзін ерекше бақытты сезінетін болған. Әрі жас қан сұлулығымды арттырады деп түсінген. Залым әйел 650 шаруа қызын құрбандыққа шалған...

Шіке, белгілі жапон философы Дайсаку Икэдамен екеу ара сұхбатыңызда сиырыңызды қолды қылған ұрылар жайында, ашынғаннан қолыңызға мылтық алып, ұрыларды атып тастауға тас түйін бекініп, жолға шыққаныңыз туралы тебірене әңгімелеп едіңіз...

Айтматов. Адамды қатыгездікке кейде өмір сүрген ортасы итермелейді дегенге толығымен қосыламын. Ондай сезімді мен де өз басымнан кештім. Қатты ашынып, Отан соғысының ең бір ауыр кезеңінде кісі өлтіре жаздағаным бар.

1943 жылдың ақпан айының бас кезінде отбасымыз орасан зор қайғыға душар болды. Мен жан қинаған аштық пен жоқшылық, соғыс зардабы жайында айтып отырған жоқпын. Мұның бәрі үнсіз мойындалған, айтпай-ақ түсінікті жәйттер. Оның үстіне сталиндік режимнің қатал ызғарына тап болып, қуғын көрген жанұядан шыққан, "халық жауының" баласы болсаң, жағдайың тіпті асқына түспей ме? Анамыз ауру. Жиде аулында тұрып жатқанбыз. Төрт баланың үлкені – өзім. Жасым оң бесте. Мал ұстайтын қорамыз жоқ болғандықтан, біз сиырымызды – жалғыз асыраушымызды бастықтың рұқсатымен колхоз қорасына қамайтынбыз. Соғыстың алдында, бұзау күнінде бізге бәсіре ғып берген сол сиырдың атын әлі күнге ұмытқаным жоқ – Зухра еді. Мұның бәрін тәптіштеп әңгімелеп отырғаным, ол сиырсыз біздің өмір сүруіміз еш мүмкін емес-ті. Күні

бойы сарайдан шықпай, Зухраны бағып, әукесін қасып, көршілерден қалдық тамақ жинап әкеліп, аузына тосатынбыз. Көктемге салым кішкентай бұзаулы болса, үйімізден сүт, қаймақ, айран, ірімшік арылмас еді деп армандайтынбыз.

Бірде орнымнан ерте тұрдым да, колхоз қорасына барып, Зухраны көрмек боп, үйден шықтым. Тұла бойымды қалтыратқан суық жел мен алакөлеңке қыс таңын ғұмыры ұмытпақ емеспін. Қораға жұрттан бұрын жеткен екем, малшылардың ешқайсысы келмеді. Есіктен кіре берісте, ең шетте байлаулы тұратын біздің сиыр орнында жоқ. Алғашқыда босанып кетіп, далада жүр ме деген ойға келдім. Қора мен сарайда анық жоқ боп шықты. Бір бұрышқа үйілген шөп үстінде қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан күзетшіні ояттым. Қария шынында да білмеді ме, әлде білмейтін адамның кейпін танытты ма, – мұрын астынан міңгірлегеннен басқа жарытып жауап бере алмады. Жанымның қысылғаны сондай, айналаны қарап, өзен жағасына дейін барып, зыр қағып, тегіс адақтап келдім. Әдеттегідей ертемен мәңіреп қарсы алатын Зухра жоқ. Бір сұмдықтың болғанын сездім де, жедел басып, анама келдім. Сиырдың ұрланғанына шәк келтіру мүмкін емес еді. Бәріміздің алдымызда енді Зухрасыз қалай өмір сүреміз деген сауал тұрды. Інім мен қарындастарым өксігін баса алмай, ұзақ жылады. Улап-шулаған даусымызды естіген көршілер келіп, ұрыларды қарғап-сілеп жатты. "Ұрылардан қайткенде де өш алуым керек, өзімнен кіші бауырларымды қорғай алмасам, өмір сүрмей-ақ қояйын!" – деген жан дүниемде қатты ыза мен кектің оянғаны әлі жадымда. Ойымда бір-ақ мақсат тұрды: ол – ұрыларды өз қолыммен өлтіру. Көршіміз тракторшы Темірбекке мылтығын сұрай бардым. Ауырып жатыр екен. Сөзге келместен: – Әне, қабырғада ілулі тұр, ала ғой. Оқ-дәрісі бөлек дорбаға салынған. Денім сау болса, өзім-ақ іздеп тауып, атып тастар едім иттерді, – деп кіжінді.

Темірбектің үйінен оқтаулы мылтықпен және ыза-кекпен шықтым. Сиыр жылқыдай емес, көп ұзай алмайды. Күндіз ел көріп қалады деп сойып, етін жасырған болуы керек. Өздері бар шаруаны тындырып, ұйықтап жатқан шығар деген ой алды-артыма қаратпай, дедектетіп келеді. Іздер ешкімі жоқ, өңшең жетім-жесір деп, ұрылардың бізді көзкөре басынғаны ашуымды одан сайын күшейтті.

Ұрылар қанша адам болса да, мейлі, үстінен түсемін де, жалғыздап атамын. Басқаша болуы мүмкін емес!

Егістікпен, ойлы-қырлы жерлермен тоқтамастан жүре бердім. Іні-қарындастарыммен кезектесіп киетін жалғыз етік жыртылып қалса да, аяп жатпадым. Жол таңдап жүруге уақыт тар еді. Күн екіндіге таянды. Ұры қарасын көрсетер емес. Айнала мүлгіген тау мен жазық дала. Тірі жан да, малдың ізі де көзге шалынбайды. Әбден дағдарып, ұрылар жақын жердегі Жамбылға кеткен болды деп ойладым. Зухраны сойып, базарға сатпақшы. Жүрегім одан бетер атқақтап, қалаға бет алдым. Жамбылға таң ата жетіп, базарды аралайтыныма нық сенімді едім. Әрине, олар да мені таниды. Бірақ кешірім жоқ. Ет сөресінде тұрған қалпында атамын да саламын.

Өз ойыммен арпалысып келе жатып, ешкім бармайтын ескі қорым жақтан келе жатқан есек мінген қарияны аңдамай да қалыппын. Ашудың жетегіне ергенім соншалық, тіпті амандаспадым да. Мені қарияның өзі тоқтатты:

– Балам, сен біреуді өлтіруге бара жатқан жоқсың ба?

– Иә, – дедім мен оның сұрағына еш таңғалмастан, – қайткенде де өлтіремін!

Есектің үстінде отырған жұпыны киімді қариямен көздеріміз түйісіп қалды. Мен оқтаулы мылтық асынған қалпы шаршаулы жүзбен ойлы, парасатты қарияның алдында тұрдым.

– Е, балам, оңай шаруа емес екен. Асықпа, әңгімелесейік. Неліктен ондай тосын шешімге келдің?

– Желіндеп тұрған сиырымызды ұрылар әкетті. Төртеуіміз енді аштан қатамыз. Анам болса сырқат...

– Қиын... Өте қиын... Бірақ сен мені тыңда, балам, – деді қария. – Адамды ойша да өлтіре көрме, тіпті қарғыс атқыр ұрыны да. Ақылымды алсаң, үйіңе қайт. Және ғұмыр бойы есінде сақта, жауыздық жасаған адамды өмірдің өзі жазалайды. Оған күмән келтірме. Ал сені өмірдің өзі ризалайды. Бақыт өзіңді іздеп келеді. Оның жүрегіңе қонғанын байқамай қаласың. Бүгін бір сиырыңды ұрлатсаң, ержеткен соң сенің көп сиырың, бәлки, жүз сиырың болады. Маған сен де, үйіңе қайт. Бір кездері менің сөзімнің растығына көз жеткізесің. Айтқан осы сөздерімді анаңа баяндап бер. Мен де өз жолымнан қалмайын...

Ұзап кетіп бара жатқан қарияның соңынан қарадым. Кейінге мойын бұрмады. Керегі болмай қалған мылтықты асынып, мең-зең қалпы ауылыма бет түзедім. Есімді жисам, бүкіл тұла бойым селкідеп, ебіл-себілім

шығып, жылап келе жатыр екенмін. Жол бойында алдымнан Қызыр болып жолыққан сол қарияның сөзі қазірге дейін жадымда:

– Адамды ойша болса да өлтіре көрме, тіпті қарғыс атқыр ұрыны да...

Осы оқиғаны баяндағанымда, бір танысым:

– Қанша сиырың бар? – деп сұрады.

– Бір де сиырым жоқ, – деймін.

Кейін ойладым, дүние жүзі бойынша көп тиражбен шығып жатқан кітаптарым менің қазіргі сиырларым емес пе екен? Бәлкім, әулие ақсақал соны меңзеп айтқан шығар...

Мұха, негізгі өңгіме садизмнен туындап жатыр. Кейде сол бір мұңға толы балалық шағым, жалғыз асыраушымызды жоғалтып, аштықтан бұралған ақпанның аязды күндері есіме түсіп, өз-өзімнен торығатыным бар. Бірақ оқтаулы мылтықтың алдынан ұрының кезікпегеніне бүгіндері ішімнен үш қайыра тәубе айтамын. Қатыгездіктен қатыгездік туындайды. Қапияда ұрыларға тап болып, сеспей қатырсам, менің тағдырым қалай қарай бұрылып кетер еді?.. Қоғамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты әрі өз ортаңның кері ықпалынан пайда болатын садизм ұшқыны менің бойымнан да оянуы мүмкін еді ғой. Адам жаны – аса құпия құбылыс. Кеудеңдегі бұр жарған жақсылық пен мейірімділік өркенін қиындық пен тартқан азаптан туған өшпенділік, қатыгездік сынды дүлей күштер таптап, тұншықтырып тастамасына кім кепіл?

Шаханов. Лев Толстой: "Әрбір сүрінгеніңді бақытсыздық деп санама. Бәлкім, сенің шын бақытың сол жерден басталар", – депті.

Айтматов. Сол бозбала шақта сүрінсем, соңы тек өкінішпен аяқталар еді. Осыларды ойлағанда, денем түршігіп сала береді.

Мені жамандық атаулыдан сақтап қалған мың болғыр қария кім екен? Әлде алдымнан кезіккен қызыр ма, әулие ме?

Садизм дерті сөз алған қазіргі заманда жастардың жанына парасат дәнін себетін, періштедей қорғап жүретін, аузы дуалы қариялардың орны ойсырайды да тұрады...

Шаханов. Соңғы 30 мың жылдың ішінде адамның миы өзгеріске түспеген деседі ғалымдар. Бұл арада да ой жарыстырар қызық жайлар бар. Енді арғы аталары ойшыл, зиялы, момын немесе қанішер, алаяқ болып келсе,

оның ұрпақтарынан 7–8 атадан соң (немесе одан берірек) сондай мінез күтеміз бе? Олардың бойындағы ақ ниет (белая магия), қара ниет (черная магия) әрдайым адам санасына, мінез-құлығына, дағды-үрдісіне ғұмыр бойы үстемдік жасай бере ме? Мәселен, сіздің сиырыңызды қолды қылған ұрының тұқымынан тек баукеспе ұры өрбуі міндет пе?

Жуырда газеттен бір мектеп оқушысының аса қауіпті әрекеті жайлы мақала оқып, қайран қалдым. Өз тұлғаластарынан түсінігі, білімі оқ бойы озық, күнделікті сабағын ылғи бестік бағаға оқитын жасөспірім мысық пен итті қинағаннан, азаптап немесе асып өлтіргеннен ләззат алатын көрінеді. Бірінде қоймаға от қойып, өртеп жібереді. Ел-жұрт жиналып, бірі жан ұшырып сөндіріп, екіншісі қайғырып, жылап жатса, бұл жаны жай тауып, рақатқа бата түседі.

Тіпті бірде бойын ерекше құмарлық, беймәлім бір сезім билеп, зираттарға барып, ескерткіштерін қиратады. Онымен де шектелмей, көрді қазып, өлгендердің мүрдесін азаптайды. Әке-шешесі мектепте мақтаулы баласының мұндай кісәпірлігінен көпке дейін бейхабар жүреді. Бірде кешкілік үсті-басы лай-шаң боп оралған ұлынан сұраса:

– Көрді ақтарып, өліктерді қинап келдім, – дейді үлкен бір игілікті шаруа бітіргендей.

Көрдіңіз бе, кешегі аты шулы Чикатилоны еске салатындай тағы бір жауыз ұрпақ бой көтеріп келе жатқандай.

Сан алуан сұрақтар еріксіз қинап, ойыңды онға бөледі. Алғыр да алымды баланың аяқ астынан қатерлі жолға түсуіне не себеп? Ақылы жетпей іс қылса, онда сөз басқа. Бұл іс-әрекеті әшкере болған бірлі-жарымы ғана. Ал осындай қара ниет ойдың жетегіне еріп, өзін-өзі іштей дайындап жүргендердің саны қаншама? Бұларға қалай тосқауыл қоямыз? Кәнігі қылмыскер деп танып, түрмеге қамап, бас бостандығынан айырумен бұл әлеуметтік аса залалды проблеманы шеше аламыз ба? Адам бойындағы жауыздықтың пайда болуы мен шығу төркіні қайда жатыр? Меніңше, қарсы қолданар шараға осының астарын әбден зерделеп алып, барған жөн.

Шіке, "Ғасырдан да ұзақ күн" ("Боранды бекет") атты романыңыз әлемнің әр тіліне аударылып, дүние жүзі оқырмандарын тамсандырды.

Романның осыншама күрделі де аса тапқыр сюжеті ойыңызда қай кезде оянды? "Мәңгүртизм" мен космостық

құрсау идеясын, яғни жеке адам мен күллі әлемдік проблеманы қалай қабыстырдыңыз?

Айтматов. Жазушы жазбай жүрсе де, жазып жүреді деген ұнамды пікір бар. Алдына ақ қағаз жайып, қолына қалам алып, жазатын шығарманың тақырыбын қойғанмен, соған ішкі дайындығың жоқ болса, зәулім сарай салуға ниеттенгенмен, құрал-жабдығын қамдамаған құрылысшы секілді, босқа уақыт өлтіресің. Табылған тақырып, жақсы идеяны алып шығу үшін, көңіл қоймасын ақтарасың. Бала күнгі естеліктер, көрген-баққаның, ойға түйгенің, бастан кешкен алуан түрлі оқиғалар мен жүздесулер сұрыпталып, бір жүйеге түсіп, шығарманың негізін құрайды.

"Ғасырдан да ұзақ күн" романын жазарда мәңгүрт тақырыбын үңіле зерттедім. Бала күнімізде жөн-жосықты білмейтін біреулерге: "Ей, мәңгүртсің бе өзің?" – деп жатқанды құлағымызбен талай естідік. Адамның мәңгүртке қалай айналатынын білмесек те, сүйегіңнен өтер ауыр сөз екенін сезуші едік.

Осы мәңгүрттік туралы алғашқы деректердің бірі осыдан он ғасыр бұрын жырланып, қырғыз халқының ерлік пен елдік энциклопедиясына айналған "Манас" эпосында кездеседі. Онда бала Манастың тентектігі мен шыдас бермес күшінен қорыққан қалмақтар, оны мәңгүрт етіп жіберейік деп, уәж байласқаны былайша жырланады:

*Баланы ұстап алалық,
Басына шіре салалық,
Үйге алып барып қиналық,
Алты ағайын қалмақтың
Аяқ-басын жиналық.*

Алпысыншы жылдардың ішінде ғой деймін, атақты Саяқбай Қаралаевтан мәңгүрт пен шіренің мағынасын сұрағаным бар. Сонда қадірлі қария біраз ойланып отырып, әңгімесін бастаған:

– Ертеде, қалмақ пен қырғыз шапқыншылығы тұсында, екі жақ мал-мүлікпен қоса, бір-бірінен құл етіп ұстау үшін, тұтқын алып отырған. Ол тұтқын мал соңында салпақтап жүргенімен, күндердің күні болғанда ебін тауып, қашып кетер. Әлдекімдер арқылы өзі жайлы еліне хабар беруі де, тіпті тірі жан болған соң, ауылдың қыз-қырқынына қырындап қоюы да ғажап емес. Жастай қолға түскен, күш-қуаты толған тұтқын

бес жыл, бәлкім, он жыл "ләппай" деп қызмет етер. Әрі-беріден соң ол да адам баласы, іштей қарсылығы оянып, қолына қару алып, қарсы көтерілуі мүмкін. Сондықтан оның ең тыныш жолы – мәңгүрт етіп тастау. Ол үшін алдымен тұтқынның шашын тақырлап алып, жас сойылған түйенің мойнағын не сиырдың терісін басына қаптайды. Мұны қырғыздар шіре деп атаған, оған қайыстан тіліп, бау өткізіп, самайдан тарттырып, мықтап байлайды. Сөйтіп, шыжып тұрған күннің астына аяқ-қолын байлап, тастайды. Тұтқын сонда екі бірдей азапқа түседі екен. Алдымен, жас тері ыстықтан жиырылып, басын бүріп, сүйегін сындырып жібере жаздаса, екіншіден, өскен шаш кептелген теріні тесе алмай, кері қайырылып, құйқасын ине сұққандай етіп бұрғылап, бүкіл жүйке сезімін өлтіреді, яғни еске тұту қабілетін мүлде жойып жібереді. Бір жұма, он күннен соң не өліп қалады, не мәңгүртке айналады. Өлсе – азаптан құтылды, тірі қалса – аты-жөнін, шыққан тегін, бүкіл өткен тыныс-тіршілігін ұмытып, тек өз қожасының айтқанын ғана орындайтын қара күш иесіне айналады... Адам баласы зұлымдықтың төбе шашынды тік тұрғызар нешеме түрін ойлап шығарған ғой. Тек мына қасіретке тең келері болмас.

Тоталитарлық жүйе тұсында тұтас қоғамға, соның ішінде саған да, маған да, бәріміздің ақыл-ойымызға, түсінігімізге идеологиялық шіре салды. Мұның өзі бір режимге бағындырып, бұғаулап ұстау мақсатында жүзеге асып жатты. Бірде Мәскеуге пойызбен кетіп бара жаттым. Қызылорда облысының үстінен өткен кезімізде радио Байқоңырдан ғарыш кемесі ұшқанын хабарлады. Пойыз терезесінен күнсіп жатқан адырлы далаға қарап тұрып, ұзақ ойға берілдім. "Боранды беткет" романын жазу идеясы осы сәтте ойыма оралған. Өзге планеталарда да ақылды тіршілік иесі бар деп жүрміз, ғайыптан жер планетасы олардың ғарыш құрсауына тап болса ше... деген күдік көкейіме кептеліп, тыншу берер болмады. Жас кезде естіген мәңгүрттік хикаясы қиялымда қайтадан сәулеленді. Өткен замандарда қара күш иесі адамның басын құрсауға алып, ақыл-ойын өшірген. Бұл – жалпы сипат алмаған, жекеше түрдегі көрініс. Ал енді қарама-қайшы идеологияны алға тұтып, өзара теке тіреске түскен екі жүйе космосқа шығып, бір-біріне қыр көрсетіп, жер шарына шіре салса, не болмақ? Жеке пәнде басындағы қасірет трансформацияланып, бізді түгелдей шырмап,

матап алмай ма? Әр түрлі көлемде болғанмен, трагедия ортақ. Адамзат баласына төнуі мүмкін осындай қасірет-қайғыдан алдын ала сақтандырғым келді.

Шаханов. Сіз сан ғасырдың сынынан өткен, құпиясымың қатпарлы Азия құрлығы тудырған, сонау Манас дәуірінің арғы жағында дүниеге келген сойқан тәсілге ешкімнің ойына келмеген жаңа шешім таптыңыз да, күллі әлемдік проблемаға айналдырдыңыз. Сөйтіп, ғаламдық сөздік қорға "мәңгүртизм" деген ұғым атауын қостыңыз.

Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде тілі мен ділін, салт-дәстүрін ұмытып, тарихи жадынан айырыла бастаған аз ұлттардың трагедиясы осы шығармадан кейін бар дауыспен көтерілді. Мәңгүрт боп кетпеу мәселесі саны жағынан аз халықтардың ұранына айналды. Яғни тоталитарлық жүйенің тұсында болжалдап болса да, сіздің аузыңызбен айтылған өмірдің ащы шындығы әсіре қызыл идеологияның шырмауына түскен ұлттар мен ұлыстарды дүр сілкінтіп, марғау қалпынан оятты.

Балтық бойы мен Молдавия жастарының бірнеше жыл бұрын қолдарына "Мы – не манкурты!" деп плакат ұстап, бейбіт шеруге шыққаны осының бір дәлелі еді.

Ал, енді адамның ең ғаламат байлығы – ақыл-есін бағындыру арқылы құлақ кесті құлға айналдырудың тағы бір түрі зомби деп аталатыны өзіңізге мәлім. Мәңгүрттіктен бір елі кем түспейтін, "ғасыр қылмысы" атанған бұл зұлымдық әрекет алғаш Африка тайпаларында дүниеге келген деседі. Әр түрлі аңызға бергісіз оқиғаларға сенер болсақ, төбе шашың тік тұрады. Адамды өлтіріп, тірілту технологиясы да қатал құпия ұсталған. Ашылу жайы да тосын.

Африкалық бір жігіт плантацияларды аралап жүрсе, жұмыс жасап жатқан көп адамның ішінен өзінің осыдан он бес жыл бұрын өлген туған ағасын танып қалады. Өз көзіне өзі сенбей, қасына барып қараса, дәл өзі. Тек көзі жануардікіндей сұлық, оты өшкен, мағынасыз. Алдында тұрған інісіне мойын бұрып та қарамайды. Атын атаса, естімегендей, мұрын астынан міңгірлейді. Қайта, ісіме кеселдік келтірме дегендей, кетпен сабымен қағып тастап, қара топырақты бұрқылдатып қаза бастайды. Қарадай есінен айырылған жігіт ағасының қасында жүргендердің бәрі бір қалыптан шыққан тірі міскін екеніне көз жеткізеді. Көрген-баққанын үй ішіне, ауылдастарына дереу хабарлаған жігіт бір топ адамды ертіп келіп, ағасының зиратын ашса, бос жатыр!..

Жедел құрылған мемлекеттік комиссия жергілікті полициялармен бірлесіп, күдікті тайпаны қатаң бақылауға алады. Бақса, адамды зомбиға айналдырудың құпиясы тым ерте заманнан келе жатқан көрінеді. Күдікті тайпаның адамдары тегін құл иелену үшін, адам баласының ойына келмес "жаңалық" ашыпты. Құл иеленушінің жас әрі қайратты жұмыс қолын қалайтыны о бастан белгілі. Ол үшін алдымен, негізінен, Африка өзендерінде тіршілік ететін қос тісті балықтың жон арқасындағы улы қылтанақты көздеген адамыңның тамағына байқатпай салып жіберсең бітті, шамалы уақыттан соң демі бітіп, денесі көгіс тартып, тіл тартпай кетеді екен. Зиратқа жерленген өлікті 4–5 күннен соң күдікті тайпаның адамдары жасырын түрде кері қазып алып, орман ішіне әкетеді. Үсті-басына асай-мүсейін асынған бақсы-балгерлер бөгде адамның құлағына шалынбаған аса күшті дуаларын оқып, сырт көзден мүлде жасырын ұстайтын ем-домдарын қолданады. Қысқасы, таң ата өлікке жан бітіріп, орнынан тұрғызып, қаз бастырады. Жеті мүшесі сау, бірақ миының жартысынан көбі өлген, өз атын, шыққан тегін, туған жерін, жақын, алыс адамдарын түгел ұмытқан миғұла. Апар да – жұмысқа жек, тегін құл дайын. Бұл қылмыс осылай әшкереленсе де, өлік ұрлау әлі күнге тыйылмаған көрінеді.

Айтматов. Мәңгүрттік пен зомбилық – садизмнен өсіп шыққан екі улы бұтақ сынды. Аты бөлек болғанмен, заты бір. Ағылшын жазушысы Грэм Грин өзінің "Комедианттар" романын жазарда, Гайти тайпасына барып, "ғасыр қылмысы" атанған зомбилықты жан-жақты зерттеген. Кейіннен ол күнделігінде: "Дювалье деген диктатордың тонтон-макут деп аталатын құпия полициясының дені осы зомбилардан тұрады. Бұл елде кез келген адамды өлгеннен соң, зомбиға айналдыра салу тіптен оңай көрінеді. Сол себепті қарапайым тұрғындар аса қорқыныш үстінде өмір сүруде. Өлгендерді жерлеген соң, ұрлап кетпесін деп, арнайы күзет ұйымдастырады", – деп жазған.

Газеттердің айтуына қарағанда, бұл қылмыс қазір Африка тайпаларының арасында ғана шектеліп қалып отырған жоқ. Австралиялық аборигендердің ішінде де адамдарды зомбиға айналдыру тыйылмай отырған сыңайлы. Этнографтардың дәлелдеуінше, Австралияда сиқыршы-емші болашақ құрбандығын өзі таңдайды екен. Қол-аяғын байлаған қалпы сол қырынан жатқызып,

балықтың сүйегін немесе жіңішке найзаны жүрегіне сұғып, уақытша өлтіреді. Сол сәтте оны сиқырдың күшімен қайтадан тірілтіп, өткен өмірін ұмытуға мәжбүр етеді. Мұндай зомбидың ақыл-есі бүтін адамнан еш айырмасы жоқ. Тек бір нүктеге қарап мөліп отырады да қояды дейді. Әйтсе де мұның бәрі маған қиял-ғажайып ертегідей әсер етеді.

Шаханов. Джоржд Райд есімді жиһангез осындай қылмысты сеансты өз көзімен тамашалағанын жазады: "Жерде бір адам өліп жатты. Сиқыршылардың әні мен барабан даусы күшейген сайын, әлгі адам да қимылға келе бастады. Алдымен қолын көтеріп, кеудесіне қойды. Сосын жүресінен отырды. Жан-жағын қоршап, ән айтып тұрғандардың сол кездегі айқай салған жан даусы әлі күнге құлағымда жаңғырып тұр. Тірілген зомбидың еш мағынасыз жанарына қараудан өткен азап жоқ еді..."

Өзіңіз жазғандай, адамның бағын да, байлығын да тартып алуға, иемденуге болар, ал ақыл-есінен айырудан асқан қылмыс бұл пәниде бар деп кім айта алар?

"Зомбилық Америка құрлығында да пайда болды", – деп жазуда газеттер. Қара жұмысқа жегумен қатар, мұндай қасіретке ұшырағандарды әр түрлі қылмысқа итермелеушілік те белең алып келеді. Адамды өлтіріп, тірілтудің Африкадағыдай жабайы әдістері жолда қалып, тіпті компьютерлік жабдықтарды қолдану арқылы бір немесе бірнеше адамды қатарынан зомбиға айналдыратын жасырын жүйе жұмыс істейді деседі. Зомбиға айналған адам өзінің анық зомби екенін дәлелдесе, осы қылмысқа қатаң бақылау орнатпай отырған үкімет 1,5 – 2 миллион доллар шамасында айып төлеуге міндетті көрінеді.

Гайтиден Америкаға қоныс аударып келген Жак Орнюв деген азамат өзін зомбимын деп жариялап, әлеуметтік қордан жәрдемақы талап еткен. Ал әлеуметтік қордың иесі Гайтиге сұрау салып, Орнювтің құжаттарының көшірмесін алдырса, ол 1978 жылы 51 жасында қаза тапты деп көрсетіліпті. Сүйегі қурап қалған адамға қай елдің де жәрдемақы төлемейтіні белгілі.

– Менің өліп, қайтадан тірілгенім рас, – деп мойындайды Жак Орнювтің өзі. – Бірақ мен қазір де өмір сүріп жатырмын емес пе? Өлтіру де, тірілту де қолдан жасалды. Менің қандай кінәм бар?

Айтматов. Осы бір "менің қандай кінәм бар?" деген шыдас бермес сауал сәдизмнің қолынан жапа шеккен,

мәңгүрттік пен зомбилықтың қасіретіне кезігіп, кескін-келбетінен айырылған жер бетіндегі қаншама адамның жан айғайына айналды екен?...

Шаханов. Желтоқсан оқиғасын зерттеумен шұғылданып жүрген шақта, алдыма жанына екі жолдасын ертіп, С. деген азамат келген. Өзі ғылым кандидаты.

– Істі болып, тергеу камерасында жатқанымда, басыма сырттан сигнал қабылдау мүмкіндігі күшті талшық сіңір тігіп жіберген. Қауіпсіздік комитетіндегілер басыма қондырылған сол құпия талшық арқылы маған тәжірибе жасайды, әр түрлі нұсқаулар беріп, ойымды жазып алады. Бар үмітім Олжас Сүлейменов екеуіңізде. Мені осы азаптан құтқара көріңіздер, – деген жүзін мұң торлап. Шекесіндегі ай тыртықты да көрсетті.

Бұрынғы Қауіпсіздік комитетінде адамдарды зомбиға айналдыратын аппараттың барлығы жайында әр түрлі әңгімелер естіліп жүргенмен, оны дәлелдеуге сол шақта мүмкіндігіміз болмады...

Кейіннен Мәскеуде де адамның ақыл-есін бағындырып, жанды роботқа айналдырып жіберетін қылмысты орталықтардың бар екендігін "Комсомольская правда" газеті және басқа да азулы басылымдар жазып жатты.

Жалпы, мәңгүрттік пен зомбилық мынау өмірде болды ма, жоқ па, әлде ел аузында аңызға айналып кеткен жауыздықтың түрі ме? деген сауал оқырман көкейінде қалар.

"Бар болса, оның толық технологиясы қандай, кәне, дәлелде", – деушілер де табылар.

Адамды мәңгүртке айналдыру өткен ғасырларда болған. Дәл қазір, құдайға шүкір, жоқ. Бірақ мәңгүртизм идеясы жетілген басқа формада, мемлекеттік деңгейде өмір сүріп жатқаны – даусыз шындық. Жоғарыда келтірілген сұхбаттарымызда оның шет жағасын айтып өттік те.

Ал зомбилық әр қилы кітаптарда, мақалаларда дәлелді түрде жиі жазылып келеді. Біз оны нақты фактіден гөрі, аңыздай қабылдап, әңгіме өрбіттік және одан туындайтын өмірдің сан алуан проблемалары мен адамзат тіршілігіне әкелетін зардаптарын саралауға тырыстық.

Иә, адамзаттың ақылы жер бетінде сан түрлі ғажайыптарды туғызды, өкінішке қарай, зұлымдық атаулыдан да кенде қалған жоқ. Эволюция заңына сүйенсек, ғасыр алмасқан сайын, адам баласының тұқымы мен тегі сұрыпталып, жақсара беруі тиіс. Олай болса, жер

шарындағы қылмыс атаулы не себепті жыл сайын өршіп келеді?

Айтматов. Мәселен, Иракта ұрлық жасаған адамның қолын шауып тастайды. Өзгеге – сабақ, өзіне – жаза. Бірақ ұрының қолын шауып, өмірлік мүгедек еткеннен оның жан дүниесіне әсер етіп, жаман пиғылын тидық па? Жалпы, адамды қорлаудың, жазалаудың екі жүзге тарта тәсілі бар деседі. Бәрінің ар жағында садизм жатыр. Осының екі улы бұтағы: бірі – Азия, екіншісі – Африка құрлығында дүниеге келген мәңгүрттік пен зомбилық. Мәселен, қазіргі техниканың жетістігіне сүйенген, айталық, бір садист диктатор жер бетіне шексіз билігін жүргізуді мақсат етіп, мәңгүрттік пен зомбилықты қару ғып, жаппай іске қосса ше?.. Ондай апатты құдай өңіміз тұрмақ, түсімізде де бермегей.

Шаханов. Адам бойындағы садизмнің өршуіне, тіпті бүкіл елді қамтыған қасіретке айналуына көп жағдайда мемлекет басшылары да мұрындық болып отырғанын тарихтан жақсы білеміз. Мәселен, ежелгі Римдегі гладиаторлардың шайқасын алайық. Алғаш рет атақты адамдардың құрметіне, өлген императорлардың рухына тағзым ету мақсатында өткізілген екі адамның қарулы шайқасы келе-келе, күллі Италияны қамтыған ұлттық ойынға айналып жүре берді.

Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдан бастап елде гладиаторлық шайқастарға арналып сәулетті алаңдар соғылған. Суда өтетін ойындарға арнайы соғыс кемелері жасакталып, мыңдаған құлдар мен тұтқындар қару-жарақпен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге аттылы, найзалы, қылышты гладиаторлықтың *андабат*, *димахер*, *эквит*, *эсседерий*, *галл*, *лаквеарий*, *сигитарий*, *велит* сынды шайқас түрлері әдіске енген.

Императордан бастап елдің кәрі-жасы, қайыршысына дейін есін алып, еліктіріп, сүйікті көрермені кылып қойған бұл қанды қырғынның жыл сайын көлемі де, қатыгездігі де, құрбандығы да молая берген. Мәселен, есуас император Калигула гладиаторлық ойынды театрдағы спектакль деп бағалап, шайқас алаңына шалдар мен әйелдерді, тіпті кемтар бейшараларды да қуалап шығарса, Клавдий құрлықты місе тұтпай, судағы кемелерді соғыстырды. Император Вителлий өзінің туған күні құрметіне Римнің барлық 265 кварталында гладиаторларды төбелестірсе, Тит бұл қырғынды 100 күнге созды, ал Траян

билік құрған кезеңде осы жыртқыштық тіпті көз көріп, құлақ естімеген дәрежеге көтерілді. Яғни 10 мың гладиатор 123 күн тынбай найзаласып, қылыштасып, атысып-шабысып, бірінің-бірі ішін жарып, қолын шауып, басын кесіп жатты!

Ал жүз мыңдаған көрермен ертеңді-кеш тамашаға батып, жеңімпаздарды құттықтап, өлгендерді ез қатарына санап, даңғаза шуға бөленіп, шаттанумен болған. Бейбіт елді осыншама қанға бөктіріп, содан ләззат алудан өткен сорақылық бар ма?

Рим халқын жаппай құмарлыққа айналып кеткен атышулы қырғыннан алғаш құтқарған христиан діні болды. Император Ұлы Константин осы дінге бас иісімен, елде қоңырау қаққан шіркеулер көбейіп, халық ізгілікке, мейірімділікке бет бұрды. Өйткені адамдардың бір-біріне деген зорлық-зомбылығы христиан дінінің қағидаларына жат тағылық болып саналып, қатаң жазаланатын.

404 жылы Римде өткен гладиаторлардың соңғы шайқасында Кіші Азиядан келген Телемах есімді монах аяусыз соғысып жатқандарға арашаға ұмтылады. Бірақ өзара өштесіп, бір-біріне өліспей беріспеуге анттасқан екі жақ бейкүнә монахты қылышпен турап тастаған.

Бұл сұмдық көрініске куә болып отырған император Гонорийдің жаны түршіккені соншалық, осыдан бастап елде гладиаторлық ойын өткізуге қатаң тыйым салған.

Демек, римдіктер әлі күнге дейін көбіне-көп императорға емес, жаны жәннатта болғыр Телемахқа қарыздар!

Айтматов. Міне, бұдан шығар қорытынды: біреудің шеккен азабынан ләззат алатындардың бойында да садизм ұшқыны бар.

Бұл қатерлі нышанды жоғары сана, дін арқылы ауыздықтау да күн тәртібінен түспеуге тиіс.

Ал Испаниядағы Корида, яғни танауынан бу атып, көзінен от шашқан бұзақы өгіз бен адамның арасындағы өмір, өлім тайталасы әлі күнге дейін миллиондаған көрермендерге ләззат сыйлап келеді. Шайқас өтіп жатқан кезде Мадрид көшелерінде, тіпті бүкіл Испанияда қозғалыс азаяды. Бұл ұлттық ойынды көзбен көріп, қызықтауға қолы жетпегендер теледидар экранын кірпік қақпай күзетеді.

Шаханов. Кейінгі кезде нарколог ғалымдар адамдардың басым көпшілігінің бойында ішкілікке бейімділік бар деген қорытындыға келді. Ендеше, елдің бәрі неге

шетінен маскүнем болып кетпейді? деген сұрақ туады. Ол – кісінің физиологиялық ерекшелігіне, өзін-өзі ұстай білуіне, қоршаған ортасының салт-санасына да тікелей байланысты. Жолдас-жорасының ықпалынан шыға алмай, ішкіш боп кеткен азаматтарды немесе маскүнем күйеуімен "жынды суды" қосыла сіміріп, құрдымға құлаған небір үріп ауызға салғандай келіншектердің трагедиясын естіп, көріп келеміз.

Адам өз алдына, әр түрлі өсімдіктердің бойында да белгілі дәрежеде "жынды суға" деген құштарлық барлығын ғылым дәлелдеп отыр. Арнайы тәжірибе орталығында өсірілген жиырма түп көшеттің онын қарапайым сумен суғарған да, қалған он гүлге құятын судың құрамына спирт араластырған. Қызықты қараңыз: алғашқысының бойы, көлемі қалыпты мөлшерде өскен де, екіншісі биік әрі жапырақтары жайқала түскен. Кейіннен жай сумен суғарғанда, бастапқы әсемдігінен ажырап, солып, құрай бастаған.

Самогон қайнатқан бәзбіреулер пайдаланған бидай мен картоп қалдығын бере берген соң, маскүнем боп кеткен шошқа мен қаз-үйрек жайлы мерзімді баспасөзде талай мәрте жазылды.

Демек, жер бетіндегі тіршілік иесінің қай-қайсысының бойында да құмарпаздық түйсік бұғып жатыр деген сөз.

Бұрынғы КСРО-ның егемендік алған республикаларында соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы қылмыс 8 – 10, тіпті кейбір түрінің 14 есеге дейін күрт өсіп кетуінің себебі бәрімізді ойландыруға тиіс...


Меніңше, жоғарыда айтылған әңгімелерден мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты. Жалпы, адам баласының бойында өзгеге үстемдік жүргізу құштарлығы, садизм ұшқыны (элементі) бар. Бәлкім, ол біреуде өте елеусіз, аз, екіншісінде орташа, кейбіреуде аса қауіпті мөлшерде көп ұшырасуы мүмкін.

Осы кінәратты сезім, аурудың кез келген түрі сынды, қозып кетсе, аздың өзі асқынып, орташасы бас бермей, қауіпті күшке айналуы әбден мүмкін. Адамгершілік пен қайырымдылық бастауларын және дінді қарсы қою арқылы адам бойындағы бұл індеттің жолын кесуге болар. Және бұған жүйелі түрде мемлекеттік деңгейде назар аударылып тұруы тиіс.


Айтматов. Садизм індетін зерттеуші генетика ғылымы бұрынғы Кеңес өкіметі дәуірінде қуғынға ұшырады. Адамның тегін жақсарту жолында жан-

қиярлықпен еңбек еткен үлкен-үлкен ғалымдарымыз түрмеге жабылып, том-том ғылыми еңбектері жойылып, ажуа-мазаққа айналды. Жақсылықты бұқтырсаң, жанынан міндетті түрде жауыздық өсіп шығады. Осы қарапайым қағидаға ұзақ уақыт құлақ аспай келгеніміз қандай өкінішті! Қайткен күнде де қанішерден – қанішер, жауыздан – жауыз тудырмау, мәңгүрттік пен зомбилыққа деген құштарлықты асқындырмай, бұғаулау талабы – генетика ғылымымен қоса, күллі адамзаттың алдында тұрған зор міндет емес пе?

Билік пен
рухани байлық
немесе
осы екі
қарудың
патшалар,
хандар,
корольдер
және
президенттер
тағдырындағы
көрінісі



Мемлекет басшысы болу деген – әр кез иненің ұшында, қылыштың қырында отырумен бірдей қиын шаруа. Кейде бір шаңырақтың астында түтін түтетіп отырған ағайындылардың өзі ортақ тіл таба алмай, жаға жыртысып жатады. Ал күллі мемлекеттің тізгінін ұстау, қырық рулы елдің басын қосып, ортақ мәмлесін табу, бірлігін сақтау, ішкі, сыртқы саясатын, мәдениетін орнықтыру, қуатын арттыру – кез келген басшының қолынан келе бермес машақатты да мәртебелі міндет.



Алмас қылыш секілді халық деген,
Ұстайтындар аз оны парықпенен.
Қайрай білу – бір өнер,
Жұмсай білу – бір өнер,
Құрсай білу – бір өнер,
Сәл қолыңнан шығарсаң,
Өз басыңа тіленер...

МұхШаманов —

Шаханов. Екі жүз елу миллионнан астам халықты бір ұранның астында ортақ саяси көзқараспен ұстаған Кеңес Одағы араға жетпіс жылдан астам уақыт салып күйреп, ыдырап, жеке-жеке отау тіккен он бес мемлекетке айналды. (Бұл санның көбеюі де ғажап емес.)

Айтматов. Ендігі мәселе егемендік алған Кіндік Азия республикалары қоғамдық қатынастың жаңа құрылымында қай бағытта дамып, билік пен демократияны қай шеңберде ұстауы керек дегенге саяды.

Шаханов. Иә, арманымызға айналған егемендікке де қол жеткіздік. Бұрын Кеңес өкіметі тұсында бірінде жоқты екіншісінен алып, мырзақолдық танытып, ортақ қазанда қайнап жатқан одақтас республикалар жеке-жеке мемлекет атанған соң, экономикалық тоқыраудың кебін киді. Ортақ тетік істен шығып, әркім өзінің тапқантаянғанымен күн көруге көшті. Мынадай бір қарапайым мысалға жүгінейік. Күнделікті тұрмысқа аса қажетті машинаның бір тетігі Өзбекстанда, бір тетігі Украинада, бір тетігі Беларусияда, бір тетігі Ресейде шығып келді. Ал Қазақстанда Менделеев кестесінде көрсетілген қазба байлықтар түгелге жуық бар. Бірақ оны сұрыптайтын, өңдейтін, яғни өнім етіп ұсынатын зауыттар басқа республикаларда. Бұл не? Мұнда зымиян қулығына найза бойламайтын: "егер осы республикалар жеке-дара егемендік иеленуге талпынса, өзінше өмір сүру үміті үзілсін" деген қитұрқы саясат ә дегеннен-ақ есепке алынған. Енді, міне, бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын, адамның сансыз қан тамырларындай, шуда жіптей шатысып жатқан осы байланыстардың жолы үзіліп еді, егемендік алған әр мемлекет өзінше кіріптарлыққа түсті. Қазір осы елдер бірлесіп өмір сүрудің әр қилы жолдарын қарастыруда.

Айтматов. Экономикалық қатынастың өзгеруіне орай, рухани байлығымыз жұтай бастады. Жасыратыны

жоқ, Кеңес өкіметі тұсында көркемөнердің кез келген түрі партияның үгіт-насихат құралына айналып, ерекше өркен жайды. Қырағы цензурасы бар социалистік реализмнің тар шеңбері сығып, қылғындырды дегенмен, мемлекеттік баспалар пәрменді жұмыс жасап, мерзімді баспасөз тоқтаусыз шығып жатты.

Саяси бас қалқадан айырылып қалған соң, мемлекет баспаларды, газет-журналдарды бұрынғыдай бюджет есебінен қаржыландыруын тоқтатты. Нарықтық қатынастың қатал заңы — осы. Өз қолың өз аузыңа жетпесе, бизнес акуласының құрбандығына айналасың. Осыдан келіп қітап дүкендері мен жайма базарларын жілік майы татымайтын арзан қол детектив жинақтар, кісі өлтірудің, тонау мен зорлаудың неше атасын әліппе үйреткендей ғып түсіндіретін бейәдеп кітаптардың топаны басып кетті. Бұл неткен бейбастақтық деп, кімнің жағасына қол апарасың? Өйткені елдеріміз демократиялық даму жолына түскен.

Жарайды, оған да көндік. Бірақ әлгіндей талғамсыз қашты-қудыны, асты-өлтірдіні әуезе ғып әңгімелейтін кітаптардан дәріс алған ұрпаққа мұның өзі өтпелі кезеңнің көріністері десек те, аса алаңдатарлық ахуал.

Шаханов. Байқайсыз ба, ұлттық тәрбие құралдарын тұншықтырып едік, қоғамдық психология табан астында өзгеріп шыға келді. Бұрындары, мәселен, бәлен кітапты, түген кітапты оқыдым деп, тең құрбысының алдында мақтанатын жеткіншектің аузынан қазір бес сомның затын бұлдап, он сомға өткіздім дегенді естісек, таңданып жатпаймыз. Заманына қарай адамы, оларды да кінәлай алмайсың. Десе де, елдің елдігін танытатын рухани байлықтың оныншы, он бесінші, кей жерлерде тіпті жиырма-сыншы орынға ығысып кеткені көңілге қаяу салмай тұрмайды.

Қалта байлығын рухани байлықтан жоғары қойған елдің ертеңі күмәнды. Байлыққа белшесінен батқан, жасы әлі 25-ке де толмаған бір бизнесмен жігіт Алматыдағы жиырма бес қатарлы "Қазақстан" қонақүйінің ең ұшар басына зеңбірек сүйретіп шығарып, түн жарымында, ел шырт ұйқыда жатқанда, өзінің туған күні құрметіне арнап салют бергізіпті деп естідім.

Айтматов. Біз демократияны кез келген адамның ойына келгенін жасататын, әй дер ажасы, қой дер қожасы жоқ рақатизм деп қабылдадық. Жоқ, демократия дегеніміз, ең алдымен, қатаң тәртіп. Оның өзіне тән шектеуі мен шекарасы болуы керек. Қарапайым ғана

мысал. Отбасы — мемлекеттің моделі. Оның да көсем басшысы, сенімді қосшысы, орнықты орындаушылары бар. Демократия екен, аузыма не келсе, соны көкуте еркім бар деп, келін атаның сақалына жармасып, ұл шешенің бетінен алып жатса, не болмақ? Ырыс емес, үй ішіне қып-қызыл төбелес алып келетін, рухани мәдениетке тамыр жібермеген демократияның кімге қажеті бар?

"Бақ пен сордың арасы — бір-ақ қадам" депті императорлық тақ пен тәжден айырылып, әулие Елена аралына жер аударылып бара жатқан Наполеон Бонапарт өкініш-тен бармағын шайнап. Сол сияқты — аңдап баспаса, абайлап ұстамаса, демократиядан анархияның аулы алыс жер емес...

Шаханов. Осы билік пен демократияның арақатынасы қандай, алшақтығы неде деп ойлайсыз?

Айтматов. Бейнелеп айтсақ, билік дегеніміз — айбалтаның басы да, демократия — сабы. Ал сабын ұстайтын әлуетті қолдың иесі қашан да халық екенін естен шығармаған абзал. Сондықтан бұл екеуін бөле-жара қараудың қажеті жоқ. Өзім куәсі болған бір жайтты әңгімелеп берейін.

Бір күні кешкілік қызым Шырын:

— Әке, автобуста келе жатып, әмиянымды түсіріп алыппын. Ренжімеңізші, — деді. Аз-кем ақшаның жоғалғанына емес, құнтсыздығына, әсіресе оқушы куәлігін қайта жаздырып алуға тура келетініне бола ескерту жасадым. Арада екі-үш күн өткен соң, Люксембург полициясынан біздің елшілікке телефон соғылды. Полицияның менде нендей шаруасы бар деген дүдәмәл оймен телефон құлағын көтерсем:

— Сіздің қызыңыз әмиянын жоғалтқан екен. Тауып алған адам бізге әкеліп табыс етті. Келіп, алып кетіңіздер, — дегені.

Полиция бөлімшесіне Шырынның өзін жұмсадым. Тапқан адам, бәлкім, пайда көріп, ақшасын алып қалған шығар деген оймен, келгесін: — Заттарың түгел ме? — деп едім, — Ақшам да, құжаттарым да сол қалпында екен, — деп жауап берді.

Таңғалдым өрі шексіз риза болдым.

Міне, қоғам алдындағы әрбір азаматтың жауапкершілігі деген — осы.

Әмиянды тапқан адам оны полицияға әкеліп әуре болмай-ақ, қалтасына сала салса, ешкім де оны ұры деп жазғымас анық. Байыппен қарасақ, бұл — билік

қалыптастырған мінез бен демократияның шынайылығы. Осы екі тірліктің бірі бұзылса, екіншісі қисаймай тұрмайды. Жоғалғаныңды тауып беру тұрмақ, қолыңдағыңды жұлып алатын біздің қоғамда, демек, билік те, демократия да әлі орнықпай жатыр.

Мысалы, қызым ендігі жерде: "Адамдар маған ықыласты қатынас жасап, адалдығын дәлелдеген екен, ендеше мен де жақсылыққа жақсылықпен жауап беруім керек", — деп өзін-өзі іштей тәрбиелеп бағады.

Демократия дегеніміз — Батыстың арзан қол кей өнерін, біздің ұлтымыздың иманына жат бейәдеп қылығын немесе бәзбір ислам елдерінің діни фундаментализмін көзсіз қабылдай беру емес.

Шаханов. Ел экономикалық, рухани жағынан дағдарысқа түскенмен, жаңа қоғамдық қатынастың қатал қағидаларын бірте-бірте меңгеру үстінде. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде Кіндік Азия республикалары Батыстың даму жолына түсе ме, немесе Шығыстағы көрші мемлекеттерден тәлім ала ма, жоқ, әлде өзіндік ерекшелігін сақтап қала ма? — деген сұрақтар бой көрсетіп қалады.

Айтматов. Бұл өзі жаңадан егемендік алған жас мемлекеттер үшін өте көкейтесті мәселеге айналып отыр. Бас-басымызға жеке шаңырақ көтерген соң, иллюзияға тап болдық па, аптығып, әлі күнге бағыт-бағдарымызды анық айқындай алмай жатқан сыңайлымыз. Демократияның жауапкершілігі — Президенттен бастап елдің әр азаматының иығына түсер ортақ жүк. Демократияға қол жеткіздік екен, аспаннан алтын жауады деген ұғымнан арылуымыз қажет. Біз үшін идеал қоғамның аулы әлі алыс жатыр. Осыны жан-тәніңмен, бүкіл болмысыңмен түсіну — парыз. Қолдағы билік пен мүмкіндікті жалаң өз басыңа пайдаланбай, еліңе жақсылық жасауға ұмтылсаң ғана, демократияның бағы жанады. Сондықтан қазіргі кезеңнің жауапкершілігі тоталитарлық жүйенің темір тәртібінен де күшті болу керек деп есептеймін.

Шаханов. Аузымен орақ орған кейбір бөспелерге қолайлы кезең туды. Демократияны бүркеніп, мінбеге өрмелеп шық та, Президенттен бастап бәрін іске алғысыз етіп сал... Қойсаңшы дер ешкім жоқ. Қайта әлдекімдердің құшыры қанып, алақаны қызғанша қол соғуы мүмкін. Сонда шынайы демократия дегеніміз бір-біріңнен мін іздеп, көлеңкеңді өлшеп, сынаудан көз ашпау ма? Елімізге тосыннан келген еркіндік пен бостандық бізді дамудың қай бағытына бастап барады? Шығар қорытынды, берер нәтижесі қандай?

Қырғыз елінде парламент сайлауы кезінде не пәлелер болмады десеңізші! Жұрт жік-жікке, ру-руға, жер-жерге бөлініп, түбі бір атаның нәсілі екендігі естерінен шығып, өзара одағайласып, дауласып кетті емес пе? Бір депутаттыққа талапкер өз сайлаушыларына аяқ киім үлестірген. Бірақ бәріне бір-бір сыңардан ғана. Әлгі өлермен:

— Маған дауыс беріңдер. Қарсыластарымды жеңіп шықсам, екінші сыңарын аласыңдар, — деп, қонторғай боп жүрген халықтың осал жерін басады. Қалған талапкер-бақталастары қарап қалсын ба, ақшаны оңды-солды шашып, арақты судай ағызған. Орамал, көйлек-көншекке де сараңдық жасамаған. Нәтижесінде аяқ киім үлестіргеннің бағы жанбады. Міне, сайлаудың бір ғажабы осы!

Десе де, осындайлардың талайы парламентке өтіп кетті. Бір кезде өзіміз сәлем беруге ұялатын рухани жағынан таяз, бір жолғы қызығы, мансабы, яғни жеке мүддесі үшін әкесін шешесімен қосып сатып жіберуге әзір тұратын алаяқтардың талайы қазір байып кетті. Жаппай жекешелендірудің де қызығын, негізінен, көрген де сол ептілер. Қарапайым жұрттың тағдыры соларға қарап қалды. Осы жайттарды зерделесек, бұл — біздің демократиядан тапқан алғашқы ұтылыстарымыз.

Бұрын қазақта екі жүзден астам тыю заңы болған. Мәселен, ішіп отырған құдығыңа түкірме, нанның үстіне зат қойма, нанды теппе, тұзды баспа, үйге жақындағанда, жүгірме, жасы үлкеннің алдын кеспе, төрде одан жоғары отырма, сөзін бөлме, ата-анаңның бетінен алма, кемтар адамға күлме, кісіге қару кеземе, кісіге сыртыңды берме, малды басқа ұрма, бос бесікті тербетпе, үйде отырып, ысқырма, бас киіміңді аяқ асты тастама, өлімге көңіл айтқан соң, басқа үйге кірме, құмырсқаның илеуін, құстың ұясын бұзба, т.б. Осы тыю заңдарының өзі жинақталып келіп, ұлттық ерекшелігімізді, мәдениетімізді, әдебиетімізді, тіліміз бен ділімізді, иманымызды көздің қарашығындай сақтады. Яғни ұлттық идеологияның міндетін атқарды.

Өзім көріп, куәсы болған екі жайт өмір бойы есімде қалыпты. Грузиндерде ата-бабасынан бермен қарай келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған мынадай бір жақсы дәстүр бар екен. Кімде-кім қыз ұзатса, оның басты жасауы ғып Шота Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастанын сыйға тартатын көрінеді. Осы заманға сай небір жиһаздың ішінде дастанның алар орны ерекше. Өйткені ол — туған жер қасиетін, оның

азамат ұлдарының ерлігі мен намысын жырлайтын ұлы шығарма. Сондықтан да әр грузин отбасының ең қымбат мүлкі боп саналады. Егерде өзге жасаудың бәрі бар да, бір ғана "Жолбарыс терісін жамылған батыр" дастаны жоқ болса, онда ол толық қанды жасау боп есептелмейді. Бұл — ата-анаға ауыр сын. Мәселен, Канадада кәрі теректердің конкурсы өтіп, ең көп жасағандарын арнайы медальмен марапаттайтын дәстүр бар. Сол медальдар нешеме дәуірдің көзін көрген теректерге бекітіліп қойылады екен. Дәстүр сабақтастығын бағалау мен табиғатқа деген жанашырлыққа еріксіз тәнті боласың. Ал Эстония мен Латвияда барлық кәрі ағаштар жыл сайын есепке алынады.

Қайбір жылы Эстонияның Муху аралын аралап жүріп, ағаш тұғырлардың үстінде төңкеріліп жатқан қураған, арса-арса боп шіріген қайықтарды көріп, таңғалдым. Себебін сұрағанымда:

— Бұл қайықтардың әрқайсысына кемі жүз, жүз елу, екі жүз жыл болған. Кезінде ата-бабаларымызға адал қызмет еткен. Олар осы қайықтармен ғашығына жолықты, бала-шағасын өрбітті, өз ұлты үшін еңбек етті. Яғни бабаларымыз бұл қайықтардан тек жақсылық көрді. Ал жақсылық ұмытылмауға тиіс, — деп жауап берді.

Әр елдің үлкен адамгершілікке байланған ата дәстүрінің болуы қандай ғанибет!

Айтматов. Мұха, сөзің шын, қаншама ғасырлар бойы тілі, діни нанымы басқа-басқа болғанымен, адамзат қоғамы таңдап, іріктеп, сұрыптап қалыптастырған ортақ бағыт, ортақ көзқарас жоқ деп айта аламыз ба? Құдайға шүкір, бар! Ал еркіндіктің жөні осы екен деп, кейбір бейәдеп мінездерді бәзбір топ күлмі өркениетке үлгі ретінде ұсынса ше?

1993 жылы маған Берлинде өтетін халықаралық кинофестивальға жюри мүшесі болыңыз деп, қолқа салды. Әлемнің әр түкпірінен: Америка, Испания, Англия және басқа елдерден келген кино мен әдебиеттің білгірлері бас қосыпты. Бұрынғы Кеңес Одағынан мені шақырыпты. Жюри мүшелерінің әңгімелері, көзқарастары әр алуан, қызық. Бәлкім, мен де оларға қызықты кісі болып көрінген шығармын деген оймен араласып, іс бастадық. Міндетіміз — фестивальға келген фильмдерге талдау жасап, баға беру. Жақсылығын немесе жетіспейтін тұстарын әділ айту. Мықты, соны фильмдер көрсетілді. Кезек, жаңылмасам, американдық

режиссер түсірген фильмге келді. Тіпті сарапқа салмас бұрын жюри мүшелері мақтасып, осыдан өткені жоқ десіп, бір-біріне құлаққағыс етіп жүрді. Тақырыбы Кубаға байланысты. Алғашқыда қазіргі Кубаның азып-тозған, қасіретті тағдырын көрсетеді екен деп ойлады. Іштей құштарлығым оянып, көруте асықтым. Бақсам, фильмнің негізгі көтерген проблемасы — Америкада гомосексуалистерге толық бостандық беруді қуаттау, соны насихаттау болып шықты. Қысқаша айтқанда, сюжеті былай: Фидель Кастроға шын берілген партия қызметкері — жас жігіт өзінің мекендесі бір адамға кезігеді де, іс барысында екеуі жақын танысады. Әлгі адам гомосексуалист екен. Кастроны жақтаған партия қызметкері гомосексуалистің айтқан ойлары мен оғаш қылығын көріп, одан бойын аулақ салмайды, қайта жан-тәнімен беріліп, өзі соған ашына болып кетеді. Саяси көзқарасынан алшақтап, ат құйрығын кесіседі. Фильм жюри мүшелерінің талқысына түскенде, менен басқа он екісі ауыздарының суы құрып мақтасты. Ғажап деп тамсанысты. Мен жалғыз қалдым.

— Сіздердің пікірлеріңізге қосыла алмаймын. Тіпті бұл фильмді зиянды деп есептеймін, — дедім орнымнан көтеріліп. — Мұның барлығы тұрмыста кезігеді. Оған дауым жоқ, өмірде не болмайды? Бірақ бұл — ең лас, былғаныш, арсыздықты экранға алып шығып, гомосексуалистен қаһарман жасап, миллиондаған көрерменнің талғамын бұзып, теріс жолға итермелеу ғой.

— Адам баласының еркіне ешкім қол сұғуға тиіс емес. Тіпті Президент болса да. Нағыз демократия дегеніміз — осы. Сіз бұған қалайша қарсы шығасыз? — деп, қалған он екісі тұс-тұстан маған жабыла кетті.

— Мен емес, адамның ары мен ұятына, кісілік келбетіне сіздер нұқсан келтіріп жатырсыздар. Гомосексуализмді адамзат баласына зорлап таңып тұрсыздар. Қайткен күнде де еркіндіктің символы — гомосексуализм емес. Бірақ сіздердің бұл дәрекі қылықтарыңызға қарсы қолданар іс, тоқтам айтар күш бар, — дедім. Әйтеуір, қатты шамдандым.

Сол оқиғадан соң ұзақ ойға шомдым.

“Мен не себепті жалғыз қалдым? Әлде модаға ере алмай жатырмын ба? Мода дегеніміз — кейбір кезеңнің, қызылды-жасылды тіршіліктің талабы шығар, бірақ ол — алыпқашпа нәрсе. Сол мода бізді бүгін гомосексуализмге сүйресе, ертең қайда бастайды?... Түптің түбінде адам мен малдың айырмасын таба алмай қаламыз ғой. Ал

ұлттық тәрбие, ішкі мәдениет бізді ондай тұрпайылықтан сақтайды. Пері тірліктен періштедей қорғайды. Егер адам баласына шексіз еркіндік берсек, ой, қиялы қорғасындай балқып тұрған қазіргі жасөспірім ғасырдан ғасырға үзілмей келе жатқан ұлттық әдеп, иба, салт, дәстүрге бір түкіріп, Маркиз де Сад насихаттаған хайуандықтардың жетегінде кете бермей ме?"

Менің табан тіреп, қасарып тұрып алуым себеп болды ма, фильм бас сыйлықты емес, жүлделі орынның бірін ғана иеленді.

Бір қызығы, кейіннен сол фильмді Нью-Йоркте өткен кинофестивальға алып барған екен, бас жүлдені — Оскар сыйлығын жеңіп алыпты.

Мұны мен осы заманғы кең өріс алып кеткен ұғымдардың орнын ауыстырушылық, адамгершілік жақтан келсек, парықсыздық пен бағаларды шатыстырушылықтың кәдуілгі мысалы деп білемін.

Шаханов. Бірде ақсақал қаламгеріміз Ғабиден Мұстафин екеуміз Ғабит Мүсіреповтың үйіне бара жаттық. Тапа тал түсте есіктің алдында қазақтың жап-жас жігіті мен қызы сүйісіп тұрды. Бізді көріп, қымсынар десек, жоқ, емініп өліп барады. Сонда Ғабең:

— Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді, — деп налып, төмен қарады.

Татардың ұлы ақыны, иманы салауат болғыр Мұса Жалилдің керемет өлеңі бар. Бір бойжеткен күні бойы қыдырып, түнде үйіне келсе, қақпа кілттеулі екен. Қақпадан секіріп түскен кезде абайсызда көйлегінің етегін жалбыратып жыртып алады. Ертесіне байқамаған қалпы жұмысқа кете береді. Оны көрген ауылдың өзге қыздары: "Ойбай, осындай мода шыққан екен. Біз одан қаламыз ба?" — деп, барлығы етектерін жалбыратып алыпты...

Шіке, менің пайымдауымша, адам баласының 5—8 проценті ғана (иллаһи қателесейін) өз ақылы, өз идеясымен өмір сүреді де, қалғаны анадан ананы, мынадан мынаны көріп, бойына шақ келе ме, жоқ па, бәрібір, еліктеумен тірлік кешеді. Өз ұлтының немесе мемлекетінің орнықты мәдениетін жинақтап, өз бойына сіңіре алмағандар қашанда көзсіз еліктеу мен солықтаудың алғашқы құрбандығына айналады.

Айтматов. Мұха, жалаң ұлттық идеологияға байланып қалудың да қаупі зор. Ұлттық мәдениетті жалпы адамзаттық өркениеттен нәр алдыру, соған қанаттас ету күн тәртібінен бір сәт те түспеуі тиіс. Демек, әр қилы

ұғым мен көзқарастардың өзі бір арнаға тоғыспай, солқылдап тұрған қазіргі мезгілде елдің рухани, мәдени байлығын жинақтаған парасат иелерін, ірі ғалымдар мен заңгерлерді қатыстыра отырып, мынау дұрыс, мынау бағыт зиянды дейтіндей, культурологиялық, тіпті мемлекеттік тұжырымдама түзу қажет сияқты.

ТАБУ деген — бұл жақсы мен жаманның, пайдалы мен зияндының арасындағы шекара. Көзсіз еліктеу мен солықтау, өзінікін тәрк етіп, өзгенің жылтырағына жармасу — қазіргідей өтпелі кезеңге тән құбылыс. Бұл кезең Австралия мен Германияда да, Бельгия мен көшесін шампуньмен жуатын Люксембургте де өткен. Кейіннен ұлттық мәдениет пен өнерге бет бұрған. Мәселен, жаһанаш жаңалық, сексуальдық революция дейтін қауіпті толқындар бұл мемлекеттерде саябырсыды да, осы топан қазір бізді басуда.

Мысалы, Люксембург көшелерінен үлкен әріптермен жазылған: "Біз қалай болсақ, солай болып қалғымыз келеді" деген сөздерді көрер едіңіз. Мұның өзіндік мәнісі бар. Еуропадағы осы кішкентай ел Франция, Германия, Голландия сынды өркениетті, азулы мемлекеттермен көршілес жатыр. Бұл — осы мемлекеттердің әр түрлі ықпалына түсіп кетпеу үшін, елдің тілін, мәдениеті мен әдебиетін, музыка мен сәулет өнерін көздің қарашығындай сақтайық, шыққан тегімізді, кім екенімізді, қайда кетіп бара жатқанымызды ұмытпайық деген әр адамға арналған ескерту белгі.

Шаханов. Әрбір ел экономика саласында дамыды ма, құлдырады ма, мәдениеті өркендеді ме, кенже тартып, тоқырады ма, саясатта соғысқа килікті ме, тату-тәтті, бейбіт өмір кешті ме — бәрі де мемлекет басшысына тікелей байланысты.

Мәселен, соңғы үш ғасырға жуық мерзім ішінде қырық бір Президент билеген Американы алайық: солардың ішінде Вашингтон мен Рузвельттің не себептен шоқтығы биік? Өйткені бірі шұбырынды жұрт басын біріктіріп, жаңа құрлықта жас мемлекет түзгенімен, екіншісі ел экономикасын көтеріп, дүние жүзіне апат әкелген фашизмді талқандауда орнықты шешім қабылдағанымен құрметке бөленді.

Ұлыбритания билеушілерінің арасында елдің ішкі, сыртқы саясатында жүйріктігімен, мемлекеттің өлауқатын нығайтуда іскерлігімен мәшһүр болған Черчилль және "темір леди" атанған Маргарет Тэтчердің есімдері алдымен аталады.

Ал коммунизм дертіне шалдыққан Қытайдағы "мәдени революцияның" жетекшісі Мао Цзедунның түбіне жеке басқа табыну жолындағы қателіктері жетті.

Атақты Ататүрік болса бүкіл түркі әлемінің басын қосуда жан қиярлықпен тер төккен парасатты тұлға ретінде тарихқа енді. Ал пейіште нұры шалқығыр Тұрғыт Озал ше?

Түркия мемлекеті аграрлық ел болып, қарызға белшесінен батып отырғанда, жаңа реформа жүргізіп, елін экономикалық мешеуліктен құтқарып қалған жоқ па?

Мемлекет тұтқасын ұстаған адамның жасаған жақсылығы да, жаманаты да желге ұшып кетпейді, ел тарихында қалады.

Айтматов. Сен қазіргі таңдағы ең көкөйкесті әрі өткір проблеманы — тарихтағы жеке тұлғаның рөлі жайлы мәселені көтеріп отырсың.

Шаханов. Осы сұхбатқа кірісер алдында Никколо Макиавеллидің "Тақсыр" атты кітапшасын парақтап шықтым. Бұл кітап төрт жүз жыл бойы көптеген елдің императорлары мен корольдерінің, герцогтері мен патшаларының қолынан түспеген философиялық трактаттардан тұрады. Мұнда айтылған өсиет, ой-пікірлерді тіпті қанқұйлы Сталиннің өзі жиі оқып отырыпты деседі. Бірақ бұл философиялық қаруды кім қай мақсатқа пайдаланады? Мәселе осында.

"Мемлекет басшысы, — деп жазады кітап авторы, — елді екі түрлі тәсілмен басқарады. Бірі — қабылдаған заң жолымен, екіншісі — күш қолдану арқылы. Алғашқысы — адамға, кейінгісі — айуанға тән. Елде тәртіп орнатайын десе, басшы осы екі тәсілді де тең ұстағаны абзал. Түсінігі молдарға заңды құрметтеуді үйрет, көнбегендерге, амал жоқ, күш қолдан.

Өз бойыңа арыстан мен түлкінің мінезін қалыптастыр. Арыстан — айбатты, түлкі — айлакер. Мұның бірін сыртқы, екіншісін ішкі жауыңа пайдалан. Қорқыт та, алдай біл, алда да, қорқыта біл. Сонда елдің тізгінін нық ұстайсың".

Айтматов. Иә, әр ғасырдың, әр қоғамдық құрылыстың өзіндік мемлекет басшылары, билік құпиялары болған ғой. Бірақ, ең бастысы — жоғары лауазым иесі қарамағындағы елдің қапысыз құрметіне бөленгісі келсе, бойынан қайырымдылық, адалдық, адамгершілік, жан тазалығы және өз-өзіне сенімділік мен мұңдалап, көзге ұрып тұруы шарт.

Шаханов. Басшының бойынан өзіңіз көргіңіз келетін бес қасиетті санап бердіңіз. Ал "Тақсыр" атты кітапшада, бұған керісінше, билеушіні орға жығатын бес бірдей сүйкімсіз мінезді атап көрсетеді. Олар: тұрақсыздық, жеңіл ойлылық, дөрекілік, сезімсіздік және дұрыс шешім қабылдай алмаушылық. Осының бірін көрсетіп алсаң бітті, бағынышты адамдарың сені алдауға, ақымақ қылуға даяр тұрады деп түйіндейді.

Айтматов. Шығыс философтарының көне жазбаларынан оқығаным бар еді. Жалпы, мемлекет басшылары ақыл, парасатына қарай үш топқа бөлінеді екен.

Біріншісі — құдайдың өзі туа бітті ақыл дарытқандар. Мұндай басшылар ұзақ мерзім билік құрады және еліне көп жақсылық әкеледі.

Екіншісі — өзгенің істегенін көріп, әрекет жасайтындар. Бұлар көбінесе қу болып келеді. Қоғамға өзгеріс әкелетіндей жаңалық жасай алмайды. Тек ескіні ғана нығымдап ұстауға бейім тұрады.

Үшіншісі — өзі білмейтін және өзгеден тәлім алмайтындар. Бұлар мемлекет басына кездейсоқ келеді, әрі қолындағы бүгін бар биліктен ертең айырылып қалады. Олар кез келген істі айқаймен, дауды соғыспен шешуге құмар. Түбінде елі — қырғынға, байлығы — тонауға ұшырайды.

Шаханов. Қандай дәл анықтама!

Айтматов. Билік пен халықтың арасына жік түссе, қайтып жарасуы қиын. Германияны алайық. Өткен ғасырларда музыка, әдебиет, ғылым, көркемөнер, сәулет саласында дүниеге қаншама ұлы тұлғаларды берді.

Ал Гитлер мемлекет басына келіп, дүниежүзілік соғыс ашып еді, елді тірнектеп жинаған рухани бар байлығынан айырды. Турасын айтсақ, басшы ретінде еңбекқор неміс халқына құт болмады, жұт болды.

Шаханов. Наршахи деген ақылман: "Халқың қара нан жесе, сен де қара нан же. Бал жесе, бал же. Халқың қара нан жеп, өзің бал жеп отырсаң, сенімнен айырыласың. Адалдығыңа нұқсан келеді. Биліктен ажырайсың", — деп жазыпты.

Айтматов. Өнеге сөз! Мөн білетін биліктің екі тармағы бар. Бірі — халқына қызмет ететін, екіншісі — өзіне және туған-туысқандарына, тұқым-жұрағатына ғана көлеңкесі түсетін билік. Алғашқысы — жауапкершілікті терең сезінуден, адалдықтан, кейінгісі ішкі эгоизм мен парықсыздықтан туындайды.

Сөз жоқ, билік бар жерде тақ таласы да қоса жүреді. Бірақ қайткен күнде де жалпының мүддесін жалқының құлқыны мен қызықшылығы басып кетпеуі керек.

Шаханов. Кімнен алғанымды қайдам, шамасы ескі дәуір ақылмандарының бірі болса керек, қойын дәптеріме бұдан көп жыл бұрын мынадай бір жазу түсіріппін:

"Билік иесі айналасына жағымпаздарды жинаса, күні қараң. Өйткені жағымпаздар басшыны мақтамай тұра алмайды. Ал мақтау сөз у тәрізді, тұла бойыңды түгел билеп алады. Алды-артыңды болжаудан қалдырады. Өзің де соған әбден үйреніп, бауыр басып алған соң, күн сайын мақтау тілеп тұрасың.

Мұның соңы жеке басқа табынуға әкеліп соғады. Өзіңе алтыннан ескерткіш қоясың. Бір жағымпаз ескерткіштің төбесіне күн тимесін деп, қолшатыр көтеріп тұрады. Сен оған да риза болып, қазынадан ділдә бергізесің.

Халқыңды ұмытасың. Қаптап жүрген қайыршы, мүсәпірді көрмейсің. Әйелің мен балаларыңа арнап мәрмәрдан Сарай салдырасың. Олардың ішін де жағымпаздар жайлайды".

Айтматов. Кейде ондайлар басына қапияда қиын күн туғанда, қасынан әлгі жағымпаздардың бірін де таба алмай, жұртқа қарар беті жоқ, масқарашылыққа ұшырап, елден безіп отырған ғой.

Шаханов. Сізге осындай жағдаймен елінен безуге мәжбүр болған бір түрік сұлтаны жайлы орыс тілінде өлең оқиын.

Айтматов. Құлағым сенде.

Шаханов.

*В гареме турецкого султана
Было около тысячи красавиц.
Из Хорезма,
Герата, Парижа,
И греческого Пелопоннеса,
Даже из города Тараза,
Где жили предки
Писателя Акима Тарази.
Красавиц отделяли от мира
Высокие глухие стены,
Глухие, как их судьбы.
Они не видели мужских лиц,
Кроме несчастных охранников-евнухов.
Всюду царил лишь дух султана.
Когда он шел по гарему,
Сверкая золотистым халатом,
Слегка опьяненными, с поволокой глазами,*

Все замирали в мольбе:
"О аллах, помоги!
О аллах, помоги!..
Обрати его взор на меня!" .
Пускались в ход все женские чары.
Кому-то судьба улыбалась сразу,
Кому-то улыбнется года через четыре, пять...
Кому-то после смерти повелителя...
А в дворцовом саду
Играли,
Бегали,
Дрались,
Смеялись,
Плакали
Триста детей,
Как капля на каплю
На султана похожих.
Сгустились тучи –
Султана свергли.
Горохом из разбитой чаши
Рассыпались и растерялись
Его бывшие увлечения.
И в скитаниях по чужбине
Султана от неминуемой смерти
Спасет одна женщина.
Он спросит ее:
– Мне как будто знакомо лицо твое,
Ты случайно не из моих жен?
– Да, к сожалению, – ответит она, –
Я была одной из тысяч забав,
Которой вы тешили ваше тщеславие.
Не правда ли, странно и грустно:
Вы, легко покорив
Множество государств,
Не смогли покорить сердца
Ни одной женщины!
Ибо чувства не терпят распыленности,
Разбросанности по частям.
Если я протянула вам руку,
Это не от любви,
А от жалости.
Таков непреложный закон:
Любя одного человека,
Можно любить весь мир,
А хочешь обнять всех сразу –

Останешься ни с чем.
 Вот и оставайтесь...
 В Стамбуле мы вспомнили султана...
 Он остался для живущих
 Образом распыленности.
 Да, в памяти нуждаются
 Не только праведные дела,
 Но и человеческие грехи.

Айтматов. Иә, әміршінің күнәсы ұмытылмайды. Ол қашанда қалың елдің жадында жазылып қалады.

Осы ойға сабақтас Махмұд Қашқаридағы: "Әмірші жат елден өзіне арнап сарай соқтырып қойса, бұл — жаман ырым. Түбі басына қиын-қыстау күн туса, қашып барып, паналаймын дегенді білдіреді. Бұл — халқыңның алдында жасаған сатқындығың. Өйткені қарапайым елдің барар жер, басар тауы жоқ. Сен билеуші болғаныңмен, олардан артық емессің. Бір топырақта тудың екен, ендеше бірге өле де біл", — деген жылнама жолдары кім-кімге де тәлім боларлық.

Шаханов. Хандармен қанаттас, билермен сабақтас жүрген ойшыл одан әрмен: "Мемлекеттің қазынасы — халықтың табан ақысы, маңдай тері. Әмірші қазына кілтін ұстаған адамға аса сақтықпен қарағаны абзал. Алтын мен күміс бар жерде ұрлық жүрмей тұрмайды. Ұрыны ұстасаң, дереу әшкере ет. Бүгіп қалсаң, өзің де ұрысың", — деп өсиет қалдырған.

Айтматов. Ақылды да тәжірбиелі мемлекет басшылары көп жағдайда өзінің ет-бауыр туысынан уәзір сайламаған. Өйткені олар мемлекет ісі мен үй ішілік қарым-қатынасты шатыстырып алады. Өзің де қатал талап ете алмайсың. Мұны көріп, басқа уәзірлер де бас-басымен кетеді, деп сақтанған.

Әлемнің жеті кереметінің бірін жастанып жатқан перғауындар жайлаған араб өлкесі... Ұшар басы бұлтпен таласқан пирамидалардың әр тасы аңыздан қаланғандай ғажап. Иә, біздің дәуірімізге дейін де аспан асты, жер үстінде өзінің шексіз билігімен алыс-жақынға тегіс мәлім болған әміршілер өткен. Солардың ішінде бізге аттың қасқасындай танымалы — осы перғауындар, яғни араб халқының билеуші тап өкілдері. Құл иеленуші заманда перғауындық атақ король, император сынды ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, желісі үзілмей, беріліп отырған.

Ақсүйектің ақсүйегі саналған перғауындар, негізінен, елдің ішкі және сыртқы саясатына араласып, биліктің

екі тізгін, бір шылбырын қолдан шығармаған. Жалпы, ол ғасырларда әміршінің қуаты мен айбары жиған дәулеті және басыбайлы құлының көптігімен өлшенген. "Жердегі жем аспандағы құсты ұятқа қалдырады" дегендей, қарапайым жұртқа әулие тұрпатында көрінетін перғауындар осы екі байлықты мол қарпып қалу үшін, өзара жиі қырқысып, түрлі қастандықтар ұйымдастырып, ел ішіндегі бүлікке мұрындық болып отырған. Тіпті олардың ішінде шыққан тегін Адам Ата — Хауа Анадан емес, тікелей құдайдан тарататындар, періштеден өрбітетіндер, күн нұрынан жаралғандығын дәлелдейтіндер де жоқ емес. Сол себепті бір перғауын қаза тапса, бүкіл қара орманы аза тұтып, қара жамылып, қайғырған. Өйткені онымен қоса әйелдері, қызметші, күтушілері қоса өлтіріліп, мінер аты, ішер тамағы, асынған қару-жарағы бірге көмілген. Көзі тірісінде елдегі идеялогияны, саясатты, мемлекеттің барлық байланысын, экономикасын қолға ұстап отырған олар о дүниеде де сол лауазымы, беделімен қызмет атқарады деп есептеліп, өлгеннен кейін де ештеңеден тарлық көрмеуі қатты қадағаланған.

Каирдың маңында өз дәуірінде араб халқына қатты ықпал еткен Хеопс, Микрин, Хефрен пирамидалары осы кезге дейін сақтаулы тұр. Жыл сайын әлемнің түрлі түкпірінен миллиондаған туристер келіп, тамашалап, тәу ететін бұл ғажайып ғимараттардың салыну шеберлігін сөзбен айтып жеткізу қиын. Техниканың жоқ кезінде мыңдаған құлдың алып ақ тастарды қырандар ұшар биікке дейін қалай алып шыққандығына, әрбір сантиметрден жаңылыспай, орны-орнына орналастырғанына, ғимараттың төрт бұрышын оқтай түзу етіп қырлағанына қайран қаласың. Менің таңданысымды айтпай-ақ түсінген қарт бәдеуи түйесін шөгеріп жатып:

— Жаңалықтардың бәрі өткен ғасырларда ашылып қойған. Біз оны қайталаушымыз, мырзам, — деп жымыды.

Сауатсыз қарияның сөзін іштей мойындауға мәжбүр болдым. Уақыт атты ұлы сынға дес бермей, аспан мен жердің ортасында төрт тағандап тұрып қалған пирамидалар қандай жұмбақ болса, арабтың біздің дәуірімізге дейін жасаған билеушілерінің өмірінде де жұмбақ сырлар көп.

Шаханов. Геродоттың айтуынша, Хеопс пирамидасын салуға 100 мың адам атсалысқан. Маманданған 4 мың құл 20 жыл бойы күндіз-түні тынбай, қамшы астында жұмыс жасапты.

Арабтың атақты жиһангезі әл-Идриси: "Әміршінің әйелі билікке араласса, құлдың қатынының да аузы қышып тұрады...", — деп жазыпты Орта Азияны аралаған сапарында.

Айтматов. Иә, билік жүрген жерде қызғаныштың қызыл оты өшпейді. Биік лауазымға жетер жол, кейде тым жақын көрінгенімен, аса жауапты әрі қатерлі. Жауаптысы — соңында қалың халық. Олардың бары мен жоғы, бағы мен соры сенің қолыңда. Қатерлісі — әр басқан адымыңды, әрбір ауыз сөзіңді аңдыған дұшпаның да аз емес. Сондықтан да болар, небір аламан-асырды бастан кешіп, саясаттың ойы мен қырын тегіс кезген киелі билердің бірі:

"Әмірші қашанда ел арасынан шыққан айбатты әрі ақылды адамдарды жанына жинаса, абыройға бөленеді. Олардан сақтанып, қорқып, сыртқа тепсе, өзіне бітіспес жау әзірлейді. Ондай адамның бірі мыңға татиды. Жаныңа ақылсыз мыңды ұстағаннан гөрі, ақылды бірді ұста", — деп, кейінгіге ұлағат тастап кеткен.

Шаханов. Қай дәуірде болсын, түркі тілдес халықтардың тарихында билердің алар орны ерекше. Олардың кесім-шешімдерінде ешқандай құпия, алдын ала келісу, ымырласу деген атымен болмаған. Тарих бетін парақтасақ, ең үлкен билер кеңесі қазіргі Сырдария облысындағы (Өзбекстан) Ангрен өзенінің жағасындағы Күлтөбе басында — "Ханабад" атты Тәуке ханның ордасында өткен. Мұнда аузы дуалы билер қазақтың әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы — "Жеті жарғыны" қабылдаған. "Күлтөбенің басында күнде жиын" аталып кеткен бұл кеңеске Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, қырғыз Қоқым би, қарақалпақ Сасық би, Едіге билер келіп, ел мен жерді сырт жаудан қорғау, халықтың бірлігі мен ынтымағын сақтау, адамгершілік, парасаттылық, ата-баба намысын таптатпау, хандардың ұстанып отырған саясаты мен дипломатиясы хақында көкейлерінде жүрген қадау-қадау ойлардың бұлағын ағытып, халықтың болашағын көздеп, қабырғалары қайысқан.

Қазақ халқының бірлігін бұзбай, іргесін сетінетпей, мемлекет дәрежесіне көтерілуіне әсіресе үш жүздің Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сынды төбе билерінің сіңірген еңбегі өте зор. Қарапайым халыққа қадірі өткен, жұбы жазылмаған үш би ел басына күн туған қиыншылық кезде де, жұрт жиналған айт, ас, той тұсында да, жер дауы, жесір дауы, құн дауы көтерілген жерде де бірге бас

қосып, ел тағдырын бірге шешіскен. Қара қылды қақ жарып, әділ кесім айтқан билердің үрдіс, дәстүрін өшіріп, ізін суытып алғанымыз орны толмас өкініш болар еді.

Айтматов. Билік, шешендік өнер қай халықта да біздің дәуірімізге дейін де ерекше өркендеген. Ертедегі Римде, Грецияда, Египетте көмейі бүлкілдеген шешендердің жарысы өтіп, арнайы дәстүрі, мектебі қалыптасқан. Сол кезгі шындық, әділ шешім көбіне-көп шешендердің аузымен айтылған. Демек, демократияның алғашқы іргетасын қалауда олардың атқарған рөлі орасан зор.

Плутархтың қалдырған мол мұрасының бір бөлімі аты әйгілі Демосфен мен Цицеронға арналған.

— Екеуі өте ұқсас еді, — деп жазады тарихшы. — Тек мінездері ғана емес, өмірге деген көзқарастары, сот алдындағы еркіндігі, сөз саптауы, дауыс ырғағы — бәрі, бәрі бір-бірінен айнымайтын. Өмірде қарапайым адам қатарынан шығып, бүкіл елге даңқы жайылған осындай екі шешенді табу тіптен де мүмкін емес.

Иә, айтса айтқандай, Демосфен мен Цицерон қазақтың жұбы жазылмаған Төле биі, Қаз дауысты Қазыбек биі, Әйтеке биі сынды, ғұмыр бойы шындықты ғана жақтап, әділеттен ауытқыған билік иелеріне қарсы аяусыз күрес ашқан.

Бар өмірін жапа шеккенді ақтауға арнаған Демосфеннің сұңғылалығы сондай — алдына арызбен келген адамның дауыс ырғағына қарап, сотта қаралғалы тұрған істің салмағын өлшеп-пішіп, біліп отыратын болған.

Бірде афинылық шаруа өзін бір әлдінің сабап, зәбір көрсеткенін айтып, Демосфенге шағынады. Әлгіге Демосфен:

— Сен ешқандай қиянат көрген адам емессің, — дейді әдейі. Ашынған афинылық шаруа:

— Қалайша қиянат көрген жоқпын! — деп, айғайлап жіберіпті.

— Міне, мен таяқ жеген, тағдырына лағнет айтқан адамның даусын енді ғана есіттім. Сотта сені қорғап шығамын, — деген екен.

Шаханов. Орыстың (әкесі орыс, шешесі қазақ) атақты шешені, адвокат Плевако жайлы соңғы жылдары жиі жазыла бастады. Оның заманында аса ділмар да өткір жан болғандығын мына бір қызық дерек дәлелдей түседі.

Күнкөрісі жоқ жалғыз басты, бір бейшара кемпір базардан елу тиынның шелегін ұрлап алады. Шелектің

иесі ұрыны ұстап, дереу сотқа тапсырады. Қарасатын не туысы, не ақшасы жоқ адамды кім қорғаушы еді, сот мүшелері кемпірге қарсы заң бабтарын өргізіп, бәленбай жылға жер аударғалы, үй-мүлкін тәркілегелі жатады. Мұны естіген Плевако күймесін жедел жектіріп, жүріп жатқан соттың үстіне келеді. Қараса, айыпты кемпір бір бұрышта жылап тұр екен. Ал сот мүшелері мен қатысушылар бар көрін тігіп, қылмыскердің кінәсын мойнына қойып жатады. Сонда Плеваконың:

— Біздің елді патшалар мен помещиктер аяусыз тонаған, алып та мейірімді Ресей империясы оны да кешірді. Порт-Артурда жапондармен болған шайқаста әңгүдік қолбасылардың кесірінен тас-талқан боп жеңілдік, алып та мейірімді Ресей империясы оны да кешірді. Ал қайыршы кемпір елу тиынның шелегін ұрлап алып еді, оны кешіре алмайды. Оған жүрек жылуы, азаматтығы жетпейді, — деп, сөз бастауы мұң екен, өздерінің ағаттық ісіне сот мүшелерінің пұшайман болғаны сондай, ұялғаннан жерге кіріп кете жаздап, дереу кемпірді ақтап жіберген.

Міне, әр заманда талай-талай әміршіге бақ сыйлаған шешендік өнердің құдіреті қайда жатыр!

Біз тоталитарлық жүйенің тұсында ғасырдан ғасырға алтын арқауы үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп келе жатқан, ұлттық зор парасатқа, салт-санаға, рухани тәжірибеге терең тамыр жіберетін шешендік атты қазынамыздан көз жазып қалдық.

Қырғызстанда соңғы жылдары Асқар Ақаевтың бас-тамасымен жер-жерде "Ақсақалдар соты" ұйымдастырылды. Болашақта Қазақстан мен Орта Азия республикаларында Ақсақалдар немесе Билер сотына көңіл бұрып, тіпті арнайы курс ұйымдастырып, ата дәстүрді жаңғыртса, ұтылмасымыз хақ.

Рас, қазіргідей аумалы-төкпелі кезеңде қылмыстық ахуал қиын. Өте ауыр қылмысқа барғандар қолымен істегенін мойнымен көтерсін, ал қит етіп, шалыс басқанның бәрін түрмеге тоғыта бергеннен ұтарымыз бар ма? Кәнігі қылмыскерлердің ішінде екі-үш жыл отырып шыққан жасөспірімнің қаны қарайып, өмір бойы адамдық бейнесін жоғалтып алып жатқанына жиі куә боп жүрміз. Мұндайларды өз аулының, өз ортасының ең беделді, ең шешен қарияларынан құралған "Билер соты" қалың жұртты қатыстыра отырып, қандай жаза қолданылатынын өздері шешсе. Бұл, бір жағынан, жаза басқан адамды ұятына, намысына тию арқылы

тәрбиелеу болса, екіншіден, "Енесі тепкен құлынның еті ауырмас" деген халық мақалын қуаттайды.

Конфуций бұл жайында былай дейді:

"Ел басшысы біреуге жаза қолданарда, үнемі ата-баба дәстүрін еске сақтай отырып үкім шығарғаны абзал. Сонда оның әділдігіне өзгелердің де көзі жетіп, көңілі сеніп, сенің әрекетіңді жан-ділімен қолдайды".

Айтматов. Жер бетінде адам баласы не себепті биліксіз, басқарусыз өмір сүре алмайды? Бұл — алғашқы қауымдық құрылыстан бастап қазіргі өркениетті заманға дейінгі даму сатысындағы қоғамдық қажеттілік пе?

Тірліктің өзі жалқы мен жалпыдан, билеуші мен халықтан тұрған. Бұл екі таптың арасындағы әр қилы қарым-қатынас, жоғарыда өзіміз айтқандай, қай дәуірде де тарих сахнасынан түспей келген.

Ал Президент дегеніміз — шексіз билік иесі. Өз елінің тұтқасы, тәрбиешісі. Қалған ел соған қарап бой түзейді, іс істейді, сөз саптайды.

Шаханов. Мысалы, мен билік атаулыдан мүлде алыс адамның бірімін. Бірақ баяғыда, демократиялық қозғалыстардың басында жүргенімде, менен де біреулер президенттің тұлғасын көрмек болған. Сол тұста: "Маған бір колхоздың басқармалығын берсе, колхозды екі айда таратып жіберуім мүмкін", — деп жауап бергенмін. Билік басына тұруға лайық, дарыны, икемі, білім, парасаты, тіпті психологиясы сай адамдар сирек болса да, бар.

Кейде не сөзінде, не ісінде бәтуа жоқ біреулердің Президент болғысы келіп, тыраштанғанына жағанды ұстайсың.

Баяғыда бір малшыдан:

— Егер сен король болсаң, не істер едің? — деп сұраса керек.

Сонда ол: — Егер мен король болсам, сиырды атқа мініп бағар едім, — депті.

Өйткені ол өзінің жаратылысына сай жауап беріп тұр.

Алдымен болып алайыншы, құдай қолдап, таққа бір отырсам, арғы жағын көре жатармын деген әупірім, қызба ойдың күшімен келген қабілетсіз, санасыз, қаныпезер басшылардың кесірінен заманында мыңдаған, миллиондаған адамдардың опат боп кеткенін тарих әлі ұмытқан жоқ.

Голощекиннің тұсында (1925—33 ж.ж.) қазақ даласы бұрын-соңды болмаған қаралы күндерді бастан кешті.

Шектен шыққан залым әрі рухани дүниесі тым сұрқай Голощекин республиканың билік тізгінін қолға алысымен, Қазақстанда Кеңес өкіметі орнамаған деген "жаңалық" ашты.

Ертеңді-кеш шоқша сақалы шошаңдап, мінбеден түспейтін ол республиканы басқарған сегіз жыл ішінде бірде-бір қазақ аулын жете зерттеп білмесе де, өзін бұратаналар тұрмысының білгірі санап, Қазан төңкерісі қазақ аулының тұсынан құйын сынды өте шықты, қайтадан төңкеріс жасау керек, ол үшін қайткен күнде де құрбандық қажет, сондықтан мал басы, адам саны міндетті түрде кемиді, ал ұлт зиялыларының үлкен бір тобы — тәрбиелеуге көнбейтін уклонистер деген аса тұрпайы тезистер ұсынған.

Социализм нық орнаған сайын, тап жаулары көбейе береді, деген Сталиннің өсиетсымағын өзіне сара жолғып ұстанған Голощекиннің әпербақан, ұрда-жық саясатының соңы қуғын-сүргін мен адам айтқысыз аштыққа ұласты.

Бүкіл бір халықтың басына төнген ажал елдегі бай-феодалды тәркілеуден және мөлшерсіз салықтан басталған. Қазақстандағы ең бай деп саналған 700-ден астам шаңырақ және 50 мың орта шаруа тұрпайы тонауға ұшырап, түрмелерге тоғытылды, атылды, біразы көршілес кеңестік республикалар мен Ресейдің Төмен, Қорған, Астрахань, Иркутск, Сахалин жеріне және Қытай, Иран, Үндістан, Түркияға үдере көшті.

Тәркілеуден еншілі мал мен өлшемді жерін алған кедей, жарлылар сол дәулеттің игілігін көру мүмкіндігінен айырылды. Өйткені есеңгіреп қалған елді салықпен қинап, аштыққа жол ашу үлкен саясатқа айналды.

Мал өсіріп отырған қазақтан астық салығы талап етілген. Ал диқанның мойнына ет салығын ілген. Шарасыздан малы барлар қолындағысын астыққа, астығы барлары малға айырбастап, өздері алақан жайып қалған. Басшылардың арасында жоспарлы тірліктен гөрі, ойына келгенін жасаған бейбастақтық кеңінен етек алды. Тіпті салықтың түрі сол жылдары күн сайын дерлік өсіп, ұзын саны он алтыға дейін жеткен.

Заманында сәйгүлік ерттеп, бәйге алып, көкпар тартып үйренген ер көңіл халықтың рухын түсіріп, "шикізат" салығы дегенді ойлап тауып, жаппай күл-қоқыс пен күресін ақтартып, жылқының жалы мен құйрығын, ит пен есектің, саршұнақ пен жылан, кесірткенің терісін, ескі-құсқы шүберек, сүйек-саяқ, мүйіз-тұяқ жинатқан-

дардың ісі тіптен таңғаларлық. "Жоспарды" уақтылы орындай алмай, сасқандардың біразы қолындағы бірлі-жарым малын сойып, соның мүйізі мен тұяғын өткізуге мәжбүр болған.

Ең сұмдығы — елді қан құстырып, жинап алған әлгі "шикізат" салығы деп аталатын ескі-құскыны еш кәдеге жаратпай, бір орталыққа жинап, өртеп, жойып отырған.

Сөйтіп, 1929 жылы Қазақстанда мал басы 40 миллион құраса, кейінгі төрт жылда он есе кеміп, 4-ақ миллионға түсті. Ал Голощекин билеген сегіз жыл ішінде 4 миллион 100 мың қазақтың 2 миллион 200 мыңы бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген ғаламат ашаршылықтан шыбындай қырылды.

Заманында Ресей империясының соңғы патшасы Екінші Николайды үй іші, қызметкерлерімен қоса, Ипатьев үйінде қамауда отырған жерінде қанға бөктіріп, қырып салуға ат салысқандардың бірі — Голощекин қазақ халқын осындай орны толмас қасіретке ұшыратты.

Ал КазЦИК-тің (Қазақстан Орталық Атқару Комитеті) басшысы Елтай Ерназаров ұлтымыздың рухани байлығынан хабары шамалы, қазақ халқының тарихын былай қойғанда, өзі өскен ауылдың арғы-бергісін жетік біле бермейтін, қара дүрсіндеу адам болған.

Осындай жан дүниесі жадағай кісі үкімет билігі басына қалай шығып кетті? — деген сауал туады. Оның мәнісі былай:

Қазақстан астанасы Орынбор болып тұрған кезде республика құрылтайы өтіп, КазЦИК-тің Төрағасын сайламақшы болады. Бірақ жеме-жемге келгенде екі мықты топ билікке таласып, бір-бірін жеңе алмай, титықтайды. Сонда бейтарап біреу тұрып:

— Жолдастар, біз болсақ дені кедейден тұратын Кеңес өкіметін құрдық. Мына Елтай — кедейдің ішіндегі сіңірі шыққан кедей, басы таз десеңдер, таз, сауатсыз десеңдер, сауатсыз, меніңше, төрағаға осыдан қолайлы адам жоқ, — деп, елдің ортасында қалғып-мүлгіп отырған Ерназаровты саусақ ұшымен нұсқайды. Бір-бірін билік басына жібермеуді мақсат етіп, тіресіп отырғандар кім болса да, мейлі, тек қарсы жақтың адамы өтпесе, жарады деген пиғылмен тегістей дауыс беріп жіберіпті.

Бір жолы Елтай Ерназаров Алматыдан шығатын пойызбен Қызылордаға асып бара жатса керек. Елтайды жарты патша санайтын Шымкенттің аш-жалаңаш,

тарығып отырған ел-жұрты, тіпті ішінде ағайын-туыстары, бұрынғы көрші-қоландары да бар, бұл хабарды естісімен, жағдайымызды айтайық, жәрдем сұрайық деген оймен жаяу-жалпылап, вокзал басына жеткен. Елтай алғашқыда өзін тосқан халықпен дидактасуға ниет білдірсе де, анталаған елді көріп, ол ойынан айнады. Тек пойыздың тамбурына ғана шығады.

Осыны күтіп тұрған халық:

— Елтай төре, ашпыз!

— Босып кетуге айналдық!

— Қырылып жатырмыз. Бір шапағатыңызды тигізіңіз!

— десіп, шуласып қоя береді.

Сонда басына сусар бөрік киген етжеңді Елтай қолын жоғары көтеріп:

— Жолдастар, — дейді. Қайтсе де туған жері емес пе, төренің ықыласы түсіп, жарылқар деген оймен халық сілтідей тынады.

— Жолдастар, — дейді ол тағы да. — Жолдастар, план, план, план, — деп, үш қайтара дауыстайды да, есікті тарс жабады.

Жоқшылықтың қыспағына түсіп, тарыққан жерлерімен, тіпті өзінің ағайын-туғандарымен жөнді тілдесуге жарамаған басшының барша қазаққа жүрек жылуы қайдан жетсін.

Шіке, осы Елтай Ерназаровқа қатысты тағы бір қызық оқиға есіме түсіп отыр. Бірде өзіңізбен Ташкенттен қайтып келе жатып, Жаңабай Сәлімбаев деген менің жақын інімнің туыс қарындасы Шекердің үйінен шай ішіп аттанғанбыз. Сол жігіттің әкесі — Тасбау; Тасбаудың әкесі — Сәлімбаев деген қария 96 жасында қайтыс болды. Елтай Ерназаров жоқ-жітіктеу кезінде сол Сәлімбаев ақсақалдың жақсылығын өте көп көріпті.

Ерназаров КазЦИК-тің Төрағасы боп сайланған соң, аудан басшысы Тасбауды шақырып алып:

— Елтай ағамызға дұғай-дұғай сәлем айтыңыз, көрші ауданда бір трактор бар, ал бізде жоқ. Жер жырта алмай, қор болып отырмыз. Туған ауданы ғой, бізге де бір трактор бергізсін, — деп, Елтай Ерназаровқа жұмсайды.

Тасбау бірден Төрағаның үйіне барып түседі.

Әйелі қуанып қарсы алады. Шүйіркелесіп біраз отырған соң, Елтай да қызметінен оралыпты. Тасбауды жақтырмай, қол ұшын әзер ғана ұсыныпты. Әйелі қатты ыңғайсызданып:

— Елтай-ау, келіп отырған — атамның баласы ғой, қалайша танымай қалдың? Осылардан көрген жақсылықты ұмытсақ, құдайды да ұмытармыз. Ең болмаса, жөндеп аман-саулық сұраспайсың ба? — дейді күйеуіне.

Елтай сонда:

— Иә, шал, аман ба? Ертең жұмыс өте қауырт болғалы тұр, демалуым керек, — деп, ішкі бөлмеге өте шығыпты.

Ел басқарған мұндай қара дүрсін де қайырсыз адамдар "Король болсам, мадды атқа мініп бағар едім" деп армандайтын бақташыдан несі артық.

Айтпақшы, Елтайдың қызметтен түсетінін естігендегі бірінші сұрағы:

— Машинам өзімде қала ма? — бопты.

Айтматов. "Мемлекет басқару өнері — өнер атаулының төресі", — деген екен Демокрит. Кейде бүкіл елдің тағдыры бір басшының уысында тұрады.

Мысалы, Бірінші Петр мешеулік пен надандық жайлаған Ресей империясына қайта өрлеу дәуірін әкелген жоқ па? Бүкіл бір ұлтты "қайта құрылуға" мәжбүр еткен "бүлдіргіш" жеке тұлғаның рөлін көрсету үшін, Петрдің өмірі мен іс-әрекетінен жалпыға аян фактілерді есіңе салайын. Патша басымен голландықтарға барып, қарапайым балташы болып, кеме жасаудың құпиясын үйреніп қайтса, еріккенінен істемеген шығар. "Мен — патшамын, бірақ та алақанымның күсі кеткен күні жоқ" дегенді өз ортасында жиі қайталайды екен.

*То академик, то герой,
То мореплаватель, то плотник, —
Он всеобъемлющей душой
На троне вечный был работник, —*

деп, ұлы Пушкин оның осындай азаматтық ерлігін өлмес жырына қосқан.

Ресейдің кең-байтақ өлкесіне батыстан көз алартушылардың қатары молая түскен шақта, Петр елдің астанасын Мәскеуден Балтық жағалауына көшіруге шешім шығарады. Ондағы ойы: астананы қорғау — әр орыс адамының қасиетті парызы, ал оны жауға бермеу — Ресейді қауіп-қатерден аман сақтау деген сөз. Сөйтіп, әлемдегі әдемі қалалардың бірі — Санкт-Петербург осылайша дүниеге келді. Қала көшелеріне емен, қайың, шетен, сәмбі, басқа да ағаш түрлері егілсін және "Кімде-кім еменді рұқсатсыз кессе, өлім жазасы берілсін" деген жарлықтың иесі де осы Петр ағзам еді. Оның өз

қолымен еккен емені үш жүз жылдан бері ұлы ағзамның көзінде боп, жайқалып әлі өсіп тұр.

Петр қол астындағы елге қатаң тәртіп орнатумен қатар, Ресей империясының басқару заңдарын мүлде басқаша құрып, зауыттар мен фабриктерді, оқу орындарын мейлінше молайтқан, әрі армияны жасақтай білген. Пайдаланып келген кириллица жазуына өзгерістер енгізіп, кейбір көзге қораш әріптерді жөндеген. Сөйтіп, арнайы баспахана жасақтап, орыс баспасөзі тарихындағы тұңғыш газет — "Ведомостидың" тұсауын өз қолымен кесті.

Сонымен бірге Петр орыстардың берекесіз өсіріп қоя беретін сақал мен мұртын күзеттіріп, етек-жеңі шұбатылған ұзын да икемсіз киімдерін жөнге келтіртіп, ықшамдаттырған. Мұжықтардың арасында жиі кездесетін араққа салынушылықпен бітіспес күрес ашып, үнемі мас болып жүретіндердің мойнына жазалау ретінде әрі жұрттан ұялыс тапсын деген ниетпен ауыр темірден арнайы медаль құйдыртып, ілдіртіп қойған.

Кімде-кім ата-анасын сыйламаса, мемлекет алдында жазықты боп есептеліп, оған қатаң шара қолданылсын, есептің төрт амалын білмесе, үйленуге рұқсат жоқ деген патша жарлығы мешеу жатқан өлкені әлемдік өркениетке қазтабан болса да жақындата түскен еді.

Сөйтіп, соғысса, жеңілген, еңбектенсе, маңдай тері зая кеткен, экономикалық құлдырау мен надандықтың бұғауында жатқан халқын жалғыз басшы — ұлы Петр көк өгіздей сүйреп жүріп, бір белеске шығарған жоқ па?

Шаханов. Ұлы Петр іргелі елдердің қатарына көтеріп кеткен Ресей империясы Анна Иоанновна патшайым болып, билік құрған 1730—40 жылдары қайтадан құлдырап, елдің тоз-тозы шыққан. Орыс тарихшылары оны жалқау әрі ақымақтау және ойын-тойға ерекше әуес еді деп жазады. Мемлекет ісімен жөнді шұғылданбаған. Ерте күнді кеш қылып, ергежейлілердің қойған тамаша, әзіл-сықақ сахнасын қызықтаумен бар уақытын өткізген. Қарамағындағы князьдер мен графтарды келеке еткен көріністерге мәз болатыны соншалық, кейде бойын күлкіден билей алмай, құлап түсетін көрінеді.

Анна Иоанновна патшалық еткен соңғы жылы Ресейдегі барлық ұлттар мен ұлыстарға жар салып, князь Голицын мен аса көріксіз қалмақ қызы, өзінің қызметшісі Буженникованың үйлену тойын жасайды. Бұл текті тұқымнан өнген князьді өзіне болмашы ғана қарсы тіл қатқаны үшін, ойлап тапқан мазақтаудың шектен шыққан түрі еді. Қыс айында Нева өзенінің үстінде той

салтанаты өтетін алып сарай Анна Иоанновна патшайымның бұйрығымен түгелдей мұздан соғылады. Сарайдың есік-терезесі, жиһазы, ыдыс-аяқ, тіпті жас жұбайлардың жатар төсегі де мұздан істелінген.

Ресейдің түкпір-түкпірінен жиналған орыстар мен татарлар, мордва мен шуваштар, ненецтер, т.б. ұлттық киімдерін киіп, музыка аспабына қосылып, ән шырқап, би билеп, астананы өзгеше у-шуға бөлеген. Тсй өткен соң, түн ішінде жас жұбайларды мұз төсектің үстіне жатқыздыртады. Неке түнінің "аса ықыласты" өтуін қадағалайтын топ сайлаған. Бұл сыннан князь бен қалмақ қызы сүрінбей өтті. Бір-бірін мұз төсекте жылытқан жұбайлардың келер жылы қошқардай қос ұлы болады. Билеушінің өресі төмен боп, ойына келгенін істесе, өз қызығын өзі күйттесе, қарапайым елдің жай-күйі қайдан оңсын.

Мынадай бір қызық дерек бар.

1731 жылы Ресей империясы мен қазақ елінің батыс бөлігі арасында келісім-шарт жасалып, дипломатиялық қарым-қатынас орнағаны тарихтан мәлім. Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының игі жақсылары, билері, бектері мен батырлары бас қосып, құдыретті патшайымның алдынан өтеміз, сәлем береміз десіп, мол тарту-таралғымен Санкт-Петербургке келіп түскен. Татардан тілмәш алған үлкен делегация мүшелері әрқайсысы айтар сөзін, көрсетер құрметін қайта-қайта пысықтап, патша Сарайының табалдырығын аттайды. Қазақ даласының делегациясын қабылдауға Анна Иоанновна алдын ала келісімін де берген екен. Қызметкерлері алыстан айлап жол жүріп жеткен қазақтардың қабылдау бөлмесінде тосып тұрғанын тағында алтын мен гауһарға малынып, ерігіп отырған Анна Иоанновна патшайымға жеткізгенде, ол:

— Аса маңызды бір шаруам шығып қалды, Голландия королі сыйға тартқан ұрғашы маймылым бүгін таң алдында туды. Балалары сондай сүйкімді. Соның қыруар тірлігімен басым онсыз да қатып отыр, қабылдай алмаймын... — депті.

Айтматов. Иә, тарихта мұндай қайғылы да күлкілі фактілер аз емес. Мен де соның кеңінен мәлім біріне тоқтала кетейін.

Аты шулы патшайым II Екатерина билік құрған ғасырда Малороссия да (Украина мен Қырым) Ресей империясының құрамына кірген. Оның губернаторы болып патшайымның аса жақын досы, сыбайласы Григорий Потемкин тағайындалады.

1787 жылы патшайым қарамағындағы Малороссия халқының тұрмысын көріп, әл-аухатымен танысуға ниеттеніп, сапарға шығады. Петербург пен Киевтың арасындағы 76 станса мен 35 елді мекенге патшайым тоқтайды, түстік ішеді, демалады деп жоспарланады. Қаптаған атқосшыларымен бірге шыққан II Екатерина күн ілгері белгіленген жолмен жүріп келе жатып, Малороссия халқының өте бай да ауқатты әрі өз тұрмыстарына соншама разы екенін көріп, ерекше қуанышқа бөленеді. Алардынан ән салып, би билеп қарсы алған халық, мыңғыртып айдаған мал, аузы-мұрнынан шығып тұрған қанар-қанар астық, шынында да, елге жаны ашыған губернатор еңбегінің жемісі емес пе?!

Жо-жоқ, Петербургке келген соң, Потемкиннің өтірігі ашылады. Бақса, ол патшайым жүреді деген жолдың бойындағы елді алдын ала киіндіріп, жасандырып дайындап қойған екен. Ал өрістегі қаптаған мал ше? Оның да есебін тауыпты. Бір стансада патшайымға көрсеткен көп малды, II Екатерина тынығып жатқанда, түн асырып қуалап, келесі соғар елді мекенге не стансаға жеткізіп отырған.

Ал қамба толы астық ше? Текшеленіп тұрған қанарлардың ішінде бір түйір де дән болмаған, бәріне топырақ толтырылған екен.

Қаншама билік иелері қарақан басының қамын күйттеген Потемкин секілділердің алдауына түсіп, шатасты десеңші. Бұл күлкілі оқиға орыс жылнамасына "Потемкинские деревни" деген атпен енген.

Шаханов. Мұндай сорақы мысалдар әлем билеушілері тарихында мыңдап саналар. Мәселен, Калигула Римнің императорлық тағына отырарда, айрықша көріпкелдігімен аты шыққан Тиберий: "Бұл өзіне де, өзгеге де жақсылық жасамайды. Тек Рим халқына емес, барша әлемге апат әкелетін сұр жылан өсіп келеді", — деп, қорқыныш білдірген.

Таққа отырған император биліктің алғашқы кезеңінде ерекше іскерлігімен, мейірімділігімен ел-жұртты аузына қаратады. Тарап кеткен халық мәжілісін қалпына келтіріп, шетқақпай көріп жүрген аты белгілі адамдарға лауазымды орын ұсынады. Ливий мен Тиберийден қалған көп ақшаны, олардың өлер алдында қалдырған өсиеті бойынша, Рим халқына тең бөліп, үлестіріп береді.

Бірақ бұл алдамшы көрініс еді. Араға аз уақыт салып, тақ пен тәждің шын иесі өзі екенін сезінісімен, Калигула байырғы есалаң қалпына қайтадан енеді.

"Оның ақымақтығы мен есалаңдығында шек жоқ еді, — деп жазады ерте дүние тарихшылары. — Өзін тірі құдай сезінді. Айналасындағылардың бәрі ертеңді-кеш иіліп-бүгіліп тұратын".

Бағыныштылардың құлдық ұрғанына мәз болып, қолын шапалақтайтын Калигула "Жек көрсе мейлі, тек қорықса болғаны" дегенді әлсін-әлсін қайталаумен жүрген.

Өзін туа бітті актермін, әнші әрі ғажайып бишімін деп санаған император мемлекет ісін ұмытып, күндіз-түні бірдей сауық-сайран салған. Халық мол жиналған жерде ол алдымен қайғылы актердің кейпіне түсіп, әр нәрсені бір шатып-бұтады да, артынша ақ тер, көк тер болып, билейді екен. Ал көне Римде ол заманда еркектердің билеуі аса жек көрінішті әсер қалдыратын.

Айтматов. Римдіктердің сорын қайнатқан осы ақымақ императордың оғаш қылықтары жайлы Иосиф Флавийдің жазбалары бар.

"Калигула өзгелерді қоя салып, бірде Гомердің поэмаларын құртамын деп, айбат шекті, — деп жазады ол. — Оның адамдарға деген жауыздығы мен жек көрінішінде шек болған жоқ. Тірінің көзін жоямын, өлгеннің атақ-даңқын өшіремін деп арпалысты. Оның елге салған алым-салықтарының санына жету қиын еді. Император әсіресе өзімен бой теңестіріп, бақталасады-ау деген дәулетті, текті тұқымдардың соңына шырақ алып түседі. Оларды алдына шақырып алып, өлгеннен кейін, бар байлығыңды маған қалдырасың деп, күштеп өсиет жаздыратын. Артынша өсиет иесін қылмыскер деп жариялап, өлім жазасына кесетін де, бар дүние-мүлкін өзі иемденіп алатын. Бәрінен де римдіктерді шошытқаны — өзінің жақсы көретін атын консул қызметіне тағайындағаны еді..."

Жануарды арнайы мемлекеттік қызметке тағайындау тарихта бұрын-соңды кезікпеген. Ал Калигула болса атына мәрмәрдан орын сайлатып, жем жейтін астауын піл сүйегінен жасаттырған ғой.

Осындай жалаң есуас билікті қару ғып ұстанған Калигула император болған төрт жылдың ішінде іргелі мемлекетті ашық монархияға айналдырып тынған. Өзі елдің бас тонаушысына айналған соң, қалған билік басындағылар қарап қалсын ба, қарапайым халықты сүліктей сорған. Мемлекет қазынасындағы екі миллиард жеті жүз миллион сестерци (ақша) бір жылдың көлемінде желге ұшып, бүкіл ел қайыршылыққа ұшырап, түс-тұсқа қаңғып кеткен.

Шексіз билік пен байлықтың буына мас болған Калигула қызы дүниеге келгенде, рим халқына жар салып, нәрестені бағып-қағуға, тәрбиесіне және ұзатар кездегі жиһаз, мүлкіне арнап ақша жинауды талап еткен. Жаңа жылдың алғашқы күні император басымен Сарай табалдырығында тұрып алып, ағылып жатқан халық тастаған теңгелерді жинаған. Үйіліп қалған алтын теңгелерге қуанғаны соншалық, уыстап-ұстап көріп, көкірегіне басып, тіпті біраз уақыт үстінде аунап жатқан.

Күн сайын жаңа қызметке тағайындағандардан, істі болғандардан өте көп мөлшерде алған парасын қанағат тұтпай, Сарайында баукеспе ұрылар мен қарақшыларды ұстап, елді тонаумен де айналысқан.

Үстіне жұрттың ойына келмеген алабажақ матадан киім тіктіруді әдетке айналдырған. "Римдіктер ғана емес, тіпті еркек кимейтін бірдеңелерді жамылып, ел алдына шыққан. Кейде қызылды-жасылды гүлді матадан үстіне әйелдің ұзын етек көйлегін, аяғына әйелдің туфлиін киіп, тақта отырған императорды көрген шетелдіктер әжуа күлкісін жасыра алмайтын. Ал римдіктер ұялғаннан жерге кіріп кете жаздайтын", — деп жазды кейіннен грек тарихшылары.

Сақалын алтынға бояп жүргені, тіпті атақты Александр Македонскийдің қабірін аштырып, үстіне соның панцирін киіп, сайран салған есерлігі де елдің ызасын келтіреді.

Нешеме соғыс пен қайыршылыққа төзген Рим халқының өз императорының осындай берекесіздігіне төзімі жетпеді. Ақыры, есуас Калигуланы құртпасақ, мемлекет құлайды деген шешімге келеді. Император өлтірілді дегенде, римдіктердің жартысы бұл да Калигуланың кезекті қылжағы деп, сенбеген, ал қалған жартысы бір-бірінен сүйінші сұрасып жатқан.

Құдайым болашақ мемлекет басшыларын осындай сайқымазақ тағдырдан аулақ еткей де...

Шаханов. Ал Рим мемлекетін 121—139 жылдары билеген Марк Аврелий болса Калигулаға кереғар тұлға еді. "Оңаша қалғанда" атты іргелі еңбек жазған оның аты әлемге ең әділетті философ-император деген даңқпен жайылды.

Елді қандай тәсілмен басқару және билеуші өзін-өзі қалай ұстауы керектігі жайлы жазылған осы философиялық шығармасында ол:

"Өзің атқарып отырған істі үнемі римдікке сай істеу ләзім: таза жүрекпен, адамдарға деген сүйіспеншілікпен,

еркін әрі адалдықпен және де басқа ұғымдардың, басқа көзқарастардың бәрінен аулақ болып атқарған дұрыс. Бұлай ету сенің қолыңнан келеді, егер сен істеп отырған шаруанды өміріңдегі соңғы қызметіңдей көріп, ақылсыздыққа салынбай, екі жүзділіктен, өз тағдырыңа немқұрайды қараудан ада сезіммен атқарсаң", — деп жазды.

Император бір жұмысқа кіріспес бұрын, мейлі ол әскери іс немесе азаматтық іс болсын, әрдайым үлкен қызмет орнындағы адамдармен ақылдасып алатын. Аврелий: "Мемлекеттің бір адамның еркіне бағынғанынан гөрі, өте тәжірбиелі достардың кеңесіне құлақ түргені дұрысырақ" деген сөзді жиі айтады екен.

Овидий Кассий Сирияда императорға қастандық ойлаған кезде, оның өз сыбайластарына жолдаған хатын әкеле жатқан адамы қолға түседі де, хат Марк Аврелийге табыс етіледі. Сонда Аврелий оны ашпастан, со бойда отқа жағуға бұйырады. Мұны өз жауларының есімін білмеу үшін және оларды еріксіз жек көріп кетпеу үшін істеген еді.

Бір римдік Марк Аврелийді Овидий Кассийдің бүлігіне сондай жұмсақтықпен қарағанын кінәлап: "Егер сіз жеңіске жетпесеңіз не болар еді?" — деп сұрайды. Марк Аврелий былай деп жауап қайтарыпты: "Ол жеңіп кететіндей, біз құдайға сондай жаман ниетпен қараппыз ба?". Содан соң ол адам қолынан қаза тапқан императорларды еске алып, оларды өлтіруге тұратындай елеулі себептер болғандығын әр түрлі мысалдармен дәлелдеп айтады.

Айтматов. Иә, ол халықпен еркін мемлекеттерде қалыптасқан дәстүрмен қарым-қатынас жасаған, адамды жауыздықтан сақтауда немесе жақсылыққа тәрбиелеуде, біреуді еңбегіне, ақыл-парасатына сай мол сыйлықпен марапаттауда, жалпы қай істе болсын, үлгі-өнеге, әдептілік танытып отырған. Ол жаманды жақсы, жақсыны тамаша адам етіп тәрбиелеудің жолын іздеген.

Марк Аврелий өз бойында құдай берген зор ақыл мен мейірбандылықты тоғыстырған. Егер ол дәл сол дәуірде туылмағанда, бүкіл рим әлемі быт-шыт болып, қанға бөгуі мүмкін еді.

Шаханов. Иә, Рим империясында қаншама билеуші өтті. Көбінің есімі бұл күнде ата-тарихтың жадынан өшіп те кетті. Ал бағынышты халқын мейірім құшағында әлдилеген император Марк Аврелийдің салт атқа мінген күміс ескерткіші, арада XX ғасыр өтсе де, Капитолий алаңында қазірге дейін тұр.

Айтматов. Плутархтың "Жеті ғұламаның сұхбаты" деген еңбегін оқып отырып, Фалес, Солон, Клеобул, Биант, Хилон, Периандр, Питтак сынды ғұламалардың патшаларға берген мінездемесіне кезіктім.

Шаханов. Сөзіңіз аузыңызда. Сол Плутарх суреттеген атақты "Солонның әкесі өз заманының ең бір дәулеттісі саналған Эксекестид те, анасы Писистраттың немере қарындасы еді", — деп жазған тарихшы Гераклид Понтийский. Өз заманында ақын, жазушы, философ әрі ізгі жүректі қайырым иесі ретінде туған еліне кеңінен танылған Солонның билік басына келуі қызық.

Жастайынан саудаға үйір боп өскен болашақ билік иесі ғылым мен жаңашылдықты да жан-тәнімен сүйіп, ілімпаз атанады. Байлық оны қызықтыра қоймайды. Әйтсе де алтынның буына мас болғандардан рухани байлығының арқасында өзін көш ілгері биік қойған. Оның осындай шайқылығына, ақылдылығына тәнті болған афинылықтар мемлекет басқару ісін қолға алуын, көрші елдермен тынымсыз жүріп жатқан соғыстарды тоқтатуын өтінген. Елдің тізгінін ұстаған Солон: "Саясаткерлік деген — алдампаздық", — деп, өзі үшін жаңалық ашады. Бұрын қылмыспен байланысы, байлармен сыбайластығы жоқ ол енді ел тыныштығы үшін жиі-жиі жұртты алдай бастайды.

Алдымен жерді бөліп беремін деп, жарлы-жақыбайға өтірік айтса, айнала бере, бай адамдарға жерді ешкімге бермеймін, оның есесіне қарыздарыңды қайтартамын деп, олардың да көңілін табады. Нәтижесінде қара табан кедей де, ағыл-тегіл бай да Солонды өз адамымыз деп есептейді. Сол себепті де оның "Тепе-теңдік соғыс тудырмайды" деген қанатты сөзі кеңінен тарап кетеді. Өмір бойы өлең жазып, ақындығын бәрінен де биік санап өткен ол өз билігі хақында былайша толғанған:

*Власть даровал я народу в той мере,
в какой он нуждался,
Чести его не лишил, но и не дал лишних прав.
Также о тех позаботился я, кто богатством
и силой
Всех превзошел, чтобы их не позорил никто.
Встал я меж тех и других, простирая
мощный щит свой над ними,
И запретил побеждать несправедливо других.*

Айтматов. Осы өлеңінен сезіліп тұрғандай, гректің заң жүйесінің реформаторы атанған Солон ел басқарып тұрған шақта, мемлекет ісіне пайдалы көптеген заңдарды қабылдайды. Мысалы, азаматтықтан айыру жөнінде. Ел ішінде келіспеушілік туа қалған жағдайда ешбір партияға енбей, өзімен-өзі қоғамнан оқшауланып қалған адамды азаматтығынан айыру, бір қарағанда, ешбір ұғымға сыймайтын нәрсе секілді еді.

Бірақ заңның осы тармағы арқылы Солон адамдардың елдің саяси ахуалына үнемі құлақ түріп, ортақ іске немқұрайлы қарамауын, қиындықты бірге бөлісуін көздейді.

Оның және бір ізгілікті ісі — қайтыс болған адам жөнінде жаман сөз айтуға қатаң тыйым салуы. Сонымен бірге шіркеу мен үкімет үйлерінде және сот кеңсесінде балағат сөздерді араластырып сөйлеуге шек қояды. Бұл тәртіпті орындамай, біле тұра, бұзған адам мемлекет алдында қылмыскер деп табылып, қатал жазаланған. Дінмен үндесіп жатқан бұл шаралар қарапайым халыққа майдай жағады. Билеушінің атына марапат сөздер тасқындай ағады.

Солон өзі шығарған заңын өзі орындамаған мемлекет түбі құлап тынады деп есептеп, оларды кемі жүз жылға жететін етіп ағашқа ойып жаздырған.

Солон билік басына келген соң, өзінен бұрын ел басқарған Драконттың заңдарының бәрін жоққа шығарған. Ал Драконттың қылмыскерге қолданған ең сүйікті жазасы — өлім жазасы болғаны белгілі. Ол шіркеу бұзғанды да, кісі өлтіргенді де, тіпті жеміс-жидек ұрлағанды да бірдей қылмыскер деп есептеген. Сол тұста Драконт мемлекеттің заңдарын қара сиямен емес, адам қанымен жазды деген сөз ел ішіне кеңінен тарайды. Драконттың қатыгез заңдарын талқандаған Солонның бұйрығы ағаш бетінде өшпей қалып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Шаханов. Солонның билік құрған кезінде Афиныда жезөкшелік жойылған. "...Әйелдер мен қыздарды ұрласа немесе зорласа, 100 драхм, жеңгетайлық жасағанға 20 драхм айып салынсын. Қызын, қарындасын ақшаға сатқандар қоғамнан аласталсын!" деген үкімі елдегі әр түрлі бейбастақтарға, еркін серілер мен сылқым бикештердің жүріс-тұрысына тұсау салған. Шынында да, ақшаның аса қат кезінде 20 драхм айып төлегеннен өмір бойы құлдықта өткен жеңілірек болған.

Айтматов. Аристотельдің жазбаларында Солон патша мен Анахарсистің достығы жайлы мәліметке кезігеміз. Ал Геродоттың баяндауынша, Анахарсис — скиф патшасы, кәдімгі Персия билеушісі Дариймен соғысатын Иданфаристің туысқаны. Демек, Анахарсис — түрік тектес халықтардың түп атасы саналатын скифтерден шыққан ғұлама ғалым. Өнертапқыш әрі әлемді аузына қаратқан шешен һәм философ. Оның көрегендігі мен тапқырлығына тәнті болған элада елінде заманында "Скиф осылай сөйледі" деген мәтел тараған.

Ерте дүние тарихшыларының деректерін куәға тартсақ, Анахарсис (Анарыс) Скифский Қара теңіз жағалауынан грек топырағына өнер-білім іздеп келген сынды. Оның Солон және өзге ғұламалармен достығы атын әлемге мәшһүр етеді.

Жоғарыда аты аталған жеті ғұлама Амасис патшаға мынадай ақыл-кеңестер берген. Бұл мәжіліске Анахарсис те қатысады.

Солон: *"Менің пікірімше, егер өзі мен үкімет билігін халық билігіне айналдыра алса ғана, ол патшаның даңқы артады"*.

Биант: *"Ол сонда ғана заңға бағынудың үлгісін жасайды"*.

Фалес: *"Патшаның бақыты сол – егер оның жасы жетіп, өз өлімімен дүниеден өтсе"*.

Анахарсис: *"Онда оның барлығынан да ақылды болғаны"*.

Клеобул: *"Ендеше ол – қасындағылардың сөзіне ермейтін патша"*.

Питтак: *"Жағымпаздар әрдайым өз басы үшін қорқып жүргені абзал. Патша елге сонда ғана тыныштық орнатады"*.

Хилон: *"Патша ойы өлім емес, мәңгілік туралы болуы керек"*.

Периандр: *"Бір нәрсені ескерткім келеді: осы айтқандардың бәрін ақылмен қорытқан адам биліктен қол үзуі қажет"*.

Түркістан топырағында туып, білімімен жат елдің көркеюіне өлшеусіз үлес қосқан Анахарсис бабамызға Грецияда ескерткіш қойылған. Оның бүйіріне "Басқа пәле — тілден" деген мақал ойып жазылған. Анахарсистің "Кеметайының қалыңдығы төрт елі екенін білген кемедегілер өлімнен де төрт-ақ елі қашықта тұрғанын

ұмытпағаны абзал" деген қанатты сөздері ел есінде қалды.

Ұлы Солон патша бақи кешкен соң, Қара теңіз жағалауына, байырғы скиф даласына оралған Анахарсис ақыры қысастық пен қызғаныштың құрбаны болып, өз туысының қолынан өлген.

Әңгімені осы арнада жалғастыра түсейік. "Бізден кейін топан су қаптаса да, мейлі" деген арсыз мәтелдің авторы француз королі XIV Людовик 72 жыл бойы шексіз билік құрған. Король қарамағындағы халқын қалай болса, солай ұстауға, тіпті кез келген уақытта атып, асып өлтіруге де құқым бар деп есептеген.

"Мемлекет деген — мен". XIV Людовиктің осы астам сөзі қазірге дейін сүйкімсіз мағынасында қолданыс тауып келе жатыр.

Корольдің айналасына жағымпаздар жиналып, өмір бойы бір-біріне орын бермей, таласумен өткен. Шыбындаған жылқыдай бас шұлғып тұрған дворяндар таң атпай жатып, корольдің киім кию салтанатына қатысу үшін жүгіреді екен. Бірі іш киімін, екіншісі шалбарын әперіп, бәйек қаққан сорлылар король бүгін көйлектің ағын емес, көгін киюі керек деп, өзара ұзақ керілдесетін болған. Сөйтіп, XIV Людовиктің киім кию салтанаты күн сайын екі сағатқа созылып отырған.

Осындай қызметімен жаққан үстем тап өкілдеріне король атақ пен сыйлықты уыстап шашып, тіпті әр түрлі қызмет сатысын ойлап тауып, ай аралатып дәрежесін өсірген.

Сарай қызметшілерінің міндеті де адам таңғаларлықтай. Олар топ-топ боп, түнімен кірпік қақпай, корольдің іш киімін, кимешашын, дәрет сындыратын ыдысын күзетіп шығатын болған.

XIV Людовиктің бір жасар қызының 80 күтушісі болса, қара басына қызмет еткендердің санына жету тіптен мүмкін емес. Оның өмір бойы құрған сауық-сайраны, аңшылығы мен сарай қызметкерлерін ұстауға кеткен қыруар қаржы кедейлер төлеп отырған салықтан түскен. Салықты уақтылы төлей алмағандарды отбасымен қоса далаға қуып шығып, үй-мүлкін тартып алып отырған. Француз халқы қара табан қайыршылықтың зарын шегіп, иіні бүтінделмей жүргенде, еріккен король сән-салтанатты Версаль сарайын соқтырып, қабырғасы мен еденін тұтастай мәрмәрлатады. Сарайдың іші мен сыртына 1400 хауыз орнаттырған. Король тек қана осы Сарай құрылысына 47 жыл уақытын жұмсаған.

Осындай сәнқой даңғойлығымен қоса, король тым қорқақтығымен замандастарының есінде қалған. Жанындағы лауазымды тұлғалар мен қызметшілері өзіме қастандық ұйымдастырып жүрер деп сақтанып, сарайына 35 адамнан тұратын жасырын сиқыршылар (колдун) тобын ұстаған. Бұл өте күлкілі де қораш істің ұйтқысы — өзінің нақ сүйері Атоно де Монтеспаон еді. Оның бұл масқарашылығы полиция тарабынан әшкереленіп қалып, ақыры король "қамқоршыларын" қуып таратуға мәжбүр болады.

XIV Людовиктің надандығы мен қатыгездігі сондай, мысалы, бір аспазы корольге шаяннан дастарқан мәзірін әзірлеп бергенмен, үстіне тұздық құюды ұмытып кетіпті. Корольдің мұндай ұмытшақтықты кешпейтінін білген әлгі сорлы, жаза қолданбай тұрғанда, жантәсілім етейін деп, дереу өз-өзіне қол салып, өмірмен қош айтысқан.

Ауыр тұрмыс, шексіз езгіден шыдамы шегіне жеткен француз халқы король өлген соң, көтеріліске шығып, соңындағы барлық тұқым-тұяғын аяусыз қырып салған.

Шаханов. Мәселен, түрік сұлтаны Абдул Азиздің сарайында 5 мыңның үстінде күтушісі күні-түні кірпік ілмей, аяқтарының ұшымен басып жүріп, қызмет көрсеткен. Сол күтушілердің бірінің бар міндеті анда-санда сұлтанның тырнағын алып берумен ғана шектелген.

Тарихқа байыппен көз жіберген адам небір жаны жайсаң көсемдер мен халқын қан қақсатқан қатыгез де қарау, яки бітім-болмысы тентек баланың ойынындай әумесер билік иелерінің сан алуан түріне кезігері хақ.

Вавилонның осыдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген патшасы II Навуходоносордың іс-әрекеті де кейбіреулерге сабақ болғандай. Ол Мидия патшасының қызы Семирамида сұлуға үйленген. Бір-бірін кереметтей сүйсе де, Семирамида сұлу Вавилонның шаңды, шулы көшесін жақтырмай, өзі туып-өскен таулы, салқын, сәулетті өлкені аңсап, іш құса болады емес пе.

Әйелінің көңілін қайтып табарын білмеген бейшара патша мыңдаған құл мен соғыс тұтқындарын жан төзгісіз жұмысқа жегіп, Мидиядағыдай алып бақ орнаттырады, түрлі жеміс ағаштарынан аспалы бау өсіртеді. Шапқыншы жіберіп, жер түбінен сайрауық құстарды әкелдіреді. Бұлақтың арнасын бұрып, қолдан ағын су жасатады.

Ал бұл кезде ертеңді-кеш қара жұмыстан титықтаған құлдар мен тұтқындар шыбындай қырылып жатты. Сұлу әйелінің көңілінен шығамын деп жүргенде, өзі де әбден

болдырып, қартаяды. Елі болса жаппай қайыршылыққа түседі.

Марокко сұлтаны Мулей Исмаилдың тірлігі де осы II Навуходоносормен бәстескендей. Ол елдің бар байлығын жиып, өзіне арнап тұтас бір қаладан тұратын резиденция салдырған. Оның қабырғасының ұзындығы 40 шақырымға созылыпты. Елу сарайы және 12 мың жылқы сыятын атқорасы да бар екен.

Айтматов. Билеушінің еліне жасаған жария жақсылығы да, кесапаты да тарих бетінде қалып отырған ғой.

Мәселен, Иван Грозный осылар мені сыртымнан сатып кетуі мүмкін деген желеумен бүкіл Новгород қаласын талқандап, халқын қанжоса ғып қырып салған жоқ па? Бұл — ел өмірінде аса сирек кездесетін қайғылы оқиға.

Демек, билік иелері өз мүддесін ел мүддесінен жоғары қойса бітті, өз дәуірінде де, болашақ ұрпақ алдында да ұтылысқа түсіп отырған.

Шаханов. "Ақсақ құлан — Жошы хан" хикаясы да осы сарындас.

Әйелі Бөрте керейттерге тұтқынға түскенде, іште келген Жошыны жатсынған қаһарлы Шыңғыс хан ылғи да оны сыртқа тебумен жүреді. Төрт ұлының ішінде алғыры болған соң, өз қолымен өлтіруге дәті бармайды. Ақыры Жошының аңға шыққан сәтін пайдаланып, соңынан дереу жендеттерін жұмсайды. Ақсақ құланды қуып, шығандап кеткен Жошы ізіне түскен қаныпезерлердің қолынан қапияда қаза табады.

Одан әрмен аңыз былайша өрбиді:

Ұлының өлгенін білген Шыңғыс хан ел көзінен өз ұятын жасыру үшін, қара жамылып: "Кімде-кім Жошының қаза тапқанын естіртсе, кө-Сейіне балқыған қорғасын құямын", — деп, жер бауырлап, күңіреніп жатып алады. Жаманатты естіртуге бел шешіп, жүрек жұтқан ешкім шыға қоймайды.

Сол кезде өрімдей жас бір күйші жігіт домбырасын сайлап, аһ ұрып, істеген ағаттығына іштей өкініп отырған хан алдына шарт жүгіне қалып, "Ақсақ құлан — Жошы хан" күйін тартқан екен дейді.

Зарлы күй бебеулеп тұрып алады. Дәті тастан берік Шыңғыс хан төсегінде әрі-бері дөңбекшіп,

сай-сүйегін кемірген мына күйдің мұңына шыдай алмай, басын жұлып алып:

— Жошының өлімін естірткен мына кәззаптың көмейіне қорғасын құйыңдар! — депті әмірлі үнмен.

— Дат, тақсыр, — дейді сонда күйші жігіт. — Балаңыздың жаманатын естірткен — мен емес, мына қу тақтай домбыра. Қорғасынды құйсаңыз, осы-ған құйыңыз.

Сөзден жеңілген Шыңғыс хан амалы таусылып, ақыры ұлттық аспапты жазалапты деседі.

Сол Шыңғыс ханның төрт перзенті ішінде өзі билеген ұлысқа жайлы болған Жошы ханның кесенесі Қазақстандағы Ұлытау өңірінде тұр. Ал Шыңғыс хан мен оның өзге үш ұлы — Төле, Үгедей, Шағатайлардың жер бетінде моласы да қалған жоқ...

Айтматов. "Қатал билеушіден — қатыгез іс қалады, қайырымдыдан — қасиетті із қалады" деген осы.

Шаханов. Соңғы бес ғасырдың белесіне көз тіксеңіз, Қазақстан мен Орта Азия халқы астындағы тұлпарының тебінгісін терге шірітіп, жаугершілік пен шапқыншылықтан көз ашпапты. Жалпы, түркі тілдес елдердің ұлт болып ұйысуына хандық дәуірдің кереметтей ықпалы болғанын білеміз. Қазақ тарихында үш жүздің басын қосқан Абылайдың алар орны тіптен бөлек. Қара құрым Қытай мен Жоңғарияның және Ресей империясының қыспағында қалған, жалпақ жон даласы мен шолақ найзасы, қайқыбас қылышынан басқа дәнеңесі жоқ елдің XVIII ғасырда тағдыры, ақиқатын айтсақ, таразы басында тұрған. Көрінгенді айбарымен үркітіп, лебімен ішке тартқан екі алып империяны былай қойғанда, қазақ үшін жоңғарлардың өзі аз дүрбелең әкелді ме?

Арқадан жау көрінсе, Сыр бойына жөңкіп, Алатаудан дұшпан тап берсе, Жайықты жағалаған халықты ұлы қырғыннан Абылай ханның сұңғыла саясаткерлігі ғана құтқарып қалған.

Қытаймен дипломатиялық қатынас орнатып, өз ұлын аманатқа берген Абылай Ресейге де елші жөнелтіп, тату көршілікті ұсынды. Екі арыстанның да аузын алып, жонынан сипағанмен, олар бас шұлғып отырып, әр түрлі айла-шарғымен қалмақтарды қазақтарға айдап салып, өзгенің қолымен от көсей бастаған.

"Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны" артқа тастап, Ресейге ойысып, елін қызғыш құстай шыр-пыры

шығып қорғап, мемлекет дәрежесіне көтерген Абылай өз заманының ұлы қолбасшысы, үздік дипломаты еді.

Айтматов. Соңғы жылдары "Саясат — лас нәрсе" деген анықтама пайда болды. Әрине, саясатты азаматтығы пәс, пиғылы бұзық, ниеті қарау адамдар жасаса, елдің құты қашып, билік иесінің құны көк тиынға айналады. Ондай саясатшылардың өресіздігін әлгі анықтама айқындаса керек.

Көреген билеушілер қай ғасырда да, қай елдің тарихында да баршылық.

Мәселен, 708—814 жылдар аралығында Францияны Карл есімді король билеген. Карлдың әкесі Пипин болашақ корольдің сауат ашуын қаламапты. Бір қызығы, өмір бойы қағаз бетіне "А" әрпінен өзгені сала алмаған Карл өз бетінше еңбектеніп, латынша, грекше еркін оқи білген.

Ол билік құрған жылдары Франция мемлекеті жан-жақты нығайып, өнер-білімі ерекше дамыған. Өйткені корольдің өзі өте ақылды, елдегі барша ғалымдармен, ақындармен, сәулетшілермен кереметтей достықта болған зиялы жан екен. Сол алған білімін елінің рухани өркендеуіне, жаңа ғылым көкжиегінің ашылуына жұмсаған. Абылай хан да ақылман Бұқар жырауды, халық арасынан шыққан шешендер мен батырларды өмір бойы жанына ұстап, мемлекет басқару ісінде солардың ақыл-кеңесіне құлақ қойып отырған ғой.

Франция королі болса бірнеше шет тілін білген. Жолығуға ағылып келіп жатқан шетел елшілерімен өз тілінде емін-еркін сұхбат құрған. Әрі есте сақтау қабілеті де аса таңғаларлық екен. Мемлекеттік маңызы бар шаруаны кімге аманаттағанын, оның қалай орындалғанын қадағалап отырған. Өз қолымен жасақтаған үздік армияның мыңдаған солдаттарының есімін жатқа білген. Оның кезінде кезкелген адамның өтініші аяқсыз қалып көрмепті. Корольдің парасатына достары түгіл, дұшпандары да таңырқап, бас июмен өткен.

Сондықтан да араға қаншама ғасыр түссе де, Карл есімі Франция билеушілерінің алдыңғы қатарында зор құрметпен аталады.

Шаханов. Иә, әлем тарихында жақсы мысалдар аз емес. Римнің атақты императоры Весиасианның ұлы Тит таққа отырған бар-жоғы екі-ақ жыл ішінде өзінің қарапайымдылығы, еңбекқорлығы мен ізгілігінің арқасында күллі римдіктердің махаббатына бөленіп, "адамзаттың асылы" деген ат алған.

Бірде Тит нөкерлерінің қоршауында Рим көшесінде келе жатса, анталап тұрған халық арасынан жұлым-жұлымы шыққан қайыршы бала императорға амандаспақшы болып, қол созады. Бұрын-соңды мұндай сорақылықты көрмеген жұртшылықтың жүрегі тоқтап қала жаздаған. Титтың нөкерлерінің бірі әлгіге дереу қылышын ала ұмтылады.

— Тоқтат! — деген сонда император даусын қатайтып. — Баланың не жазығы бар?

— Сізге қол бергені — шектен шыққан ұятсыздық емес пе, тақсыр?

— Елімнің жас ұланы үлкен көрегендік танытып тұр. Оның қолын қыспасам, менікі әдепсіздік.

Қайыршы баламен ықыласты амандасып, арқасынан еркелете қаққан Тит:

— Мен — император, бұл — қайыршы болса, ол — құдайдың ісі. Ал жылтыраған киім адамшылықтың, шоқпыт, шәркей ақылсыздықтың белгісі бола бермейді, — деп, жез мундирі жарқырап тұрған нөкеріне әжуалай көз тастапты.

Сол сәтте "Жасасын Тит!" деген айғай күллі Рим аспанын жаңғырықтырған.

Императорға да қол беруге болады екен-ау деп таңырқаған халық, Титтің алақанын аялап қысып қалу үшін, кезекке тұрған.

Әрбір минутын есептеп, ел үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген император бір күнін байқаусызда текке өткізіп алып:

— Достар, мен бүгін босқа өмір сүріппін! — деп шошып кетіпті.

Ал, керісінше, Сиам королі мен королевасы өздерін Сарайдағы санаулы ғана лауазым иелерінен басқа тірі жан қол беріп амандасуға, тіпті киімнің сыртынан болса да жұғысуға болмайтыны жайлы қатаң тәртіп қалыптастырған. Ақыры осы бөлектенудің зардабын да тартпай қоймады.

Жаздың жайма-шуақ бір күні корольдің зайыбы Сунанда көлде қайықпен серуен құрып жүрген. Кенет жел көтеріледі де, қайық аударылып түседі. Тереңге бір батып, бір шығып, су жұтып, жан даусымен айғайлаған королеваны жағада тұрған жүздеген қызметшісінің бірде-біреуі құтқаруға тәуекел ете алмайды. Өйткені жоғары мәртебеліге қолыңды тигізсең болды, жазаға тартыласың.

Не істемек керек?

Улап-шулаған қызметшілер Сарайға жүгіріп, лауазымы жоғары біреуді ертіп келгенше, королева тұншығып, о дүниеге аттанып кетіпті.

Айтматов. Люксембург герцогі сайланарда қойылар басты талап: ол билік басында, жеке өмірде әділдігімен, айрықша тазалығымен ел құрметіне бөленген жан болуы шарт. Жалпы, "Ұлы герцог" — "Грандюк" — бұл елде сол мемлекеттің шаң жұқпаған, қылау түспеген беделі сынды бейне. Билік басына кім келмесін, бәрібір, осы қатал талаптың үдесінен шығуы шарт.

Әр бағыттағы партиялар мен оппозициялық күштер менің КСРО-ның елшісі болуыма тура келген Люксембургте де аз емес. Ал герцог — олардың бәріне бірдей ең жоғары бедел. Сондықтан да бірін сүйіп, екіншісін тұқыртып ұстау оған жат. Қым-қиғаш пікір қақтығысына толы күнделікті газеттер де ол кісі жайлы бір ауыз ұнамсыз сөз айтқанын оқымайсың. Бұл — елде демократияның жоқтығынан емес, керісінше, оған деген сүйіспеншіліктің айғағы.

Шаханов. Тарихи даму мен демократиялық биліктің өзіндік жолын таңдап алған басшы ғана мұндай құрметке бөленсе керек.

Айтматов. Әділі — осы. Люксембург герцогі үшін өмірдің басты ұраны — адалдық пен әділдік. Қарапайымдылығы да есте қаларлықтай екен. Люксембург жерін су алып кетіп, тұрғындар әбігерге түсіп жатты. Абыр-сабыр болған жұртпен бірге герцог пен жұбайы аяқтарына резеңке етік киіп алып, кварталдарды аралап, ауруханаларға барып, гуманитарлық көмек ұйымдастырды, бір сөзбен айтқанда, қалыптасқан жағдайда мүмкін болатынның бәрін жасады. Бұл — қарауымдағы Люксембургтің әр адамының тағдырына жауапкермін деген жәдігер көңілдің шынайы көрінісі еді.

Шаханов. Көшедегі қайыршымен аман-саулық сұрасатын қарапайымдылық, елге арналмаған бір күні үшін қайғыратын жауапкершілік немесе резеңке етік киіп, су кешіп, квартал аралайтын ізгілік басқа ел басшыларына да жұғысты болғай.

Айтпақшы, Сіз Люксембургтің ең жоғары орденімен марапатталдыңыз емес пе?

Айтматов. Иә. "Сіңірген еңбегі үшін берілетін Үлкен крест" ("Большой крест за заслуги") орденін маған Грандюктің өзі тапсырды. Бұл — мен үшін ұмытылмас оқиға. Оқымыстылық, мәдениет, дүниені философиялық көзбен

көре білушілік мұндай елдерде ел басшыларына сөзсіз қажет қасиеттер болып саналады.

Шаханов. Мемлекет тізгінін ұстаған ақылмандардың кемеңгерлігі — ел бақыты.

Конфуций — біздің дәуірімізге дейінгі 551—479 жылдары өмір сүрген қытай халқының атақты философы, ойшылы. Оның өсиеті мен ұлы қағидаларынан көне қытайдың көптеген билеушісі тәлім алған. Тіпті ең бір қаһарлы императордың өзі: "Ел басқару ісінде қателесе қалсақ, ұлы ұстазымыз кешірмейді-ау", — деп, Конфуцийден құрметтей тұра, қорыққан. Конфуцийдің билік, мемлекет басқару ісі туралы, тіпті он сегіз мың ғаламның әрқайсысына арнап айтқан ұлағатты сөздері бұл күнде әлемнің барша тіліне аударылған.

"Әр адам өз ісін адалдықпен атқара білсін. Билеуші — елді билесін, жұмысшы — еңбек етсін, әке — әке, бала — бала орнында болсын. Тұрмыстың осы қарапайым қағидасы бұзылса, мемлекет іштен іриді. Өмірдің сиқы қашады, сыйластық жойылады. Ел ішін алауыздық пен өтірік, өсек жайлайды. Үлкен өрт кішкене шақпақ тастан шыққан ұшқыннан басталады..."

Конфуцийдің қағидаларын Қытай мемлекетінің көсемдері әлі күнге басшылыққа алып отырады екен.

Айтматов. Жалпы, ел билеу бақытына алуан салалы қызметтің, саяси қақтығыстардың қайнауына түсіп ысылып, сыналған, ақылы мен парасаты, кемеңгерлігі мен кеңдігі келіскен, өзге тұтастарынан оқ бойы озық тұлға ғана ие болуы тиіс қой.

Иә, тақ иесіне айналып, басына тәж кигенге дейінгі тар жол, тайғақ кешудің қиямет-қайымы екеумізден гөрі, билік иелеріне етене таныс шығар. Осындай ұлы сынға төтеп берген соң да, халқымыз "Ханда қырық адамның ақылы бар" деп, әспеттеп жатады.

Батыс Еуропа мен көршілес Ресей империясының тарихында жиі кезіккенімен, түркі тілдес елдер өмірінде әйелден шыққан хан мен бек, билеушілер жоққа тән. Қырғыздың ақылы мен парасаты келіскен Құрманжан датқасы — арпа ішінде бір бидай сияқты жалғыздың өзі.

Құрманжан күйеуі Алымбек датқамен отыз бес жыл отасып, Абдылдабек, Батырбек, Мамытбек, Асанбек, Қамшыбек есімді бес ұл, екі қыз сүйген.

Қоқандық Құдияр ханның аярлығынан қапияда көз жұмған күйеуінің орнына елу екі жастағы Құрманжанды алай халқы өзі қалап, датқа ғып сайлайды. Құрманжан датқа билік басына келген кез қырғыз халқының Ресей

империясы отарлаушылары мен Қоқан хандығының қыспағына қатар түсіп, кіріптар боп тұрған шағы еді. Осы екі темір қақпаннан жуас халқын құтқарып қалу үшін арпалысқан датқаның ер көңілділігі мен кемеңгерлігін, сабырлы да саясаткерлігін тіпті қырғыздарға қарсы зеңбірек сүйретіп, тау бөктерлеп соғысып жүрген орыс офицерлерінің өзі тамсана жазысты. Түркістан өңірін жан-жақты зерттеген әскери-географ Г.Н.Таубе 1889 жылы Қазан қаласынан "Алай ханшасы" ("Алайская царица") деген монография да бастыртып шығарған.

Құрманжанның шебер дипломатиясы арқасында Қоқан хандығы, Қашқария мен Бұхара қырғызға деген өшпенділігін тоқтатып, ортақ мәмлеге бас иген. Бір-біріне ежелден қырғиқабақ көрсетіп келген Бұхара әмірі Сайд Мұзаффар болса 1864 жылы оған өз тарапынан да датқа, тіпті кей құжатта айтылғандай, генерал атағын берген.

Тек датқа мен империя отаршыларының арасындағы мәміле ғана бірде тату, бірде қату күйінде қалады. Құрманжанның қара басын хан тұтып, сыйлаған Түркістан генерал-губернаторы фон Гауфманмен арадағы келісім орыс әскерімен өмір бойы жауласып өткен датқаның ұлдары Абдылдабек пен Қамшыбектерге келгенде, аяқ астынан шиеленісіп сала берген. Бос мойын саясаттың желі бірде оңынан, бірде солынан ессе де, қарамағындағы халқын жауға да, дауға да бермеген Құрманжанның мына бір ақылмандығы еріксіз таңдандырмай қоймайды. Патша әскері Мамытбек пен немерелері Мырзапаяз, Арыстанбекті Сібірге каторгіге айдап, кенже ұлы Қамшыбекті Ошта дарға асады. Датқа баласының дар тұзағына ілінгенін өз көзімен көріп тұрған. Сол сұмдық көрініске куә болғандар: "Егер Құрманжан: бұрыннан жауынгер ел емес пе едік, бұл қорлыққа төзгенше, жаудың қолында өлейік те. Аттан, халқым! — десе бітті, барша алайлық қырғыздар атқа қонары кәдік. Сөйтіп, баласын да аман сақтап қалу мүмкіндігі туар еді. Бірақ датқа жеке басының қайғысы үшін соңындағы қалың елді құрбандыққа қоса шалғысы келмеді" деседі.

Шаханов. Орыс тарихында Құрманжан датқа сынды қарамағындағы халқын көлеңкесімен қорғаған, ақыры өзі берген бостандығының өзі құрбандығына айналған трагедиялы, әрі бұратана халықтарға тізесін батырған, қайшылығы көп тұлға ІІ Александр ағзам болатын.

1855 жылы Ресей тағына отырған ІІ Александр мешеу жатқан алып империяның өміріне ұлы өзгерістер алып

келді. Алдымен 25 жылдық әскери міндеттің мерзімін шегеріп, 6 жылға түсірді. Әскерден босаған солдаттардың басын қосып, темір жол құрылысына жұмылдырды. Зауыт пен фабриктер көптеп бой көтерді. Жұмыссыздардың саны азайып, халықтың әл-ауқаты артты. Халық училищелерінің саны 20 мыңға, әйел-қыздардың оқу орны 300-ге жеткен. Империяның барлық провинцияларын қосып есептегенде, 700-дің үстінде газет пен журнал үзбей жарық көріп тұрған.

Ол билік құрған жылдары Ресейде 50 миллион бас бостандығынан айырылған кедей-кепшік болған. Помещиктердің аяусыз қанауына түскен олар дембіл-дембіл бас көтереді.

II Александрдың 1861 жылы 19 ақпан күні крепостнойлық правоны жою туралы жарлыққа қол қойып тұрып: "Кедейлер қашан өзін құлдықтан азат етеді деп күтіп жүрмей-ақ, бас бостандығын өз қолымызбен бергеніміз абзал", — деген сөзі орыс тарихында өшпестей боп жазылып қалды.

Осы азаматтық ерлігі үшін II Александрды Ресейдің күллі жарлы-жақыбайы "құтқарушы әкеміз" деп ардақтады.

Кейде жасаған жақсылығыңның жаңғырығы өзіңе жамандық боп оралады емес пе? 1881 жылы 1 наурыз күні "Халық еркі" ("Народная воля") партиясының террористері император мінген каретаға бомба лақтырып, ауыр жарақаттады.

Бұл тегін құлдан айырылып қалған қанаушы таптың оған деген бұрқ ете түскен ашу-ызасының көрінісі болатын. Сөйтіп, қайыршылыққа түскен халқына жүрек жылуын сыйлаған II Александр ақыры өз қолымен берген бостандығының алғашқы құрбандығына айналды.

Айтматов. Бірде жерлестеріммен кең отырып әңгімелескенім бар. Дастарқан үстінде сөзден сөз шығып, арғы-бергі дәуірде өткен патшалар мен ақылмандар есімі аталып жатты. Ақыры әңгіменің бұрау басы Сталинге келіп тірелді. Сонда көгентүп қариялардың бірі сақалын саусағымен тараштап отырып, әпсана айтқан.

Сталин айналасындағы жақын жүрген достарын жинап алып: "Қарап тұрсам, сендер елді басқарудың жөн-жосығына бастарың қатып жүрген сыңайларың бар. Ел ұстаған патша — құдай емес, құдайдан былай да емес. Қарапайым халық алдында құлдық ұрып тұруы үшін не істеу

керек? Білмейді екенсіңдер, қазір сендерге үйретейін, дереу тауық алып келіңдер", — деп бұйырады. Алып келсе, көсем тауықтың жүнін әлгілердің көзінше зар қақтырып жұла бастайды. Бар жүнінен айырылып, қызыл шақа терісі қалған тауықты қоя беріп: "Қайда барарын қарап тұрыңдар", — дейді. Тауық мына азаптан қашып құтылайын деп, күнге шықса, денесі күйеді, көлеңкеге тығылса, тоңады. Амалы құрыған бейшара бүгежеңдеп Сталиннің екі аяғының ортасына жасырынып, бас сауғалайды. Сонда көсем қалтасынан алып, жем шашып, өзі әрі-бері адымдап жүреді. Тауығы құрғыр көсемнің соңынан екі елі қалмай, емпең қағып, еріпті де отырыпты. Ауыздары аңқиып қалған достарына Сталин айтты дейді: "Көрдiңдер ме, халық деген осы тауық сынды. Жүнін жұлып ал да, қоя бер. Сонда басқару оңайға түседі", — деп.

Дастарқан басындағы ақсақалдар ойдан шығарылған бұл әпсанаға имандай сеніп, "атаңның көрі, неткен тапқырлық" десіп тамсанысты. "Өмірде осыған ұқсас тірліктер аз ба? Қарашы, Сталиннің ақылдылығын. Басбасына би болғысы келген достарын бір ғана мысалмен мыштай етпеді ме?" деп, бас шайқасып жатты.

— Аңыз болса да, мұның бәрі — ақиқат. Басымыздан кештік, — деп, екінші қария әңгіменің отын көседі. — Кешегі өткен әкелерімізді азын-аулақ малың бар деп, құлақ атандырмады ма? Тұп-тура жүні жұлынған тауықтың кебін киді. Әйтпесе қанатымызды қырқып, жүнімізді талдап жұлудың не қажеті бар еді? Кеңес үкіметі өзі жер бөліп берді. Бидай егіндер, тойыныңдар, артығын қазынаға өткізіңдер десті. Қырманға қызылымыз толып, алдымызға мал бітіп, төріміз кеңіп келе жатқанда, "ойбай, құлақсың" деп, тағы да бір қырына аунап, бұлт ете түсті. Кімнің байлығын басып, қонысын тартып алып ек? Тапсақ, қара жерге маңдай терді сеуіп жүріп тапқан өз нәпақамыз. Тамақ асыраймыз деп жүріп, өзімізге өзіміз дұшпандық қылғанымызды сонда бір-ақ білдік. Обал болар демеді, абақтыға салды, Сібірге айдады, атылып кеткен жұрт қанша ма? Шаруасына кім орнықты, бекем болса, сол алдымен істі атанды. Ырысы асқанды, шөбі көтерілгенді көре алмайтын қызыл көз қызғаншақтардың күні туды. Ел тағдыры солардың қолында еді.

Аттылар атынан, тондылар тонынан айырылып, жатарға үйі, жыртарға жері жоқ, жайдақ қалды. Арада екі жыл өтпей жатып, әкелерімізді "құлақ" деп, ұстап берген қызыл көз қызғаншақтардың өз басы даулы болып, сот пен отқа қатар түсті. Аш өзек халық басы ауған жаққа қаңғырып, босып кетті. Көбісі жүні жұлынған тауықтың күніне зар болды. Ыстық пен суықтан қашып қорғалайтын көлеңке де жоқ еді...

"Қызған гәпті қымыз шығарады" деген бар. Қариялардың сөз таласы қазандай қайнап, қапелімде тізгін тартар емес. Қаншама қайғылы оқиғалар айтылды, небір зұлымдықтың беті ашылды. Жер-жерде "Құдайсыздар комитеті" ұйымдастырылып, дін түгелдей тәрк етілді. Тіпті сол дастарқанның басында кімді кім түрмеге отырғызып, өліміне себепші болғанын, кімдердің киізі мен кілемі, самауырыны кімдердің қолында кеткеніне дейін жария етілді. Әлдеқашан көз жұмса да, біреулер арамзалығы үшін көрінде жатып қарғыс естіді. Керісінше, бақилық боп кетсе де, кейбір басшылардың атына:

— Марқасқаның өзі еді! Қалың елді өгіздей өрге сүйреген — сол. Маңдайымызға сыймай кетті емес пе? — деген марапат айтылды.

Жалпы, елге жасаған шапағатың да, қиянатың да өзіңмен көрге бірге кетпейді деген ой басыма оныншы, бәлкім, осындай оқиғалардың жетегінде жиырмамыншы, тіпті елуінші рет қайта оралған шығар.

Иә, кеңес дәуірінде біздің халқымыз пікір қайшылығына толы қиын кезеңді бастан кешті. Адам өмірінен діннің шегерілуі қоғамды елеулі ұтылысқа алып келеді екен. Бұған керісінше бір мысал:

Мен Люксембургте болған кезімде маған сол кездегі Германияның Президенті Вайцзеккердің канцеляриясынан: "Вайнгард Католик академиясы мәдениет қайраткерлерінің үлкен жиыны болады. Соған Президентіміз Сізді қадірлі мейман ретінде шақырады. Вайцзеккер мырза көптен бері өзіңізбен танысуға ынтық" деп, маған екі-үш рет телефон шақты. Шақыруды ризашылықпен қабыл алып, жолға шықтым. Жиын, әлгінде айтқанымдай, Вайнбургтің Католик академиясында өтті. Президенттің өзі лекция оқып, елдің рухани байлығын, мәдениет пен діннің сабақтастығын жан-жақты баяндап берді. Вайцзеккер әлемдік әдебиет, мәдениетпен жақсы таныс, рухани байлығы мол, білімдар адам екен. Жалпы, өркениетті Батыс Еуропа елдері не заманнан бері бір

арбаға жегілген қос ат сынды мәдениет пен дінді екі жарып, бір-бірінен бөлек қарамайды. Бұлар бір-бірімен шектес. Мен өзімнің түсінік-пайымдауымша, дін мәдениет үшін адам рухын жетілдіру жолдарын іздестіруде оның алдына жарық түсіріп отыратын ажырамас прожектор деген болар едім.

Сол күні маған ұлттық рухтың осы екі бөлігі ажырамас бірлікте болу керек екен-ау деген ой келді.

Шаханов. Іргелі елдің мәдениетті басшысы деген осы. Осыған қарама-қайшы басымнан кешкен бір оқиғаға тоқталайын.

Ол кезде жыл сайын өтіп тұратын ұлы Пушкиннің дәстүрлі поэзия күндері алдымен Псков облысы жерінде басталатын. Атақты Полянада 20—25 мың адам бас қосып, жыр тыңдап, поэзия тойы дүбірлей жөнелетін. Жалғасы Мәскеуде өтіп, Одақтар үйінің Колонналы залында жыр оқумен аяқталатын. Дүние жүзінен атақты ақындар қатысып, алма-кезек сөз алып, оны Орталық теледидар күллі Кеңес Одағына таратып жатар еді.

Бір жылы осы поэзия күндеріне Орта Азия республикалары атынан мен қатыстым. Өз кезегім келгенде, мінбеге көтеріліп, "Сөз құдіреті" деген өлеңімді оқыдым. Шабыттанып, өлеңнің:

— *Надо остерегаться тех людей,
У которых нет чувства слова.
Они опасны, когда становятся руководителями,
Еще опасней, если долго продержатся, —*

деген тұсына келгенде, қолымды төралқада отырған Псков облысының сол кездегі бірінші хатшысына қарай сілтеп-сілтеп жіберіппін. Өлеңімді жұртшылық ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды. Елдің ілтипатына қайта-қайта басымды иіп, төралқаның екінші қатарындағы өз орныма барып отырдым. Шамалы уақыт өткен соң, бір жігіт жаныма жетіп келіп:

— Сыртқа шығып кетіңізші, — дегені. Өңінде ызғар бар, тістене сөйлейді.

— Сіз қолыңызбен не себепті бірінші хатшыны нұсқадыңыз? — десін әлгі сыртқа шығысымен.

Не бүлдіргенімді сонда бір-ақ түсіндім. Сәйкестікті қараңыз: Псков облысының басшысы осы қызметінде ұзақ жылдар тапжылмай отырып қалған екен. Менің өлеңімді оның өзі де, айналасындағылар да теріс мағынада қабылдапты.

— Сізге бұдан былайғы кездесулерде сөз берілмесін деп шештік. Ал бүкіл Одаққа берілетін теледидар хабарынан сіздің әлгі өлеңіңіз түгел алынып тасталады, — деді басшының шабарманы.

Не күлеріңді, не жыларыңды білмеген сол сәтте мына бір әпсана есіме оралып еді:

Баяғы бір заманда біздің елімізді басып алмаққа ниет еткен бір азулы хан әскерін шекараға бөгеп, "бізге қарсы тұрар қандай күші бар екен, барлап қайтыңдар" деп, екі-үш жансызын тыңшылыққа жіберіпті. Олар қайтып оралған соң, хан қасына уәзірлерін, әскербасын шақырып, жансыздардың әңгімесін тыңдапты.

— Ел кезіп жүріп, бір үлкен тойға тап болдық, — дейді олар. — Тойға сол елдің әміршісі де қатысты. Думаны қызып жатқан ақбоз үйге қолына домбыра ұстаған 15—16-лар шамасындағы бозбала кіріп келгенде, төрде отырған әмірші ығысып, қасынан орын берді. Оның мына қылығына таңғалып, себебін сұрап едік:

— Бұл — біздің ақынымыз, — деді масаттанып.

Әңгіменің осы тұсына жеткенде, әскербасы лепіріп:

— Ендеше, мұндай әңгүдік әміршісі бар елді қалпақпен ұрып алмаймыз ба? Ұлы хан ием, әскерді қозғауға рұқсат етіңіз, — дейді. Сонда хан әскербасына ызғар шаша қарап:

— Жоқ. Әскерді кері бұрыңдар. Өз ұлтының ақындарын, рухани байлығын мұншама ардақ тұтып сыйлаған, жүйелі мәдениетке арқа сүйеген елді жеңу жеңіс боп есептелмейді! — деген екен.

Айтматов. Иә, адамзаттың сорына қарай, рухани байлыққа сүйенген және осы ұлы қаруды көз бояушылық ретінде емес, шын мәнінде өзіне ұстаз тұтқан басшылар қай дәуірде де саусақпен санарлықтай аз болған.

Сталиннің қанқұйлы жеке басына табынушылықтан зорға құтылып, партияның XX съезінен кейін біз еркіндік лебін сезінгендей әсер алдық.

Бірақ жер-көкке сыйғызбай, орынсыз мадақтай ала жөнелетін ерсі қылығымызды тастай алмай-ақ қойдық.

Шаханов. Брежнев осы жеке басқа табынушылықтың арқасында ақыл-парасаты, жұмыс қабілеті төмендеген адамның да қаптаған қолпаштаулар мен жағымпаз-

дардың көтермелеулерімен данышпан атануға болатынын барынша жақсы дәлелдеп кетті. Сол тұстағы партия съездері мен Орталық Комитет пленумдары, түрлі жиындар мен мәжілістер Бас хатшыны мадақтауға толы болатын. Ал Брежнев болса қаншама су құйсаң да, бойына сол сәтінде сіңіріп алатын, бірақ оған мейірі бір қанып көрмеген Қызылқұмның борпылдақ топырағындай шөліккеп, әлі де айта түссе екен дегендей, мінбеге құлағын төсей, елжіреп отырар еді. Сөйтіп, тарих сахнасында ауқымы жағынан бұрын-соңды кезікпеген күлкілі спектакль ойналып жатты.

Көрнекті қазақ ғалымы, академик Манаш Қозыбаев өзінің "Брежнев және Қазақстан" атты мақаласында мынадай қызықты фактіні келтіреді.

Украин КСР-іне "Халықтар достығы" ордені тапсырылу құрметіне Киевте болған салтанатты жиында жұртшылық Бас хатшының сөзіне 35 рет қол соққан екен. Осыдан іле-шала Қазақстанда тың игерудің 20 жылдығына орай (1974 жыл, 15 наурыз) Брежневтің қатысуымен үлкен мереке өтетін болады. Қазақстан бұл салтанатқа ерекше дайындық жасайды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы С. Имашев арнайы мәжіліс өткізіп, Брежневке көрсетілер құрметті қайткен күнде де украиндықтардан асырып түсіруді қатаң тапсырады. Арнайы нұсқау алған облыс пен қала, аудан басшылары дереу іске кірісіп, нәтижесінде Брежневтің сөзіне 73 рет "ду қол шапалақтауды" ұйымдастырған. Сөйтіп, басшыға жағымпаздану жоспары украиндық ағайындармен салыстырғанда, екі есе артығымен орындалады. Бейшара Брежнев өзінің "данышпандық" сөзін бұрын-соңды құлақ естіп, көз көрмеген құрметпен қабылдаған халыққа қайта-қайта толқи қарап, кемсеңдей берген деседі көргендер. Мұны Гиннес кітабына жағымпаздықтан жасалған рекорд ретінде енгізуге әбден болатын еді.

Айтматов. Осы жылдары ғой, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқа мүшесі Расул Ғамзатовтың Мәскеуден үйіне: "Сижу в президиуме, но счастья нет" деп жеделхат жолдайтыны.

Шаханов. Әзілмен айтылған бір ауыз сөздің өзінде қаншама астар жатыр.

Брежнев өзінің қуаты кеміп, шау тартып қалған шалдығын жасырғысы келді ме, сол кезгі Саяси Бюро мүшелері мен мүшелікке кандидаттары өңшең қаусаған қарттардан тұратын. 1979 жылы олардың орта жасы 70

жас болатын. Кейбіреулерінің мінбеге көтерілуі мен түсуі мұң еді. Осы саяси "модаға" еліктеген одақтас республикалар басшыларының дені Орталықтың шалдарының аяғын алып жүрген кәрілер болды.

Сол тұста қауіпке айналып бара жатқан осы қаусаған шалдар проблемасы жайында аңызбен тұспадап "12-3 = ?" атты шағын ғана поэма жазғанмын.

Айтматов. Егер жатқа білсең, түгел оқышы.

Шаханов.

Қырқасынан қыран ұшқан, сен ер жеткен аймақты
Ертеде бір хан билепті қайсар әрі қайратты.

Қартайса да, шапқан аттың құлағында ойнапты,

Қия тартқан мақсатына иек артпай қоймапты.

Өз елінің абыройын,

Қорғанысын, ақыл-ойын

Қайтсем биік көтерем деп ойлапты.

Бір болса да, бірегейлі,

Хандығына түбегейлі

Жаңа өзгеріс енгізуге белін мықтап байлапты.

Бірақ сорлы жетіп алмай тоқтаманың парқына,

Мынадай бір заң шығарып, таратыпты халқына:

"Кемел ақыл қарттық шақта ғана деп,

Жастың ісі (негізінен) шала деп

Есептелсін.

Шалалықтан ел несібі шашылар,

Сондықтан да барлық билер, қазылар,

Барлық әскербасылар

Ісін мінсіз атқарған

Сайлансын тек ақ сақалды қарттардан!"

Жастық шақтың мерейін аттап өтіп,

Таптап өтіп, төске өрлей,

Оның ұлы мүмкіндігін ескермей,

Тек қарттықтан бастап ел әңгімесін,

Лезде ұмытты жас қауым тәрбиесін.

Сенімсіздік жұрт қолын байлап алды.

Алаулаған жастық от қайда қалды?

Жиырма беске келсе де,

Өз көжесін

Жылап ішер жасықтар пайда болды.

Өзек болар ел еді мың дастанға,

Енді бүтін мұңына мұң қосқан ба?

Жау дабылы естілсе, бой көрсетті

Қора айналып қашатын жүнбастар да.

Балғын гүлдің шаттығын өмірсіз ғып,

Қайдан шықты бұл мимырт көңілсіздік?

Танымастай өзгертіп жіберді елді

Жастық шаққа жасалған сенімсіздік.

Ханды тағы сайтан түртіп, ойға келді мынадай:

"Хандығымның төрт тағандап тұруы үшін құламай,
Қимыл керек. Кенде емеспіз күштен де.

Тағдыр біздің даңқымызды әлде келте пішкен бе?
Жо-жоқ, тоба!

Соғыс ашып көрейін

Көрші жатқан өзімізден үш-төрт есе кіші елге,

Сөйтіп, шырқау көтерейін пәсең тартқан көңілді".

Соғыс ашып көріп еді, тас-талқан боп жеңілді.

Мұнан асқан қорлық болмас, расында,

Енді, міне, төрт уәзірі қасында,

Қос жанары жылай-жылай суалып,

Селеу шашы ызғар соққан боз жусандай қуарып,

Жолдас болған тәтті арманы балғын бала кезінен

Бір-ақ күнде бал-бұл ұшып көзінен,

Өз кінәсын өзі ақтап ала алмай,

Теке сақал уәзірлерін атарға оқ таба алмай,

Тұтқында отыр хан сорлы,

Сел-тасқында қалт-құлт етіп, әрең тұрған аралдай.

"Күндер қайда салиқалы, сымбатты,

Соққы болды-ау, соққы болды-ау бұл қатты".

Осы сәтте жеңген елдің ақ сақалды әкімі

Ханға қарап тіл қатты:

– Дара шауып кетіп едің сен мүлде,

Қалай, шалым, ақылыңа келдің бе?

Жұмбақ айтам.

Егер тапсаң, азатсың,

Таба алмасаң, өлгім де!

Таба алмасаң, қанатыңнан сынғаның,

Тырысып көр, ақылыңда күш болса?

Мынау ғана менің саған жұмбағым:

НЕ ҚАЛАДЫ ОН ЕКІДЕН ҮШТІ АЛСА?

Үміт, ойсыз отырған шал қуарып,

Білегінен алынғандай бұғалық:

– Онда тоғыз қалады ғой, – деп күлді,

Бәйбішесі ұл тапқандай қуанып.

– Тапқырлық пен ақыл-ой

Сынға түскен ұрыста

Жолың сенің тағы тартты бұрысқа.

– Таба алмадың, – деді әмірші мысқылмен, –

Мойыныңды даярлай бер қылышқа.

Бір жас жігіт алға шықты:

– Сіздіңше, ең ауыр жаза өлу ме?
 Ауыр жаза – тірі қалып, өзінің
 Тауысып бар төзімін,
 Қателігін өз көзімен көруге.
 Және оны түзетуге
 Қолда билік жоқтығына көнуге.
 Ұлы әміршім, ойланыңыз әлі де,
 Ерте, кеш пе, өлім жұрттың бәріне
 Ашары хақ есігін...

Өтінемін, етіңіз бір кешірім.
 Ханымыздың қасық қанын қисаңыз,
 Мен айтар ем бұл жұмбақтың шешімін?!
 – Ал айта ғой, – деді әмірші, – талабыңды шектемен,
 Балаусаға тас атқанды жек көрем.
 Бердім, ұлым, тілегіңді,

төлеуін

Қайтара алсаң кеудеңдегі отпенен?!
 – Иә, иә, балаусаға тас атқан жан оңбайды, –
 Деді жігіт, – жұмбағыңыз күрделі-ақ,
 Әйтсе де оны жұмбақ деуге болмайды.
 Заңдылық – ол. Заңды білмеу – зор қайғы.
 Егер, егер он екіден үшті алсақ,
 Ештеңе де қалмайды.
 Айлар – жылдың ұланы.
 Біздің әрбір жылымыз
 Он екі айдан тұрады.
 Он екі айда үш ай көктем бар екені белгілі.
 Көктем деген – табиғаттың таңғажайып ерлігі.
 Ол ерліктің даңқын ешкім қаға алмайды шеткері,
 Ал жастық шақ – адамзаттың көктемі.
 Міне, осы көктем нәрлі болмаса,
 Әр тіршілік өз қорегін қажетінше алмаса,
 Айырылмай ма бар мағына-көріктен?
 Онда шырын үмітіңнен қараңды үз.
 Көктемде гүлдемесе алмалар мен өріктер,
 Қалған анау тоғыз айда
 Қандай жеміс күте аламыз одан біз?
 Қанша налып, жегеніңмен пұшайман,
 Бұған қарсы табу қиын күш, айла.
 Қараңызшы, тоғыз айдың тағдыры
 Байлаулы тұр үш айға.
 Оған тіпті жүрмек емес басқа заң.
 Мұны және жұмбақ санау – зор қайғы.
 Сондықтан да он екіден ешқашан
 Үшті алуға болмайды.

Алған адам мына біздің ханымыздай сорлайды!
 "Кім өзі бұл, ойы – қылыш, сөзі – мір?"
 Хан түгесіп алардай бар төзімін
 Қарап еді, қарап еді, о ғажап,
 Атқосшысын тани кетті өзінің.
 Еске түсіп қайдағы мен жайдағы,
 Хан күрсіне бас бармағын шайнады.
 "Бітті, бітті, мен өлікпін, өлікпін..."
 Қол бастайтын жігіттерді қорада ұстап келіппін.
 Сорлаппын-ау, қанаттыға болыппын-ау тар мекен,
 Әттең-әттең, қорлаппын-ау жігіттерді нарға тең..."

P.S. Тым кеш келген игілікті ойлардың
 Қайғысынан артық азап бар ма екен?!

Айтматов. Есімде. Жылымық кезеңнің ащы шындығын әдемі аңызбен бүркемелеп айтқан бұл поэманды орыс тіліне Евгений Евтушенко аударған жоқ па еді? Ал мен алғысөз жазып, "Смена" журналына ұсынғанмын. Олар аңыздың түп-төркінінде қандай салмақ жатқанын сезсе керек, басуға жасқанды.

Шаханов. Араға екі-үш жыл түскен соң, Ташкентте, Азия — Африка жазушыларының конференциясында кездескен (сол тұстағы ең көп таралатын басылымның бірі) "Огонек" журналының бас редакторы Анатолий Сафронов:

— Бір шығарманды маған бер, журналыма жариялайын, — деп қолқалаған соң, бағы жанбай жүрген сол "12–3 = ?"-ті қолына ұстата салғанмын.

Кейіннен поэманы баса алмайтынына кешірім сұрап, бұзаудың тіліндей көлемде хат жазып жіберіпті.

Алматыда бұрқ ете түскен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң іле-шала Евгений Евтушенконың өтініші бойынша мені КОКП Орталық Комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі Юрий Воронов қабылдады. Сонда екеуара әңгіме үстінде "12–3 = ?" -ті КОКП Саяси Бюросының мүшесі, КОКП Орталық Комитетінің хатшысы Сусловтың тапсырмасымен оқығанын, тіпті сол тұста бұл поэманың Орталық Комитеттің жауапты жас қызметкерлері арасында әжептеуір әжуа тудырғанын және өзінің менің есімімнің қара тізімге ілініп кетпеуіне белгілі деңгейде мұрындық болғанын айтып күлді. Поэманың жарияланбағанына не себеп болғанын сонда ғана түсіндім...

Ал Горбачев тоталитарлық жүйенің ең бір шиыршық атқан тұсында билік басындағы қаусаған шалдардың

арасына жастық жігерімен кіріп, қайта құру мен демократияны өмірімізге енгізді. Жетпіс жылдан астам уақыт шектеулі бір ұғым, бір түсінікпен жүріп келген елге сөз, ой бостандығы мен даму еркіндігін беру, шын мәнінде, айтулы да батыл іс еді...

Михаил Сергеевичпен Сіз өте жақсы қарым-қатынаста болдыңыз. Ол осы өз басы үшін қауіпті қадамға біле тұра, тәуекел етті ме, әлде қоғамның өзгерісі мен дамуы еріксіз мәжбүр қылды ма?

Айтматов. Дұрыс айтасың, сол тұста Горбачев, қай қырынан алып қарасақ та, жаңалығы мен ішкі қайшылығы тең түскен саяси қайраткер болды. Өзіне дейінгі көсемдер жүріп өткен соқпақпен кете берсе, елді басқара берер ме еді, кім білсін. Жоқ, ол оны қаламады.

Елімізде демократиялық қозғалыстың қарқын алып тұрған тұсы. Кремльдегі бір жиын алдында Горбачевпен кездесіп қалдым.

— Жүріңіз, асықпай әңгімелесейік, — деп, ол кабинетіне бастап келді.

— Орта Азия мен Қазақстанның қазіргі жағдайы Сізге етене таныс. Саяси, мәдени ахуалы, экономикасы жөнінде нендей ойыңыз бар? — деп, сауал тастады.

Өз білген-түйгенімді алға жайдым... Оңаша отырып, көп сөйлестік.

— Мен Сізге билік жайында бір аңыз айтып берейін. Мені дұрыс түсінерсіз деп ойлаймын, — дедім. Ол үнсіз бас изеді.

— Бір елді заманында аты әйгілі император билеген екен. Оған алыстан ат арытып келген бір жолаушы мынадай әңгіме айтады: "Тақсыр, сіз билік басына келерде, қарамағыңыздағы ел-жұртқа толық еркіндік беруге уәде еттіңіз. Бірақ еркіндік берген соң, сіз халықтан жақсылық көрем деп ойламаңыз. Жағаңызға жармасады, билігіңізге қауіп төндіреді. Ақыры өзіңізді тақтан жығып тынады. Сондықтан әлі де кеш емес. Ойланыңыз. Алдыңызда екі жол айрығы тұр. Иә, елге бостандық беріңіз немесе билігіңізді уысыңыздан шығармай, ұстап қалыңыз.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, ұлы ағзамның ісіне араласып, шаруасына күмән келтіру — күпірлік. Ондай адамның басы алынуы да мүмкін. Мұны білетін императордың жасауылдары иесі ым қақса бітті, әлгі бейшараның басын шауып тастауға әзір тұрады.

— Бұл адамға менің атымнан сыйлық беріңдер. Өз жолымен кетсін, — депті ұзақ ойланып қалған император.

Менің айтқан аңызымды Горбачев үнсіз тыңдады. Не үшін әңгіме қозғап отырғанымды түсініп, тіпті өңі қуарып кетті.

— Шыңғыс Төреқұлович, мен енді өз бағытымнан таймаймын. Кері қайтарар күш жоқ. Ел-жұртқа бостандық алып беремін деп, уәде еткен екенмін, аяғына дейін шыдаймын. Осы жолда биліктен айырыламын ба, әлде басым кете ме, бәріне де тәуекел еттім, — деді.

— Ендеше, осы таңдаған жолыңыз құт болсын! — деп жылы қоштастым.

Аузыма құдай салған екен.

1991 жылы Мәскеуде бұрқ ете түскен саяси дүрбелең Ельциннің басқаруымен басылып тасталған кезде, Парижде шығатын "Париматч" деген газеттен маған телефон шалып: "Сіз Горбачевпен жақын, пікірлес адамсыз. Қазір ол тарих сахнасынан кетіп бара жатыр. Осы жайында не айтар едіңіз?" — деген. Мен сонда Горбачевқа айтқан әлгі аңызымды қайталап бергенмін. Ілешала газетте жарияланды.

1989 жылы Горбачевпен бірге, делегация құрамында Қытайға барған сапарымнан үлкен әсермен оралдым. Сапардың негізгі мақсаты — көршілес жатқан екі алып мемлекеттің арасындағы ұзақ жылдарға созылған салқын қабақ қарым-қатынасты реттеу. Мүмкіндігінше экономикалық, сауда-саттық байланысын өрістетуге жайы еді. Кеңес Одағында Горбачев бастаған қайта құру мен демократияның дәуірлеп тұрған шағы. Дүние жүзі елеңдесіп, көз тігіп отырған кез. Адалын айтсақ, біздің елдегі өзгеріс пен ояну әлемдегі мемлекеттердің қай-қайсысына болмасын сол тұста әсерін тигізбей қойған жоқ. Күні бүгінге дейін Еуропа елдері "Горбачев", "перестройка" десең, ілтипатын аяп қалмайды.

Бұл біздің ел үшін жаңа тарих, жаңа заманның басталысы еді. Мұның аяғы қайда барып тіреледі деген көңілде түйткіл де жоқ емес-ті. Демократия, алдымен, там-тұмдап жұрттың санасында қозғалысқа түсті. Кейін ұшқыннан жалын лаулады. Ол — өз алдына бөлек әңгіме. Біздің Қытайға сапарымыз Пекиндегі жастар мен студенттердің толқуына тұспа-тұс келді. Тянь-Аньмынь алаңына мыңдаған кісі жиналып, үкіметіне өз талап-тілектерін қойып, күндіз-түні толқу бір басылмай, жалындап тұрған

сәт екен. Қытайға Горбачевтың келгенін естіген шерушілер үсті-үстіне көбейіп, тіпті өршіп сала берді.

— Горбачев біздің арамызға келіп, сөз сөйлеп берсін. Қалың елді демократияның жай-күйімен қанықтырсын. Тағатсыз күтудеміз, — деп, осы жолға бас тіккендер ашық талап қойды. Олардың өтінішін радио, теледидар елге күндіз-түні жағы сөмбестен хабарлап жатты. Қытайдағы шетелдің елшіліктері енді не болып кетер екен, Горбачев ереуілшілердің шақырғанына бара ма, жоқ па? — деп, елендесіп отырды. Осындай тығырыққа тірелген шақта Горбачев қатты қиналды. Не істеу керек? Бір толқыған сәтте: — Орталарына барсам, қайта құрудың мән-жайын айтып, жастардың қозғалысын жандандырып жіберсем, — деп те ой түйді. Жанындағы кеңесшілері:

— Сіз Қытай үкіметінің шақыруымен келген қонақсыз. Негізгі мақсатыңыз — үкімет басшыларымен ауызбірлікте болып, түрлі келісім-шарт түзу. Шатақ шығарып жатқандарға барсаңыз, осы игі істің бәрі бүлінеді. Өзге елдің ішкі саясатына араласуға қандай хақыңыз бар? — десіп, сабырға шақырады.

Десе де, өзі бастаушысына айналған идеяның өрістеуіне өзі дем бере алмай, бұғып қалғандай көрініп, жаны қысылған Горбачев әрқайсымызбен жеке-жеке кеңесті.

Ақыры Тянь-Аньмынь алаңындағы жастарға Горбачевтың қолдау көрсеткен ашық хаты жолданды.

Бір қызық жері, біздің делегацияны қабылдап, қонақасы берген үкімет үйінің терезелерінен Тянь-Аньмыньде жиналған көтерілісшілердің қара құрым тобы көрініп тұрды. Қатар-қатар ғып шатыр тігіп алып, тапжылжыр түрлері жоқ. Бір мақсат жолында біріккен қытай жастары үсті-үстіне ағылып келіп жатты. Араларынан машинамен өту мүмкін емес, жолдың бәрі жанжақтан қоршалып тасталған.

Кереғарлықты қараңыз, іште Горбачев отыр, ал қабырға сыртында соның идеясымен қанаттанған жастар дүрбелең салып жатыр. Бірақ бір-бірімен беттесіп, бір ауыз сөз айтуға мүмкіндіктері жоқ. Қол-аяғыңды еріксіз байлаған саясаттың шырмауы деген осы.

Біздің делегация елге жүріп кеткен соң, екі-үш күннен кейін Қытайда қан төгіс басталды. Жүздеген жастың қақтығыс кезінде құрбан болып кеткенін әлем жұртшылығы жақсы біледі.

Шаханов. Менің ойымша, Горбачев билікке демократиялық мінезбен келді. Дұрыс делік. Екінші жағынан,

тоталитарлық жүйе қалыптастырған диктаторлықтан да ажырағысы жоқ. Яғни екі қошқардың басын бір қазанға салып қайнатқысы кеп, көп әрекеттенді. Қай елдің тарихына көз жүгіртсеңіз де, бұлай істеу мүмкін емес еді. Иә, демократ болып қал да, диктаторлықты өлтір. Немесе, керісінше істе. Горбачевтың түбіне жеткен осы екеуінің бірін өлімге қимаған солқылдақтығы деп білемін.

Айтматов. Рас, сенің маған қарағанда Горбачевке деген көзқарасың қаталдау. Ол кезде Желтоқсан оқиғасы бір жақты бағаланып, "қазақ ұлтшылдығы" деген айыптың мызғымай тұрған шағы. Сенің съезде сөйлеген сөзің Кремльдің қабырғасында түп-тура бомба жарылғандай әсер етті емес пе? Сені сол кезде бір пәлеге ұрынып қала ма деп, қауіптеніп жүргенім де рас.

Шаханов. Иә, Горбачевтың басынан да билік дәурені өтті. Желтоқсан оқиғасы әлем тарихынан өзінің халықаралық деңгейдегі лайықты бағасын әлі де толық алған жоқ. Бірақ халқымыздың маңдайына қарғыс таңбасындай боп басылған "қазақ ұлтшылдығы" деген жалған айып сылынып тасталды.

Мәскеуде Сіздің "Кассандра таңбасы" атты романыңыздың талқыланатынын, оған Горбачевтың қатысатынын өзіңізден алдын ала білсем де, қызмет жағдайына орай, бара алмадым. Демократия мен диктатураны қатар ұстамақ болған басшымен араға жылдар салып, бір әңгімелескім келіп-ақ еді...

Айтматов. Иә, "Кассандра таңбасы" жайында болған әңгімеге Евтушенко, Вознесенский, Искандер, Дементьев, Гачев, Гачевтың жұбайы — әдебиетші, философ Светлана Семеновна қатысып, бірінен соң бірі пікір білдіріп жатты. Михаил Сергеевич те сөз алып:

— Бұрын қысым, шектеу көріп келген көркемөнердің барлық саласына қайта құру кезінде толық бостандық бердік. Қазірде анайылықты әспеттейтін, кісі зорлауды, қорлауды, өлтіруді сүйсіне суреттейтін әдебиеттер қаптап шығуда. Бұл бостандықты керісінше, теріс бағытқа пайдалану болып табылады. Бұған өз басым мүлде қарсымын, — деді ол.

Шаханов. Сол кездесуге қатысқан Рустем Хаировтан Горбачевтың Сіздің романыңыз жайлы өте жоғары пікір айтқанын естідім.

Айтматов. Иә, роман оған ұнаған екен. Бастапқы әңгімеміздің желісіне қайта оралалық.

Демократия адамдардың ертеңгі күнге деген сенімі ретінде қалыптасуы керек. Сол сенімді орнықтыратын

құдіретті күш — мемлекеттік, жалпыға ортақ Конституция болып табылады. Қоғамның қарапайым мүшесінен бастап елдің ең жоғары лауазым иесі — Президентіне дейін әділ заңның алдында бас июге тиіс. Президент жаңарып, парламент ауысқан сайын, Конституция да солардың көзқарасына қарай құбылып отырса, ең алдымен, елдің сенімін өлтіреміз. Мәселен, Америка Құрама Штаттары екі жарым ғасырдан бері бір Конституцияның негізінде өмір сүріп келе жатыр.

Люксембургте өткен бір оқиғаны есіме жиі аламын.

Ел болған соң, ірілі-уақты қылмыс болмай тұрсын ба? Сот бір адамды қылмысты деп танып, бас бостандығынан айырады. Қылмыскер қолына соттың шешімін алып, үй ішімен қоштасып, түрмеге келмей ме? Түрменің бастығы: "Қазір орын жоқ, бір айдан кейін келіңіз", — деп әлгі қылмыскерді үйіне қайтарады. Келесі жолы жанына әйелін ертіп, қайта барса, тағы да орын босамаған. Осы жағдай үш айда үш рет қайталанады. Ақыры шарасы таусылған қылмыскер: "Маған түрмеден орын тие ме, жоқ па, қаншама уақытым босқа кетті, бұл — не деген әділетсіздік", — деп, газетке шағым жазады.

Мұны оқыған жұртшылық: "Адам құқы аяққа тапталып жатыр, түрменің бастығын орнынан алу керек", — деп, шу көтерді.

Қолына соттың қағазын алып, "Мен — қылмыскермін, қамай көріңдер" деп, түрмеге бару түгілі, түрменің іргесін қазып, қашып кететін біздің адамдар үшін бұл оқиға әзіл-сықақ сынды естілер, ал өркениетті қоғам үшін шындық.

Осының бәрі заңды сыйлағандықтан, құрметтегендіктен, оған деген сенімнен шығып жатыр. Әділ заң айыпты деп тапты ма, жазанды өтеу — парыз, одан қашып құтылам деген ой, мәселен, Люксембургте ешкімнің өңі түгіл, түсіне де кірмейді. Жұмысшысың ба, бай бизнесменсің бе, не болмаса суперменсің бе, — бәрібір Конституцияның алдында бас июің шарт.

Заң қызметкерлері қылмыскерлермен ауыз жаласып, параға шырмалып жатса, демократия жар шетінде тұр деген сөз.

Конфуций былай деген ғой: "Басшы әділ де адал болса, жазықтыны жазалау оңайға түседі. Өзің кез келген ит аузын малатын итаяқтай харам болсаң, қол астыңдағылардан бойыңда жоқ адалдықты қалай талап етесің?.."

Бір елдің Президенті атану — ұлы құрмет. Жер шарындағы бес миллиардқа қарай ойысқан халықтың

ішінде король, император, патша, хан, президент атанғандар аз болған жоқ. Солардың ішінде қаншасы орнынан түскен соң, өзі билеген халықтың қапысыз махаббатына бөленіп, тарихта аты алғыспен аталды екен? Билеушілердің көбінің түбіне шексіз марапат, лауазым күшін асыра пайдалану, жемқорлық, дүниеқорлық, саяси сауатсыздық және қылмысты элементтердің ықпалында кету сынды қауіпті дерт жетті.

Шаханов. Егемендік алған Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері өздерінің алғашқы президенттерін сайлап, оңаша отау тікті. Осы бауырлас елдердің мемлекет басшылары: Нұрсұлтан Назарбаев, Ислам Каримов, Асқар Ақаев, Сапармұрад Ниязов пен Эмомалы Рахмоновтар Сізді әлем әдебиеті патриархтарының бірі ретінде ерекше құрмет тұтатыны белгілі.

Нұрсұлтан Назарбаев Сізге "Қазақстанның халық жазушысы" мәртебелі атағын берді. Ислам Каримов болса Өзбекстандағы ең жоғары награданың бірі — "Достық" орденін өңіріңізге тақты.

Мұны Сіздің барша құрлық оқырмандарын тәнті еткен шығармашылығыңызға, азаматтық қасиетіңіз бен парасатыңызға деген інілеріңіздің ілтипаты демеске шара жоқ.

Ендігі әңгіме желісін осы тәуелсіз жас мемлекеттердің тұңғыш президенттеріне қарай бұрсақ.

Айтматов. Дұрыс. Оларға бағаны, негізінен, тарих береді. Билік тұғырында тұрған адамға айтылар мақтау сөздің шегі-шетін табу да қиын шығар. Басшы осы бос мадақ, марапаттауларға сын көзімен қарап, тіпті кейбір асыра сілтеп жібергендеріне қатаң тыйым салып отырса, бағы жанары хақ. Әйтсе де, "Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тассын" дегендей, олардың өзіміз аңғарған кейбір өрелі қасиеттерін айта кеткеннен ұтылмаспыз деп ойлаймын.

Қазақстанда жүзден астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Осындай үлкен елді қоғам алмасқан өлара кезде, ұлтаралық қатынастардың шиеленіскен түсында басқару Нұрсұлтан сияқты әлем назарына іліккен саясаткерге де оңай жүк болмағаны айқын.

Екеуміз Алматыда, Мәскеуде, Брюссельде жүздесіп, талай мәрте сұхбат құрдық. Осы кездескен сәттерде Назарбаевтың рухани бай, білімдар адам екеніне көзім жетті. Әрине, ел басқаруға мұның өзі де аздық етеді. Десе де, жан дүниесі таяз адамнан үздік саясаткер шықпасы анық.

Шаханов. Нұрсұлтан Назарбаев жайлы әңгімеге кіріспес бұрын, өзім куә болған мына бір хикаяны айта кетейін.

Кезінде Атырау облысының Балықшы ауданында партия комитетінің бірінші хатшысы болып Орынбасар Еркінов деген бір ер көңілді, өнерге жаны жақын азамат істеді. Белгілі сазгер Әсет Бейсеуов екеумізді шақырып, ауданын аралатты, Каспий теңізіне саяхат жасатты. Бізде қарыздар боп қалғанымыз жоқ, Әсетпен бірігіп (мен сөзін, ол әуенін), "Жайықтан қайтқан тырналар" деген ән жаздық. Ауданның Мәдениет сарайында өткен кездесуде жаңа ән орындалды. Жиналған көпшілік ұзақ қол шапалақтап, әнді қайталап айтқызды.

Қыза-қыза, сахнада тұрған әншілерге Орынбасар да бірге қосылып кетті.

Жетпісінші жылдардағы партия қызметкерлерінің жұмыс жүйесін өзіңіз жақсы білесіз. Сахнаға шығып, ән салу олардың сіресіп қалған әдебіне мүлдем жат. Тіпті естіген құлаққа түрпідей тиетін кез.

Орынбасардың әлгі қылығы облыстағы үлкен басшылардың бірінің құлағына жетеді. Дереу сөз көтеріліп, несін айтасыз, қызметінен ажырай жаздап, әупірімнің күшімен зорға қалған...

Нұрсұлтан Әбішұлы сол тоталитарлық жүйенің тәлім-тәрбиесін көріп өскен саясаткер болса да, өнер десе, жайнап кететін жайдары жан. Бір республиканың Президенті екенмін деп, кеуде керіп тұрмай, үлкен тойлар мен салтанаттарда домбыраны күмбірлете шертіп, сүйікті әндерін шырқай жөнеледі. Келініңіз Сара Алпысқызы екеуі қосылып, халық әндерің келістіре шырқағанының талай рет куәсы болдым.

1993 жылдың аяғында Қырғызстанның Халықаралық "Руханият" қауымдастығы Қазақстан Президентіне "Жылдың ең таңдаулы адамы" атағын берді. Сыйлықты тапсыру салтанатына Нұрекең өзімен бірге республикамыздың көрнекті әдебиет, мәдениет қайраткерлері: Әбіш Кекілбаев, Әлібек Дінішев, Алтынбек Қоразбаев, Досхан Жолжақсыновтарды да ерте келді. Сол алқалы жиыннан кейінгі шай үстінде белгілі сазгер-әнші Алтынбек Қоразбаевтың ел арасына кеңінен тарай бастаған "Шашбаулым" әнін автормен бірге қосылып орындады. Ал сазгер үшін өз әнін өз мемлекетінің Президентімен қосылып орындаудан артық абырой жоқ шығар, сірә.

Сол салтанат үстінде Әлібек Дінішев пен Досхан Жолжақсыновқа өзі қолқа салып, алма-кезек қаншама

ән айтқызды. Тіпті, өнердің бір құлағын ұстап келген менің өзім әншілердің жаңа репертуарына енген кейбір туыңдыларды біле бермейді екенмін. Нұрекеңмен андасанда сәті түсіп, сырласа қалғанда, оның халқымыздың арғы-бергі тарихына сұңғыла екендігіне тәнті боламын. Бірде әңгіме шығармашылыққа ойысқанында, ол: — Осы сен Қойшығара Салғариннің "Көмбе", "Алтын тамыр" атты тарихи роман-эссесін оқып па едің? — деп сұрады. Кітапханамда тұрғанымен, оқып шығуға уақыт таппай жүргенмін, ыңғайсызданып қалдым.

Дирижері Нұрекеңнің өзі болған өте бір күлкілі оқиға әлі күнге есімнен кетпейді.

Желтоқсан оқиғасының бұрқ ете түсуіне басты себепкер болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Колбиннің түкірігі жерге мұз боп түсіп тұрған кез. Арал апаты тұралы әр түрлі пікір қақтығысына жолығып жүрген қарбаласы мол шақта теңіз қасіреті жайлы мәжіліс өткізу туралы ұсыныс жасап, Колбиннің келісімін алдық.

Жиын Қызылорда қаласында өтетін боп келісілді. Нұрсұлтан Назарбаев ол тұста республика Министрлер Кеңесінің Төрағасы еді. Әр түрлі сала министрлері мен ведомство басшылары бар — бәріміз облыс орталығына ұшып келдік. Колбин ұзақ кіріспе сөз сөйлеп, Назарбаев баяндама жасап, артынша Халықаралық "Арал—Азия—Қазақстан" қоғамдық комитетінің президенті ретінде маған сөз берілді. Сол сөзімде мынадай бір мысал келтіргенім бар:

Францияның королі XIV Людовик сайтан түртіп, өлең жазумен әуестеніпті. Әрі әлгі балдыр-батпағын Францияның сол кездегі атақты сыншысын шақырып алып оқытып, өз ойын ашық айтуын сұрапты. Сыншы ойланып қалады. Корольді сынау — арыстанның апандай ашылған аузына өз еркімен бас сұққанмен парапар. Ал өлеңдерін мақтайын десе, әділдік өліп барады. Сонда қиыннан қиыстырып жол тапқан сыншы:

— Ұлы мәртебелім, сіз мәнсіз, мағынасыз өлең жазуды алдыңызға мақсат етіп қойған екенсіз. Сол ойыңызды керемет шеберлікпен орындап шығыпсыз! — депті.

Билік басында тұрғандар аузын басып, адымын аштырмағанмен, шындықты бетке айтқан азамат ұлдар

біздің қазақ халқында да аз болмаған дей келіп, одан әрмен Арал апаты жөне жалпы Қазақстан экологиясы туралы қадау-қадау ойларымды айтып, мінбеден түстім.

Түскі үзіліс жарияланды. Жиын өтіп жатқан Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрының бір бөлмесіне тамақ әзірленген екен. Дәмге шақырылды. Дастарқан басына Колбин мен Назарбаев, КОКП Орталық Комитетінің сектор меңгерушісі (аты-жөнін ұмыттым) және Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әуелбеков — бесеуміз жайғастық. Тағам ала бергенімізде, Нұрсұлтан Әбішұлы қуланып:

— Қазір саған ағанды айдап салайын ба? — деді әдейі қазақ тілінде. — Әлде ауыз бастырық бересің бе?

— Ағамыз бала емес қой, — дедім ойымда дәнеңе де жоқ.

— Ендеше, көр де тұр.

Сосын:

— Мұхтар, — деді ол маған әдейі бұрылып, орыс тілінде. — Сенің сөзіңді жұрт өте жақсы қабылдады. Әлденеше рет қол соғып, қошемет көрсетті. Бірақ сенің король туралы айтқаныңды қалай түсінуге болады? Оның Аралға қандай қатысы бар? Сен осы мысалың арқылы Геннадий Васильевичті меңзеп отырған жоқсың ба?

Сол сол-ақ екен, Колбиннің түсі бұзылып сала берді.

— Шынында да, сен сол король арқылы мені айтқан жоқсың ба? Әлгінде байыбына онша бармаған екенмін ғой, — деп, бұрқан-тарқан боп ашулансын.

— Жо-жоқ, мен оны басқа мағынада, тіпті басқа ойды дәлелдеу үшін айтқанмын, — деп көріп ем, илігер түрі көрінбеді. Ойламаған жерден ішіп отырған тағамнан дәм қашты. Тіпті соңы насырға шауып кетуі мүмкін еді, аразмызға қайтадан Нұрсұлтан Әбішұлының өзі түсіп:

— Геннадий Васильевич, мен жай әзілдеп отырмын. Мұхтардың әуел бастан өз ойын тарихи фактілермен, философиялық астарлармен дәлелдей сөйлейтіні бар. Корольдің сізге тіпті де қатысы жоқ. Жұрт та олай ойламайды, — деп, ыңғайға әрең келтірді. Жалпы, логикасының күштілігі ме, әлде адам психологиясын жетік білгендігінің арқасында ма, Назарбаев кезінде Колбинді қалай болса солай, өз бағытына бұрып әкете беретін-ді.

— Ә, солай десеңші, — деп, Колбин бұрынғы сабасына қайта түскендей болды.

Айтматов. Колбиннің билік басына келуі қазақ халқының тарихына өшпестей қанды із тастап кетті ғой. Бір рет Қазақстанға барған сапарымда арнайы шақырып,

қабылдағаны есімде. Алғашқы әсер көбіне алдамшы шығып жатады ғой. Маған жөнбілгі адам боп көрінген. Бәлкім, солай көрінгісі келген шығар.

Шаханов. Колбин республикаға басшы боп сайланған соң, өдебиет пен өнер қайраткерлерінен сүйеніш тапқысы келіп, оларға тәтті тіл, жұмсақ шыраймен қарай бастағаны рас. Бірақ онысының шын жүректен шыққан ықылас еместігі әйгіленіп қалды. Есепке құрылған қулықтың қашан да башпайы қылтиып тұрмаушы ма еді?

Алғашында "бір жылдан соң қазақша баяндама жасайтын боламын" деп, талайдың аузын аштырып, көзін жұмдырған. Ақыры "Саламатсиз ба?" деген сөзден әрі аса алмаған күйі Қазақстанмен қош айтысты.

Айтматов. Ұлттық дәстүр мен салт-сананы, елдің рухани қазынасын толық меңгермей, үстірт қалқып өтем дегендердің ел басқаруда бағы қашан жанып еді?

Шаханов. Бірде екеуара әңгіме үстінде Нұрсұлтан Назарбаевтан мынандай бір қанатты аңыз естігенім бар:

Баяғыда тасы өрге домалап тұрған бір хан жанына нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Орман кезіп, қыр асып келе жатса, алдынан екі көзі ботадай мөддіреген, сауыры жез құмандай жылт-жылт еткен сұлу киік қаша жөнеліпті. Хан садақтан оқ атып, киіктің артқы аяғын жаралайды. Бір жағы құлама жар, екінші бүйірден хан нөкерлері қиқу салып, қыспаққа алғанда, жаны қысылған бейшара киік жандалбасамен сонадайдан көз тартқан ақбоз үйдің ашық тұрған есігінен ішке қойып кетіпті. Үй иелері жайылған дастарқаннан түскі тамақ ішіп отыр екен. Есіктен енген киік жаюлы дастарқаннан бір-ақ ырғып, төрдегі керегеге тұмсығын тіреп, солығын баса алмай, тұрып қалыпты.

— Шығар киікті! — деп дауыстайды хан ат үстінде тұрып, төрде тамақ ішіп отырған қарияға. — Бұл тау тағысын түстік жерден қуалап келіп, сенің үйіңде қолға түсіріп тұрмын. Мұның менің олжам екеніне ешкімнің дауы жоқ шығар?

Сонда қария: — Сөзің орынды, хан ием. — Киік сенің олжаң екені де рас. Бұл сорлы жаны қысылған сәтте менің төріме шығып кетті. Ортада дастарқан жаюлы жатқанын өзің көріп тұрсың. Ал ата салтымыз бойынша дастарқанды аттап өте алмайсың. Көздеріне қан толып, бір-біріне өлердей

жауыққан екі адамды татуластырарда дастарқан басына алып келмеуші ме еді? Тіпті хан болсаң да, дәстүрден үлкен емессің. Ал дәстүрді, қалыптасқан ата салтты бұзсаң, қалың елдің табасына қаласың, жолың болмайды, — депті.

Хан аталы сөзден жеңіліп, ат басын кері бұрыпты.

Айтматов. Кеудесіне парасат ұялаған аңыз екен. Ел басшысы өз елінің ата-салтын, дәстүрі мен ибасын шын ділімен құрметтеу арқылы ғана үлкен кемеңгерлік биікке көтеріледі. Ал ғасырдан ғасыр өтіп, әбден сұрыпталған ұлт мәдениетін менсінбей, оған астамси қарағандар әрдайым елдің қарсылығына жолығып отырған.

Шаханов. Хрущевтің кезінде Қазақстан идеологиясын басқарған бір басшы қонақтың алдына қойдың басын тарту феодализмнің қалдығы, надандық, әрі мал санын кемітіп жіберетін зиянкестік деп жар салып, бүкіл ұлтты өзіне қарсы қойып алған-ды. Тағы бір қызық оқиға бар. Хрущев Алматыдағы салтанатты жиынға қатысуға келеді. Ол кездегі салт бойынша, республика басшылары мәртебелі мейманды тосып алу үшін, әуежай үйінің алдына астананың еңбекші өкілдерін, гүл ұстаған пионерлерді, жалауша көтерген жастарды жиып әкеліп, қуанышты жағдайды қолдан жасап қоятын. Әлден уақытта тәлтіректеп, екі аяғында әзер тұрған Никита Сергеевич ұшақтан шығып, трап алдындағы үлкен алаңда тұрған қаптаған елге қарап, басындағы шетен қалпағын жоғары көтерген күйі:

— Өзбек халқына жалынды сәлем! — деп айғайлапты.

Шамасы, Орта Азияның қай республикасына келіп тұрғанын ұмытып, қара басса керек.

Мұның түп-тамырында ішкі мәдениет пен өренің кемдігі, әрі менсінбеушілік пен астамшылық жатыр емес пе?

Айтматов. Өзбекстанның Президенті Ислам Каримовпен алғаш рет 1990 жылы кездестім. Ош оқиғасы есінде шығар, ойда жоқ жерден ұлт араздығы оянып, өзбек пен қырғыз арасында қан төгілгенде, шыдап тұра алмадым. Мәжіліс кезінде Горбачевке жолығып: "Маған рұқсат беріңіз, Ошқа барайын. Араздық неден туды, өз көзіммен көрейін. Қолдан келген жәрдемді берейін", — дедім. Ол өзіне КСРО Қауіпсіздік комитетінің төрағасы Крючковты, КСРО Қорғаныс министрі Язовты шақырып алып, дереу арнайы ұшақ әзірлеңдер деп, тапсырма

берді. Сол күні жанымдағы бір топ кісілермен бірге Мәскеу түбіндегі Чкалов атындағы әскери әуе алаңынан ұшып шықтым.

Ташкент әуежайына келіп түсісімен, Өзбекстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Әділ Якубовқа хабарластым. Бәріміз сол жерде жолығып, жөпелдеме мәжіліс өткіздік.

Бауырлас екі халық бір-бірімен жаға жыртысып жатыр. Төбелесті қалай тоқтатып, байқаусызда тұтанған өртті қалай өшірген жөн, міне, бәрімізді тұйыққа тіреген осы мәселе болды. Әуежайда тұрған екі сағат ішінде: "Ферғана облысында ондаған мың өзбек Ошқа қарай шыққалы тұр", "Кешеден бері алайлық қырғыздар атқа мініпті" деген жайсыз хабарлар жанымызды жегідей жеп барады.

Сонда Өзбекстандағы әр түрлі қоғамдық ұйымдардың басшыларына қаратып: "Ендігі жерде сенікі дұрыс емес, менікі дұрыс сияқты сөзді доғарайық. Шындап келгенде, екі жақтан да қателік кетті. Қайтып дауды өршітпейік," — деген ұсыныс айттым. Жиналғандар тегістей қолдау көрсетті.

Араға аз уақыт салып, менің келгенімді естіген Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ислам Каримов та әуежайға жетті. Іскер жігіт екені сөзінен, жүріс-тұрысынан көрініп тұр. Оңаша отырып әңгімелестік. Менің айтқаным: "Ошқа басып кіреміз деп тұрған ферғаналық күштерді тоқтатыңыздар. Бір қозғалып кетсе, ашулы топты ақылға шақыру оңайға түспейді. Соңы қырғынға ұласуы мүмкін. Біз өз жағымыздан Ош облысын тыныштандыруға әрекет етеміз", — дедім.

Исламның ойы да сол екен. Сөзімді бірден мақұл көрді. Ұшақтың трапына дейін шығарып салып, қоштасты.

Ош облысына барып, жағдаймен танысқан соң, Өзбекстан теледидарынан республика халқына арнап сөз сөйледім. Оқиғаның неден басталғанын сараптай келе, қақтығыс осылай өрши берсе, қандай апаттарға кезіктірерін қадап-қадап айттым. Жанымда Әділ Якубов пен Пірімқұл Қадыров болды.

Ол екеуі де менің пікірімді қолдап, өзбек халқын сабырлылыққа шақырды...

Сол жолы ғасырлардан бері іргесі ажырамаған туысқан екі халықтың арасындағы кикілжіңді басуда Ислам Каримов үлкен басшыға тән парасат, азаматтық мінез танытты.

Бірде қазақстандық ПЕН-клуб кезекті мәжілісін Қостанай қаласында өткізген. ПЕН-клубтың басшысы Әбдіжәмил Нұрпейісовтың шақыруымен мәжіліске қатысып, Франкфуртқа қайтар жолда Ташкентке соқтым. Кешке қарай мен түскен жерге Ислам Каримов келді. Сөйтіп, екеуміз талай сағат әңгіме-дүкен құрып, Кіндік Азияның қазіргі заманғы мәдениеті жайында ой өрбіттік.

Ислам сөзімді ынта қоя тыңдап, өзінің де көкейде жүрген келелі ойларын ортаға салып отырды. Бұрын оны тек шаруашылықтың ғана бүге-шігесіне дейін білетін алымды азамат деп ойлаушы едім. Ел мен жердің тарихына қанық, жалпы көркемөнердің қай саласынан да мол мағлұматы бар қайраткер екеніне көзім жетті. Кейін Ташкент қаласында бой көтерген Орталық Азия халықтарының Мәдениет ассамблеясын (ОАХМА) құру идеясы да сол жолғы терең сырласу үстінде туып еді.

Шаханов. Иә, 1995 жылы сол Мәдениет ассамблеясы ашылып, оған өзіңіз бір ауыздан президент болып сайландыңыз. Егемендік алған соң, жеке-жеке шаңырақ көтеріп, байырғы байланысын үзіп алған әдебиет пен өнер қайраткерлері емін-еркін сырласып, ортақ проблемаларды қозғап, бір жасап қалды. Сол келелі жиында өзбек ақын-жазушылары: Әділ Якубов, Шүкіролла, Абдулла Арипов, Аман Матжан, Якубжан Хожамбердиев, Ахмаджан Мелибаев, Жамал Кемал, кинодраматург Хайрулла Жураевтармен жүздесіп, Ислам Каримов жайлы жылы пікір естідім. Қаламдас достарымның барлығы да республика Президентінің көшелі парасат иесі екендігін айтты. Тіпті бір жылдың ішінде, басқасын былай қойғанның өзінде, мынадай қиын кезеңде ақын-жазушыларға елу үй бергізгені (тек Ташкент қаласының өзінде) рухани байлықтың көсегесін көгертуге жасаған зор қамқорлығы емес пе?

Жасыратын не бар, бұрын әр түрлі алыпқашты әңгімені көп естігендіктен бе, Ислам Каримовке саясаткер ретінде сырттай риза болмай жүретінмін. Сол сапарда бұрынғы көзқарасымнан айнып, бауырлас елдің Президентіне деген құрмет сезімім оянып қайтты.

Айтматов. Атақты Әмір Темір көрегенге қатысты балалау кезімде естіген бір аңыз жадымда қалыпты.

Ұлы әмірші өз тұсында Бұхара мен Самарқантта сәулет өнерін ерекше дамытып, мұнаралары көк тіреген кесенелерді, мешіттерді көптеп салдырып, оқу, білім орталығына айнал-

дырды емес пе? Иранбақтары мен хауыздарының әсемдігі сондай, шетел жиһанкездері талай мәрте аңыз ғып, тамсана жазған. Сөйтіп, әспеттеп отырған екі қаласын шайқы ақын Хожа Хафиз:

*Шираздағы түркі аруы сүйсе мендей
бейшараны,
Берер егім бір меңіне Самарқан мен
Бұхараны, —*

деп сұлу қызға арнап жыр жазып, сырттай сатып жібергенін естіген әмірші:

— Келтіріңдер алдыма! Бір меңге бола менің қос шәһарымды бере салған мырзаның кім екенін көрейін, — демей ме қаһарланып. Ел кезіп жүрген шайыр қалпелімде таптыра қоймайды. Бірде Әмір Темір Сарайының алдына шығып, күн шуақта тұрса, сонадайдан жылыстап Хафиз кетіп бара жатыр дейді. Темірдің күзетшілері тырп еткізбей, ұстап алып, дедектетіп, әміршінің алдына алып келіпті.

— Самарқан мен Бұхараны саудаға салған сен бе? — дейді Ақсақ Темір айбаттанып. Сонда Хожа Хафиз тұрып:

— Ұлы әміршім, бар дәулетім бойымда, оның да түрін өзіңіз көріп тұрсыз. Жарлы адам жомарт келеді. Сұлудың меселі қайтпасын деп бере салып ем, — депті.

Әмір Темір қараса, шынында да, үстіндегі өрім-өрім шапаны мен аяғындағы жыртық кебісінен басқа дәнмесі де жоқ екен.

— Нағыз еркектік, ақындық, мінез! — деп, күліп жіберіпті сонда.

— Мен — әмірші болсам, сен — ұлы шайырсың. Сарайымның төрі сенікі. Қалған ғұмырыңды уайымсыз шалқып өткіз! Шығармашылығыңа еркін кіріс!

Сосын сәл-пәл тыныс алып, айналасында тұрған уәзірлеріне оқты көзін қадап тұрып:

— Патшасы ақынын іздеген ел бақытты, ал ақыны патшасын іздеген ел сорлы. Осыны естерінде ұстандар! — депті.

Шаханов. Ал енді қазіргімізге бет бұралық. 1995 жылдың жазында қырғыз баспасөзі: "Ойбай, Айтматов президент сайлауына түседі екен" дегенді гүмпілдете жазып, жұртты біраз елеңдетті.

Сіздің қырғыз еліне, күллі түркі дүниесіне қадір-барқыңызды жақсы білетіндер: "Несі бар, Шікең Президент болса болып кетеді", — десіп, алыпқашты әңгіменің көрігін басып, қыздыра түсті. Бұл пікір екі ұдай боп, бел ала бастаған тұста, Бельгиядан өзіңіз телефон соғып қалдыңыз. Ел ішіндегі гулеген гәпті жеткіздім. Сонда Сіз: — Маған жақын, әрі қырғыз еліне қалыс адам ретінде өзің баспасөз арқылы сұхбат беріп, мұның шындыққа жанаспайтын әңгіме екенін айтсаңшы, бұл екі араға от жаққысы кеп жүрген біреулердің пендешілігінен туған нәрсе шығар, — деп, өтініш айтқансыз.

Жедел сұхбат ұйымдастырып, қырғыз топырағында бебеулеп тұрған бұл қауесеттің өршімеуіне себепші болдым. Кейіннен Нұрсұлтан Назарбаев та маған Сізбен Францияда жолығып, осы тақырып төңірегінде сыр бөліскенін айта келіп:

— Шікең президенттікті не қылсын.. Құдайға шүкір, атақ-абыройы еш президенттен кем емес. Жұрттың шығарып жүрген өсегі ғой, — деген.

Шіке, о баста президенттікке республика парламентінің мүшелері Сіздің кандидатураңызды ұсынған кезде, одан бас тартып, сол орынға Асқар Ақаевтың есімін атағаныңыз ел-жұртқа жақсы мәлім. Осы оқиғаның басы-қасында жүрген қаламгер ініңіз, ортақ досымыз, Қырғызстанның сол тұстағы демократтарының бірі — Қазат Акматовтың бұл жайында былай әңгіме өрбіткені бар.

"1990 жылдан бастап өзім басқаратын "Қырғызстан демократиялық қимылы" (ҚДҚ) партиясы парламент мәжілісіне елде президенттік билікті енгізу жайлы ұсыныс түсірумен болды. Бұл бастамаға алғашқыда ешбір депутат қолдау көрсетпегенімен, уақыт өте келе, бізді жақтағандар саны молая түсті. Бірақ осы кездегі Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитеті тарабынан бұл ұсынысымыз қатты қарсылыққа ұшырады.

Қырғызстан жеке республика болып, Одақтан енші алып шығады деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмеген олар: — Кеңес Одағында бір Президент бар. Сол жетеді. Әр республика сайын Президент сайлаудың еш қажеттігі жоқ, — деп, ең жоғары биліктің тізгінінен айырылар болмады.

Сол жылы қараша айында өткен мәжілісте президенттік билікті қолдаушылар көптеген таластартыстың нәтижесінде жеңіске жетті де, республи-

кадағы партия ұйымы саяси сахнадан біраз уақытқа болса да кетті.

Президенттікке ұсынылған кандидатуралар екі турда да қомақты дауыс жинай алмай, парламент саяси тұйыққа тірелді. Әрі-бері ырғасып, ақыры сессия 25 депутаттан тұратын комиссия құруға шешім шығарды. Ішінде мен де бармын. Мақсатымыз Қырғыз Республикасының алғашқы Президенті ғып кімді ұсынамыз деген толғақты мәселенің кесімді жауабын табу еді.

Біздің қорытынды пікірімізді сессия сарсылып, үш күн бойы күтті. Келе-келе, комиссия мүшелері екіге жарылды. 12 депутат жалпыхалықтық референдум өткізейік деп, президенттікке республиканың бұрынғы басшысын әкелуге күш салса, қалған он екісі (бір депутат сырқаттанып қалған) жаңа кандидатуралар ұсынайық деген пікір қозғап, екі ортада дау өршіді. Саяси науқанға жіті көз тігіп отырған ел аса абыржулы. "Қырғызстан демократиялық қимылы" (ҚДҚ) партиясының ұйымдастыруымен "Айтматов Президент болсын!" деп, плакат көтерген жастар ертеңді-кеш сессия өтіп жатқан ғимаратты қоршап тұрды. "Ақ үйдің" жанында 140 кісі аштық жариялап жатты. Осындай тығырыққа тірелген шақта комиссия мүшелері:

— Президенттікке Айтматовтың кандидатурасын ұсынайық, — десті. Ол кезде Шікең Мәскеуде болатын.

— Қазір телефонмен байланыс та, тез шақыр! Келсін! — десті науқанның бел ортасында жүргендер бір ауыздан. Жаныма Төлеміш Өкеев пен Барпы Рыспаевты алып, Шікеңе хабарласып ем, үйінде екен.

Айтқан жаңалығымды әбден тыңдап алған Айтматов: — Менің Президент болуға дайындығым да, ықыласым да жоқ. Ниеттеріңе мың да бір рақмет, бұл — өте жауапты әрі мәртебелі орын. Сондықтан оған экономист, заңгер немесе ауыл шарушылығының маманы лайық. Жазушылық өнерімді лауазымға айырбастағым келмейді. Ойымда жүрген көптеген дүниелерім бар, соны іске асырсам да жетер, — деп азар да безер болды. Келісіміңізді берсеңіз бітті, Президент болып сайланып тұрсыз дедік. Расында да, бұл сөзімізде

үлкен шындық жатыр еді. Егер Айтматов: "Жарайды, өздерің біліңдер", — дегенде, парламенттің оны Президент етіп сайлайтынына титтей де күмән жоқ.

— Өзіңіз кімді ұсынар едіңіз? — дедік, ақыры көнбейтініне көзіміз анық жеткен соң.

— Бәрекедді, жөнге енді келдіңдер, — деді ол жұмсарып. — Мысалы, мен президенттікке Асқар Ақаевтың кандидатурасын ұсынар едім. Бұл өзі — білімпаз, парасатты, адал жігіт, ысыла келе, одан өте жақсы ел басшысы шығуы мүмкін.

— Сіздің атыңыздан парламентке осылай деп ұсыныс түсіруге бола ма?

— Иә, парламентке менің атымнан сәлем айтыңдар. Асқарды сайласа, елге де, өздеріңе де дұрыс болады.

Асқар бұл кезде Мәскеуде КСРО Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде жүрген...

Дағдарып отырған парламенттің 114 депутаты заңғар жазушының бұл пікірін естігенде, шырайланып сала берді.

Сөйтіп, екінші турда басым дауыс жинаған Асқар Ақаев Қырғыз Республикасының тұңғыш Президенті боп сайланды".

Шіке, Қазаттың сөзінен көрініп тұрғандай, ел-жұрт пен парламенттің қалауынан бас тартуыңыз, туа бітті дегдарлығыңыз, екіншіден — жазушылық жолға адалдығыңыз болар.

"Ұсынып жатыр ғой, не де болса тәуекел!" дегеніңізде, сол жолы республика Президенті атануыңыз мүмкін екен.

Айтматов. Әркімнің шама-шарқына лайық өз шығар биігі бар. Тағдыр бізге қалам қайратын нәсіп етіпті. Орынымен пайдалана білсек, сөз қуаты — баға жетпес қару.

Шаханов. Мен Асқар Ақаевпен алғаш рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі болып жүргенде таныстым. Сол сессия үстінде оның азаматтығына ерекше тәнті болғанмын.

1986 жылғы Алматы қаласындағы Желтоқсан оқиғасын сессияның күн тәртібіне енгізуге күш салып, жанталасып жүрген кезім. Сіз онда шетелде сапарда едіңіз. Сондай қарбалас шақта иманы салауат болғыр Андрей Сахаров маған келіп, бір палатаның төрттен бір

бөлігі, яғни алпыс сегіз адам жақтап, қол қойса, көтерейін деп жүрген мәселең күн тәртібіне талқылаусыз қойылады деген ақыл берді. Бірнеше күн қатарынан әр депутатқа қолымдағы 2—3 парақ қағазымды оқытып, әрқайсысының желкесінде 4—5 минуттан телміріп, аяғымнан тозайын. Сөйткенше, үш-төрт күн өте шықты. Сонда Желтоқсан оқиғасын көтеруді қолдап, қырғызстандық 24 депутаттың ішінен тайсалмай қол қойған екі-ақ адам табылды. Бірі — осы Асқар Ақаев та, екіншісі — Талас облысынан сайланған Гелдібек Керімбеков деген жүргізуші еді.

Өзіңіз білесіз, жүргізуші айдап жүрген машинасының рулінен айырылып қаламын деп қорықпаса да болады. Ал тоталитарлық жүйенің күш-қуаты әлі қайта қоймаған кезеңде республика Ғылым академиясының президенті бола тұра, сол жүйеге қарсы көтерілген жастардың ісін қолдаймын, қуаттаймын деп қол қоюын Асқардың азаматтық ерлігіне баладым. Әйтпесе, әлгіндей бір ғана қылығы үшін қызметінен ажырап қалуы да мүмкін еді. Содан бастап осы бір аса мәдениетті, жүзіне имандылық пен ақ жарқындық қатар қоныс тепкен жайсаң жігітпен бірге туған бауырдай боп, жақын араласып кеттік.

Айтматов. Қазіргі өлара кезең жаңадан егемендік алған елдердің Президенттерін әр қырынан сынап бағуда. Мұндай қиыншылық ел басына екі түрлі кезеңде түседі. Бірі — соғыс жағдайында, екіншісі — қоғам алмасқан тұста.

Асқардың өзім тәнті болған бір азаматтығы — балға мен төстің арасына жиі-жиі түсіп, сыналып жатса да, демократияға кең жол ашуы. Сөз бостандығына, оппозицияға тосқауыл тұрған жерде шындық өледі.

Оппозиция дегенді кейбіреулер өз тағы мен тәжіне таласушыдай көреді. Бұл көп жағдайда олай емес. Елдің саяси беталысы қандай, демократияны тұншықтырып отырған кімдер, қайсымыз мемлекеттік байлық пен меншікке қол салдық, шеттен келген несие қай салаға жұмсалды, т.с.с. — бәрі, бәрі бүкпесіз болғаны абзал. Ал оппозиция қадағалап, қателігінді қатал сынға алып отырады. Соған қарап, жіберген кемшілігінді түзейсің.

Шаханов. Жалпы, Ақаев — менің көзқарасымда ғалымдық, саясаткерлік дарын мен өрелі азаматтық қасиетті бір арнаға тоғыстырған шоқтығы биік тұлға. Рас, Қырғыз Республикасының тұңғыш Президенті болып қызмет атқара бастағанда, бәзбіреулер оны тым жұмсақ, биязы деп, кінәлап та жүрді. Ал ол осы уақыт

ішінде өзгелердің намысына тимей, жаға жырттыспай-ақ ел басқаруға болатынын анық дәлелдеп үлгерді.

Өз елінің қадым замандардан бергі тарихын, тағдыртауқыметін бес саусағындай білетін Асқар кез келген әңгімесін адамдық ортақ мұраттар мен сан ғасырлық философия иірімдеріне апарып тірейді. Асқармен аз-кем сұхбаттас болған жан оның бетінен нұры тамған ұяңдығының астарында үлкен ұлттық деңгейдегі зиялылық пен білімдарлық жатқанын анық байқар еді.

Бішкектегі Тоқтағұл атындағы мәдениет Сарайында менің шығармашылығым арналған кеш өтіп, онда қырғыздың жас ақыны Өмірбек Тілебаев қуатты жыр оқыды. Сонда залда отырған республика Президенті:

— Мына жігіттен жақсы ақын шыққалы тұр екен, — деп, ақынның аты-жөнін қойын дәптеріне түртіп алды. Жылт еткен жаңалықты қағыс жібермей, қуана, қолдай білу де ел басшысына бірден-бір қажетті мінез.

Асқар қырғыз поэзиясы аспанынан құйрықты жұлдыздай ерте ағып өткен жарқын талант Алықұл Осмоновқа қойылар еңселі ескерткішті өз қаражатына (тапқан қаламақысына) соқтырмақ.

Соңғы жылдары жалпы өнер атаулыға, соның ішінде театрға да елдің ықыласы бұрынғыдай емес, бәсең тартты. Бұлай болуына егемендік алған жас республикалардың нарық қыспағына киліккен қиын экономикалық ахуалы басты себеп болып отыр.

Қырғыз Республикасының халық артисі Арсен Өміралиев жетекшілік ететін Бішкек қалалық театры көрермендерге арнап жапон драматургі Модзаэмон Тикамацудың "Амудзима" атты пьесасының премьерасын әзірлепті. Премьераға Асқар Ақаев бастаған мемлекет қайраткерлері, елшілер мен зиялы қауым арнайы шақырылыпты.

Қырғыз тілінде тұңғыш сахналандырылған бұл туындыны ойнаған артистер жапон халқының озық мәдениетін, өмірге көзқарасы мен ұлттық ерекшелігін, мінезін айқын бейнелеуімен көрермен көкейіне ұялады.

Премьера соңы пікір алысуға ұласты.

КСРО кезінде Жапонияда Бас консул болып қызмет атқарған Қырғыз Республикасының мемлекеттік хатшысы Ишенбай Абдіразақов, Ресей елшісі Михаил Романов, Пәкістан елшісі Назар Аббас, Үнді елшісі Рам Сваруп Мукиджа және мен сахна төрінде тұрып, жаңа спектакль жайлы алма-кезек ой тербедік. Біздің жалпыламалау айтылған лебізіміздің соңында Асқар Ақаев сөз алып,

бауырын еркін жазған аттай көсіді дейсің. Президенттің терең танымына, білім, парасатына ерекше таңғалып, таңдай қақтық. Бақсақ, Асекең пьесаны өзіне алдырып, оқып шыққан екен. Әрі түпнұсқасын аудармамен салыстыра зерттепті. Сәтті аударылған тұстарын нақты мысалдармен дәлелдеп, қадап айтты. Мұнымен де тынбай, Модзаэмон Тикамацудың қаламынан тағы қандай шығармалар туғанын және қай тілде жарияланғанын, оларды тіпті өзге жазушылардың осы мінездес туындыларымен шендестіре отырып, бақайшағына дейін шағып талдады.

Спектакльдегі әр алуан мінездегі кейіпкерлер мен оларды ойнаған артистердің шеберлігі қалайша ұнамды қабысқанын орнықты ой, айшықты тілмен әңгімелегенде, жиналған көпшілік ду қол шапалақтап жіберді.

Өзгені қайдам, өз басым сол жолы театрға қалай болса солай дайындықсыз жетіп барғанымнан қатты ұялыс таптым.

Айтматов. Иә, қырғыз топырағында шексіз биліктің өзіне адамгершілік мұратпен қарауға болатынын өзінше дәлелдеп келе жатқан Асқар сынды інінің барлығы — көңілге медет.

Мұха, біз фараондардан бастаған әңгімемізді өзіміз қадірлейтін бауырлас үш мемлекеттің президенттеріне әкеліп тіредік. Басшы болып, барша жұрттың көңілін бірдей тапқан билік иесін өз басым әлі көрмеппін. Демек, Нұрсұлтан, Ислам, Асқар туралы да ел ішінде алуан түрлі пікірдің, кейбір қарама-қайшылықты көзқарастардың, тіпті жайсыз әңгімелердің де болуы заңды.

Біз болсақ олардың биліктегі алғашқы сәтті қадамына, рухани байлығына, ел басшысына лайықты бірлі-екілі өзіміз тікелей куә болған оқиғаларға ғана тоқталдық.

Көкейге кептелген кейбір қаупімізді іркіңкіреп отырғанымызды да жасырмайық...

Шаханов. Бұл қаупімізге Түрікменбашы Сапармурад Ниязовтың қазіргі ел билеу үрдісі толық негіз бола алса керек. Жеке басқа табынушылықтың елге қандай залал әкелгенін жақсы біле тұра, Ниязов сол індетке өзі барып ұрынды. Көзі тірісінде өзіне 200-ден астам ескерткіш қойғызғаны тарихтан хабары бар кез келген адамның күлкісін шақырмай ма? Қаптаған шаруашылықтарға, ауданға, қалаға, тіпті каналға дейін өз атын бергізіп, барлық жерге асқақтатып суретін ілдіргеніне болашақ

ұрпақты айтпағанда, қазіргі замандастары жөн іс болды дей қояр ма екен?

Айтматов. Оңтүстік Кореяны жарты ғасырдай билеп, ұлы көсем атанған Ким Ир Сен жайлы мынадай бір оқиғаны орыс тілінде шығатын бір журналдан оқығаным бар.

Өзен арнасынан шыға буырқанып, тасып, қатар отырған елді мекендерді шайып кетеді. Емшектегі баласы бар бір жас әйел де ағынмен бірге ілесіп, құлдилап жөнеледі. Қараса, Ким Ир Сеннің де портреті қоса ағып барады екен. Сонда әлгі әйел өзімен қатар ағып келе жатқан сәбиін құтқаруға ұмтылмай, көсем портретіне жармасып, жағаға алып шығыпты. Журнал осы істі асқан патриоттық деп дәріптейді.

Бұл, әрине, әсіре саясаттан, жеке басқа табынушылықтан туған саяси мәңгүртизмнің бір көрінісі.

Екі аяқпен жер басқан пәнде екенімізді шексіз биліктің ұмыттырып жіберетіні қандай өкініш!

Ал Президенттік лауазым — ілуде біреудің маңдайына бұйырар тағдырдың ұлы сыйы. Кейде олар осы заңғар биіктікке өзінің сұңғыла саясаткерлігімен, ақыл, парасатта өзге замандастарынан оқ бойы озықтығымен жетіп жатады. Кейде қоғамдағы ахуал, саяси өзгерістер жалпының ішінен қоңыртөбел біреуге қақпақылдап әкеліп, ел тізгінін ұстатады...

Оған екеуміздің тарих кезіп айтқан мысал, әпсаналарымыз куә.

Шаханов. Ел басшысы мәңгілік үш өлшем — кешегі мен бүгінгіні және болашақты таразы басына тең ұстап, ақылын сарапшы ғып отырмаса, халқының қасиетті сенімінен ажырап қалуы кәдік.

Ахметжан Есімов деген өзім азаматтығын қадір тұтқан сыйлас інім Алматы облысының әкімі болып тағайындалғанда:

— Ер жігітке үлкен қызмет — үлкен сын. Мақтау мен марапаттауға елікпейтін адам біздің дәуірде ғана емес, өткен ғасырларда да аз болған. Сол аздардың тізіміне енуіңе тілек қосайық, — деп әзілдегенмін.

Қарапайым кедейден шығып, зерделілігінің арқасында абырой биігіне көтерілген Аяз би болып-толған шағында да кедей кезінде киген шоқпыт киімін сарайының босағасына іліп қойып:

— Аяз, әліңді біл,
Құмырсқа, жолыңды біл, —

деп, өткен-кеткеніне салауат айтып, бүгінгісіне шүкірлік қып отырады екен.

Айтматов. Мәселен, өз басым Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов Жизақ облысына барған сапарында өз суретін жол жиегіне ерекше үлкен етіп ілдіріп қойғаны үшін екі басшыны орнынан түсіргенін оқып, іштей сүйсіндім.

Шаханов. Мақтауға тұрарлық іс екен. Ислам Абдуғаниұлы өзінің ұлы бабасының өнегесін ұстанған сияқты. Дәл осы арада "Темірдің соңғы өсиеті" атты өлеңімнің орысша нұсқасын оқудың реті келіп тұр.

*Войска Амира Темура
Из похода дальнего
Возвратились в Самарканд
Вечером под сияющим куполом Кук Сарая
Темур собрал всех,
Кто способствовал его победе.
Над людской радостью
Тихо плыла музыка,
Как белая лебедь на небе.
И тихо встал Ходжа Хафиз,
Прочитал изумительные свои газели.
Темур взволнованно кивал головой:
— Какая красота!
Какая щедрость чувств!
Кто-то встав с места,
Несколько раз кланяясь,
Раболепно изрек Амиру:
— О, величайший из великих,
Мудрейший из мудрых,
Храбрый из храбрых!
Вы еще и любитель поэзии,
Так тонко ощущаете силу слова.
Мы рады и счастливы,
Что у нас есть такой падишах!
— Довольно! — воскликнул Амир, —
Ты искусно лжешь!
Ведь восхищаются мудростью
И ценить красоту —
Обязанность каждого,
И хвалить за это — невежество!
И сурово взглянув, спросил:
— Кто ты такой?
— Я — хаким Хорасана,
С великой победой*

ел мүддесінен гөрі, өз мүддесін жоғары қойған басшыға, керісінше, қара бата берейік. Ол елден "Қара бата алған адам" ретінде төменшіктеп жүрсін".

Қарапайым ауыл адамы ел басшыларының тағдырына осылай аландаушылық білдіреді.

Шаханов. Әйтсе де, Шіке, Сіз Орта Азия мен Қазақстан мемлекеттерінің ғана емес, бұрынғы КСРО аумағында егемендік туын көтерген басқа республикалардың Президенттерін де білесіз. Осы елбасылардың бойынан болашақта қауіп тудырар қандай мінез байқадыңыз?

Айтматов. Меніңше, ондай қауіп төртеу. Қанша дегенмен адам баласы пенде ғой. Президенттердің баз бірінен "мен", "мен" деген сөз жиі естіле бастады. Өйткені олардың аузынан шыққан бүгінгі жай "мен" ертеңгі күні "мемлекет те — мен" деген айбарға ұласуы әбден мүмкін.

Екіншіден, өздерін шексіз билік иесі сезініп, жіберген қателіктерін талқыламауға, оны жұрт назарынан тыс ұстауға тырысулары. Демократия жолға қойылған мемлекеттерде Президенттердің артық, оғаш қылықтары да қатаң қадағаланады. Мысалы, батыс елдеріндегі бір Президент өзіне бөлінген жеке ұшақты екі сағат күттіріп қойғаны үшін парламент талқысына түсіп, айып пұл төлеуге мәжбүр болды.

Үшіншіден, парламенттің құқы мен мүмкіндігін, билік өрісін тарылтып, бұғау салуға тырысулары.

Төртінші қауіп — асыра мадақтау мен әсіре жағымпаздыққа бой алдыра бастағандары. Бұл екі індеттің бағындырмайтын шыңы өте сирек. Дегенмен, жоғарыда айтылған бірен-саран оң қадамдар да жоқ емес. Буын-буынына енді түсе бастаған осы аса қауіпті індетке қарсы қояр күш тауып, естерін тез жинап ала қойса, өздері үшін де, ел үшін де игілікті іс етер еді.

Міне, біз адамзат қоғамының ерте дәуірінен бастап ХХ ғасырдың соңғы жылдарына дейінгі әр түрлі билік иелерінің рухани байлыққа қатысы, көзқарасы немесе оны көзбояушылық үшін ғана ұстанғандардың қилы-қилы тағдыры жайлы өз талғам-түсінігіміздің шеңберінде, нақтылы мысалдарға сүйене отырып, әңгіме өрбіттік.

Осы сұхбатымыз егемендік алған мемлекеттеріміздің Президенттерін, елдеріміздің әр түрлі деңгейдегі бүгінгі және болашақ саяси қайраткерлерін қас қағым сәтке ойлантуға түрткі бола алса, мақсатымыздың орындалғаны деп білейік.

Сөзіміздің соңын билік туралы әр дәуірде үн қатқан ұлылардың пікірімен аяқтасақ:

Пифагор: "Ақымаққа – қылышты, ұятсызға – билікті сеніп тапсырудың қаупі бірдей".

Ш.Монтескье: "Заңның аясында, тудың әділдігі астында сөз алып, әрекет еткен тираннан асқан жау жоқ".

Д.Дидро: "Зорлықпен іргетасы қаланған билік зорлықтың құрбандығына айналады".

Ж.Лабрюнер: "Аса мәртебелі орын құрметті адамның қадір-парқын одан сайын арттыра түседі, ал уақ адамды тіптен ұсақтандырып жібереді".

Иә, тағдыр біздің жолымызды рухани байлықтан іргесін аулақ салған басшылармен түйістіре көрмегей!

Вестина

Аласқан
аққудың
мұңы
немесе
Медуза
құпиясы



Айтматов. Жаратқан ием пәндесіне: "Жер бетіндегі барша тіршілік иесін қолыңа беремін. Мә, саған жазық дала, тау-тас, шалқар теңіз, айдын көл, ну орман. Қаптаған жануарларға да өзің иелік ет. Менен кейінгі жауапты — сенсің. Жер бетіндегі өмір жақсы қалыптаса ма, жоқ, әлде бүлініп, ойраны шыға ма, — саған байланысты. Түбі сенен сұраймын", — деп аса зор міндет артып, шексіз билікті еркіне берсе керек.

Осы сұрауы бар жердегі тіршіліктің қаншасы әлі өмір сүріп жатыр, қаншасы адам қолынан мерт болды дегенге тірелер болсақ, төбе шашыңды тік тұрғызар ойлардың қоршауында қаламыз...

Қырғыз халқында сан ғасырдан келе жатқан Қожажаш мергеннің қасіреті жайында ғажайып ертегі бар. Кезінде Дайсаку Икэдаға да айтып бергем. Халық ертегісін қосымша оқиғалармен толықтырып, қайта жазғанмын.

Ерте, ерте, ертеде асқар тау мен ұшы-қиырсыз даладан тұратын байырғы қырғыз жерінде Қожажаш есімді аңшы жігіт өтіпті. Өзі құралайды көзге атқан мерген, қасқырды жүгіріп жетіп соғатын жүйрік, тау барысын жекпе-жекте жеңген ержүрек бопты. Олжасымен туған-туысқандарын, бүкіл аулын асырапты. Көзіне аң атаулы түссе, құртуды мақсат тұтқан Қожажаш өзін күллі даланың қожасындай санаған ер де тәкаппар екен.

Ай мен күндей әдемі сүйген қызына құда түсіртіп, барыс пен түлкінің жалт-жұлт етіп түгі құлпырған, иленген терілерін сыйға тартып, той күнін келіседі. Енді тойға өте көп шығын керек екені белгілі болады. Бар ырысын таудан айырып отырған Қожажаш жабайы аңдарды бұрынғыдан да көбірек аулауға мәжбүр. Қалыңдығы үшін неден

аянсын, күн демей, түн демей, оң келгенін оң, сол келгенін сол қыра бастайды. Күндердің бір күнінде құндыздардың қыз ұзату тойына тап келеді. Құндыздар айлы түнде асыр салып, той жасап, кәдімгі адамдардай ән шырқап, би билеп, қыз құндызды көрші індегі күйеу құндызға алып бара жатады. Той үстінде бәрі де әдеттегі сақтығын жоғалтқан. Қарсы беттен құдаларды ертіп, жасанып, күйеу құндыз шығады. Құдалар кездесіп, қайтадан той думанын қыздырады. Мұның бәрін үнсіз тамашалап отырған Қожажаштың есіне өз қалыңдығы мен тойы түседі. Құндыздардың терісінен өткен сый-сияпат жоқ. Осыларды ұстап алса, иен байлық емес пе? Дереу тонын шешеді де, тамашаның қызығына байып, би билеп жатқан құндыздардың үстінен бүркеп, тұншықтырып, өлтіре бастайды...

Тау ешкілерін де құз жартастың аңғарына қамап, қырады. Аман қалған Сұр Ешкі Қожажаштың алдына келіп:

– Сен сияқты құралайды көзге ататын мерген жер бетінде жоқ шығар. Десе де, әр нәрсенің өз шегі бар. Сен соны ұмыттың, ендігі жерде азаматтық жаса, ата көрме. Бір тұқымнан Сұр Теке екеуіміз ғана қалдық. Ұрпақ өргізейік, — деп көз-жасын төкпей ме? Қожажаштың жауабы қысқа. Бір оқпен Сұр Текені сұлатып салады. Сонда ашынған Сұр Ешкі: — Біздің әкемізді өлтірдің. Тұқымымызды тұздай құрттың. Сені қарғыс атады, Қожажаш. Ендігі жерде оғың аң баласына дарымайды. Нанбасаң — атып көр мені, — дейді.

Тәкаппар аңшы Сұр Ешкіні мазақтап, қарқылдап күледі. Күлкісінің күштілігі сондай, таудан тас домалайды. Сұр Ешкінің сөзі шын екен, оның атқан екінші, үшінші оғы да дарымайды.

– Ендеше, сені қуып жетіп, пышақтап өлтірейін! — деп ашуға мінген аңшы Сұр Ешкіні қуа жөнеледі.

Таудан-тасқа секіріп қашқан Сұр Ешкінің ізіне түскен Қожажаш адам баласының аяғы баспаған құзар шың басына қалай шыққанын өзі де аңғармай қалады. Қараса — жан-жағы құлама шың. Кері түсу еш мүмкін емес. Сонда Сұр Ешкі адамша тіл қатады: "Жазықсыз аңдарды қырғынға ұшыратқаның үшін енді сазайыңды тарт! Бізді

қалай жылатсаң, тағдыр енді сені ақырғы алар деміңе дейін солай жылатады!".

Құзар шыңның басында қалған Қожажаш тағдырын осындай айықпас қасіретке душар еткен өзінің шектен тыс қатыгездігі мен безбүйректігіне, әділетсіздігі мен мейірімсіздігіне лағнет айтып, құз бен құзды жаңғыртып, естіген адам мен аңның сай сүйегін сырқырата боздаумен, зарлаумен болыпты. Бірақ өкінгенмен не пайда, мұның бәрі тым кеш еді...

Тағдырдың қатал соққысына кезіккен қалыңдығы кешірім сұрамаққа тау кезіп, Сұр Ешкіні іздейді. Араға ғасырға тарта уақыт түссе де, Сұр Ешкі таптыра қоймайды. Қартайып, кемпірге айналған, уайым жеп, қажыған қалыңдық күндердің күнінде құндыздардың қыз ұзату тойына кезігеді. Құндыздар айлы түнде қызын ұзатып, әндете, билеп, шат-шадыман боп жатады. Соны көріп тұрған Қожажаштың қалыңдығы:

– Маған тым болмаса, осы құндыз екеш құндыздардың қуанышындай да шаттық жолықпады-ау! — деп тау мен даланы басына көтере зарлапты...

Шаханов. Қожажаш ертегісі — жалпы адамзаттық қасіреттің жоғарғы сатысы. Адам баласы бір оқиғаны әр қырынан көріп, әр қилы түсінікпен ұғынады десек те, бәрінің төте жолы — трагедия арқылы қабылдау ғой.

Айтматов. Бір жылы немістің кинотүсірушілері Люксембургке келіп: "Сіз жайында кино түсіреміз", — деді.

– Қалай түсіресіңдер?

– Осы кабинетіңізде отырып, әңгіме бастаңыз. Біз түсіріп алайық.

– Бұл қайталау боп шығады. Мені ерекше риза еткен бір жер бар. Жүріңдер, әңгіме желісін сол арадан өрбітейік, — деп киношыларды бастап алып шықтым.

Бес қаланы жалғастырып жатқан Брюссель — Люксембург — Триер — Кобленц — Франкфурттың арасында автован бар. Шетелдің неше түрлі машиналары үш-үштен алты қатар боп, күндіз-түні ағылып жатады. Автованның жан-жағын жүздеген шақырымға дейін темір сыммен мұқият қоршап тастаған. Әлгі даңғыл жол тауды да, төбені де, тоғай мен көлді де кесіп өтеді. Жолдың бір жағындағы аң екінші жағына бара алмайды. Яғни табиғи тұтастық

бұзылған. Осы тұйықтан шығу үшін бұлар не істеген дейсің ғой? Автованның үстінен әр он шақырым сайын жолы кесіліп қалған елік пен бұғы, қабан мен қоян, шаян мен жыланға арнап көпір салған. Ондай аспалы әдемі көпірді біздің елде жабайы аң түгіл, адамдардың игілігі үшін де салу үлкен күшке түсетіні айтпасақ та белгілі.

Әлгі жерге кино түсіруші топты ертіп әкеліп:

– Міне, адамдық эгоизмді жеңудің, тірі табиғатқа жанашырлықпен қараудың, яки өркениетті түрде даму-дың бір көрінісі осы, – дедім.

Сол аспалы көпірдің үстіне шығып тұрып, фильмге арнап әңгіме бастадым. Кейінгі кадрларымыз осы қырғыз жерінде, Талас топырағында жалғасты. Шекер аулындағы өзің көрген ақсақал-қарасақалдардың көбі фильмге ілінді. Гәп онда емес. Мәселенің үлкені экологиялық жауапкершілікте жатыр.

– Ойбай, қасқыр мен түлкіге тиме, аюды атпа, ақ тиінді өлтірме, – деп, мың мәрте қайталасақ та, нәтижесі аз. Ең бастысы – жан-жануарларға деген шын жанашырлық, қамқорлық қажет. Люксембург жеріндегі:

– Мазаларыңды алғанымызға, өрістеріңді бөлгенімізге кешіріңдер! Әрі-бері өте беріңдер, әне, көпір дайын, – деген ықылас соның айғағы. Бізге осы жетпейді. Бұл тақырыпта айтылған игілікті ойлардың бәрі де сөз жүзінде қалып жатыр.

Шаханов. "Боранды бекет" атты романыңыздағы Едігенің Қаранары әр көктем сайын бұйдасын үзе қаңғырып, әр ауылдың күліне бір шөгіп, жыл он екі айғы құмарын қандырып, арып-ашып иесіне кері оралатын. Боранды Едіге де жануардың мінезіне қанық, іздеп әуре боп жатпайды. Ой жүгіртсек, осы Қаранардың ішкі "мені" бар. Өзінің ұрпақ қалдыруға, еркіндікке, тәуелсіздікке деген құмары ырық бермеген шақта, өз қорасынан қашып шығады. Бойын кернеген бұла күшті дәлелдеу жолында бар қайратын сарп етеді.

Бір деректі фильмнен жабайы бұғылардың өмірін тамашалағаным бар. Әншейінде өріс таңдауда, суат белгілеуде, жыртқыштардан қорғануда бір-бірімен соншама тату, момын жануарлардың ашық алаңқайға жинала қалып, күш сайысатыны қызық.

Күйек алу науқаны кезінде ұрғашы бұғылар сауырлары діріл қағып, бір жерге жиналады да, қалған еркек кіндіктері шаңырақтай мүйіздерін шайқасып, сайысқа түседі. Кері қарай шегінісіп барып, екпінмен қайта ұмтылысып, сүзіскен кезде, бастарындағы бұтақ-бұтақ мүйіздері жан-жаққа ұшып кететіндей көрінеді. Бір жыл

бұрын өзімен бәсекеге түскен еркек атаулының бәрін жалғыздап жеңіп, жиырма-отыз ұрғашыдан бір өзі ұрпақ өргізген, көрер көзге қомақты ірісі тым айбынды. Жеті-сегіз талапкердің салғаннан бетін қайтарып тастады. Гүрс-гүрс ұрған кезде, мүйіздерінің ортасынан от шашырағандай. Жеңіліп қалғандары меселі қайтып, тағдыр салды – біз көндік дегендей, бір шетке ығысып жатыр.

Ақыры, былтырғы жеңімпаз бен бір жас, қайратты бұғының арасындағы шайқас сүт пісірімдей уақытқа созылды. Бір-біріне қапелімде алдырар емес. Баста шекені қаусырған қуатты мүйіз тұрғанда, өзгеге тізгінді бере салу оңай ма? Жас перен қояр болмады, үйір басын болдыртып жығып, ортадан түріп айдап шықты. Мұны көріп тұрған ұрғашы атаулы жас переннің ығына құлап, ыңғайына жығыла берді... Барында баптаған, жоғында таптаған бейдауа тіршілік деген осы.

Айтматов. Ұрпақ өргізуге деген құштарлық жануардың да жанын жегідей жейді екен. Бұғылардың үйірге түсу кезіндегі төбелесінде өмірдің үлкен заңдылығы жатыр емес пе? Қатал табиғат пен әр түрлі қауіп-қатерге аңның ең мықтысы, қаражон қайраттысы ғана шыдайды. Бұғылардың әлгі әрекетінде болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік жатыр. "Құдай атасына бергенді ботасына да береді" демей ме халқымыз. Мәмілесіз күрес арқылы сұрыптау өткізіп, ұрпақ өргізу құқын жеңіп алу – осының айғағы. Өйткені ауру, әлжуаз бұғыдан өнген тұқым тіршіліктің ауыр сынақтарына төтеп бере алмай, құрып кетпек.

Шаханов. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, жануар-жәндік тұрмақ, тіпті көктемде көктеп, күзде қурайтын өсімдіктің де өзіне тән жаны, мінезі бар көрінеді. Өсіп, жайқалып тұрған жапырақтарға биолог ғалымдар ультра жазу аппараттары арқылы мынадай қызықты тәжірибе жасапты. Сабағына арнайы байланыс құралын орнатып, өздері жапырақты жұлуға қол созған. Сөйтіп, жапырақты ұстағанда, экранда қорқыныш дірілі пайда болған. Ғалымдар одан әрменгі оқиғаны былайша бейнелейді.

— Қауіп-қатер төнді!

— Тірі қаламын ба, жоқ па?

— Жарақат салды!

— Құрыдым!

Жапырақты жұлып алғанда, экрандағы қорқыныш дірілі де жоғалған. Яғни бір ғұмыр үзілді.

Жансыз деп есептейтін қарапайым жапырақтың өзіне осыншама сезім берген неткен ғажап тіршілік еді. Ал біз жапырақ тұрмақ, Тайганың өзін ту-талақай еттік.

Айтматов. Баспасөз бетінен өсіп тұрған қалампыр гүліне жасалған тәжірибені оқып, кереметтей таңғалғаным бар. Олар жас, сұлу қыздар иіскесе, гүлін ашып, кәдімгідей сүйсініпті. Жиіркенішті біреулерді ұнатпай, тыжырыныпты. Темекі тартқан, арақ ішкендердің демінен қорқып, гүлі жабыла бастапты. Ғажап емес пе!

Иә, тіршілік атаулының бәрінде өзіндік "мен" бар. Ал жан-жануарлардың белгілі дәрежеде ой өрісі қалыптасқан ғой. Сондықтан өзіндік жақсы көру, жек көру секілді сезімдері жоқ емес. Тіпті олардың арасында адамзатқа үлгі боларлық, таңғаларлық мінездер ұшырасады.

Халқымыз қасиетті құс деп ардақтайтын аққу көгілдір шағында жұптасады екен де, қалған ғұмырын аса тату бірлікте өткізетін көрінеді. Олардың бір-біріне деген махаббаты соншалық, жұптың бірі қапияда қаза тапса, екіншісі қайғыға шыдамай, әуеден құлдайлап келіп, жерге соғылып өлетініне немесе нәр татпай, жантәсілім ететініне табиғат әуесқойлары талай мәрте көз жеткізген.

Жалпы, сүйіспеншілік сезімі, аяу, ызалану, жек көру сынды түйсіктер — жер бетінде, су айдынында өмір сүретін жан-жануарлардың, жәндіктердің көбіне тән қасиет.

Гималай тауларында тіршілік ететін кейбір тайпалар жаңа үйленген жас жұбайларға:

— Сендерге киттің махаббатын, иттің адалдығын қалаймын, — деп тілек айтады екен. Оларда бұдан асқан мәртебелі бата жоқ көрінеді.

Иттің иесіне адалдығы түсінікті, ал киттің махаббаты дегені несі, деп ара-тұра ойланып қоятынмын.

Жақында баспасөзден Калифорния бұғазы маңында өткен бір оқиғаны оқып, сол жұмбақтың шешуін таптым.

Кит аулап жүрген "Аторранте" яхтасы қатар жүзіп жүрген екі киттің (кашалот) бірін ауыр жаралап өлтіреді де, олжасын темір арқанмен байлап, жетекке алады. Жұбайының адамдарға қолды болғанын көрген еркегі оны құтқарып алмаққа әрекеттеніп, яхтаның соңынан ұзақ жүзеді. Ақыры, өмірлік серігінің қаза болғанына көзі жеткен кит ызаға булығып, яхтаға тура шабуыл жасайды. Алып денесімен күрт қимылдап, бар пәрменімен ұрған кезде, "Аторранте" аударылып түскен. Мол олжадан дәметкен экипаж мүшелері өз бастарымен қайғы боп, әрең дегенде аман қалыпты.

Адамдардың басты қателігі — өзге тіршілік иелерінің сезімімен санаспайтындығында жатыр-ау.

Шаханов. Ұлы Циолковскийдің "Адамдардың араласуы мұң екен, жер шары тез қартая бастады" деуінде үлкен сыр жатыр.

Жақында бір шетел баспасөзінен талайға ой саларлық бір қызық жайтты оқығаным бар. Балық атаулының құмарпазы 26 жасар Фрэнк Чарней өзеннен жайын ұстап алып, үйіндегі аквариумда өсіреді. Араға жыл түскенде, денесі өсіп кеткен балыққа аквариум тарлық етеді. Жүзу былай тұрсын, бұрыла да алмайды. Бірақ күтімі жақсы, тамағы тоқ, тіпті иесі екеуі теледидарды да қатар тамашалайды.

Бар пәлені Фрэнктің өкпелесіп қалған ғашығы бастайды. Сүйгенінен өш алу үшін, жануарлардың құқын қорғаушы Эдвин Кренкке жайынның атынан арыз айтады.

Тексеру кезінде жайынға жағдай жасамаған Фрэнк қылмыскер деп табылып, бес сағат түрмеге қамалып, көп мөлшерде ақшалай айып тартып, зордың күшімен құтылады.

– Мен мұндай қатыгездікті алғаш көріп отырмын, – деп жағасын ұстаған жануарлардың құқын қорғаушы Крэнк. – Сіздің өзіңізді қимылдатпай, тонға орап тастаса, қандай күй кешер едіңіз? Балықтың сезімі жоқ деп кім айта алар? Ендеше, оны бақытсыз етуге қандай құқымыз бар? Фрэнкке бұдан да гөрі қатал шара қолдану қажет еді...

Айтматов. Алтайдың бір жергілікті тұрғынының аузынан мынандай әңгіме естідім: тау бөктерлей өсетін таңқурай мен жидек, алма мен алмұрт, қарақат піссе болды, қала тұрғындары әлгі жемістерді жинап алу үшін, лек-легімен ағылады екен. Тыныш келіп, тыныш кетсе бір сәрі. Жеміс көшеттерін жапырып, ағаш бұтақтарын сындырып, түнімен лаулатып от жағып, арақ ішіп, тауды жаңғыртып ән салып, сол маңдағы аң атаулыны түгел бездіріпті. Жейтін тәттісінен айырылып, мазасы қашқан, ашу қысқан аюлар бір жолы таудан түсіп, адамдарды тас атып қуалап, машиналарын төңкеріп, азан-қазан етіпті. Содан кейін еркінсіп кеткен қалалықтар сәл де болса ойланып қалса керек.

Шаханов. Қара ағаштың бір бұтағы сынса, өз қабырғасына қарайтын шетелдегі кейбіреулер аквариумдағы балыққа жаны ашып, шырқырап жатқанда, біз Арал теңізінде тіршілік еткен балықтың 34 түрін мүлдем құртып алдық.

Шіке, қолда барда алтынның қадірі жоқ демекші, қайсы бір елде киіктің етін аса құрметті мейманға таңсық дәм ретінде ұсынатынын айтқансыз. 1988 жылы Торғай өлкесінде миллионға тарта киік қырылып қалды. Бұл Семей полигонындағы сынақтың зардабы ма немесе

ол кезде Арал теңізінің ортасындағы "Возрождение" атты бактериологиялық қаруларды жасырын түрде сынау орталығы бар болатын, сол мекеменің "шығармашылық табысы" ма, әйтеуір, осы дене түршіктірген үлкен қасіретке жауапты, не кінәлы бір адам табылмады. Байбалам қақтық, тұс-тұсқа хатты қарша бораттық. Мәселен, мен өз басым халықаралық "Арал – Азия – Қазақстан" қоғамдық комитетінің Президенті, КСРО халық депутаты ретінде КСРО Президенті Горбачевке, Қорғаныс министрі Язовқа, Денсаулық сақтау министрі Чазовқа жеке-жеке жолығып, осы трагедияны тексеруді талап еткен хат тапсырдым. Тосыннан келген (қойған диагнозының атын ұмыттым) жұқпалы ауру екен деген өтірік, шығарып салма жауап алдық. Кейіннен Кеңес Одағы тарап кетті де, жабулы қазан жабуымен қалып қойды.

Айтматов. Біздің дәуіріміздегі Қожақаштар өте күрделеніп, қуланып кетпеді ме? Олар оңай алдырмайды.

Шаханов. Сәби кезінде қасқыр ұрлап әкетіп өсірген Жұма Жұмаев есімді жігітпен теледидарда сұхбат өтті. Ұзақ жыл қаншық қасқырдың бауырында бөлтіріктерімен бірге жүріп, әбден тағыға айналып кеткен Жұманы аңшылар кездейсоқ көріп қалады. Қуалап жүріп, темір торға қамап ұстайды.

– Адамдар торға қамағанда, анам (қасқырды айтып отыр) басын қатерге тігіп, мені құтқарып алуға жан ұшыра ұмтылды. Торды тістелеп, арпалысты. Әттең, аңшылар атып тастады. Қасқырлардың арасында жүріп, еш жамандық көргенім жоқ. Олар өте әділ. Ал адамдардан ондай қамқорлықты сирек кездестірдім, — деген еді Жұма.

"Қиямет қайым" атты романыңызда қасқырлар елеулі орын алады...

Айтматов. Ақбара мен Тасшайнарды жазар алдында қасқырдың мінез-тіршілігін зерттедім. Көптеген танымдық әдебиеттерді ақтардым. Жалпы, қасқырдың өмір сүру дағдысы аса тәртіпті де қызғылықты.

Мәселен, қасқыр өзі меншіктеп алған жердің малына, қыс қатты болып, аса ашықпаса, тиісе бермейді. Қайта, бөгде қасқырларды жолатпай, қорғап жүреді. Үйірлі қасқырлар түнімен алма-кезек өздерінің меншікті мекенін қадағалап, әр жерге зәр сындырып, тезек тастап, бір ізбен жортып, күзетіп шығады екен. Әсіресе, мұндай күзет қаншық қасқыр бөлтірік туғанда, аса күшейеді. Жат үйірдің қасқырлары кіріп кетсе, дереу қуалап шығады. Ондағысы — малды жеп, не жарақаттаса, мал иесі бұлардан

көріп, бауырын енді көтере бастаған бөлтірігіне зиян жасар деген ой. Көрдің бе, жыртқыштардың өзіндік логикасын!

Шаханов. Бала күнде естіген әңгіме есімнен кетпейді. Бір шопанның қорасының маңына қаншық қасқыр бөлтірік өргізеді. Қой қайырған шопанның бұларға, қасқырдың оған зияны жоқ, бейбіт қатар өмір сүріп жатады. Бөлтірігін алайық деп ауыл жігіттері жұлқынғанмен, шопан оларды маңайлатпайды. Дүниеде бөлтірігін алдырған қасқырдан ашулы аң жоқ, ертең-ақ қойын қырып кетуі мүмкін. Бөлтіріктердің атасы мен енесі де көршісінің отарына өзге тұқымдастарын жақындатпай, сырттай қорғаштап жүреді. Осы кезеңде мынандай оқиға болады.

Ін аузына шығып, күн шуақта ойнайтын бөлтіріктер бір ақ қозыны абайсызда өлтіріп алады. Оны шопан да көреді. Ертеңіне енді қайтер екен деп бақыласа, отарында мойнында жібі бар бөтен бір ақ қозы пайда болып қалыпты.

Қызықты қараңыз, бөлтірігінің қылығына "ұялған" қасқырлар сол түні көрші ауылдың қотанына түсіп, әлгі ақ қозыны ұрлап алып келген екен.

Айтматов. Тұяқ орнына тұяқ дегені ғой... Хайуанаттар тірлігінде қызық оқиғалар аз емес. Ең қиыны – біздің хайуанға хайуан деп қарайтынымыз. Олардың ішкі иірімдеріне үңіле бермейміз.

Шаханов. Кеңес өкіметі тұсында табиғатқа "бәрі де біздікі, не істесек те еркіміз" деген психологиямен қарадық. Статистикалық қасаң мәліметке жүгінсек, соңғы тоқсан жылдың ішінде тек Алматы қаласы мен оның айналасындағы тал-терек, шетен жапырақты өсімдіктер елу жеті процентке кеміп кетіпті. Ал жеті-сегіз жылдан бері өсіп тұрған бір ағаш күн сайын айналасына отыз килограмм оттегі бөлсе, бұл күніне екі адамның кеуде керіп тыныстайтын таза ауасы екен. Демек, біз табиғатты құрту арқылы өз өмірімізге балта шауып жатырмыз.

Су, ауа, топырақ – біздің теңдессіз байлығымыз екенін жиі естен шығарып аламыз. Осы үшеуінің арасындағы биологиялық байланыс бұзылса, тіршілік азады. Бір клеткалы балдырдан киттерге дейінгі, судағы қарапайым шырмауықтан қарағайлы орманға дейінгі, жердегі, осылардан нәр айыратын әр түрлі сипаттағы екі, төрт аяқты болмыс иелері физиономиялық өзгерістер мен психологиялық кеселдерге ұшырайды. Ілкі бітімін, табиғи даму қалпын жоғалтқан жерде, Чернобыль мутанттары сынды құбыжықтар өмірге араласады.

Айтматов. Мерзімді баспасөз бетінде аз дүрлігу туғызбаған екі оқиға жылдар өтсе де, жадымнан өшер емес.

Краснояр өлкесінде тұратын қарапайым шаруа әйел жаз айында орманнан теріп әкелген саңырауқұлағын шыны ыдысқа салып тұздап, баптап, қысқа сақтап қояды. Көктем шыға үй астындағы жертөледе сақталған дәмнің қолқа қапқан иісін сезіп, төменге түссе, құдай басқа салмасын, қарсы алдында күмпиіп, ісініп жатқан бір құбыжыққа кезігеді. Әлгіні аяғымен түртуі мұң екен, байғұс әйелдің жан даусы шығып, шыңғырып жібереді. Қақпандай қысып, кемірген пәледен аяғын зордың күшімен ажыратып алғанда, бес башпайының еті жоқ, саудырап тек сүйегі ғана шығады.

Бұрын-соңды өмірде кезікпеген, белгілі пішіні, көлемі жоқ құбыжықты ғалымдар зерттей келе, саңырауқұлаққа сіңген радиоактивті сәуленің салдарынан өсіп шыққан мутант деген қорытындыға келеді. Күн санап көлемі өсіп, тәбеті артып, темір мен бетонның өзін бұйым көрмей, жалмап келе жатқан мутанттарды құрту мәселесі үлкен проблемаға айналып отыр.

Осы тәрізді екінші бір ғасыр құбыжығы Бермуд ұштағанында да өсіп шыққан. Теңіз бен мұхит суында тіршілік ететін, ұзындығы бар-жоғы қырық сантиметрлік медузаның айналасына апат әкелетін қатерлі жәндікке айналуында қандай құпия жатыр? Бақсақ, бір кездері Кеңес үкіметінің ядролық қару бөктерген сүңгуір қайығы сол Бермуд маңында бұзылып, суға үлкен көлемде радиоактивтік зиянды заттар тараған екен. Медуза осының әсерінен тез өсіп, мутантқа айналып, ұзындығы алпыс метрге дейін жеткен. Қазір де ол балық пен дельфиндерді бұйым көрмей, кезіккен қайық пен кішігірім яхталарға шабуылдай бастаған. Денесінің әр тұсынан өсіп шыққан қызғылт-көгілдір саусақтары тиіп кеткен жерін күйдіріп, тірі жәндіктің бәріне уымен өлім сеуіп келеді. Аз жылда жиырма-отыз теңізші құрбандығына айналып үлгерген бұл құбыжықтың саны жедел өсіп, екі жүзге жетіпті.

Жел қатты шайқаса, түбінен үзілетін әлсіз саңырауқұлақ пен қауқарсыз мұхит медузасы радиоактивтік заттармен араласқанда, адамзат баласына жаңа қатер туғызып отыр. Ал жер бетіндегі арыстан, піл, крокодил немесе судағы кит пен акула сынды айбарлы тіршілік иелері мутантқа айналса ше? Олардың көлемі, айналасындағыларға тигізер зияны қай шамада болмақ?

"Адамдар табиғатқа шабуыл жасап болды, ендігі шабуылды адамдар табиғаттан күтеді" деген ақылман Циол-

ковскийдің сөзі расқа айналып келе жатқаны парасат иелерін қатты ойлантуы тиіс.

Өйткені соңғы жылдары кейбір ғалымдар жер бетінде тіршілік бізден бұрын төрт мәрте қайталанған деген тосын (тіпті үрейлі) болжамға келді. Бұған сенсек, тіршілік атаулы алғашқыда жер сілкінісінен, келесісінде қанды қырғыннан, үшіншісінде ғаламат қарудың кесірінен, соңғысында топан судан жойылып, мүрдем кеткен. Осының бәріне кінәлы адамдардың рухани азып-тозуы, құлқынқұмарлығы, имансыздығы һәм табиғатты талқандауы екен. Міне, мәселе қайда жатыр!

Бесінші тіршілік иесі, біздер, жер шарын болашақта аман сақтап қала аламыз ба, жоқ па, — басты проблема осыған айналды. Егер адамдар табиғатқа, бір-біріне деген қарым-қытанасын осы қалпынан өзгертпесе, зауалды жанартаудан (вулкан) табамыз деседі. Тек аллам сақтасын де. Халықта ақырзаман боларда "жер астынан жік шығады" деген сөз бар емес пе...

Құдай айтты дейді: "Мен адам баласына бәрін бердім, тек ниетін өзінде қалдырдым", — деп. Рас-дағы. Бар мәселе сол ниет, пейілге тіреліп жатыр. Біз рухани тазармай тұрып, ешқандай игілікке қол жеткізе алмаймыз. Озық өркениет табиғаттың жауы деседі. Жо-жоқ, қателесеміз. Ең басты айыпкер — сол өзі құрған өркениет пен ақыл-ой, парасатын ұштастыра алмаған адамдар. Тіпті, басқасын айтпағанда, көбіміздің көктем сайын топыраққа бір тал шыбық шаншуға мойнымыз жар бере ме? Жоқ. Бұдан артық кішкентай мысалды іздесең де, таппассың.

Шаханов. Әр адам сәбиіне, жақсы көрген адамына арнап тал ексе, көшет отырғызса, қандай жарасымды. Әттең, осындай озық мінездер бізде насихатталмай келеді.

Көктем айында Бішкек қаласында үлкен сенбілік ұйымдастырылды. Сонда біз бір топ елшілер — түркиялық Метин Гокер, үндістандық Рам Сваруп Мукиджа, қытайлық Яо Пэйшень, американдық Ален Малой, ресейлік Михаил Романов, пәкістандық Назар Аббас, ирандық Мортеза Тавасоли, беларустық Александр Тумор, Бішкек қаласының мэрі Борис Силаев — бәріміз бірігіп, әдемі алаңқайда бір түптен ағаш отырғыздық. Болашақта мұның таптырмас естелікке айналары сөзсіз. Бір қызығы сол, сенбілік үстінде қырғыздың қасиетті топырағында дүниеге келген, өзіңіз кіндік атасы атанып, атын қойған қызыңыз Айчөрекке де арнап бір шыбық ектім. Екеуі бірдей бой жетсін деп іштей тіледім.

Иә, біздің Жер-Ананың алдындағы перзенттік қарызымыз бір-бір түп тал егумен өтелмес. Бірақ ізгілікте кішкене қайырымдылықтан бастау алмай ма?

Ал ауаға түрлі химиялық газ, шаң, тозаң қосындылары мен радиациялық қауіпті сәулелердің араласуы да жер бетінде бұрын-соңды кезікпеген қатер тудыруда. Әлемнің тұрғын саны миллионнан асқан көптеген қалаларында ауаның ластанғаны соншалық, Дүниежүзілік денсаулық сақтау (ВОЗ) ұйымы жас бүлдіршіндерді сегіз жасқа дейін ондай ортада өсіріп, тәрбиелеуге болмайды деген шешімге келіп отыр. Сол тізімдегі қалалардың ішінде Алматы да бар...

Айтматов. Он үш миллионнан астам халқы бар Токио қаласы осыдан он шақты жыл бұрын ауаның ластануынан аса зор қиыншылыққа тап болғаны есімде. Қала үйлерінің тығыз орналасқандығы, өндіріс, кәсіпорын мекемелерінің, зауыттар мен фабриктердің есепсіз көптігі, автомобиль, автобустардың легі күндіз-түні бір тыншымай, тоқтаусыз ағылатыны ұлы мәдениет пен озық технологияның алып орталығын мүсәпір халге душар еткен. Тіпті тұрғындарының біразы кеуде керіп, еркін тыныс ала алмай, таза ауа толтырылған маска киюге мәжбүр болған. Туабітті еңбекқор жапондықтар бұл азапты тірліктен қалай құтылды дейсің ғой? Ең алдымен, астана мэрінің орнына конкурс жариялаған. Негізгі шарты: кім ауаны жедел тазалайтын озық жоба ұсынса, сол қала әкімі болсын деген. Сонымен сан мыңдаған талапкер арасынан суырылып, ғылыми сарапта жеңіп шыққан азамат билік басына келді. Ол өзінің берген уәдесіне сәйкес Токионы алты айдың ішінде әлемдегі ең таза қалалардың қатарына қосқан. Осындай қатаң бәсекеде іріктелген жаңашыл да жігерлі басшы өркениеттің орталығына айналған қай қалаға да артықтық етпес еді.

Шаханов. Кейінгі кезде ғалымдарымыз жерді көмкеріп жатқан ауа қабаты жыл санап төмендеп, кішірейіп келеді деп, жаңа қатердің құлағын қылтитуда. Өйткені жер бетінен атмосфераға бөлінетін зиянды қалдық пен көміртек оттектен әлдеқайда көп мөлшерде екен. Тіршілікке ең қажетті осы екі элементтің тепе-теңдігі сақталмаған жағдайда, барлық болмыстың, жанды мен жансыздың арасындағы биологиялық байланыс бұзылатын көрінеді.

Жер шарындағы таза ауаның азаюына байланысты ауаны сұйылтып, қатырып, онымен бизнес жасайтын саудагерлердің шыққандығы жайлы сөз қозғайтын жазушы Александр Беляевтың "Ауа саудагері" атты фантастикалық романы есіңізде болар. Шығармада қалталы

байлар өзі тыныстар өмірлік ауаны қат-қабат жинап алады да, ақшасыз кедейлер еңбектеп, әр бұтаның түбінен бір жұтым ауа іздеп, алқымы ісіп, қорлықпен тірлік кешетін еді ғой. Мұны кеше жазушы қиялынан туған қиял-ғажайып ертегідей қабылдасақ, болашақта өкініші өзекті өртер шындыққа айналып жүрмегей де.

Жұмыр жердің өзі де соңғы ғасырда ғылыми-технологиялық дамудың ту-талақай көкпар тартысында қалды емес пе? Өзімен бірге жүз мыңдаған құрбандық әкеткен алапат жер сілкіністері мен су тасқындары орта ғасырлармен салыстырғанда, кейінгі дәуірде бес-жеті есе жиілепті. Табиғаттың мұндай тосын мінезі адамдардың аяусыз қатыгездігі мен тойымсыз ашқарақтығына деген қарсылығы іспеттес емес пе екен? Күндіз-түні есепсіз алынған мұнай мен газ, көмір, өзге кен шахталары үңги-үңги жердің ядросына жетпегенмен, үлкен бөлігін нәрін сорып алған құр қауашаққа айналдыра бастады. Жалпы, табиғатта басы артық еш нәрсе жоқ дейтін болсақ, онда біз аса өрескел түрде тепе-теңдік заңдылығын бұзған боп шығамыз. Қарапайым ғана мысал, жер астындағы мұнай теңізі немесе газ сорылып алынған соң, орны үңірейіп, бос қалатыны шындық. (Кейінгі жылдары ғана бос кеңістікті сумен толтыру технологиясы іске қосылды.) Осының өзі алды жер сілкінісінен бастап барша тіршілік иесін үш-төрт түрлі залады кеселге жолықтырады екен.

Әрине, бұл ойдан табиғи қазба байлықтарын өндірмеу керек деген үстірт пікір тумаса керек. Мәселе, кейін опындырып жүрмейтіндей етіп, озық тәсілмен, қамқор көңілмен игеруде ғой.

Айтматов. Қайбір жылы Қазақстан мен Қырғызстаннан күздің қараша айында жылы өлкеге ұшқан жүз мыңдаған аққу, қаз, үйрек бағытынан жаңылып, аяз қақап тұрған Якутияға қонып, жаппай қырғынға ұшыраған. Мамандардың пікіріне ден қойсақ, мысалы, Ыстықкөлде жұмыртқада шайқалып дүниеге келген балапан келер жылы көктемде, тіпті өмірінің ақырына дейін, сол туған жеріне жаңылмай қайтып келіп отыратын көрінеді. Қара суық түскенде Африкаға, Үндістан мен Цейлонға, Араб елдеріне ұшатын жыл құстары қайтар жолынан еш жаңылыспай, ауа ағысына ілесіп, діттеген өлкесіне дөп қонады екен.

Ал ауа-райын жан-жақты айыратын, бағытынан ауытқуды білмейтін табиғат еркелерінің теріс ұшып, Якутияға баруына не себеп? Мұның бәрі ауада радиацияның шектен тыс көбейіп кетіп, құстың сезгіштік

қабілетін төмендетіп, жолынан жаңылдырып жібергендігінен шыққан қиямет деседі. Ұшқан құс, жүгірген аңды діңкелеткен радиация екі аяқты пәнді айналып өтер дейсің бе?

Шаханов. "Кассандра таңбасы" атты романыңызда киттердің де негізгі бағытынан жаңылып, мүлде теріс қылық көрсетіп, дембіл-дембіл өздерін жағаға лақтырып жатқанын қайыра-қайыра суреттегенсіз. Тіршілік атаулының ішіндегі ең алып мақұлықтың мынау өмірден баз кешіп, өлімге бас тігуінде жетінші түйсік құпиясы, ал оның астарында адамзаттың бір-біріне қақпан құруына қарсылық, ақырзаман қаупі жатқанын зерделі оқырман ұғып, біліп отырады. Бәлкім, мұнда киттердің өмір сүрген ортаның ластануына деген наразылығы да жатыр ма, әлде әлемнің шектен тыс мазасыз қалыпқа көшуіне көрсеткен қыры да шығар, кім білген...

Жалпы, жердегі биологиялық кіші байланыс бұзыла келе, Адам – Күн – Ғарыш жүйесінің үлкен бірлігін істен шығарады, заманақырға жету үшін, міндетті түрде атом бомбасы жарылуы немесе топан су қаптауы қажет емес деп жазғаныңыз есімде. Бейкүнә құстардың тағдыр жолынан адасуы мен киттердің ұйымдасқан түрде өлімді қалауы осы ақиқатқа жетелейтін сияқты.

Айтматов. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ екен ғой. Жер бетіндегі сананың ең биік шыңы — адам десек (оның өзі шартты нәрсе), ең төменгі сатыдағы құрт-құмырсқаға дейін табиғаттың тең құқылы мүшесі. Тіршілік атаулының бәрі тұтасып келіп, үлкен биологиялық жүйе құрайды. Осының кез келген буыны құрып кетсе, ішкі байланыс үзіледі де, қоршаған ортаның тепе-теңділік заңы бұзылады.

Мысалы, қайсыбір жерде балықты жеп құртады деген оймен шағалаларды жаппай қырған соң, теңізде эпидемия басталған. Бақсақ, түрлі сырқатқа ұшырап, шабан қозғалатын балықтар шағалалардың уысына жылдам түсіп, жойылып тұрады екен. Демек, шағалалар санитарлық рөл атқарып келген.

Шаханов. Қытайда өткен "мәдениет революциясы" тұсында "төрт зиянды жәндік" – шыбын, маса, тышқан мен торғайды түп-тұқиянымен құрту жөнінде қаулы қабылданған.

Осы бір оқиға жайында Қытай Халық Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Яо Пэйшенъ маған мынадай бір қызықты оқиғаны әңгімелеп берген.

– 1958 жылдың ақпан айында, – дейді ол, – қытай халқының байлығы мен денсаулығына “ірі мөлшерде зиян келтіріп отырған” төрт жәндікті жою жайлы мемлекеттік дәрежеде қаулы жарияланды. Өркениетке жету жолында жасалған ірі қадам деп баға алған осы қозғалысқа елдің жасынан бастап жасамысына дейін үлкен мән берді.

Бұл дүрбелең көктем шыға тіпті науқанға айналды. Шанхай төңірегіндегі Люйхэ қалашығындағы мектепте оқитын мен де осы қызу қозғалыстың бел ортасында жүрдім. Күн сайынғы сабақты қанша тышқан ұстап, неше шыбын мен масаны жойғандығымыз жайлы мұғалімге есеп беруден бастайтынбыз. Ішіміздегі кейбір мақтаншақтауымыз өлтірген тышқандарын жіпке тізіп, шыбын мен масаны жіңішке істік темірге шаншып, сабаққа ала келетін. Көзін құртқан зиянкестердің саны неғұрлым көп болса, соғұрлым мемлекеттік маңызды тапсырманы үздік орындаған үлгілі оқушы боп марапатталатынбыз.

Келесі кезек торғайға тиді. Таңмен таласа тұрып, қолымызға шелек, шылапшын, бамбук ағашын, дауылпазды, даңғыраны, әйтеуір, даусы қатты шығатын нәрсенің бәрін алып, мектеп ауласына жиналамыз. Содан соң мұғалімдер бірімізді үй шатырына, екіншімізді ағаш бұтағына, үшіншімізді алаңдарға, көше бұрышына, жол бойына орналастырады. Қаланың өзге тұрғындарының да алдын ала белгіленіп қойылған өз орны бар. Бір мезгілде шыққан тарсыл, шелек пен шылапшын, даңғыра үні қала ішін азан-қазан ғып жібереді. Оған тұрғындардың айқайлаған, шыңғырған, қарлыққан, қырылдаған, бар пәрменімен бақырған, шіңкілдеген жуанды-жіңішкелі айқайы қосылады.

Құлақ жарған шудан шошынған кішкене торғайлар ауада әрлі-берлі сабылып, ұша-ұша шаршап, шағын қаланы тастап, далалықтарға бет алады. Біз болсақ оларды дәрмені құрып, аяғымыздың астына әне-міне құлап түседі деп күтеміз. Аяғы ұзын, дәмесі күштілер торғайларды талмай қуалап, даланы басына көтеріп, қаңғып кететін...

Ал Пекин мен Шанхай сынды ірі қалалардың тұрғындары мен мектеп оқушылары бізден гөрі бақыттырақ: торғайларды топ-тобымен құлатып алып жүрді. Мұны ерлікке балаған сол кезгі мерзімді баспасөз кереметтей дәріптеп жазып жатты. Мемлекеттің солақай саясатынан туған күлкілі әрі аңғал “аңшылығымыз” кейіннен опындыратынын қайдан білейік.

Елде түрлі зиянды майда шіркейлер қаптап кеткен. Торғайлар, әдетте, әлгі зиянкестердің көзін жойып отырады

екен ғой. Тіпті торғайды құртқанмен, егіннің шығымдылығы да артпаған.

Міне, табиғаттың тәлім болар тағы бір сабағы.

Айтматов. Жеке адам бойындағы эгоизм қанат жая келе, мемлекеттік эгоизмді туғызады. Соның салдарынан табиғаттың қаншама ғажайып нұсқаларын жоғалтып алдық.

Бірақ мың өкініш бір қажетті өтер ме?

Бөгде планетадан келгендермен (инопланетян) болған сұхбатта олар:

— Жер беті хрусталь Сарай сынды. Ал адамдар сол ғажайып Сарайға қамап қойған сүзеген өгіздің рөлін ойнап жүр, — депті-мыс. Егер рас болса, соншама ащы ақиқат айтылған.

Бірақ біз экологиялық тәрбие әліппесін балабақша мен мектеп қабырғасынан бастауымыз керек. Бүлдіршіндер адам баласының табиғатқа деген тұрпайы көзқарасынан зор қасірет туындайтынын сезіп өсуі тиіс.

Жер-жаһанға нұрын төккен Күн де сөнеді деседі. Қартайғаны шығар. Бауырындағы жан-жануарлары тұрмақ, жердің де өз жасы, ғұмыры бар. Ол шау тартпағанмен, алуан түрлі дертке шалдықты. Құтқарар дәру — адамдардың мейірімі! Сол ғана болашақ апаттан арашалап қалмақ.

Қазірде жоғарыда айтқан мемлекеттік эгоизм әсіре үстемдік құрып тұр. "Өз жеріме өзім қожамын, не істесем де еркім: өзен, көлін суалтамын ба, даласын жыртып, шөлге айналдырамын ба, әлде орман, тоғайын құртамын ба, тіпті өртеп жіберемін бе — ешкім қолымнан қақпайды" деген менмен саясат табиғаттың тынысын тарылтып бітті. Бір өңірдің көлі өлсе, екінші жердің ауа райына, үшінші өлкенің барша өсімдігіне қоса-қабат әсер ететінін ұмытпаған абзал.


Сондықтан әлемдік деңгейде табиғатты қорғаудың тұтас ғасырлық бағдарламасын жасауға жұмылу — адамзат қоғамы алдындағы басты міндеттердің бірі.

Әйтпесе, жоғарыда айтылған хрусталь Сарайымыз қирап, бүкіл адамзат баласы өзінің өмір бойы істеген кешірімсіз қиянатынан аһ ұрып, жан азабын арқалаған Қожажаштың кейпін киюі ғажап емес.

Құмырадан
шыққан
бассүйек
немесе
Түркі
тарихына
көзқарас



Жақсы ма, жаман ба, әділетті ме, әділетсіз бе – әр елдің меншікті тарихы бар. Сондықтан оның жақсысын асырып, жаманын жасыру немесе түрлі косметикалық бояудан, жамаудан өткізуге тырысу – адамзат қоғамы алдындағы кешірімсіз күнә. Өйткені әр ұрпақ өз ата тарихын өзге елдердің даму, шарықтау, құлдылау кезеңдерімен немесе оған себеп болған сан қилы оқиғалармен салыстыра отырып, ертеңгі бағытын түзеуге мүмкіндік алады.



Саған айтар бір сыры бар мылқау қара тастың да,
Өткен күннің бар белгісі жатыр құмның астында.
Құм астынан ата-бабаң құлақ етіп қияқты,
Сенің әрбір қимылыңды тыңдап жатқан сияқты.

МұхШаянов —

Шаханов. Тарихты білмеу – тамырсыздық. Дүниені мекен еткен ұлы халық па, кіші халық па, бәрібір, жер жаралып, су аққаннан бері жасалып келе жатқан төл тарихы бар. Ол қағаз бетіне түсіп, қатталып қалды ма, әлде уақыт атты құдіреттің табанында тапталып, құмға сіңіп, жоғалды ма, міне, гәп осында жатыр. Батысты айтпағанның өзінде, көршілес жатқан Қытай мен күншығыс елі атанған Жапонның сан мың жылдық шежіресін оқығанда, жаныңды әлдебір өкініш билейді. Қызыға да, қызғана да қарайсың.

Айтматов. Сәтімен тарих жайлы сөз бастасақ та, екеуміз де мұрағат қазып, дерек қуған, шежіре мен жылнаманың шаңын жұтқан кәнігі тарихшылар емеспіз. Екеуміздің бұл салада білгеніміз бен түйгеніміз, тіпті біліміміз қарапайым оқырман сауатының шамасында болуы да ықтимал. Бірақ, қайткен күнде де, әркім әрісі адамзат баласының, олар өмір кешкен қоғамның даму, өркендеу, шегіну құбылыстарын, берісі өз ұлтының кешегісі мен бүгінгісін, ата тегін белгілі дәрежеде білуі һәм қастер тұтуы шарт. Сондықтан өзге өркениетті елдердің әлденеше жырта қарыс жылнамасының жанында қалыңдығы бір-екі елдей ғана боп жетімсіреп тұратын төл тарихымызға қаламгердің көзімен шолу жасаудың артықтығы болмас.

Жасыратыны жоқ, түркі тектес халықтардың көп тарихы кешегі Кеңес Одағының тұсында жазылды. Елдің мүддесін көздеген небір көтерілістер мен олардың басшыларының жанқиярлық ерлік істері, халқын сыртқы жаудан жан сала қорғаған батырлар мен әділетті хан, би, бектердің әрекеттері тоны айналдырылып, кейінгі ұрпағына басбұзар, құбыжық бейнесінде көрсетіліп жатты. Кешегі 50-жылдарға дейін төл тарихымыздың шындығын жазуға талаптанған білгір ғалымдардың қаншасы империялық бұғаудың құрбанына айналып, қуғын, зәбір-

жапаны бастан кешті. Халықты өз тарихынан зорлап ажыратып, не ата, не әке тәрбиесін көрмеген баладай етудің соңында қандай астарлы саясат жатқанын жақсы білеміз.

Шаханов. Сол кезеңде тарихи тақырыпта сөз қозғала қалса, қазақтың көрнекті ақыны, марқұм Тайыр Жароков: "Өзім де қумын, Қазан төңкерісінен әріге аттап баспаймын", – деп әзілдейді екен. Ілгері тарихымыздың құпиясын ақтарамын, отын көсеймін деп, небір марқасқа замандасының қолы күйгенін, жазықсыз азап шеккенін өз көзімен көрген ақын сөзінде жан күйзелтер ащы сарказм жатқан жоқ па?

Шіке, кітаптың басқа бөлімдерінде өзіміз бастан кешкен, куәсы болған, түйсігімізбен танып, білген оқиғаларды, яғни көңіл қатпарында жатқан сырымыз бен шынымызды ортаға салып, ой бөлістік. Ал тарих дәрісі үлкен дайындықты, ыждағаттылықты талап етеді. Бұл аузымыздан шыққан лебізді қақшып алып жатқан магнитофон таспасы арқылы желдірте әңгімелеп өте шығатын оңай тақырып емес. Әлемнің әр түкпірінде жарияланған тарихи кітаптарды, түрлі шежірелер мен жылнамаларды, өз қойын дәптерлеріміздегі жазуларды ақтарып, салыстырып, алуан оқиғаларды ой безбенінен өткізген соң ғана әңгімеге отырғанымыз жөн болар. Бұл бөлімнің қиындығы да осында.

Тарихты зерттеген кейбір ғалымдарымыз көне мұраның өзін қалауынша өрбітіп, бірін қолдан көтермелеп, марапаттап, екіншісін көрнеу көзге тұқыртып келді. Тіпті бірінен-бірі көшірген (плагиат) еңбектер де жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кетті. Өзі өмір сүрген қоғамда ел-жұртқа залалын тигізген бәзбір қаныпезер тұлғаларды, әйтеуір, қисынын тауып, халықтық қаһарманға айналдыру кең етек алып барады. Мәселен, Сібір хандығын құлатып, Батыс Сібірге дейінгі кеңістікті қанға бөктірген Ермак пен оның қарақшылары неге бір ғана халықтың таным, түсінігімен бағаланып, құрмет биігіне көтерілуі тиіс? Сол сияқты монғол жұртының көңілін бағып, өткен күндердің обал-сауабын еске алмай, қылышынан қан сорғалаған Шыңғыс ханды және сол деңгейлес қанды тұлғаларды қалайша әспеттеп, шаң жұқтырмай марапаттаймыз? Сөз жоқ, олар белгілі дәрежеде туған еліне, жеріне жақсылық әкелген шығар, баз бірі сәулетті сарай соқтырып, кешендер мен мешіт салдырып, өркениетке азды-көпті үлес қосқан болар. Бірақ таразының екінші басында жатқан олардың

зұлымдық әрекеттерін қайда қоямыз? Оны немен ақтаймыз? Демек, тарихты таразылау дегеніміз – бір халықтың немесе сыңаржақ зерттеушінің жетегінде кетіп қалмай, бөле-жармайтын қалыстықты, алып-қоспайтын туралық пен азаматтық биіктікті иелену және сол тұрғыдан баға беру деген сөз.

Бұдан тайсаң, барды баптаған, жоқты таптаған баба тарихтың алдында бір, ал болашақтың алдында мың мәрте күнәһар атанасың.

Айтматов. Менің ойым да осыған саяды. Байқаймын, екеуміз, негізінен, түркі халықтарының тарихынан сөз қозғайтын сияқтымыз. Оған нәсілі басқа, тілі өзге, бірақ тілегі бір оқырмандарымыз тарыла қоймас. Өйткені исі түркі халықтарының тарихы басқа жұртқа қарағанда аз хатталды. Кейбірі шапқыншылық, жаутершілік заманның сақтарынан ат тұяғына тапталды. Ал бірен-саран нұсқасы шетел мұрағаттарында, мұражайларында сақталып қалды. Оның өзі – желісі үзілмеген тарих емес. Сондықтан әр халықтың тілінде жазылып, әр ғасырдың шеңберінде жарық көрген, бірақ тұтас хронологиялық жүйесі сақталмаған қырғыз бен қазақтың, қала берді өзге түркі халықтарының тарихын бір ізге түсіріп, шолу жасап, оқырманға ұсынсақ, осының өзі елеулі еңбек болмақ. Осы ізгі ниеттің үстінде отырған екеумізді өзге жұрт, қанаттас халықтардың зиялылары: "Е, көлеңкесі өздерінен аспапты ғой. Біздің тарихымызды ауызға алмай, жалаң түрікшілдік жолмен кеткен екен", – дей қоймас.

Біздікі бөліну емес, қайта көз жазып қалған жоғымызды түгендейік, шашылғанымызды жинайық деген жәдігер көңіл, жақсы тілек.

"Әке баласы үшін қандай жауапты болса, әр халық өз тарихының алдында сондай жауапты" – деген екен Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз.

Жер шарының түкпір-түкпіріне адамзат баласы Африка құрлығынан тараған деген археолог ғалымдардың қисыны шындыққа жанаса ма, жоқ па, – төреші болар біз емес. Бірақ төрт миллиардтың үстіндегі халықты тұтастырып тұрған жүздеген ұлт пен ұлыстың, алуан нәсілдің о бастағы шығу тегі мен өсіп-өркендеу, даму сатылары болғанын білеміз. Осы ұзаққа созылған эволюция кезеңін зерттеушілеріміз ерте дүние тарихы, орта ғасырлар тарихы, кейінгі дәуір тарихы деп, басты-басты үш бөлікке бөліп атайды. Осы үш кезеңнің қойнауында адамзат баласының аса күрделі тарихы жатыр.

Бағзы дәуірде өмір сүрген бабаларымыз бен әлемдік табиғат арасындағы қарым-қатынастың өзі, қарап отырсаң, аса шиеленісті жағдайда әрі бір-біріне тәуелді түрде дамығанына көз жеткіземіз. Құрлықтың денін су басып, көп өңір тоң мен мұз құрсауында қалғанда, ақ, қара, сары һәм қоңыр нәсілді пәнде баласы қай өлкеге қоныс аударды, кім-кіммен ырыздығын бөлісті – көп жағдайда жұмбақ. Өйткені адамзаттың жаралу тарихының өзі әлі күнге беймәлім. Десе де адамзат нәсілі жер шарындағы экологиялық ахуал жақсарған кейінгі 10 – 12 мың жылдықта ғана емін-еркін дами бастаған. Ғалымдарымыз адамның алғашқы еңбек құралы не нәрсе екенін тап басып білмесе де, жерге иіліп, алғашқы өсіргені – бидай дәні екенін дәлелдеп шықты.

Біздің жыл санауымызға дейінгі және одан кейінгі ерте дүние тарихына көз жіберсек, барша халық өзінің баландық дәуірін бастан кешкен. Неміс пен ағылшын, испан мен француз, жапон мен корей, фарсы мен араб, үндіс пен қытай – қай-қайсысында да бейбіт қатар өмір сүру, таным көкжиегін кеңейту, тайпалық бірліктен ұлыстық одаққа ұмтылу талабы басым болды. Осы ұлыстардың жуан ортасында Орта Азия топырағын мекендеген, тағдырдың айдауымен тіпті Алтайдан сонау Румға, Ираннан Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жөңкіген сақ, ғұн тайпалары да тірлік кешіп жатты. Бұл халықтардың қайсысы алдымен қала салып, қорған соқты, қайсысы өнер-білімге ұмтылып, әріп таныды, қайсысы ат жалын ерте тартып мініп, жаутершілікке ұмтылды, – тап басып айту қиын.

Мәселен, қазіргі Қазақстан жеріндегі ең көне қорымнан табылған қару-жарақты немесе өшекейлі затты, бұл біздің ерте дәуірде өткен бабаларымыздың көзі еді деп, еншілей кетуге де үлкен ғылыми сауаттылық қажет. Өйткені бұл алып өлкені б.з.д. VIII – III ғасырларда жеті түрлі халық жайламады ма? Бұл тек біздің білетін дерегіміз. Ал оның арғы жағында қанша ұлт ошақ құрып, от жақты, ұрпақ өргізді, – бізге беймәлім. Тіпті осы күнгі финдердің арғы тегі қазақ жерінен тараған жоқ па? Немесе Римнің көне қорғанынан табылған дулыға кезінде ғұн жауынгерінің тері сіңген бас киім болып жүрмесіне кім кепіл?

Демек, ерте дүние тарихын жасауда жер шарын мекен еткен халықтардың әр қилы деңгейде өз қолтаңбасы бар екені даусыз.

Шаханов. Адамзат баласы жерден енді бауыр көтерген алғашқы қауымдық құрылыста, бәлкім, біркелкі даму

сатысынан өткен шығар. Келе-келе тіршілік ауаны, тарихи оқиғалар мен алуан түрлі жағдайлар бірін ілгері оздырып, екіншісін кейінге қалдырып отырмады ма? Мәселен, әлемдік өркениет алдындағы Африканың кейбір тайпалары мен американдықтардың, жапондықтар мен үндістердің қазіргі жер мен көктей айырмасын немен түсіндіреміз? Бірінен екіншісін парасат, пайымы кем еді, заман көшіне сол себепті ілесе алмады деп қиып айту қиянат болар.

Америка құрлығы ашылғанға дейін ұлттық мәдениетін, еркіндігі мен салт-дәстүрін бұзбай сақтаған үндістер соңғы үш ғасыр көлемінде күшпен қоныстандырылған жерлерде ғана өмір сүру құқына ие болып қалған жоқ па?

Айтматов. Мұның бәріне кінәлы – отаршылдық психология еді. Әлемнің көптеген ғалымдары отарлық жүйенің қамытынан босамаған Африка мен Азия құрлықтары немесе Австралия байырғы тұрғындарының ғасырлар бойы экономикалық, саяси және мәдени жақтан артта қалып қою себебін сол халықтардың өздерінің тұрмыс жағдайынан, еңбекке бейімсіздігінен туындап отыр деген жалған қағида ұстанып келді. Шын мәнісінде ғой, оның ең басты себебі – сол елдерге қатысты ғасырлар бойы жүргізіліп келе жатқан отарлық саясат стратегиясы екенін мойындағылары жоқ. Осыдан *кәсіпшілдік теориясы* өріс алып, кеселді насихат құралына айналды. Мұның өзі асқына келе, дүниежүзілік небір жойқын соғыстардың шығуына түрткі болды.

Даму сатысында отырған кейбір мемлекеттердің қолайлы кезең, экономикалық ыңғайлы мүмкіндік туса, аз жылда оза шабуы ғажап емес. Тіпті өзінің мәдениеті, тұрмысы жағынан Азия құрлығынан қозы қөш кейін қалып қойған Еуропа елдері тек соңғы төрт ғасырдың көлемінде қарқынды өркендей бастады емес пе? Немесе кешегі әлемдік аренада салмағы жоқ Корея, Тайван, Сингапурдың қазірде дүниежүзілік нарықтың алдыңғы шебіне шыққанын немен дәлелдейміз?

Шаханов. Ойлау еркі мен орындау құзырының арасындағы жік, бостандық пен бұйыру ортасындағы алшақтық әлі күнге бітіспей келеді. Тән құлдығы жүрген жерде жан азабы қатар өрбиді. Осы екеуі біріге келіп, тұтастай ұлттың мәдениеті мен салт-санасы, дәстүріне, жалпы парасат, пайымына, арғы-бергі тарихы мен этнографиясына деген жан-жақты салқын көзқарасты туды-

рады. Өткен ғасырларда орыс дворяндары мен зиялыларының ана тілінен безініп, оны кедей-кепшіктің қатынас құралына дейін төмендетіп, өздері француз тіліне көшіп кеткені нақты дәлел бола алады. Немесе, жоғарыда айтқанымыздай, Көшім хандығын түп төркінімен жойған, іргелі елді қанға бөктірген Ермак жорығын дәріптеп, "Сібір халықтарын жарқын болашаққа бастаушылар" деп келдік емес пе? Сол сияқты патшалы Ресей отаршылары да Орта Азияның мешеу жатқан халқын жабайылықтан құтқарушы, мәдениетін өркендетуші қатарында санап, дәріптегенімізді қай қисынға жатқызамыз.

Жалпы, әлем тарихында тілдес, діндес, қарулас халықтардың өзге, өзі бұратана санаған халықтарға иық көрсетуі – ежелден бері тамыр жайып келе жатқан нәубет.

Нәсілшілдік теорияның ең ауыр қиянаты – тарих алдындағы жалғандық еді. Бір елдің нарқын көтеріп, даңқын әспеттеу үшін, кенже дамыған, яки рухани сыбайлас емес екінші бір іргелі жұртты шетке қағу, оған тарих сахнасынан орын бермеу, қолдан тұқырту үстемдік құрып келді. Мұндай империялық астамдықтың күні біз үшін келмеске кетті десек те, қаншама ұрпақтың санасын улап, рухани жағынан кемтар етті десеңізші!

Айтматов. Ал "Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресі" деген құнды еңбекте осы Орта Азияны жайлаған сақтарды өте батыр, жауынгер халық, қасына қатал, досына адал деп суреттей келіп, "олар соғыста өлтірген жауының бас сүйегіне ішімдік құйып ішеді, жон терісінен шылбыр еседі" деген. (Әрине, өткен ғасырларда мұндай қаныпезерлік әр халықтың өмір тарихында болған, біз мұны мадақтаудан аулақпыз. Сондықтан кешегі шындықты бүгін сол қалпында айтсақ, ешкім кінәлай қоймас.) Сақ тайпаларының хандары қайтыс болса, қарамағындағы жұрт тегістей аза тұтып, шашын жұлып, бетін жыртып, қолын оқпен теседі екен. Ханды қорғандарға жерлеп, жанына ханымы мен қызметшілерін, аттары мен қару-жарақтарын, алтын, күміс ыдысы мен тамағын қоса көметін дәстүрді тұтынған.

Шаханов. Жаутершілік замандағы бір халықтың екінші халыққа жасаған қиянатына өкпе айтқаннан не пайда? Бірақ өкініші өзегінді өртеп, тыншу да бермейді.

Мәселен, қазақ ақынының:

Арабтар келгенімен тек келмеді,
 Бас болды ат артына бөктергені.
 Сынтастың жазуларын қырып тастап,
 Тарихқа қиянат қыл өктемдегі...
 Кешегі ойма жазу орынына
 Жыландай иреңдеген әріп мінді, –

деп жазғанына зер салайықшы.

Айтматов. Осы өлеңдегі ойма жазу дегенде қандай мән жатыр? Ғұн жазуы бізге жетпей қалды. Қытай жазбаларында түркі тілдерінің сол ғұннан бастау алғаны айтылады. Исі түркі халықтарының тотемі – бөрі. Бұрын олардың туында көк бөрінің басы бейнеленгені сондықтан. Аңызға сүйенсек, ғұн патшасы бөрінің нәсілі екен. Елге жау тиіп – қанды қырғын басталғанда, әміршінің барлық баласы қаза табады да, кенже ұлы тірі қалады. Оның өзінде жау тайпаның сарбазы баланың екі қол, екі аяғын шауып, содан кейін бейшараны батпаққа лақтырып тастап кетеді. Кейіннен баланы қаншық қасқыр тауып алып, асырап, өсіріп, екеуі некелі болып – он ұл көрген дейді. Сол онның ең кішісінің аты Ашина екен. Түркі қағандарының әулеті осы Ашинадан тарайды. Қаншық қасқырдың өзге балалары: Қыпшақ, Қырғыз, Татар т.б. деп аталған да, кейін олар түркі халықтарының этнонимдеріне айналған.

"Тотеміміз – көк бөрі" дегеннен шығады, жас сәбиді қасқыр асырап, өсірген оқиғалар көптеген елдердің аңыз-әңгімелерінде, тіпті күнделікті өмірде де кездесіп қалып жатпай ма? Соның бірі – сегіз емшекті қаншық қасқыр бауырында бағып, ер жеткізген кәдімгі Ромул мен Рем.

Ежелгі Троя күлге айналып, қирағанда, тарихтан мәлім, кейбір қала қорғаушылары құтылып шығады. Қашқындар кемеге мінген еді. Энейдің басшылығының арқасында ұзақ сапар кешіп, Италияға жетеді. Араға ондаған жылдар түсіп, таққа Энейдің ұрпағы – пейілі кең, жаны жайсаң жігіт Нумитор отырады. Ал мұның кенже інісі Амулий болса – ішіне шынашақ айналмайтын қызғаншақ әрі күншіл. Есіл-дерті таққа ауып, билікке құмартқан ол ақыры туған ағасын мерт етіп тынған. Мақсатына жетісімен, Нумитордың күллі тұқым-тұяғын өлтіруге әмір етеді. Сонда Ромул мен Ремнің қанын мойнына жүктеуге қорыққан бақташы бейкүнә екі сәбиді асырап алып, қаншық қасқырға емізіп баққан. Екі жеткіншек ер жетіп, түбі ел билігін өз қолдарына алады. Рим

қаласының негізін қалаған да осылар деп, итальяндықтар әлі күнге дейін аңыз өрбітеді.

Шаханов. Дұрыс айтасыз, дүние жүзінің біраз елдерінің ертегілері мен аңыз, әпсаналарының, мақал-мәтелдерінің соншама ұқсастығы арнайы әңгімелеуді қажет еткендей.

Рим дегеннен шығады, әлемнің ерте дүние, орта ғасырлар тарихын сүзіп шықсаңыз, ең көп жазылғаны, әрбір оқиғаға жан-жақты баға берілгені – осы аталған империяның жылнама шежіресі. Қаламын сиясауытқа ерте малған жұрттың бұл құнттылығы – қуана құптарлық жайт. Бірақ өзекті өртер бір өкініш кейбір сыңаржақ, тайыз тарихшылардың әділетсіздігінен туып жатады. Кейбір оқулық беттеріндегі:

“Варварское завоевание Римской империи в V веке способствовало упадку античной культуры” деп басталатын сөйлемді көргенде, мұны жазған ғалымның пайымына еріксіз таңғаласың.

Тарихты қарап отырсаңыз, біздің дәуіріміздің V ғасырына дейін римдіктер күллі Батыс Еуропаны жаулап, аяусыз езгісінде ұстап еді ғой. Әлде бұл шапқыншылық жабайылықтың көрінісі емес пе? Екі алып құрлықтың халқына бір қарғыбау таққанда ұтқанымыз қайсы, шыққан ұшпағымыз кәне?

Айтматов. Жалпы, қай дәуірде болмасын, билік басындағылардың қырғи қабақ келіспеушілігінің қиянат, жапасы қарапайым халыққа тиіп отырған. Әйтпесе қарапайым диқан немесе бақташы, қойшының өзге елдің байлығына өндірішек созып несі бар?

Егерде ежелгі заман тарихшылары ұлттарды жабайылар, варварлар деп атаса, бәлкім, олар мұны агрессияны ақтау үшін, солай еткен болар, әйтпесе жаулап алушыларды, яғни өздерін-өздері – айналасындағылардың бәрін, агрессияға ұшыраған халықтар үшін қымбат та жақын, олардың өмірлерінің өзегін құрайтын нәрселердің бәрін талқандап, жойып жіберушілерді қалай ақтамақ. Есіме біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген римдік ұлы ақын Публий Овидийдің мына бір естелігі түсіп отыр. “Вокруг меня живут воинственные сарматы. Летом нас защищают от них прозрачные воды Дуная. Но когда наступает зима и реки покрывает льдом, сарматы производят набеги. На быстрых своих лошадях они увозят из римских поселений имущество, скот и захваченных пленных. Даже по улицам города нередко пролетают сарматские стрелы, пропитанные ядом”.

Алып-қоспасы, өтірігі жоқ, болғаны болған күйіндегі нағыз тарих осы деп есептеймін.

Шаханов. Иә, бар болғаны 24 жасында дүниежүзілік даңққа бөленген ақынның кейінгі тағдыры да өте шымшытырықты. Туабітті сері мінез, әрі қара қылды қақ жаратын туралығынан шығар, Цезарьдың қаһарына ұшырап, ақыры Италиядан қуылып, алыстағы Қара теңіз жағалауына жер аударылған.

Римдіктермен ұзақ жылдар бойы жауласқан сарматтардың арасына еріксіз келген Овидий жергілікті халықтың тілін кереметтей меңгеріп, өлең де жазған. "Аза жырлары" ("Скорбные песни"), "Қара теңізден хат" ("Послания с Черного моря") деген екі кітабы үшін сармат көсемі оны Лувр өрмегүлімен сыйлаған. Сарматтардың қаншама құрметіне бөленгенімен, ақын жүрегі алас ұрып, Италияны аңсап, шыдас бермейді. Оның Рим императорына елге қайтаруды сұрап, көз жасымен жазған хаты әлі күнге сақтаулы.

Амал не, ақыры аяулы ақын Қара теңіздің ақжал толқындарынан туған еліне сәлем жолдай-жолдай қажып, қартайып, сол сарматтардың ортасында көз жұмды.

Айтматов. Негізгі әңгіменің ізін суытпайық. Сақ дәуірінің кейбір жәдігерліктері, қаза болған атақты түркілерді бейнелеген тас мүсіндер мен балбалдар күні бүгінге дейін жетіп отыр. Тіпті шумер мәдениеті, олардың жазуы мен әдебиетінің бізге жат еместігі былай тұрсын, қайта өте жақын.

Монғолияның Суджин-даван деген жерінен табылған Орхон – Енесей жазбасындағы мына сөздерге назар аударалық: "Мен, Яглакар-хан-ата, ұйғыр жеріне келген мейманмын. Мен – қырғыз. Мен – жоғары мәртебелі лауазым иесі. Мен – оғя бақытты Баба-Тарханның бұйрықшысымын"... Немесе Талас жеріндегі руникалық жазуға зер салайық. Онда: "Қорғаушылары (шынын айтсақ, достары) отыз оғлан жас еді. Мешін жылы он алтыға толдым... менің атым – даңқты Қара Чур" делінсе, Әулиеатаға жақын Айырташ-Ой деген жердегі таста: "Оның аты – Чур. Сіздерде отыз оғлан бар, пайда һәм молшылық (бейбітшілік) жолында бізден бөлінді (өлді). Күйеулерін сеніп тапсырды. Оғлан Чур соңын ұстап, ізін басып қалды. Әйелі жесір қалды" деген шежіре жатыр.

Егер басқа тарихи куәлік беттерін парақтап, ата-бабаларымыздың осынау жұмбақ жазуын ежіктеп шықсақ, онда ғасырлар сырына қаныға түсеміз. Осы жазбаларда айтылған қырғыз баласы өте ертеде ұйғыр

жеріне қоныс аударған Енесей қырғыздары көсемдерінің бірі-тін. Оның *Бойла* деген жоғары әскери шені болған. Бұл – IX – X ғасырларда қырғыздардың ұлы державасы болғандығының айғағы. Ол кезде қырғыздар ұйғырларды күйрете жеңіп, Кіндік Азияда басты күшке айналды. Жоғары билік пен сот өкілдіктеріне ие болған қырғыз феодалы өзіне бағынысты ұйғырларды ата қоныстарында билеп-төстеп тұрды.

Бәлізшінің көк тасқа ойып түсірген руникалық жазбаларының көп жерін уақыт атты құдірет сипап өшірген. Бізге жеткені оннан бірі ме, жүзден бірі ме, – барын қанағат тұтамыз да...

Шаханов. Құлтегін – Тоныкөк жазба ескерткіштері де түркі халқының бір кезгі аумалы-төкпелі тарихынан мәлімет береді.

"Жалпы, Тоныкөк деген кім, ат жалы, түйе қомында жүрген халқына қандай шапағат көрсетіп еді", – деген сауал туады.

Айтматов. Ғафу өтіне отырып, мен Тоныкөктің есімі жөнінде тікелей ішкі түйсіктен туған өзімнің жорамалымды айта кеткім келеді. Маған оның шын аты "Түнкукук", яғни "түн көкегі" дегенді білдіретін болар деген ой келеді.

Шаханов. Мүмкін. Әдемі-ақ. Мұны қазірше осылайша қалдырайық. Тоныкөк – шамамен 646 жылы туып, 731 жылы қайтас болған исі түркі халқының көсемі. Елтеріс, Білге қаған, Қапаған, Құлтегін оғландарының дана ақылгөйі. Елжұртының тағдырын, қайғысы мен қуанышын тасқа ойып, шежіре қалдырған мұндай тұлға аса сирек кездеседі. "Білге Тоныкөк – мен өзім, табғаш елінде тәрбие алдым. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді" деп жазады өз өмірбаянын. Табғаш деп қытайды меңзегені. Кейбір деректерге сүйенсек, Тоныкөктің ата-жұрты Қара Ертістің жағасын мекендеген Қарлақ тайпасынан шыққанын аңғарамыз. Тас бетіне түскен шежіреге үңілсек: "Мен Білге Тоныкөк Алтай асуын асып келдім. Ертіс өзенін кешіп келдік. Келген адам батыр. Бізді білмейді. Тәңірі-Ұмай енеміз, қасиетті жер-суымыз қолдайды бізді. Көп екен деп неге қашамыз, азбыз деп несіне қорқамыз. Неге басындырамыз. Шабамыз дедім. Шаптым. Қудық... Қалғанын тұтқындадық. Жабғысын шадын сонда өлтірдік... Түргеш ханы – түркіміз, өз халқымнан еді. Білместігі үшін, бізге жауыздығы үшін қағаны өлді", – дегенді оқимыз.

Мұнда Екінші Түркі қағанатының қаһарман көсемдері – ержүрек Құлтегін мен кемеңгер Тоныкөктің өзде-

рінің жасағынан екі есе көп түргеш қолына лап қойып, қарсыласын тас-талқан етіп жеңіп, қағандарын өлтіргені туралы айтылып отыр.

Айтматов. Әттең, осындай шежіре зерттеушісін күтіп, қаншама жыл тарих тозаңының астында жатты десеңізші! Онда, міне, былай жазылған:

"Тәңірі жарылқады! Бүкіл түркі халқына қарулы жау келтірмедім. Атты әскер жолатпадым... Халқымыз қайтадан еңсе көтеріп, халық болды. Өзім қартайдым, ұлық болдым.

Түрк Білге қағанның еліне арнап тасқа жаздырған мен Білге Тоныкөкпін", – деп, еліне соңғы сөзін қалдыруы түркі халықтарының көмескі көне тарихына жаңа бет қосты.

Шаханов. Іргелес отырған жауынан түркі елін талай мәрте сақтап қалған, заманында көк семсер атанған Құлтегін жайлы жазбаларды да ерлік шежіресі деп бағалаған ләзім. Оның қазасын досы түгіл, қасы да аза тұтқан. Білге қаған оның ерлікке толы өмірін сипаттай келіп: "Інім Құлтегін қаза тапты. Өзім қайғырдым. Көрер көзім көрместей, білгір ақылым білместей болды. Өзім қайғырдым. Тағдырды тәңірі жасар, адам баласы бәрі өлгелі туған. Қайғырғаным соншама, көзге ыстық жас келер, көңілге ауыр шер басар... Он оқ ұлым, түргеш қағанынан Мақраш таңбашы, Оғыз білге таңбашы келді. Мазар тұрғызуға, өрнектеген жазба тасты тұрғызуға тағаш қағанынан зергерші Чан Сенун келді. Құлтегін қой жылы, он жетінші жылы өлді, тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледі" деп жаздырған.

Айтматов. Осы Құлтегін жазбалары мен Талас ескерткішіндегі руникалық жазбаларда мезгіл бірлігі, оқиға ұқсастығы жатқан жоқ па?

Шаханов. Шіке, Сізбен осы ұзақ сұхбатқа отырмас бұрын, ерте дүние және орта ғасырлар тарихын қайта қарап шықтым. Ондағы мақсатым – түркі тектес өзбек пен ұйғырдың, қырғыз бен қазақтың, түрікмен мен қарақалпақтың, татар мен башқұрттың, ноғай мен шуваштың, хакас пен саханың, алтайлықтар мен шордың, әзірбайжан мен түріктің, гагауз бен ителгінің, қарашай мен балкардың т.б. түпкі шығу тегін, кейінгі дәуірлердегі ұлт болып бөліну кезеңін анықтау еді. Алып бәйтеректің өркен жайған бұтақтары сынды өсіп-өнген бір атаның балалары тарихи жылнамаларға әр алуан атпен еніпті.

Ежелгі грек деректерінде сақтың өзін массагет, яксарт, дай, дахи, фарат, комар, асқағат, исседон, асси,

аримасып, сармат, каспий деген ұлыстарға бөліп, әрқайсысының қоныстанған жерін анық көрсетеді.

Айтматов. Жоғарыда өзің санамалап өткен түркі тектес ұлттардың түп аталары осы құранды тайпалар дегеніңе мен де қосыламын. Оған дәлел – тарихтың куә беттері. Ғұндардың арасында белгілі мөлшерде түркілер де болды. Ғұн да, скиф пен сақ атауы да әлемдік тарихқа енген. Сол замандағы хандар мен батырларымыздың ерлік істерін ауызға алсақ, бұл өзіңді-өзің мақтап, өзгені тұқырту болып шықпас. Мәселен, біздің жыл санауымызға дейінгі VI ғасырда сақ-массагеттердің Томирис деген әйел патшасы болғанын білеміз. Ол жайында мынадай дерек бар.

Сақ тайпалары Томирис патшалық құрып тұрған кезеңде Ассириямен, Мидиямен жақсы қарым-қатынаста болған. Парсы патшасы – атақты II Кирдің өзі сақтармен достық, соғыс одағын жасасқан. Алайда асып-тасқан II Кир бұл одақты місе тұтпай, Орта Азия мен Қазақстан жерін жайлаған сақ-массагет елін кіріптар етіп, жаулап алуға ұмтылған. Қиян-кескі соғыста парсы әскері тас-талқан болып жеңіліп, II Кирдің өзі майдан даласында қаза тапқан. Осы ұрыс жайында грек тарихшысы Геродот: "Массагеттердің әйел патшасы Томирис шайқаста парсыларды жеңгеннен кейін Кир патшаның басын кесіп алып, қан толтырылған тұлыпқа салдырды. Сосын "өмір бойы аңсағаның қан еді, құмарың қанғанша іш" деп, тұлыпты дарияға лақтыртты", – деген мәлімет қалдырған.

Сақтар о заманнан ата-бабаларының аруақтарына тәу етіп, аспан әлеміндегі планеталарға – Күн мен Айға, жұлдыздарға табынған. Ал отырықшы сақтар жаратушыға балап, "Көкке – Тәңірге" табынған. Тіпті соғыс тәңірі бар деп есептеп, қылыш пен найзаны жерге тік шаншып, үстіне қан тамызып немесе сүт құйып, сиынған.

Қаза тапқан патшасы мен ержүрек жауынгерлерді аса құрметтеп жерлеп, тұрмысқа керекті барлық заттарын өзімен бірге көмген. Зираттың үстіне топырақтан оба үйіп, айналасын таспен қалап, жиектеген.

Шаханов. Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы Есік обасын Кемел Ақышев бастаған археологтер қазған кезде "Алтын адам", яғни сақ жауынгері мүрдесінің табылуы дүниежүзілік археологияға жаңалық боп енді. Бұл обада басын батысқа беріп, шалқасынан жатқан 17 – 18 жасар сақ жауынгері жерленген. Басына 200-ден астам алтын әшекеймен безендірілген шошақ төбелі биік (65 – 70 см)

тымақ киген. Олардың әрқайсысы арқардың, таутекенің, барыстың, аттың, құстың кескінімен өрнектелген. Бас киімнің маңдай жағы теке мүйізді қос аттың мүсінімен және екі ұзын қос жапырақпен безендірілген. Мойнына таққан алтын алқаның ұшында жолбарыстың бастары ыдырынып тұр. Үстіне киген қызыл былғары бешпетінде үш мыңға жуық алтын әшекей бар. Белін сом алтынмен әшекейленген қайыс белбеумен буынып, оң жағына ұзын темір семсер, сол жағына алтынмен айшықталған темір қанжар асынған. Қабырдан отызға жуық ыдыс табылды. Олардың ішіндегі күміс тостағанның түбінде 26 таңбадан тұратын екі жол жазу бар. Бұған "Есік жазуы" деген ат берілді. Ғалымдар бұл жазуды оқи алмады, бірақ олар б.з. дейінгі IV – III ғасырларда Қазақстан көшпелілерінің жазуы болған деген қорытындыға келді.

Қазірде сақ дәуірі мәдениетінің бірегей кезінде ғұмыр кешкен "Алтын адам" дүние жүзінің барлық тарихи-этнографиялық көрмесіне қатысып, көрермендерді өзінің сән-салтанатымен таңдай қақтыруда. Иә, біз таныта алмағанымызды сол танытып, біз айта алмағанымызды сол айтып, біз бара алмаған жерге сол барсыншы...

Өткен дәуірдің өлшеусіз құнды ескерткіштері қай халықта да болған. Әспеттеп сақтап, қадірін білгенге әлемнің жеті кереметінен бастап тебен инеге дейін көз жазып қалған бағзы заманның куәсына айналары ақиқат. Ертеңгі күнмен ғана өмір сүрген елдің бүгінгі де, кешегісі де баянды болмақ емес. Көне мұралар сақталған мұрағаттар әр халықтың тарихи жады іспеттес. Қаншама ғасырлық ғұмырбаянын шашау шығармай, көздің қарашығындай сақтап отырған өркениетті елдерді ара-лағанда, ішің қыж-қыж қайнайды.

Ерте дәуірдегі ұлт пен ұлыстың қалыптасу кезеңі мен орта ғасырлардағы шапқыншылықты, жаугершілікті заманның ортасында мәдениетті, өнерді, ғылымды айтарлықтай дамытқан алтын ғасыр өткен сынды. Жер шарында небір көрікті қалалардың бой түзеп, салтанат құрғанын, теңге айналысқа түсіп, жазу-сызудың өмірге келгенін айтпағанның өзінде, әлемнің жеті кереметі сол заманның төл тумасы емес пе? Яғни дүниені апаттан құтқаратын сұлулыққа деген ынтазарлық басым түсіп жатты.

Ал әлемнің орта ғасырлардағы билеушілері де ежелден бауыр басып қалған еншілігі, шекарасы бар жерді қайтадан бөліске салуға, үлестен мол қарпып қалуға жанталасып бақты. Әлдінің әлсізге көрсеткен құқайынан

көптеген елдің ғасырлар бойы қалыптасқан даму дағдысы бұзылды. Жалаң шоқпар, шолақ найзаны бірте-бірте алмастырған оқ атқыш қарулар қанды қырғын, қасіретті жылдарды еншілей келді.

Айтматов. Даму, дәуірлеу кезеңі тұсында іргелес отырған бауырлас елдердің (мысал үшін қай ғасырда да жігі айырылмаған орыс, украин, беларусь халқын алайық) кейінгі жаутершілік заманда да бір-бірінен көз жазып қалмағаны анық. Мәселен біздің жыл санауымызға дейін және одан кейін қазіргі түркі халықтары тарих тізбесінде Үйсін қағанаты, Қаңлы қағанаты, Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлық қағанаты, Қимақ қағанаты, Дешті Қыпшақ елі, Оғыз қағанаты болып аталса да, әр алуан тайпаның басын біріктіріп, елдік үрдісінен ажырамаған.

Шаханов. Дұп-дұрыс, орта ғасырларда "Оғыз қағанатын" құрған түркі тектес қырық үш атаның ішінде осы күнгі біздің бауырлас қазақ пен қырғыз да бар еді. Саусақ бүгіп, түгелдей санап айтсақ – қырғыз, қазақ, маңғұт, құрама, қарақалпақ, қыпшақ, тайшық, қоңырат, қатаған, жәдігер, қалша, ноғай, башқұрт, шуваш, естек, қият, мұнапыс, қаңлы, түрікмен, нойғұт, уақ, құсшы, арлай, табан, арғын, керейт, жалайыр, ауаты, ұйғыр, туба, қарлық, тебей, тейт, татар, қыршын, хакас, якут(саха), қанды кезек, алашы, бостан, дауласы, сады, базыс...

Осылардың ішінде татар мен қарақалпақ, якут(саха) пен түрікмен, башқұрт пен ұйғыр, шуваш пен хакас, туба өз алдарына жеке шаңырақ көтеріп, мемлекет атанды да, қалған аталар өзбек, қырғыз, қазақ халықтарының негізін құрады.

Айтматов. Шежіреге ден қойсақ, әйгілі Қараханнан Оғызхан тарайды. Оғызханның ұлы – Тағынханнан қазақ, қырғыз, түрікмен, құрама мен маңғыт тумай ма?

Шаханов. Желіні үзбей, одан әрмен тарқататын болсақ, Алтын Орда ыдыраған соң, осы аталған халықтар мен ұлыстар хандықтарға бөлініп, Ноғай ұлысы, Маңғыт ұлысы, Татар хандығы, Қазақ хандығы және тоқсан екі баулы Өзбек ұлысына айналған.

Мәселен, Өзбек ханның қол астында ұйысып, тоқсан екі баулы өзбек халқы атанып, Орта Азияны мекендеген бауырларымыздың да ғасырдан-ғасыр оздырған шежірелі тарихы, бүгінгі өркениетке жеткенге дейін жүріп өткен қилы-қилы соқпақты өз жолы бар. Орта ғасырда Шайбанидтер әулеті орда көтерген өңір жалғыз өзбек

жұртының емес, сол сияқты құрама, маңғыт, жүз, лолы тайпалары мен бұхар еврейлерінің де өсіп-өркендеу, даму орталығына айналды. Не десек те, талай шапқыншылықтар мен қанды жорықтарды бастан кешкен, бірде жеңген, бірге жеңілген, бірақ та сына батпас ұлттық бірлігін еш жоғалтпаған, әр уыс топырағы ғажайып сырға толы құт-берекелі ел.

Қай дәуірдің биігінен көз салсаңыз да, Ресей империясына қараған өзге мұсылман өлкелеріне ғылым мен білім, дін-шариғат екі үлкен аймақтан тарап жатты. Оның бірі – татар мен башқұрт ағайындардың астанасы Қазан мен Уфа да, екіншісі – ежелгі Бұхара мен Самарқандт шаһарлары. Бұл ірі орталықтардағы күмбезін күн сүйген зәулім мазарлар мен мешіттер, медреселер, кең қанат жайған қолөнер мен сауда-саттық халықтың жалпы мәдениетімен қоса, дәулетін де еселеп арттыра түсті.

Иә, әлемге сырмалы шапаны, ала тақиясымен танылған, жер емшегін емген еңбекқорлығымен өзгелерді сұқтандырып баққан өзбек елі – Әлішер Науаи сынды ұлы шайырлар мен ғұлама астроном Ұлықбектей сүлейлерді берген іргелі жұрт.

Қанаттас жатқан бауырлас қазақ пен қырғыз олардың тарихи негізінің мықтылығына, ұлттық бояуының қанықтығына әр кез құрметпен қарап, "өзбек – өз ағам" деп арқа сүйеп сөйлейтіні тегіннен-тегін емес.

Бағамдап қарар болсақ, бұл лебіздің астарында замана желі қай тұстан соқса да, бордай тозбас асылым, құты қашпас кемелдім, өңін бермес шырайлым деген ілтипат жатыр. Өзгесін айтпағанда, бір ғана мысал, түркі тектес жұрттардың бірталайы тым ерте дәуірден бергі жазылып қалған жылнамалар мен шежірелердің қадіріне жетпей, құралақан қалғанда, өзбек ағайындар ешқайсысын шашау шығармай, арнайы Қолжазба институтын ұйымдастырып, үлкен көшелік танытты.

Өгіз терісімен қапталған бәс жетпес құжаттардан бастап барша түркі тектес елдердің қағазға түскен шежіресі, ғылыми еңбектері осы еңселі ғимараттың қабырғасында көз жауын алып, қатар түзеп тұр. Міне, өткеніңе – құрмет, қазіргіңе – тәлім, келешегіңе – аманат осындай жәдігерліктен басталса керек.

Осы сұхбат үстінде әр түрлі себептермен аттары тым сирек аталып жүрген сонау Ғұн дәуірінен бергі еліне – пана, жеріне – қорған болған арыстарымыздың, одан бергі заманда өткен исі түркі халықтарына ортақ

баһадүрлері мен шапағатты хан, бектерінің, ақылмандарының есімдерін ауызға алған жөн болар.

Біздің тарихшыларымыз бен зерттеушілеріміз көзге ұрып тұрған деректердің байыбына бармай, мәселен, қазақ деген халықты 1456 жылы Айдан түсе қалғандай көреді. Арғы жылнама, ғұмырнамаларға аттап басқысы жоқ. Жыл санауымыздан арғы-бергі замандардағы халықтар басында болған тоғысу, ірге ажырату сынды үлкен бөліністерді қаперлеріне ілер емес. Ең жан қинары – өткен тарихқа бүгінгі күннің көзімен баға беру. Біз мұндай пайым, ой түйюмен қыр аса алмаймыз.

Айтматов. Француздың ескі энциклопедиясында: "Ғұн ордасының құрамына көптеген көшпелі тайпалар енді. Ғұндардың бел алып, жарты әлемді бағындырған кезі Аттиланың тұсы", – деп жазылған. Аттила деп отырғанымыз – V ғасырда өмір сүрген атақты Еділ батыр Мундзукұлы. Ғұн ордасы Каспий теңізінің жағалауында ірге көтерген. Құрамына Орта Азия мен Оңтүстік Сібірде көшпелі тірлік кешкен үйсін, қаңлы, дай, алан тайпалары енген. Бұл жөнінде А.Н.Бернштам: "Гуннский племенной союз в Средней Азии играл еще ту положительную роль, что он способствовал объединению кочевых племен Средней Азии и подготовлял сложение таких народностей, как киргизы, казахи, в известной мере и туркмены", – деп тиянақты тұжырым айтады. Ал француз тарихшысы А.Тьерри өз шығармасында: "Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар – Александр Македонский мен Юлий Цезарьдың қатарынан орын алады", – деп жоғары баға берген. Еділдің ерлігін күллі Еуропа жұрты жырға қосып келсе де, өзінің ата жұртына әлі күнге беймәлім.

Шаханов. Дұрыс айтасыз, мәселен, Қазақстанда жазушы Тұрсын Жұртбаев пен жас ғалым Самат Өтениязовтың зерттеу мақаласынан басқа еңбек көзіме шалынбады. Еділ батырдың өмірбаяны мен ерліктерін бізге жеткізген, – римдік дипломат Приск Панийский мен гот тарихшысы Иордан. Олардың ғылым үшін баға жетпес деректерін А.Н.Бернштам, Л.Н.Гумилев, М.Стасюлович сынды ғалымдар зерттеген. Тіпті К.Маркс пен Ф.Энгельстің шығармаларында да Еділ батырдың аты аталады. К.Маркс: "Тот поймет, что Аттила со своими гуннами показался бы итальянцам кротким ангелом", – деп жазып, оған Наполеон Бонапартты теңеген.

Грек жазушысы Приск 448 жылы Ғұн ордасына келіп, Еділмен жүздеседі. Батырдың сырт пішінін: "Оның бет

әлпетін көргендер нағыз азиат екенін бірден таниды. Басы үлкен, орта бойлы, сом денелі. Көздері қысық, алайда қараған жерін ойып түсердей өткір, жүрісі өте шалт, даусы күмістей сыңғырлап, өте ұнамды естіледі", – деп суреттеген.

Айтматов. Ғұн ордасының тарихын зерттеп, аса бағалы мәлімет қалдырған француз жиһангездері Еділдің *камос* деген ішімдік ішетінін айтады. Бұл түркі халықтарының ежелгі сусыны – қымыз емес пе?

Шаханов. Қымызға қызып, өзінің Алтынжал деген тұлпарымен қол бастаған Еділ батыр ата мекенінен тым жырақта жатқан Рим империясына шабуыл жасауына не себеп болды? деген сауал туады. Ал Рим IV – V ғасырда күллі Еуропаны құл етіп: ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған алпауыт империя емес пе еді?

Еділ билікке қол жеткізіп, ұлан-байтақ державаның басына келген соң, Еуропаға ызғар бүркіп отырған Рим империясымен достық қарым-қатынас орнатуға ұмтылған. Бірақ көшіп-қонып жүрген түрік тайпаларының бірте-бірте бас қосып, іргелі елге айналуын римдіктер онша қолдай қоймайды. Артынып-тартынып келген елшіге жазылған үшбу хатқа сырт орай, менсінбеген қалып танытты. Қайта ғұн билеушісінің қаһарына ұшырап, қашқан жауынгерлерді құрметпен қарсы алып, қайрап-қайрап, Еділдің өзіне қарсы салып отырды. Грек жазушысы Приск осыдан XV ғасыр бұрын қағаз бетіне түсірген жылнамасында: "Біз оның көптеген жауынгерлері күзеткен шатырына келіп кірдік. Аттила ағаш орындықта отырған еді. Біз кірген жерде тұрып қалдық. Максимин жақындап барып, сәлем берді. Патша беріп жіберген сыйлықты тапсырып: "Император сізге және отбасыңызға зор денсаулық тілейді!" – деді. Сонда Аттила: "Мен де императорға сондай тілектемін", – деді де, біздің жанымызда тұрған Вигилге көзін қадап, айғайлап ұрса бастады. Оның ұятсыз хайуан екенін және ұялмай ордаға келіп тұрғанын айтып, ұрысты. Арадағы келісім бойынша, Рим империясы ғұн қашқындарын қайтып беруге тиіс еді. Әйтпесе, ғұн ордасына елші жіберуге хақысы жоқ. "Мен сенің осынша иттігің үшін өлімтігіңді жыртқыш құстарға жем қылар ем. Әттең, елшілік дәстүрді бұзғым келмейді. Бізден қашқандар Римде өте көп", – деп, ол хатшысына қашқындардың аты жазылған қағазды оқуды бұйырды", – деп жазды.

Айтматов. Бұл – бір. Екінші себебі, Еділ жіберген елшінің қойны-қоншына алтын тыққыштаған римдіктер билеушіңді өлтір, көзін құрт деп, оны азғырмайтын ба еді. Мұндай сатқындықтың ұйымдастырушылары – сол кездегі Рим императоры Екінші Феодосий мен Христафи әтек.

Екі алып империяның татулықпен қатар өмір сүре алмайтынына көзі жеткен Еділ батыр Алтынжалға ер салып, Каталаун даласына маңдай түзейді. Дунай мен Рейн, Неккаро өзендерін кешіп өткен қаһарлы Ғұн әскеріне төтеп бере алмаған Еуропадағы Рим бодандары Еділдің қолына бірінен соң бірі келіп, қосылып отырған. Тіпті германның франк тайпасы Еділге бағыну үшін, өз королін өлтірсе, қалған тюринг тайпасы мен Бургунд корольдігі өз еріктерімен ғұн жағына өтті. Өмірі бастары бірікпеген тайпалар мен корольдіктерді бағындырып, Римге қарсы көтеру – Еділ сынды аруақты да ұлы қолбасшының қолынан келер мықтылық.

Шаханов. Қара құрым қолмен Мен қаласын (451 жылғы 6 сәуір) алған Еділ Париж түбіндегі Каталаун жазығында римдік әскермен беттеседі. Бұл ұлы шайқас әлем тарихына "Каталаун қырғыны" деген атпен енгені мәлім.

Екі жақтан 165 мың жауынгер шаһит кеткен бұл қанды қырғынды өз көзімен көрген Приск тағы да: "Бір аптаға дейін күнді мұнар басып, айнала ала көлеңке болып тұрды. Өзен мен сай-сала қан болып ақты. Төбеде ұшып жүрген құзғындардың көптігі соншалық, тіпті қараудың өзі қорқынышты еді", – деп жазды. Каталаун шайқасында үстем түскен Еділ ізінше Трир, Солтүстік Италиядағы Аквалей, Милан қалаларын талқандап, Римнің алтын қақпасын аштырып, өзі бас болып, салтанатпен ішке енбей ме?

Айтматов. Иә, Еділ осы жорықта жүріп, Бургунд королінің қарындасы Илдиона сынды керемет сұлуға үйленіп, көл-көсір той жасайтын еді ғой. Әлемді бағындырып, көк туын желбіреткен батыр сол той күні қапияда қаза табады. Ұйып отырған қырық рулы түрік елін тоз-тоз ғып кеткен сол өлімнің сыры әлі күнге дейін жұмбақ.

Өткен дәуір шежірелері Еділдің Керке, Кримхилда, Рекан деген үш әйелінен Элақ, Денгизек, Ернақ, Емназар, Өте, Есқалма, Ұзынтұра сынды жеті ұл қалғанын жазады. Элақ Қара теңізден Еділ – Жайыққа дейінгі алып өлкені билеген. Кейіннен бұл жерлерге түрік қағанаты, ол ыдыраған соң, Хазар мемлекеті орнады.

Шаханов. "Алтынжалдың тұяғы тиген жер енді қайтіп көгермес" деген Еділ батырдың сөзін Еуропа халықтары әлі күнге аңыз ғып айтады. Өзі осыдан он бес ғасыр бұрын өмір сүрсе де, кіндік қаны тамған өлкесінің ұлы өзені Еділ (Волга) батырдың атын әлі күнге дейін өшірмей келеді. Қазақ ауыз әдебиетінде Еділ батыр бейнесі ерекше орын алған.

– Сонау бұрғынның көп елін,
Түтелдей тізе бүктірген.
Батыстағы көп жұртты
Бір шыбықпен айдаған.
Қалың түрік, көр халқын
Дүниеге үстем етем деп,
Мынау сұм жалған дүниеден
Еділ батыр, бұл өткен... –

деген жырдың өзінде тарихшылар мен әдебиетшілеріміздің назарына ілінбеген өткен дәуірдің талай елесі жатқан жоқ па?

Еділ Римді алған соң, өзінің Алтынжал деген тұлпарының ер-тұрманын, өмілдірік, құйысқанын сыпырып: "Жер шарында енді менің түркі халқыма қарсы тұрар күш жоқ. Бағыңды байламайын. Бара бер, жануарым", – деп, босатып қоя беріпті. Алтынжал болса көкке ұшып кетеді. Халық аңызына сенсек, исі түркі жұртында Еділдей ер дүниеге келгенде, Алтынжал жерге қайтадан түседі деседі.

Айтматов. Мен әнтек басқаша жорыған болар едім: ол біздің тарихи өзіндік санамыздың ренессансымен қайта оралады. Ал қазірге мифологиялық Алтынжалды күте отырып, Еділ бабаны төл тарихымызға енгізіп, әдебиетте шынайы бейнесін жасап, туған халқымен қайтадан табыстыруымыз керек. Өйткені Еділ де, Қорқыт ата сынды, бөліп-жарылмас ортақ қазынамыз.

Шаханов. Иә, Қорқыт ата жайлы аңыз түркі халықтарына тегіс мәлім. Алып-қосары жоқ, Қорқыттың өзі де, күйлері мен шешендік сөздері де бәрімізге етене. Бірде әзірбайжандық қаламгердің Қорқытты *дәдәм* деп атап:

– Қорқыт туар кезінде
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған.
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң, әбден қуанған, –

деп халық өлеңін оқығанына куә болғаным бар.

– Қорқыт ата қазақ жерінде, Қызылорда облысы, Сырдария өзенінің бойында өмір сүрген, – дедім әңгімені сабақтап.

– О, дұрыс, бауыр, "Оғызнама" жыры қандай ортақ болса, дәдәм Қорқыт та сондай ортақ. Бәріміз де Тұран ойпатынан тараған нәсілміз, – деп бакулік қаламдас өзінің тарихқа деген әділ де кең пейіл көзқарасымен тәнті етті.

– Оғыз – Қыпшақ дәуіріндегі өмір сүрген Қорқыт атаның әкесі Қарақожа, шешесі Қыпшақ қызы еді, – деп жазады Әбілғазы Баһадүр. Шежіре де мұны жоққа шығармайды. Ол туарда "алай-түлей боран соғып, нөсер төгіп, найзағай ойнап, айналаны қара түнек тұмшалап тастады" дейді. Бұл деректі академик ғалым, марқұм Әлкей Марғұлан да қуаттайды. "Қорқыттың анасы толғатқан сәтте табиғат та қоса қиналды. Қаратауды мұнар басты. Кейіннен халық бұл күнді "Қараспан" деп атап кетті. Ел қатты үрейленіп, қорыққан соң, сәбидің есімін Қорқыт деп қойған", – деп тұжырым айтады.

В.М.Жирмунскийдің зерттеуі бойынша, Қорқыт ата – күйшілік өнерімен халық поэзиясының піріне айналған тұлға. Кейбір деректерде Қорқыт ата өз заманында Иналхан, Дойылхан, Көл-Еркі, Тұманхан, Қоңлы-Қожа сынды төрт-бес ханның бас уәзірлік қызметін атқарып, ел басқару билігіне араласқан данагөй қария ретінде сипатталады.

Тағы бір қызық дерек, халық жырында Қорқыт ата музыка аспабы – қобызды тұңғыш жасаушы ретінде көрінеді. Оның айғағындай қазірде бізге Қорқыт атаның "Арыстанбаб", "Аққу", "Ұлардың ұлуы", "Кілем жайған", "Әуіпбай", "Қорқыттың күйі", "Желмая", "Елім-ай", "Тарғыл тана" сынды қобызға арналған күйлері жетіп отыр.

Айтматов. Желмаясына мініп, өлімнен қашқан Қорқыт аттап басқан сайын, өзінің қазылып жатқан көрінің үстінен шыға береді. "Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі" деген мәтел содан қалған екен деседі кәрі құлақ қариялар.

Шаханов. Осы орайда халқымыздың көне тарихынан төрт кітап жазып, елеулі еңбек сіңіріп жүрген жазушы, тарихшы азаматымыз Қойшығара Салғараұлының мынандай бір жаңалықты қызық ойын айта кетпеске болмас. Ол "Көмбе" роман-эссесінде осы Қорқыт ата мен әлгі қытай жылнамасындағы Тоныкөк екеуін бір адам деп

дәлелдеп, соған тұтас бір тарау арнайды. Бұрын ешкім айтпаған, әрі тосын, әрі батыл пікір. Көшпелілердің екі дана қартының өмір жолдарын салыстыра қарағанда, шынында да, екеуін бір адам дерлік бірін-бірі қайталар ұқсастықтар жетерлік екен. Екеуінің қызмет еткен хандарының балаларының саны да, істеген әрекеттері де, өздерінің хандарымен арақатынасының жағдайы да – бәрі-бәрі бірдей. Бар айырмашылық – Қорқытты Сыр бойында, Тонкөкті Монғолияда өлген десек, оның да себеп-салдарын ғылыми тұрғыда нанымды етіп суреттейді. Расында, Қорқыт мазарының бірнешеу болуы, соның бәрінде Қорқыт жатыр деу көңілге күдік туғызбай ма?! Шын Қорқыттың сүйегі қай мазарда? Дербенттегісінде ме, Түркиядағысында ма, жоқ, әлде Сырдың бойында ма? Оны ашып, зерттеп, ақиқатына жеткен тағы ешкім жоқ.

Қорқыт атаның ІХ ғасырда Сырдарияның жағасына салынған сегіз қырлы, іші түрлі ою-өрнекпен безендірілген зиратын ХІХ ғасырда тасыған өзен суы шайып кеткен. Ал табытын жергілікті халық өзге қырат басына көшірген. 1980 жылдары алматылық архитектор Бек Ыбыраевтың жобасы бойынша Қорқыт бабаның басына көне музыкалық аспабымыз – қыл қобызды бейнелеген зор ескерткіш орнатылды. Оған мұрындық болған Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының сол кездегі бірінші хатшысы, халық мұрасының жанашыры, елге сыйлы азамат, марқұм Елеу Көшербаев еді.

Шіке, досыңыз Әбдіжәмил Нұрпейісовтың үйінде қонақта болғанымызда дастарқан басында әдеміше келген Қырымбек Көшербаев деген қара торы жігіт отырып еді ғой. Сол – Елеу ақсақалдың ұлы. Қазір Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінде қызмет істейді. Бұл ескерткіштің ғажайып бір ерекшелігі – жел тұрса болды, Қорқытты жоқтағандай үлдеп, қобыз сарынын қыр астынан естіртеді.

Қорқыт бабаның қалғып кеткен рухын кейінгі ұрпақтары осылай оятты.

Тағы бір даңқты жерлесіміз Бейбарыс сұлтан жайында әңгіме қозғасақ деймін.

Ол туралы Қазақ Совет Энциклопедиясында мынадай дерек бар: "Нәсілі – қазақ. Маңғыстау өңірін жайлаған Беріш тайпасының баласы. Әкесінің есімі – Жамақ. Шешесінің ныспысы – Әйек. Монғол шапқыншылығы кезінде тұтқынға түскен он жасар Бейбарыс Дамаскіде 800 дирхамға құлдыққа сатылды".

И.Фильштинский өз еңбегінде: "Көшпелі түркі қыпшақтарын Қара теңіз жағалауында тұтқынға алған монғолдар итальян көпестеріне құлдыққа сатты. Ал олар мұны Египет сұлтандарына жөнелтті. Жас тұтқындарды ислам дініне енгізіп, мұсылмандарға ортақ ат берді, әскери өнерге баулып, сарай жасағына алды", – деп жазады...

Осы Египет сұлтандарына еріксіз сатылып, жалшы күйін кешкендердің бірі Бейбарыс-ты. Құлдыққа түскен бала мамлюктердің қатарын толықтырды.

Бейбарыс
Айтматов. Бейбарыстың хатшысы Мұхий ад-Дин ибн Әбд аз-Захир жазған "Бейбарыс сұлтанның өмірнама-сы" атты еңбекте: "Парасатты мемлекет қайраткері, ержүрек әскербасының тұсында жүзжылдық аласапыран мен өзара қырқысудан кейін, уақытша болса да, Египет пен Сирияда тәртіп орнады. Өзінің жер өңдеу мен саудаға ерекше көңіл бөлуінің арқасында елдің тұрмыс-жағдайын ерекше жақсартты. Оның (Бейбарыстың) әскери жорығы да ұлы жеңістерге жетті. Ол "Крест жорығына" тосқауыл қойып, оларды қайта бет қаратпайтындай етті. Бағдаттағы сияқты, үлкен мемлекетті ойрандайтын монғол шапқыншылығын Египетке жеткізбей, тойтарыс берді", – деп, Бейбарыстың Египет тағына отырған шағын суреттейді.

Құл боп келген он жасар бала ғұмыры көріп-білмеген араб елінің билік тізгінін қайтып қолына алды? Міне, мәселе.

Шаханов. Бейбарыс әмірші болған тұста да араб тілін үйренбепті. Қазақ Совет Энциклопедиясының 2-том, 82-бетінде: "Бейбарыс өмірінің ақырына дейін, негізінен, ана тілі – қыпшақ тілінде сөйлеген. Египет пен Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы сөйлескен", – деген түсініктеме беріледі.

Бейбарыс Франк короліне қарсы соғыста мамлюктердің ішінен суырылып шығып, батырлығымен айрықша көзге түседі. Кейіннен жасақтың сардары атанады. Шаһар ішіндегі ұры-қарыны, қарақшыны ұстап, қатаң тәртіп орнатып, билеушінің Сарайына жансыз боп кірген Хуан тақуаның қылмысын әшкерелеп, небір оқ пен оттың ортасынан аман өтіп, әскерге бас қолбасшылыққа тағайындалады. Құлдықтан құтылып, басына бостандық алған соң, Тәжбақыт есімді қыпшақ қызына үйленіп, Сайд, Ахмет есімді қос ұл сүйеді.

Арабтар мен күрдтердің қалауымен таққа отырған Бейбарыс өзінің сұлтандық мөрі соғылған алғашқы үш-

бу хатты ата жұрты – қыпшақ даласын билеп отырған әміршісі, Алтын Орданың ханы Беркеге жөнелтеді.

Сұлтанның туған жерге деген сағынышы жүрек қаны, көз жасымен жазылған деседі жылнамашылар.

Айтматов. Арабтардың әміршісі атанған Бейбарыс кейіннен Кіші Азиядағы селжүктерді, Арменияны, берберлерді өзіне қаратып, өмір бойы найзасын тіреп келген франктердің шіркеу қамалын түгелдей тас-талқан еткен. Бұл кезең құлдық пен езгіні көп көрген араб халқының еңсе көтерген тұсы еді.

Шаханов. Дұрысы солай. Бейбарыстың алғашқы хаты Берке ханның қолына 1261 жылы тиген. Ал келер жылы мамлюк сұлтаны Рум арқылы Алтын Ордаға елші жіберген.

Әлемге аты аңыз боп тараған Бейбарыс ақыры өзінің уәзірі Қалауынның қарбызға қосып берген уынан 1277 жылы қапияда қаза тапты.

Айтматов. Мынау пәнидің жалғандығына көзі жеткен ол дүние шыр көбелек айналып, ең соңғы иек қағар сәтінде: "Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болған артық екен" десе керек.

Шаханов. Шіке, заманында Бейбарыстың тағдырын қайталаған, жаугершілік кезеңде еріксіз жат жерге кетіп, Африка мен Арабияны, Кіші Азия мен Еуропаны кезген, әр өлкеден қыпшақ, мамлюктер деп ат алған түркі тектес халықтардың ұрпақтары баршылық. Мысыр сұлтандарының жеке жасағы болған мамлюктер сұлтан тағына өз қандасы – Орта Азиядан құлдыққа түсіп барған Убақты да отырғызып еді ғой.

Айтматов. Мысырда ұзақ мерзім билік құрған мамлюк ұрпағының тақтан түсіп, қайтадан аса сенімді сақшыға айналуына бірден-бір себепкер Наполеон Бонапарт-ты. Мысырды жаулап алған император Мұрат-бейді сұлтан деп танығанымен, негізгі билік тізгінін өз генералы Клебердің қолына ұстатады. Іштей жауласқан мамлюк сұлтаны мен француз генералы ақыры бір-бірінің көзін жойып тынды... Мамлюктердің көзсіз ерлігі мен адалдығына қызыққан Наполеон оларды Мысырдан арнайы алып келіп, өзін жеке күзететін атты гвардиялық эскадрон ғып ұстапты.

Шаханов. Қазақтың аса дарынды перзенті, адуынды ақын Олжас Сүлейменовтің кезінде үлкен дау-дамай туғызған "Аз и Я" атты кітабында бір ғажайып оқиға былайша баяндалады:

"Мен мамлюктердің азапты тіршілігінің соңғы белгісін, корсикалық алтын бүркіттің қанатының астында құрып бітуін өз көзіммен көрдім.

... Мәскеу түбіндегі шаңды Кунцево мен Фили орналасқан Сетун жотасының алма бақтарына қайта ораламын. Сетун қонысының баяулап жылжи өткен күндерінің бірінде ғажайып оқиғаға тап болдым. Кезінде Мәскеуге қарай Наполеон жүріп өткен жолға таяу жерде ор қазып жатқан жұмысшылар жер қойнауынан белгісіз үш табыт тауып алып, үйілген топырақтың шетіне еңкейтіп қойды. Уақыт мүжіп, мүлде қарайып кеткен табыттардың бет тақтайын ашып қалғанда, Сетун қонысының тұрғындары жарқыраған мундирімен көмілген мәйіттерді көрді...

Қарайып кеткен бет-әлпет күлімсіреген биязы кейпін сақтап қалған, оны ойылып, жидіп түскен кірпік пен қас бүлдіріп-ақ тұр. Мәйіттердің көздері шапырашты, жақ сүйектері шығыңқы, жалпақтау екені байқалады.

Әскери киімдеріне қарап, бұларды мамлюк сақшылары деп тануға болады. Наполеон Поклонная тауына шабуыл жасағанда, бұлар императорға қорғаныш болып жүрсе керек-ау...

Мәйіттің бүгілген қара саусағынан қыпшақ таңбасы бейнеленген ата-бабалардың көгілдір келген жалпақ жүзігі көрінді. Бәлкім, бұл бізге мүжілген ірге кірпіші мен әсерлі аңыздары ғана қалған қыпшақтардың ежелгі астанасы Отырардың тұнжыраған місекерлерінің қолынан шыққан да болар.

Мәңгі жасайтын халықтың осы бір сақинасы шөл мен шөлейттен бастап Мажар даласына, Генуя бекіністеріне, Мысыр пирамидаларына, Венецияның дым тастарына, ақырында, Мәскеу түбінің қара топырақтарына дейін жүріп өткен қаншама мықты жандардың бидай өңдес қара торы саусақтарына киілмеді дейсің?"

Айтматов. Тоталитарлық жүйе тұсында табыттағы бабаларын танып, жоқтаған Олжастың бұл еңбегі әр кез алғыстауға лайық.

Кешегі өткен Бабыр шаһ пен Ұлықбектің өзі неге тұрады?

Үндістандағы Ұлы Моғолдар империясының негізін қалаған ақын, тарихшы әрі асқан философ Бабыр шаһ – оған дейін Әндіжан мен Оштың билеушісі болған-ды. Бабырдың сансыз жорықтары, Ауған елі мен Үндістанды билеп, ұлы шаһ дәрежесіне көтерілуі он бір жасында жетім қалған оның жан-жақты қуатты дарынынан хабар бермей ме?

Иә, әлем тарихшылары мен қаламгерлері Бабыр шаһтың ерлігі жайлы қаншама құнды шығармалар берді.

Оның өз қолымен жазған, қазірде дүние жүзінің көптеген тіліне аударылған "Бабырнама" атты атақты шығармасы әлі күнге тарихи мәнін жойған жоқ.

Шаханов. Алуан аңыздардың өлкесіне айналған Ош жеріндегі Сұлайман тауында Бабырдың үйі әлі күнге сақтаулы тұр. Қасиет тұтып, тәу етіп барғандарға шырақшысы құран оқып, өткен дәуірлердің небір қызықты хикаяларын шертеді. Пәкстан үкіметінің Премьер-министрі, мұсылман елдерінен шыққан белгілі саяси қайраткер, Бабырдың ұрпағы Беназир Бхутто Қырғызстанға келген сапарында бабалар жүріп өткен өңірге барып, бас иіп, перзенттік парызын өтеп қайтпады ма?

Ал, енді Әмір Темірдің аты әлем тарихында ұлы қолбасшылығы, жорықтарымен қалса, оның немересі Ұлықбектің есімі ғұлама ғалымдығымен күллі дүние жүзіне мәлім ғой. "Тегі жақсы тек озар" деген, атасының жолын ұстанған ғалым заманында Мәуреннаһр сынды алып өлкені отыз сегіз жыл бойы билегенмен, бар күш-жігерін ғылым жолына арнады. Айналасындағы көрші елдердің бәрі бір-біріне жаушы шаптырып, жиі-жиі соғыс ашып жатқанда, Самарқанттан обсерватория ашып, аспан әлемін зерттеп, ұлы еңбектер жазудың өзі, қай заманның көзімен қарасақ та, ұлылық еді.

Айтматов. Иран мен Осман империясына, Қытай мен Румға дейінгі елдердің барша ғалымдарының басын қосып, математика, жаратылыстану, геометрия саласында айтулы жаңалықтар ашып, өнер мен әдебиет, мәдениеттің іргетасын қалауы Ұлықбек атын мәңгілікке қалдырды. Бір ғана астрономия саласындағы ғажайып туындысы "Зийджның" өзі неге тұрады!

Түрік мәдениетінің көш басында тұрған ұлы ғалымның 55 жасында тақ таласының құрбаны болған қандай өкініш!

Бастапқы әңгімемізге қайта оралсақ, алғашқы дәуірдегі дүниені жаңа таныған өтпелі кезеңді, орта ғасырлардағы аламан-асыр шапқыншылық заманды бастан кешкен әлем халқы кейінгі екі ғасырдан бері тарихи ата қонысына түпкілікті орныға бастады. Бір таңғаларлығы – дүниежүзілік үстемдікке ұмтылған халықтар – ағылшындар мен француздар, испандар мен арабтар, монғолдар мен мұсылман тайпалары өзге топырақ, жат өлкеде қанша ғасыр билік құрса да, түпкі нәтижеде өз ата жұртына ғана ие болып қалды. Осымен жер бөлісі аяқталды. Үстемдік атаулы озбырлықпен,

қантөгіспен келсе, баянды болмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп шықты.

Дегенмен тарихта қарама-қайшылық та жоқ емес.

Мәселен, Христофор Колумб алғаш ашқан (дұрысы алғаш ашқан үндістер) құрлық – Американың түпкі иесі 12 миллион үндістер ғой. Қазір олар бұратанаға айналған жоқ па? Заманында қазақ пен қырғыз былай тұрсын, іргелі ел Ресей мен Қытайдың өзі не сес көрсеткен айбынды Жоңғария ше? Осының өзінде әлі күнге зерттелмей жатқан тарихи қарым-қатынас пен тарихи сананың құпиясы бар деп білемін. Шындығын айтсақ, үндістердің басты трагедиясы рулық деңгейден аса алмауында жатты. Сол себепті елдік ұғымы қалыптасып қалған әрі көк темірдің тіліне жетік құранды әулеттен жеңіліс тапты.

Шаханов. Шіке, түркі тілдес халықтардың шығу тегі мен олардың аты әйгілі ортақ тұлғаларына тоқталып өттік. Ендігі жерде бауырлас қырғыз бен қазақтың арғы-бергі тарихын ой көзімен шолсақ... Мәселен, жылнама бойынша, Баласағыннан Белек, Белектен Құлтеке хақан, одан Хақас туған дейді. Хақастың екі баласы болған. Алашхан мен Таласхан. Алаш қазақты, Талас қырғызды билейді.

Айтматов. Қазақ пен қырғыздың тарихы тамтұмдап болса да кезінде жазылған. Көбі қағазға емес, тас бетіне. Орхон – Енесей жазбалары – осының айғағы. Әттең, көбінің қадіріне жетпедік. Сынды, бүлінді. Кейбірі зерттеймін деп келген әлдекімдердің қанжығасына бөктеріліп, Санкт-Петербургке, сонау Англия мен Германияға дейін ұзап кетті.

Шаханов. Дұрыс айтасыз, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда болғанымда, өткен ғасырда Семей өлкесінен әкелінген бір балбал мен Маңғыстау даласынан жеткізілген бедерлі жазуы бар сынтасты көріп, көзімнің құмарын қандырғанмын.

Айтматов. Әмір Темір Көрегеннің бәлізшіге тасқа қашатып жаздырған жазуы да сол Эрмитажда.

Шаханов. Жоғалтқанымызды түгендейтін, шашқанымызды жинайтын кезең келді. Тарих дегеніміз – уақыт пен оқиғалар тізбегі. Түп иесі – халық. Сондықтан оған баға бергенде, бүгінгінің көзімен емес, сол өткен дәуірдің ізімен жүріп, қадіріне жеткен абзал. Алдымен айтайын дегенім, өзіңізге мәлім, "Қырғыз, қазақ бір туған" деген мәтел боп кеткен тіркес бар. Оны біз шығарған жоқпыз. Осыдан әлденеше ғасыр бұрын бабаларымыздың бабаларының аузынан шыққан лебіз. Ел басына қандай қиын

күн туса да, осы бір ауыз өсиет сүрінсек – сүйеніш, жантайсақ – таяныш болды. Бірақ ел ішінен бір тентек шықпай тұра ма? Сол тентек: "Ау, қырғыз бен қазақ қай ғасырда бір атадан жаралып, бір кемпірдің етегінен өрбіп жүр? Қайсысың кіндігін кесіп едіңдер? Бірі Енесейді жайлаған, екіншісі Сыр бойында, Алтай мен Атырау аймағында қойын айдаған жұрт емес пе? Көне тарих не дейді? Дәлелің қайсы?" – деп қызыл өңеш болуға бар.

Айтматов. Өзің айтқан тамырсыздықтан сақтасын. Қырғыздың арғы аталары ғұндар дәуірінде – біздің заманымызға дейінгі III ғасырда осы Орта Азияны ата қоныс еткен. Енесей бойына бертінде қоныс аударды.

Шаханов. Шіке, "Ақ кеме" повесінде жау қолынан сытылып шығып, Енесей бойынан бұғыға мініп, Алатауға келетін қырғыздың ұлы мен қызы жайында бір аңызды жазып едіңіз. Аңыздың астарында ақиқат жатыр. Қырғыздар Сібірге не себептен ауа көшкен?

Айтматов. Жер бетіндегі ұлылы-кішілі халықтардың жуан ортасында мемлекет атанып, тірлік кешіп жатқан қырғыз деген халықтың бел баласы болған соң, өзіңді жаратқан ана мен бабаның, тау мен даланың кешегісін білмекке құмартасың. Небір тұяқ дүбірі мен ғасыр шаңының астында қалған көне тарихтың сарғыш беттері, сарытап жазулары дәуірден-дәуір қуалатып әкетеді. Қытай мен арабтың, парсы мен орыстың, неміс пен ағылшынның т.б. жылнамалары мен жазбаларын парактаған адамға сағым мен мұнар ішінен қолы жағадан кетпеген, аузы тобадан кеппеген қырғыздың ақ қалпағының төбесі анда-санда бір көрініп қалады.

Шаханов. Гректер "херкис", "хергис", арабтар мен парсылар "кергис", "хиргис", "хырхыр", қытайлар "гянь-гунь", "гэгунь", "цигу", "кигу" деп атағанмен, бәрі бүгінгі қырғыз атанған бір халық қой.

Айтматов. Иә. Көрші елдермен бірде тату, бірде қату отырған Қытай жылнамасына қырғыз деген атау тұңғыш рет біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың аяғында жазылған. Бұдан Шығыс Алатаудың Боро-Хоро жотасын көмкеріп жатқан аумақта сол кездің өзінде ел болып, ұйысып отырған қырғыз деген халық бар екенін білеміз.

"2001 жылы (біздің дәуірімізге дейін) Оғыз хан өз ордасын батысқа көшіріп, Гянь-чуньдықтар шапты", – дейді жылнама.

Осы деректерге қарағанда, қырғыз этнонимі түркі тектес халықтардың ішінен ең алдымен пайда болған деген тұжырым жасатады.

Демек, қырғыз этносы алғаш біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңыншы жылдықта Орта Азияда бас құрап, тірлік кешкен.

Осындай тұжырымға келуің мұң екен, екінші сұрақ көлденеңдейді. Біздің дәуірімізге дейінгі бір мың жылдықта Минусин ойындағы Енесей қырғыздары қайдан көшіп келіп еді? Олар Орта Азия қырғыздарының ұрпағы ма, әлде өз алдына жеке отау тіккен халық па?

Осы сауал ғасырлар бойы небір ғалымдарды тұйыққа тіреп келе жатыр. Енесей қырғыздары жайында парсы тарихшысы Гардизи: "Бұл қырғыздар, үндістер тәрізді, өлген адамды өртейді. Олардың ұғымында от – ең таза нәрсе. Жын-шайтан жоламайды. Өлгендерді өртесе, барлық күнәдан ақталады деп сенеді", – деп сипаттайды. Ал қытай тарихшылары "Енесей қырғыздарының шашы сары, көзі көк" деп мінездеме береді.

"Орта Азияда ұлт болып құралған және ғұндардың бір бұтағы болып табылатын қырғыз тайпалары Еуропа нәсілдес динлин деген халықпен ассимиляцияға түскен. Динлиндер темір өндірудің, ал қырғыздар ұсталық пен қару-жарақ соғудың шебері еді", – деп жазады алғашқы дәуір жылнамашылары.

"Славяндармен араласқан қырғыздардың арасында әлі күнге қызғылт шашты, ақ өңділер жиі кездеседі", – деп кеткен орта ғасырда өмір сүрген араб жиһангезі әл-Идриси.

Ал қазіргі қырғыз халқының көпшілігі монголоидтар екені екібастан белгілі.

Тоныкөк жазбаларында "Алдымен чик және аз халықтарын бағындырдық. Қырғыздарды түн ішінде ұйқыда бастық... Найзамен жол аштық" деген жолдар бар. Ал көне дәуірде чик және аз халықтары қазіргі Тува жерінде тұрған. Білге қаған Құлтегін бұл екі ұлысты бас идірген соң, Саян асуы арқылы Минусин ойындағы қырғыздарға шабуылдаған.

Қайткен күнде де, Орта Азия жерінде де, Енесей өзені бойында да қырғыз деген ұлттың болғандығы рас. Менің ойымша, жаутершілік заманда, ат жалында, түйе қомында жүрген ортаазиялық қырғыздарды Енесей мен Абақан бойына не себептен барды, араға әлденеше ғасыр салып ата жұрты – Алатау бөктеріне қалайша қайтып орадды деп талас-тартыс тудырудың жөні жоқ.

Ұлы тоғысу заманында, кейінгі жаутершілік кезеңде сақ пен ғұнның ұрпақтары сонау Рим мен Ватиканға дейін, Карпат таулары мен Азов теңізіне дейін дендеп

барған жоқ па еді? Шыңғыс ханның әскерімен соғыс салып, ауа көшкен Қотан хан бастаған қыпшақтар қазіргі Венгрия жеріне қоныстанып қалған. Осыдан он ғасыр бұрын Тұран ойпатынан кеткен түріктер Мәрмәр теңізінің жағасына барып, Осман империясын құрып, іргелі ел болып отыр. Түрік тектес елдің бір бұтағы – гагауздар ата жұртынан алыс Молдавияның жерінде күн кешуде. Угор-Фин тайпасының Дешті Қыпшақ жерін жайлағанын неге ұмытамыз? Манастың әкесі Жақып осыдан он ғасыр бұрын Алатаудан Алтайға ауып барып, ел-жұртына кейіннен оралмай ма? “Манастың” кеңістік-географиялық сюжетінің өзі нақ сол қырғыз халқының Сібірден Алатау өңіріне оралуынан тұрады ғой. Немесе, мәселен, тіпті Кеңес дәуірінің өзінде түрікмендердің үлкен бір бөлігі Амур өлкесіне көшіріліп, сонда түпкілікті қалып қойған жоқ па?

Атамекеннен тағдырдың жетегінде адым ұзатып, аулаққа кеткен осы халықтар туған өлкесіне араға ғасырлар салып, қайтып оралса, бұлар бір халық па, жоқ әлде екі түрлі нәсіл ме деп, айтыса кетуіміз керек пе?

Болашақта біздің алдымыздағы зор міндет – қырғыздар Енесей бойына қандай себеппен көшіп барды және Алатау бойына қай ғасырда кері ат басын бұрды деген сауалдардың шешімін табу.

Осы дәуіріміздің VI – VII ғасырларындағы қырғыз халқы Орта Азиядан бастап Тұрфан жазирасына дейінгі, Тувадан Саян таулары, Енесей өзеніне дейінгі аралықта шашырай қоныстанғаны, Ұлы Жібек жолының бойында Қытаймен сауда-саттық қарым-қатынасты ерекше дамытқаны анық.

“Қырғыздар билеушісін ажо деп атайды. Ажо басында алтыннан соғылған алуан өрнекті тәжі киіп отырады. Қорғаны Енесей бойында. Қатаң күзеті бар”, – деген әл-Идриси жиһангез.

Шаханов. “Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ” деген қазақ мәтеліндегі ажа осы ажодан қалған шығар.

Айтматов. Тағы бір қарама-қайшы нәрсе: осы VII ғасырда Орта Азиядағы қырғыздардың билеушісі Барысбек жайлы да қызықты деректер бар. Демек, арасымыңдаған шақырым екі өлкеде қоныстанған қырғыз билеушілерінің титулы бірдей болғанына қарағанда, бұл – бөлініп-жарылмаған бір халық. Анығын айтсақ, шашыранды ел.

“Орта ғасырлардағы дүние жүзі тарихы” энциклопедиясы мен С.Е.Малов, Р.Л.Кызласов пен Г.Е.Грумм-Гржимайло

сынды ғалымдардың зерттеу еңбектеріне ден қойсақ, Енесей бойындағы қырғыздар мен хакастар бір ұлттың өрбіген екі тайпасы екендігіне көз жеткіземіз. "Хакас" термині "қырғыз" этнониміне эквивалент ретінде қолданылған.

IX – X ғасырларда хакас тайпасы Минусин ойпаты мен Абакан өзені бойында қалып, Енесей қырғыздары Байқалдан Ертіске, Тайгадан Шығыс Түркістанға дейінгі аралыққа қоныс аударады. Ауа көшкендері Алтай мен Жоңғар жерін жайлаған.

Қимақ-қыпшақ бірлестігіне өткен, түрік-монғол тайпаларымен қан араластырған қырғыз ұлты монғол шапқыншылығынан кейін қасиетті Алатау баурайын түпкілікті қонысына айналдырады.

Орта Азияда өмірге келіп, Сібірді кезген, хакасы қалып, Алатауға қырғызы келген, бетегесі кетіп, белі қалған, бектері кетіп, елі қалған, өткен күндерінің өзі жоқ та, елесі көп бүгінгі егеменді елдің қысқа-қайырым шежіресі осындай.

Шаханов. Шіке, қырғыз атауы қайдан шықты?

Айтматов. Оғыздың ұлы – Тағынхан, Тағынханның бес баласының бірі – Қырғыз.

Ал басқа жорамал, бұл өзі енді менің жеке пікірім, оны қабылдауға да, қабылдамауға да болады: қыр – тау, қырқа, ал огуз (өгіз) – түркі этносының басты бөлктерінің бірі, сонда қырғыз – "қыр Оғұзы", яғни "қыр(тау) өгізі" болып шықпай ма?

Шаханов. Мүмкін-ақ. Әрі қарай жүрелік. Халық, ұлт деген ұғымды ұстап тұратын – ошақтың үш бұты сынды – жер, тіл және мәдениет деген қазыналы арналар бар. Құдайға шүкір, қазақ пен қырғыз әлем картасынан орын алды. Көне тілін, көшпелілер мәдениетін жасады. Әлемдік өркениеттің жуан ортасында жүрген әр ел өзінің өткені мен бүгінгінің арасына алтын көпір салып, рухани қазынасы мен тарихи жадын жалғастырмаса, келешегінің алдында беті қызарары хақ. Сіз қырғыз тарихын қозғағанда, ғылымда қалыптасқан тұжырымды және өз түсінігіңізді айтып өттіңіз. Иә, белгілі тұрақ-мекені, тілі, мәдениеті қалыптасқан әр ұлт өзінің қай ғасырдан бері қандай атты иеленіп келгенінен жаңылмаса керек.

Қайбір жылы Шотландияның Глазго университетінде өткен поэзия кешіміде:

– Русь өзенінің бойынан тараған соң, орыс халқы осы атауды иеленген. Ал қазақ деген сөздің этимологиясы нені білдіреді? Бұл атты ұлтыңыз қай ғасырда иеленген? – деп бір студент сауал тастады.

Бұл жалғыз маған ғана емес, күллі қазақ ұлтының тарихшы ғалымдары мен әдебиетшілеріне, тіпті күллі зиялысының алдына тартылған сауал сияқты боп көрінді. Өйткені күні бүгінге дейін осы проблема бізде бір ізге түскен жоқ.

Айтматов. Көп жағдайда көшпелілер тарихының әліппесі аңызға байланып жатады. Қазақ сөзінің шығу төркіні жайлы қандай аңыз естігенің бар?

Шаханов. Ел арасына кеңінен тараған бір аңыз Қалша Қадыр батыр жайында сыр шертеді. Бағзы бір жаутершілік заманда соңындағы үркердей жұртын дұшпанынан қорғап, талай жорықтар мен алапат шайқастарды бастан кешкен батыр ауыр жараланып, елсіз далада атынан құлайды. Басын сүйеп, аузына су тамызар адамға зар болып, жапанда жалғыз жатқан Қалша Қадыр жан тәсілім етуте тақағанда, аспанда бір ақ қаз (аққу) қиналған ерге сусын ұсынып, шөлін басып, бір көлдің жағасына демеп жеткізеді. Алуан түрлі шөптерден дәрі жасап, емдеп, жарасын жазады. Сырқатынан айыққан Қалша Қадыр бір күні таң алдында оянса, жанында ақ қаз (аққу) жоқ, бір періште мүсін ақ қыз отыр дейді. Бақса, бұл – батырға қаздың терісін жамылып ұшып келген қыз екен. Тағдыр қосып, екеуі сол көлдің басында некелі болады да, артынша бір ұл дүниеге келеді. Ақ қаздан туған соң, тұңғыштарына соның құрметіне Қаз-ақ деп есім берген екен. Қазақтан Ақарыс, Бекарыс және Жанарыс атты үш ұл өрбиді. Шежіреге ден қойсақ, Ақарыстан – Ұлы жүз, Жанарыстан – Орта жүз, Бекарыстан – Кіші жүз тайпалары тарған дейді аңыз.

Аңыздың аты аңыз десек те, қазақ руларының ішінде әлі күнге Қаз деген ру бар. Ал ертеде Балқашты қазақтар "Қаз көлі" деп атаған. Тіпті сол тұста "Қаз қаласы" деген қала да орын тепкен.

Кейбір мұсылман халықтары секілді, қазақтар да қазды, әсіресе аққуды киелі деп есептеп, атуға, жәбірлеуге қатаң тыйым салған. Шаман дінінің сарқыншағы – бақсылар асай-мүсейін асынып, басына аққудың терісін киіп, оған сиынатын болған. Ал аққудың қауырсындарын қастер тұтып, жас баланың бас киіміне, өңіріне тағып қою дәстүрі әлі күнге дейін бар.

Айтматов. Абайдың қос томдық жинағын қолыма алып қарап отырсам, осы қазақ деген атаудың және қырғыз бен қазақ халқының қайдан шыққандығы жайлы құлаққа қонар құнды пікір білдіріпті.

Заманында Орта Азияны жаулаған араб халифаты ізінше қалың қолмен қазіргі қазақ даласына келіп кірген. Жалпы, арабтар көшпелі елді "хибай", "хұзағу" деп атайтын. Түйелі қазақтарды көрген олар: әй, бұлар да өзіміздегі көшпелі тайпа – хұзағу сынды халық екен. Кең даласында емін-еркін көшкені әуелеп ұшқан ақ қазға ұқсайды деп, таңырқаса керек. Сонымен қаз-ақ атауы қалыптасқан. Бұрын өздерін "ұлыс" деп қана атайтын халық енді жаңа атауға мойынсұнып, қазаққа айналыпты, дейді ақын атамыз.

Шаханов. Өткен ғасырда Шыңғыс тауының баурайында жатып, дүниенің мың мәрте құбылысын ой көзімен шолған ақынның терең білімі мен танымына тәнті болмай қалмайсың. Осы еңбегінде ол хакас халқы, қытай тарихы, қазақтар мен қырғыздардың шығу тегі, ата қонысы жайлы кең мағлұмат береді. Мысал келтіре кетейін:

"Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туыстығы анық көрініп тұр. Әсіресе, Енесейскі губернеде Минусинскі уезде "ясашынай татар" атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді және бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды..."

Абайдың бұл жерде Енесей бойын жайлаған діні басқа да, түбі бір хакас бауырларымыз жайлы сөз қозғап отырғаны белгілі. Одан әрмен ол былайша ой сабақтайды:

"Тағы еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екендігіне таласпайды. Сол қырғыздарды қытайлар "брут" деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар "брут" дегенін еш білдім дегенді көрмедім", – дей келе, қазақ пен қырғыздың Алатау баурайына қалай қоныс аударғанын баяндайды.

Ұлы ақынның қытай тарихымен таныстығы және "Манас" эпосын тыңдағандығы, одан өзінше әділ пайым жасағандығы көрінеді. Өйткені "Манас" эпосында қытайлар мен қалмақтардың қырғыз жұртын ылғи да "бруттар" деп, кемсіте атайтыны айтылады.

Абай сонымен қатар қазақ пен қырғыздың есте жоқ ерте заманнан бері енші бөліспеген бір халық екендігін тайға таңба басқандай етіп жазады да, екеуінің Минусин ойпаты маңында бауырлары қалды дегенді алаң көңілмен құлақ қағыс ете кетеді.

Ел ішінде тарихи шындыққа біртабан жақын келетін тағы бір аңыз бар. Мұнда "қазақ", "алаш" және "үш жүз"

деген ұғымдардың шығу төркіні баяндалады. Ертеде Сыр бойында қалың елді Қызыл Арыстан деген хан билейді. Хан айналасындағы көрші жұртпен бірде тату, бірде қату күн кешеді. Бірде кегі кеткен түстіктегі елді жасағын қаптатып барып, шауып алып, көп олжаға кенеледі. Қолға айдай сұлу көркі бар бір ару қыз түскен екен, оны Қызыл Арыстанның өзі әйелдікке алады. Күндердің бір күнінде әлгі қыз толғатып, үсті-басы түгел ала ұл табады. Хан мен қалың елі қатты шошынып, мұны жамандыққа балап, баладан тез арада құтылуды ойлайды. Ханның бәйбішесі нәрестені құндақтап, дарияның суына тастап жіберіндер деп, жасауылдарға бұйырады. Тумай жатып елді шошытқан бала толқыннан толқын қуалап, ағып келе жатып, дария бойынан балық аулап отырған кедей шалға жолығады. Бір перзентке зар болып жүрген шал баланы құдай берді деп, қуанып, құрым үйіне алып келеді. Ала бала шал мен кемпірдің бауырында "Алаш" деген атпен өсіп, келе-келе ақылдылығы һәм батырлығының арқасында ел-жұртты аузына қаратады.

Алаштың даңқын естіген әкесі Қызыл Арыстан өзінің кезінде жасаған қатыгездігіне бармақ шайнап, өкінеді. Ордасына әкелмекші болғанмен, жанындағы Майқы бидің ақылын тыңдап, Алаштың жанына аулының үш жүз жігітін қосып беріп, бөлек шығарады. Өңшең ер жүрек жігіттер түрлі жорықтар жасап, жерін кеңейтеді, ел қатарына қосылады. Алашты ақ киізге салып, хан көтереді. Жігіттердің бірлігі мен ерлігіне алыстан көз тігіп, қызыққандар: бұлар еркін адамдар, яғни "қазақтар" деп атап кетіпті. Сөйтіп, үш жүз жігіт бас қосып, қазақ атанған елден халқымыздың үш жүзі тараған екен дейді. Көнекөз қариялар әлі күнге дейін "атамыз – Алаш, атымыз – қазақ" деп отырады.

Алаш ханның аты қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыридің, Рашид ад-Дин мен Әбілғазы Баһадүрдің еңбектерінде де жиі кездеседі. Кейінгі екі автордың деректеріне сүйенсек, Алаш ханның жазғы жайлауы Ұлытау мен Кішітауда, ал қыстауы Қарақұм мен Борсық құмдарында екен. Ұлытау жерінде "Алаша ханның ордасы" деген ауқымды сарайдың орны, Қаракеңгір өзенінің бойында "Алаша ханның күмбезі" деген кешен бар.

Айтматов. Қисынды дерек екен. Ал Кавказды жайлаған ноғай ағайындар "қазақ" деген сөзді қазірге дейін "еркін", "ер жүрек" деген мағынада қолданып келеді. Тіпті көп алысқа бармай-ақ, кейінгі ғасырларда Ресей империясының құзырына мойынсұнғысы келмеген орыс

мұжықтары бөлек кетіп, Сібір, Дон, Орал бойында еркін жүріп-тұрып, "казак" деген атты иеленген жоқ па? Яғни олардың ұғымында "қазақ" деген сөз "ерікті", "бас иемейтін" дегенді білдіреді. Көптеген көрші елдердің мақал-мәтелдерінің ұқсастығы секілді, осы "казак" пен "казак" атауында сыртқы түрі жағынан ғана емес, ішкі мазмұн ұйқастығы да жатқан шығар.

Өйткені Ш.Уәлиханов "казак" деген сөзді әскери терминге жатқызып, "ер жүрек", "батыл" деген мәнде пайдаланса, атақты ғалым В.В.Радлов "тәуелсіз", "ер жүрек" ал А.Н.Самойлович "батыл", "еркін адам" баламасында қолданған.

Шаханов. Жұңғоның II ғасырдағы тарихи деректерінде "Арал мен Каспий теңізінің маңында "хаса", "каса" деген тайпалар көшіп жүрді" десе, Орта Азия тарихшысы Рузбехан: "Қазақтар өзінің жойқын ерлігімен, алып күшімен барлық елге мәлім болды. Олардың қайтпайтын ер жүрек мінезі араб тіліндегі еңбектерде көп жазылған", – деп мәлімдейді.

Демек, қазақ сөзінің шығу төркіні сол атауды иеленген ұлттың сыртқы ерекшелігіне, еркіндік сүйгіш мінезіне тікелей байланысты деген байлам айтуға негіз бар.

Бұған бір дәлел. Қазақстанның Оңтүстік өлкесінде "Ескендір қайтқан төбе" деген үлкен белес бар. Ескендір деп отырғаны – біздің жыл санауымызға дейінгі IV ғасырдың 30-жылдары грек әскерін бастап, парсы патшасы III Дари Кодомонның қолын талқандап, Орта Азияға басып кіретін Александр Македонский. Әйгілі қолбасшы Самарқантты бағындырып, Сырдариядан өтер тұста осы өңір көшпелілерінің өршеленген қарсылығына кездесіп, кері қайтады. Ару қыздың сүйгеніне арнап шығарған:

*Ергенге тасты ұнтап кел,
Ескі әніңді шырқап кел.
"Ескендір қайтқан төбеден",
Есетін жел боп бұрқап кел, –*

деген өлеңі әлі күнге ел жадында. Бәлкім, бұл кейінгі дәуірлердің туындысы шығар. Ал "Ескендір қайтқан төбе" атауы содан бері араға аттай 24 ғасыр түссе де, сол ілкі қаз-қалпында айтылып келеді.

Жыл санауымызға дейінгі VII–IV ғасырларда Мидия, Ассирия және Персия сынды экономикасы, саудасаттығы өркендеген елдермен тығыз қарым-қатынас

жасасып келген ежелгі сақтарды атақты ғалым А.Н.Бернштам қазақ халқының түп атасы еді деген кесім айтады. Бұл пікірді көне дәуірді зерттеген тарихшылар мен этнограф, археологтер мен антрополог ғалымдардың көбі қолдайды.

Сақтан кейін тарих бетінде батыс түрік (6 – 8-ғасырлар), түркеш-қарлық (8 – 10-ғасырлар) және қимақ-қыпшақ (10 – 12-ғасырлар) қағандығы деген атпен қалған қазақ халқы XIII ғасырда Ақ Орда мемлекетінің қол астына біріккенге дейін небір шапқыншылықтар мен қанды жорықтарды бастан өткерген. Ақ Орда мемлекеті қазіргі Қазақстан жерін түгелдей қамтып жатқан. "Қазақ Совет Энциклопедиясының" 1-томындағы: "Алты сан алаштың ол кездегі қоныстанған жері – Алтай мен Каспий теңізінің аралығы, бір шеті Тобыл мен Сыр бойы, Жетісу өлкесі. XIII ғасырдың екінші жартысында бұлар одақ болған ізімен Алтын Ордадан бөлініп, Ақ Орда атты мемлекеті болған" деген жолдар – осы сөзіміздің бұлтартпас дәлелі.

Ал Ақ Орда мемлекеті ыдыраған соң, Шайбани ұрпағынан ірге ажыратқан Жәнібек пен Керейдің қазақ хандығының негізін құрағаны тарихтан мәлім. Осы енші бөлісудің алдында қазақ халқының негізі қандай тайпалардан тұрғаны және олардың қай өңірді қоныстанғаны Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарих-и-Рашиди" атты еңбегінде нақты баяндалады. XIV–XV ғасырда наймандар Ұлытаудан Есілге дейінгі аралықты, ал қоңыраттар мен қыпшақтар Түркістан мен Қаратау өңірін, арғындар Ертіс бойы мен Орталық Қазақстан, Сырдария жерін, керейлер Тарбағатай, Ертіс, Ом, Зайсан және Тобыл өзендері төңірегін, дулаттар Іле, Шу, Таласты, қаңлылар мен үйсіндер Жетісуды, ал алшындар Еділ, Жайық пен Каспий теңізінің жағалауын мекендеген. Демек, Шіке, сақ тайпаларының орнын қазіргі қазақ халқының негізін құрап отырған бірлестіктер басқанын көреміз. Бұдан шығатын қорытынды: аумалы-төкпелі заманда аты өзгергенмен де, заты сол қалпында қалған тұтастай бір халық тым құрығанда 25 – 27 ғасырдан бері туған топырағында табан аудармай отыр деп батыл айта аламыз. Солардың бірі – тағдырдың талқысында, Жұбан Молдағалиев айтқандай, "мың өліп, мың тірілген" бүгінгі қазақ елі.

Біз көп жағдайда өзімізді өзіміз тұқыртып келдік. "Қазақтың жауы – қазақ" депті ұлы Абай. Бұл сөзден қырғыз да қашып құтылмас. Тоталитарлық жүйенің тұсында Орталыққа жағыну үшін, Қазақстан мен

Қырғызстан халқының 1913 жылы 2 – 3 проценті ғана сауатты еді; Кеңес өкіметінің арқасында жазу-сызуды түгелдей меңгердік дегенді бізге ешкім желкелеп айтқызған жоқ. Өзіміз мінберге жарысып шығып, жүрекжарды қуанышпен жариялап жүрдік. Надандық, құлдық, психологияның қамытына өзіміз барып мойын ұсындық. Қалғанымыз жабыла қошеметтеп, қол соқтық.

Айтматов. Иә, алды Каир мен Дамаскіден, Мароккодан, соңы Қазаннан, Ташкент пен Бұхарадан діни оқу тауысып, "Құран кәрімді" жатқа соққан, мұсылманша сауатты, ауылда бала оқытып, дүйім елді ағартумен айналысқан кешегі молдалар ол тізімге неге ілінбейді? Олардан сауат ашып, хат таныған шәкірттерді қай есепке қосамыз? 2 – 3 процент деп жүргеніміз – кезінде орысша оқуға қол жеткізгендер. Бірақ шығыстық білімі бар, араб жазуын игергендер есептің сыртында қалып қойды.

Көне дәуірлерде біздің халықта да жазу болған. "Әттең!" дегеннен әрі аса алмайсың.

Өзің сипаттап берген Есік қорғанынан табылған алтын киімді сардардың күміс тостағанының түбіне жазылған беймәлім жазу біздің дәуірімізге дейінгі бесінші ғасырдың мұрасы деп мойындалды. Ал Монғолия жерінен табылған ғұндардың таңбасымен таңбаланған мойынға тағатын алқадағы "сеңгір" деген сөз түркі халықтарынікі екендігі – дәлелденген шындық. Біздің дәуірімізге дейінгі 192-жылы жазылған "Тарихи естелік кітабы" атты қытай шежіресінде: "Мете Тәңір құты дәуіріне келгенде ғұндар күшейіп, жазу қолдануды жолға қойған, сол арқылы соңғыларға үлкен мұра қалдырған" деген нақты дерек бар.

Шаханов. Мұның өзі – түркі руникасының бұл күнде мәдениеті өркендеген Батыс Еуропаның көптеген елдерінің жазуынан бұрын өмірге келгендігінің бір дәлелі. Ол Сібір өлкесінен бастап Дешті Қыпшақ, одан Орта Азияға дейін созылып жатқан алып мемлекеттің қажетін өтеп тұрған. Түркі қағанаты тұсында еларалық қарым-қатынастың өшпес құралына айналған, ұрпақтан ұрпаққа қызмет еткен руника ілкі дәуірдегі хабар-ошар алмасудың заңдастырылған құралы болған еді. Осы әріптермен жазылған Орхон – Енесей ескерткіштерінің Қазақстан мен Қырғызстаннан көптеп табылуы тарихи ақтаңдақтарымыздың орнын толтыруға мүмкіндік берді.

Айтматов. Енесей мен Тува жерінен қырғыз халқы мен оның тіліне қатысты 120 жазба ескерткішінің табылуы ғылым үшін олжаға айналды. Талас қаласының

шығыс жақ тұсында сақталып қалған руникалық ескерткіштердің өр әрпінде тарихи жадынан ажырап қала жаздаған халқымыздың ғажайып шежіресі жатыр.

Шаханов. Бірде қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов маған:

– Түркі қағанаты VI – VIII ғасырларда не себептен ыдырады? – деген сауал қойды.

– Жаудың күші басым түсті, жер көлемі үлкен, елдің ауызбірлігі кем болды, – деп дәлелдер айта бастап ем, Ғабен жауабыма қанағаттанбаған сыңай танытып, басын кербез шайқады.

– Негізінен, дұрыс. Алайда, ең бастысын айтпай тұрсың, – деп, өзі әңгімені сабақтап әкетті. – Түрік қағанаты қарсы келген жауға әскерін қарсы қоя білгенімен, мәдениетін қарсы қоя алмады.

Иә, бұл дүниеде рухани құлдықтан өткен қорлық жоқ. Басқыншы елдің тілі мен ділін қабылдап, мәдениеті мен өнерін, салты мен дәстүрін мойындап, өз ұлтының бар бояуы, болмыс-бедерінен айырылып қалған халықтар жер бетінде аз ба?

Кәнігі жау отарлап алған елін рухани құлдыққа салу үшін жерін иелену, дінін ауыстыру, тілін ұмыттыру сынды басты-басты үш түрлі амал-әрекетке барады екен. Мұның аты – тарихи жадыны өшіру деген сөз.

Бір ғана латын жазуын ендіру әрекеттерінің біздің ұлттық даму ерекшелігіміз жолына қаншалық бөгет жасап, баяулатқанын еске алсақ та жеткілікті.

Тарихи жады дегеннен шығады, арғы ата-бабаларымыз ойма жазуды ойлап тауып, түркі халқының мәдениеті мен өнерін өрістетіп, тілін дамытып, шежіресін тасқа қашатып отырғанда, осы игіліктің бәрінен айырылып, құралақан қалуының түп төркіні қайда жатыр?

Айтматов. Мен бұған онша келісе қоймаймын. Латын жазуы бізге осы күнгі жазулардың үйлесімді түрін бере алар еді. Қырғыз бен қазақтың, жалпы түркі тектес халықтардың тарихи жадына, жазуы мен мәдениетіне соңғы 12 – 13 ғасырдың ішінде жан-жақтан қысым жасалып отырды.

Атап-атап айтсақ, араб халифаты 634 жыл мен 710 жылдың аралығында Сирия мен Иранды, Иерусалим мен Ауғанды, Орта Азия мен Румды, Арменияны, Египет пен Батыс Еуропаны түгелдей жаулап алып, ислам дініне кіргізуге, жазуын енгізуге ұмтылды. 715 жылы Түркістан өлкесі арабтардың үстемдігіне өтті. Құтайба атты қолбасшының қатыгездігін тарихшы Наршани "Бұхара тарихы" кітабында: "Кім соғысқа жарайды, бәрін түгел

өлтірді. Тірі қалғандарын тұтқынға алды... Құтайба мешіттер орнатып, кәпірлік және отқа табынушылық рухтағы шығармаларды да жойды", – деп жазды.

Әмудария өзенін өрлей салынған үш жүзден астам қала мен елді мекенді арабтардың жермен-жексен еткенін, жергілікті халықтың тілі мен дінін, жазуын, әдет-ғұрпын түбегейлі жойып жіберуге күш салғанын ұлы Бируни ызаға булығып отырып, еске алады.

Шаханов. Арабтар елді рухани құлдыққа салудың төте жолы алдымен байырғы дінін ауыстыру, сосын жазуын құрту деп білген ғой. Олар ғылыми трактаттарды, астрономия мен философияның негізін зерттеген кітаптарды, тарихи жазбаларды отқа жаққан. Зират басындағы жазуларды, ескерткіштің бетіндегі таңбаларды қырып өшірген.

Айтматов. Сөйтіп, ғұн, түрік, хорезм жазуын түп орнымен жойған араб басқыншылары келесі кезекте халықтың рухани мәдениетін, яғни салт-дәстүрін алмастыру, жер атауларын өзгерту, кісі есімдерін арабшалап қойғызу, Наурыз мерекесінің орнына құрбан айтты кіргізуге айрықша күш салған. 1930 жылға дейін қолданылған 28 әріпті араб жазуы түркі халықтарына осылай келген.

Оған дейінгі барша тарихымыз жадымыздан өшті. Ойма жазу сақталып, аман қалғанда, қырғыз бен қазақ қай ғасырда дүниеге келді, қырғыз Енесей бойына қашан көшіп, қай дәуірде қайтып оралып еді деп бас қатырып отырмас едік.

Менің ойымша, әлемдік тартылыс заңы сияқты, тарихта да өзіндік бұлтартпас заңдылық бар. Жалпы, соғыс екі этностың арасында өте ме, жоқ, әлде екі діни сенімдегі халықтардың ортасында бола ма, – бәрібір ерте ме, кеш пе, тепе-теңдік үстемдік құрмай қоймайды.

Мұны айтып отырған себебім – Шығыстан Батысқа бағытталған Шыңғыс ханның жойқын шапқыншылығының алдында Батыстан Шығысқа аттанысқан әйгілі "Крест жорығы" ұйымдасқан. Алғашқысы әлем халықтарына екі ғасыр, ал кейінгісі үш ғасыр дүрбелең әкелді... Орта ғасырларда осы екі шапқыншылықтан өткен соғыс, қанды майдан болмаған шығар, сірә.

Бір-бірінен алшақ жатқан екі аймақтың ол тұста даму, өркендеу дәрежесі әр қилы болатын. XI – XII ғасырда Шығыс елдерінің тұрмыс деңгейі барынша жоғары әрі әдебиеті мен ғылымы кең қанат жайған, табиғи байлығы айрықша мол еді. Әлеуметтік жағдайдың бұлайша

қалыптасуы Батыс Еуропа феодалдарын тыныш ұйықтатпады. Аста-төк байлыққа кенелген бұл өлкелер оларға жердің жұмағындай боп елестеді. Алыстан арбаған Нілден, Тигр мен Ефраттан және Шығыстың басқа да өзендерінен ат суару әрбір билеушінің арманына айналды. Бүкіл Еуропа жұртын жорыққа көтеру үшін бұлтартпас себеп керек. Ақыры ондай себеп табылды да.

"Христиандардың "қасиетті қонысы" (святое место) мұсылмандардың аяғының астында қалды. Құтқарайық, халайық!" – деген ұран күллі құрлықты жаңғыртып өтті. Осы ұранның астында табаны күректей екі жүз жылға созылған қантөгіс басталды да кетті.

Алғашқы жорықты 1095 жылы Францияның діндары, папа II Урбан бастады. Маңайына көршілес елдердің корольдері мен сенъорларын, рыцарлары мен қарапайым жауынгелерін жинаған ол Кіші Азия мен Сирияны қанға бөктіріп қайтты.

Екінші, үшінші "Крест жорығы." Франция королі VII Людовик пен Германия билеушісі III Конрадтың басшылығымен өткенмен, еш нәтиже бермеді.

Ал төртінші жорыққа елді көтерген папа III Иннокентий болатын.

1217 – 21 жылдар аралығындағы бесінші жорыққа неміс, венгер, ағылшын, голланд рыцарлары қатысып, қиян-кескі ұрыстың соңында Дамият цитаделін, Ніл дариясы жағалауын өздеріне қаратты. Бірақ бағынған өлкені ұзақ ұстап тұра алмай, Египетті ақыры тастап шықты.

Алтыншы жорықтың басы-қасында жүрген Германия императоры II Фридрих қана қалың әскерімен "қасиетті қоныс" атанған Иерусалимді талқандап, Дамаскіге кірді. Әйтсе де мұсылмандардың қарсы шабуылына төтеп бере алмай, ат басын кері – Еуропаға бұрды.

Жетінші және соңғы – сегізінші "Крест жорығын" ұйымдастырған қолбасшы – Франция королі IX Людовик Тунис жерінде обадан көз жұмып, әскері бет-бетімен тарап кетті.

Мұны айтып отырған себебім, бөгде өлкенің байлығына қызығып, жалған діншілдікті бетперде ғып ұрыс салғандардың тағдыры көбіне осындай нәтижесіз, өкінішті жағдайда аяқталып отырған. Есесіне, бұл жорық өздеріне қарсы бағытталған Шыңғыс хан шапқыншылығын өмірге алып келді.

Жоғарыда айтқан тарихи заңдылық, тепе-теңдік деп отырғаным осы.

Шаханов. Халқымыздың жадына екінші шабуылды

қаһарлы Шыңғыс ханның әскері жасаған. Бірақ олардың арабтардан айырмашылығы – жер мен елді иеленуді басты мақсат етіп қойды да, идеологиялық күреске аса мән бермеген. Үш жүз жыл отары болған Ресейдің өзіне тілі мен дінін зорлап таңған жоқ. Орыстың жазуы мен әдеп-ғұрпы, дүниетанымы христиан қалпында қалды.

Айтматов. Заманында Адриат теңізіне дейінгі алып аймақты бағындырып, жүздеген ұлт пен ұлысты езгісінде ұстап, "жер шетіне жеттік" деп, ат басын кері бұратын қаһарлы Шыңғыс хан әскері 1207 – 1208 жылдары алғашқы қанды жорығын Сібірді мекендеген ойраттар мен буряттардан, якуттерден бастаған. Қарсы келгенді қара дауылдай жапырған монғол шапқыншылығынан аз халқын қырып алмауды көздеген Енесей қырғыздарының билеушісі Арыс Айнал Алдиярұлы жайында "Монғолдың құпия шежіресі": "Ақ сұңқар, ақ тұлпарды және қара бұлғын ішікті тарту етіп, Жошыны қарсы алып, соғыспай бағынды" деген мәлімет береді.

1218 жылға дейін Таңғұт хандығы мен Тұрпанды, Жұңго мен Ханбалықты (Бежинді) қол астына қаратқан Шыңғыс хан келесі жорығын Жетісуды жаулап алуға арнаған.

Құпия шежіреде айтылғандай, тайпалық дәрежеде дамыған түркі халқы Шыңғыстың көкжал ұлдары: Жошы мен Шағатайдың, Үгедей мен Төленің сан мыңдаған атты әскеріне қарсы жиырма жылдың үстінде жанқиярлықпен шайқасты. Күші басым шапқыншыларды тоқтатар шама жоқ еді. Сол кездегі қазақ жері мен Орта Азия билеушілерінің өзара бақталасы, іштей қырқысы қарамағындағы елдің сорына шықты. 1220 жылға дейінгі аралықта Жетісу мен Ұлытауды, Қаратау мен Қыпшақ даласын өзіне қаратып, Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, Тараз, Өзкент сынды жүздеген қаланы жермен-жексен еткен монғол қолы Әмударияның жағалауы мен Орта Азияны қайта бас көтерместей етіп талқандады. Отырарды алты ай бойы ғажайып ерлікпен қорғаған Қайырхан сынды, тарихымыздағы ірі тұлғаның бірі – Хорезм шахы Мұхаммед те жаудың тегеуірінді шабуылына беріспей, қарсыласып бақты. "Хорезмнің күлге айналғанын көзіммен көргенше, қаңғып өлгенім артық!" деген батыр шах шегініп ұрыс салып, Каспий теңізіне дейін қашты. Ақыры сонда көп аралдың бірінде аштан өлді...

Жебе ноян мен Сүбедей баһадүрдің отыз мың қолы бұл кезде Орта Азияны көктей өтіп, Иран мен

Әзірбайжанның, Грузияның бір бөлігін ат тұяғында таптатып, ат басын Еділ өзеніне тіреп, ұлан-байтақ орыс даласына қызыға көз тігіп тұр еді.

Шаханов. Алыс мадияр жеріндегі түбі бір туысымыз – үлкен ғалым, профессор, марқұм Қоңыр Иштван Мандоки бір жүздескенімізде:

– Мұха,

*Барар жерің Балқан тау,
Ол да біздің барған тау... –*

деген жырды естіген шығарсыз. Сіздер қалың елдің ішінде, туған топырақта табан тіреп қалдыңыздар да, біздің бабаларымыз Қотан ханға еріп барып, Балқан тауды қоныстанды. Әйтпесе, шыққан тегіміз де, жаратылған қанымыз да бір. Жат болсақ, кейіннен жат болдық, – деп мұңая күлімсірегені бар.

– Оның рас.

*Беліме буынғаным кемер белдік,
Дүние-ай, сол арадан неге келдік! –*

деген өлең де өткен дәуірдің көзі ғой. Мойыма, бауырым, ажырап кеткен бір халық өзіңнің арқанда түп арнасын қайта тауып жатыр, – дегенмін.

Тағдырдың кейде сан соқтырып, өкініш қарматып кететінін айтсаңшы, араға аз уақыт салып, Қоңыр Дағыстан жерінде кенеттен көз жұмды да, өз өтініші бойынша бабаларының құтты мекені – Алатау баурайындағы Кеңсай зиратына жерленді.

Иә, Қотан хан да халқымыздың тарихынан өз орнын алуға тиіс аса күрделі тұлғаның бірі. Киев князі Мстислав Романовичке қарата айтылған: "Егер бізге көмектеспесеңдер, бүгін біз қырыламыз, ертең сендер қырыласыңдар" деген бір ауыз сөзі "Лаврентий жылнамасында" қалған Қотан хан кім еді?

Ол – Шыңғыс ханның қанды жорығына қарсы көтеріліп, елін азаттыққа үндеген, ақырғы демі біткенше басқыншы жауға бас имей өткен Дешті Қыпшақ даласының ержүрек ханы. Тарихтан мәлім, қаһарлы қаһаннан қыпшақ ұлысын еншіге алған Жошы хан 1227 жылы қайтыс болып, таққа екінші ұлы – Бату отырады. Әкесінен қалған ұлан-ғайыр мекенді тақымына тар көрген Бату 1236 жылы қалың әскерін бастап, Жайық өзенін

көктей өтіп, Еділ бойының бұлғарлары мен Владимир, Рязань және Мәскеу князьдіктеріне шабуыл жасайды. Бас-аяғы жеті жылдың ішінде Киевті, Польша мен Венгрияны, Молдавия мен Чехияны бағындырған монғол әскері Ертіс өзенінен көгілдір Дунайға дейінгі аралықтағы байтақ өлкені иелігінде ұстаған.

Айтматов. Бұл олжалы жорықтан соң Бату хан Алтын Орданың астанасын Сарай Багудан Еділ сағасындағы Сарай Беркеге көшіріп, Арал теңізінің шығысы мен солтүстігіндегі жерді ағасы Орда-Еженге беріп, Ақ Орда ататып, осы теңіздің солтүстігін інісі Шайбанға сыйлап, Көк Орда дегізген жоқ па еді?

Шаханов. Иә, тарихи дерек осыған саяды. Менің айттайын дегенім, Бату қыпшақ ұлысын билеген кезеңде теке тіреспен жүріп, ақыры майдан кешіп, жеңіліп, қалың қолымен елден кеткен Қотан хан орыс жерінде ата жауымен қайтадан жүздеседі. Монғол әскерінің аяушылық білмес қанқұйлы әрекетіне жастай қанық Қотанның "Лаврентий жылнамасында" қалған әйгілі сөзі осы тұста айтылған. Қалың қыпшақ жасағын бастаған Қотан хан күйеу баласы – князь Мстислав Удамыймен қанаттас жүрсе де, өзге князьдіктермен басы пісе қоймады... Жау таяп қалғанда, Киев князі Мстислав Романовичтің сатқындық әрекеті орыс жерінің от құшағында қалуына себепкер болды. Қара құрттай қаптаған монғол әскері жеке-жеке бас баққан князьдіктердің бірінен соң бірін таптап өтіп, майдан даласында өлік тау-тау боп үйілді, кісі қаны сай-жыраларда өзен боп ақты. Ғұлама ғалым Л.Гумилев өз еңбегінде бұл жайында: "Сол шайқаста орыстардың 90 проценті қырылды", – деп аса өкінішпен жазды.

Бұл қырғыннан аман қалған Қотан хан мен Мстислав Удамый жауға соққы бере отырып, шегініп, Днепр өзенінен өткен. Монғол әскерінің жолын бөгеу үшін, қайықтарды түгелдей өртеп жіберген. Артынан өкшелей қуған жаумен қиян-кескі соғыс салған Қотан хан ақыры сарбаздарын алып, Новгородтан Киевке қарай ығысқан. Өзара қырқысқан орыс князьдерін жаппай бодандыққа алған Бату 1238 жылы Козелск қаласының маңында қыпшақ ханының жасағымен қайтадан ашық майдан алаңына шыққан.

Соңынан ерген жасағымен бірге жат жерде жапа шеккен Қотан ақыры шегіне-шегіне, Венгрия жеріне ат тұяғын іліктіреді. Бұл кезде поляктар мен немістердің, венгерлер мен хорваттардың ұйымдасқан әскерін

талқандаған монғолдар Венгрияға да кіріп үлгерген. Қотан ханның одан арғы қырсық шалған өмірін Л.Гумилов былайша суреттейді: "IV Бела қыпшақ ордасының ханы Қотанды қолтығының астына алды. Қыпшақтар келісім бойынша, католик дініне кірді де, тек қана корольдің өзіне бағынатын қуатты жасаққа айналды. Алайда тақ иесінің күшейіп кетуінен қауіптенген венгер төрелері Пешт қаласында Қотан ханды және өзге де шоқыншықтарды сатқындықпен өлтірді. Мұны естіген қыпшақтар жаппай көтеріліп, Балқан тауына көшіп кетті".

Қоңыр айтқан Балқан тау осы.

Бұдан 7 ғасыр бұрын туған топырақтан зордың күшімен ауа көшіп, жат елді жайлаған бауырластарымыздың бүгінгі ұрпақтары сол Венгрия жерінде өмір сүріп жатыр. Қыпшақ тілін XVIII ғасырдың орта шеніне дейін ұмытпай, салт-дәстүрін, тұрмыс-дағдысын, тіпті ұлттық ерекшелігін де сақтап келген. Бірақ уақытқа үстемдік жүре ме... Әлі де болса өзін мадияр атап кеткен қыпшақ нәсілдері ата-бабасының өсіп-өнген жері – қазақ даласы екенін ұмытпаған. Мәселен, халқымыздың "бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу" деп басталып, "он дегенім – оймақ, он бір – қара жұмбақ" деп бітетін санамақ ойынын қандастарымыз әлі күнге сол қалпында санап, жұмбақ жасырып ойнайды екен. Өздерінің Үлкен Қыпшақ, Кіші Қыпшақ деген жер атаулары, Қотан ханның құрметіне қойылған Қотан деп аталатын қаласы бар.

Еркіндігімді жоғалтпаймын деп, күші басым қарсыласымен арыстандай арпалысқан Қотан ханның тағдыры осылай тәмамдалды.

Айтматов. Алтын Орда мемлекетінің күйреуіне 1380 жылғы Куликов соғысы барынша әсер етсе, ал оның тарих сахнасынан біржола жойылып кетуін Әмір Темірдің тосын шабуылы тіптен тездетіп жіберген еді. Қарамағындағы елге ізгілігі һәм ақыл-парасатымен жаққан, өз заманында өнер иелерінің бірден-бір қамқорына айналып, көреген атанған Темірдің Алтын Орданың ақырғы ханы, өз туысы Тоқтамысқа 1391 – 95 жылдар ішінде екі жорық жасап, іргелі мемлекетті талқандауының себебін бізден гөрі баба-тарих жақсы бағалар.

Шаханов. Ақсақ Темірдің бұл жорығы, біріншіден, Алтын Орданы біржола тұралатып, орыс князьдіктерінің толық бостандық алуына жол ашып берсе, екіншіден,

Орданың өз ішіндегі жеке билікке ұмтылған сұлтандардың бөлініп шығуына мүмкіндік туғызды.

Тағы бір қырынан алып қарар болсақ, Батыстағы берен қақпаны құлату арқылы түркі халықтары Қазан, Астрахань, Қырым хандықтарын, яғни қарамағындағы ел мен жерді уысынан түпкілікті шығарып алды...

Сөз жоқ, Алтын Орда заманында Еуропа мен Азия құрлығын қамтыған орта ғасырдың ең ірі, айбынды мемлекеттерінің бірі болды. Тарих алдындағы талассыз шындық – осындай іргелі елдің түбіне жеткен, бұдан бұрын өзіміз әңгімелеген, Тарағай бектің ұрпағы Темір. Барлас руынан шыққан болашақ әмірші сол кезгі Моғолстан, Шағатай, Ирандағы Хұлағу ұлысына тән қырық пышақ қырқысты көріп өсті. Шыңғыс әулеті болмаған соң, билік басына келе алмайтынын түсінген Темір Балқы мен Самарқандтың әмірі, туған жездесі Хұсейнді мерт етті. Осыдан бастап отыз бес жыл ат терлігін құрғатқан жоқ.

Іргесіндегі Үргенішке бес мәрте шабуыл жасап, тас-талқан еткен ол келесі кезекте Хорезм мен Түрікменстанды, Дешті Қыпшақ даласы мен Жетісуды, Түрік сұлтандығын, Үндістан мен Иранды, Иракты жермен-жермен қылды.

Әмір Темір Қазақстан мен Орта Азияның кейбір қалаларына сәулетті құрылыстар жүргізіп, әсем ғимараттар салдырды. Ол Түркістанда Ахмет Йасауи, Самарқандта Шаһи Зинда және Гөр Әмір кешенін тұрғызды.

Түркі тектес тайпалар ортақ орда көтеріп, жер көлемі, халқының саны, әскери қуаты жағынан алғанда Еуразияда үстемдік құрып келген Алтын Орда осылайша ыдырады. Түркі халықтарының одан кейінгі ірге ажыратып, ыдырауын қазақтың белгілі жазушысы Мұхтар Мағауин былайша сипаттайды:

"Еділ өзенінің бойында, байырғы бұлғар жерінде, Қазан хандығы шаңырақ көтерді.

Еділдің төменгі ағысында Хажы Тархан хандығы бірікті.

Қара теңіз маңында Қырым хандығы құрылды.

Еділ мен Жайықтың ортасында Ноғай Ордасы ту көтерді.

Ал Сібірде Сібір хандығы негізін қалады.

Көк Орда жерінде кәдімгі Қазақ Ордасы ұйымдасты.

Еділден Дон өзеніне дейінгі аралықта Ұлы Орда ірге көтерді.

Сөйтіп, екі ғасыр бойы түркі жұртының мызғымас темірқазығына айналған Алтын Орда тарих сахнасынан кетіп, жеті бөлікке бөлінді".

Көк Орда жеріне қоныс тепкен Қазақ Ордасының қуаты артып, Тәуекел ханның заманында іргелі ел болғаны тарихтан мәлім. Осы дәуірде орыс әскерінің қолына түсіп, тұтқын болған Оразмұхаммед (Тәуекелдің туған ағасы Шығай ханның ұлы – Ондан сұлтанның баласы) ақыры Мәскеу князьдігінің құрметті адамының біріне айналғандығы, бүкіл орыс әскерінің бас қолбасшысы атанып, Хан-Кермен, яғни Касимов патшалығын билегендігі жайлы Мұхтар Мағауин "Аласапыран" атты тарихи дилогия жазған. Сөйтіп, орыс шежіресінде аты қалған қазақ елінің ұлы перзентінің бірін араға бес ғасырдай уақыт салып, халқымен қайта қауыштырды.

Иә, сол жорықта Алтын Орданың астанасы Берке сарайы аяусыз тоналып, өртелген. (Қазірде үйіндісі Ресей жерінде – Астрахань облысы, Ақтөбе өзенінің бойында жатыр.) Сөйтіп, Дешті Қыпшақ даласының батыстағы ең әлуетті де салтанатты қаласы тарих бетінен өшіп, құрдымға кетіп, құм басқан төбеге айналды. Қираған қаланың ақ тастарын бір жарым ғасырдан соң Хажы Тархан (Астрахань) қаласына орыс көпестері тасып әкетіп, сондағы кіші Кремль құрылысына пайдаланды... Заманында түркі халықтарының орталығына айналған үш орданың (Ақ Орда, Көк Орда, Алтын Орда) бірі еді, қазып, зерттесек, небір қымбат қазыналарға кезігерміз, тарихи жадымызды түгендерміз деп еңбектеніп жатқан археологтеріміз аз. Не Алтын Орданың орнында ашылмаған алтын көмбеге айналып жатқан Берке қаласын тарихи-мәдени ескерткішіміз деп қамқорлыққа алып жатқан Орта Азия мен Қазақстанның үкімет орындарын көрмедік.

Өкінішке орай, біз осылай марғау жүргенде, бас пайдасын, өз құлқынын ойлағандар қала орнын қазып, шеттен үңгіп, керектісін жырымдап тасып әкетіп жатыр.

Осыдан он шақты жыл бұрын жергілікті жерден құрылған жабайы экспедицияға қатысқан, Берке сарайының орнын қазған бір жас жігітпен әңгімелескенім бар. Сонда ол:

– Жыл сайын көктемде не күзде қолымызға кетпен, күрегімізді алып, осы ескі мекенді төңіректтейміз. Қаланың айналасы өткен ғасырлардағы ыдыстың сынығы мен таға, ауыздық, оқтың қалдығынан аяқ алып жүргісіз. Әсіресе, биыл олжалы болдық. Қаланың қақ ортасы осы-

ау деп белуардан қазып, жан-жағын үңги бастап едік, аузы бітеу үлкен құмыраға кезіктік. Қуанышымызды айтпаңыз енді. Ғажап олжаға кезіктік дестік. Өзі кісі құшағы толар көлемді, аузы тұтас құйылған бітеу болса, іші толы алтын шығар деп айналдыра бастадық. Қарасақ, құмыраның жиегі мен бүйірінде араб жазуы самсап тұр! Құмыраны құйған шебер жазуды да бірге жазған сынды. Жерге ұрып сындырып ек, ішінен адамның сарытап болып қалған бас сүйегі шықты. Кімдікі екенін қайдан білейік, алтынға аңсарымыз ауып отырғанда, көңіліміз мұндай құлазымас. Сайға қарай құлаштап лақтырдық та, әрмен қарай қаза түстік. Араға бір жұма салып, жазуы бар алтын мөр мен күміс тостағанға кезіктік.

Екеуі де адамның ақ сөңке болып қалған қу сүйегімен бірге шықты. Олжамызды Астраханьның базарына апарып саудалағанбыз. Кавказдан келген бір құмық шалы мөрдегі жазуды оқып: – Мынау Бату ханның мөрі ғой, – деп, қуанғаннан айқайлап жіберді. Сүйді ме, тәу етіп, маңдайына тигізді ме, ақыры сұрағанымызды артығымен беріп, күміс тостаған екеуін қоса сатып алды, деген.

Қандай қымбат қазынадан айырылғанымызды сезіп отырған шығарсыз? Әлгі жігітті өлердей жек көріп кеттім. Қарап отырып тынысым тарылып, өз-өзімнен алқындым.

Орыстың ұлы ақыны Пушкин бақта қыдырып жүргенде Анна Керн сүрініп кеткен тасты қайтар жолда ала келіп, үстелінің үстіне қойған екен. Қазірде сол қарапайым тастың өзі құнды ескерткішке айналып отыр. Ал біз ше?..

Құмыраға салынып құрметтелген кімнің басы болды екен? Жазуын оқыса, небір құпиясын ашар еді-ау, шіркін!

Айтматов. Халқымыздың бастан кешкен тағдыр-талайы өлшеусіз көп болса да, әлі күнге жұқалау тарихымыздың алтын әріптермен өрнектелетін бірнеше парағы әлгіндей парықсыздардың қолында жыртылып кетті десеңші!

Тарихтан мәлім, Шыңғыс ханның әлем халықтарына дүрбелең әкелген аса тегеурінді жорығы кезінде Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің қайы тайпасы монғол әскерімен соғыс сала отырып, туған өлкеден жыраққа қоныс аударған жоқ па? Сөйтіп, Кіші Азияның солтүстік бөлігіне табан тіреп, Селжүк сұлтанатының құрамына кірген. Олар – билеушісі

Османның есіміне байланысты Осман түріктері атанып кеткен бүгінгі Түркия мемлекетінің негізін құраған бауырларымыз. Бұл тайпа қажырлы күрестің нәтижесінде 1299 жылы селжүктерден өз бостандығын алып, еркіндікке қол жеткізген. Бей атанған Османның қарамағындағы халқына кең қоныс, малына мол өріс әперем деп, жарғақ құлағы жастыққа тимейтіні де осы тұс.

Шаханов. Заманында тарихи шым-шытырық оқиғалардың негізінде Тұран ойпаты, Түркістан топырағынан қозғалған бұл нәсілдің кешегі Кемал Ататүрік сынды сұңғыла қайраткер билік құрған дәуірге дейінгі өмір жолына зер салып отырсаңыз, небір шапқыншылықтар мен қанды қырғындарды бастан кешкеніне куә болар едіңіз. Ақ сөйлеу – парыз, көбіне-ақ ат арытқан қашық өлкелердегі талай-талай қиян-кескі ұрысқа осман түріктері себепкер болмады ма? Мәселен, 1326 жылы Румның ең ірі қаласы Бруссты өздеріне қаратып, мемлекеттің астанасына айналдырған түріктер іле Кіші Азиядан Мәрмәр теңізіне дейінгі аралықтағы байтақ өлкені бағындырып үлгерді. Артынша Қара теңізді көктей өтіп, Балқан даласында ат тұяғын ойнатты. Сербтер мен болгарларды жаншып, Венгрияға қатер төндірді.

Айтматов. 1383 жылы 15 тамызда Косово даласында түріктер мен сербтердің арасында қанды қырғын өткенінен хабарың бар шығар. Осы шайқаста Мұрат сұлтан серб королі Лазарьды айқын басымдықпен жеңіп, өзінің вассалы еткен. Мұны айтып отырған себебім, Балқан бойы елдерінің ауыз әдебиетінде “Мұрат Қосаба даласында” деген ұзақ та тарихи жыр әлі күнге айтылады. Тебіреністі, сызылтып салар әні де бар. Бұл – “Игорь жасағы жайлы жыр” сынды аса көлемді болмағанмен, шежіреге бай, әрі көркем дүние.

Шаханов. Мұрат атанған әмірші – қол астындағы түркі жұртын 1421 – 1451 жылдары билеп, жер көлемін кеңейтуді аңсап сонау Дунай бойына дейін жорыққа аттанып, Варна қаласы маңында чех-венгер әскерімен беттесетін аса қатал да қатыгез сұлтан ғой. Сол шайқаста Янош Хуньядидің қалың қолын талқандаған. Олар 1475 жылы Қырымды да өз иелігіне алды.

Жалпы, Осман түріктерінің Еуропа құрлығына жасаған тынымсыз шабуылы кезінде, әсіресе, қарапайым серб халқы көп азап тартты. Осы қантөгістерден зәрезап болған серб патшасы Стефан Душан 1349 жылы кәдімгі Әз Тәукенің “Жеті жарғысы” сынды 201 бабтан тұратын

заң шығарып, жұртшылыққа жария еткен. Оның 21-бабы мынадай:

“Кімде-кім христиан дінін бөгде дінге айырбастап, сатқындық жасар болса, қолы шабылып, тілі кесілсін”.

Бұл заң елін сыртқы жаудан қорғаудың бірден-бір амалына айналды.

Айтматов. Стефан Душанның әділдігі мен шыншылдығының арқасында елдегі ұсақ билеушілер арасындағы ішкі ала ауыздық жойылып, бірлік бекемделді. Адамдардың бір-біріне деген құрметі артты, тәртіп нығайды.

Патшаның өз қолымен жазылған:

“Кімде-кім әкесін не шешесін, немесе аға-інісін, болмаса баласын қастандықпен өлтірсе, мұндай қанішер отқа өртелсін” деген баб жолдары осы сөзіміздің бұлтартпас дәлелі еді.

Шаханов. Шіке, ой ағымына орай бірнеше ғасыр бері секірелік. “Дабысым Ресейге кетер жалпақ” деп ұлылықпен жырлаған А.С.Пушкин 1833 жылдың қоңыр күзінде Пугачев көтерілісін зерттегелі Петербургтен шығып, Орынбор шекара комиссиясына келетіні бар емес пе? Сол сапар жанына досы – әдебиет білгірі, әрі шекара комиссиясының чиновнигі Владимир Дальді алып, қазақ жерін қос ат жеккен фазтонмен басып өтіп, Орал (Яицк) қаласына келіп түскен. Ұлы ақын Жайық жағасында өткізген үш тәулік ішінде Пугачевтың көтеріліс жасаған жерін, Шаған өзені бойындағы қару-жарақ соқтырған ұста дүкенінің орнын, кейінгі әйелі Устиньямен дәм-тұз жарастырып тұрған ағаш үйін (әлі күнге бар) аралап көрген, көнекөз қариялармен емен-жарқын тілдескен.

Айтматов. Александр Сергеевич сол сапардан кейін “Капитан қызы” повесін жарияламады ма? Бір қызығы, повестегі басты кейіпкердің бірі – Миронов балалық шағын Жайық өңірінде өткізген орыстың ұлы сықақшысы Иван Крыловтың әкесінің прототиві екен. Кейінгі пушкинтанушылар солай деп дәлелдеп шықты.

Шаханов. Иә, сол жолы Пушкинмен патшаның отаршылдық саясатына қарсы Бөкей ордасында өткен 1833 – 38 жылдардағы көтерілістің жалаугер батыры, қазақтың әйгілі ақыны Махамбет Өтемісов кездескен. Батыр өзінің Нұрсұлтан есімді ұлын Орынбордағы кадет корпусына оқуға жөнелту үшін, құжаттарын туралау мақсатында келіп, Орал қаласына тоқтаған беті екен. Жанына Жанкісі есімді жырау ілесе жүрген. Пушкин мен Махамбеттің танысуына дәнекер болған Даль сыңайлы. Өйткені ол

Махамбетпен бұрыннан таныс, дос-жар болған, батырдың Дальге жазған екі хаты мұрағат қорында әлі күнге сақтаулы. Сол қысқа қайырым жүздесу үстінде Пушкин жыраудан халқымыздың "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" атты лиро-эпостық жырының мазмұнын жазып алған.

Осы деректі 150 жылдан соң "Русский вестник" журналынан тауып, бұл салада едәуір жаңалық ашқан, соның негізінде "Жұлдыздар құлаған жер" атты көркем туынды жазған – біздің Елшіліктің қызметкері, өзіңіз жиі көріп жүрген Рахымжан Отарбаев деген жігіт.

Қырғыз жеріне келген аз уақыт ішінде оның "Әбутәліп әпенді", "Абай – сот" атты екі пьесасы қойылып, көрермендерден тәуір баға алды. "Абай – сотты" өзіңіз де көріп, жақсы пікір білдіргенсіз. Өз басым қазақтың осы қарапайым, қанатты жігітінен көп үміт күтемін.

Ал Пушкин мұражайында "Қозы Көрпеш – Баян сұлудың" ақын қолымен жазылған сегіз беттік қысқаша мазмұны қазірде көрнекті экспонаттың біріне айналып тұр. Ақын қазақ жырының негізінде "Руслан мен Людмила" сынды кең тынысты эпикалық өлең-роман жазамын деп жоспар құрса керек.

Айтматов. Назар аударарлық оқиға екен.

Шаханов. Ал, Жайыққа келетін болсақ, заманында осы өзеннің бойында жасақталып, қаһарлы күшке айналған Емельян Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі күллі Ресей империясының түкпір-түкпірін тегістей дүрліктірді емес пе? Билеуші топтың зәре-құтын қашырған бұл дүрбелеңге башқұрт, татар шаруаларымен қатар, қазақ кедейлерінің жасағы да қатысқаны белгілі. Пугачевтың өзі тұтқындалып, көтерілісшілер аяусыз жазаланған соң, Ресей империясы Жайық деген қорқынышты атауды халық санасынан мүлдем өшіргісі келді. Сөйтіп, императрица II Екатерина (1762 – 1796) арнайы жарлық шығарып, Орал тауынан бастау алып жатқандықтан, Жайық өзенін Урал деп өзгертті.

Біздің жыл санауымызға дейін-ақ сол өңірде дүниеге келген Зоротуштра пайғамбар атын суарған бұл ұлы дария содан бастап зорлықпен таңылған есімді иеленіп, Урал атанып кете берді.

Бүкіл қазақ халқының еңкейген кәрісінен еңбектеген баласына дейін Жайық деп айтудан бір жаңылмаса да, географиялық карта мен орыс басылымдарында әлі күнге дейін II Екатерина "әжеміз" берген жанама ат үстемдік танытып келеді.

Кешегі тоталитарлық жүйенің тұсында жүздеген ұлттар мен ұлыстар тарихи жадынан ажырап қала жаздады ғой. Өйткені түркі халықтарының өткен дәурен, кеткен күндерінің көбі өз қолымен жылнама беттерінде емес, өзге халықтардың әр алуан тарихында, шежірелерінде жазылып қалды. Бір халықтың тұтас тіршілігін, ұлттық кәсібі мен психологиясын әркім өз талғам, түсінігі, көзқарасымен көргендіктен, ол мұралардың ішінде ұнамдысы мен жағымсызы, ақиқаты мен жалғаны аралас-құралас жүрді. Осы әрқандай араб, қытай, орыс, ағылшын мен неміс тілдерінде қағазға түскен баба тарихымызды талмай зерттеп, тірнектеп жинап, том-том ғылыми еңбек жазған оқымысты, аяулы азаматтар баршылық.

Туған халқының мәрт мінезін, шынайы зиялылығын бойына сіңірген орыстың ғұлама перзенті Лев Гумилев бар саналы ғұмырын түркі тектес халықтардың тарихын зерттеуге арнады. Осы бір энциклопедиялық білімі бар жанның адам айтса нанғысыз қажыр-қайратының арқасында қаншама ғасырлық шежіреміз жинақталып, ұлт игілігіне айналды десеңізші! Мұндай қайталанбас тұлғаға жай рақмет айтудың өзі аз, еңселі ескерткіш соқса, артықтық етпес еді. Сонымен қатар А. Левшиннің "XIX ғасырдағы қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы" (3 том), Н. Бичуриннің "Енесей қырғыздары", "Орта Азия және Қазақстан шежіресі", В.Радловтың "Ежелгі монғол, ұйғыр, Орхон, Енесей жазбалары", С. Маловтың "Көне түрік жазба ескерткіштері", Н. Аристовтың "Түрік тайпалары", В. Бартольдтың "Орта Азия және Түркістан тарихы" т.б. – бүкіл ел атынан алғыстауға лайық сүбелі шығармалар.

Осы салада ұзақ жаддар көз майын сарқып ізденіп, қазақ тарихын кереметтей байытқан ұлы ғалым Әлкей Марғұланның, тарихшы-зерттеушілер: К.Ақышев, М.Қозыбаев, М.Ақынжанов, Ж.Қасымбаев, А.Аманжолов, Р.Бердібаев, М.Мағауин, Ә.Дербісәлиев, У. Шалекенов, К.Байпақов, М.Қадырбаев, С.Ақынжанов, Л.Ерзакович, Б.Көмековтердің және "Көмбе", "Алтын тамыр", "Қазақтар" атты трилогия жазған Қойшығара Салғариннің, "Дулыға" деген дилогия берген қаламгер Тұрсын Жұртбаевтардың еңбегі айтарлықтай зор.

Қырғыз халқының арғы-бергі шежіресін талмай зерттеп, тарихи ақтаңдақтардың орнын толтыруда ерекше қайрат көрсеткен қырғыз ғалымдары: А.Тыныбеков,

О.Сыдықұлы, Х.Қарасаев, К.Юдахин, Б.Жамгерин, К.Үсенбаев, А.Батманов, О.Қараев, Ю.Худьков, В. Плоских, В.Мокринин, Ш.Өміралиев, Ә.Өміралиев, Қ.Эсенұлы, Т.Бейшеналиевтердің зерделі зерттеулері, байыпты ойлары таным көкжиегін барынша кеңейтті.

Айтматов. Мәселен, Жапонияда мектеп оқушылары ә дегеннен-ақ өз елінің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, музыкасын, сәулет өнерін (өзге пәндермен бірге) меңгеруге күш салады екен. Ата жұртының барлық өмірбаянымен сусындаған оқушы кейінгі кезекте өзге елдердің тарихымен танысуға мүмкіндік алады. Ал бізде бәрі керісінше болды емес пе? Шетелдің Людовиктері мен Вильгельмдерін сұрасаң, алдына қара салмай тұрған шәкіртің өз елдеріміздің тарихын құраған тұлғаларға келгенде, күмілжіп қалады. Шүкір, қазір бұл салада қозғалыстар жоқ емес...

Шаханов. Тарихшыларымыз Шыңғыс хан шапқыншылығы түркі тектес елдердің дамуын 300 жылға шегерді деседі. Егер бұл апаттан аман қалғанда, біздің елдеріміздің де Жапонияның дәрежесінде, бәлкім, соған жете-қаба дамуы мүмкін еді деген жорамал айтады ғалымдар. Кім білген?

Шыңғыс ханның әскері отырықшы өлкелерді ойрандап, қарсылық көрсеткен қалаларды талқандап, жергілікті халықтардың тұрмысына, шаруашылығына, мәдениетіне зор залалын тигізгенмен, кейіннен Алтын Орда мемлекеті нығайған соң, қарамағындағы елдің де әл-ауқаты арта берді. Тіпті XIII – XIV ғасырларда жер шарының небір ілгері дамыған елдерімен сауда, экономикалық, мәдени байланыс орнатқан Алтын Орда келекеле, Үндістан мен Мысырдың, Кіші Азия мен Батыс Еуропаның керуен жолына айналды. Бұрын тек қиратушының рөлін ойнаған Алтын Орда билеушілері ғасыр алмасқан сайын, жергілікті халыққа сіңісіп, мұсылман дінін қабылдап, елді отырықшылыққа үндеп, мәдениет пен экономиканы өркендетуге күш салды. Сол тұста Бату Сарайы, Берке Сарайы, Керіш, Үргеніш, Сығанақ, Хорезм сынды шаһарлар сауда мен қолөнердің, ғылым мен мәдениет, әдебиеттің орталығы боп көркейе түсті.

Айтматов. Мұны Алтын Орда мемлекетінің "алтын ғасыры" десе де жарасар. Осы дәуірде ісі түркі халықтарына ортақ жазба әдебиетінің небір жауһар туындылары дүниеге келген. Мәселен, 1233 жылы Алтын Орданың ақыны Әли "Қисса Жүсіп" дастанын жазса, 1303

жылы қыпшақ тіліндегі әдеби мұра "Кодекс куманикус", 1310 жылы Рабғузидің "Қиссасул анбиасы", 1341 – 42 жылдары қыпшақ ақыны Құтбтың "Хұсырау мен Шырыны" жарық көрді. Сол сияқты 1357 жылы Махмұд Кердерінің прозалық көркем шығармасы "Наһжу-л-фарадис", 1359 жылы Сайф Сараидың "Гүлстан бит-түрки" атты көрнекті туындысы, 1409 жылы Дүрбектің "Жүсіп пен Зылиха" қиссасы кітап боп шығып, түркі халықтары арасына кеңінен тарады. Бұл шығармалардың дені қайта-қайта баспа жүзін көрген, аса көркем де қазірге дейін мәнін жоймаған, елдің рухани қазынасын байытқан кесек дүниелер еді.

Орта Азия мен Дешті Қыпшақ даласы, күллі Батыс Еуропа жұртшылығы монғол шапқыншылығынан еңсе көтере алмай жатқан XIV – XV ғасырларда, көптеген іргелі елдер сынды, Италия мемлекеті де өзінің қайта өрлеу дәуірін бастан кешіп, өнеркәсібін жаң-жақты өрістетіп, сәулетті қала санын мейлінше молайтып, капиталистік мануфактурасын дамытып, гүлденіп тұрды. Еуропа мен Таяу Шығыстағы қаптаған керуен жолының дені Италия жеріне келіп түйісетін. Сауда-саттық пен экономикалық байланыс күшейген сайын, қарапайым халықтың тұрмысы жақсарып, өнер-білімге, мәдениет пен әдебиетке деген құштарлық еселеп артты. Әлем тарихына "Қайта өрлеу дәуірі" деген атпен енген бұл кезеңде Италия өнерінің тығыз бірлікте қарыштай дамығаны соншалық, көрсе, көз тойғысыз зәулім ғимраттардың іші мен сырты тұрмақ, төбесіне де небір ғажайып мүсіндер орнатылатын. Қолөнердің қайталанғысыз туындылары бұл елдегі бейбітшілік пен ересен байлықты паш еткендей, дүниенің түкпір-түкпіріне кеңінен тарап жатты.

Бұл дәуірде итальяндықтар көбіне-көп латын жазушыларының стилін зерттеп, көне римдік әдебиетшілердің еңбектерін жарыққа шығаруға көп күш қосты. Анти дәуіріндегі өте көне қолжазбаларды жинап, Цицерон мен Тит Ливий еңбектерін кеңінен пайдаланды. Соның нәтижесінде грек тілі мен әдебиеті кейінгі ғасыр жәдігерлерімен қайтадан табысып, ел игілігіне айналды.

Флоренция Республикасының канцлері Леонардо Брунонидің (1374 – 1444) өзі бас болып грек жазушылары мен даңқты философтары: Платон, Аристотель, Плутархтың шығармаларын тәржімалаумен айналысқан.

Атақты ақын Франческо Петрарка (1304 – 1374) болса итальян әдеби тілінің негізін қалап қана қойған жоқ, ғажайып шабыт үстінде сүйген ғашығы Лаураға арнаған

жасампаз сонеттерін дүниеге әкелді. Кейіннен оның замандастары: "Петрарка көрген құрметті көзі тірісінде ешбір тұлғаласы көре алған жоқ", – деп жазды.

Ал Азия мен Еуропа құрлығында өтіп жатқан шапқыншылық пен соғыс тек халықтың ғана емес, өнердің де бағын байлаған еді.

Шаханов. Бәзбіреулердің байыптағанындай, бағзы дәуірлерде ғұмыр кешкен бабаларымыз шешелерінің жатырынан шыға сала, құрық пен кетпенге немесе шолақ найза мен қайқы бас қылышқа жармаспаған шығар. Заманында ғылымы мен мәдениеті жарыса өркендеген түркі халқының келе-келе, тарихи жадын шаң басса, оған басты кінәлы алуан түрлі оқиғалар мен небір шапқыншылықтардың жиілеуі еді. Әйтпесе, орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан топырағынан басына сәлде ораған небір ғұламалардың қалың шоғыры шыққаны мәлім. Олардың қаламынан туған жауһар дүниелердің азын-аулағы көненің көзіндей боп дүние жүзінің кітапханалары мен мұражайларында сақталып қалған. Хорезмнен шыққан ұлы ғалым Әбу Райхан әл-Бирунидің жазба деректеріне сүйенсек, қазіргі түркі тектес халықтар мекендеп отырған кенен өлкеде сәулет пен мүсіндеу, бейнелеу өнері айрықша дамыған, ғылым мен өнер ерекше өрістеген.

Бұхара қаласында медреседе дәріс алған ұлы дәрігер Әбу Әли ибн Синаның былай деп жазғаны бар: "Бір күні Әмірден кітапханасына кіріп, медицинаға байланысты кітаптар алып, қайтып беруге өтініш жасадым. Әмір маған рұқсат етті. Мен көп бөлмелерден тұратын кітапханаға кірдім. Әр бөлмеде кітап сандықтары, бірінің үстіне бірі тақталанып қойылған кітаптар өте көп еді... Мен ол жерден көпшілік халық, тіпті жан баласы естімеген, білмеген, көрмеген, оқымаған кітаптарды көрдім... Сол кітаптарды оқып, олардағы пайдалы пікірлерді біліп алдым. Кітаптарды жазған әрбір ғалымның білім дәрежесін өлшеп, ғылыми жаңалықтарын анықтадым".

Осыдан аттай он ғасыр бұрын қағаз бетіне түскен осы жолдарда терең сыр жатыр емес пе? Ендеше, ұлы ақын Омар Хайямның кезінде "Арифметиканың қиын мәселелері" деген ғылыми еңбек жазып, онда он қатарлы санның түбірін табу теоремасын Ньютоннан бес ғасыр бұрын тапқанына, Ұлықбектің жердің күнді айналатынын Галилейден көп ілгері ашқанына, Бирунидің санскрит, парсы, араб, еврей, грек тілдерін ана тілінен кем білмегеніне, тұңғыш географиялық карта жасағанына,

әл-Фарабидің әлемнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанып, немістің данышпан ақыны Гетенің "Шығыста жеті ұлы ақын бар, соның ең төменінің өзі менен көш ілгері" деп ерекше ізет көрсетіп, мойындайтынына таңданып та, төске ұрып мақтанып та қажеті жоқ. Бұл – өркениетті түрде дамудың қарапайым көрінісі.

Екіншіден, кейбір елдер шапқыншылықтан көз ашпай, қашты-қудыдан үрейқуық боп отырған орта ғасырлар шенінде Еуропаның біраз елінде өнер, білім, жоғарғы оқу орындары айта қаларлықтай қанат жайып, өрістеді.

Мәселен, X ғасырда Мароккода әл-Қараукин университетінің, 1200 жылы Францияда Париж университетінің ұйымдасуы, XIII ғасырда Англияда – Кембридж, Оксфорд, Испанияда – Саломанк, Италияда – Неополитан, XIV ғасырда Чехияда – Пражск, Польшада – Краков, Германияда – Кельн, Гейдельберг, Эрфурт университеттерінің ашылуы адамзаттың дамуына, білімі мен көзқарасының орнығуына айрықша үлес қосты.

Жалпы, Еуропа елдерінде XV ғасырда 65 жоғарғы оқу орнының болуы және олардың дені қазірге дейін аса ауқымды көлемде қызмет етіп келе жатқаны кім-кімді де тәнті етеді.

Айтматов. Әділі осы. Қайта заманында өзіміз шындап қадіріне жете алмаған осы даналардың, яки Фирдоуси, Жәми, Сағди, Физули, Омар Хайям, Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед әл-Хорезми, Әбу Бәкір ән-Наршахи, Әбул-Уафа әл-Бозжани, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Рашид ад-Дин, Әбілғазы Баһадүр, Қадырғали Жалайыри сынды жүздеген үздік шайырларымыздың, тарихшы, астролог, математик, физик, философ және географ ғалымдарымыздың еңбектерін тәржімалап, әр жылдары жеке жинақ етіп басып шығарып отырған, олардың еңбегінің бағы жануына бірден-бір мұрындық болған шетелдік зиялы қауымға айтар алғысымыз шексіз.

Бірақ осы орайда өз ішімізде қолайсыз көріністер де етек алмай қалмады. Өйткені көзайым боп табысқан бұл ұлы тұлғаларды кәнігі әдетімізге басып, олардың есімі мен еңбегін мол дастарқанның басынан сыбаға үлестіргендей бөлісе бастадық. Әрқайсымыз олардың туған өлкесіне қарап, оны қазіргі әр республиканың аумағымен өлшеп, өз ұлтымызға бейімдеп алдық. Сөйтіп, Құл Қожа Ахмет Йасауи – қазақтың, Махмұд Қашқари – ұйғырдың, Жүсіп Баласағұн – қырғыздың, Мұхаммед

әл-Хорезми – өзбектің төл перзенті боп, метрика алып шыға келді. Тіпті осы бөліс кезінде ғалымдар арасында талас та болмай қалмады. Ата-бабамызды сақтан бастап өрбітіп, Орта Азия мен Қазақстан аумағын бөлініп-жарылмай, түркілер деген атаумен жайлап жүргенде, өмір сүрген бұл бабалардың бәрі ортақ, бір шаңырақтың астында өсіп-өніп, бір тілде сөйлеген жоқ па еді, енді аяқ астынан бүйректен сирақ шығарғанымыз қалай дейтін пәтуалы пікір неге естілмейді? Ғұламалардан қалған дария, дарқан мұраны тартысқа салмай, шашпай-төкпей, бірлесіп игерейік, канондық нұсқасын жасайық, ортақ байлығымыз деп жариялайық, төрт көзіміз түгелдей төл тарихымызға енгізейік деген ұсыныс неге айтылмайды? Әлде, бұл кешегі бөлшекте де, билей бер деген кеңестік империяның саясат салқынынан қалған көзқарастың кесірі ме?

Тұтас түркіден қалған бұл текті тұлғалар тұрмақ, мәселен, Ақмолданы башқұрт пен қазақтың, татардың, атақты Шөжені қырғыз бен қазақтың ортақ, тел ақыны деп жүр емеспіз бе? Мұндай мысалды қай халықтан да табуға болар. Одан ешбір ұлттың беделіне нұқсан, өнеріне зиян келіп жатқан жоқ.

Демек, орта ғасырларға жетіп, әрқайсымыз жеке-жеке отау тігіп, қазіргі ұлт атауын иеленгенге дейінгі халықтарымыздың жері, тілі, тарихы, салт-дәстүрі бір екен, ендеше сол ұлы тұлғалардың есімі де, еңбегі де бәрімізге ортақ.

Шаханов. Шіке, айталық, бауырлас түркі халықтарының біразына ортақ "Қырымның қырық батыры" деген атақты жыр топтамасы бар. Мұнда сол Алтын Орда тұсында өмір сүрген қырыққа тарта тарихи тұлғаның ерліктері аса көркем баяндалады. Осы сабақтас қырық дастанды толық жатқа айтатын, әйгілі Саяқбай Қаралаев сынды, қазақтың Мұрын Сеңгірбаев есімді феномені өмірден өткен. Алматыдағы Әдебиет және тіл білімі институтының шақыруымен қазыналы қария соғыс аяқталған соң, астанаға келіп, "Қырымның қырық батырын" қағаз бетіне түсірткен. Күндіз-түні ағыл-тегіл айтып отырғанда, алты ай бойы жырлап түгесе алмапты жарықтық. Соңғы бес-алты дастаны қалғанда, "немерелерімді сағындым, үйіме барып, аунап-қунап қайтайын" деп рұқсат сұрап, Маңғыстау түбегіне жүріп кеткен екен, еліне барған соң, науқастанып, аяқ астынан көз жұмған. Көбі қағазға түсіп, қатталып қалған қымбат мұра әлі күнге толық жарыққа шықпай жатыр.

Айтматов. "Қырымның қырық батыры", негізінен, Алтын Орда заманында дүниеге келген болар?

Шаханов. Иә. Мәселен, "Орақ – Мамай" дастанының кейіпкерлері Орақ пен Мамай – Алтын Орданың әйгілі қолбасылары. Мамай – 1361 жылдан бастап Алтын Орданы билеген хан, Куликов даласында өткен шайқастағы басты тұлғалардың бірі. Қарасай, Қази, Сейтектер де өмірде болған белгілі батырлар. "Едіге" жырындағы Едіге – 1352 – 1419 жылдары тірлік кешкен, Тоқтамысқа қарсы күрескен Ақ Орданың билеушісі. "Асан қайғы" жырындағы басты кейіпкер – әдебиеттегі ақылман ақын әрі философ, қоғам қайраткері кәдімгі Асан қайғы Сәбитұлы. Алтын Орданың ханы Орманбеттің ықпалды билерінің бірі болған ол кейіннен, мемлекет ыдыраған соң, қазақ ханы Әз Жәнібектің оң тізесін басады...

Айтматов. Түркі тектес халықтарға "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны" әкелген Жоңғар мемлекеті өз заманында тарихтағы Шыңғыс хан мен монғол шапқыншылығы рөлін ойнағысы келгенмен, қарсыластарының мүмкіндігін есепке алмады. Алдымен оймауыт, торғауыт, дүрбіт сынды тайпаларын түгелге жуық қырып, бір миллион қалмақты бауыздап өлтірген қытай боғыра хандарының қарсылығына тап келді. Екіншіден, Шыңғыс ханның тұсында ұлыстық дәрежедегі түркі халқы араға түскен бес ғасыр ішінде ұлт деңгейіне көтеріліп үлгерген еді.

Шаханов. Жоңғар мемлекетінің негізін құраған ойрат тайпалары XI ғасырда қазіргі Монғолия жерінен ірге ажыратып, қырық пышақ боп жауласқан қалқа тайпасынан аулаққа кетіп, қазақ пен қырғыз жеріне, Алатау баурайына қоныс аударған ғой. Кейінгі ғасырларда Моғолстан хандары мен қазақ және қырғыз билеушілерінің дембіл-дембіл шабуылына ұшырап, жайылымдық жерінен, көршілес елдермен сауда-саттық жасау мүмкіндігінен ажырап қалып отырған. Тіпті XVI ғасырда жаугершілікте ойсырай жеңілген ойрат тайпалары қазақ хандығының құрамына кіріп, боданына айналған. Орыс патшасы IV Иванның Ноғай ұлыстарына жіберген елшісі Данила Губиннің айғақтамасы және Мәскеудегі қазақ елшісі Құлмұхамедтің 1595 жылы Оразмұхаммед сұлтанға: "Сенің туысың Тәуекел ханзада қазақ ордасына хан болып орнықты, ал өзінің інісі Шахмағамбетті қалмақтарға хан етіп отырғызды. Олардың барлығы жақын көшіп жүр, барлығы бірге" (ҚСЭ, 1-том), – деп жолдаған үшбу сәлемі осыны айғақтайды.

Айтматов. Тарихтан мәлім, 1635 жылы ойрат-қалмақ мемлекеті бой көтерді. Қытай мен қазақ және қырғыз жерінің ортасында жатқан Жоңғар хандығы аумағын кеңейтуді ойлап, таулы, тастақты өлкеден гөрі, жазықты өңірге көз аларта түсті. Кешікпей мұздай қаруланған 50 мың қол қазақ пен қырғыз жеріне басып кірген. Алғашқы шайқастың бірі осы Талас өңірінде өтеді. Бұл соғыста өзбек қолын Алдышүкір басқарып келіп, қазақ, қырғыз жасағымен бірлесіп, тұтқиылдан келген жауға қарсы соққы берген. Бауырлас үш ұлттың үзеңгі қағысқан бірлігі Өзбек жерінде, қазақ даласының Оңтүстік аймағы – Сайрам маңында болған соғыста да ажырамады.

Шаханов. Қазақ жеріне қалың әскермен жеті дүркін басып кіріп, қазақ хандығының астанасы Түркістанды алып, Ташкент пен Сайрамға, Сарыарқа мен Еділ-Жайыққа дейінгі алты айшылық алқапқа өз әмірін жүргізген жоңғар билеушілері халықты алапат қырғынға душар етті. Малы мен күнкөрісінен ажырап қалған ел "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға" ұшырап, аштықтан шөптің тамырын қазып жеп, ақ сүйек жұтқа ұшырады.

Тіпті кейде бұл қырғынның түпкі сыры бауырлас халықтардың ауызбірлігінің жоқтығынан болса керек деп те ойлаймын. Оған 1725 жылы Бұхарада болған орыс елшісі Флорио Беневинидың: "Орта Азияда үздіксіз соғыс болып жатыр. Бұл соғысқа ауғандар, парсылар, хиуалықтар, бұхаралықтар, қазақтар, қырғыздар, қарақалпақтар мен қалмақтар қатысуда. Бұлардың бәрінің де өзара бір-бірімен дау-шары бар", – деген мәлімдемесі толық куә бола алады.

Иә, Жоңғар хандығының тарих сахнасына шығуы тек қырғыз бен өзбек, қазақ хандықтарына ғана емес, айбаты асқан Қытай мен Ресейге де шаншудай қадалды. Мылтық, зеңбірекпен қаруланған қалмақ қолын екі жақтан түркі тектес елдерге айдап салып, өздері сырттай дем беріп, қулық-сұмдықтарын асыра түсті. Өйткені Хуанхэ өзенінен бастап Еділге дейінгі, Сібірден бастап Иранға дейінгі аралықтағы Ұлы дала, оның есепсіз табиғат байлығы қай-қайсының да көкейін тесіп келген. Ендігі мақсат – ытырынып тұрған жоңғар басқыншыларын түркі тектес тайпалармен қырқыстырып, бір-біріне жем ету. Екеуі шарпыса-шарпыса болдырып, жуасыған кезде, қай бұрын ұмтылғанын қалпақпен ұрып алмай ма?

Осыны ойлаған Ресей империясы аяқ астынан жомарттығы ұстап, Еділ бойынан қалмақтың Торғауыт, Дүрбіт, Хошауыт тайпаларына жер бөліп берді. Ақыры Жоңғария мен Еділ қалмақтарының қысымында қалып, жүз жылдық соғысты бастан кешкен түркі тайпаларының ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелілер мәдениеті күйреп тынды. Мұның соңы осы аталған елдердің патшалы Ресейге бодан болуымен аяқталған.

Айтматов. Жетісуды бауырына басқан жоңғар батырлары: Нарынқол мен Байынқол, Қастек пен Қаскелеңдердің үздіксіз жеңіске мастанғаны сондай, Алатау асып, қырғыз жеріне қалың қолын төгіпті. Ыстықкөл мен Шу өлкесінде өткен шайқаста қырғыз жұрты жауға төтеп бере алмай қалады. Сонда "Қырда қырғыз баласы жыласа, ойда қазақ ененің омырауы сыздайды" дегендей, бауырлас елді көрініп келген апаттан құтқарайық деп, жанына бес мың жасағын ертіп, қазақтан шыққан Шапырашты Қарасай батыр Шу жазығында ұрыс салған екен. Қарасайдың өзі жекпе-жекте испаһан қылышпен қалмақтың қонтайшысының оң қолын шауып түсіріпті. Осыған арқаланған қазақ, қырғыз жасағы аруақ шақырысып, майдан даласында айта қаларлықтай ерліктер көрсеткен.

Өзің айтқандай, бұл шайқас бізді бодандыққа мәжбүр етсе, Жоңғария мемлекетінің жер бетінен жойылып кетуіне себеп болды. Бүлдіріп-қиратушылық әрекеттердің ақыры әманда солай болмақ. Қалмақтардан төнген қауіпті ерте сезіп, түркі тектес елдердің басын біріктіруде Есім ханның еңбегі де орасан зор. Ол пышырап орналасқан Бұхар мен Тұрфан, Қашқар хандықтарын жұмылдырып, қырғыздармен мәмілеге келіп, ортақ қол жинап, жаудан Ыстықкөлдi жан сала қорғап қалған. Егер осындай ауызбірлік болмаса, орыстардан Сібір арқылы отты қару алып отырған жоңғарлардың бет қаратпас шабуылына төтеп бере алмай, әрқайсысы өзінше бас сауғалап кетер еді деседі тарихшылар.

Небір дәуірден бері іргелес отырған соң ба, исі түркі тектес халықтардың ауыз әдебиетінде де негізгі қарсыласымыз қалмақтар болып келеді. Тіпті жырланғанына осыдан он ғасыр уақыт өткен ұлы "Манас" эпосында да қалмақ ата жау ретінде көрініс табады. Манас пен қырық шораның шайқасы, негізінен, осы көшпелілер мәдениетін қатар өркендеткен екі халықтың ортасында өтеді.

Шаханов. "Манас" эпосының 1000 жылдық ұлан-асыр салтанатында Сіз көптеген елдерден шақырылған мей-

мандардың, мемлекет басшылары мен зиялы ғалымдардың, әдебиет, өнер қайраткерлерінің алдында республика Президенті Асқар Ақаевтан кейін мінбеге көтеріліп, баяндама жасадыңыз. Қызмет бабымен республикадан тысқары өлкелерде жүргендігіңізден болар, сіздің соңғы бірнеше жыл ішінде осыншама терең, осыншама тебіреніп, еркін көсіле сөйлегеніңізді көргенім жоқ еді. Алқалы топ сіздің лебізіңізге ұйып, әлсін-әлсін қол шапалақтап отырды. Үзіліс кезінде жаныңызға үйіріле қалған жұрттың бәрі сізді жапа-тармағай құттықтасып жатты. Осы сәтте қасыңызға таяу келген мен жүзімді әдейі түнертіп:

– Шіке, баяндамаңыз – баяндама емес екен! – дедім. Ентелесіп, иық түйістіріп тұрған көпшілік қапелімде абырады да қалды. Сіз де ыңғайсыздана, таңдана тіл қаттыңыз:

– Саған ұнаған жоқ па?

– Жоқ, баяндамаңыз – баяндама емес, поэзия екен! – дегенімде, жұрттың бәрі ду күлді.

Сол жиында Элистадан келген қалмақ халқының даңқты ақыны Давид Кутультинов әзілдеп: "Манас тойының мерекеленгені үшін сіздер қалмақтарға көп қарыздарсыздар. Өйткені қалмақ сынды мықты жауы болмаса, Манас кіммен шайқасар еді, батырлық атағын күллі әлемге қалай әйгілер еді?" – деген.

Тірі балбал сынды тұлғалы да тұрпатты ақынның сол әзілінде үлкен шындық жатқанын айтудың өзі артық.

Қытайда Манас шаһары, Манас бұлағы, Жапонияда Семетей қаласы, "Маньесю" атты дастан, Латын Америкасында, Испанияда Манас қаласы, Үндістанда "Манас" деген эпос бар. Ал Манастың қазық тасы Өзгенде, Манас жайлауы Қазақстанда, Манас шоқысы Кореяда, Манас мүйісі Қырымда, Манас аулы Венгрияда. Әлемге аты кеткен Манас, оны тудырған қырғыз ұлты қандай бақытты!..

Енді әңгімеміздің негізгі желісіне көшсек, түркі тектес халықтардың тарихи жадына, жазуы мен мәдениетіне бірнеше дүркін қатер төнген дегенсіз. Араб пен монғол басқыншыларынан кейінгі ассимиляцияның үшінші толқыны Ресей империясына бодандықты қабылдасымен басталған.

Түркі халықтарын өзінің билік аймағына тарту үшін, жаулап алынған этностар мәдениетін жаңа мәдениет қазанында қайта қайнатып, ойран-ботқасын шығару үшін, отаршылдар өздерінің техникалық және саяси

артықшылықтарын пайдаланды, мұнын өзі біздің этникалық тұрмыс-тіршілігімізді көптеген өзгерістерге душар етті.

Айтматов. Алайда, Мұхтар, бұл арада өзіндік диалектика да бар. Орыс факторы, қалай дегенде де, сол кездегі барлық жоғалтқандарымызбен бірге иемдену факторы да болды. Ол өзінің бойына бүкіл дүниежүзілік және еуропалық өркениеттің жемістерін сіңірген-ді. Ал онсыз, яғни осы заманғы жағдайлардың талаптарына жауап беретін белгілі дәрежедегі дайындықсыз Кеңес өкіметі құлағаннан кейінгі тәуелсіздігімізді, мүмкін, игере алмаған болар едік.

Шаханов. Иә, солай да шығар. Бірақ ол бізге тым қымбатқа түсті. Ұлттық мідениеттердің толықтай жойылып кетуіне жақындатқан ассимиляция. Қазір Қытайдағы тибеттіктер мен ұйғырлар да осындай күй кешіп отыр, олар өзіндік ерекшелігі бар этнос ретінде аман калып, тіршілік ете ала ма? Міне, мәселе!

Қазақ пен қырғыздың жерінде Ресей империясы заманынан қалған 200-дің үстінде Алексеевка, Николаевка, Александровка, Владимировка, Антоновка, Надеждиновка, Павловскалар бар екен. Ал Кеңес өкіметі орнаған соң да, елді жаппай орыстандырудың астарлы саясаты тіпті бар пәрменімен іске асып жатты. Сталиннің өзі бұл жөнінде патшалы Ресейдің заңды мұрагерінен кем әрекет еткен жоқ. Өйткені түріктерді ата жауым деп есептейтін "көсем" Түркия мен кеңестік түркі халықтарының бір жазумен сауат ашуынан сескенді. Туысқан елдерді бір-бірінен аулақ ұстап, ажыратпаса, пантүркизмнің ықпалында кетеді деп түсінді. Бірақ араб жазуының орнына бірден кириллицаны ендіруден жасқанып, 1930 жылы латын әрпін пайдалануға шешім шығарған. Араб жазуын еркін меңгерген ел аяқ астынан латын әрпімен қайтадан сауат ашуға мәжбүр болды. Араб алфавитімен жазылған әдеби, тарихи, ғылыми жинақтар тегістей жинап алынып, діни кітаптар деген сылтаумен өртелді.

Араб графикасымен жазылған қағаздың бәрін құран сүрелері, молданың ішірткісі санап, иесін қудалады, жер аударып, абақтыға қаматты.

Ал 1937 – 38 жылдары ұлтымыздың маңдайына басқан игі жақсыларын "халық жауы" деп, келмеске аттандырған соң, түркі елдерін тегістей орыс жазуына көшіру мәселесі дереу күн тәртібіне қойылды. Жаңадан тағы сауат аштық. Ең бір өкініштісі – кириллицаға жаппай көшіру кезінде орыс тілінде жоқ, мұсылман

халықтарының тілінде бар дыбыстар (ә, ү, і, қ, ғ, ң, ө, ұ) әріптерінің таңбалануын Орталықтан арнайы құрылған комиссия өз қолдарына алды. Бауырлас өзбек, қырғыз, қарақалпақ, қазақ, түрікмен т.б. ұлт тілдеріндегі ортақ бір дыбысты әр түрлі таңбамен белгілесті. Қарапайым сөйлескенде етене түсінісетін халықтар кириллицаға көшкенде, бір-бірін оқи алмайтын халге жетті. Бұл бауырлас елдердің ортақ мәдениетіне жасалған үлкен қастандық еді. Сөйтіп, 1940 жылы одақтас республикалар ішінде Балтық бойы елдері мен Армения, Грузиядан басқа елдердің бәрі жаңа алфавитке көшті. Жоғарыда аты аталған республикалар, жазулары көне дәуірлерден бері келе жатыр деген желеумен, жеңілдікке ие болды, кітаптарымызды аудармамен оқуға лажсыз көндік.

Ал түркі халықтарының жазуы ше? Тіпті араб алфавитінің өзі ұлтымызға он ғасырдың үстінде қызмет еткен жоқ па? Ойма жазу былай тұрсын, кешегі араб пен латын әрпінде жазылған төл тарихымызды оқи алмайтын халге жеттік.

Айтматов. Иә, бұлар – еңсені езетін қынжыларлық фактілер. Бірақ, тағы да қайталаймын, барлық мәселеге де: неден ұтылды, не ұттық? деген тұрғыдан қарау керек. Орыс мәдениеті бізді күрделі процеске тартты: ассимиляциямен қатар ұлттық мәдениеттерді 20-ғасырдағы Еуропа өркениетінің негіздерін күштеп таңу арқылы байытты да. Ал дінге келетін болсақ, олар сірі жанды, тез қалпына келгіш. Саяси, рухани өмірдің бітпес қақтығысы кез келген ұлт пен ұлысты қалай сынға алса, олардың діни көзқарастарын да солай таразы басына қояры анық. Зерделеп қарайтын болсақ, діні, ділі, тілі тұтас, бірегей елді замана желі шайқалтуы қиын.

Дін жаратылғаннан бері адамзаттың тәрбиеші құралына айналып келеді. Жалпы дүние жүзінде діни ағымдар мен көзқарастар көп болғанымен, негізгілері төрт-бесеу ғана. Атап-атап айтсақ, Иисус Христос – христиан дінінің, Гаутама Будда болса – будда дінінің, Зороастра – зороастризм дінінің, Иуда еврейлер мінәжат ететін иудаизмнің негізін қалады. Ал Мұхаммед пайғамбар өмірге әкелген ислам діні – әлемде кеңінен қанат жайған төрт діннің бірі.

Діни қағиданың жолын ұстансақ, дүниеде құдай біреу. Ол – жаратушы, құдірет бейнесінде. Дін атаулының бәрі адамзат баласын имандылыққа шақырады, адалдыққа үндейді.

Бірақ, өкінішке орай, арғы-бергі ғасырларда діни сенімді саяси қаруға, нәсілшілдік алалаушылыққа айналдырып, қолжаулық еткісі келетіндер де кезікпей қалмады.

Шаханов. Өте байыпты пікір. Шіке, кезінде исі түркі халықтарына ортақ мұра – көптеген кітаптар жариялымы мен түпнұсқаларының сақталған жерін көрсеткен құнды мәліметті қойын дәптеріме түсіріп алғанмын. Мәселен, М.Дулатовтың өлеңі басылған "Серке" журналы (1907 ж.) Токио қаласында сақтаулы. А.Байтұрсыновтың "Тіл құралы" (1920 ж.) Нью-Йоркте, "Оғызнама" (XIII – XV ғ.ғ.), "Бабырнама" (XVI ғ.), "Тарих-и-Әбіл-Хайыр" және 3 кітаптан тұратын Қазақстан жайында шет тілдерде жазылған әдебиеттер Париж, Лондон қалаларында, Қорқыт-ата кітабы (XV ғ.) Ватиканда, "Кодекс куманикус" (XVI ғ.) Венецияда, Жүсіп Баласағұнның "Құдатқу білігі" (XI ғ., 600 бет) Гератта, "Әл-китаб-әл-геомини" (1734 ж.), "Бейбарыс" (1960 – 77 ж., 500 бет) Каирда, Қожа Ахмет Йасауидің "Хикметі" (XVIII ғ.), М. Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түркі" (1074 ж.) Ыстамбул қаласында сақтаулы тұр. Мұнымен қатар Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде жарық көрген 4 мыңға тарта кітап Мәскеу, Қазан, Уфа, Ереван, Киев, Минск, Ашғабат, Ташкент, Наманған, Самарқанд т.б. қалалардағы кітапхана мен мұрағат қорында жатыр деген дерек бар. Олардың қатарында осы күні қолыңа шырақ алып іздесең, таптырмайтын армян қарпімен басылған түркі халықтарының шежірелері, "Дана Хикар сөзі" (XVI – XVII) т.б. кітаптар бар екен. Бұл құнына бәс жетпес тарихи шежірелердің қай мұрағат, қай бумада жатқанын іздеп тауып, ерінбей-жалықпай картотекасын жасаған татар халқының адал сүт емген перзенті Әбрар Каримуллинге айтар алғысымыз шексіз.

Айтматов. Қауырсын қаламмен жазылып, заманында исі түркі жұртының сауатын ашуда, мәдениетін ілгері бастырып, дүниетанымын қалыптастыруда айрықша рөл атқарған бұл еңбектерден көз жазып қалмағанымыз абзал.

Шаханов. Бастапқы ойымызды өрбітсек, 1919 жылы Ташкент қаласында отау тіккен Түркістан Республикасында Мұсылман бюросының төрағасы болып қазақ халқының ардагер ұлы Тұрар Рысқұлов бекітілген. Ал Мұсбюро құрамына түркі тектес ұлттардың белді өкілдері: Н. Ходжаев, Ю. Алиев, Ю. Ибрагимов және А. Мұхитдиновтер сайланып, сол кезде ұлттық құрамы жағынан осы республикалардағы жалпы елдің 95 про-

центін құрайтын мұсылман халықтарын бір орталықтан басқару мен саяси, экономикалық әскери, мәдени жағынан дамытудың бірегей жолын ұсынды.

Ресей империясынан төнген отаршылдық қауіп-қатерді алдын ала сезіп, Орта Азия мен Қазақстанды жеке, дәрежесі тең мемлекет бейнесінде көргісі келген бұл қайраткерлер тілдік және діни қарым-қатынас, алфавит бірлігі жөнінде арнайы бағдарлама түзген. Алайда, Түркістан Республикасының жетік саяси көзқарасты көсемдерінің бұл әрекетінен шошынған Мәскеу Мұсбюроны таратып, Орта Азия мен Қазақстанды жеке-жеке республикаға айналдырып, тізгінді түбегейлі өз қолына алды. Ал Рысқұлов бастаған мұсылман халықтары қайраткерлерінің тағдыры қандай трагедиямен аяқталғаны ел-жұрттың есінде. Өз кезінде "ұлтшылдық", "пантүркизм" деген атак алған түркі халықтарының "Бір орталықтану" идеясы, меніңше, өмірге қайта сұранып тұрған сияқты.

Айтматов. Уақыт талабы, жағдайлардың қимыл-қисыны бұл идеяны қайта жаңғыртуы әбден мүмкін. Адам баласы заманында өз қолымен қиратқан, өз аяғымен таптаған, өз түсінігімен өшіргендерін, яғни бастапқы қателігін парасат, гуманизм биігіне қайта көтерілген шағында мойындамаса, әділет аспанында жұлдызы жанған жылдарын ескеріп отырмаса, ол екінші бір өкініштің бастауына айналмақ.

Құдайға шүкір, қазір біз өткенде құқай көрген дін, тіл, мәдениет қайраткерлеріне қарызымызды өтеп жатқан сыңайлымыз. Қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жапа шеккен олардың есімдері де, еңбектері де ақталуда.

Тарихтың шынайы қожасы – халық десек те, шын мәнісінде, тарихқа уақыт пен жағдайлар қозғау салып отырады. Біздің әкелеріміз бен аталарымыздың тағдыры да, өмірі де дүниежүзілік тарихты тудыратын екі өлшем арасында өтіп келді. Олардың қуаныштары мен қайғылары, жеңістері мен жеңілістері тарихи жылнамаларда, ататек шежірелері мен тарих жөніндегі кітаптарда шып-шырғасы шығарылмай жазылып қалмаса да, орасан ауқымды тұрмыс-тіршілік әлемі, көшпелі ел рухының өмірі домбыра мен қобыз үні арқылы және ақын-жырауларымыздың жыр-толғаулары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, осы күнге жетті.

Бұған да тәубе!

Шаханов. Халықтың бастан өткерген тарихының әр беті бізге қымбат. Соған орай, егеменді қазақ елінің

жылнамасына өшпестей боп жазылар мынадай төрт бірдей тарихи оқиғаны айта кетсем деймін.

1456 жылы Шайбани ұрпағынан бөлініп шыққан қазақ халқының жеке мемлекет болып, шаңырақ көтергеніне 540 жыл болыпты.

Осынау бес ғасырдан астам уақыт ішінде небір әділетсіз шапқыншылықтар мен қанды қырғындарға куә болған қазақ халқы өз бостандығы мен еркіндігі жолында ұлылы-кішілі 300-ге тарта ұлт-азаттық қозғалысын бастан кешірген екен. Солардың ішінде жалпы халықтық сипат алып, бүкіл қазақ даласын шарпыған қасіреттің ең ірісі 200 жылға созылған жоңғар басқыншыларымен шайқасы еді. Тарихта "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" деген атпен қалған бұл қиян-кескі ұрыс ақыры қазақ халқының жеңісімен аяқталды.

Ресей империясының отарлау саясатына қарсы қазақ даласында болған екінші – 1916 жылғы көтерілістің де шоқтығы биік. Жеңіске жеткізбесе де, елдің бірлігін нығайтып кеткен бұл оқиға халқымыздың тарихынан елеулі орын тепті.

Тоталитарлық жүйеге қарсы көтеріліп, жетпіс жылғы езгі мен бұғауды талқандауға үндеген, сөйтіп, күллі Кеңес Одағындағы демократиялық қозғалыстың көшбасына айналған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы өзінің жойқын батылдығымен кезінде дүние жүзін дүр сілкіндірді. Осы оқиғадан кейін егемендік туын көтерген Кеңес Одағы құрамындағы 15 республика да желтоқсанның қақаған аязында өз елінің бостандығын аңсап, алаңға шыққан қазақтың өрімдей жас, қайсар буынына белгілі дәрежеде қарыздар.

Айтматов. Зерделеп қарасаң, әр ұлттың тарихында мұндай елеулі, ел болып ескеруге тұрарлық кезеңдер аз емес. Оның көбі тайпадан – ұлыс, ұлыстан – ұлт боп ұйып, келе-келе егеменді мемлекет атанған халықтарымыздың күрес шежіресі екені даусыз. Сондықтан да мұндай айтулы оқиғалар ілгері-кейінді егемендік алған елдердің арнайы мерекесі, мейрамы ретінде аталып өтуге толық құқылы. Ал 1986 жылғы Алматы қаласында бұрқ ете қалған Желтоқсан оқиғасының мәні тек қазақ халқы үшін ғана емес, сол тұста санасын тоталитарлық жүйенің үрейі тұсаған, егеменді мемлекет атану өңі түгіл, түсіне кірмеген басқа елдерге ой салып, үлгі көрсетуі жағынан ортақ тарихымыздан орын алатын маңызы аса зор қозғалыс болды.

Тарихты тирандар, ал тарихтың өмірін халық жасайды, деген де сөз бар. Осы екі қарама-қарсы уәжде ортақ байла-

ныс та, қайшылақ та жоқ емес. Қай заманда болсын мансап пен таққа жету үшін, тирандар толып жатқан құрбандықтарға барды. Несін айтарсыз, әр жолы жалқы мен жалпы біріне-бірі борышты қалып отырады.

Сионизм теоретиктері жазады: "Өзінің тарихи жадын жоғалтқан халық бейне көк шыбық тәрізді қайда бұрсаң, солай қарай иіледі", – деп. Дәл сол сияқты, тоталитарлық тәртіп тұсында, қанталаған жарамызға көзімізді тарс жұмып, біз өз өркімізбен бодан болдық деп бөстік те. Бұл қасақана бұрмаланған, сыңар езу идеологияның салдары болатын, ол кезде тарих ғылымы өзінікі мен өзгенікі боп, екіге бөлінді. Біздің тарихымыз сол өзгенікі болып шықты, яғни өз үйінде өгей жетімге айналды.

Жақсы ма, жаман ба, әділетті ме, әділетсіз бе, – әр елдің өз ата тарихы бар. Сондықтан оның жақсысын асырып, жаманын жасыру немесе түрлі косметикалық бояудан, жамаудан өткізуге тырысу – адамзат қоғамы алдындағы кешірімсіз күнә. Өйткені әр ұрпақ өз ата тарихын өзге елдердің даму, шарықтау, құлдылау кезеңдерімен немесе оған себеп болған сан қилы оқиғалармен салыстыра отырып, ертеңгі бағытын түзеуге мүмкіндік алады.

Саяси қиын заманда шындықтан тайып, шалшыққа шығып қалған балық сияқты болған ғалымдарды, туған тарихы үшін жанкештілікпен күрескен және сол үшін жапа шеккендердің рухтары кешірсін...

Әрине, әр мемлекеттің тойлары мен салтанаттары жеке ұлттық эгоизмнің жетегінде кетіп, заманында зұлымдығымен өз ғасырын тітіркенткен тирандардың мүшелтойларын марапаттауға бағытталмағаны дұрыс. Демек, бізге бұл арада да зор адамгершіліктен, гуманизмнен туындаған парасат, пайым өлшемі керек сияқты.

Екеуміз де осы әңгіме үстінде әр жылдары жарық көрген "Дүниежүзі тарихы", "Орта ғасырлар тарихы" сынды әрқайсысы кере қарыс қалың оқулықтарды, тарихқа қатысты ондаған жинақтарды әлденеше рет көңіл сүзгісінен өткізіп, парақтап шықтық. Оқиғалардың жүйелілігі, кейбір сараптаулар көкейге бек қонады. Бірақ бәріне тән бір олқылық бар. Ол неде дейсің ғой? Мәселен, Рим, Иран, Жапония, Үндістан, Қытай т.б. іргелі мемлекеттердің қатпар-қатпар тарихы не себептен тек қана сол кітапты шығарушы елдің зерттеушілерінің көзқарасы, таным дәрежесімен жасалуы тиіс? Тарих сарапшысына тасырлық, әрдайым қазанның құлағын ұстауға ұмтылған әр көкіректік, көзжұмбайлық жат. Бұл

оңғақ төсіл бізді бір жақтылыққа ұрындырмай қоймайды. Сол себепті әлі күнге дейін жас ұрпаққа әділетті тарих жасап бере алмай келе жатырмыз. Әрі парадокс, әрі өкініш.


Менің ойымша, келешекте әр елдің қара қылды қақ жарардай әділ, білгір тарихшыларын кеңінен қатыстыра отырып, ерте дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі "Әлем халықтарының тарихы" түзілуі қажет сияқты. Мұндай аса мәртебелі міндетті мойнына алар, жетекшілік жасар әлемде қандай ғылым ордасы бар? Жоқ, әлде ЮНЕСКО немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының өзге бір қуатты тармақтары тәуекел ете ме? Қалай болған күнде де, адамзат баласы жер бетінде тіршілік еткеннен бергі дәуірлердің ұлылы-кішілі оқиғаларына, дамуымыздың тарихи кезеңдеріне, әр ғасыр белесінде жасаған әлем таныған тұлғаларға үлкен гуманистік тұрғыдан кесімді баға берер кез келді. Әйтпесе, алыс елдің алып тұлпарын танымай, өз жұртының шоқырақ тайын оздырғанды қалайтын ала қолдықтан, жоғарыда айтылған ұлттық эгоизмнен, дүниені қан қақсатқан қаныпезер тирандарды марапаттаудан арыла алмаймыз!

Тарихтың бір әрпі қате түскен жерден қазіргі тағдырыңа ғана емес, келешегіңе де қиянат өрбитінін ұмытпаған абзал.

Біздің
өміріміздегі
әйелдер
немесе
Арулар
хақында
екеуара
өткен
ПОЭЗИЯ
кеші



XX ғасыр адамзатты екі бірдей дүниежүзілік соғыс пен қилы-қилы қан төгістерге, ядролық зардаптар мен жер сілкіністеріне, ғарышты бағындыру мен ғылыми-техникалық шарықтауларға куә ғып қана қойған жоқ, сонымен қатар сан мың жылдар ұрпақтар елегінен өтіп, сұрыпталған рухани байлықтың, ең бастысы, адамгершілік қасиеттердің құлдырауына, тіршілікті азып-тозудан, тоқыраудан аман сақтап келе жатқан ұлы махаббат сезімінің жадағайлануына, жойқын, бейәдеп қылықтардың мазағына айналып, әлсіреуіне жол берді. Меніңше, бұл – адамзат қоғамына ядролық соғыстан кейінгі аса қауіпті қатер.



... Дәл өзіңдей қайдан ұқсын қайғымды ел,
Ғашық көңіл – мәңгі жасыл айдын көл.
Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,
Ал қалғаны – жай күндер.

МұхШашанов —

Шаханов. Шіке, рухани жағынан тонның ішкі бауындай жақын екі еркек оңаша отырып, тағы бір терең тақырыпқа бой ұрсақ...

Айтматов. Оңашалағаныңа қарағанда, әңгімеміз әйелдер жайына ойысады ғой деймін.

Шаханов. Иә, тірлік атаулының қозғаушы күші – әйелдер хақында ой қозғар кез келген сияқты.

Айтматов. Ендеше осы әңгімеміздің беташары қызметін атқарсын, алдымен "Әйелдер" атты өлеңіңді оқы. Өтіп кеткен күндерді еске түсірелік. "Сан түрлі дауыстардың ішіндегі ең жағымды, ең тәтті дауыс – өзіміз ғашық болған әйелдің даусы", – демей ме Лабройер. Көңіл сахнасында көмескілене бастаған қымбат бейнелер қиялымызда қайтадан сәулеленсін. Тағы бір мәселеге келісіп алайық. Әйелдер төңірегінде өрбіген әңгімелер тұсында сен өз өлеңдеріңді жиі араластырып отырсаң. Бір жағынан, бұл өзі арулар хақында екеуара өткен поэзия кеші сияқты болсын.

Шаханов. Келістік. Ал бастадым:

*Не толқытса, соның мұңын тартасың...
Аурухана ауласында сытырлатып картасын,
Жанарында әзіл ойнап жарасты,
Маған бір қыз бал ашты:
– Науқастан ба – ерініңіз кезерген,
Жазыласыз,
Налымаңыз бекер сіз.
Әйтсе де, әйел қауымына ежелден
Немқұрайды қарамайды екенсіз..
Сүюді Сіз ерлік деп те айтасыз,
Онсыз ақын боларсыз ба ой өрген.
Дегенмен, сіз абайлаңыз, байқаңыз,
Бағыңыз да, сорыңыз да әйелден.
– Бәрекелде,*

Өркен жайсын талабың,
 Сәуегейі сен боп жүрме қаланың.
 Бұл бетіңмен цығандарды жұмыссыз
 Қалдырарсың, қарағым! –
 Дегім күліп. Бірақ қыздың байсалды
 Әзіл сөзі маған біраз ой салды.
 Дүниеге қан тамырдай тарайтын,
 Жер бетінде әйел жайлы ертек көп.
 Әйелдерге немқұрайды қарайтын
 Еркекті мен санамаймын еркек деп.
 Қай кезде де сұлулықтың жолы – мұз.
 Әйел – біздің әзиз байлық қорымыз,
 Әйел – біздің тағдырымыз,
 Тағдырымыз болған соң,
 Белгілі ғой, бағымыз не сорымыз.
 Хас сұлулық әлсіздердің қызғанышын маздатқан,
 Ал қызғаныш құрды деп кім айта алады аз қақпан.
 Бір әйелге бола кейде ел менен ел жауласып,
 Жер жастанған боздақтар.
 Оған куә анау төбе томпиған,
 Анау шыңдар құлақтары қалқиған.
 Сан ұрпаққа тұлға болған ақындар
 Бір әйелдің намысы үшін жан қиған.
 Мағынасыз жылтырақты сақтамайды ел еске.
 Жалын болып, жылу болмау,
 Әйел болып, сұлу болмау
 Табиғатты алдаумен тең емес пе?
 Гүлзар әйел қауымына сұлулықсыз бақ қайда,
 Шын сұлулық тереңдікте жатпай ма?
 Қайырлатқан кемесін талай ердің
 Саяз көлге шашылмағай шұғылаң.
 Тереңдігі жоқ әйелдің
 Қорқу керек сыртқы сұлулығынан.
 Әйел – еркек намысының қорғаны.
 Нағыз сұлу әйел табу –
 Бүкіл еркек атаулының арманы.
 Нағыз сұлу әйел үшін қажет кезде жан қию,
 Бұл – жігіттік кодекстің жазылмаған тармағы.
 Бірақ, бірақ талайлардың бақыты алыс сорынан,
 Бұл кез келген бөріктінің келе бермес қолынан.
 Ерлік семсе, азаматтық семеді,
 Үлкен ерлік үлкен күшке келеді.
 Маған ғашық бір әйел бар,
 Ол әйел
 Менде сондай күш барына сенеді!

Айтматов. Бәрекедді! "Әйел болып, сұлу болмау табиғатты алдаумен тең емес пе?" деген жолдарыңа тереңдеп үңілер болсақ, ұрғашы атаулының бітім-болмысы, сезімталдығы мен түйсігі еркекке қарағанда мүлде өзгеше сипатта екеніне көз жеткіземіз. Еркектің етіне найза сұқсаң да, көзіне тамшы жас алмайтын беріктігі, әйелдің одағай айтылған бір ауыз сөзден жермен-жексен болып, пәсейіп қалатын нәзік көңілі – осының дәлелі. Біздің қазақ пен қырғызда әйел затын ерекше ардақ тұтатын салт бар. Өмірдің ащы-тұщысын көріп, ысыла берсін, тұяғы тасқа салса кетілер, суға салса жетілер деген оймен ұлын жел өтінде ұстаса, қызын аз күндік қонағым, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп, бөркінің төбесіне үкі қадап, үлпідетіп өсірген. Қылжақтаған көлденең көк аттының көз сұғынан жеңгелері қорғаштап баққан. Яғни сұлулық пен нәзіктікті сақтау – ар-ұят пен иманды, ұлттық болмысымызды сақтау болып табылған. Шаңырағына ұя салған қарлығаштың балапандары қанаттанып, жетіліп кеткенше, көшпей отыратын, обал мен сауапқа аса сақ қарайтын халықтарымыздың тұлпар туған биені соймайтын жақсы дәстүрі болған. Өйткені өмірге асыл перзент берген ана қандай құрметке де лайық. Оның алдындағы кішілігіміз – кісіліктің белгісі.

Шаханов. Кавказ халықтарында екі еркек жаға жыртысып, дауласып, айналаның ала шаңын шығарып, төбелесіп жатса, орталарына әйел келіп, ақ орамал тастайды екен. Осылай етсе бітті, өштескен екі жақ міндетті түрде төбелестерін тоқтатып, ажырасып кетуі қажет. Өйткені бұл нәзіктік пен сұлулықтың бастауы – ананың үкімі. Бұл үкімге мойынсұнбағандар табыла қалса, нағыз қасиетсіздік сол боп есептеледі екен. Кеңес өкіметінің тұсында осы нәзік жандарға деген ықыласымызды бәсеңсітіп, тіпті олардың тіршілігіне көлеңке түсіріп алдық қой.

Айтматов. Иә, әр қоғамның, әр мемлекеттің әйелдер жөнінде қалыптастырған өз көзқарасы, өзіндік саясаты болды. Қазан төңкерісінің алғашқы кезеңі, аштық, репрессия, Отан соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары әйелдің өзіне әйел екенін ұмыттырып, табиғи арнасынан шығарып жіберген жоқ па? Тіпті, осы аралықта нәзік жыныстың арқасына ешбір ғасыр артпаған жүкті арқалаттық. Екеуміздің ақын досымыз Евгений Евтушенконың:

*Как получить в мире так могло,
Забыв про смысл ее первопричинный.
Мы женщину сместили, мы ее
Унизили до равенства с мужчиной, –*

деген жыры кезінде қоғамның ағысына қарсы құлаш ұрғандай әсер қалдырып еді. Өйткені бұл кезде тек бұлшық еттері ойнап тұрған күшті әйелдер модаға еніп, марапатталып жатты.

Еркекпен құқымыз тең дегенді әйелдер жүріс-тұрысында, сөз саптауында ғана емес, киім киісінде де дәлелдеп бақты.

Есінде ме, Апас Жұмағұловтың үйінде, ортамызда Асқар Ақаев та бар, кең дастарқанның басында әйелдер хақында қызық әңгіме өрбіткеніміз. Сол бір шырайлы кеште нағыз еркектің өзі тұлпар мінездес екенін дәлелдейтін қуатты жыр оқып, бәрімізді аузыңа қаратқансың. Кейіннен мендегі бар кітаптарыңның ішінен сондағы оқылған өлеңінді іздеп, таба алмай қойдым. Сол жырыңа қайта оралсаң.

Шаханов. Бұл өзі ұзақтау өлең. Өрбіген әңгімеміздің рухына сай келетін тұсынан үзінді оқиын.

Айтматов. Мейлің.

Шаханов.

*...Отырарда бір қадірлі қарияның қанатты,
Тұлпар тектес аты бопты сүйсінткен бар алапты.
Мінезі сәл жайсыз екен шодыр бала іспетті,
Шаршап-талып шөлгесе де, арықтан су ішпепті.
Жек көргені жақын келсе, қуып-теуіп, тістепті,
Содан аяқ шідерленіп, бастан жүген түспепті.
Бозбалалар сымбатына көз тастайтын табына,
Қарияның ай дигарлы қызы бопты тағы да.
Сол жас ару әкесіне былай депті бір күні:
– Әке, сенің дарқандығың шақырады күлкіні.
Қиқар, теңтек мына атыңды мәпелеуді қоймайсың,
Айырбастап, сатып, сойып, неге көзін жоймайсың?
– Рас, қызым, сөзіңнің жоқ қатесі,
Аттың қиқар мінезі бар, – деп күрсінді әкесі, –
Тек бұл бейбақ – ат біткеннің зерегі,
Түскен кезде бәйгелерге, жарысқа,
Жаралғандай шабу үшін алысқа,
Арын салып,
терін, қанын төгеді,
Бірақ сөзсіз бірінші боп келеді.*

Әйгілеген елге күшін,
 Сол ғаламат еңбегі үшін,
 Қиқарлығын кешіруге болмай ма?
 Кешірмесек – бетте таңба қалмай ма?!
 Аз ба елде тұлпарды асқан бағы бар
 Жуас, көнбіс, моп-момақан жабылар.
 Қасиетін сезбесе де тәлім алар, табынар,
 Жуасты әр кез мақтайтын жұрт табылар.
 Бәлкім, тұлпар сол үшін де ызалы.
 Ызалыны бағалауға шабандаумыз біз әлі.
 Нағыз еркек – тұлпарға ұқсас, айнам-ау,
 Саған қылмыс ол жайында ойламау.
 Толғағы кем талғамыңа бар таңым,
 Басыңа бақ қонбай ма деп қорқамын...
 Дұрыс шығып әкесінің есебі,
 Қыздың жолы болмай қапты деседі.
 Ойлы әлемнің әйелдерсіз күні бар ма көктеген,
 Әйтсе де мен әйелге ұқсас еркектерді жек көрем!
 Еркектерге еліктеген әйелдің де аз табары,
 Иә, әр жыныс өз мінезін сақтауымен бағалы.
 Жігіт, жігіт санала ма, бұғып жүрсе тасаңда,
 Өз пікірі жоқ еркектен қорқу керек қашанда.
 Қанаттыны кері тартып табандап,
 Ұшар кезде ұша алмайтын шабандап,
 Өз пікірі жоқ еркектер ел басқарса не болмақ?
 Ар-намыстың құрбандығы
 Аз болмапты, қайраулы әлі әділеттің балтасы.
 Жердің аман тұрғандығы
 Сол намысқой еркектердің арқасы.
 Әр кез нұрлы үміт сеуіп, алдымызда таң жатсын,
 Қайғы келсе, жеңілмейтін,
 Бақыт келсе, семірмейтін,
 Ер мінезін қадірлейтін
 Әйелдердің даңқы артсын!
 Ал, қарағым, тұрмайды ешкім жолыңда,
 Өз тағдырың, әрине, өз қолыңда.
 Бақаның да әніне сай бағы бар,
 Іздегенің жабы болса – табылар.
 Нағыз бақыт тұяғымен тұлпардың,
 Қиялымен сұңқардың
 Өлшенетін мына ұшқыр заманда
 Бірте-бірте құнсызданар бағаң да.
 Мен сенемін. Шын еркектің алдында
 Қызаратын күн туады саған да...
 Тек сол күннің кеш туғаны жаман да.

Айтматов. Иә, қай қоғамда өмір сүрмесін, әйел мен еркектің үй ішілік, әлеуметтік өмірдегі табиғи орнын ауыстырып алуы тапқырлыққа жатпаса керек. Сұлулыққа – қиянат, нәзіктікке – шабуыл әйелдердің физиономиясын бұзып қана қойған жоқ, олардың мінез-құлқына, жүріс-тұрысына, сөзі мен қылығына елеулі нұқсан келтірді. Тоталитарлық жүйе әйел мен еркек тең құқылы деген аксиоманы пайдаланып, қыз-келіншектерді техника тілін білуге, алып зауыттар мен фабриктердегі станок басына, Тайганың тоңды аймақтарына еңбек етуге шақырды. Жардай трактордың руінде жарғанаттай боп отырған әйелдердің суреттері баспасөз бетінен түспейтін. Иә, еркек пен әйелге бір талғам, бір көзбен қарау – сол дәуірдің заңдастырылған қателігі еді.

Шаханов. 1960 жылдардың бас кезінде Қазақстанда Семей облысы, Шұбартау ауданының комсомол жастары бастама көтеріп, бүкіл республикадағы мектеп бітірушілерді мал бағуға үндеді. Шымкент облыстық газетінде корректор болып істеп жүрген кезім. Үндеуді қуаттап, мал шаруашылығына барамыз дескен бір мектептің шәкірттері жайында мақала жазғанмын.

Облыстық шығармашылық жастар клубын ашуға мұрындық та болғаным бар. Осы тұста қаламызға Ғабит Мүсірепов келе қалды. Облыстық комсомол комитетінің хатшысы екеуміз классик жазушыға барып сәлемдестік. Аман-саулықтан соң:

– Иә, не жаңалық бар? – деп Ғабен сұрақ қойды. Обком хатшысы пысық жігіт еді:

– Облыс бойынша екі мың жас шұбартаулықтардың үндеуін қолдап, мектептен соң комсомолдық жолдамамен тікелей мал шаруашылығына баруға әзір отыр. Оның тең жарымынан астамы қыздар, – деді. Осы кезде Ғабен (маңғаз адам еді ғой) қабағын шытып:

– Мүйіздерің шықса, ата-бабаларыңнан бері қарай қой бағып келе жатқан жоқсыңдар ма? Ал әйелге еркектің жүгін арту – біздің қоғамның басты парықсыздығы, – деп жақтырмай қарады.

Партияның үндеуіне Ғабеннің тосын мінезі мені керемет таңғалдырған. Ол кезде партияның саясатына қарсы сөз айту ешкімнің түсіне де кірмейтін. Мұны кеңестік әсіре қызыл идеологияның жемісі дейік. Ал ел басына қиын-қыстау күн туып, ер етігімен су кешкен, тұлпар ауыздығымен су ішкен заманда да әйел қауымы небір ауыр бейнетке арқасын тосқан. Мәселен, Луи Арагон "әлемдегі ең тамаша хикая" деп атаған туын-

дыңыздың кейіпкері – Жәмиланы алайық. Отан соғысы жылдары елдегі кәрі-құртаң, бала-шағамен қоса, ауыртпалықты тең бөлісіп, жаны жабырқау тартып жүрсе, бұл – сол кезеңнің ащы шындығы еді. Яғни тағдыр салған салмақ. Бірақ та сіз оның ісі мен сыртқы тұрпатын қызықтап қоймай, буырқанған ішкі дүниесіне, сезіміне үңілдіңіз. Тек қана жұмыспен адамның бақытты бола алмайтынын дәлелдеп бердіңіз. Бұл – Жәмила арқылы оның миллиондаған тұлғаластары мен мұндастарына ой, сезім еркіндігін сыйлау еді. Жәмила бейнесі кеңес әдебиетінде тағдырдың алуан соққысын көрген әйел затына қоғамның үстемдігін жүргізбеу үшін жасаған қарсылығыңыз тұрғысында қабылданды.

Өмірімізге әр беріп тұрған нәзіктікке нәзіктік деп қарамаған жерден тұрпайылық басталмақ.

1950 жылдардың басында болса керек, біздің ауылда бір әйел айы-күні жетіп отырған екіқабат кезінде отын әкелуге шығады. Бұл пәниде жоқ-жітіктен қатты не бар, даладан тезек теріп, тауға барып, құрап қалған бұтақтарды жинайды. Нән арқа отынды арқалап келе жатқанда толғақ қысып, айдалада босанады. Шырқырап түскен баланың кіндігін тастың үшкірімен өзі кесіп, байлайды. Көйлегінің етегіне орап, еңбектеніп жинаған отынын да далада қалдырмай, арқалаған қалпы үйіне жетеді. Қалың ғып төсек салдырып, қалжа жеп жату қайда, жүгіріп жүріп шай қояды. Жылаған баланың даусын естіген күйеуі мен жанына ере келген кісілері: – Жылап жатқан бұл қай бала? – деп таңырқаса, әлгі әйел:

– Біздікі ғой, мана отынға барғанда босанып қалғанмын, – депті жайбарақат күйі.

Айтматов. Қоғамның қолдауымен тұрмыстың тепкісіне түскен әйелдердің өзі осы бір тұрпайы саясатымыз бен өмірдің тәлкегіне сын көзбен қарап:

*Я и лошадь, я и бык,
Я и баба и мужик, –*

деп, орыс әйелдері сол мүсәпір күйін сықақ өлеңге айналдырып, егіс далаларында шырқаушы еді. Тіпті қымсынудың орнына социалистік реализм әдісін нысана тұтып, еңбек үстінде сатылап өсіп, парторг, кеңшар директоры, аупартком хатшысы міндетінде жүрген, еркекшора киінген әйелдердің көркем образын әдебиетімізге әкеле бастадық. Қара күші жағынан құдай теңестірмеген әйел мен еркекті, сөйтіп, партия пәрмені теңестірді.

Шаханов. Әңгіме орайына қарай, осыдан көп уақыт бұрын жазылып, жарияланбай мұрағатымда жатып қалған "Ла Валетта маңындағы түн" деген өлеңімді алға тұтайын.

Мальта қызы жиырма үшке толғанда,
 Иек артып арманға,
 Жанары жайнап,
 Шашына аляндр гүлінен жемелек байлап,
 Қоштасып бал дәурен шағымен саялы,
 Өртеніп іштен,
 Толғанып, алқынып,
 Нән үлкен ыдысты
 Терезе алдына қояды,
 Әбден қызарып піскен
 Алма мен бананға толтырып.
 Бұл – бойжеттім дегені.
 Міне, осылай сынға түспек сұлу қыздың беделі.
 Ал үміткер жігіт біткен қақпа алдына тұра қап,
 Алма-кезек өз бақытын сынамақ.
 Кім ұнамақ бұл сайыста, кімнің даңқы құламақ?
 Қыз отырар терезенің жабығынан сығалап.
 Бірі мұңды гитар тартып, бірі нәзды ән салып,
 Бірі қыздың сұлулығын жырға қосып тамсанып,
 Күн батқанша өз өнерін көрсетеді жан салып,
 Жанын салған өнерпазда ерлік жатар қаншалық!
 Егерде қыз терезеден саған күліп қараса,
 Той қамына кірісе бер, бағың жанды. Тамаша!
 Бәсекелес достарыңды мүлдем естен тандырып,
 Үйленесің, және де бұл үйленуің мәңгілік.
 Үйлендің бе, бітті әңгіме, жолың болсын, мархаба!
 Ажырасу тұралы заң атымен жоқ Мальтада.
 – Жарың жайсыз боп жолықса, бақыт іздеп жаңадан
 Әуреленбе, өліп қана құтыласың сен одан, –
 деді Мальта тарихшысы көзбен қарап жұмбақты,
 Жанарында сөзбен айтып жеткізе алмас мұң жатты.
 Мұңыңды ұғар жан табудан не бар екен қымбатты!
 Көк теңізді кешіп барып, алауланып күн батты.
 Сары аралдың сәні болған сары мәрмәр қақпалы
 Жымыңдайды Ла Валетта қаласының оттары.
 Осы маңның бүкіл тыныс-тіршілігін қолға алып,
 Арнасына шалқып симай теңіз жатты толғанып.
 Толғанбаса теңіз – теңіз, адам – адам бола ма?
 Біз бөлініп шетке шықтық, үнсіз тұрдық жағада.
 Үнсіз тұрдық. – Аға, – дегің біраздан соң сен маған. –

Аға, – дегің, – мен бір жанмын бақ жұлдызы жанбаған.
 Сырымды ашсам – сенгендігім, бұйырмаңыз айыпқа,
 Кейде өзімді ұқсатамын ескегі жоқ қайыққа.
 Қандай қорлық, шынымен-ақ ескексіз боп қалдым ба?
 Осы ұзақ саяхатқа шығар кездің алдында
 Шорт үзіліп үмітім,
 Ойда-жоқта тастап кетті сенген, сүйген жігітім.
 Көкірегімде өшпенділік барда мен де өшпеймін,
 Бұл қылығын қашан көзім жұмылғанша кешпеймін!
 – Жоқ, сен оны сүймейсің, сүймегенсің және де,
 Шын махаббат, қалқам-ау, қара күшке көне ме?
 Шын махаббат – қасиеттен құралатын мұнара,
 Қасиетке сызат түссе, мұнара аман тұра ма?
 Ғашық адам сүйгеніне өзінің
 Жаманшылық ойлай ма екен сірә да.
 Тек жүрегін салар жерде білек күшін танытқан,
 Білек күшін танытам деп, тілек күшін арытқан
 Тура сенен айнамаған сұлу қыз
 Бір кез маған жолыққан.
 О, тәңір-ай, шыққандайсың екеуің бір қалыптан, –
 деп едім мен, жалт бұрылдың сен кенет,
 Жалт бұрылдың көкірегіңді бір қара күш желкелеп.
 "Тоқта, тоқта, қара күштің адымы әр кез келте" деп,
 Тобығыңнан теңіз суы қағып жатты еркелеп.
 Қайрылмадың, жауабымды ауыр алдың көңілге,
 Адал, батыл мойындау да түспес, қалқам, жеңілге.
 Тек табудан, жоғалтудан, іздеуден
 Тұратұғын мына қатал өмірде!

Айтматов. Өте дұрыс аңғарғансың. Қарапайым қағидаға сүйенсек, адам өзі құлай сүйген адамына еш уақытта жамандық ойламауы тиіс. Махаббат пен жануынан өшуі тез жай сезімдердің айырмасы да осында. Сүйген жүрек сыңарына: "Мен не болсам болайын, сен аман бол!" деп, ізгілік тілеп қалушы емес пе еді? Сенің кейіпкерің – бақай есептің, баянсыз өшпенділіктің адамы. Осы көрініс, осы пиғыл кешегі күні біздің өмірімізге де өз салқынын тигізбеді ме? Сол кезгі саясатты арқа тұтқан кейбір төмен етектегі замандасымыз қалтасында қызыл билеті бар күйеуін қит етсе, партияның пәрменімен жасқап, тұқыртып ұстады. Дәм-тұзы жараспай, ажырасқысы келгендерді бүгін парткомның талқысы, ертеңгі аупартком бюросының соққысы күтіп тұратын. Иә, өмір бақи иттей ырылдасып, бір шаңырақтың астында өтесің. Немесе қызыл билетіңді столға қойып,

қызметіңмен қоштасып, үй-күйіңнен айырылып, алимент төлеп (тіпті, басым кінә әйел жағында жатса да), ел-жұртқа азғын атанып, өз басыңмен өзің әлек боп кетесің.

Бұл ең "әділетті" деген қоғамның адам құқына партия арқылы аса мәдениетті қол сұғуы еді. Осы жағынан алғанда, біздің көптеген келіншектеріміз өзімен бір шаңырақтың астында күйеуін тырп еткізбей ұстап келгені үшін кешегі парткомдарға қарыздар.

Шаханов. Қоғамдағы еркек мінездес әйелдер мен әйел мінездес еркектердің проблемасы жас келіншектердің тәрбиесіне де үлкен әсерін тигізіп жатты.

Өз басым мектепте оқып жүрген кезде ер мұғалімдер басым еді. Солардың кейбіреуіне еліктедік, мінездерін бойымызға жұқтырдық. Тіпті кейбірін өзімізге идеал тұтып өстік.

Айтматов. Кеңес дәуірінің соңғы он бес-жиырма жылы көлемінде мектепте, жоғары оқу орындарында әйел мұғалімдердің саны барынша артты. Қазіргі ұрпақ балабақшада, мектепте, тіпті жоғары оқу орындарында да әйел тәрбиесімен өсіп, ержетіп келеді. Еркектің тәрбиесін жөнді көрмеген жасөспірім ұстаздарына еліктеп, әйел тақлеттес болып шықпағанда қайтеді. Кесек мінез, берген сөзі мен серті үшін өлуте бар мәрт азаматтардың сиреуі, оның орнын өсек-аяңға, жан аярлыққа үйір еркектердің басуы қоғамның ой сыздатар үлкен проблемасын тудырды.

Сен оқыған өлеңдегідей, табу мен жоғалтудан және іздеуден тұратын айналма ғұмырда Гомер мен Шекспир жырлаған әйел нәзіктігі мен ұлылығы, қоғам қаншама өзгеріске түссе де, оның адамгершілік этикасы сақталуға тиіс.

Шаханов. Ендігі жерде сұхбатымызды өзімізге қарай бұрсақ деймін. Адамға тән қасиеттердің қай-қайсысының бізді айналып өткені жоқ. Егер пәлен ауылдағы біреу екінші біреуге ғашық болса, немесе бір жігіт он қызбен қатар жүрсе де, оған ешкім назар аудармауы мүмкін, ал Айтматов секілді күллі әлемнің аузында жүрген тұлғаның басқан әр адымы жұрт көзінен бір сәт те қағыс қалмайды...

Сізге іні болып, қатар жүрген ұзақ жылдар ішінде ішкі сезімдеріңіз жайында бір ауыз тіс жарып, әңгіме қозғап көрмеппін. Енді жан дүниеніңізді толқытқан, талай таңды дөңбекшумен атыруға себепші болған асыл сезімдеріңіз жайында сыр суыртпақтасам – айып етпессіз?

Айтматов. Әр адамның өз пешенесіне жазылған тағдыры бар. Мынау ғалам қандай шексіз болса, ол да сондай шек-шетсіз, құпиялы да күрделі. Әркім өзінің өмір жолында бұйырған адамына жолығады. Бірігіп, әрқайсысы өз түсінігіндегі бақытын іздеуге аттанады.

Қазірде естелікке айналса да, ойыңа түскенде, көкірегіңді шым еткізетін қимас сәттер біздің бастан да өткен. Жасыратыны жоқ, студент кезде, жастық шақта би алаңында, той-томалақта талай қызбен танысқан болармыз. Ең бір тәтті сөздерді тізбелеп хат жазған, хат алған күндер де бастан өтті. Есіміңді шетіне әдемі жіптермен өрнектеп жазған сұлулар сыйлаған орамалдың қаншасын қалтаға салдық екен?! Күлесің, соған қарағанда сенің де қалтаңа талай орамал түскен-ау, шамасы...

Бірақ бәрі жанды да, өшті. Гүл басына көбелектің қонып-ұшқаны сынды қас қағым сәт. Олар маған пәлендей әсер ете алған жоқ.

Солардың ішінде өзінің жанымен де, тәнімен де, бүкіл бітім-болмысымен еркімді билеген бір сәулелі махаббат есімде қалып қойды. Әдейі іздеп кездескеніміз жоқ. Кездейсоқ табыстық... Сол кездейсоқтық мен үшін барша мақсаттан да биік, жоғары еді. Ол – қырғыз өнерінің маңдайына біткен атақты бишісі Бүбүсара Бейшеналиева болатын...

Әлі күнге түсіме еніп, елесімен жебейтін, көңілімді еліктіріп, өткен күндерге қиялмен болса да оралтатын сол қымбат бейнемен қалай кездескенім қазірге дейін көз алдымда. 50-жылдардың соңы. Мәскеуде оқу бітіріп, шығармаларым орталық баспасөзде жарияланып, ел аузына еркін ілінген шағым. Балтық флотында әскери қызмет етіп жүрген қырғыз жігіттеріне шефтік көмек көрсетейік деген оймен делегация жасақталды. Фрунзе қалалық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Тұрдахун Усубалиев шақырып алып, делегацияның құрамымен бірге Ленинградқа жүр, теңізшілерге сыйсияпатымызды көрсетіп қайтайық деген соң, қоса аттанып кеттім.

Қырғыздың "Шолпон" деген классикалық балеті бар еді. Біздің алдымызда олардың да Балтық бойына сапар шегіп, Ленинград балетімен бірге фильмге түсіп жатқан тұсы екен. Небір ыстық жүздесулер өткіздік. "Шолпон" балетінде басты рөлді орындап жүрген Бүбүсара Бейшеналиевамен сол жерде алғаш рет кездестім. Мұның тағдырдың жазуы екенін кейін ұғындым. Жанымда екі-үш матрос бар моторлы қайықпен "Аврора" крейсеріне

жақындап келгенімде, біздің делегация палубада тұр екен. Орталарында ақша жүзі қуаныштан гүл-гүл жайнаған, сұңғақ та сымбатты Бүбүсара. Шашын теңіздің майда самалы еркелете тарап, бізге қол бұлғады. Бұрын бір-бірімізді сырттай білгенмен, онша таныс емес едік. Тез сырласып кеттік. Тіпті тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Сезіміміз от секілді тұтанды десем, сенбессің. Осы кезге дейін кездеспей қалай жүрдік екен деп таңғалыстық.

Айналамдағы адамдар да, тіпті сайраған құс та, сыбырлаған жапырақ та, теңіздің шулаған толқындары да көзіме басқаша көрінеді. Дүние бұрынғысынан шырайланып, құлпырып сала берді...

Ленинградтың ақ түндеріне шомылып, Нева бойлап қыдырған, армансыз сырласқан сол сәттер-ай! Елде қалған жеңгең мен екі бала да естен шыққандай, ғажайып бір сал дәуренді бастан өткердік.

Сапар мерзімі біткен соң, делегация мүшелері елге жүріп кетті. Өзімнің кеткім жоқ, бөгеле бердім. Жүрегімнің жартысын Нева жағалауына қалдырып бара жатқан тәріздімін. Ақыры Мәскеуде жұмысым бар, пойызбен қайтамын деп сылтауратып, Ленинградта қалып, Мәскеуге екі-үш күннен соң аттандым. Іле-шала алып-ұшып Бүбүсара да жетті. "Москва" қонақ үйінде бір күн, бір түн, екеуден екеу оңаша қалып, небір рухани түйсік табу, ыстық сырласу сәттерін бастан кештік. Қайта-қайта қоштасып, бір-бірімізді қия алмай, ақыры жұп жазбаған қалпымызда Бүбүсараны электричкамен Ленинградқа апарып салдым. Орыс орманының көк шалғынды даласын көктей өтіп зулаған "Стреланың" үстінде тербеліп кетіп бара жатқан сол бір қайта айналып келмес шақтар есімнен әлі күнге дейін бір сәт көмескіленген емес... Ленинградқа келген соң, Бүбүсара мені кері – Мәскеуге дейін шығарып саламын деп еді, өзім өтініш жасап, әрең тоқтаттым.

Осыдан бастап, Бүбүсара қайтыс болғанға дейін он төрт жыл бойы алаулаған жүрек жалыны бір сәтке де бәсеңдеген жоқ. Өсек-аяңның өрті де осы жылдары бізді аямай шарпыды...

Бүбүсара Ленинградта оқып, білім алған, театр, кино мен әдебиетке келгенде ерекше зерек, парасат иесі еді. Мінезі мен көркіне өнері жарасқан біртума тұлғаның менің өмірім мен шығармашылығымға тигізген әсерін айтып жеткізу қиын.

"Мың бір түннің" хикаясындай екеуінің ғашықтығын естімей қалған ешкім жоқ, ендеше не себепті қосылмады?

деген сауал туар. Мен емеурін танытсам, Бүбүсара ылғи да әңгіме бетін аулаққа бұрып, кешеуілдете беретін. Кездейсоқтық дегенді қойсаңызшы, екеуміздің де жаңадан алған пәтеріміз бір үйдің көрші подъезі болып шықты. Оңаша бір отырып сырласқанмызда, Бүбүсара:

– Ачинов (фамилиям мен атымның алғашқы әріптерінен құрап алған есімі), ойыңды оқып отырмын, – деп наздана күлімсірегенімен, жүзінде кіреуке мұң тұрды. – Шын ғашықтар қосылмайды деген бар ғой. Бәлкім, сол дұрыс та шығар, – деді енді ол ойлы кейіпке түсіп. – Өйткені үйленгеннен кейінгі тірліктің күйбеңі ұлы сезімдерді жеп қояды. Махаббатымызды некеге байлап қайтеміз.

Жұбайлық өмірді қай әйел аңсамайды дейсің. Кейін аңғарсам, бұл Бүбүсараның менің шығармашылығымға кесірім тимесін деген тілекпен істеген әрекеті екен. Ол кезді өзің білесің, әйелімен ажырасқан адамды моральдық жағынан азды деген желеумен лезде есекке теріс мінгізіп жіберетін еді ғой.

Шаханов. Иә, ондай науқан біздің қазақта да өріс алған. Классик қаламгер Ғабит Мүсірепов, даңқты батыр, жазушы Бауыржан Момышұлы, әйгілі әнші Ермек Серкебаевтар отбасын қайта құрғаны үшін айыпталып, фельетонның кейіпкеріне айналып, небір құқайды бастан кешкен.

Айтматов. Не десек те, Бүбүсара менің жұлдызымның қашанда биіктен жана беруін ойлап, өзінің жеке бақытынан бас тартқан екен. Сабыр-ақылдың, сезім-жүректің иесі. Бір-біріне бағына бермейтін осы екі қасиетті ортақ мақсатқа жүгіндіріп, сырттай өзі сүйген адамға тілекші боп қалу – үлкен адамгершіліктің қолынан ғана келер іс.

Бір жолы Бүбүсара екеуміз ұшаққа мінбей, Мәскеуден Фрунзеге “Мәскеу–Алматы” жүрдек пойызымен қайттық. Екі адамдық оңаша, жайлы купе. Әдеттегідей ешкім телефон соғып, не есік қоңырауын қағып, мазаламайды. Барша әлемнен бөлектенген қалпы үш күн, үш түн қатарынан айтып тауыса алмас ертегідей ғажап дәурен кештік.

Япырай, сондағы біздің сан салалы әңгімелеріміз, суыртпақтап жүректің терең түкпірінен тартқан, бұрын жан баласына тіс жарып, ашып көрмеген сырларымыз, өмірдің мәңгілігі мен баянсыздығы туралы, әдебиет пен өнердің күрделі қасиет-мінезі жайлы пікірлеріміз қандай жымдасып, бір-бірін толықтырып, жанымызды рақат сезімге бөлеп еді. Өзіңе ойы, рухы, мінез-сана табиғаты,

жан кеңістігі сай адам табудан артық бақыт жоқ екенін сол жолы тұңғыш рет өз жүрегіммен сезініп едім.

– Ғасырға бергісіз күн болады. Ендеше, бұл – менің өмірімдегі ең бақытты күнім! – деді Бүбүсара да толқып.

Өзара шексіз түсінік тапқан көңіл-күйімізді пойыз доңғалақтары да тынымсыз құптап, тастаққа салған жорғадай жұлқына дүрсіл қағады. Ауық-ауық терезеге үңіліп, табиғатты тамашалаймыз. Соңымызда орыстың жасыл ормандары қол бұлғап, қазақтың пейіліндей кең жазық даласы жарысып қалар емес. Арал қаласына келіп тоқтағанда, вагоннан шығып, таза ауа жұттық. Теңіздің ол жылдары арнасы тартылмаған, айдыны толы шағы. Ерке толқындары күнге шағылысып, жарқ-жұрқ етеді. Одан бері Қызылорда, Арыс, Шымкент, Түлкібас...

Есіңде ме, бірде екеуміз сенің машинаңмен Ташкенттен Бішкекке келе жаттық. Күн ұясына қызарып батып, айнала шымқай қызамық сәулеге малынып тұрған әсерлі шақ еді. Түлкібасқа жақындағанда қапталдаса жарысып жүрген темір жол биік қырды жағалап, үлкен доға жасап бұрылады. Көктемде, жазда бұл ара ерекше құлпырып, жайнап, өзгеше сипат алады. Мен сенен машинаны тоқтатуды өтініп, сыртқа шықтым. О, керемет, бұдан 25 жыл бұрынғыдай биік қырды жиектеп, Алматыға қарай пойыз кетіп барады. Қыста биіктен құлаған көшкін қар темір жолды басып қалмасын деп, қыр жағалай қойылған екі-үш қатар темір шарбақтар да өзгеріссіз тұрғандай. Жүрегім шым ете қалды. Баяғыда нақ сол арадан өткенде Бүбүсараның ерекше бір қуанышқа бөленіп, қазақтың сан түрлі ұлы табиғатының әсем бір бөлшегіне шексіз риза болған сәті есіме түсіп, көңілім толқыды.

Бүбүсарамен бірге жүрген қаншама жыл ішінде талай қалалардың мәдениет ошақтарында болып, тарихи жерлерін араладық екен? Немесе бір ғана Бішкек қаласын алайық. Кейбір үйлердің тұсынан, көше қиылысынан, белгілі мәдениет орындарының алдынан өткенде дәл сол арада қандай әңгіме айтқанымыз, күлгеніміз, қуанғанымыз, мұңайғанымыз – бәр-бәрісі үтір-нүктесіне дейін есіме сап ете қалады. Өткенде екеуміз Қырғыз мемлекеттік Опера және балет театрына бір жиынға бармадық па? Жұрт назары басқада. Мен өз ойыммен әлекпін. Бүбүсараның өнердегі ешкім қайталай алмас асау, ерке дарыны осы театрдың сахнасынан қанат қақты ғой. Бүбүсараға қатысты талай оқиғалар бірінен соң бірі кимелеп, көз алдымнан кино таспасындай өтіп жатты. Сахнаға қарасам, нақ қазір аппақ аққу бейнесінде соншама ұзақ

жылдар бойы қиял-ойымды тұтқындаған іңкәр сұлу мүсін шыға келіп, билеп ала жөнелетіндей. Жалпы, мен Бүбүсара рухының көнермес, өзгермес, тірі, бірақ құпия естелігі сияқтымын.

Ол бір сапардан ауырдым деп оралған. Артынша омыраудан түскен қатерлі ісік диагнозымен Кунцово ауруханасында жатты. Бір жарым жыл қатты қиналды. Айтудың өзі оңай емес... Кунцованың аумағына арнайы рұқсат қағазбен кіргізетін. Бүбүсарамен бір палатада дәл сондай дертке шалдыққан Кеңестер Одағының халық артисі Ольга Андровская да жатты. Менің алғашқы повестерімді өзінің "Новый мир" журналына басып, ақ жол тілеген, иманы салауат болғыр Александр Твардовский де осы қатерлі ісіктің тұзағына қармалған екен. Әр барған сайын көңілін сұрап тұрдым. Жүдеп, шаршап қалыпты. Артынша о дүниелік боп кетті.

Бүбүсара бірте-бірте семе берді. Орнынан көтерілуге де әлі жетпеді. Әдемі жүзі суалып, аялы да мейірімді көздерінің оты сөніп, шүңірек тартқан. Оның бұл фәнилік еместігін алғаш сезінгенімде, көз алдымда дүние шыр айналып, басайын десем, аяғым жерді таба алмай қалды. Ақыры жүріп-тұруының өзі күшке айналған соң, Бүбүсараны Фрунзе ауруханасына ауыстырды. Жұмыста да дегбір тауып отыра алмай, әлсін-әлсін аурухананы төңіректеймін. Тағдырдың қатал үкіміне іштей мойынсұнып жатқанымен, мен кіріп келгенде, Бүбүсараның суалған жанарында қуаныш ұшқыны жарқ ете қалушы еді. Бәлкім, бұл жанын жегідей жеген ауыр дертті маған сездіргісі келмегені, яғни мені қиналмасын дегендегісі болар.

Ақыры, 1973 жылы 11 мамыр күні Бүбүсара мәңгілік көз жұмды.

Шаханов. Опера және балет театрындағы азалы жиында, марқұммен қоштасу сәтінде сізді ағыл-тегіл жылады дейді көргендер. Тіпті, шыдамы таусылған сол кездегі республиканың бір басшысы: "Ана қасқаны біреуің барып қойдырсаңдаршы!" – деп айналасындағыларға жекірген екен. Тіпті, қырық жыл отасқан әйелі өлсе де, көзінен тамшы жас шықпайтын әлдекімдерге, бәлкім, сіздің бұл қылығыңыз тосын көрінген шығар. Тоталитарлық жүйенің тұсында атақ-абыройыңыз, отбасыңыз, қызметіңіз, партбилетіңіз бар сізге осының бәрін аттап өтіп, бар жан дүниеңізбен құлай қайғыруға және оны ешкімнен жасырып, жаппауға итермелеген оңай сезім емес екені айдан анық.

Өзара сырласу үстінде қырғыздың заңғар ақыны Сүйінбай Эралиевтің осы оқиға төңірегінде былай дегені есімде қалыпты.

"Бүбүсара – көркіне ақыл-парасаты сай, қырғыз қызына тән мінездер тал бойынан түгел көрініс берген аяулы жан еді. Кезінде басқа ақындармен қатар, мен де оған өлең арнағанмын. Оның қазасы бүкіл қырғыз ұлтының қабырғасын қайыстырды. Әдебиет пен өнер қайраткерлері ортасында жалт еткен жанар оты назардан тыс қалған ба? Шыңғыс екеуінің арасында ұзақ жылдардан келе жатқан үлкен махаббатқа тамыр жіберген таза сезім барын сырттай естіп жүретінбіз. Бүбүсараны соңғы сапарға шығарып салар қаралы жиынға Шыңғыс екі көзі бұлаудай боп ісіп, бастан-аяқ қара киім киініп келді. Кейбіреулер оның бұл қылығын оғаш санап, "әйелі, бала-шағалары бар, мұнысы несі" десіп, өсектің қызыл шоғын көсеп жатты. Ал өз басым: "Айналайын Шыңғыс әдебиетте қандай ұлы болса, махаббатын жерге берерде де сондай ұлы, жігіттік мінез танытты деп, марқайып тұрдым."

Айтматов. Сүйекеңнің көңіліне рақмет. Иә, Бүбүсарадан айырылу – мен үшін жарты тағдырымды жоғалту екенін өзге жұрт қайдан ұқсын.

Шаханов. "Манас" эпосының 1000 жылдық тойы қарсаңында қырғыз мүсін өнерінің майталман шебері Тұрғынбай Садықовтың Бішкек қаласының әсем бір алаңына орнатқан "Ел құты" атты алып монументі салтанатпен ашылды. Бұл – күллі қырғыз халқының өміріне, өнеріне, әдебиеті мен ғылымына ересен еңбегі сіңген, ел тәуелсіздігі жолында күш-жігерін сарп еткен үлкен тұлғаларды қыранның қос қанатына қондырып бейнелеген, көрген жанның санасында қалар ғажайып ескерткіш.

Сол қыран қанатының бір жақ бетінде ой теңізін кешіп Сіз тұрсыз да, ал екінші бетінде өнер аспанында аққудай қалықтап өткен Бүбүсара Бейшеналиеваның сұлу мүсіні...

Кездейсоқтық па, әлде мүсінші қиялының жемісі ме, тірлікте тағдырын бір-біріне жалғай алмаған қос адам бұл жолы да қатар тұра алмай, өздері шексіз сүйген қырғыздың ұлы тауларына, даласы мен көліне екі беткейден көз салады...

Республика мәдени өмірінде зор оқиға болған ескерткіштің ашылу салтанатында қасыңызда тұрдым. Байқағаным, жез мүсінді көзіңізбен аялап, тілсіз тебіреніп, ұзақ бөгеліп қалдыңыз...

Айтматов. Бүбүсара дүниеден озған соң көп өтпей Италиядан шақырту алдым. Түн ішінде кемемен Сицилияға беттедік. Ашық теңіздің үсті. Ай сүттей жарық, майда самал еседі. Алыста түрлі түсті жарқ-жұрқ еткен шамдар. Осы сәтте Бүбүсара екеуміз жақсы көретін бір музыка ойнап қоя берді. Толқынмен бірге тербеліп келе жатқан кеме үстіндегі жас та, жасамыс та әлгі әуеннің ырғағымен билей жөнелді. Көз жасыма ерік бере алмай, палубаға сүйенген күйі, сұлқ тұрып қалдым...

Теңіз, түн, ай, елсіз аралдар және көңілдің түнгі жалғыздығы.

Қазірде де сол музыканы естісем болды, Бүбүсара есіме түсіп, өз-өзімнен толқып кетемін. Оны саған түсіндіруге тіл құдіретім жетпейді.

"Кассандра таңбасы" атты романымның қаһарманы делегация құрамында Жапонияда болғанда түнде кемеде жүзіп келе жатады – онда да әлгі сурет, әлгі өткенді еске түсіру, жапон музыкасының әуендері шақыртқы болған күйзелістер. Сол көрініс Италия сапарымда өз басымнан кешкен, Бүбүсараны жоқтап, жалғыздықтың құрсауына қамалғандағы мұнды суреттер еді.

Шаханов. Жетпісінші жылдардың орта шенінде Мәскеуде кездесіп қалып, өзіңіз түскен қонақүйге шақырып едіңіз. Сол сапар қасыңыздан Мариям жеңгейді алғаш көріп, құдайға шүкір, Шікеңе иман жүзді, адамгершілігі мол әйел жолыққан екен деп түйгенмін. Ойым алдамапты. Қара басыңызды хан тұтып сыйлайтыны өз алдына, шығармашылығыңызға да тигізген игі әсері мол екені анық. Өзі – жүйелі парасаттың, шырайлы мәдениеттің адамы. "Боранды бекет" атты романыңыздағы мәңгүрт тақырыбына жазған киносценарийін "Түрікменфильм" студиясы экранға шығарды. Қасында жан дүниенді ұғынып, ойыңды өрістетіп отыратын осындай жарыңның болуы зор ғанибет емес пе?

Айтматов. Бүбүсарадан соң қаңырап, бос қалған көңілімді еш нәрсемен толтыра алмай-ақ қойып ем... Міне, енді керек кісіме кездестім...

Иә, солай, Мұхтаржан, менің өмірімде арманым боп кезігіп, азабым боп ажырасқан осындай махаббат болған.

Жан күйзелісінен шыға алмай жүрген шағымда тағдыр Марияммен табыстырды. Көңілдің олқысы бүтінделгендей, жан жарасы жазылғандай сәулелі ғұмыр кешудемін.

Шаңырақтың желбауындай үйелмелі-сүйелмелі Шырын атты қызымыз, Эльдар деген ұлымыз бар. Шешесі екеуміз, мейлі, олар өсе келе, қай мамандықтың иесі

атанса да, ең алдымен, туған еліне сәулесін түсірер қанатты перзент болса деп армандаймыз.

Шаханов. Өткенде қызыңыздың бір мінезіне ерекше риза болдым. Алматы әуежайына Мариям жеңгей мен екі перзентіңізді Брюссельге шығарып салуға бардық емес пе. Сонда Шырын:

– Аға, папамның қант диабеті бар ғой. Қонақта отырғанда кейде байқамай тәтті тағамдарды жеп қоюы мүмкін. Өзіңіз көз қырын салып жүріңізші, – деп сізге естіртпей менің құлағыма сыбырлады.

Айтматов. Соңғы кездері ылғи екеуміз бір жүрміз, сосын саған әкесін аманаттап жатқаны ғой...

Шаханов. Жәнібек Жанұзақ деген журналист әркімнің аузына диктофон тосып, өміріңіздің әр кезінде жолыққан әйелдер жайлы "мәлімет" жинап, "Айтматовтың айымдары" атты кітапша шығарыпты. Әлгі "зерттеу еңбектің" кітап дүкендерін былай қойып, кейбір аудан орталықтарында, ас дүкендерінде де сатылып жатқанын көрдім...

Айтматов. Рұқсатсыз біреудің жан сарайына үңілу – жақсы әдеп емес. Мейлі, өзіне лайық көрсе, жаза берсін, қай жазғыштың қаламына тосқауыл боламыз?

Керез – алғашқы жұбайым, жастық, студенттік шақтың албырт та қиын асуларын бірге астық. Анам Нағима марқұм екеуі шешелі-қыздай сыйласып, көп жыл тату-тәтті тірлік кешті. Керезден Санжар, Асқар есімді екі ұл көрдім. Қазір, құдайға шүкір, екеуі де ел жүгін көтеруге жарап қалды.

Ал Тәттібүбү Тұрсынбаева болса – бір кезде көңіл төрінде жанып-өшкен аяулы бейне. Ол да қырғыз театр өнерінің бағына туған жанның бірі еді. Тағдырымның бұралаң жолдарында бұлардан басқа да, әлгіндей жазғыштардың қаламына іліне қоймаған әйелдер болған... Сондықтан да түйіп айтарым мынау:

Өмірімнің ең бір шабытты да мерейлі жылдары, жарқын елестері, жайсаң кештері, жұлдызды сәттері осындай әйелдермен бірге өткенін ылғи да зор құрметпен, зор ризашылық сезіммен еске аламын!

Шаханов. Қырғызстанға елші боп келген жылы халықаралық "Руханият" қауымдастығы Тоқтағұл атындағы мемлекеттік филармония залында менің поэзия кешімді өткізді. Кеш соңында бір бәйбіше адам жылы ұшырай амандасып:

– Мұхтар қалқам, мені танымаған шығарсың, Керез жеңгеңмін ғой. Өзіңнің Шыңғыс ағаңның... – деп мүдіріп қалды.

Ол кісіні бұрын-соңды көрмеген соң, алғашқыда аз-кем тосылып қалдым да, денсаулығын, хал-жайын сұрадым.

– Қырғыз бен қазақтың арасын жалғастыруға ағаң көп еңбек сіңірген. Сол жолды енді өзің жалғап жатқаныңа сырттай разы боп отырамыз... Ал Шыңғыс ағаңа келетін болсақ, ол бір ғасырда бір-ақ рет туатын дара тұлға ғой. Онымен бірге өткізген шақтарым өмірімнің ең бір сәулелі жылдары екен. – деді көңілі толқып...

Айтматов. Рақмет. Жә, осы әңгімеміздің тұздығы ретінде мағынасыз үш мың жыл өмір сүруден – үш жыл махаббатпен ғұмыр кешу әлдеқайда артық екенін суреттеген баладаңды оқышы. Түсінген адамды бұл өлең терең ойға тартады...

Шаханов.

Ғұмыр

Ғұмыр келте деп налисың, досым-ау.
 Бұдан миллион ғасыр бұрын,
 Жер ғарышқа тең шашып жасыл нұрын,
 Мимырт, шабан тіршіліктің құшағында күліпті,
 Ал адамдар үш мың жылға дейін өмір сүріпті.
 Сан балапан ғасырларды алақанда сөйлеткен,
 Ұзақ ғұмыр,
 Ұзақ ғұмыр, ой, неткен!
 Жасы қашан жеті жүзге жеткенше,
 Уыз сәби саналыпты бойжеткен.
 Ара-тұра бой қылтитқан Күдікке
 Бір жайсаң сөз айта алмапты Үміт те.
 Жеті жүзге жасы жетпей (заң солай),
 Үйленуге рұқсат жоқ жігітке.
 Бірақ бірде болды оқиға сұрапыл...
 Қыз бен жігіт бір өлкеде тұратын,
 Қосып арман-тілегін,
 Қосып мұңын, мұратын,
 Тіл бітірер сезімменен тасқа да,
 Тек сезімді етіп іңкәр астана,
 Жасы жүзге жетпей жатып,
 Бір-біріне ғашық бопты,
 Масқара!
 Күннен күнге лаулай түскен құштары?!
 Бұл не пәле салт-санадан тысқары?!
 Тумай жатып қағынғаны қалай деп,
 Жұрт жағасын ұстады.
 Ал жігіттің әкесі айтты:

– Қу балам,
 Ит боп шықтың жақсы атаққа тумаған.
 Дәтің барып қалай дәстүр бұзбақсың,
 Жұрттан қайда қашпақсың сен шулаған?
 Жетер қайғы сыйладың сен әлгенше,
 Өлген жақсы бұл қорлықты көргенше.
 Ақылға кел,
 Үйленбестен қоя тұр,
 Тым болмаса, алты жүзге келгенше.
 Ел тағлымын аяқ асты төсенбе,
 Той аз болмас әлі сенің көшеңде,
 Бес жүз жыл күт.
 Сонан кейін рұқсат,
 Он бес қызды қабат алам десең де!
 Жігіт өкси мұңын шақты:
 – Болмайды,
 Бұл пәлсапаң ақылыма қонбайды.
 Тасқа ұрсаң да мына мендік маңдайды,
 Әнім ән боп самғайды.
 Кәрі емендей қасарыса бергенше,
 Қайран әке, ұғынсаңшы мән-жайды.
 Тұйықталса перзентіңнің арманы,
 Сені де ілер қайғы-мұңның қармағы.
 Одан қайта қол ұшын бер, құда түс,
 Қыз үйіне бар-дағы.
 Бірақ әке, секілденіп тас қамал,
 Үндемеді.
 Таусылды енді басқа амал.
 Жаңалыққа көз аз болмас оқталар,
 Бой көрсетті тұсаулар мен ноқталар.
 Қорғау, қолдау көрмеген соң ешкімнен,
 Қол ұстасып тауға қашып кетті олар.
 Бұл оқиға шартарапқа жайылды.
 Дінге берік қатал қолдар байырғы
 Қос ғашықты іздеп тауып алды да,
 Бір-бірінен айырды.
 Енді лезде байтақ аспан тар болып,
 Көңіліне ызғар толып, қар қонып,
 Күні-түні еңіреді екеуі,
 Қас-қағым сәт көрісуге зар болып.
 Екі ғашық алып ұшып жүрегі,
 Тағдырынан былай тілек тіледі:
 "Төсте тойы тарқамаған,
 О, Жер-анам, дарқан анам,
 Ұл керек пе саған мықты?"

Өзгерт онда шабандықты.
 Сен үшін бұл қиын іс пе соншалық?
 Шабандықта қырсық жатыр қаншалық.
 Біздер ұзақ, мағынасыз ғұмырдың
 Іш пыстырар мінезінен шаршадық.
 Қайтіп тірлік кешегі жұрт самғамай,
 Арындамай,
 Ағындамай,
 Таңдамай.
 Махаббатсыз өткен күннің бәрі ізсіз,
 Суға жазған таңбадай.
 Жүрсек мейлі, қай белесте,
 Дөңесте,
 Сағынышпен атқан таңның бәрі есте.
 Мағынасыз үш мың жылдан
 Мағынамен,
 Мәнмен өткен,
 Махаббатпен,
 Әнмен өткен
 Үш жыл артық емес пе?
 Егер оны көп десең,
 Айналайын алып тұлға,
 Қасиетті жұмыр жер,
 Ғашығыма жолықтыр да,
 Үш-ақ күндік, үш-ақ күндік ғұмыр бер!
 Сезінбестей ет кессе де етімнен,
 Лапылдайын інжулі інкәр отыммен,
 Тек үш-ақ күн,
 Тек үш-ақ күн бере ғой,
 Сонан кейін басымды алсаң, өкінбен".
 Қайсар ғалам жібітіп тас көңілін,
 Қос ғашықтың қайтпасын деп меселі,
 Жер бетінде адамдардың өмірін
 Отыз есе қысқартыпты деседі...
 ...Ал сен ғұмыр келте дейсің!...

Айтматов. Мұндай мән-мазмұны терең жыр жазған ақынның өзі махаббат Эвересіне көтеріле алды ма екен?

Шаханов. Бозбала шағымда көңіл теңізін ұлан-асыр тулатқан, ұзақ жылдар бойына күндіз есімнен, түнде түсімнен кетпей келе жатқан бір оқиға болды...

Айтматов. Өзің жөнінде әр түрлі әңгімелер (әсіресе қаламдастар арасынан) есітіп қалам. Жасыратыны жоқ, бір-екі рет сұрауға оқталғаным да есімде... Реті енді келген екен. Сыр ашу пікірлес, рухани түсінік тапқан адам-

дардың ара қатынасын одан сайын жақындата түспей ме? Қысылмай бастай бер.. Мен сенің сөзіңді бөлмей тыңдауға тырысайын.

Шаханов. Шіке, ол кезде қиял шылбырын ізгілік тауына қарай сүйреген биік идеяларымыз бар-ды. Асан деген досым екеуміз күн сайын тым құрығанда бір адамға жақсылық жасаймыз деп, алдымызға серт қойғанбыз. Бұл, бірінші кезекте, өзімізге өз азаматтық бағыт-бағдарымызды түзу жолға салу үшін керек еді. Осы оймен Шымкентті кезіп, біздің жақсылығымызға, яғни қолғабысымызға зәру адам іздейміз. Көше толы жүргінші, әрлі-берлі ағылып жатады. Адасып, жөн таба алмағандар, қол жүгін көтере алмай, қиналып тұрғандар күнде алдыңнан жолыға да бермейді. Бірақ қайткенде де күн сайын, ең кем дегенде бір адамға жақсылық жасау керек деген сертті орындау парыз. Сол ойдың жетегінде базар жағалаймыз. Қол күшіне зәру кемпір-шалдарға, ғаріп-қасірлерге жәрдемдесе кетеміз. Арбадан ауыр жүк түсіру, тиеу немесе қажетті орынға жеткізіп беру бізге бұйым емес. Жүк иесінің ауыз толтыра айтқан алғысы төбемізді көкке жеткізердей қуанамыз. Келе-келе бұл қарекеттен де тыйылуға мәжбүр болдық. Көрген таныстарымыздың бәрі дерлік бізді базарда жүк тасып, содан ақша тауып жүр деп ойлапты.

Беймаза ізденіс мені ақыры қасиетті өлең өлкесіне алып келді. Өзіңіздің "Жәмила" повесіңізді жариялап, оқырмандардың ықыласына бөленген "Лениншіл жас" газеті он алты жасымда өлеңдеріме бір бетке жуық орын беріп, сәт сапар тіледі. Трактордың тіркеушісі болып жүрген кезім еді. Май-май кепкімді милықтата киіп түскен суретімді өлеңіммен және сол кездегі жас журналист Мыңбай Ілесовтың мен туралы редакцияға жолдаған хатын қоса басыпты. Ертеңді-кеш трактордың соңында шаң қауып жүрген бозбалаға мұнан өткен қуаныш бар ма? Артынша газет-журналдарға жазғандарым жиі жарияланып, ел-жұртқа едәуір белгілі боп қалдым.

Осындай арман қуған алғашқы албырт күндердің бірінде Шымкент педагогика институтында өтетін поэзия кешіне шақырылдым. Жаңадан шығып келе жатқан жас ақындар бас қосқан екен. Бірімізден соң біріміз мінбеге суырылып шығып, өлең оқып жаттық. Әр ақынның қалам қуатына, дарынына берілген бағаны кең аудиторияда көздері жанып, жүздері алаулап отырған студенттердің алақан дуылынан аңғаруға болар еді. Бірнеше өлеңді үсті-үстіне төгіп оқып, мінбеден түскен кезімде қызыл шырай-

лы, бетінің сүт шұңқыры ойылған, еліктің лағындай бір сүйкімді қыз қолтаңба беруімді өтініп, өзінің студент дәптерін қолыма ұстатты. Қарақаттай екі көзі мөлдіреп, төбесіне түйген шашы өзіне ерекше сән беріп тұр. Дәптері де әдемі екен, сыртына қатты қағаз тігіп, оны жұқа жылтырақпен қаптап қойыпты. Ішін ашқанда, алдымен көзіме түскені – өзімнің газетке шыққан екі шумақ өлеңім мен кепкі киген суретім болды. Газеттен қиып алып, бояу қарандашпен оюлап, жапсырып алыпты.

Қыздың есімі Күләнда екен. Қапелімде аузыма өлең келмей, дәптеріне қарасөзбен қолтаңбамды түсірдім. Ол менің шығармашылық жолымдағы ең алғашқы қолтаңбам еді.

Күләндамен осылайша ойда жоқта таныстым. Сол кеш жанымызға нұр сепкен сәулелі шақтардың бастауына айналды.

Менің балауса жырларымды алғаш рет жатқа айтқанда сол Күләнда. Шыны керек, ол шақта болашақта ақын атанатыныма өзім аса сенбеуші едім. Анық ақынды кім көрген, олар маған ылғи да басы қазандай, ерекше жаратылған адам ретінде елестейтін.

– Сіз өсе келе, үлкен ақын боласыз, – дер еді ол менің кеудеме сенім шуағын құйып. Ол кезде қазіргідей емес, Шымкент қаласының батыс жағында жағалай қалың қамыс, жабайы жыңғыл, тал өскен үлкен тоғай бар-тын. Күләнданы сабағынан шығысымен күтіп алып, үйіне ұзатып саламын. Өзі әлгі тоғай маңына салынған бес қабатты үйдің үш бөлмесінде аға, жеңгесімен бірге тұратын.

Әсіресе, сенбі, жексенбі күндерін тағатсыздана тосатынбыз. Ондайда қала шетіне дейін автобуспен жетіп аламыз да, у-шудан құтылып, елсіз жазықпен жаяу тартамыз.

Күләнда әр гүлді жазбай танып, әр шөптің атын атап, оның қандай ауруға ем екеніне дейін жіктеп беретін. Әншейінде өзім мән бере бермейтін жалбыз, таңқурай, дерменелердің керемет қасиетін алғаш рет Күләнданың аузынан естігенмін.

Оның кітабы мен дәптерлерінің арасынан кеуіп, тіпті хош иісін сақтап қалған гүлдердің алуан түрін табуға болар еді.

Бірде тоғай арасындағы жол жиегінде тырбиып, өліп жатқан торғайдың үстінен түстік.

– Қандай аянышты!– деді Күләнда. – Бейшара құс неден өлді екен? Көкте еркін қалықтап жүргенінде жылан арбады ма, әлде біреу қастандық жасады ма? Мейлі, не де болса, құрметпен жерлейік.

Екеуміз жүремізден отыра қалып, шыбықпен жер қазып, торғайды әспеттеп көмдік. Күләнда болса тап бір қимасынан айырылғандай жүзіне мұң үйіріліп, бата ғып, бетін сипады.

– Аяқ астында қалмағаны дұрыс. Біз, адамдар, сондай қаталмыз ғой. Қас қағым сәт сайын табиғат бір әсем тіршілігінен айырылып жататынын қаперімізге де алмаймыз. Мысалы, көбелектің алты-ақ күн ғұмыры болады екен...

Ауылда, бай табиғаттың ортасында өсіп, құстың неше түрін көріп, алуан шөпті белуардан кешіп жүріп, оларға жете назар аудармаған екенмін. Күләнданың нәзік жаратылысының әсері шығар, енді қоршаған ортаға өзгеше көзбен қарай бастадым.

Ол менің күн сайын бір адамға жақсылық жасау керек деген идеямды аса жоғары бағалайтын.

– Бүкіл адамзатқа сәулесін түсіретін, мейірім шуағына бөлейтін үлкен істердің алғашқы қадамы осыдан басталады, – деді ол бірде. – Егер адамдар жақсылық жасаудан қалса, бір-біріне қуаныш сыйлауды ұмытса, дүниені қатыгездік жайлайды.

Күләнда өзі оқыған кітаптардан осы ойын дәлелдейтін түрлі мысалдар келтіріп, ұлы адамдардың жеке өмірі, көзқарастары хақында ұзақ сыр қозғайтын. Дон Кихот пен Санчо Панчоның қызықты хикаяларына жиі-жиі оралатынбыз.

"Кто потерял стыда, уже не люди" деген ұлағатты сөзді (қай жазушының пікірі екені тап қазір есімде жоқ) алғаш рет Күләнданың аузынан естідім.

– Ұяты бар бет – әдемі. Оны жоғалтқан адам бәрін де жоғалтады. Біздің қоғам үшін де ең үлкен қауіп осы шығар... Менің кей құрбы қыздарым тізеден жоғары көйлек киюге құштар. Сырт көздің сұғына ілінгенде, табары не? Мұның түбі ұятсыздыққа ұласпаса жарады, – деген ойлары көңілімде қалып қойыпты.

Ол маған ылғи да атымды атамай, Сіз дейтін.

– Бір-бірімізді жеткілікті білеміз. Бөтен адамдардай Сіз деп сызылғанша, қазіргі қалыптасқан жаңа мәдениетке сай Сен десіп, еркін жүрмейміз бе? – дегенімде:

– Әжем атамды әлі күнге дейін Сіз деп атайды. Қазір қалалық қазақтар әкесінің өзіне де сен десіп жатады. Соны естігенде, қарадан қарап тұрып қысыласың. Бұл-ғасырлар бойы қалыптасқан салт-сананы бұзу ғой, – деп шыр-пыры шығып, ызаланғанын көргенімде, бүлдіршін қыздың орнықты тәрбиесіне, ақылды лебізіне сүйсініп,



Ауыл мен әлемді жалғастырған қасиетті қасқа жолда.



Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Ө.Байгелди, Ш.Айтматов, М.Шаханов, Қырғызстанның мәдениет министрі Ш.Базарбаев Бішкек көшелерінде. 1994 ж.



Ш.Айтматов Дмитрий Шостаковичте қонақта.



Президенттер: И.Каримов, Н.Назарбаев, А.Ақаев және Қырғыз Республикасының Премьер-министрі А.Жұмағұлов Қазақстан елшілігінде. Бішкек.



Ш.Айтматов пен жұбайы Мариям.



М.Шаханов кітабының Жапониядағы тұсаукесер рәсімі. Сөйлеп тұрған – ақын-аудармашы А.Токудзе. Кобе. 1993 ж.



Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цземинмен кездесу сәті.



Ш.Айтматов пен М.Шаханов КСРО жазушыларының VII съезінде. Мәскеу. Кремль. 1981 ж.



Ш.Айтматов (сол жақта) әкесі Төреқұл, анасы Нағима және інісі Ильгизбен бірге.



Ш.Айтматов – К.И.Скрябин атындағы ауыл шаруашылығы институтының 5-курс студенті. 1952 ж.



Ш.Айтматов туған аулы Шекерде.



М.Шаханов – тракторшы.



**Сазгер Ш.Қалдаяқов пен М.Шаханов туған жері
Отырарда. 1964 ж.**



М.Шаханов анасы Ұмсын (оң жақта) және жеңгесі Тазамен бірге.



Ш.Айтматов пен Саяқбай Қаралаев.



Александр Твардовский мен Ш.Айтматов.



Бішкекке Жамбылдың 150 жылдығын мерекелеуге жиналған Қазақстан әдебиет, өнер қайраткерлерінің бір тобы. 1996 ж.



Ш.Айтматов, Б.Бейшеналнева, Т.Үсібалиев Нева жағасында. 1961ж.



Е.Евтушенко М.Шахановтың туған жерінде. 1977 ж.



Ғабиден Мұстафин мен М.Шаханов. 1980 ж.



Азия – Африка елдері жас жазушыларының конференциясында.
1981 ж.



А.Вознесенский мен М.Шаханов Кеңес әдебиетінің Абхазиядағы күндерінде. 1984 ж.



Ұшқыш-ғарышкер Ж.Гуррагча (оң жақта), М.Шаханов, О.Сұлтанов, П.Шермұхамедов Аралды құтқару жөніндегі конференцияда. Алматы, 1987 ж.



Ш.Айтматов Қалтай Мұхамеджановта қонақта.



Ә.Кекілбаев, Ш.Айтматов, С.Романов, Ә.Нұрпейісов, З.Қабдолов.



М.Шаханов пен Жолон Мамытов Орта Азия мен Қазақстан жастарының фестивалінде. Исфара, 1982 ж.



Габриэль Гарсиа Маркес Ш.Айтматовта қонақта.



Ш.Айтматов, С.Эралиев, М.Шаханов және Р.Отарбаев (2-қатардың сол жақ шетінде).



Қолтаңба.



Оқырмандармен кездесу.



Ш.Айтматов Түркия Президенті С. Демирелмен бірге.



Ш.Айтматов, М.Шаханов, М.Ақаева Айтматов атындағы халықаралық сыйлық иегерлері арасында.



М.Шахановқа Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы ортаны қорғау бағдарламасы сыйлығын тапсыру сәті. Рио-де-Жанейро. 1992 ж.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевпен бірге Хельсинкиде. 1993 ж.



Ш.Айтматов, Федерико Майор және түрік сазгері Ливанели.



Ш.Айтматов пен Сүйменқұл Чокморов.



**М.Шаханов Өзбекстан Республикасының Президенті
И.Каримовпен бірге.**



М.Шахановқа Қырғыз Республикасының халық ақыны атағы берілуіне арналған поэзия кешін Ш.Айтматов ашып тұр. Бішкек. 1995 ж.



Қазақстан Республикасының Қырғызстандағы елшілігінде С.Чокморов көрмесінің ашылу салтанаты.



Ш.Айтматов пен Расул Ғамзатов.



Ш.Айтматов ұлы Эддар, қызы Шырын және айтматовтанушы-галым А. Ақматалиевпен бірге. 1986 ж.



Қолтаңба.



Қырғыз әдебиетінің классигі Т.Сыдықбековтің үйінде қонақта.



О.Сүлейменов, М.Шаханов.



Өзбек ақыны Шүкуруло және балқар ақыны Қ.Кулнев пен Ш.Айтматов жұбайларымен.



ЮНЕСКО атқарушы директорының кеңесшісі В.Б.Ломейко, Ш.Айтматов, М.Шаханов, А.Якубов, Р.Хаиров.



М.Шаханов Пәкстан ақыны Файз Ахмад Файз және Алматы облысы, Талғар ауданы, Мичурин атындағы колхоздың төрағасы Серік Әлиев.



Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): кинорежиссер Б.Шамшиев, М.Шаханов және Қазақстанның Қытай Халық Республикасындағы елшісі Қ.Сұлтанов.



Ш.Айтматов М.Шахановтың қызы Айчөрекпен бірге.



1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан оқиғасына қатысушылар арасында. Бішкек. 1996 ж.



М.Шаханов, Ш.Айтматов Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан сыртқы істер министрлері: Р.Отынбаева, Қ.Тоқаев және А.Камиловтармен бірге.



М.Шахановтың үйінде қонақта.



Көңілдің кейбір сәттері...
Ш.Айтматов, М.Шаханов және "Рауан" баспаның
директоры Жарылқасын Нұскабаев



Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаев Ш.Айтматов пен
М.Шахановтың "Сократты ескеру түні немесе Миғұла терісі
үстіндегі сот" атты спектаклінің премьерасында. 1996 ж.

осындай жар тапқалы тұрған маңдайымның бағы бес елі болар-ау деп іштей марқаятынмын.

Ол кездің бір көрген түстей жылт етіп өте шығар дәурен екенін қайдан білейін...

Менің шығармашылық өміріме үлкен із қалдырған адамның бірі – Төлеген Айбергенов еді. Бар-жоғы жиырма тоғыз жасында қазақ поэзиясының аспанынан құйрықты жұлдыздай ағып өткен арқалы ақын әдебиетімізге өзгеше толқын, жаңаша леп әкелген-ді. Ол менен бес-ақ жас үлкен болатын. Алғашқы өлеңдерім баспасөзде жарияланған соң, өзі іздеп келіп танысқан. Бұйра шашты, кең маңдайлы, қағылез қара жігіттің дарынды да арынды шағы, достыққа құштар көңілі мені бірден өзіне баурап ала жөнелді.

– Сөз айтып жүрген қызың бар ма? – деп сұрады ол бір күні.

Мен бір-екі ауыз сөзбен Күләнда тұралы хабар бердім.

– Ендеше, таныстыршы, – деді қиылып.

– Төке, ертең, жоқ, арғы күні – 2-маусым, менің туған күнім ғой. Соны сылтау етіп шақырып, таныстырайын. Әйтпесе, тым ұялшақ, келе қояр ма екен, – дедім.

– Жарайды, сапарымнан тағы бір күн кешігермін. Туған күніңді тосамын, – деп, қайран ақ көкірек ақын салғаннан келісе кетті.

Уәделі күні үшеуміз қала сыртына шықтық. Көгалға газет жайып, үстіне апам әдейі пісіріп берген етті, дүкеннен сатып алған үш шөлмек лимонад пен Төкеңе арнап алынған екі шөлмек сыраны қойдық. Төкең туған күніме арнап екі кітап сыйлады. Әлі есімде – бірі Ковшар деген автордың "Іле Алатауының құстары", екіншісі – "Тасбақаның түрлері" деген кітап.

Болашақ үлкен ақындықтан дәмелі боп жүрген мен:

– Төке, ініңізді мал дәрігерлік институттың студентімен шатастырып алған жоқсыз ба? – деген әзіліме ол:

– Ақын болу үшін, айналаңдағы тіршіліктің бәрін де жете зерттеп, білуің парыз. Әйтпесе, көп нәрседен ұтыласың, – деді. Бұл сөзді Күләнда да қуаттай келіп:

– Мен де Сізге кітап сыйлағалы тұрмын. Бұл шығармалардың авторы – менің туған жеріме көршілес жатқан бауырлас Қырғыз еліндегі Шекер аулының перзенті, Жамбыл қаласындағы мал дәрігерлік техникумды бітірген Шыңғыс Айтматов деген жазушы.

Сөйтіп, Сіздің "Тау мен дала хикаялары" деп аталатын орыс тілінде шыққан кітабыңызды ұсынды. Міне, мен

Сізбен алғаш рет Күләнда арқылы албырт сезімнің жетегінде осылай жолыққанмын.

Сол күні Төлеген екеуміз Күләнданың жылтырақ қызыл дәптеріне өлеңмен қолтаңба қалдырдық. Төкең ерекше толқып, болашақ келініне алты шумақ жыр арнаған. Ал мен болсам мына жолдарды түсірдім:

*Бір бақытты шуақ көргім көзіңнен,
Бірақ соны кім бар екен түсінген?!
Бақыттымын, аяулы әнім, өзіңмен
Ойда жоқта танысқаным үшін мен.
Күндер бүркеп жатыр ескі іздергі,
Күрсінем де, саған сенім артамын.
Ойда жоқта қосқан тағдыр біздергі
Ойда жоқта бөле ме деп қорқамын...*

Ымырт үйіріле Төлегенді Шымкент автовокзалына ұзатып салдық. Автобус қозғалардың алдында Төкең мені Күләндадан бір сәт бөліп алып шықты да:

– Құсың құтты болсын! Нағыз ақынға жар болар терең сезімді қыз екен, көз жазып қала көрме, – деп құлағыма сыбырлады.

Жалғыз анам болса ауру, жиі-жиі төсек тартып, жатып қалады. Басқа сенер ағайын-туыс кем, не де болса үйленейін. Күләндамен бас қосып, ел қатарлы түтін түтетейін, – деп өзімше жоспар құрып, ішкі ойларыммен арпалысып жүрген кезімде Күләнда:

– Сіз осы түске сенесіз бе? – деп сұрады.

– Жоқ.

– Екеуміз қосыла алмайтын сияқтымыз, – деді сәлден соң елеусіз ғана. – Неге екенін қайдам, маған солай көрінеді.

Даусында бір діріл барын аңғардым.

– Өткенде маған арнаған өлеңіңізде:

*Ойда-жоқта қосқан тағдыр біздергі
Ойда-жоқта бөле ме деп қорқамын, –*

дегеніңіз, мүмкін, шындыққа айналар...

Кейіннен Күләнда қазаға ұшыраған соң, сол өлеңі түскірді не себептен солай деп жаздым екен деп талай пұшайман күй кешкенмін.

Борис Пастернактың кезінде Евгений Евтушенкоға: "Өлеңінде өзіңнің трагедиялық өлімің жайлы сәуегейлік айтудан қаш. Сөз құдіреті деген сондай, түбінде өзін

болжап айтқан қасіретке өзіңді білдіртпей жетелеп әкелуі мүмкін" дейтіні бар емес пе?

Күләнда бірге оқитын дос қызымен екі күндік демалысты пайдаланып, үйіне барып қайтпаққа "Мәскеу – Алматы" жүрдек пойызына отырады. Мен ол кезде баспадан шыққалы жатқан кітабымның шаруасымен Алматыда жүргем. Бұрын Түлкібас маңындағы елді мекенге келгенде, қас-қағым уақытқа болса да, тоқтайтын пойыз бұл жолы жүрісін сәл бәсеңсітеді де, өте шығады. Қырсықты қарасаңызшы, сол күннен бастап пойыздың аядамаларға тоқтау кестесі өзгерген екен. Мұны кондуктор да қыздарға ескертпеген. Амалы таусылған қыздар пойыз жүрісі сәл-пәл баяулаған кезде жерге алдымен қол жүктерін лақтырады да, артынан өздері секіреді... Күләнда пойыз дөңгелегінің астына түседі, дос қызының аяғы сынған...

Күтпеген жерден жолыққан соққы мені есеңгіретіп жіберді.

Ерте көктемде, бәйшешек бүршік атқанда, жаз бен күздің шуақты, шуақсыз күндерінде, төбеден қаңқылдап қаздар көшкенде, тырналар қайта келгенде, айлы-айсыз түндерде екеуміз қол ұстасып, қатар басып қыдырған жерлерді көрген сайын, өзегімді удай ащы өкініш өртейді. Айналамның бәрін буалдыр тұман басқандай, ешкімді көруге де, ешкіммен сөйлесуге де зауқым жоқ, есеңгіредім де қалдым. Екі жылдай уақытымды осындай іш құсалықпен өткіздім.

Бір күні таңмен таласып ерте тұрдым да, автобуска отырып, Күләнданың аулына қарай тартып кеттім. Жаздың жадыраңқы күні еді. Айнала бей-жай тыныштық. Баяу басып, ауыл шетіндегі өзім бұрын талай рет болған таныс бейітке беттедім. Жолай Күләнда жақсы көретін гүлдерді ұзақ уақыт таңдап теріп, қабір үстіне қатарластырып қойдым. Көптен ішімде қайнап жатқан запыран өкініштің тығыны ағытылып кеткендей, маң даланы басыма көтеріп, бар даусыммен айқай салып жыладым... Сосын мола маңындағы көгалға аунап, кешке дейін жаттым.

Түс ауа мал бағып жүрген бір қария қасыма келіп, термосынан ыстық шай құйып берді. Көнектей боп ісіп кеткен бет пішінімді, көзімді көріп, мәнісін түсінді ғой деймін. Береке тапқыр ештеңе деп сұрамады. Мен де ләм-мим деп жақ ашқаным жоқ.

Міне, Шіке, өмірімде өшпес із қалдырған, сізді сырттай соншама қадір тұтқан періште көңіл бір арудың татар дәмі, көрер жарығы осындай қысқа болды...

Айтматов. Көңілімді толқытып жібердің ғой.

Шаханов. Ақыры бастаған соң, оны да айтайын, екі-үш жақын досымнан өзге жан баласы бейхабар, ой-санамда ғұмыры өзім көріп-білмеген тағы бір жұмбақ қыз бар. Жетпісінші жылдардың бас кезінен бері маған хат жазумен келеді. Баспасөзде жарияланған өлеңдерімді, жарық көрген кітаптарымды жібермей оқиды да, ол туралы өз ой-пікірін ашық жазып отырады. Жетістігіме жұрттың алдымен қуанып, тағдырдың сүріндірген сәттерінде бірінші боп қайғырады.

"Менің аты-жөнімді білгіңіз, жолыққыңыз келер, бірақ мен сізге тек сырттай тілектес адам ретінде жасырын қалуды қаладым" – деп жазды ол бірде. Қолтаңбасын әбден танып алғам.

Алматыдағы бес мың адам сыятын Спорт сарайында қайбір жылы поэзия және ән кешім өтті. Осы кештің таспаға жазылған үш жарым сағаты теледидардан әлденеше рет қайталап көрсетілді.

*Арман барда жігер гүлі солмайды,
Ал махаббат жүрек отын талғайды.
Бәлкім, мәңгі жолы сәтсіз болуы,
Бірақ оны мүсіркеуге болмайды.
Бұл жайлы көп мұңдаудың не орны бар,
Жандар да бар пәк сезімді қор қылар.
Махаббатты үйлену деп ойлайды
Құдіреттің құнын білмес сорлылар, –*

деген өлең жолдарын оқыған сәтімде теледидар экраны көзіне мөлтідеп жас толып тұрған бір керемет сұлу келіншекті көрсетті. Неге екенін қайдам, маған жиырма жылдың үстінде талмай хат жазып келе жатқан қыз сол келіншек болып елестеп кетті. Тұла бойым шымырлап, көзіме жас келді. Бәлкім, мен жаңылысқан шығармын. Әркім қиялындағы жанды сұлу бейнеде көретін әдеті ғой. Менімен кездесуден қашқақтағанына қарағанда, мүмкін, төсекке таңылған мүгедек қыз шығар. Кім болса да, бәрібір, қаншама жыл тасада жүріп, тілекшім болып келе жатқаны үшін осы бір құпия әйелге айтар алғысым шексіз.

Ол бір хатында: "Сіз бүкіл елдің құрметіне бөленіп, алпыс жылдығыңызды тойлап жатқаныңызда, бір құшақ қызыл гүл көтеріп: – Аға, ұзақ жылдар бойы Сізді маза-лап келген қарындасыңыз – менмін. Сәләматсыз ба? – деп алдыңыздан шығамын", – деп жазды.

Кейде "тезірек алпысқа толсам екен" деп, сол қызбен кездесер күнді аңсаймын.

Өлең жазбай, көп уақытымды қоғамдық жұмысқа, қызметке, саясатқа беріп алғанымға өкпелеп:

– Мұныңыз не, бұлбұлдың қуаты – үнінде, қыранның қуаты – қанаты мен тырнағында, сіздің қуатыңыз – өлең-деріңізде. Қазіргі уақыт алдырып жүрген шаруаларыңыз өткінші әрі алдамшы, балалардың қардан салған ойыншық қаласындай, бүгін бар да, ертең көзден бал-бұл ұшады, – деп мұңаяды.

Айтматов. "Маған ғана қажетсің!" – деген көп дауыстың ішінде дара шыққан осындай рухани бай, қамқор дауыстың болуы қандай мерейлі!

Шаханов. Күләндадан көз жазып қалғаннан кейінгі алғашқы жылдарда қыз баласына қызығушылығым мүлде жойылған-ды. Жатсам да, тұрсам да көз алдымда соның бейнесі, құлағымда соның үні, соның күлкісі. Тіпті жынданатын шығармын деп ойлады. Бірақ өлгеннің соңынан өлмек жоқ. Уақыт шіркіннің жазбайтын жарасы аз болады екен. Әйтсе де өзіме жолығып, пікірлес, сырлас болған қыздардың бәрінен Күләндаға ұқсас адам іздедім. Бәлкім бұл сезім, бұл талап менің кейінгі жылдардағы бақытсыздығымға із салған шығар...

Өзім әйелге тән ерекше тазалығына, сөзі мен ісінің арасына пендешілік араластырмайтын әділеттілігіне тәнті боп қосылған Қаншайым келініңізге дейінгі кезеңде қазақтың Қызылкүл мен Розалиндадан басқа да аяулы аруларының ыстық алақан табы маңдайымда қалғанын жасырсам – еркектігіме, тектілігіме көлеңке түсірерім хақ. Кейбірі ел аузында жүрген шығармаларыма өзек болды. Олардың ішінде басыма қара бұлт үйірілген шақта қанатымен су сеіккен қарлығаштай, лаулаған әсек отынан сескенбей, үлкен азамат жүрегін тосып, рухым құлағалы тұрған сәтте жігер берген, көңіліме көктем шуағын құйған арулар да ұшырасты.

"Өзі шынайы махаббатты уағыздай жүріп, қателескені қалай?" деп қалың жұрттың ішінен наразы үндер бой көрсетіп қалатынын да білемін. Кінәны қашанда өзгеге арта салудан оңай нәрсе жоқ. Сондықтан да сүттен ақ, судан тазамын деп те ақталғым келмейді. Еркек болған соң, өзіме байланысты бақытсыздықтың бар салмағын шама-шарқымша жеке көтеруге тиіспін.

Дегенмен мені терең білетін әйел баласының ешбірі "Мұхтардың адамгершілігі таяз еді", "әділетсіз еді", "жомарт емес еді" дей алмайтынына сенемін. Ылғи да

азаматтығы мен пендешілігі итжығыс түсіп жататын қазақтың ұлы өлкесінде, бәлкім, кей тұстарда (әлде бағым ба, сорым ба) еркектерден гөрі әйелдерге көбірек сенім артып, көбірек сүйенген шығармын. Сол мінезім өзгеріссіз қалып қойды. Ғұмырымның қайқы, бүкір жолдарында кейбір әйелдердің әділетсіздігін де көріппін. Бірақ бала кезімнен иттікке иттікпен жауап қайырмауға дағдыланғандықтан, оларды тез ұмытуға тырыстым. Әлдекімдердің әділетсіз көзқарасын, ызғарлы ниетін кек тұта берсең, көңіл сарайыңдағы жылылықты азайтасың, қасиетіңді жоғалтып аласың. Яғни қаншама ауыр болса да, "иттікке иттікпен жауап қайырмау" идеясы жеке менің өзім үшін, ақындық тазалығым мен жылылығымды сақтап қалуым үшін қажет еді.

"Әйелге жай әйел ретінде қарамау, оның өзін-өзі терең танып, ашылуына, яғни әйелге ғана тән парасат-көркін, ізгілік, ізет шуағын жарқырата көрсетуіне мүмкіндік беру. Немесе осы биікке көтерілуін талап ету".

Бұл – менің нәзік жыныс жөніндегі сан жылдардан бері өзгеріссіз қалып қойған тұжырымым. Бақытым да, бақытсыздығым да осы түсінігіме байланып жатыр. Бірақ менің бұл қатал талғамыма белгілі мөлшерде жауап бергендерге де, тіпті бере алмағандарға да қашан басым қасиетті қара жерге тигенше, азды-көпті қуаныш, қайғымды бөліскендері үшін, алғыс айтумен, құрмет көрсетумен өтемін.

Айтматов. Иә, інім, еркін сырласып, кез келген адамға аша бермес көңіл тиегін біршама ағыттық. Ел аузында жүрген соң, екеуміз жайлы да алып қашпа әңгіме баршылық. Одан да боямасыз шындықты білгісі келіп құмартқандар өз аузымыздан естісін.

Сен де бұралаң жолды, қиын тағдырдың адамысың. Өткен күндерге салауат айтып, енді атар таңымыздың берекесін тілейік. Қазірде көңіл аспаныңнан қазбауыр бұлттар ыдырап, жаз өміріңнің жайсаң күндерін бастан кешіп жүргеніңе күмәнім жоқ. Жұбайың Қаншайым келін – жібек мінезді, өз халқының салт-дәстүрін, әдеп-ибасын бойына жастай сіңірген парасатты жан. Тіпті сенің өзіңе де Сіз деп, ата-баба дәстүріне сай ізет сақтап тұрады. Жасандылық емес, табиғи тәрбиеліліктің белгісі болар. Бәлкім, оның бұл мінезі саған Күләнданы еске салатын шығар-ау...

Осы қырғыз елінде "Манас" эпосының 1000 жылдық мерекесі алдында перзент көрдіңдер. Кішкене нәрестеге

Мариям жеңгең екеуміз біріміз кіндік ата, біріміз кіндік шеше атанып, Манастың келіні Айчөректей сұлу да сымбатты, ақылды ару болсын деген ырыммен атын Айчөрек деп атадық. Әрі бұл – сенің қырғыз елімен біздің жанұямызбен бір туған бауырдай кірігіп, сана мен сезім бірлігін тапқаныңның айғағы. Жасаған ием екеуіңе және біздің де перзентіміз атанған кішкене періште – Айчөрекке мұқалмас рух, қуса кетпейтін бақ бергей!

Шаханов. Рақмет! Шіке, енді әңгімемізді махаббат проблемаларына қарай бұрайық.

Орта Азиядағы XIV ғасырдың қолтумасы, Түркістан жеріндегі сәулет өнерінің екінші Мекке атанған ғажайып ескерткіші Қожа Ахмет Йасауи кесенесі екені өзіңізге аян. Бұл алып ғимаратты ұлы ғұламаға арнап даңқты қолбасшы Әмір Темір салдырған. Көгілдір күмбездері күнге шағылысқан осы кесененің бет жақ қанаты не себепті бітпей қалғаны жайлы жігерсіз махаббатты жырлаған бір аңыз бар. Сол ақиқатқа бергісіз аңызды кейіннен өлеңге де түсіргенмін.

Әмір Темір құл Қожа Ахмет Йасауиге көрсеткен құрметім осы болсын деп, дүниенің төрт бұрышынан саусағынан өнер тамған шеберлерді жинайды. Жұрттың бәрінен де өнері асқан бір жас жігітті ою-өрнек ісінің бас шеберлігіне тағайындайды. Жігіт топырақ пен бояуды өз сиқырына бағындырған шебер ғана емес, сонымен бірге бет біткеннің сұлуы, әрі көмейіне бұлбұл қонған керемет әнші екен.

Күн ұясына отыра, құрылыс алаңында жоғары-төмен өрмелеген жұрт әбден шаршап, болдырып, тыныс ала бастаған шақта, бас шебер қаланып жатқан ескерткіштің бір биігіне шығып, әнге басады. Әсем әуезге елтіген құлқұтандар лезде жадырап, серпіліп, бірі туған жерін, тым жырақта қалған ата-анасын, бірі жарын, бала-шағасын, бірі арман боп қалған ғашығын еске түсірер еді.

Ән аспанға шаншылған шақта Әмір Темірдің балдызы – Мәрзия да өзінің сәукелелі жібек шатырынан шығып, тыңдаған жұртты қара тырнағына дейін шымырлататын сиқырлы сазға құлақ түретін.

Мәрзия ару ескерткіштің ою-өрнек жұмыстарын жүргізетін топқа ұлы Әмірші құрметінің белгісі ретінде күнде түсте өз қолымен сусын әкеп тұратын. Шебер жігіт те, Мәрзия да бір-біріне сырттай ғашық еді.

Күндердің күнінде жұрт күтпеген оқиға болды. Мәрзия өз елінің әдеп-ибасына орай бетін сырт көздерден жасырып, жұқа ғана перде ұстайтын. Хан балдызы

сусын әкелген тұста бойын құмарлық тасқыны жеңген шебер жігіт оның бетіне ұстаған алтын пердесін жоғары түріп жібереді. Талайдың көз жауын алған сұлу мүсін жарқ ете қалды. Сырт көздер үшін қара құлдың бұл қылығы барып тұрған әдепсіздік, хан рухын басынғандық болып есептелмей ме? Көріп тұрған құл-құтандар шу ете қалады. Ал Мәрзия болса үнсіз күлімсіреген күйі, наздана басып, бұрылып жүре береді...

Айналасындағылар жігітке шүйлікті:

– Ау, басың иығыңа өкпелі ме, мұның не?

– Ертең Әмір Темір жорықтан оралады. Балдызы мына жағдайды оған айтпай тұра алмас.

– Хан қаһарына мінеді де, кімнің кінәлы, кімнің кінәсыз екенін сараптамай-ақ, басымызды алуға бұйрық береуі мүмкін...

Жігіт дір-дір етіп, түсі өзгеріп, рухы күрт құлап, бейшара күйге түсті. Өзінің мұндай бедерсіз екенін бұрын қалай байқатпай келген?

– Енді қайттік, енді қайттік?! Бір амал іздейік те! – дей берді ол.

– Түнде бәріміз ұйымдасып қашайық, – деді бірі.

Ұйымдасып қашып еді, жолдары болмады. Әмір Темірдің әскері құтқарсын ба, қуып жетіп ұстап, бәрін зынданға әкеп тастады. Ертесіне терең зынданда жатқан өзінің жігерсіз ғашығына Мәрзия ару мынандай мазмұнда хат тастады:

*“Бір күнде ашып мінезіңнің бар қырын,
Тез сөндіргің жігеріңнің жарқылын.
Ұнап еді батылдығың алғашқы,
Тырағайлап қашқаның не, жарқыным?
Жарылардай саған құштар сезімнен,
Өзімді-өзім тұсаулаушы ем төзімнен.
Өлімнен де қаймықпаған тілекті
Қалай оқи алмағансың көзімнен?
Өнерің бар қараған жұрт қанбаған,
Әнің анау аспанымда самғаған.
Құдай саған бәрін беріп, тек қана
Ерлік бермей қойғанына таңғалам.
Енді бәрі өшті, сөнді,
Далбаса,
Амал қанша, өз сенімім алдаса?!
Сені өлді деп өкінбеймін,
Әттең-ай,
Бітпей қалған мына ескерткіш болмаса.*

*Бұлақ өмір сүргенімен құрақсыз,
Сенім өмір сүре ала ма мұратсыз?
Жүрегінде ерлігі жоқ адамның
Барлығы да махаббатқа тұрақсыз".*

Айтматов. Міне, аңыздың құдіреті екеумізді бір ақиқатқа жетелеп алып келді. Жаңағы өзің айтқан жігітке жаратқан ием керемет шеберлік дарынды, сұлулықты, әншілікті берді. Тіпті үшеуі тұрмақ, осы асыл қасиеттің біреуі дарыған адам жерде қала ма!

Сын сағатта ғашық жігіттің бойынан ерлік табылмай қалып еді, оның асқан шеберлігінің де, керемет сұлулығының да, ғаламат әншілігінің де құны көк тиын боп шыға келді. Яғни, өзің айтқандай, ерлік жоқ жерде махаббат та жоқ. Кейде махаббат маған сан мың түрлі тетіктен құралған компьютер сынды елестеп кетеді. Басты жүйесінің бірі жанбаса, қалғаны түгелдей істен шығады.

Шаханов. Бірде Расул Ғамзатов екеуміз Кремльде өткен бір жиналыстан шығып, "Москва" қонақүйіне келе жаттық.

– Тәңірім-ау, осы Сіз кәдімгі Расул Ғамзатов емессіз бе? – деген әйел даусы саңқ ете түсті. Жалт қарасақ, орыстың мінсіз сұлу жас келіншегі бізге қарап, сілейіп тұр екен. Жанында кішкене баласы бар, жүзінде таңданыс пен қуаныш сезімі кезек шарпысады. Сәлден кейін сонадай жерде кезекте тұрғандарға қарап:

– Петя! – деп айқай салды. – Тез жет! Біздің кімді кездестіріп тұрғанымызды көр...

Арсалаңдап Петясы да жетіп келді. Ұзын бойлы, ашаң жүзді жігіт екен.

– Сіздің өлеңдеріңізбен мені алғаш таныстырған мына Петя, – деп, келіншек енді ғана еркін ес жиғандай, қасындағы күйеуін нұсқады. – Кездескен сайын, махаббат жайлы кереметтей сырлы, ойнақы, назды өлеңдерді оқиды. Мен мұның өзі шығарған екен, болашақта ақынның жары атанатын болдым деп, іштей марқаюшы ем. Кейін сұрасам, жатқа айтып жүргендерім – Расул Ғамзатовтың өлеңдері деп қарап тұр... Не керек, Сіз біздің тағдырымызға ерекше әсер еттіңіз. Осындай жүректі жаулаған өлеңдеріңіз болмағанда, қайдам... Сол үшін Сізге ғұмыр бақи қарыздармыз. Өзіңізді бір көрсек-ау, рақметімізді айтып, қолдан келгенше құрмет көрсетсек-ау деп армандаушы едік...

Расул аға сағатына қарай бастап еді:

– Тым болмаса екі-үш минут уақытыңызды қиыңызшы! – деп, олар екеумізді шетке алып шықты.

Сөйтті де, әйел:

- Где же ты, счастье, где светлый твой лик?
- Я на вершинах, куда не всходил ты!
- Где же ты, счастье? Вершин я достиг.
- В реках, в которых не плыл ты!
- Где ты? Я тысячу рек переплыл.
- В песнях, которые завтра ты сложишь!
- Где ты? Я песню тебе посвятил.
- Я впереди! Догони, если можешь!

Оны күйеуі жалма-жан іліп әкетіп:

Кругом говорят, я в любви тороват.
Кругом говорят, погулял я немало.
С одной, говорят, и с другой, говорят,
Грешил, говорят, добавляют: "Бывало!"
Не верь, не грешил я, грешить не умел.
С тех пор как я помню себя, дорогая,
Тебя лишь одну я любил и желал,
Хоть так и не знаю, кто ты такая.

Расул жас жұбайларға разышылығын білдіре беріп еді, сақал-мұртына көптен ұстара тимеген бір мастың келе киліккені:

– Махаббат жоқ! – деп даурығып, төсін ұрды. – Кезінде мен де сүйгенмін. Бірақ ғашығым оп-оңай сатып кетті. Махаббат деп көкитініміздің бәрі де бос былшыл.

Онымен қоймай, Расул ағаның жағасына жармасқысы кеп, қолын ербеңдетті.

Петя қарулы жігіт екен, әлгі дауасызды бір шетке оп-оңай ығыстырып жіберді.

– Рақмет! – деп жымыды келіншек қоштасарда Расулға. – Махаббат пен күнделікті күйбең, сұрықсыз тірліктің арасы бір-ақ қадам екенін айтып, арамызда жүргеніңіз үшін Сізге мәңгілік қарыздармыз!

Қонақүйге кіре бергенімізде:

– Көрдің бе, махаббаттың қарама-қарсы екі полюсімен бір жерде қатар кездестік, – деп әзілдеді Расул.

Келесі тақырыпқа өтер алдында мен Сізге балалау кезімде жазылған бір өлеңімді оқысам.

Айтматов. Құлағым сенде.

Шаханов.

Жұбайлар бар әңгімесі таусылған

"Гамбург сотына бір әйел күйеуімен ажырасатыны жайлы өтініш тапсырды. Бітімге шақырған сот мүшелеріне әйел үзілді-кесілді қарсы тұрып, мынадай уәж айтты:

– Бірге тұрмыс құрған 17 жыл ішінде жұбайымның менімен әңгімесі үш-ақ сөйлемнің төңірегінде болды. Таңертеңгі айтатыны – “Қайырлы таң!”, кешкілік жұмыстан оралған соң “Тамаққа не бар?” деп сұрайды. Ал сағат тілі түнгі 11-ді көрсеткенде, “Ұйқыға жатайық” дейді.

Сот әйелдің күйеуімен ажырасу талабын орында деп тапты”.

(Газеттен.)

*Тағдырыңды қатыгез де, сараң де,
Сен сүйгенмен, ол сүймесе – шараң не?
Махаббат ол – қос жүректің әні ғой,
Өзіне сай дауыс керек әр әнге.
Сүйіктім-ау,
Сәнсіз өмір мәнді ме?
Мәнсіз адам шырқай алмас әнді де.
Бәсеңдетпе,
Қарлықтырма даусыңды,
Бақытсыз боп қалмау үшін мәңгіге.
Сүйіктім-ау,
Әнсіз өмір мәнді ме?
Ән түзелсе, түзейміз ғой сәнді де.
Жұбайлар бар әңгімесі таусылған,
Ал махаббат – таусылмайтын әңгіме!*

Айтматов. Түсіндім!.. Осы өлеңің арқылы мені көптен ойымда жүрген әйел мен еркектің рухани теңсіздігі хақындағы бір проблемаға жетелеп алып келдің. Мысал үшін мұны балаң жігіт пен балиғатқа толған қыз жайындағы хикая дейік. Екеуі де сұлу, сүйкімді. Танысып, бір-бірінен ұқсастық тапты, тәтті сөздер мен қылықты түндерді бастан кешті. Достары қолдап, әке-шешелері де үйленеміз, шаңырақ көтереміз дегеніне қарсы тұрмады. Дүрідеп той өтті, сол тойдың екі, үш жылдығы да келіп жетті. Сүйем деген сөздің қызуы қыдырған бақ пен көшеде қалып, тұрмыс қамыты мойынға түсті. Бірте-бірте екеуінің арасында рухани алшақтық барлығы өздері тұрмақ, өзгелердің де көзіне ұрып тұрды. Бүтінге түскен бұл сынаны өмірге шырылдап келген сәби де біріктіре алмады. Өзің айтқандай, бірлесіп қозғап айтар әңгімелері таусылды. Сөз тұрмақ, бірінің жүріс-тұрысы екіншісіне түрпідей тиді. Бір дастарқанның басында қатар отырып, ас ішудің өзі мұң болды.

Осындай жағдайға тап болса, өзге жұрт не істер еді? Жігіттің бірі көзін тарс жұмып, өзінің де, жарының да қалған ғұмырын қор етпей, ажырасып тынады.

Екінші жігіт жұрттың қаңқу өсегінен, қызметі мен мансабына тиер кеселдіктен, үй-күйінен ажырап, соқа

басы қаңғып қалар жалғыздықтан қорқып, бір жағынан, балаларын аяп, өмір бойы иттей ырылдасып өтеді. Жұрт көзінше сүйгендердің рөлін ойнағанымен, іштей бірін-бірі сұмырайдай көріп, ит өмір кеше бермек.

Моральдық, адамгершілік жағынан алып қарағанда осы екеуінің қайсысы биік тұрғанын өзің де аңғарған шығарсың?

Шаханов. Шіке, тура осы оқиғаның деңгейінде мен де бір мысал келтірейін. Сырт тұлғасында мін жоқ қыз бен жігіт тағдыр қосты дейік. Ағып айлар, желіп жылдар өте шықпай ма?

Бірде екеуін жақын таныстары қонаққа шақырады.

Дастарқан басындағы топ бірде өткінші саясатқа, енді бірде кім жаңа мебель алды, қай пысық астына шетелдік машинаның қай түрін мінді деген тұрмыстық, пенделік әңгімелердің басын шатып жатты. Ақыры жас келіншектің күйеуін ортаға алысып, еркек біткен өзге бөлмеге оңашаланып карта ойнауға кетіп тынды.

Осы отырыста маңдайын әжім айғыздаған, бұрыл шашты бір еркек әлгі келіншектің назарын әлсін-әлсін өзіне бұра берген. Өйткені оның сөз саптасы өзге еркектерге қарағанда тым бөлек, өрелі. Өмірдің қыры мен сыры, адамгершілік, адалдық, хақындағы кесек-кесек ойларын өзінің рухани тәжірибиелеріне орайластыра, еркін ағытады. Шіркін, қапысыз тыңдар құлақ болса ғой...

Еркек кіндік біткен картаның қызығына беріліп, құмарлары қанғанша жер сабаласып жатыр. Әйелдер жағы "айтқаныңыз рас, солай, солай" десіп, алғашқыда бас изескенімен, әріге бармады, жеке бөлініп, үйреншікті күбір-сыбырға көшті. Жігіттің әйелі де сол топқа сіңді.

Бір қараса, диванда екеуі ғана оңаша қалған екен. Анда-санда сауал тастағаны болмаса, өзін баурап алған азаматтың лебізіне ұйып, айызы қанып, рақат бір сезімді бастан кешті. Көптен көкейінде жинақталып, шер боп қатқан, жанын қинаған сұрақтардың жауабын өз жарынан емес, өзге жаннан естіп, оған деген қызығу мен құмарту қатар бой көтергендей.

Екінші, үшінші, төртінші рет әр түрлі кездесулерде сырласулары барған сайын күрделеніп, екеуі де кереметтей рухани байыды. Бір-бірін мәңгі тыңдап өтуге бардай, біраз күн жолығыспай қалса, көңілдері қоңылтақсып, бірін-бірі жоқтап тұратынды шығарды.

"Менің жарым неге осындай емес?" деген сауал әрқайсысының кеудесінде тұрды. Екеуінің де екі-үштен бала-шағасы бар. "Құдай-ай, баяғыда неге жолықпадық

екен!" деп іштей пұшайман жеп, бармақтарын тістейді. Осы екеуінің бір-біріне деген іңкәрлік, ғашықтық сезімін кінәлай аламыз ба?

Айтматов. Сенің бұл сұрағыңа мен кезінде Жәмила образы арқылы жауап беруге тырыстым. Иә, рухани теңсіздіктен, тағдыр қосқан адамыңнан өз ойың мен сезіміңнің жалғасын таба алмаудан өткен азап жоқ.

Шаханов. Жастау кезімде бір қыздың күнделігінен мынадай жазуды оқығаным бар.

"Егер өзіңді қадір тұтқан еркек бірте-бірте саған деген ықыласын суытса, күнәның бір шеті өзіңде екенін ұмытпа!"

Шын мәніндегі әйел болу – үлкен өнер. Өнер ғана емес, жай көзге, жай талғамға шегі-шеті көріне бермес ғылым. Өзің ғашық болған, сенім артқан еркектің қайғы-қуанышын, жеңілісін, жеңісін, маңдайдағы бағы мен сорын бөлісуден бөлек те әр әйелдің жеке – жетінші түйсігімен сезінетін міндеттері бар. Ол қай міндет? Сүйе білу бар да, сүйдіре білу бар. Сыйлай білу бар да, сыйлата білу бар. Кейде әйелдер тарапынан мынадай өкпе жиі айтылады: "Мен оны жанымдай сүйем. Неге ол маған сол сезімімнің деңгейінде жауап қайырмайды?"

Әйел боп жаратылдың екен – тағдырыңа алғыс айт. Яғни сен еркектен нәзіктігіңмен, биязылығыңмен, мейірімділігіңмен, сезімталдығыңмен, кешірімділігіңмен, тіпті, оған қарағанда, әлдеқайда әлсіздігіңмен ерекшеленесің. Әрі бұл кемшілігің емес, жетістігің боп есептеледі. Еркек қауымы қашанда алғашқы жолды әйелге береді, әйелді қолдап, қорғауды өзіне жазылмаған, бірақ орындауға тиісті заң ретінде қабылдайды. Сондықтан да әйел болып, сұлу болмауға, адамзат қоғамының елегінен өткен рухани байлықты, өзің туылған халықтың салт-санасын, дәстүрін, парасатын бойға сіңірмеуге хақың жоқ. Сенің жүргенің, тұрғаның, күлгенің, әзілдегенің, ойланғаның, қуанғаның, мұңайғаның, қайғырғаның, киім киісің, жақын адамдарыңмен, елмен қарым-қатынасың – бәр-бәрісінде, тіпті шектен шыға ашуланғаныңның өзінде ұлттық, әйелдік мәдениетке тамыр жіберген сұлулық, нәзіктік жатуы шарт. Өзіңе ғашық адамның ықыласын, құрметін, сағынышын төмендетпей ұстап тұруың үшін ылғи да ізденіс үстінде жүруің қажет. Яғни шын мәніндегі әйел дәрежесіне көтерілу – айтуға ғана оңай, өйтпесе азапты шаруа. Бірақ сол азапты ізденістен ғана бақытқа бастар жол шығуы мүмкін. Өйткені әрбір іс-әрекетіңнің жаңғырығы бар. Міне, нағыз әйел болудың қиындығы.

Әйтпесе қыздың киімін киіп, сырғасын, түрлі әшекейін тағынып, терең тамырлы тіршіліктің мән-мазмұнына, ең әрісі қарапайым әйел табиғатының кейбір көзге ұрып тұрған ерекшеліктеріне бас ауыртқысы келмейтіндер аз ба? Тіпті, бала-шағалы болуға да пәлендей ақыл керек емес. Өзінен гөрі өзгені кінәлауға бейім тұратындар, әдетте, осы тектес төмен етектерінің ішінен шығады.

Бірақ, құдайға шүкір, ұлы әйелдер бар. Олардың көпшілігі, өкінішке қарай, алтын мен мысты ажырата білмейтіндерге тап боп жатады.

Бірде екеуара әңгіме үстінде Евгений Евтушенконың маған: – Мұхтар, меніңше, әйелдер еркектерге қарағанда махаббатқа әлдеқайда тұрақтылау. Олар шындап сүйме-сінде, сүйсе бітті, дүние төңкеріліп кетсе де, ештеңенің бет-жүзіне қарамайды. Ал біздер – еркектер өмір сүрген ортамыздың көзқарасына көбірек жалтақтаймыз, ойланамыз, қоғамның аңдысын аңдимыз. Қайтсе де үлкен махаббатқа деген адалдық, әрине, проценттік жағынан алар болсақ, нәзік жыныстарда басым, – деп сыр айтқаны бар-ды.

Айтматов. Оның бұл пікіріне мен де қосыламын.

Шаханов. Ендеше, мен де жоғарыда айтқан ойымды өлеңмен дәлелдеуге тырысайын:

Эверестке шығу

Қадалған көз таларлық,

Жігер отын жанар ғып,

Эверестке шыққандардың тізімі

Саусақпенен санарлық.

Махаббат та шың сияқты:

Күн жақындап қасына,

Бұлт қонатын тасына,

Қыран тектес жандар ғана шыға алатын басына...

Бәрі бітті.

Құлайды арман дауыл жыққан қайыңша,

Ел күлмей ме, ессіз үрей ықпалына бой ұрса?!

Өзін-өзі өлтіруге тиісті еді Транзей

Сол кездегі әміршінің қатал заңы бойынша.

"Мені айналып өте алмайтын кезеңге тап болдың ба?"

Дегендей-ақ жарқ-жұрқ етіп қанжар жатты алдында.

"Қайсар Рим заңы солай,

Көзіңді енді құрт, батыр!" –

Деген сөзді оймен айтып, біраз адам сыртта тұр.

Бөлме дел-сал.

Жүріп жатыр өмір, өлім таласы,

Ал қанжарға қол бармайды,
 Бұл азапқа қарашы.
 Гүлзар тірлік қимастықпен жымығанда қиылып,
 Ең бастапқы қатқыл ойы бірте-бірте сұйылып,
 Дір-дір етіп, дегбірі ұшып, қалшылдады бейшара,
 Намысына тірек етер ерлік таппай күйініп.
 Осы сәтте кіріп келді Аррия,
 Ақша қардай аппақ көйлек киініп,
 Жанарынан жан тербетер назды сәуле құйылып.
 Асқақ ұстап, сұңғақ бойын сымбатты,
 Транзейге әйел былай тіл қатты:
 "Құдай саған еркек деген ат берді,
 Дәулет берді,
 Атақ берді,
 Бақ берді.
 Шараң қанша, енді соның бәрімен
 Қоштасатын шақ келді.
 Кимекпісің қорқақ атын ноқта ғып,
 Қалсын десең еркек атың сақталып,
 Есіңді жи, айнама менің, есіңді жи, қамықпа,
 Ел мазағын көтеруден өлім ауыр болып па?
 Илан маған,
 тіпті түк те қиындығы жоқ мұның,
 Батыл ұста қанжарыңды,
 батыл ұста, шоқтығым!
 Ездік мінез сынға түспей қойсын қайдан байқала,
 Қиындықсыз келген бақыт кетер кезін айта ма?!
 Бұл ерлігің болсын сенің ең алғашқы, ең соңғы,
 Кәне, менің қимылымды қайтала".
 Аррия ару Транзейге ойлы көзін ойната,
 Жүзін гүлдей жайната,
 Күле қарап тұрдыдағы, қанжарын
 Жүрегіне сұғып қалды бойлата...

Шулы, дулы пікір тастап артында,
 Бір-біріне қол созысқан қалпында,
 Біраздан соң екі бейне жатты үнсіз.
 Кемітпеген тіпті қорқақ күйеуінің нарқын да
 Ұлылық бар сол әйелдің даңқында...
 Бірақ мақтау қажет те емес алтынға.

Айтматов. Стендаль: "Мына тіршілікте өз махаббаты үшін күрескен әйелдің беріктігінен ұлы не бар?" – демеу-ші ме еді? Өзің айтқандай, алтынды мақтаудың қажеттігі бола қоймас.

Махаббаттың басты тұғыры – тұрақтылық десек, оны өткен ғасырларда әр ұлт пен ұлыс өз түсінігі мен наным-ның, діни сенімінің деңгейінде бағалаған. Бағзы дәуірлерден қалған жылнамалар мен тас, қағаз бетіне салынған гравюралардан, қара жер қойнынан табылған саркофагтерден ері өлген жесірлердің өз еріктерімен отқа өртеніп, махаббат құрбандығына айналғанын көреміз.

Тас ғасырының мұндай жан түршігерлік салты жер шарының қай ендігінде де болған. Мәселен, Қытайдың Гайнан аралының тұрғындары қайтыс болған ер-азаматтың үстін жібекпен немесе жылқы, сиыр, қой терілерімен бүркеп, жанына әйелін тірідей таңып, астынан от қойған. О дүниеге жұбайлар бірге қадам басса, жер бетіндегі бақытты тірлігі сол қалпы жалғасады деп сенген.

Мұндай таңғаларлық фактілерді Геродоттың және басқа да көне ғасырлық тарихшылардың жазбаларынан жиі кезіктіреміз.

Көп әйелі бар еркек өлсе, күйеуімен бірге о дүние есігін сүйікті әйелі ашу керек деген ұғым салтанат құрған. Сол үшін де жесірлерінің арасында бір-бірімен бет жыртысуға дейін барған дау-жанжал басталады екен. Өлген адамның достары марқұм тірлігінде қай әйелін қандай дәрежеде сүйіп, құрметтегенін дереу сарапқа сала қояды. Ақыры, таңдау бір әйеліне түседі. Ол әйелдің қуанышы қойнына симай, зор мақтанышқа кенеледі. Сол сәтте әлгі әйелді жақын туысқанының бірі өлтіріп, күйеуінің жанына жерлейді. Өзге тірі қалған жесірлер қызғаныштан іштері күйіп, пұшайман халге түседі. Өйткені оларға күйеуінің соңында тірі қалудан асқан қорлық жоқ болып саналған.

Ежелде Жаңа Зеландия тұрғындарының көсемі қайтыс болса, жиналған ел-жұрт бәйбішесінің қолына арқан ұстатады екен. Ол міндетті түрде орманға барып, өз еркімен асылып өлуге тиіс. Бұл оның махаббатқа деген адалдығын көрсетеді.

Осы тәрізді түсінік пен "ғашықтығын дәлелдеу" салты ертедегі скифтерде, гректер мен литвалықтарда да кеңінен өріс алғанын білеміз.

Ал Сүлеймен аралында тұратын тайпа басшысы көз жұма қалса, қарамағындағы халық оның әйелін тұншықтырып өлтірген. Сонымен қатар басшының жақын тұтқан ағайындары, қызметшілері жедел түрде улы өсімдіктің сөлін ішіп, есеңгіреп, басшы моласының жанына барып, асылған. Өйткені ел ардақтаған сыйлы

адамды о дүниеге жалғыз жіберуге болмайды деген түсінік үстем түсіп отырған.

Тіпті кейбір тайпаның бойжеткендері болашақ күйеулері өле қалса, әзір тұрсын деп, тұрмысқа шықпас бұрын мойнына жіп орап жүрген. Ал Фиджи аралындағы сомо-сомо тайпасының атақты қолбасшысы Рамбити теңіз апатына ұшырап, суға кеткенде, соңында қалған он жеті жесірі түгелдей өлтірілген. Намен елді мекенінде біреудің сексен әйелі бірдей құрбандыққа шалынып, айнала қызыл қанға бөккенін жылнама беттері айғақтайды.

Шаханов. Бұл арада, сірә, махаббаттан гөрі, мистикалық консерватизм мен жандүниенің көрсоқырлығы жайында айтқан жөн шығар, әрі өзі – жан шошырлық нәрсе ғой. Ертеде Африка тайпаларында көсемі, не көсемінің сүйікті әйелі өлсе, қызметші құлдарын да қоса көметін дәстүр болған. Құрбандыққа бас тіккен олар мұны өзіміздің қасиетті парызымыз деп білген. Осындай бір жабайы салт орындалар кезде қапияда жолыққан еуропалықтар өлгелі тұрған құлдарға араша түседі. Сонда құлдар: “Көсемімізді о дүниеде кім күтіп-бағады?” – деп, ақ адамдарға наразылық білдіріпті.

Үндістанның найар атты көне тайпасының жұбайлық өмірі өзгелерден тіптен бөлек. Жігіт үйленгенмен, жұбайымен бір шаңырақ астында тұрмайды. Күйеу өз отбасында, әйелі де сол сияқты әке-шешесімен бір үйде тұра береді. Күйеуімен жолығысар сәтті зарыға тосқан әйелі жыл сайын бірнеше күнге ғана балаларын ертіп келіп, ер-азаматының қасында болып қайтуға еркі бар. Ал жиі кездесуге тайпаның дәстүрі, салты жол бермейді. Тіпті бұл масқарашылық болып есептелінеді. Және жұбайлар өмір бойы бір-біріне материалдық жағынан жауапкершілік жүктемейді. Әркімнің күнкөрісі өзінде. Бір қызығы, тайпада айырылысу деген өте сирек кездесетін құбылыс екен. Бәлкім, бұл ұзақ жылдар бір шаңырақтың астында тұрып, жұбайлық өмірдің күнгейлі-көлеңкелі шақтарын бастарынан жиі кешпегеннің әсері шығар.

Сол сияқты даяктардың үйленуі мен ажырасуы да өзгелерден ерекше. Бұл халықтың өмірін жете зерттеген Пьер Пфеффер былай деп жазады: “Мұнда еркектермен қатар әйелдер де ажырасамын деп талап қоюға ерікті. Бұл даяктар өмірінде ешқандай драма туғызбайды”.

Бір таңғаларлығы, ерінен айырылысқан әйел екінші мәрте тұрмыс құрса, алғашқы күйеуі олардың құрметті қонағына, тіпті әйелдің кейінгі жарының досына, туған ағасына айналатын көрінеді.

Міне, шуда жіптей шатасқан әр түрлі наным, түсініктің төңірегінде қаншама ұлт пен ұлыстың жұбайлық, ғұмыры, азапты махаббаты жасырынып жатыр!

Айтматов. Махаббат ұғымы бір текті десек те, әркім оған өз түсінігі, өз көзқарасы арқылы миллион тарау жолмен келеді. Бірақ адам баласы, негізінен, өшіп-жанба, ұсақ құмарлықтың барлығын махаббатпен шатыстырып, жиі қателесіп жатады. Керек десең, шындап сүйе білу – шексіз төзім мен сенім жібіне қатар байланған азапты шаруа. Және бұл сезімнің ұлылығы сол азаптан ләззат алуында жатқанын ұмытпауымыз керек.

Жан дүниесі бай, парасатты екі адамның миллиондаған халықтың арасынан бір-бірін жаңылыспай тауып, үйленуі сондықтан да аса сирек құбылыс. Ал сүйгеніне адал болып қалу да кез келген адамның қолынан келе бермес асыл қасиеттің бірі. Таза сүйіспеншілік сезімі тудырған небір ұлы қасиеттерді, көзсіз ерліктерді, жанкешті оқиғаларды жинақтап, күллі әлемдік деңгейде “Махаббат энциклопедиясын” құрастыруды ұсынар едім.

Шаханов. Адам баласы ылғи да ақылсыздығынан бақытсыз атанбайды. Егер жұбайлық өмірде ақылды адам бақытты болса, Сократ пен Лев Толстой бақытты болар еді.

Қайбір жылы Мәскеуде өткен поэзия кешіміде оқырмандардың қойған сұрақтарына жауап бере келіп: “Осы 10 миллион тұрғыны бар Мәскеу қаласында бір-бірін рухани байытқан, сезімі мен биік парасаты, жан тазалығы қапысыз ұйқасқан 1000 жұп жұбай табылса, үлкен жетістік”, – деп едім. Кейіннен “сол жолы қызды-қыздымен көбірек айтып жіберіппін-ау” деп ойлағанмын. Ал шын махаббат ілуде бір, зарықтырып жолығатын жан тебіренерлік оқиға екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық.

Қалың көпшілікті ылғи да құлай сүйуге қабілеті барлар, не қабілеті жоқтар деп екіге бөлгім келіп тұрады.

Моғол үрім-бұтағынан тараған Үндістанның атақты билеушісі Жаһан шах ғашық жары Мұмтаз қапияда қаза болғанда, көшкен елдің жұртындай боп қалған қаралы көңіліне алтын мен күміс те, өзгелерді иілтп-бүгілткен лауазым да, белі бұралып, мықыны билеген үндінің қарақат көз сұлулары да медет бола алмайды. Бар аңсары Мұмтазға жер үстінде жоқ ескерткіш тұрғызуға ауады. Құлай сүйген сыңарынан айырылған көңілге сол ғана сүйеніш болмақ. Шахтың 19 жыл бірге отасып, тоғыз бала көрген сүйіктісіне арнап соқтырған ескерткіші Тәж-Махал (XVII ғ.) әлемнің жеті кереметінің

біріне айналып, өзінің тіл жеткізгісіз сұлулығымен көрген жанның көзін арбаған күйі көгілдір аспан астында әлі күнге әміршінің асқақ махаббатын жырлап тұр. Демек, махаббаттың нақты формуласы жоқ болса да, жер бетінде оған қойылған ескерткіш көп.

Айтматов. Ұмытпасам, 70-жылдардың аяқ шенінде болар, Мариям жеңгең екеуміз "Москва" қонақ үйіне тоқтағанбыз. Сол түні сен біздің бөлмемізге келіп, қазақ сазгері Естайдың ұлы махаббаты туралы арынды жыр оқығансың. Біздің дәл қазіргі әңгімеміздің тақырыбын сол өлең арқылы кеңітуге болар еді.

Шаханов. Ол жыр "Ғашықтық ғаламаты" деп аталады. Оқиын.

Атақты "Қорлан" әнінің авторы Естай ақын 72-ге келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып жан досы Нұрлыбекті іздепті. Екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан, арбаға жамбастай жатып, досына жеткен екен. Сонда Естай сұқ саусағындағы әбден жұқарып, тозуға айналған жүзігін көрсетіп: "Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты ғасыр қолымнан тастамай келгенімді білесің. Ендеше қалған ғасырларда да саусағымда жарқырап жатсын... Ұлы сезімін кішкене жүзігіне сыйдырған қайран Қорланым-ай!" – деп ағыл-тегіл жылапты.

Бірде Евгений Евтушенковның үйінде шетелдік достармен болған бас қосуда мен осы оқиғаны әңгімеледім. Кенет итальян мүсіншісі орнынан тұрды да: "Мұнда сүйгеніне қосыла алмаған Естай ақынның сағынышы мен зары ғана емес, бүкіл бір ұлттың махаббатқа деген мінезі мен ерлігі жатыр екен. Осы Естай мен Қорланды туған халықтың денсаулығы үшін тост көтеруді ұсынамын", – деді.

Сол сәтте төбем көкке екі-ақ елі жетпей тұрды.

Қартаң әйел жұмысыма іздеп келіп, жылады:

"Жалғыз қызым бар еді, айнама,

тірлігімнің шынары.

Еркелеттім,

Өмірімді желкен еттім жолына.

Тек сол гүлдеп, толыссын деп,

Тек сол кісін, сол ішсін деп,

Ештеңені аяғам жоқ, бәрін бердім қолына.

Қызым сұлу бой түзеді, ой түзеді жайдары,

Ой түзеді, көз жауын ап қызғаладақтай майдағы,

Алды болды құрбысының бірге өскен.

Үмітіме бақ пен қайғы қалай қатар мінгескен?

Бекер,

Бекер жіберіліп еркіне,

Ерте түсіп қалды-ау, сірә, албырт сезім өртіне.

Бақытты едім,

Бақытты едім мен қандай,

Жазылмаған заңдар аз ба өмірде?
 Күдіс пейіл кедергіден қайтқанымен меселі,
 Ғашық жүрек өз тағдырын өзі ғана шешеді.
 Жыға алмайды оны жұрттың өсегі.
 Бұған дәлел – құдіретті "Қорлан" әні кешегі.
 Қасіретті сәт соққанда, әбден меңдеп кеселі,
 Қайран Естай қимас досын шақырып,
 Былай депті деседі:
 – "Ей, Нұрлыбек, еренім!
 Жетпіс екі жасымда
 Тұзағына іліндірді мені өлім.
 Тулағанмен амал нешік, көнемін.
 Тіршілікте аз созбап ең қол ұшын,
 Өлген соң да қажет боп тұр көмегің.
 Дәл өзіңдей қайдан ұқсын қайғымды ел,
 Ғашық көңіл – мәңгі жасыл айдын көл.
 Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,
 Ал қалғаны – жай күндер.
 Көлмен көлдей,

таумен таудай теңдесе,

Белдесуге талап қылдым мен неше.
 Елу бір жыл ғашық болдым Қорланға,
 Елу бір жыл өмір сүргім ендеше.
 Қорланды ойлап, қиял қостым таңдарға,
 Қорланды ойлап, шықтым қанша заңғарға.
 Сіре, мендей ғашықтықтан бақ тауып,
 Сіре, мендей мұңға батқан жан бар ма?
 Дүниенің өзге бақыт, шаттығын
 Менсінбеген
 Менің мұңым – тәтті мұң.
 Тәтті емей не?
 Он сезгізге ой салып,
 Жиырма бесті таңдандырса қарттығым?!
 Әттең, тағдыр қоса алмадым,
 Сорым ба?
 Заман – жылан
 Жатып алды-ау жолымда.
 Бірақ менің бақытым да,
барым да:
 Қорлан берген алтын жүзік жарқырап,
 Елу бір жыл сәуле шашты қолымда.
 Өр толқынға қарсы жүзген өр кеме
 Мен болыппын.
 Оһо, қандай мәртебе!
 Бұл жүзікке елу бір жыл әйелім

Қызғанышпен қарап келді өртене.
 Десе-дағы ел дәстүрі – ерге сын,
 Қарттарға ескерт,
 Қарсыласа көрмесін.
 Қорланымның көзі болған жүзікті,
 Өтінемін,
 Өзіммен бір жерлесін!
 Серт пен сөзге ұмытшақтау өлкеде
 Ғашық болып өлу қандай мәртебе!
 Тірлігіме шабыт берген бұл жүзік
 Жарық беріп жатсын маған көрге де!"
 Шаршатпаған арман шіркін, арман ба?

.....
 Әне, солай қайсар ақын көз жұмды.

Бұл туралы айтқан кезде Қорланға:
 "Егер олай етпесе,
 Естай Естай бола ма?!
 Естай Естай бола ма?!
 Онсыздағы жаны сұлу балаңа
 Сұлу өлім сыйлапсың-ау, Жер-ана!" -
 Дем жылапты кемпір байғұс еңкілдеп,
 Ақ жаулығы ай нұрымен желкілдеп.
 Нағыз ғашық қарттығыңа көнер ме?!
 Қорлан өзі кейінірек қылтамақтан өлерде,
 Әжімді жүзі қуарып, түнеріп,
 Күйеуін сыртқа шығарып жіберіп,
 Ақпалап, қозып делебесі де,
 Бойжетіп қалған немересіне
 Естайдың әнін салдырып,
 Жанарын шоқтай жандырып:
 "Бақыттымын, бақыттымын", – депті де,
 Көз жұмыпты мәңгілік.
 Ғашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды

жазалы.

Адам азса ғашықтықтың жоқтығынан азады.
 Ғашық жыры – тіршіліктің көкейтесті өлеңі.
 Ешбір геометриямен
 Өлшенбейтін көлемі.
 Бұл сезімнің ұшан-теңіз адамзатқа берері.
 Ғашық болу келсе кімнің қолынан
 Әлем соған сенеді.
 Құлай сүйю – ерлікпен тең себебі!
 Апатай-ау,
 Онда неге итереміз ғашықтарды қақпанға?

Көңілінің күні жоқтардан,
 Табанының бүрі жоқтардан
 Жұрт онсыз да зардап шегіп жатқанда.
 Апатай-ау,
 "Қызым батты күнәға," –
 Деп қамығып жылама,
 Жанарыңды қасіретке бұлама.
 Мүмкін, жолы сәтсіз шығар...
 Бірақ сүю бақыты
 Кез келгенге тартылмайтын сыбаға.
 Апатай-ау,
 Сеніміңді жасытпа,
 Қашықтықты жеңе білу – мықтылық,
 Нағыз бақыт – жақында емес, қашықта.
 Кел, ендеше, орнымыздан тік тұрып,
 Тост айтайық
 Қашық, қиын жол таңдаған ғашыққа:
 Аспаны ашық болсын деп,
 Сәулесін алысқа шашып қалсын деп,
 Өлім де бөле алмас ғашық болсын деп,
 Адамдар оларды соттауға
 Асықласын деп!

Айтматов. Бозбала шағымда оқысам да, есімде қалып қойған екі-үш оқиғаға назарыңды аударайын. Ұлы ойшыл Иеремия Бентамның ғашықтық хикаясы мен тұрақтылығы – өз алдына басы бүтін жыр. Ол жас шағында бір көрікті бойжеткенге өлердей ғашық боп, сөз айтады. Өкінішке орай, ол тілегі қарсылыққа жолығады. Уақытқа үстемдік жүре ме, Бентам да қартайып, ақыры сүр бойдақ қалпы алпысқа толады. Сонда да болса жас кездегі сүйіктісіне хат жолдап, өзінің оған деген сезімі суымағандығын білдіріпті. Кексе тартып қалған әйел тағы да оның ұсынған қолын кері қағады.

Ұлы тұлғаның әлгі әйелге деген сүйіспеншілігі сондай, ол жайлы айтқанда, толқымай, тебіренбей, тіпті көзіне жас алмай сөйлемейді екен.

Бентам сексеннің сеңгіріне шыққан шағында ғашығына ақырғы рет сәлем жолдап: "Мен әлі тірімін, аяулымы. Он алты жасымда өзіңе гүл сыйлаған сәтте қандай сезімде болсам, қазір де сол қалпым, көңілім еш суыған жоқ. Сені сүюмен өткен тағдырыма шексіз разымын, қош!" – депті.

Ағылшынның даңқты әскер басшысы, қызулы, мұнлы әрі тұрақты махаббат иесі герцог Валлингтон талай бозба-

ланың арманына айналған Катерина есімді сұлумен танысып, тәтті де тату күндерді бастан кешеді. Екі ғашық үйленуге сөз байласады. Бірақ қыз әкесі дәулетті де өр көкірек Лонгфорд қос жүректің бұл шешіміне үзілді-кесілді қарсы шыққан. Артынша Валлингтон әскери қызмет бабымен Үндістанға сапар шегеді. Катерина сұлу болса ғашығын өмір бойы күтуге әзір екенін мәлімдеп қала береді.

Валлингтон араға тоғыз жыл салып қайтып оралғанда, күндіз есінен, түнде түсінен кетпей сағындырған Катеринасын тіптен танымай қалған. Шешек дертіне шалдыққан қыздың әдемі жүзі шұрқ тесік, адам шошырлық еді. Катерина көз жасына тұншыға отырып, сүйген жігітіне рұқсат береді. Алайда Валлингтон өз уәдесінен таймай, ұлан-асыр той жасап, некелерін қидырған...

Меніңше, осы екі оқиғаға ешбір түсініктеменің керегі жоқ.

Шаханов. Біздің ғасырымыздың 50–60-жылдары Батыс Еуропадан бастау алған "сексуалдық революция" деген сүйкімсіз термин дүние жүзіне қанатын кең жайып келеді. Бұл – адам бойындағы ұят атты қасиетті сезімді тұншықтырып өлтіретін, құр дене құмарлығын өрістетуге өлшеусіз мүмкіндік беретін және онысын биік өркениетпен озық мәдениеттің үлгісі ретінде бүркемелеп көрсететін замана тудырған қатерлі дерт.

Рас, ғалымдардың айтуынша, адам өз организмі мен психологиясын бір қалыпты деңгейде ұстап тұру үшін, ең басты үш қажеттікке жолығады екен. Біріншісі – тамақтану, екіншісі – ұйқы мен көтеріңкі көңілкүй, үшіншісі – сүйіспеншілік яки жыныстық қатынас.

Адам тамақтан айырылса, өмір сүру қабілетін жоғалтады.

Ұйқы ләззәтін алмаса, көңілкүйі келіспесе, психологиялық дертке душар болады. Ал сүйіспеншілік пен жыныстық қатынаста сәтсіздікке кезіксе, адамның мінез-құлығы өзгереді. Өз ортасына деген көзқарасы сұлық тартады, жұмыс қабілеті төмендейді, кейде жүйке ауруына ұшырайды. Демек, сүйіспеншілікті ерте дүние данышпандары адамның өмір сүруге деген құштарлығын арттыратын, шексіз мөлшерде қуат, күш сыйлайтын "тірліктің ең басты дәрі-дәрмегі" деп білген. Бірақ ол сезім мен ұяттан және жер шарын азып-тозудан аман сақтап келе жатқан адамгершілік, рухани парасаттан іргесін аулақ салмауы керек.

Жер бетінде адам баласы алуан тілде сөйлегенімен, бір тілде қуанып, бір тілде қайғырып, бір тілде ғашығы-

на махаббат сезімін білдіреді. Яғни бұл салада барлық адамға тән бір бағыт, бағдар, мақсат бар деген сөз. Бәлкім, өмір сүру ерекшелігіне орай, сәл-пәл ауыт-қушылық кездеспей тұрмас. Ұмытпасам, Амазонка бойын мекендеген бір тайпада ғой деймін, адамдардың бір-біріне қарсы қарап отырып тамақ ішуі өте ұят іс боп саналады екен. Одан өзге не істесең де, ұят емес. Мүмкін, "сексуалдық революция" көсемдері өз идеясын сол тайпадан алған шығар. Қалай десек те, адам баласының өмірінен ұятты қуып шығуға талпынуы, әрі бұл індеттің көптеген елдерде айтарлықтай салтанат құруы – біздің ғасырдың ірі қателігі.

Қазір ғалымдар арасында екі ұдай пікір бар. Олардың бір тобы жер бетінде аңызға айналған ұлы махаббат сезімдерінің дәурені келмеске кетті деп мұңайса, екінші тобы, жоқ, бұл – уақытша құбылыс, адамзат өзінің негізгі қуат көзі – махаббат арнасына қайта оралады деп сендіреді.

Осы әңгіменің жалғасы ретінде Сізге орыс тілінде бір өлең оқиын.

Заблудившиеся глаза

*Каждый раз свою любимую
Превознося до небес,
Поэт твердил слова такие:
"Нет в этом мире женщины
Красивее,*

пленительнее

и лучезарнее,

*Чем девушка, которую
Люблю!*

*Несравненна
и неповторима она".*

*Заинтригованный стихами,
Властитель жаждал взглянуть
На "несравненную" красавицу.*

*Но перед царем стояла
Обыкновенная хрупкая девушка,*

Ничем не выделявшаяся,

Ничем не отличавшаяся

От простых служанок

И даже кухарок,

Топчущихся днями и ночами

Возле дворцового котла.

И они выглядели пригожее
Намного, чем она.
Изумленный и пораженный царь
Потребовал к себе певца:
"И это ты называешь красотой?!
Хотя ты и прославленный поэт,
Изысканности в твоём вкусе нет".

На это гордый прозвучал ответ:
"Не обижайтесь, милостивый государь,
Вы и всесильны, и всемогущи,
Но все же есть великое чувство,
Которое неподвластно Вам.
Взгляните на эту девушку,
На её необыкновенную душу,
Сотканную из благородной чести,
Моими –
И только моими глазами.
Иначе никогда не поймете
Многоликого закона любви
И бедного влюбленного –
Меня!".

И через тысячу лет
Обуреваемый разными страстями,
Слегка измученный
От потери крови,
Собственной совести и чести,
Иногда бессердечный,
Почти безнравственный,
Но технически гениальный,
И как черная ночь,
С темными очками
В облике гордого мужчины
Навстречу нам
Смело шагает
Всесильный и всемогущий
XXI век.
О боже, что стало с ним?
Как будто глаз его
На месте нет.
Говорят, они опустились
Ниже пояса его,
А возможно, и в тугой карман.

Поэт из далекого столетия,
 Чтобы осознать
 И оценить любовь,
 Предлагает смотреть
 В глаза человеку.
 Как теперь быть?
 И куда нам смотреть?

.....
 Не знаю, и это страшно.
 Повернуть нельзя,
 Но хочется назад.
 В душе тревожная гроза...
 Жалко дочку мою,
 Если не вернет XXI век
 На место свои глаза.

Айтматов. Иә, ХХ ғасыр адамзатты екі бірдей дүниежүзілік соғыс пен қилы-қилы қан төгістерге, ядролық зардаптар мен жер сілкіністеріне, ғарышты бағындыру мен ғылыми-техникалық шарықтауларға куә ғып қана қойған жоқ, сонымен қатар сан мың жылдар ұрпақтар елегінен өтіп, сұрыпталған рухани байлықтың, ең бастысы, адамгершілік қасиеттердің құлдырауына, тіршілікті азып-тозудан, тоқыраудан аман сақтап келе жатқан ұлы махаббат сезімінің жадағайлануына, жойқын, бейәдеп қылықтардың мазағына айналып, әлсіреуіне жол берді. Меніңше, бұл – адамзат қоғамына ядролық соғыстан кейінгі аса қауіпті қатер.

Ал енді "Бесінші еркек" атты жырыңды оқығаның оң болар. Сенің бұл шығармаң кезінде маған ерекше әсер еткен. Сонымен бүгінгі әңгімеміздің соңына да жақындармыз.

Шаханов.

Намыс туы желбіреген өрінде,
 Дүниеге келтірген сан алыпты
 Отырарда –
 Менің туған жерімде
 Мынадай бір асқақ аңыз қалыпты:
 Жігерімен жіберердей тасты үтіп,
 Өнер, ойы тармақты,
 Адал, жайсаң жас жігіт
 Ел ырысын шашып өткен,
 Тосын келген қасіреттен
 Жанын салып туған жерін қорғалты.

Ал табиғат – Ұлы Ана
 Ұланына тіл қатыпты қуана:
 – Бұдан да үстем болу үшін мерейің,
 Ұлым, саған үш байлықты нысана етіп көрейін.
 Нысап керек дәулетке де, баққа да,
 Бірін таңда тек қана:
 Әр сөзінде от тұратын,
 Елге таңдай қақтыратын,
 Фажабы да,
 Азабы да орасан
 Жұрттан асқан АҚЫЛ берем – қаласаң?
 Қызығушың көбейетін шашыңнан,
 Көрген адам кете алмайтын қасыңнан,
 Қызғаныш та тудыратын орасан
 Жұрттан асқан КӨРІК берем – қаласаң?
 Ұмыттырып дүниенің тарлығын,
 Кілең игі жақсылардың барлығын
 Жинайтұғын дастарқанның басына,
 Тіпті, қасы айналатын досына,
 Қанаттығы, өнегесі орасан
 ЖОМАРТ мінез ұсынайын – қаласаң?
 Сонда жігіт былай депті:
 – О, құдірет мекенім,
 Бұл ғаламат сыйлығыңды қалай өтер екенмін?!
 Арнасынан тасып шығып, құйылатын сайларға,
 Сөйтіп, жұртты қалдыратын әрі-сәрі ойларға,
 Ерке және қызба тілмен сөйлеген
 Қайсар, тентек көктемгі өзен секілдімін кейде мен.
 Жүрдек дәуір иығыма ауыр жүгін артады,
 Дарқандығым,
 Бейқамдығым,
 Осалдығым бар тағы.
 Өзіме-өзім жұмбақ жанмын,
 Бір күн сөзсіз от басам,
 Сеніммен
 Һәм
 Кешіріммен қарайтын көз таппасам.
 Қайда ол көз?
 Қанша үміттің жалын босқа қармадым,
 Жігер-ойым,
 Тәнім,
 Қаным,
 Шығындалсын бар малым,
 Өзің айтқан үш байлықты кеудесіне жинаған
 Бір адал жар жолықтырсаң – болмас еді арманым!...

Кәне, кімнің бақ жұлдызы туар екен оңынан!
 Сол ер жігіт арман еткен асыл жардың соңынан
 Сан мың еркек әлі қуып келеді...
 БІРЕУІНІҢ мүмкіндігі әлдеқайда көп еді,
 Жомарт, адал, әрі жарқын жігіт еді өрелі,
 Бірақ оны жігерсіздік бөгеді.
 ЕКІНШІНІ шыдамсыздық адастырды жолынан,
 Сосын қайтсін, ұстай салды басқа әйелдің қолынан.
 ҮШІНШІ еркек қайратты еді жалын шашқан жанардан,
 Қара күшке көп сенгеннен нәзіктігі жоғалған.
 Шын бінайы сұлулықтың түп тамыры саналған
 Жер бетінде нәзіктікті аман сақтау – зор арман.
 Нәзіктігін жойған адам
 Қыстағы
 Терекке ұқсас жапырағы тоналған.
 ТӨРТІНШІ еркек қажет шақта тәуекелге бармады,
 Жарты жолға жеткен кезде сөніп қалды арманы,
 Қазір қайсар тағдырына қарсылықсыз көнеді.
 Тек БЕСІНШІ еркек қуып жетеріне сенеді.

Ауық-ауық берілгенмен уайымға,
 Өжет сенім айналмағай ойынға.
 ...Сол бесінші – ең бақытты еркектің
 Армандаймын болсам-ау деп тойында.

Айтматов. Иә, бесінші еркек атану бақыты маңдайы жарқыраған қай жігіттің пешенесіне жазылды екен? Осы арманды жер жаралғалы бері бірінің орынын бірі ауыстырған сансыз миллион адам әлі күнге қуып келе жатыр емес пе? Өзіне мінез-көркі, рухы сай адал жар табу қашан да ер жігіттің басты арманы болып келді және бола да бермек.

Шындап сүйе білу – қашан да зор талант. Күнделікті жай тұрмыста дарынсыз, жігерсіз, тайғанақ әрі тұзсыз көжедей татымсыз адамдар қандай көп болса, сүйе де сондай көп. Сезім мен сенім Эвересінің құзар шыңына ілуде ғана бір адамның көтерілетіні де содан. Адам Ата мен Хауа Анадан бастап бірде қуантып, бірде жылатып, бірде үміттендіріп, бірде түңіліп келе жатқан махаббат атты құдіретті күшке ешкім ұстаздық ете алмаса керек. Әр адамның өз көзімен ғана көріп, өз тағдырымен ғана түсінуі мойындалатын бұл қасиетті сезімнің төңірегінде біз де әйелдер проблемасы хақында немесе өміріміздің қилы-қилы шақтарында жолыққан арулар жайында өз көзқарасымыз бен талғамымыздың деңгейінде сыр шерттік.

Кейде ауызекі әңгімеде көп ойлардың қолға ұстатпай да кететіні бар...

"Достық жоғалған жерде – қоғам, махаббат жоғалған жерде ұрпақ азады" депті Мұхаммед пайғамбар. Ұлағатты пікір!

Өркештеніп, жалданып, буырқанып, долданып келіп жағалаудағы жартасқа соққан соң, жай момақан қалыпқа түсетін желді күнгі теңіздің толқындарындай қаншама жылдарымыз жуасып, жалын, қуаты басылып, қайырылмасқа кетіпті.

Соңымыздан өз кемелерін өмір-теңіздің асау толқындарына қарсы салып, мүлде жаңа, асау, қанатты ұрпақ келеді. Ылайымда бізге биік көрінген шыңдар оларға аласа болғай, тұманды, күмәнді, бұлыңғыр шақтарда біз соғылған жартастардан олардың кемесі аман өткей, біз жете алмаған арманға солар жеткей деп тілейік!

МАЗМҰНЫ

Шыңғыс Айтматов. Сырласу қуанышы

– 3 –

Төрт ана немесе
Туған жерге табан тіреу

– 5 –

Жомарт шуақты жұлдыздар
немесе Бір уыс топырақ

– 51 –

Ғасырлар тасасындағы қылмыс
немесе Маркиз де Сад, Дөненбай
және қос тісті Африка балығының уы

– 109 –

Билік пен рухани байлық немесе
осы екі қарудың патшалар, хандар, корольдер
және президенттер тағдырындағы көрінісі

– 131 –

Ағасқан аққудың мұңы немесе
Медуза құпиясы


– 209 –

Құмырадан шыққан бассүйек
немесе Түркі тарихына көзқарас

– 227 –

Біздің өміріміздегі әйелдер немесе
Арулар хақында өткен екеуара поэзия кеші

– 295 –



Художественно – публицистическое издание

**Чингиз Айтматов
Мухтар Шаханов**

ПЛАЧ ОХОТНИКА НАД ПРОПАСТЬЮ
(Исповедь на исходе века)
(на казахском языке)

Редакторы Ұ.Әбілдаұлы
Көркемдеуші редакторы В.Логиннов
Техникалық редакторы К.Тұрымбетова
Корректоры Ө.Кұрманова
Суреттерді түсірген: И.Бажуткин, Б.Кочнев, Г.Өмірбаева,
К.Қобландия, Д.Көбегенов, К.Әуезбаев

ИБ № 7157

Теруге 02.09.96 жіберілді. Басуға 25.12.96 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Балтика”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 18,48+1,47 жапсырма бет+0,21 қосарбет. Шартты бояулы беттаңбасы 21,05. Есептік баспа табағы 20,079+1,34 жапсырма+0,33 қосарбет. Таралымы 20000 дана. Тапсырыс № 235.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің “Рауан” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй.

Набор и компьютерная верстка МЧП “Системприбор”